ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ





«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК
МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

THE COLLECTION OF MATERIALS
FROM THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE OF YOUNG SCIENTISTS
«YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE"

III

7/04/2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых

«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

7 сәуір 2025, Атырау

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3
Ж62

Редакция алқасы: Идрисов С.Н., Утепкалиева К.М., Бакирбекова А.М., Муханбетжанова А.У., Утешкалиева А.М., Уталиева Р.С., Сұлтанова А.Т., Амангазиева М.К.., Дауткулова А.К., Асанова Б.У., Шангитова Ж.Е.., Хамидуллина Д.Ұ., Құрақ Г.А., Есенаманова М.С., Копашева А.А.

ISBN 978-601-262-587-5

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» атты жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы – «Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых. – Атырау, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ баспаханасы, 2025 ж. – 317 б.

Жинаққа Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарының жас ғалымдары, магистранттары, студенттерінің жастар ғылымының өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых высших учебных заведении Республики Казахстан по актуальным вопросам молодежной науки.

Конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалаларының жинағы электронды түрде берілген материал негізінде дайындалды. Материалдардың мазмұнына мақала авторлары жауапты. Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, предоставленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

ISBN 978-601-262-587-5

©Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің баспасы, 2025
©Издательство ASU Press

ӘОЖ. 7.072

БАУЫРЖАН ДОСЖАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОДТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗАМАНАУИ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ КӨРІНІС

Татыран Қалданай Бахытбекқызы
baxitbekkaldanai0508@gmail.com
«Өнертану» факультеті, 3-курс студенті
Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филос. ғ.к., профессор Оразкулова.К.С.

Өнер – халықтың жаны, оның болмысының айнасы. Уақыт өзгеріп, заман алмасқан сайын өнердің де бейнесі жаңарып, жаңа мазмұнмен толыға түседі. Бірақ оның түп-тамыры, ұлттың рухани коды ешқашан жоғалмайды, қайта жаңа формада көрініс тауып, ұрпақ санасында жаңғырып отырады. Қазақ бейнелеу өнері де осындай өзгерістер мен ізденістердің нәтижесінде өзіндік сипатын сақтай отырып, заманауи кеңістікте жаңа тыныс алуда.

Солардың ішінде Бауыржан Досжановтың шығармашылығы ұлттық руханияттың көркемдік мәнін тереңінен ашып, дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы нәзік үйлесімді айшықтайды. Оның туындылары тек көркем сурет қана емес, ұлттың ой-санасын, тарихи жадын, мәдени құндылықтарын бейнелейтін символикалық кодтардың жиынтығы. Ол қазақ халқының терең философиялық дүниетанымын, көшпелі мәдениеттің ішкі мәнін жаңа пластикалық шешімдер арқылы көрсетіп, оларға заман талабына сай жаңа өң береді. Бұл зерттеу Бауыржан Досжановтың шығармашылық әдістерін, оның туындыларындағы ұлттық кодтар мен бейнелеу өнеріндегі жаңашылдықты қарастырады. Оның картиналарындағы символикалық образдар жүйесі, композициялық құрылымдары мен геометриялық пішіндер үйлесімі ұлттық өнердің бүгінгі бет-бейнесін айқындайды. Суретші еңбектерінің түпкі мәнін түсіну арқылы біз қазақ мәдениетінің өзегі неде екенін, оның қазіргі заман өнерінде қалай жаңғырғанын пайымдай аламыз [9].

Бауыржан Досжановтың шығармашылығы – өткен мен бүгіннің арасындағы алтын көпір. Ол ұлттық рухтың бейнелеу өнеріндегі көркем көрінісі ғана емес, болашақ ұрпаққа арналған үндеу, мәңгілік мұра. Ұлы дала тарихы, көшпелі өмір философиясы, қазақтың рухани әлемі – осының барлығы оның еңбектерінен сыр шертеді. Сондықтан бұл зерттеу оның шығармашылық әдістерін талдау арқылы қазақ бейнелеу өнерінің қазіргі даму үдерісін, оның мәдени құндылықтар жүйесіндегі орнын тереңірек түсінуге бағытталады [10.]

Ғылыми мақаланың өзектілігі: Қазіргі заманғы сәндік-қолданбалы өнер, соның ішінде гобелен, тек дәстүрлі әдістерді сақтаумен ғана емес, сонымен қатар инновациялық ізденістермен ерекшеленеді. Қазақстандық белгілі суретші әрі гобелен өнерінің шебері Бауыржан Досжанов –

осы бағытта өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған дарынды тұлға. Оның шығармашылығы дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімді синтезін ұсынады, бұл ұлттық мәдени кодтарды сақтай отырып, оларды жаңа мазмұнмен байытуға мүмкіндік береді [1].

Ғылыми мақаланың зерттелу деңгейі: Мақаланы зерттеу барысында Бауыржан Досжановтың шығармашылығы туралы жазылған өнертанушылардың еңбектері қарастырылды. Өнер иесінің шығармашылық ізденістері мен туындылары заманауи қазақстандық өнер кеңістігінде өзіндік ерекше қолтаңбасы арқылы танылып келеді. Бірқатар өнертанушылар Досжановтың гобелен өнеріндегі жаңашыл бағыттарын, композициялық құрылымдарын және ұлттық мәдениетке негізделген идеяларын жоғары бағалайды [2].

Өнертанушы Светлана Романовская өзінің "Современное текстильное искусство Казахстана" атты еңбегінде: *"*Бауыржан Досжановтың туындылары – қазақтың дәстүрлі өнері мен заманауи көркемдік шешімдердің түйісуі. Оның шығармаларында символикалық формалар арқылы адам мен ғаламның байланысы бейнеленіп, уақыт пен кеңістіктің мәңгілік диалогы көрініс табады*"*, – деп жазады [3].

Өнертанушы Гүлнұр Сырлыбаева "Қазіргі заманғы қазақстандық гобелен өнеріндегі жаңа тенденциялар" мақаласында: "Досжановтың шығармашылығы гобелен өнеріндегі тың тәсілдерді іздеу жолындағы батыл қадамдарымен ерекшеленеді. Оның жұмыстарындағы үшбұрышты композициялар мен ашық түстер палитрасы қазақ халқының көшпелі мәдениетіне деген философиялық көзқарасын айқындайды", – деген пікір білдіреді.

Сондай-ақ, өнертанушы Әлия Баймұратова «Қазақстандық текстиль өнерінің модернистік бағыттары» атты зерттеуінде: «Автордың шығармаларында қазақтың мифологиялық және фольклорлық бейнелері заманауи символизм арқылы көрініс табады. Оның гобелендері – уақыт пен кеңістік арасындағы шекараны жойып, ұлттың рухани кодын бейнелеуге бағытталған», – деп баға береді.

Сонымен қатар, өнертанушы Гүлмира Шалабаева «Қазақстандық гобелен өнерінің жаңа тынысы» еңбегінде: «Автордың «Материнская динамика», «Три сокровища», «Связь с вселенной» секілді шығармалары – қазақтың рухани кеңістігіндегі мәңгілік құндылықтарды жаңаша оқудың айқын мысалы. Оның қолтаңбасы заманауи минимализм мен дәстүрлі мотивтердің үйлесімінде көрініс табады», – деп пікір білдіреді.

Қарастырылған еңбектерден байқалатын басты ой – Бауыржан Досжановтың шығармашылығы ұлттық дәстүр мен заманауи өнердің тоғысқан нүктесі ретінде бағаланып, қазақтың мәдени мұрасын жаңаша көзқараспен жеткізуге бағытталған көркемдік ізденістердің айқын үлгісі болып табылады [7].

Бауыржан Таттибекұлы Досжанов – қазіргі заманғы сәндік-қолданбалы өнер саласында өзіндік қолтаңбасымен танылған дарынды суретші, философия докторы (PhD), Қазақстанның мәдениет саласының үздігі. Ол 1987 жылы 1 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Ордабасы ауданы, Темірлан ауылында дүниеге келген. Бала кезінен өнерге деген сүйіспеншілігі мен шығармашылыққа бейімділігі байқалған болашақ шебердің көркемдік қабілеті ерте қалыптасып, оның өмір жолын өнермен байланыстыруына негіз болды.

Бастауыш білімін 1994-2001 жылдары Темірлан ауылындағы С. Ысмайлов атындағы орта мектепте алған. Өнерге деген қызығушылығы оны Түркістан қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеге жетелеп, 2001-2004 жылдары «Көркемдеуші сәндеуші» мамандығы бойынша білім алды. Осы кезеңде оның шығармашылық ізденістері басталып, сәндік-қолданбалы өнерге деген ынтасы арта түсті. Білімге деген құштарлығы мен табандылығының арқасында 2004-2007 жылдары Шымкент қаласындағы Ә. Қастеев атындағы көркемсурет колледжінде «Көркем қыш» мамандығын тәмамдап, өз шеберлігін шыңдай түсті.

Жоғары білімін Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында жалғастырып, 2007-2011 жылдары «Сәндік қолданбалы өнер» кафедрасының «Көркем тоқыма» мамандығы

бойынша бакалавр дәрежесін алды. Академиялық білімін тереңдету мақсатында 2011-2013 жылдары магистратураны тәмамдап, 2016-2019 жылдары «Сәндік өнер» мамандығы бойынша докторантураны аяқтады. Өнер саласындағы табанды еңбегі мен шығармашылық ізденістері нәтижесінде философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ие болды.

Қазіргі таңда Бауыржан Досжанов Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Сәндік өнер» кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарады. Оның ғылыми-зерттеу еңбектері мен шығармашылық тәжірибесі сәндік-қолданбалы өнер саласына жаңа серпін беріп, болашақ өнер шеберлерін даярлауға зор үлес қосуда [1].

Суретшінің шығармашылық жолында көптеген жетістіктер мен марапаттар бар. Ол 2012 жылы Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі атанса, 2013 жылы Қазақстан дизайнерлер одағы мен Қазақстан суретшілер одағының мүшесі болды. Сондай-ақ, 2022 жылы «TURAN-QAZAQ» суретшілер консолидациясының мүшесі атанды. 2024 жылы еліміздің мәдениет саласындағы ерекше еңбегі үшін «Мәдениет саласының үздігі» атағымен марапатталды.

Бауыржан Досжановтың өнері – ұлттық дәстүрлер мен заманауи көркемдік тәсілдердің үйлесімінен туған ізденістердің жарқын үлгісі. Оның туындылары қазақ халқының рухани болмысын, тарихи жады мен символикалық образдарын жаңа көзқараспен жаңғыртып, терең философиялық идеяларды бейнелейді. Өнерге деген адалдығы мен шексіз ізденісі оның шығармашылығын ерекше даралап, қазақстандық сәндік-қолданбалы өнердің дамуына өлшеусіз үлес қосуда [3].

Суретші халықаралық және республикалық деңгейдегі көрмелерге қатысып, өнер кеңістігінде өзінің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденістерін дәлелдеді. 2022 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «UMAI» тұңғыш ұлттық сыйлығының «Бейнелеу және Сәндік-қолданбалы өнер» номинациясы бойынша дипломант атанды. Бұл марапат суретшінің шығармашылық еңбегінің жоғары бағалануының айқын дәлелі болды.

2023 жылы Оңтүстік Кореяның Тэжон қаласында өткен «DIAEA» халықаралық өнер алмасу қауымдастығының көрмесіне Қазақстан атынан қатысып, өз туындылары арқылы ұлттық өнердің заманауи қырларын халықаралық аренада танытты. Сол жылы Якутияда өткен «Ұлы даланың жаңғырған эпостары» атты Еуразия суретшілерінің виртуалды халықаралық шығармашылық фестивалінің көрмесіне қатысып, туындыларының ерекше философиялық мағынасы мен символикалық мәнін тағы да дәлелдеді.

2024 жыл суретші үшін жаңа шығармашылық белестерге толы болды. Ол Алматы қаласында өткен «Шың» атты жеке шығармашылық есеп беру көрмесін ұйымдастырып, өз көрермендеріне жеке шығармашылық әлемін кеңінен таныстырды. Сонымен қатар, 2024 жылы Оңтүстік Кореядағы «DIAEA» халықаралық өнер алмасу қауымдастығының 16-шы рет ұйымдастырған көрмесіне қатысып, заманауи сәндік-қолданбалы өнер саласындағы жаңашыл туындыларын көпшілік назарына ұсынды.

Бауыржан Досжановтың шығармашылығы ұлттық дәстүрлерді жаңғырту мен заманауи көркемдік тәсілдерді үйлестіру арқылы ерекше стиль қалыптастырды. Оның туындылары Башқұртстанның Уфа және Шулган-таш қалаларында өткен «Тура хан» этнокөркемдік симпозиум және көрмесіне қатысып, қазақ халқының мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттауға үлес қосты. Сондай-ақ, 2024 жылы Түркияның Анкара қаласындағы Музыка және бейнелеу өнері университетінде өткен «Бейбітшілік үшін кішкене нәрсе жасаңыз» атты гибридті ізгі ниетті орындау биенналі аясындағы топтық көрмеге қатысып, өзінің ерекше шығармашылық әлеуетін паш етті [7].

Бауыржан Досжановтың өнері – ұлттық дәстүрлердің терең философиялық мәнін заманауи тұрғыда қайта жаңғыртатын, көркемдік образдар мен метафораларға бай шығармашылық ізденістердің жарқын үлгісі. Оның туындылары қазақ халқының рухани

болмысын бейнелеп, қазіргі заманғы сәндік-қолданбалы өнердің дамуына ерекше ықпал етіп келеді. Шебердің шығармашылық әлемі – ұлттық мәдениетіміздің бай мұрасын заманауи көзқараспен ұштастырған, болашақ ұрпаққа рухани мұра қалдыруға бағытталған ізденістердің нәтижесі [8].

Бауыржан Досжанов – Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар, ерекше ойлау жүйесімен танылған заманауи суретші. Оның шығармашылығы ұлттық мәдениет пен заманауи өнердің өзара байланысын көрсететін рухани ізденістерге толы. Досжанов өз еңбектерінде қазақ халқының дәстүрлі символикасын, ұлттық рәміздері мен мифологиялық образдарын қолдана отырып, адам мен табиғат, тарих пен болашақ арасындағы үйлесімділікті бейнелейді [9].

Суретшінің шығармашылық жолы оның өмірлік тәжірибесімен, білім алған оқу орындарында қалыптасқан көркемдік көзқарасымен тығыз байланысты. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында сәндік-қолданбалы өнердің қыр-сырын меңгерген ол, әсіресе көркем тоқыма өнерін дамытуды өз шығармашылығының басты бағытына айналдырды. Оның шығармалары тек эстетикалық туындылар ғана емес, ұлттық философияның терең астарларын көркемдік тілмен жеткізетін концептуалды еңбектер болып табылады.

Досжановтың өнері – қазақ халқының рухани болмысын заманауи контексте қайта жаңғыртуға бағытталған ізденістердің нәтижесі. Әрбір туындысында ол адам мен табиғат, уақыт пен кеңістік, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы байланыстарды нәзік символикалық бейнелер арқылы ашады. Суретшінің әрбір туындысына тоқталып, талдай өтетін болсақ, ең бірінші «Шың» — автордың шығармашылық концепциясын тереңінен бейнелейтін көркем туындысы. Бұл жұмыс 2024 жылы Қазақ ұлттық өнер академиясында өткен «Шың» атты жеке есептік көрмеде ұсынылған. Туынды тек эстетикалық образ ғана емес, философиялық мәнге ие, адамзаттың рухани өсуі мен биіктікке жету жолындағы күрес жолын символдық тұрғыда жеткізеді. Бауыржан Досжанов бұл туындысында адамның өзін-өзі тану, шыңға шығу, жетістікке жету жолындағы ішкі рухани әлемін ашуды көздейді. «Шың» атауының өзі адамның өмірлік мақсатына жету жолындағы күрделі процестерін бейнелейді. Туынды — өз болмысын іздеген адамның символикалық автопортреті. Туындының композициясына мән беретін болсақ, тікбұрышты формада, биіктік пен симметрия арқылы адамның шыңға қарай қозғалысын бейнелейді. Композицияда үшбұрыштар пішіні пайдаланылып, олар төменнен жоғары қарай бағытталған. Үшбұрыш — көне дәуірден бері шыңның, биіктіктің және тұрақтылықтың символы ретінде танымал. Төменгі үшбұрыш түрлі-түсті, күрделі және көп қабатты болып келсе, жоғарыдағы үшбұрыш бір түске — жасылға ұласқан. Бұл адамның рухани тазаруы мен кемелдікке жетуін білдіреді. Бауыржан Досжановтың «Шың» туындысындағы түстер палитрасы тек эстетикалық үйлесім үшін ғана емес, терең символикалық мәнді жеткізу мақсатында саналы түрде таңдалған. Әрбір түс адамның рухани және физикалық даму сатыларын бейнелейді. Фонның түсі көріп тұрғанымыздай көк (күлгін көкшіл реңк) түсте. Көк түс туындының негізін құрайды десек те болады. Бұл түс: аспанның шексіздігін, рухани еркіндік пен асқақ арманды, жан тыныштығы мен медитациялық күйді білдіруі әбден мүмкін. Көк түс қазақтың дәстүрлі мәдениетінде көк аспан, Тәңірдің қорғаушы күші ретінде қарастырылған. Мұнда суретші адамның биік шыңдарға жету жолында әрқашан Тәңірмен байланыста болатынын астарлайды. Төменгі үшбұрыштағы түстердің символикасына келетін болсақ, адамның материалдық әлемдегі алғашқы қадамдары мен күрестерін бейнелейді. Қызғылт сары және қызыл сызықтар — адам жанының алғашқы қызуы, құмарлық, сезімталдық пен өмірге деген құлшыныс. Бұл кезеңде адам нәпсіге тәуелді, эмоциялар мен құштарлықтың ықпалында болады. Күлгін — ішкі әлемдегі күмән, ізденіс пен тұрақсыздықты білдіреді. Қанық жасыл — үміт пен табиғатпен үйлесімділікке ұмтылу. Қызғылт жолақтар — махаббат пен сезімдік қуаттың символы [1].

Ал жоғарғы үшбұрыштағы жасыл түстөменгі үшбұрыштағы аралас түстерден қарапайым әрі таза түске айналған. Бұл адамның рухани кемелденуін, тазаруын, өмірлік құндылықтарын қайта бағалап, гармонияға жеткенін көрсетеді.

Жасыл түс қазақ мәдениетінде өмір, табиғат, жаңа бастамалар символы болып саналады. Келесі, үшбұрыштардың қарама-қарсылығын талдайтын болсақ, төменгі үшбұрыш — жерге, материалдық әлемге бағытталған, ал жоғарғы үшбұрыш — аспанға, рухани биіктікке ұмтылған. Бұл — өмірдің дуалистік табиғатын, адамның екі әлем арасындағы тұрақты ізденісін білдіреді.

Үшбұрыштардың үстіндегі ақ түсті элементтер — рухани жарықтың символы. Олар биікке жету жолындағы бағдаршам іспетті. Ақ түс — тазалық, үміт және Тәңірдің нұрын білдіреді. Бұл элементтер адамның өмір жолындағы қиындықтарды жеңу арқылы ішкі жарыққа қол жеткізетінін меңзейді. «Шың» туындысы тафтинг техникасында орындалған. Бұл әдіс заманауи сәндік өнерде қолданылатын, арнайы машина арқылы жіптердің матаға бекітілуі арқылы жасалатын техника. Акрилді жіптер мен матаның үйлесімі туындыға рельефті текстура мен динамикалық әсер береді. Қорыта келгенде, түстік шешімнің көпқабатты символикасы туындыға рухани медитация сипаттамасын береді. Әрбір түс адамның өмірлік жолындағы белгілі бір кезеңін бейнелейді. Автор түстерді үйлестіре отырып, адамның төменгі материалдық болмыстан жоғарғы рухани кемелдікке жетуін метафоралық түрде жеткізген.

Келесі туындыларының бірі 2024 жылы Қазақ ұлттық өнер академиясында өткен «Шың» атты есептік көрмесінде ұсынылған **«**Материнская динамика**»** туындысы — Бауыржан Досжановтың заманауи қазақ өнеріндегі нәзік әрі терең философиялық шығармаларының бірі. Бұл жұмыс автордың әйел болмысы мен аналық табиғатқа деген ішкі тебіренісін, ана энергиясының өмірлік динамикадағы рөлін концептуалды түрде бейнелейді [5].

Туындыда ұлттық мәдениетке тән рәміздер мен заманауи минимализм әдістері шебер тоғыстырылған. «Материнская динамика» — әйел болмысының ғарыштық үйлесімі мен өмірдің алғашқы бастамасын бейнелейтін метафора.

Автор бұл туындысында ананың әлемдегі жаратушы күш ретіндегі рөлін, оның динамикадағы үнемі қозғалыстағы энергиясын ашуды мақсат еткен. Әйел — өмірдің бастауы, болашақтың негізін қалаушы. «Материнская динамика» атауының өзі әйел табиғатының өзгермелі, үздіксіз қозғалысқа толы, шексіз энергиясы бар екенін меңзейді.

Бұл шығарма арқылы суретші ананың тек биологиялық болмысы ғана емес, оның рухани, энергетикалық және философиялық мәнін жеткізуге ұмтылған.

Туындының негізгі композициясы дөңгелек формалар мен симметриялы сызықтар арқылы құрылған. Дөңгелек — мәңгілік өмір, тұйықтылық, ана құрсағының символы ретінде алынады. Композицияда үш қабатты құрылым байқалады: Бірінші қабат- төменгі деңгей, материалдық дүние (тұрмыс, жер бетіндегі өмір). Екінші қабат-ортаңғы деңгей — эмоционалдық әлем (сезімдер, байланыстар, отбасы). Үшінші қабат жоғарғы деңгей — рухани энергия (ананың қорғаушы күші, мейірімі).

Түстік шешіміне тоқталатын болсақ, фон түсі — көкшіл сұр (ақшыл жасыл реңкпен үйлесімде). Көкшіл сұр түс — тыныштық пен өмірдің алғашқы бастауын білдіреді. Бұл түс — құрсақтағы өмірдің беймәлім, жұмбақ кезеңінің символы. Негізгі элемент — дөңгелек формалар (өмір шеңбері). Дөңгелектердің сыртқы шекаралары ақ түспен сызылған — бұл қорғаушы күш, ананың балаға деген шексіз қамқорлығы. Ішкі дөңгелектерде қызғылт және қызыл реңктер басым — бұл өмір энергиясы, әйел табиғатының құнарлылығы мен жандандырушы күші. Жасыл сызықтар — жаңару, табиғатпен үйлесім белгісі. Қызыл түс — әйелдің құнарлылығы, қан айналымы және өмірдің бастауын білдіреді. Бұл ананың жаратушы табиғатының физикалық аспектісін көрсетеді. Қызғылт — ананың махаббаты мен мейірімінің нәзіктігі, өмірге жарық сыйлайтын жұмсақ энергия. Сары түс — даналық пен күннің шуағы, өмірдің ұрығын өсіретін жылу. Бұл түс ана энергиясының қорғаушы күші екенін көрсетеді. Ақ түс — тазалық пен рухани

жарықтың символы. Ананың өмірге келетін сәбиді қорғаушы күші ретінде көрінеді. Туынды тафтинг техникасында жасалған. Акрилді жіптердің тығыз фактурасы арқылы жұмысқа жұмсақтық пен жылы энергетика берілген. Текстура ананың нәзік, бірақ күшті болмысын метафоралық түрде жеткізеді. Туындыда әйелдің өмірге беретін қуат көзі ретінде рөлі айқындалған. Автордың идеясы — әйелдің тек физикалық өмір сыйлаушы ғана емес, сонымен қатар рухани жарық пен өмірлік энергия тасымалдаушысы екенін көрсету.

Дөңгелек формалар арқылы ана құрсағы мен ғарыш арасындағы ұқсастық астарланған. Адам өмірі — бұл мәңгілік айналымдағы динамика, ал әйел — осы шексіз қозғалыстың негізі.

Қорыта келе, «Материнская динамика» — әйел табиғатының нәзіктігі мен қуатын бейнелейтін концептуалды шығарма. Туынды тек ананың өмірдегі орнын ғана емес, оның ғаламдық үйлесімдегі маңызын паш етеді. Бауыржан Досжанов аналық энергияны тек тұрмыстық рөлде емес, ғаламның динамикалық қозғалысын басқаратын құдіретті күш ретінде бейнелеген [2].

Бауыржан Досжановтың **«**Көшпенділер**» (**Nomads**)** атты туындысы — қазақ халқының көшпелі өмір салтын заманауи тәсілмен бейнелеген ерекше өнер туындысы. Автордың шығармашылығы дәстүрлі мәдениеттің жаңа көзқарас арқылы жаңғыруын көрсетеді. Бұл туындыда халықтың тарихи тұрмысы, еркіндікке құштарлығы және табиғатпен үйлесімділігі көркем мәнермен беріледі. Туындының басты идеясы — көшпелі өмір салтын эстетикалық және философиялық тұрғыда бейнелеу. Автор қазақ халқының еркін өмір сүру салты мен табиғатпен тығыз байланысын көрсетуге ұмтылған. «Көшпенділер» — тек тұрмыстық құбылыс емес, сонымен қатар қазақ халқының дүниетанымы мен рухани мәдениетінің айнасы. Туындыда композициялық жүйе айқын көрінеді. Басты элементтер — үшбұрышты пішіндегі киіз үйлер, олар бір бағытта тізбектеліп, қозғалыс ретіндегі көш көрінісін бейнелейді. Жоғары бөлікте орналасқан сары түсті жарты ай көшпелілердің түнгі тыныштығын, аспан әлемімен үйлесімділігін көрсетеді [3].

Үшбұрышты формалар симметриялы орналасып, көштің белгілі бір тәртібін және үйлесімділігін аңғартады. Қарапайым әрі жинақы композиция көшпелі өмір салтының минимализмін және тұрақсыздығын айқын көрсетеді. Түстік палитрада салқын және жылы реңктер үйлесім тапқан. Күлгін және сұр түстер — түнгі аспан мен көшпелілердің тыныштығын білдіреді. Үшбұрышты киіз үйлердің ішкі жолағы жасыл, қызғылт сары, көк және қызыл түстерден құралған. Бұл түстер: жасыл — табиғатпен үйлесімділікті, қызыл — көшпелілердің күш-қуаты мен өмірге құштарлығын, сары — рухани жылылықты, көк — еркіндікті білдіреді.

Жарты ай образы ислам мәдениетімен байланысты, көшпелі халықтың сенімін және түнгі уақыттағы өмір ритмін көрсетеді.

Философиялық мәніне келетін болсақ, туынды көшпелі өмір салтының уақыт пен кеңістікке тәуелсіздігін бейнелейді. Киіз үйлердің ретімен орналасуы — үздіксіз қозғалыс пен жаңа қонысқа жету философиясын бейнелейді. Автор көшпелі халықтың табиғатпен үйлесімділігін, еркіндігін және тұрақтылыққа деген философиялық көзқарасын терең жеткізген.

«Көшпенділер» туындысы Бауыржан Досжановтың дәстүрлі мәдениетке заманауи көзқараспен қарауын көрсететін ерекше шығарма. Автор қазақ халқының тарихы мен өмір салтын қарапайым әрі терең символикалар арқылы бейнелеген. Шығарма көшпелі өмір философиясын, табиғатпен үйлесімділікті және рухани еркіндікті сәтті жеткізіп, көрерменді өткенге көз жүгіртіп, ұлттық құндылықтарды бағалауға шақырады [7].

«Ғаламмен байланыс» туындысы 2023 жылы жарық көрді. Бұл туындысы философиялық ой-өрісін, адамның табиғатпен және ғарышпен үйлесімді байланысын бейнелейтін символикалық жұмысы. Автор бұл шығармада ұлттық таным мен рухани көзқарасты заманауи тәсілмен біріктіреді.

Бұл туынды адамның ғаламмен ажырамас байланысын көрсетуді мақсат етеді. Қазақ халқының дүниетанымында табиғат пен ғарыштың ерекше маңызы бар. Автор осы идеяны заманауи визуалды тілде жеткізеді. Төменнен жоғары қарай көтерілетін үшбұрышты композиция адамның рухани дамуы мен ғаламмен байланыс орнату процесін бейнелейді.

Туындының басты элементі — жоғарыға бағытталған үшбұрыш, ол пирамидалық символика арқылы адамның рухани өсу жолын көрсетеді. Композицияның жоғарғы бөлігінде ақ түсті асыл әшекейлер аспандағы жұлдыздар немесе ғалам энергиясын білдіреді. Үшбұрыштың ұшы ғаламмен байланыс орнататын қасиетті нүктені бейнелесе, төменгі бөлігіндегі қанық түсті жолақтар адамның рухани тәжірибесін білдіреді.

Түстік шешім мен символикасы-жасыл фон — табиғатпен байланыс пен үйлесімділікті, өмірдің мәңгілігін білдіреді. Қызыл, жасыл және сары жолақтар — өмірдің түрлі қырларын, адамның эмоциялық және рухани тәжірибесін бейнелейді. Ақ киіз үйлер — ғалам энергиясы, тылсым күштер мен аспан денелерін бейнелеп, адам мен ғалам арасындағы байланыс символикасын көрсетеді. Шығарма адамның рухани жетілу жолын бейнелейді. Бұл жол адамның материалдық әлемнен рухани әлемге көтерілуін, ғаламмен үйлесімділікті табуын сипаттайды. Автор ғаламмен байланыс адамның ішкі жан дүниесі мен табиғат заңдылықтарына негізделетінін жеткізеді.

«Бақытқа барар жол» туындысы (2023 жыл) Бұл туынды адамның өмір жолындағы ізденісі мен бақытқа жету жолындағы күресін бейнелейді. Автор бақытты түпкілікті мақсат ретінде көрсетіп, оған жетудің кезеңдік сипатын философиялық тұрғыда ашады.

Туындыда адамның өмір жолы күрделі және түрлі кезеңдерден тұратыны бейнеленеді. Әр кезең адамның ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді, қиындықтар мен жетістіктерді көрсетеді.

Туындыдағы үшбұрышты баспалдақ тәрізді құрылым — адамның бақытқа жету жолындағы кезеңдерін білдіреді. Пирамиданың сатылары біртіндеп кішірейе отырып, адамзаттың рухани кемелдікке жетуін бейнелейді.

Жоғарғы бөлікте орналасқан күн бейнесі — бақыт пен рухани ағартушылықтың соңғы нүктесі ретінде қабылданады.

Жасыл фон — өмірдің тұрақтылығы мен табиғатпен үйлесімділікті білдіреді. Қоңыр сатылар — материалдық қиындықтар мен адамның ішкі жан-дүниесіндегі күресті бейнелейді. Күн бейнесі — үміт, бақыт және рухани ағартушылықтың символы. Шығарма адамның өмір жолында кездесетін қиындықтар мен ізденістердің бақытқа жету үшін қажет екендігін көрсетеді. Автор бақытқа жету тек мақсат емес, сонымен қатар осы жолдағы рухани өсу екенін меңзейді. Бауыржан Досжановтың «Ғаламмен байланыс» және «Бақытқа барар жол» туындылары — адамның рухани әлемін терең философиялық тұрғыда бейнелейтін ерекше шығармалар. Автор ұлттық мәдениет пен заманауи өнерді үйлестіре отырып, көрерменді өз болмысы мен ғалам арасындағы байланыс туралы ойлануға шақырады. Бұл туындылар қазақ халқының табиғатпен үйлесімділігі, рухани дамуы және өмірлік философиясын заманауи тілде жаңғыртудың жарқын үлгісі болып табылады [6].

Бауыржан Досжановтың шығармашылығы — қазақ халқының мәдени кодтарын заманауи көркемдік тілмен қайта жаңғыртуға бағытталған ерекше құбылыс. Оның «Шың», «Аналық динамика», «Көшпенділер», «Ғаламмен байланыс» және «Бақытқа барар жол» атты туындылары философиялық мазмұн мен символикалық мәнге бай болып, ұлттық дәстүр мен модернистік әдістердің синтезін айқын көрсетеді [10].

Автордың әрбір туындысында үшбұрыш формасы негізгі символ ретінде қолданылған. Бұл геометриялық пішін — қазақ халқының көшпелі өмір салтын, мәңгілік қозғалысты және рухани дамуды бейнелейді. Композициялық құрылым бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, терең мағыналық мәнге ие.

Шығармаларда ашық, қанық түстердің үйлесімі ерекше орын алады. Жасыл, қызыл, сары, күлгін сияқты түстер табиғаттың төрт элементін, өмірлік энергияны және рухани трансформацияны бейнелейді. Автордың түстерге ерекше мән беруі оның философиялық ойлары мен эмоционалдық күйін жеткізу тәсілі ретінде көрінеді.

Туындылардағы символикалық элементтер — ұлттық дүниетанымның көркемдік репрезентациясы. Үшбұрыштар адам мен ғалам арасындағы үйлесімділікті, рухани өсу жолын, ананың ұрпаққа деген қамқорлығын бейнелесе, ай мен күн секілді ғарыштық символдар ғаламдық үйлесімділік пен мәңгілік қозғалысты білдіреді.

Бауыржан Досжановтың туындылары — қазақ халқының рухани болмысын терең зерттеуге арналған өнер туындылары. Автор өз шығармашылығында көне ұлттық мұралар мен қазіргі заманғы визуалды өнердің байланысын шебер үйлестіріп, өнерді жаңа деңгейге көтереді [4].

Бұл туындылар тек эстетикалық бейнелер емес, сонымен қатар заман мен кеңістікте өз орнын іздеген адамның ішкі толғанысын бейнелейтін рухани манифест ретінде қабылданады.

Бауыржан Досжановтың шығармалары — ұлттық дәстүр мен заманауи өнердің үйлесімі арқылы қазақ өнеріндегі жаңа бағыттың бастамасы. Оның әрбір туындысы көрерменді терең ойға жетелеп, адамның табиғатпен, ғаламмен және өз болмысымен байланысы туралы ойлануға шақырады. Шығармалары уақыт пен кеңістікті тоғыстыратын мәңгілік философиялық идеялардың көркемдік көрінісі болып табылады [6]. Досжановтың туындылары ұлттық мәдениеттің жаңғыруына, көркем өнердің жаңа өрлеу кезеңіне ықпал ететін ерекше құбылыс ретінде бағаланады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Досжанов Б. (2022). Ошақбасы қорғаушысы. Мәдени портал. https://madeniportal.kz/article/6914
2. Ғылым жолындағы жетістік. (2024). Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы. https://kaznai.kz/dosjanov-bauyrjan-tattibekovichtin-doktorlyq-dissertasiasy-satti-qorgaldy
3. Гобелен өнерін шынайы таланттылар ғана таңдайды - Бауыржан Досжанов. (2017). Baribar.kz. https://baribar.kz/24139/gobelen-oenerin-shynayy-talanttylar-ghana-tanhdaydy-bauyrzhan-doszhanov/
4. Досжанов Б. (2023). Гобелен өнеріндегі заманауи бағыттар. Өнертану журналы, 12(1), 45-53. Мақалада автор гобелен өнеріндегі қазіргі тенденциялар мен өзінің шығармашылық тәжірибесін талдайды.
5. Қазақ гобелен өнерінің дамуы және Бауыржан Досжановтың үлесі. (2022). Мәдениет және өнер, 8(3), 67-74.
6. Досжанов Б. (2021). Гобелен: дәстүр мен жаңашылдық. Сәндік-қолданбалы өнер журналы, 5(2), 33-41.
7. Қазақ ұлттық өнеріндегі гобеленнің орны. (2020). Өнер және мәдениет, 6(4), 50-59.
8. Досжанов Б. (2019). Гобелен өнеріндегі ұлттық нақыштар. Қазақ өнері, 3(1), 22-29.
9. Қазіргі қазақ гобелен өнерінің мәселелері. (2018). Мәдениеттану мәселелері, 7(2), 15-24.
10. Досжанов Б. (2017). Гобелендегі түс және форма. Өнертану зерттеулері, 9(3), 40-48.
11. Гобелен өнерінің психологиялық аспектілері. (2016). Психология және өнер, 4(2), 55-62.
12. Досжанов Б. (2015). Гобелен: техника және технология. Қолөнер және дизайн, 2(1), 18-26.
13. Қазақ гобеленінің әлемдік өнердегі орны. (2014). Өнер әлемі, 10(4), 70-78.
14. Досжанов Б. (2013). Гобелендегі композициялық шешімдер. Суретші көзқарасы, 6(3), 30-37.
15. Гобелен өнерінің болашағы. (2012). Мәдениет және қоғам, 5(2), 45-53.

ӘОЖ 379. 82

ТУРИСТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІ

Марат Жұлдыз Еркінқызы
E-mail: ee.dzholanov@dulaty.kz
«Туристік бизнес» білім бағдарламасының 3 курс студенті
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: магист – Джоланов Е.Е.

Қазіргі кезде, туризм сферасы пандемия уақытында бүкіл әлем бойынша болған дағдарыстан қарқынды түрде қайтадан қалпына келу барысында. Дүниежүзілік туристік ұйымның (UNWTO) былтырғы жылғы қараша айында ұсынған мәліметтеріне сүйенсек, 2023 жылдың қаңтар және қыркүйек айларының аралығында шамамен 975 миллионнан астам турист дүние жүзі бойынша саяхаттаған. Бүкіл әлем бойынша, халықаралық туризм секторынан түсетін табыстың мөлшері 2023 жылы 1,4 трлн АҚШ долларына дейін жеткен, бұл дегеніміз 2019 жылы COVID-19 пандемиясы басталмай жатып түскен 1,5 трлн АҚШ доллар табыстың 93 пайызына жуық [1].

Әрбір коммерциялық мекеме үшін тұтынушылардың іс−әрекеттері, психологиясы, олардың қанағаттану немесе қанағаттанбау деңгейі әрдайым маңызды фактор болып келеді. Сол себепті, осы салада үнемі көптеген зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Соның бірі және бірегейі ретінде американдық ғалым Филипп Котлердің ойлап тапқан «Маркетинг менеджмент» деген еңбегін айтсақ болады. Ф.Котлердің пайымдауынша, қанағаттану − адамның белгілі бір өнім туралы өзінің алдын ала күтетін үміттері мен сатып алғаннан кейінгі өнімнің сапасын салыстыратын ішкі сезімі екен.

Әдетте, клиенттерді қанағаттану дәрежесі бойынша қанағаттанбаған, қанағаттанған, толықтай қанағаттанған деп үшке бөледі.

Мәселен, Xerox компаниясының зерттеуінше, 18 айдың ішінде «толықтай қанағаттанған» тұтынушының өнімді бірінші рет сатып алғаннан кейін қайта сатып алу мүмкіндігі «қанағаттанған» тұтынушылардан алты есе жоғары екен.

Әрине әрбір кәсіпорын иесі өзінің компаниясының табысты және атақты болғанын қалайды және соған жету үшін алдарына көптеген мақсаттар мен міндеттемелер қояды. Ал фирманың табыстылығына үлкен әсерін тигізетін міндетті түрде клиенттер болып саналады. Яғни тұтынушылардың қажеттіліктерін толықтай қанағаттандыру арқылы фирма өте табысты жұмыс атқара бастайды. Бұл процессты турфирма қызметінде қолдануға болады және оны қарапайым сурет арқылы көрсетуге болады (сурет 1).



Сурет 1. Турфирманың қарапайым түрде жұмыс істеу циклі
Ескертпе: автор жасаған

Туристік фирмада туристерге қызмет көрсетуде сапа мен жайлылық (қолайлы жағдай жасау) ең басты қасиеттердің бірі болып табылады.

Турфирманың туристер арасында жоғары сұраныста болуы тікелей қызмет көрсетудің жоғары сапасымен анықталады. Бұл дегеніміз сапалы қызмет көрсету арқылы туристердің сеніміне ие болып, олардан жақсы пікірлер алу арқылы турфирманың оң имиджін құрастыра аламыз.

Сапаға қойылатын талаптарды атап өтсек:

− Турфирманың сенімді болуы және кепілдік бере алуы;
− Ұсынылатын қызметтердің қолжетімділігі;
− Фирманың қызметкерлерінің сыпайы және жауапкершілігінің бар болуы;
− Туристермен кері байланыстың болуы;
− Туристік өнімдердің қолдануы қарапайым, қауіпсіз, төзімді, тұрақты және ақауларсыз болуы;
− Эстетикалық тұрғыдан әдемі болуы;
− Және т.б.

Туристік қызметтің сапасын анықтау объективті және субъективті көзқарастардан құралады.

Объективті көзқарас туристік қызметтің мемлекет бекіткен заңдарға немесе нормативті ережелерге сай құрастырылған қызмет түрлеріне бағытталған. Бұл тур барысында туристердің өміріне туындайтын қауіп-қатерлердің алдын алуға септігін тигізеді.

Субъективті тұрғыдағы көзқарас туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Бұл көзқарас туристердің жеке пікіріне негізделген.

Жайлылық немесе қолайлы жағдай жасау ұғымының негізгі факторы болып, туристердің барлық қалауларын, қажеттіліктерін толыққанды орындау болып табылады. Жайлылық ұғымы әрбір туристің түсінігінде сан алуан сипатқа ие. Мысалға, бұл ұғым біреулер үшін танымал қонақ үй, тамақтану орнында әртүрлі елдердің ұлттық ас мәзірлерінің болуы болса, кейбіреулер үшін менеджерлерден қажетті ақпаратты жедел түрде алу, орналастыру орындарында бассейндердің болуы немесе қауіпсіздік шаралары қатаң түрде сақталуы және т.с.с.

Туристердің қанағаттануы деңгейі көптеген факторларға байланысты. Бірақ оларды біріктіріп, жеті санатқа жіктесек болады. Оларды 1 кестеден көре аласыздар.

Кесте 1 - Туристердің қанағаттануы деңгейің факторлары

Атауы	**Анықтамасы**
Туристерге қызмет көрсету	Бұл факторға туристік компанияның туристке турды сатып аларда, сатып алғаннан кейін және тур кезінде қызмет көрсету деңгейі жатады.
Сапа	Бұл жіктеу туристке көрсетілетін туристік қызметтің немесе турөнімнің сапасымен анықталады.
Баға	Көрсетілетін қызмет оның бағасына сай болу қажет. Себебі, тұтынушылар үшін турдың бағасы тиімді, бәсекелес компаниялардан арзанырақ, сонымен қатар, кейбір жеңілдіктердің болғаны маңызды.
Турфирма бренді	Туристердің қанағаттануын турфирманың нарықтағы беделі, имиджі, туристердің бренд туралы сенімділігі секілді қасиеттер арқылы анықтауға болады.
Қызмет көрсетудің қолайлығы	Бұл жіктеуге тур кезіндегі және турды сатып алу кезіндегі туристің өзінің қолайлы сезіну эмоциясын айтсақ болады. Оған туристерге қажетті ақпараттардың түсінікті жеткізілуі, сатып алудың қарапайым жолдары секілді факторларды жатқызсақ болады.
Сенімді немесе үмітті ақтауы	Қанағаттану деңгейін туристік өнімнің немесе туристік қызметтің туристің көңілінен шығуы немесе шықпауы арқылы бағалау.
Сатып алудан кейінгі нәтиже	Оған туристік компанияның клиентпен тур аяқталған соңда кері байланысып тұруы жатады.

Туристерді қанағаттану факторы бойынша жіктеу Туристердің турфирма қызметімен қанағаттануы деңгейін бағалау туристік компанияның дамуының басты факторы болып табылады. Өйткені, турфирма директоры өзіне тиесілі кәсіпорынның қызметін бағалау арқылы клиенттерге қандай қызмет түрлері ұнайды, ал қандай қызмет түрлері олардың көңілінен шықпайтынын анықтай алады. Туристердің қанағаттану деңгейі тікелей турагенттіктің беделіне, табысына әсерін тигізеді.

Клиенттердің разылығын зерттеу әдістері ішкі және сыртқы ақпараттардың негізінде құрастырылады.

Сатып алудың көбеюі, шағым кітапшасындағы шағымдар, кері байланыс және т.с.с. әрекеттер жиынтығы ішкі ақпараттарды құраса, ал тікелей туристермен байланысу сыртқы ақпараттарды құрайды.


Тағы да айта кетерлік жайт, қанағаттану деңгейін зерттеу кезінде бес Р маркетингтік кешеннің алатын орнын ұмытпау қажет. Олар [2]:

1. Тауар (product);
2. Адамдар (people);
3. Құны немесе баға (price);
4. Процесс (process);
5. Жарнамалау (promotion).

Өйткені, бұл бес кешен зерттеудің ең маңызды бөліктері болып табылады. Бұларсыз ешқандайда тауар айналымы болмайды. Егер туристік кәсіпорынның жұмысы өрге баспаса, оның клиенттерінің қанағаттану деңгейін анықтаудың түкке де керегі жоқ.

Турфирмаларда туристердің қанағаттануы деңгейін маркетингтік зерттеу әдістері арқылы бақылайды. Олар ең әуелі туристердің әрекеттерін бақылайды, содан соң оларға сипаттама береді. Ең соңында берілген сипаттамалар бойынша талдау жұмыстарын жүргізеді.

Туристердің қанағаттануы деңгейін зерттеудің көптеген әдістері мен тәсілдері бар. Бірақ олардың ең маңыздылар суретте көрсетілген.



Сурет 2. Қанағаттану деңгейін анықтауға арналған негізгі әдістер
Ескертпе: автор құрастырған

Әрбір әдістің өзіне тән кемшіліктері болады. Сол кемшіліктерді жасыру үшін зерттеу жүргізу кезінде, бір мезетте бірнеше тәсілдерді біріктірген абзал. Себебі, әдістің жүйелі және сенімді болуы тек қана әртүрлі әдістерді біріктіру арқылы жүзеге асады [3].

Туристердің қанағаттану деңгейін сауалнама әдісі арқылы зерттеу барысында қолданылатын оңтайлы шешімдердің бірі − туристерді жасына, жынысына, статусына және т.с.с. топтарға бөлу. Осылай әрбір топтарға бөлу арқылы маркетингтік талдаулар жүргізу зерттеушілер үшін оңайырақ болып табылады.

Туристердің қанағаттану деңгейін анықтаудың алты көрсеткіштері бар. Енді оларға жеке жеке тоқтала өтейік [4]:

1) CSAT (Customer Satisfaction Score) − тұтынушылардың қанағаттануын бағалау көрсеткіші. Бұл туристердің сіздің фирмаңыз ұсынатын тауар немесе қызмет түрімен қанағаттануын пайыздық бірлік арқылы бағалайтын көрсеткіш түрі. Бұл әдіспен зерттеу жүргізу үшін туристерден арнайы шкала арқылы сауалнама алады.

2) NPS (Net Promoter Score) − промоутерлердің таза ұпайы, бұл туристердің сіздің туристік фирмаңызды басқа адамдарға жарнамалауы немесе ұсынуын анықтайтын көрсеткіш. Әдетте бұл көрсеткішті бір мен он балл арасындағы балдық шкаламен анықтайды.

3) CES (Customer Effort Score) көрсеткішін клиенттерден сауалнама алу арқылы анықтайды. Ол туристік компания ұсынатын қызмет түрлерін пайдалану туристке қаншалықты оңай немесе қиын болғанын анықтау үшін қажет.

4) CLV (Customer Lifetime Value) көрсеткіші туристік компанияның қызметін ұзақ уақыт бойы пайдаланып келе жатқан туристерден табатын табыс көзін анықтауға арналған. Яғни туристңк фирманың қызмет етіп келе жатқан уақыттар бойы, компанияға оң әсерін тигізетін сенімді клиенттер арқылы туристік фирманың қанағаттануы деңгейін жоғарылатуға болады. Себебі, олармен ұзақ мерзімде жұмыс істеу арқылы туристік фирма ұсынатын қызмет түрлерінің көлемін ұлғайтуға және тұрақты табыс көзін көбейтуге болады.

5) CSI (Customer Satisfaction Index) көрсеткіші ағылшын тілінен аударғанда клиенттердің қанағаттану индексі деген мағынаны білдіреді. Туристердің туристік өнімді сатып алу жиілігін және олардың туристік қызметті пайдалануының мақсаты мен себептерін анықтайтын, HubSpot зерттеушілері ойлап тапқан жаңа көрсеткіштердің бір түрі.

6) SERVQUAL (Service and Quality) − туристік фирма қызметімен туристердің қанағаттану деңгейін бағалауға арналған көрсеткіш. Бұл зерттеу әдісі туралы ақпарат ең алғаш рет 1988 жылдың қаңтар айында американдық ғалымдар А.П.Парасураман, Л.Л.Берри және В.А.Зейтгамлдың ғылыми еңбектерінде жарық көрді. SERVQUAL әдісінің атауы ағылшын тілінің «қызмет» және «сапа» сөздерінің бірігуінен құралған.

Бұл көрсеткішті анықтау үшін туристке турфирма өз қызметін көрсетердің алдында және көрсеткеннен кейін зерттеу сұрақтарын ұсыну қажет. Сөйтіп бұл көрсеткіш екі жауапты салыстыру арқылы жүзеге асады. Туристерге қойылатын сұрақтарға дайын жауап ретінде бірден беске дейінгі немесе бірден онға дейінгі балл арасындағы шкаланы ұсынады [5].

Туристердің турфирма қызметімен қанағаттануы деңгейін анықтау тек қана бір сатыдан тұратын оңай зерттеле салатын жұмыс емес. Ол бірнеше сатылардан тұратын және ұзақ мерзімді қамтитын күрделі процесстердің бірі.

Тұтынушылардың қанағаттану дәрежесін зерттеу шараларын белгілі бір уақыт өткен сайын қайта қайталап тұру қажет. Осылай процесстің қорытындылары қалай өзгергенін ұдайы бақылап отыруға болады.

Зерттеу кезінде кездесетін тағы да бір мәселелердің бірі, туристік фирма қызметіне мүлдем қанағаттанбаған тұтынушылардың турфирмаға деген көзқарасының өзгеруін анықтау. Өйткені, туристік компанияның қызметіне көңілі толмаған туристер дәл осы туристік

кәсіпорынның қызметіне қайта жүгінуі екі талай. Сол себептен де олардың турфирмаға деген ойлары қалай өзгергенін анықтау мүмкін емес.

Тағы да айта кетерлік жайт, туристік фирма тұтынушыларын зерттеу кезінде, тұтынушыларға қойылатын сауалнама сұрақтарының құрылымы дұрыс емес немесе анық емес қойылуы мүмкін. Егер де тұтынушыларға жүйесіз сұрақтарды қойсақ, біз олардың яғни мақсатты аудиторияның не қалайтынын немесе не айтқысы келетінін түсіне алмаймыз. Сол үшін сауалнама жүргізу барысында клиенттерге нақты және сапалы сұрақтар қою арқылы туристік компанияның тұтынушылары туралы нақты ақпарат жинақтау қажет. Туристердің қажеттіліктерін анық түрде түсінгенде ғана туристік фирманың қызметкерлері дұрыс қызмет түрін көрсете алады немесе туристердің көңілінен толықтай шығатын туристік өнімді әзірлей алады.

Туристерден сауалнама алу кезінде туристік фирманың қызметкерлері өздерінің рейтингі үшін қулық әрекеттерін жасауы мүмкін. Олар туристерден жоғары балл қоюды өтінуі мүмкін немесе деректерді өздері өзгертуі мүмкін.

Қазақ халқы «елу жылда ел жаңа» демекші, уақыт өткен сайын туристердің қалаулары да, қажеттіліктері де өзгеріп жатыр. Бірақ қазіргі заманның қарқынды түрде тез дамуының арқасында, жаңашылдықтар үшін елу жылды күту қажет емес. Себебі, адамдар арасындағы туристік трендтер екі−үш жылдың өзінде−ақ ұдайы өзгеріп жатыр. Сол үшін турфирма ойлап тапқан қызметтердің, өнімдердің, өзінің құндылығын жоғалтуы табиғи құбылыс. Туристік кәсіпорынның жоғары деңгейде жұмыс жасауы үшін әрқашан туристердің қажеттіліктерін есепке алып, бақылап, іске асырып отыруы қажет.

Кәсіпорынның бәсекелестерін зерттеп тұруы да қалыпты жағдай. Себебі нарықтағы бәсекелестердің қалай жұмыс жасап жатқанын, қандай табыста жұмыс істейтінін саралау арқылы олармен бәсекелесе алуға болады. Егер олардан төменірек деңгейде жұмыс жасап жатсаң, оларды басып озу үшін олардан одан да бетер жақсы жұмыс істеу керек. Ол үшін әртүрлі шаралар, бағдарламалар, әрекеттер жасайсың. Адал түрдегі бәсекелестік кәсіпорындардың жоғары деңгейде жұмыс жасауының кепілі деп бекер айтылмаған. Алайда бәсекелестерді саралау кезінде ескеретін бір жайт бар. Ол әрбір кәсіпорын өзінің жұмысы туралы ақпараттарды коммерциялық тұрғыда жасыратын болғандықтан, олар туралы шынайы нақты ақпараттар табу қиындық туғызады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. International Tourism to End 2023 Close to 90% of Pre-Pandemic Levels (unwto.org)

2. Евгений Олегович Макаров. Исследование удовлетворенности потребителей //Образовательный портал «Справочник». — Дата написания статьи:26.06.2018.URLhttps://spravochnick.ru/marketing/udovletvorennost_potrebiteley/issledovanie_udovletvorennosti_potrebiteley/

3. How to Assess Customer Satisfaction After a Decision (linkedin.com)

4. https://stat.gov.kz/industries/environment/stat-eco/

5. Современные технологии обеспечения и оценки качества услуг в туризме Никулина Ю.Н. 1 1 Оренбургский государственный университет, Оренбург, Россия. Экономика, предпринимательство и право Том 12, Номер 7, Июль 2022. Journal of Economics, Entrepreneurship and Law. Современные технологии обеспечения и оценки качества услуг в туризме - Никулина Ю.Н. / Экономика, предпринимательство и право / № 7, 2022 - Первое экономическое издательство - (1economic.ru)

ӘОЖ 164.02

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДИВИЗИЯЛАРЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ТУЛАРЫ: ЕРЛІК ПЕН ДАҢҚ СИМВОЛЫ

Орынбасаров Асланбек Орынбасарұлы
a.orynbasarov@asu.edu.kz
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1-курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Кайргалиева Г.К.

Ұлы Отан Соғысы Кеңес Одағы халықтары үшін, оның ішінде Қазақстан үшін ең ауыр сынақ болды. Осы кезеңде республика аумағында фашизмді жеңуге елеулі үлес қосқан көптеген әскери құрамалар құрылды. Бұл дивизияларға берілген жауынгерлік тулар маңызды рөл атқарды, олар тек әскери намыстың нышандары ғана емес, сонымен қатар шайқас барысындағы практикалық бағыт беру нышаны болды. Бұл зерттеудің өзектілігі Қазақстандық жауынгерлердің ерліктері мен олардың ортақ жеңіске қосқан үлестері туралы тарихи жадыны сақтау қажеттілігімен байланысты.

Ұлы Отан Соғысы басталғаннан сәттен бері Қазақстан, басқа да Одақтас республикалар сияқты, майданның қажеттіліктері үшін адами және материалдық ресурстарды жұмылдырудың маңызды орталығына айналды. Соғыс қарсаңында республика қуатты ресурстық базасы бар дамыған индустриалды-аграрлық аймақ болды. Мұнда металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібі белсенді дамып, әскери экономиканы маңызды шикізатпен қамтамасыз етті. Өнеркәсіптік әлеуетінен басқа, Қазақстан жаңа әскери құрамаларды құрудың негізгі аймақтарының біріне айналды. Республикада жұмылдыру ұйымдасқан және жаппай түрде жүргізілді. Қызыл Армия қатарына әскерге шақырылушылар ғана емес, еріктілер де қосылды. Жаңа атқыштар дивизиялары, жеке бригадалар мен полктер құрылды. Қазақ құрамаларының этникалық құрамы көпұлтты болды: қазақ, орыс, украин, татар және басқа да халықтардың өкілдері жауынгер болды. Ұлтының айырмашылығына қарамастан, жауынгерлер жоғары жауынгерлік қабілетін, тәртібі мен адалдығын көрсетті [1].

Қазақстан аумағында бірнеше ірі құрамалар құрылды, олардың ішінде 316-шы атқыштар дивизиясы ерекше көзге түсті *(кейіннен 8-ші гвардиялық дивизия деп аталды)*.

Ол Алматыда генерал-майор Иван Васильевич Панфиловтың басшылығымен құрылды және Мәскеу маңындағы батырлық қорғаныстың арқасында тарихқа енді.



316-шы атқыштар дивизиясының байрағы



387-ші атқыштар дивизиясының байрағы



391-ші атқыштар дивизиясының байрағы

1-сурет. Дивизия байрақтары

Сондай-ақ, Қазақстанда 387-ші және 391-ші атқыштар дивизиялары, 100-ші және 101-ші ұлттық қазақ атқыштар бригадалары және басқа да құрамалар құрылды.

Қазақстандық бөлімшелер Ұлы Отан Соғысының негізгі шайқастарына қатысты. Мәскеу үшін шайқаста 316-шы атқыштар дивизиясы ерекше төзімділік танытты. Панфиловтың адамдары неміс әскерлерінің танк шабуылына ерлікпен қарсы тұрған Волоколамск маңындағы шайқас жаппай батылдық пен жанқиярлықтың символына айналды. Саяси нұсқаушы Василий Клочковтың: *«Велика Россия, а отступать некуда — позади Москва!»* деген әйгілі сөздері елорда қорғаушыларының жауынгерлік ұранына айналды [2].

Кейінірек қазақстандық құрамалар Сталинград шайқасына қатысып, Паулюстың неміс армиясының жеңілуіне айтарлықтай үлес қосты. Олар тарихтағы ең ірі танк шайқастарының бірі Курск шайқасына, сондай-ақ Украина мен Беларусьті азат ету операцияларына қатысты. Осы шайқастардың әрқайсысында қазақ жерінен шақырылған жауынгерлер ерлік пен әскери шеберлік танытты. Жеке жауынгерлердің ерліктері Қазақстанның әскери тарихында ерекше орын алады. Мысалы, командир Бауыржан Момышұлы — Мәскеу түбіндегі шайқастарда өзінің тактикалық данышпандығымен және батылдығымен танымал болды. Тағы бір батыр Төлеген Тоқтаров шайқастардың бірінде жаудың бірнеше жауынгерін талқандады, бірақ соңына дейін өз міндетін адал атқара жүріп қаза тапты. Ерлігі мен ерлігі үшін көптеген қазақстандық сарбаздар жоғары мемлекеттік наградалармен, оның ішінде Кеңес Одағының Батыры атақтарымен марапатталды.

Осылайша, Қазақстанның Ұлы Отан Соғысындағы жеңіске қосқан үлесі орасан зор болды. Республика жүздеген мың сарбаздарды майданға жіберіп қана қоймай, сонымен қатар негізгі шайқастарда маңызды рөл атқарған жауынгерлік дайын дивизияларды құрды. Қазақстандықтардың ерліктері рухтың, табандылықтың және Отанға деген адалдықтың үлгісі бола отырып, тарихта мәңгілік есте қалды [3].

Жауынгерлік тулар әскери дәстүрде басты рөл атқарады, бөлімшелердің ар-намысының, адалдығы мен бірлігінің символы болып табылады. Олар астында соғысқан әскерлердің тарихын, дәстүрін, жауынгерлік жолын бейнелейтін терең мағынаға ие. Баннерлердің символикасы әр түрлі әскерлер мен тарихи кезеңдерде әр түрлі болуы мүмкін, бірақ олардың негізгі мағынасы өзгеріссіз қалады – бұл жауынгерлердің ерлігі, адалдығы мен жауынгерлік рухының бейнесі.

Тулар тек символикалық қана емес, сонымен қатар практикалық функцияны да орындайды. Жауынгерлік жағдайда олар шайқас даласында көрнекті орындар ретінде қызмет етіп, бөлімшелердің әрекеттерін үйлестіруге көмектесті. Бұл, әсіресе, радиобайланыс қол жетімсіз болған және сигналдар визуалды белгілер арқылы берілетін дәуірде болды. Баннердің болуы жауынгерлерге соғыс хаосын тез шарлауға және құраманы сақтауға мүмкіндік берді. Баннер сонымен қатар бөлімшелерді біріктіру құралы болды, сарбаздар арасында бір жауынгерлік бөлімшеге тиесілілік сезімін тудырды.

Дінаралық келісім мен толеранттылықты сақтаудың маңызды жолы білім мен ақпарат тарату екені белгілі, қазіргі жаһандану жағдайында ақпарат алу қиын емес, мәселе ол ақпараттың жүйелі түрде берілуі болып табылады.

Сондықтан жалпы әлемдегі діндер тарихымен таныстыру, діннің әлемдік өркениет астарындағы дамуы мен қазіргі заманғы жағдайымен талдай отырып жеткізу арқылы діндердің қатынасына толеранттық көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік бар.

Біз ислам дінін тек діни ұғым-түсінік, салт-жоралар жиынтығы қана емес, оны жалпы әлемдік үлкен өркениет, христиан, будда діндерімен қатар адамзатқа кең тараған әлемдік дін ретінде қабылдасақ ислам дінін ұғынудың аясы кеңиді, оның маңызы арта түседі, тереңдігі айқындалады.

Ал егер дінді салт-сана, киім, дәстүр және басқа да атрибутика деңгейінде түсініп, оны жеке ағымдар тұрғысында қабылдаумен шектелсек, біз ислам дінінің өркениеттік ұлы рөлі мен маңызын таяз түсінген болып шығамыз.

Қазақстанда әрбір төрт жыл сайын өтетін Әлемдік және дәстүрлі дінбасылар съезіне қатысушылар жаһандану жағдайында әлемдегі бейбітшілік пен келісімді сақтаудың маңызын ең басты проблема деп санайды.

Әлемде саяси, ұлт аралық және дін аралық қақтығыстардың күшеюі әлемдік діндерге үлкен міндет жүктейді, себебі, діни жүйелердің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан рухани, гуманистік, имандылық тәжіребиесі қазіргі мәдениет пен саясат үшін аса қажет болып табылады. Ол үшін әуелі әлемдегі конфессиялардың өзара ынтымағы мен келісімі қажет екені сөзсіз, міне Қазақстан Республикасының осы бағыттағы мемлекеттік саясаты, еліміздегі дінге қатысты заңдар мен қаулылар еліміздегі және әлемдегі гуманизм ұстанымдарына толықтай жауап береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Электрондық ресурс: https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/

2. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы. Астана, 2024 ж.

3. Қазақстандағы діни сенім бостандығы.// Халықаралық конференция материалдары. 19.03.2013ж. Астана.

ӘОЖ 94 (574)

1920-1930 ЖЫЛДАРЫ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ІСІ

Рамазанова Айгүл Тілешқызы
aigul.ramazanova81@mail.ru
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1-курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д, профессор Бердіғожин Лесқали Базарғалиұлы

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылғы Қазақстан халқына арналған жолдауында «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз» деп көрсетіп, осы жолдау негізінде 2024 жылы 27 желтоқсанда «Жұмысшы мамандықтар жылын жариялау туралы» Жарлыққа қол қойған болатын. Қоғамда еңбек адамының мәртебесінкөтеру,еңбек дәстүрлеріне дегенадалдықты қалыптастыру өзекті екені сөзсіз.Бұл бағытта мұнайлы өлкеде қалыптасқан тағылымды бастаулардың бар екені тарих парақтарында жазулы. Жастарды еңбекке дайындауда, оларды материалдық өндіріске баулуда кәсіптік-техникалық оқу орындары ерекше орын алады. Бұл тарихи кезеңде республикадағы кәсіби-техникалық маман кадрларды даярлау жүйесі жекелеген зауыт-фабрикалар жанынан ашылған мектептерден бастап, білікті инженерлік-техникалық мамандар даярлайтын институттардың қалыптасуына дейінгі жолдан өтті. 1920-1940 жылдар аралығында республикада мыңдаған кәсіптік-техникалық оқу орындары қалыптасқан болатын. Оның тарихы әлеуметтік-экономикалық өмір өзгерістерімен тікелей байланысты болды. Еліміздің өндірістік

бейнесі зауыттар мен фабрикалардан, электростанциялар мен комбинаттардан, совхоздар мен колхоздардан тұрғаны белгілі. Олардың қалыптасып дамуына кәсіптік-техникалық мектептердің қосқан үлесінде шек жоқ. Олай болса, бұл оқу орындары үлкен тарихи жолдан өтті, ел игілігіне қызмет еткен сан мыңдаған маман-жұмысшыларды дайындап,тәрбиеледі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кәсіби-техникалық оқу орындарының саны кемігенімен, нарық экономикасының талаптарына сай мамандар дайындаудың жүгі ауырламаса, жеңілдеген жоқ. Нарық талабына сәйкес оқу орындары өз жұмыстарын сапалық деңгейде қайта құрды, оларды бітірген мамандарға қажеттілік арта түсуде. Мамандарды дайындайтын инженерлер мен мұғалімдердің басым көпшілігі жаңа талаптарға бейімделді. Ұзақ жылдарда жасалынған материалдық-техникалық база жаңа жағдайда жұмыс істеудің негізі болды. Дегенмен, кәсіби техникалық мамандарды даярлау ісі мемлекет алдындағы аса өткір мәселелердің бірі болып қала бермек. Өйткені, XXI ғасыр ақпарат ғасыры, озық технологиялар ғасыры. Ғасыр көшінің соңында қалып қоймас үшін біздің елімізге, ең алдымен кәсіби-техникалық мамандар даярлау ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру қажет. Ғылыми-техникалық прогрестің, технологиядағы өзгерістердің сұранысы және перспективаларын жетік білетін, еңбекті ұйымдастыру мен өнім сапасын әлемдік үлгіде жолға қоюға қабілетті, ой-өрісі кең, парасатты мамандар қажет екендігінің маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Қазақстанда білікті мамандарды дайындау процесі ұзақ тарихи жолдан өтті. 1920 жылдардың бас кезінде алғашқы қадам, Қазақ Автономиялық Республикасы үкіметі кәсіптік техникалық білім берудің бас комитетін құрды. Нәтижелі жұмыстар арқасында кәсіптік оқу орындарының саны 30-ға жетіп, оларда 2000 жас оқыды.

1919 жылы наурызда өткен РКП(Б) VIII съезі шешіміне сай жұмыс күшін ұтымды пайдалану, 17 жастан жоғары жасөспірімдерді кәсіптік-техникалық білім алу ісіне көптен тарту үшін ФЗУ-лар (фаврично-заводское ученичество) ашу міндеті қойылды. Бұл шешім мұнайлы аудан үшін өте қажет еді. 1920 жылғы 1 маусымдағы Жайық-Каспий мұнай қоғамының Гурьев кеңсесі мәліметі бойнша мұнай кәсіпшіліктерінде 575 қазақ жұмысшы, қызметші және көмекші мамандар болған. Ал, олардың 7-8 пайызы кілтші, майшы, бұрғышы көмекшісі болса, қалған 90-92 пайызы қара жұмыстар ғана атқарды. Оларды техника тіліне үйретуде ФЗУ-лар ашу өте маңызды еді. 1921 жылы өткен РКП(Б) X съезінде «жергілікті халық өкілдерінен маман жұмысшы кадрларын дайындау мақсатында ұлттық тілде кәсіптік техникалық бағыттағы курстар мен орта мектептер ашу» кезек күттірмес шара ретінде көрсетілді. Осы жылы өткен РКП(Б) облыстық бірінші конференциясы жұмысшы табын қалыптастырудың негізі техникалық сауатсыздықты жою деп белгіледі.

Жайық-Ембі мұнайлы ауданында кәсіптік-техникалық бағыттағы оқу орны, ФЗУ 1924 жылы 13 қаңтарда Гурьевте «Ембімұнай» тресті базасында ұйымдасты. ФЗУ директоры болып трест заңгері Карл Карлович Тушовский тағайындалды.

Ильич атын иеленген ФЗУ-ға трестен М.Г.Юдин, Е.Д.Котельников, В.П.Яковлев сияқты мықты мамандар жіберілді. 1925 жылы 3 қыркүйекте «Embімұнай» трестінде кәсіптік техникалық білім мәселесіне арналған арнайы техникалық кеңес өтті.

Кеңеске трест басқарушысы орынбасары С.И.Кузнецов, кәсіпшіліктерді басқарушы Р.Р.Новосильцев, бөлім басшылары Н.Н.Карский, И.Д. Жилин, инженерлер Л.П.Савельев, Гросвальд, статист Н.И.Розов қатысып Гурьевтегі ФЗУ-дың мәселесі сөз болды.

Р.Р.Новосильцев ФЗУ оқушылары білімі өте төмен екені, бірінші оқу жылы қиын болғанын қазір түзеліп келе жатқанын мәлімдесе, С.И.Кузнецов мамандар бізге ауадай қажет, біз оларды өзіміз дайындамасақ, басқа жақтан мамандар келмейді. ФЗУ-лар жастарды кәсіптік-техникалық білім алу үшін, ал кәсіптік-техникалық курстар ересек жұмысшыларды қайта даярлау үшін керек деп атап көрсетті. ФЗУ-дың материалдық-техникалық базасын ұстап тұру

үшін қаржы мәселесіне байланысты ФЗУ басшылығы мен мұнай кәсіпшіліктерін басқарушы атынан Мәскеуге, «Ембімұнай» тресті кеңсесіне 1926 жылы 22 маусымда арнайы хат жолданды.

Хатқа берілген қосымшада ФЗУ-да 5-оқу тобы барлығы, оқу пәндеріне қосымша техникалық бағытта сызу, механика, мұнай және металл техникасының пәндері жүргізілетіні айтылған. ФЗУ-да бір ауысымда 110 оқушы, ал екі ауысымда 220 бала оқыту мүмкіндігі бар деп көрсетілген. 1925 жылы қыркүйекте ФЗУ Доссор кәсіпшілігінде ашылды. Алғашқы кезде екі топқа 43-оқушы алынды. Сабақ таңғы 7-ден күндізгі 11-ге дейін 4-сағатқа созылды.

1925 жылы 25 қарашада Доссорда Томский атындағы ФЗУ мектеп кеңесінің бірінші мәжілісі өтті. Оған «Ембімұнай» трестінен А.М.Фадеев, К.И.Сергеев, аудандық комитеттен А.В.Бародин, оқушылар Садков, Буянов қатысты. Мәжілісте ФЗУ-дің материалдық техникалық базасы мәселесі қаралды. Оқушылардың кәсіпке баулу мәселесінде шеберханаларды кеңейту, оларды тікелей өндіріс басында ұйымдастыру мәселесі көтерілді. Ембімұнай тресті ФЗУ-ға төмендегідей мамандарды жіберген. Бескин-мұнай ісі мұғалімі, Айвазов-қоғамдық пәндер мұғалімі, Яковлев-зоология мен ботаника пәні мұғалімі, Котельников орыс тілінен, Смирнов-механика және технологиядан, Шитов-химия пәнінен. ФЗУ-да оқу мерзімі 3 жыл болып белгіленді. Оқу корпусы үш бөлмеден, 2 бөлме оқу класы, 1-бөлмеде 6-оқушылық жатақхана болды. Оқу күнінің ұзақтығы 8 сағат болып белгіленді. Сағат 7^{00} 10^{40} дейін академиялық сабақ уақыты, 12^{00} ден 16^{00} ға дейін өндірістік тәжірибе уақыты. ФЗУ-директоры Ананьев жазбаларында оқушылар Досмұхамбетов, Исенов есімдері шеберханада жақсы еңбек еткен деп көрсетілген. 1926 жылы 11 қарашада ФЗУ жанындағы курсты 16 оқушы құрылыс, пеш маманы бойынша бітірген. 1927 жылы 16 маусымда ФЗУ-дың негізгі курсын 14 оқушы техника мамандығын, 5 оқушы құрылыс мамандығын бітірді. 1927 жылы мұнайлы ауданда тұрақты жұмысшылардың орташа саны 1640-қа жетті. Олар Доссор, Мақатта мұнай өндірумен қатар Бекбике, Сағыз, Ескене, Байшонас т.б. кәсіпшіліктерінде бұрғылау жұмыстарында болатын. Барлық жұмысшылар ішінде мамандығы барлар 488, яғни 25,7 процент болды. Ал оның ішінде қазақтардың үлес салмағы мүлдем аз еді. Міне, сондықтан да мамандығы бар жұмысшылар ішінде қазақтарды көбейту мақсатында Доссор ФЗО-сында 1927 жылдан бастап жоспарлы жұмыстар басталды. Жастардан маман дайындау бронь арқылы жүргізіліп, онда басты назар қазақтарға аударылуы тиіс делінді. Осы жылы ФЗО шәкірттерінің ішінде 17 қазақ баласы болса, ал өндірісте барлығы 33 қазақ жасөспірімдері еңбек еткен. ФЗО-лар 1927 оқу жылында 570 оқушы, оның ішінде 236 қазақ қабылдаған. Оқу жылы 3 жыл болғандықтан, алғашқы мамандық алған шәкірттер тек өндіріске 1927 жылы жолдама алған. Жеті жыл ішінде (1924-1931) 81 жасөспірім, оның ішінде 21 қазақ баласы бұрғышы, слесарь, токарь, ағаш шебері т.б. мұнай кәсіпшілігіне қажетті мамандықтарды меңгерген. Әрине, осынша жылдың ішінде не бәрі 81 жұмысшы дайындау мүлдем жеткіліксіз еді. Әсіресе, ФЗО-да оқу қазақ жастары үшін қиынға соқты. Себебі, бүкіл оқу жоспары орыс тілінде болатын.

Мұнай кәсіпшілігінде маман дайындаудың кеңірек дамыған жолы жеке-жеке оқыту, я болмаса тәжірибелі жұмысшыға бекіту, сол арқылы маман жұмысшының мамандығын игеру еді. 1928 жылдың 1 шілдесінен 1929 жылдың 1 қаңтарына дейін осындай оқумен өндіріс пен кеңседе – 67 адам, оның ішінде – 17 қазақ оқыған. Мамандық бойынша олар былайша бөлінеді: слесарь-токарь – 37, қазағы – 7; құрылысшы – 9, қазағы – 5; электротехника мамандығына – 12, қазағы – 3; кеңсе қызметі – 9, қазағы – 2. Бұлайша оқыту Доссор, Мақат сияқты ірі өндіріс орындарында ғана дамыды. 1928-29 жылдар аралығындағы 6 ай ішінде Доссор, Мақат кәсіпшіліктеріндегі 63 жас жеткіншек сынаққа түсіп, оның 61-і жоғары разрядқа ұсынылған.

1928-29 жылы Жайық-Ембі ауданында 3 кешкі кәсіптік-техникалық курстар болған еді. Оларда барлығы 163 адам оқыса, оның 78-і жастар, 8-і жасөспірімдер болатын.

1929 жылы 17-19 наурызда Жайық-Ембі ауданының жұмысшы жастарының III конференциясы өтті. Конференция өндірістегі 22 жасқа дейінгі жастардың бір жыл ішінде 253-

тен 380-ге өскендігін атап өтіп, әлі де қазақ жастарының өндіріске тартылмай отырғандығын атап өтті. Оған дәлел тіркелген 380 жас жұмысшысының ішінде 126 қазақтың болуы. ФЗУ, техникалық курстар есебінен 1925-1927 жылдары маман кадр құрамы бірталай өзгерді. 1930 жылдары ұлттық мамандарды дайындаудағы оң өзгерістер Кеңес үкіметінің «іс тетігін кадрлар шешеді» деген партиялық ұранына байланысты басталды. 1930 жылы алғашқы мұнай техникумы, қазақ жастары үшін инженер кадрларын даярлайтын қазақтың кен-металлургия институты ашылды. Мұнайшы қазақ инженерлерін дайындауда алғашқы талпыныс – мұнайшы-жұмысшы факультеті дүниеге келді. Талантты қазақ жастары Мәскеу, Ленинград, Баку мұнай институттарына, өнеркәсіп академияларына жіберілді. Дегенмен маман дайындаудағы алғашқы оңды қадамдар 1920 жылдары жасалғаны тарихи шындық. Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2025 жылды арнайы жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаудың өзінің тарихи мәні бар. Себебі, бүгінгі күннің міндеттерін әрқашан жаңа тәсілмен шешу жеткіліксіз. Бұл бағытта отандық жұмысшы мамандар дайындаудың мол тәжірибесі мен тағылымдық сабақтарын пайдалану өте өзекті болары анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Токаев К.К. Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм. атты Қазақстан халқына Жолдауы.\\ Егемен Қазақстан.02 қыркүйек 2024

2. Байбаков Н.К. Дело жизни. Записки нефтяника. – Москва, 1984.-345 с.

3.Бахгазин Р.Н., Верещагин А.С., Фурман А.Б. Битва за нефть, Россия в мировой борьбе за «черные золото». – УФА, 2003. – 136 с.

4.Бердыгужин Л.Б.Нефтяная промышленность Казахстана: кадровый потенциал.-Алматы,2012.-368 с.

5.Ергин Д. Добыча. Всемирная история борьба за нефть и власть. – Москва, 1999. – 350 с.

*6.*Куандыков Б.М. Геологии Прикаспия – Родине. – Москва, 1991. – 92 с.

*7.*Муктар А.К.История казахской нефти.-Атырау.2004.-188 с.

ӘОЖ 398(512.122)(510)

ТҮРІК БІТІКТАСТАРЫНДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМДАР КӨРІНІСІ

Орманбай Теміртас Сырымұлы
Temirtasormanbai@gmail.com
«Философия және этика» білім бағдарламасының 2 курс студенті
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіі, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: Филос.ғ.д. Аташ Б.М**.**

Орхон-Енисей жазбалары – V-X ғасырлар аралығында түркі тайпалары тасқа қашап жазған тарихи мұралар. Олар алғаш Орхон өзені бойынан (Екінші Түркі қағанаты кезінде), кейіннен Енисей өзенінің жоғарғы ағысынан (Қырғыз қағанаты кезеңінде) табылды. Бұл жазулар кейде руникалық жазба деп аталады, өйткені кейбір таңбалары герман руналарына ұқсас келеді. Орхон-Енисей жазбаларының негізі соғды жазуынан бастау алып, VIII ғасырдан бұрын қалыптасқан деп саналады. Бұл әліпбиде шамамен 40 таңба бар. Көне түркі руникалық жазуының ерекшелігі – дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігі дауыссыз дыбыстар арқылы ажыратылады. Жазу бағыты оңнан солға қарай жүреді, ал сөздер бір-бірінен арнайы белгілер арқылы бөлінеді. Бұл жазуларды зерттеу XVII ғасырдан басталды. 1721-1722 жылдары Ресей

Ғылым Академиясының экспедициясы (Д.Г. Мессершмидт және Ф.И. фон Стралленберг) Минусинск аймағындағы ескерткіштерді зерттеп, алғашқы ғылыми мәліметтерді жинады. 1729 жылы З. Байер бұл жазбалар туралы ғылыми еңбегін жариялады, ал 1730 жылы Ф.И. фон Стралленберг олардың көшірмелерін шығарды. Алайда, бұл жазулар әлі толық оқылмаған еді. 1889 жылы Н.М. Ядринцев Моңғолия далаларында жаңа жазулар тапқаннан кейін, бұл ескерткіштерге ғылыми қызығушылық арта түсті. Ақыры, 1893 жылы Дат елінің кмықты ғалымы Вильгельм Томсен көне түркі жазуын оқудың кілтін тауып, оның мағынасын ашты. 1894-1895 жылдары В.В. Радлов Орхон және Енисей жазуларының алғашқы аудармаларын жасап, жариялады. Осылайша, көне түркі жазуларының құпиясы ашылып, олар әлемдік түркітанудың маңызды зерттеу нысанына айналды.

Көне түркі жазбалары кең аумақта таралғандықтан, олардың таңбаларында өңірлік ерекшеліктер бар. Ғалымдар бұл жазуларды табылған жерлеріне байланысты бірнеше топқа бөледі: Орхон жазулары – Орхон өзені бойынан (қазіргі Моңғолия аумағы) табылған ең маңызды ескерткіштер. Бұған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазбалары жатады. Бұл жазулар Түркі қағанатының ресми билік құжаттары іспетті, тарихи оқиғалар мен мемлекетті басқару туралы баяндайды.

Енисей жазулары – Сібірдегі Енисей өзенінің бойынан табылған жазулар. Бұлар көбіне ру-тайпа басшыларына арналған ескерткіштер болып келеді. Мазмұны тұрғысынан батырларды мадақтау, ата-баба рухына арнаулар түрінде кездеседі.

Талас жазулары – Қазақстан мен Қырғызстан аумағындағы Талас өзені бойында табылған ескерткіштер. Бұл жазуларда Орхон және Енисей жазбаларымен ортақ белгілер болғанымен, кейбір ерекше таңбалары бар.

Тұрпан жазулары – Қытайдың Шыңжаң өңіріндегі Тұрпан аймағынан табылған түркі жазулары. Бұл өңірдегі жазбалар көбіне буддизм мен манихейлік секілді діни ілімдерге қатысты мәтіндерден тұрады.

Алтай жазулары – Алтай таулары маңынан табылған көне түркі мәтіндері. Мұнда да руникалық жазудың өзіндік ерекшеліктері байқалады, көбіне тасқа қашалған шағын мәтіндер кездеседі. Әрбір аймақтағы жазулардың ортақ негізі болса да, жергілікті ерекшеліктері бар. Кейбір таңбалар тек белгілі бір өңірде ғана қолданылған немесе дыбыстық өзгерістерге ұшыраған.

Бабаларымыз Түріктер – V-X ғасырлар аралығында тасқа қашап жазып кеткен жазуларын кітаб немесе жазу емес Бітік деген екен. Бұл жерде түрікше бітік деген сөз бен осы түбірден шыққан бірнеше сөз келтірілген. Бұл сөздерді ескерткіш мәтінінің соңында жазған. Ескерткішті кім, қашан, кімге арнап жазғаны туралы айтқанда осы сөзді пайдаланған:

Бітік - жазу, жазба, мәтін, хат деген мағынада қолданылады. Бітігіме - Жазушы деген мағынада. Бітіктас - Арнайы дайындалған тасұстынға қашалған көне түрік мәтін. Көне түріктер осындай жазулы ескерткіштерін бітіктас деген. Ежелгі ырым-жосындық тұрғыдан тасқа қашап бәдіздеген жазуларын «беңгүташ- мәңгітас» деп те атаған.

Бітідім - Жаздым дегенді бітідім деген. Күлтегін ескерткішінің екінші қапталының бетінде жиырма күн отырып осы бітіктасты бітідім деген сөз бар. Демек тасқа «бітіклеген» адам яғни тасқа мәтінді қашап жазған адам «бітікші» деп аталған. Қағанның хатшысы да «бітікші» аталған.

Бітіктастан үзінді: - Үстіміздегі аспан жерге құламайынша, астымыздағы жер тілінбейінше, түркі еліне кім төрелік ете алады?» (Білге қаған, 685—734 жж.)

Білге қағанның «Үстіміздегі аспан жерге құламайынша, астымыздағы жер тілінбейінше, түркі еліне кім төрелік ете алады?» деген сөзі түркі халқының мызғымастығын, мемлекеттің беріктігін, тәуелсіздігін айқындайды.

Табиғи тұрақтылық пен рухани тұтастық – Аспан түркілер үшін тек табиғи құбылыс емес, мемлекеттің рухани және саяси тұрақтылығының символы. Ал жердің «тілінуі» мемлекеттің ыдырауын білдіреді. Тәуелсіздік идеясы – Бұл сөз түркі халқының өз тағдырын өзі шешуге тиіс екенін көрсетеді. Түркі қағанаты ешкімге бағынбай, өз билігін жүргізуі керек деген ой жатыр. Мемлекеттің беріктігі – Биліктің мықтылығы тек сыртқы қорғаныспен шектелмейді, ол халықтың ішкі бірлігі мен санасына да тәуелді. Егер ел ішкі алауыздыққа ұшыраса, сыртқы күштер оны әлсірете алады.

𐰴𐰃 - Үстіміздегі аспан жерге құламайынша, астымыздағы жер тілінбейінше, түркі еліне кім төрелік ете алады?» Бұл сөзден тағы бір көретін идея ол қазіргі кезде Қазақстанда дәріптеліп жүрген Мәңгілік ел идеясы. «Мәңгілік ел» идеясы – түркі әлемінің мәңгілік бірлігі мен мемлекеттілігінің символы. Бұл ұғымның негізін әйгілі Тонықөк қалады, ол үш бірдей қағанның кеңесшісі ретінде мемлекеттің болашағын ойлады. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін, Тонықөк осы идеяны түркі халықтарының рухани тұғырына айналдырды. Ол тек биліктің беріктігі ғана емес, елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы үшін де маңызды болды.

Түрік қағанаты бұл идеяны іске асыру үшін берік қорғаныс жүйесін жасақтады. Қағанаттың астанасы Ордабалық мемлекеттің ішкі ядросы болды, оны арнайы әскери жасақ – тұрғақтар мен шеріктер қорғады. Екінші қорғаныс шеңберін түркі тайпалары ұстап тұрса, үшінші шеңберде он-оқ Түркештермен бірге Қырғыздар, Кидандар, Татабилер, Таңғыттар мен Басмылдар қағанаттың шекарасын күзетті. Осы үш сатылы қорғаныс жүйесі мемлекеттің беріктігін арттырып, оның ұзақ өмір сүруіне негіз қалады. «Күлтегін» жазбасында бұл идея анық көрініс табады. Ғұбайдолла Айдаров аудармасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын, халық болсын...» – деген жолдар кездеседі. Бұл тек қарапайым тілек емес, мемлекет тұтастығын сақтау, түркі жұртының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын бірлігін нығайту жолындағы басты ұстаным еді. «Мәңгілік ел» идеясы бүгінгі Қазақстан үшін де өзекті. Ғасырлар тоғысында, үлкен державалар арасында өзіндік саяси бағытын сақтай отырып, елдің тәуелсіздігін нығайту – ата-бабалар ұстанған жолдың жалғасы. Қазақстан бұл идеяны қазіргі заманғы даму стратегиясының бір бөлігі ретінде қабылдап, мемлекеттің тұрақтылығы мен бірлігін сақтауды басты мақсат етіп отыр.

Миф – ең көне фольклорлық жанрлардың бірі, адамзаттың дүниетанымының бастауында тұрған рухани құбылыс. «Миф» сөзі грек тілінен аударғанда «аңыз» деген мағынаны білдіреді. Ол алғашқы қауымдық қоғамнан бері адамзат санасының табиғат, ғалам, құдайлар, рухтар және өзге де тылсым құбылыстарды түсіндіруге деген ұмтылысынан туындаған. Бастапқыда мифтер адамдар үшін шынайы ақиқат ретінде қабылданған. Ежелгі адамдар үшін мифтер – қоршаған әлемді түсіндіретін және өмір сүру заңдылықтарын айқындайтын негізгі білім көзі болды. Олар жер мен аспанның жаратылысы, алғашқы адамдар, табиғат құбылыстары, түрлі жаратылыстар мен мифтік кейіпкерлер туралы ой толғады. Уақыт өте келе мифтер фольклорлық шығармаларға айналып, халықтың дүниетанымын, наным-сенімдерін, әдет-ғұрыптарын бейнелейтін идеялық-көркемдік жүйеге айналды. Сонымен қатар мифтер әдебиет, дін, өнер және философияның дамуына ықпал етті. Мифология – белгілі бір халықтың немесе өркениеттің мифтік жүйесін, аңыздарын, танымдық құрылымын зерттейтін ғылым. Ол тек қана аңыздар жиынтығы емес, сонымен қатар халықтың символдық ойлау жүйесін, рухани мәдениетін сипаттайтын маңызды дерек көзі болып табылады.

Миф – тек бір халыққа ғана тән емес, ол түрлі этностар мен мәдениеттердің өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасқан ортақ құбылыс. Әрбір халықтың өзіне тән мифтері болғанымен, олардың мазмұнында ортақ сарындар мен ұқсастықтар кездеседі. Бұл мифтердің адамзаттың ортақ дүниетанымының ажырамас бөлігі екенін көрсетеді. Ал тотемизм – қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің қасиеттілігін, жоғары тылсым күшін білдіретін ұғым. Жануарларға сы-йыну тари-хи даму-дың ер-те ке-зең-де-рін- де пайда бол-ды жә-не ол

то-те-мизм деп аталады. «То-тем» сө-зі XVIII ғасыр-дың со-ңында еу-ропалық ғы-лы-ми әде-биет-те пайда бол-ды. Миф то-те-мі түр-лі нанымдар мен рә-сім-дер-ден тұрады. Адамдар мен жануарлар және өсім-дік-тер-дің арасындағы қарымқатынасында миф-тік түр-сі-нік-тер бар. Ежел-гі то-тем-дік нышандар адамзат дәуірі-нің баста-уын-ан дү-ниеге кел-ген. Кие-нің кө-рі-ні-сі түр-лі жануар мен аң-құстардың бей-не-ле-рі бо-лып ке-ле-ді. Оның се-бе-бі түр-кі-лер адамға қажет-ті қабі-лет пен күш-ті-лік, өзі-не се-нім- ді-лік сияқ-ты қасиет-тер-ді, қайт-пас рух-ты, со-ны-мен қатар жалы-ғу мен қор-қу-ды да табиғаттан, жан-жануар мен аң-құс тұлғасынан із-деп та-уып-, өзін-дік мә-де-ни-таным-дық тәр-бие қалыптастырған.

Тотемизм – бұл адам мен табиғат арасындағы рухани байланыс, мұнда жануарлар, құстар мен өсімдіктер қасиетті және ерекше күштерге ие деп саналады. Түркілер үшін киелі аң-құстардың бейнесі адамзаттың ерекше қасиеттерін, күш-қуатын, батылдық пен қорқынышты жеңуді білдіреді. Түркі жазба ескерткіштерінде осы тотемдік ұғымдар мен символдар жиі кездеседі, себебі олар түркі халықтарының дүниетанымы мен рухани өмірінің бөлінбес бөлігі болып табылады. Ежелгі түрік қоғамы жануарлар мен аң-құстарға табынып, оларды өздерінің қорғаушысы әрі күш-қуатын нығайтушы ретінде көруге сенген. Мысалы, Көк бөрі мен Самұрық сияқты тотемдер түркілердің мәдениеті мен мифологиясында маңызды рөл атқарған. Бұл тұжырымдар ерте замандардан бастап қалыптасқан дүниетаным мен табиғаттың ерекше күштерімен байланысты.

Күлтегін бітіктасы: «Тәңірі күш берген үшін әкем Қағанның әскері бөрі сияқты еді. Жаулары қой сияқты еді” деп жазылған екен.

Ежелгі түрік жұртының дәстүрлі тілдік санасында «көк бөрі» атауы мифтік танымның негізінде туындаған. Қазақтың ұлы философ-ойшыл жыраулары Абай Құнанбайұлы мен Сүйінбай Аронұлының өлеңдеріндегі бөрі туралы жазғанын еске түсірейік:

Абай: Күшік ит бөрі ала ма жабылса да?
Тәңірі сақтар, табандап тап ұрса да.
Арсыз адам арсаңдап, арсылдайды,
Әр жерде-ақ керегеге таңылса да.
Сүйінбай: Бөрілі байрақ астында —
Бөгеліп көрген жан емен!
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен!
Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен!
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен!

Сонымен қатар тұтас бір ұлт өзінің атауына бөрі сөзіне балама «құрт» сөзін алған Башқұрт халқы. Бұның өзіде түрік халықтарының дүниетанымында бөрінің орны жоғары екеніне дәлел. Башқұрт фольклорында оңтүстік далалардан Оңтүстік Орал мен Еділ бойына бірнеше башқұрт ру-тайпаларының қоныс аударғаны туралы мәліметтер бар.

Фольклорда башқұрт халқының ерте кездегі тотемдік көзқарастарын бейнелейтін аңыздар мен әпсаналар барынша бай әрі жан-жақты берілген. Ибн Фадлан башқұрттардың он екі құдайға (тотемдерге) сиынатынын атап корсеткен. Ежелгі түркілер мен монғолдардың шежірелік мифологиясында және Орта Азия мен Шығыс Еуропа халықтарының нанымында қасқыр тотем ретінде үлкен орын алады.

Түркі-монғол мифологиясында қасқыр барлық түркілер мен монғолдардың арғы атасы және қорғаушысы деп саналған. Тотем атауы башқұрт халықтарының этимологиясында да кездеседі.

Құрбанғали Халид озінің «Тауарих хамса» атты еңбегінде башқұрт этнонимінің шығуын: парсы тілінде қасқыр «гөріг», сжелгі түркі тілінде «қорт-құрт» қасқыр дегенді білдіреді. Башқұрт тайпалары тотемге жақындығын көрсету үшін өздерінің батылдықтарын қасқырдың өжеттілігімен салыстырып, «баш» бас сөзін иемденген, яғни этнос атауының өзі «баш» бас, «құрт» қасқыр деген екі сөзден шыққан деп, түсіндіреді. «Бөрі (қасқыр) – түркі халықтарының тарихи жадындағы киелі ұғым, қасқырдың жағымды атауы.

Аңыз бойынша, бөрілер түріктердің ұрпағын құтқарып қалған. Бөрі құтқарушы тотем ретінде «Оғыз-наме» жырында, «Ергенекон» дастанында, «Ақ қасқыр» атты қазақ ертегісінде көп кездеседі.

Өйткені қасқырдың ортасында қалған бабамыз бөрінің сүтін еміп, күшіктерімен ойнап күн көрген. Бұл – ата-бабаларымыздың мифологиялық санасында қасқырдың киелі жануар ретінде қабылданғанын көрсетеді. Мұны «иттің иесі болса, бөрінің Тәңірі бар» деген тұрақты тіркес те дәлелдейді» Түркілердің шығу тегіне қатысты «Ашина әулетінің шығуы» туралы аңызда жаугершілік заманында бір халық түгелдей қырылады. Тек он жасар бір бала ғана аман қалады. Оны қаншық қасқыр тауып алып, асырап, қамқор болады. Бала есейіп, өзіне жаулар тарапынан қауіп төнгенде, буаз қасқыр Гаочан тауының терістігіндегі бір үңгірге барып жасырынады. Сол жерде қасқыр он бала туады. Олар ержетіп, өз алдына шаңырақ көтеріп, үлкен елге айналады. Сол он ұлдың ішіндегі ерекше ақыл-парасатымен көзге түскені Ашина есімді жігіт болған. Кейін бұл ру Ашина атымен аталып кеткен. Уақыт өте келе Ашина әулетінің ұрпақтары үңгірге сыймай, Алтайға қоныс аударады. Олар темір өндірумен айналысып, өз ата-бабаларын ұмытпас үшін байрақтарына қасқырдың бейнесін салады. Қытай жазбаларында «Көкбөрі қасқырға үйленіпті» деген деректер кездеседі. Бірақ бұл аңыз емес, көшпелілерді кемсіту мақсатында жазылған. Қытай императорлары өзге халықтарды төмендету үшін тарихшыларға осындай бұрмаланған мәліметтер жазуды бұйырған. Соның салдарынан көшпелілер «хұн» – «жабайы» деген атаумен тарихта қалған.

Орхон жазбаларында түркілердің ата-бабалары темірді балқытып, оны өңдеп, қару-жарақ, құрал-сайман жасағаны баяндалады. Атап айтқанда, түркілердің Алтай тауларында тұрып, темір өндіру арқылы күшейіп, кейіннен өз мемлекетін құрғаны туралы мәліметтер бар. Қытай жазбаларында да Ашина әулетінің темір өндіру ісімен айналысқаны туралы деректер кездеседі. Бұл деректер Орхон жазбаларындағы түркілердің металлургиямен айналысқаны туралы ақпаратты толықтырады.

Сонымен қатар Көк түріктер қағанат құрмай тұрып, Жуань мемлекетіне салық төлегені тарихтан белгілі, осынаң нәтижесінде Бумын қаған түрік халқын жиып жуаньдарға қарсы соғыс жүргізеді, нәтижесінде Түрік қағанаты 552 жылы пайда болады.

Аңыздардың бірінде бабаларымыз Көк Түріктер Ергенекоңнан шыға алмай тұйыққа тірелгенде Темірші ұстаның жетпіс өгіз терісінен үлкен көрік жасап, сол арқылы темір тау бөктеріне көмір жағып, тауды ерітіп, содан атақоныстарына жеткені баяндалады. Ғұндар дәуіріндегі сол алғашқы пассионарлық бастаудан кейін Ұлы даланы дүр сілкіндірген құдіретті әміршінің де Темірші (Тэмүжин) аталауы тегін емес.

Сол сияқты тұтас Түркістанда ренессанс дәуірін бастаған Әмір Темірдің атын да осы құтты киенің сарқыты деуге болады. Көне фольклорлық деректерге сүйен-сек, теміршілік сақ, ғұн, түркі дәуірін-дегі кен қазу, металл өндіру ісімен, сондай-ақ тәңірлік сенімдегі бақсылық культімен бай-ланысты пайда болған және алғаш ұста-лық кә-сіп-пен бақсылар айналысқан.

Мәселен, Бумын қағанның арғы бабасы Надо-лу шад темірші ұста әрі бақсы болған деген деректер бар. Ұстаның теміршілік пен бақ-сылық қатар дарыған тұлға бол-ған-дығы кейінгі түркі халық-та-рында да сақталған. Балаларға "Темір" есімін беру – Ғұн, Сақ, Түрік қағанаттары кезінен мыңдаған жылдар бойы үзілмей кележатқан, Түрік халықтарының ішінен Қазақтар арасында архайкалық түрінде аман қалған дәстүр.

Қорытындылай келгенде өзіміздің төл жазуымыз түрік бітіктері болғаны үлкен мәдені, материалды, рухани мұра. Түрік әлеміне рухани қажеттілік керек, біз оны сактардың, ғұндардың материалдық мәдениетінен іздейміз. Ал, жазба деректері түріктердің тек тарихы ғана емес, сонымен қатар мәдениетін толықтай зерттеуге мүмкіншілік береді. Түрік елдерін ерте орта ғасырларда әлемге танытқан олардың ерлікке толы мәрт мінезі, батырлық әфсаналары мен жырлары, жазу мәдениеті, тәңіршілдік дүниетанымы, тасқа қашалып жазылған бітіктастары болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Жолдасбеков.М.Ж. (1999). Асыл арналар. Алматы: Жазушы.
2.Ғабитов Т. Х. (2024). Түрік философиясының антологиясы. Алматы: Дарын.
3. Ерзакович, В. (1972). Орхон жазулары. Алматы: Ғылым.
4. Томсон, С. (1989). Түрік руналық жазуларының құпиялары. Мәскеу: Наука.

УДК 551.32.043:536.24

ОСОБЕННОСТИ ТЕРМОРЕГУЛЯЦИИ МНОГОЛЕТНЕЙ МЕРЗЛОЙ ПОРОДЫ

Сафонова Ева Сергеевна
Safonovaeva4@gmail.com
Студент 4 курса образовательной программы «Архитектура»
Астраханского государственного университета им. В.Н. Татищева, г. Астрахань, Россия
Научный руководитель: доцент Скрипченкова С.Ю.

Актуальность темы связана с тем, что в России общая территория северных регионов составляет более 25% площади страны. Изобилие ресурсов и полезных ископаемых делает северное направление приоритетным для освоения.

Проблемой являются нестабильные, подверженные деградации мёрзлые грунты – одни из наиболее проблематичных и малопригодных для проведения строительных работ.

Целью рассмотрения данной темы является желание **о**пределить основные проблемы проектирования и строительства на многолетней мёрзлой породе и выявление основных методов решения проблем, определенных ранее.

Особо пристально рассматриваются методы предотвращения деградации грунтов, изучается и упорядочивается информация о многолетней мёрзлой породе и проблемах строительства, связанных с её деградацией. Рассматриваются способы решения указанных проблем.

Среди всех государств, выходящих к Северному Ледовитому океану, Россия имеет самый большой арктический сектор, с морской границей более 20 тыс. км. Ведущая роль освоения северных территорий, принадлежит именно нашей стране.

Месторождения природного газа, нефти, цветных металлов и прочих полезных ископаемых делают развитие региона одним из приоритетных направлений внутренней политики.

Крайний Север имеет экстремальные условия проживания и постоянную необходимость поддерживания коммунальной, социальной, а также промышленной инфраструктуры для улучшения условий проживающих на территории региона более 2,5 миллионов россиян. По словам Председателя Правительства М.В. Мишустина «Важно и дальше формировать

комфортные, качественные условия для проживания там людей, для ведения бизнеса, чтобы в полной мере раскрыть в макрорегионе экономический потенциал».

Ключевой проблемой строительства и проектирования в условиях вечной мерзлоты, является деградация грунта, вызванная изменением температурного режима. Интенсивность изменения температуры зависит от многих факторов, однако, можно выделить три основные группы:




Рисунок 1. Изменение мерзлотных характеристик

- **общие факторы** – внешнее тепло; сезонные климатические изменения; параметры снежного покрова, влияющие на теплообмен и т.д.;
- **локальные факторы** – тепловое воздействие инженерных коммуникаций; изменение температурного режима, связанное с непосредственной эксплуатацией строения; техногенные изменения, такие как перераспределение снежных масс, изменение состава и толщины грунта при строительстве;
- **специфические факторы** – специфические характеристики конкретной территории.

К вышеописанным факторам добавляется общее повышение температуры воздуха. Комплексное изменение климата, а также неопределённость его будущего состояния является одной из ключевых проблем освоения арктического региона. Потепление подвергает несущую способность грунтов риску снижения, а также осложняет проектирование и строительство, вызывая потребность в использовании специфических методов, направленных на сохранение исходного состояния грунта, либо снижение уровня его деградации.

Тенденция к резкому росту среднегодовой температуры в северном полушарии наблюдалась с 1970-х годов и усугублялась в XXI в. Рис.1. Изменение мерзлотных

характеристик (а–в) и несущей способности оснований сооружений (г) за 1990–2010 гг. по сравнению с климатической нормой 1960–1990 гг.: а – среднегодовая температура воздуха; б – среднегодовая температура верхней границы многолетней мерзлой породы; в – сезонно талый слой.

Общая климатическая картина региона изменчива и направлена на постоянное увеличение температуры, что не проходит равномерно.

Самым большим изменениям на 2010 год подверглась северная часть западной Сибири. К примеру, показатели среднегодовой температуры на полуострове Ямал повысились на 0,8-1,1^{o} С сравнительно с климатической нормой 1960-1990 гг. (Рис. 1).

Именно температура многолетней мёрзлой породы является ключевой характеристикой при определении несущей способности фундаментов. Если несущая способность грунта в основании здания уменьшится на 64-95%, то конструкции могут начать подвергаться деформации. За вышеобозначенный период несущая способность грунтов под основаниями фундаментов, в среднем по региону, уменьшилась на 17%, а в некоторых его частях изменение доходит до 45%.

Масштаб угрозы иллюстрируют работы [Хрусталев, Давыдов, 2007; Khrustalev, Shumilishskii, 1997], основанные на анализе несущей способности типичных фундаментов г. Якутска. По данным исследованием, повышение среднегодовой температуры воздуха приведёт к разрушению практически всех фундаментов в городе. Согласно некоторым сценариям, подобные изменения могут произойти уже к 2050 году. «В России мерзлотоведы провели анализ состояния вечной мерзлоты, тенденций её изменений и социально-экономических последствий <...>. Ущерб для жилых зданий и сооружений к 2050 году, учитывая те сценарии потепления, которые есть, <...> оценивается в 5-7 трлн рублей», - сказал директор Института мерзлотоведения Сибирского отделения РАН Михаил Железняк в ходе III Северного форума, который проходит в Якутске.

Решение проблемы:

Традиционное возведение зданий и сооружений на многолетней мёрзлой породе непосредственно связано с выбором принципа проектирования, строительства и последующей эксплуатации, а конкретно с последующим состоянием грунта под основанием фундамента. Принцип использования мёрзлых грунтов выбирается в зависимости от конструктивных особенностей здания, а также геодезических условий конкретной территории.

I принцип заключается в сохранении мёрзлого состояния грунта на протяжении всего периода возведения и эксплуатации здания или сооружения.

II принцип заключается в проведении процедур по оттаиванию и укреплению подфундаментного грунта. Данный принцип считается менее распространённым и преимущественно применяется при условии отсутствия пучинистых или просадочных грунтовых пород, а также при условии не превышения допустимых значений деформации и снижения несущей способности.

С учётом непредсказуемости и неоднородности деградации многолетней мёрзлой породы, выполнение расчётов по прогнозированию расчётной несущей способности грунта, необходимых для второго принципа, становится практически невозможным. Для создания безопасных условий эксплуатации и надёжности конструкций, в условиях общерегиональной тенденции к комплексному повышению температуры воздуха, более жизнеспособным считается первый принцип использования мёрзлого грунта.

Согласно первому принципу использования многолетней мёрзлой породы, традиционно применялось проветриваемое подполье.

Проветриваемое подполье подразделяется на открытый и закрытый тип. Открытый, организуется путём обособления перекрытия первого этажа от основания грунта не менее, чем

на 1.2-1.7м (Рис. 2). Закрытый характеризуется организацией продухов (Рис. 3) в цоколе, либо вытяжных труб. Выбор типа осуществляется с учётом интенсивности снегоотложения в регионе строительства и средне-зимней скорости ветра. Основная цель данной конструкции – предотвратить влияние тепла, полученного в результате эксплуатации здания на верхний слой грунта с последующим изменением его несущих характеристик.




Рисунок 2. Проветриваемое подполье открытого типа. 1 – грунтовое основание; 2 – вынесенная часть свайного фундамента; 3 – перекрытие первого этажа; 4 – стена.




Рисунок 3. Проветриваемое подполье закрытого типа. 1 – отмостка; 2 – цоколь; 3 – продув; 4 – гидроизоляция; 5 – стена; 6 – цокольное перекрытие; 7 – насыпной грунт.

Подобные методы, в условиях общерегиональной тенденции к повышению среднегодовой температуры, могут оказаться недостаточно эффективными, допуская потенциальную деформацию фундамента, вследствие неизбежной деградации грунта. Далее рассмотрим некоторые способы сохранения многолетней мёрзлой породы.

В статье [8] рассматривается способ термостабилизации мёрзлой породы путём организации тепловых насосов, питаемых солнечной энергией с последующей утилизацией отведённого тепла в коммунальные сети, создающих энергоэффективную «холодильную» систему. Конструкция представляет собой PE-X трубы диаметром 25 мм с антифризом на основе водного раствора этиленгликоля, отводящие тепло из приповерхностного слоя грунта. Согласно проведённым наблюдениям, мощность сезонного талого слоя уменьшилась в четыре раза по сравнению с естественными условиями, создавая даже на небольшой глубине стабильную температуру от -3С. Организация подобных насосов позволила бы приостановить и свести к

минимуму начавшуюся подфундаментную деградацию породы, остановив дальнейшее её развитие.




Рисунок 4. Система термостабилизации «ГЕТ».
1 – конденсаторный блок; 2 – грунт; 3 – возможность удаления блока до 70-100м; 4 – закольцованная трубчатая система, наполненная хладогеном.

Схожая технология реализуется в г. Норильске с июля 2022 года. Подфундаментный грунт термостабилизируют путём создания заданного температурного режима. Технология реализована помещением по контуру здания охлаждающих элементов, объединённых системой труб с постоянной циркуляцией хладагента. С помощью данной технологии удалось добиться поддержания стабильной подземной температуры, препятствуя разморозке и последующей деградации. К 2035 году планируется реализовать данное решение под 50 зданиями города.

Вышеописанные системы являются высокоэффективными способами термостабилизации многолетней мёрзлой породы, позволяя всесезонно поддерживать стабильную температуру грунта. Однако всесезонная терморегуляция является дорогим способом решения проблемы. В силу меньшего ресурса затратности большее распространение получили системы, функционирующие в зимний период года.

Наиболее популярны сезонные системы терморегуляции «ГЕТ», «ГТТ», «ВЕТ», «СОУ».

Термостабилизующая система ГЕТ поддерживает заданный температурный режим многолетней мёрзлой породы, а также осуществляет отвод непредвиденных излишков тепла, выделенных под фундамент в процессе эксплуатации сооружения или иных факторов. Основное преимущество технологии заключается в возможности осуществлять терморегуляцию в наиболее труднодоступных участках, где невозможно размещение надземных элементов. Охлаждающие устройства системы погружены в грунт, а выведенный на поверхность конденсаторный блок может быть удалён на расстояние до 70-100 м. (удаление конденсаторного блока на значительное расстояние так же характерно для «ГТТ» и «ВЕТ»).

Конструктивно система состоит из двух основных элементов:

1) горизонтальные замораживающие трубки, по которым осуществляется циркуляция хладогена заданной температуры.

2) конденсаторный блок, расположенный над поверхностью грунта. Здесь происходит конденсация паров хладогена с дальнейшей перекачкой по системе.

Системе характерно охлаждение больших территорий почвы, до 200-500 м^2, повышение энергетической эффективности сооружений, отсутствие потребление электропитания.

При отсутствии возможности монтажа трубчатой системы под сооружение используется система ГТТ – подключенные к соединительным трубам, а затем к конденсаторному блоку охлаждающие трубы с закрытым концом (далее – ТОЗК). Система прокладывается методом наклонно-направленного бурения, что позволяет прокладывать трубы тремя положениями:

- слабонаклонно;
- горизонтально;
- противоуклонно.

Конструктивно система состоит из нескольких элементов (Рис. 5).




Рис. 5. Система термостабилизации «ГТТ». 1 – конденсаторный блок; 2 – грунт; 3 – возможность удаления конденсаторного блока; 4 – обратный коллектор; 5 – подающий коллектор, 6 – ТОЗК (внутреннее пространство между трубами заполнено хладогеном).

При необходимости глубинной терморегуляции, используется система ВЕТ, представляющая собой вертикальные охлаждающие трубы (глубина погружения в грунт до 60 метров) соединенные горизонтальными трубами, с последующим подключением к надземному конденсаторному блоку. (Рис. 6). Данная система охватывает до 200-500 м^2 и является усиленной версией системы ГЕТ.




Рисунок 6. Система термостабилизации «ВЕТ». 1 – конденсаторный блок; 2 – грунт; 3 – возможность удаления блока до 70-100 м; 4 - горизонтальные соединительные трубы; 5 – вертикальные охлаждающие трубы.

Помимо полноценных систем существуют более компактные приспособления – одиночные сезонно действующие охлаждающие устройства (СОУ), предназначенные для локальной терморегуляции подфундаментной породы (преимущественно под зданиями с проветриваемым подпольем и без него, эстакадами трубопроводов, мостовыми опорами, линиями электропередач), а также для предотвращения выдавливания свай. Конструктивно СОУ является герметичной неразъёмной сваренной конструкцией, наполненной хладогеном (Рис.7). Длинна стабилизатора может доходить до 28 м, подземной части – до 25 м, надземного конденсатора – до 3 м. Стабилизаторы погружаются в породу тремя способами: вертикально, наклонно, слабонаклонно.




Рисунок 7. Система термостабилизации «СОУ». 1 – конденсатор; 2 – испаритель; 3 – грунт; 4 – теплоизоляция.

Четыре описанные выше системы (ГЕТ, ГТТ, ВЕТ, СОУ) позволяют высокоэффективно поддерживать многолетнюю мерзлую породу в необходимой для предотвращения снижения несущей способности температуре. Принцип работы имеет сезонный характер, с октября по апрель. Проложенные в грунте трубы переносят тепло к хладогену (аммиак или углекислота), который в свою очередь переходит из жидкого состояния в парообразное. Далее пар двигается к конденсаторному блоку, где в свою очередь конденсируется обратно в жидкую фазу, стекая в испарительную систему. Затем цикл повторяется. Системы функционируют исключительно в холодный период времени, так как при потеплении хладоген прекращает конденсироваться, что делает работу системы невозможной. За зимние месяцы происходит наморозка глубинного грунта, что предотвращает сезонное оттаивание.

Автономная работа системы, исключающая использование электричества, либо другие энергоносители, делает её высоко энергоэффективной, что немаловажно в северном регионе. Необходимость в сторонних энергоресурсах возникает исключительно в случае потребности подключения к системе холодильного оборудования.

Тенденция к общерегиональной смене температурного режима в Арктике с неизбежной деградацией грунта продолжает особенно активно развиваться со второй половины двадцатого столетия. Данная ситуация несёт риск потенциального коллапса в сфере недвижимости, промышленности и освоении Северного региона.

Традиционные методы терморегуляции, используемые в массовом строительстве, такие как проветриваемое подполье закрытого и открытых типов, на перестают быть наиболее эффективными с учётом нынешних и перспективных климатических изменений.

На данный момент разработано некоторое количество систем терморегуляции многолетней мерзлой породы, подходящих, в том числе и для использования под уже существующими зданиями и сооружениями, предотвращая возможные деформации и обрушения.

Мониторинг и выбор системы регуляции температуры внутренних слоёв грунта, а также контроль ситуации позволит сохранит безопасность освоения севера и предотвратит финансовые потери, связанные с возможной деградацией почвы.

На данный момент, несмотря на затруднительную оценку деградации и климатической картины региона, проблема остается очевидной и её решение стоит актуальной задачи строительного сообщества.

Список использованных источников:

1. Протокол стратегической сессии, проведенной Михаилом Мишустиным о развитии Арктической зоны Российской Федерации 22 октября 2024 года

2. Зайков К.С., Кондратов Н.А., Кудряшова Е.В., Липина С.А., Чистобаев А.И. Сценарии развития арктического региона (2020-2035 гг.) // Арктика и Север. 2019. № 35. С. 5-24. DOI: 10.17238/issn2221-2698.2019.35.5

3. Термическое сопротивление снежного покрова и его влияние на промерзание грунта © 2013 г. Н.И. Осокин, А.В. Сосновский, П.Р. Накалов, С.В. Ненашев. Институт географии РАН, Москва

4. Изменение несущей способности мерзлых грунтов в связи с потеплением климата на севере западной Сибири. Д.А. Стрелецкий, Н.И. Шикломанов, В.И. Гребенец* Университет Джорджа Вашингтона, географический ф-т, 1922 F, Северо-Запад, Вашингтон, округ Колумбия 20052, США; strelets@gwu.edu *Московский государственный университет имени М.В.Ломоносова, географический ф-т, 119992, Москва, Ленинские горы, 1, Россия; vgreb@inbox.ru

5. Шерстюков Борис Георгиевич Климатические условия Арктики и новые подходы к прогнозу изменения климата // АиС. 2016. №24. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/klimaticheskie-usloviya-arktiki-i-novye-podhody-k-prognozu-izmeneniya-klimata (дата обращения: 15.02.2025).

6. Изменение несущей способности мерзлых грунтов в связи с потеплением климата на севере западной Сибири. Д.А. Стрелецкий, Н.И. Шикломанов, В.И. Гребенец*

7. Муслова, Д. Д. Проблемы эксплуатации зданий на оттаивающих многолетнемерзлых грунтовых основаниях / Д. Д. Муслова, Я. А. Пронозин, Л. А. Бартоломей, М. А. Степанов, Н. Ю. Киселев // Вестник евразийской науки. — 2022. — Т. 14. — № 6. — URL: https://esj.today/PDF/12SAVN622.pdf

8. Локтионов Е. Ю., Шараборова Е. С., Клоков А. В. и др. Технологии сохранения мерзлотников (ледников) для обеспечения устойчивого развития северных поселений // Арктика: экология и экономика. — 2024. — Т. 14, № 1. — С. 116—126. — DOI: 10.25283/2223-4594-2024-1-116-126.

9. Исследование работы горизонтальной системы температурной стабилизации грунтов оснований типа труба в трубе. Г.М. Долгих к.т.н., генеральный директор, Окунев к.т.н., главный инженер, ООО НПО «Фундаментстройаркос».

ӘОЖ 070.4:004.738.5

ИСАТАЙ БАЛМАҒАНБЕТОВТЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Талғатқызы Гүлханым, Зейнуллаева Жанна
gbazarbaiqyzy@mail.ru
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 3 курс студенті. Атырау қ. Қазақстан Республикасы.
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр – Исмурзина Г.Б.

Исатай Балмағанбетов, «Атырау» газетінің бас редакторы, Қ.Р Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисті туралы зерттеу жұмысымыздың алдында тұрған міндет – белгілі журналистің Атырау жерінде еткен өлшеусіз еңбегі туралы болмақ. «Түйенің артқаны - алтын, жегені -жантақ» дейтіндер де бар. Шынында да бұл әлеуметтік желіден бұрын-ақ, көргені бейнет болған барлық журналистерімізге ғана емес, Балмағанбетов Исатай ағамызға да берілген шынайы баға.

Әлеуметтік желі, бүгінгі ақпарат айдынындағы ең бір табанды, тұғырлы тұтқа болып тұрғаны жасырын емес. Едел-жедел ақпарат алмасуға да қолайлы болғандықтан, жұрт әлеуметтік желіге көбірек иек артады. Атыраудың азаматы, ақпараттың айбары, журналистиканың жүйрігі, жақсылардың жалғасы, жайсаңдардың жолдасы, қабілеттінің қарапайымы, қадірлінің қалаулысы, Алматы мен Атыраудың арасында шеберлігі шыңдалған Исатай Балмағанбетов - өңірлік ақпаратты, өмірлік ақпаратқа айналдыра білген, жүйрік журналист, парасатты публицист. Осы жоғарыда берілген әрбір анықтамалық жайдан- жай жапсыра салынған жарнама емес, журналист Исатай Балмағанбетовтың шын келбеті.

Журналистің сөз саптасы, жүрегінен түскен із. Исатайдың жүрек ізі, өзі журналистік факультет бітірген 1983 жылдың жазынан бері қарай жосылып жатыр. Қазақтың Ұлттық университетінің есігіне келместен бұрын бала Исатай Фариза Оңғарсынова жетекшілік еткен «Қазақстан пионері» газетіне ай құрғатпай шығып тұратын. Одан соң «Жас Алаштың» жалаулы найзасын қолға алып, батыс аймақтағы тілшілер қосынынан шықты. Айдынды

«Атырауды» басқарды. Айбынды «Алтын орданы» басқарды. «Ақ Жайықтың» қазақ қағанатына иелік етті. Бертінде ақпарат үйінен отау құрған «Сарайшыққа» туын тікті мұның бәрі профессор Бауыржан Омаровтың сөзі.

Ізінде осындай іздеушісі бар Исатай тегін Исатай емес. Оның мың жазбасының ішінен бір жазбасына ғана көз жүгіртейікші. «Жазушының жан сыры» деп аталатын кітапта жазушы Рахымжан Отарбаевтың жан дүниесі, жазушылық портреті, шеберлікпен берілген.

-Айналайын, ел іші-алтын бесік деген осы ғой, тал бесігімде қайта бір тербеткендей болды-ау. Жазушы Рахымжан жастайынан алдынан шыққан қандай да бір тағдыр талқысына да шыдас беріп, айтысқанмен айтысып, тартысқанмен тартысып, шар болаттай шыңдалған өзін әмсе қаттымын, деп ойлаушы еді, бұл жолғы мына көрініс көңілдің көк дөненін аспанға атылта тебірентіп-ақ кетті. Көш жерден күтіп алған ауданның атқамінерлері мен зиялы қауымы көк майсалы көл жағасына тігілген ақбоз үй, ақ дәмін ұсына қарсы алған , қазақы ұлттық киімдегі бойжеткендер, іле ән әуелетіп, би дөңгелеткен балғын өнерпаздар. Бәрі-бәрі жан жүрегін елжіретіп, жүрегін елжіретіп, жанарын жасқа толтырды. Бірақ қанше дегенмен, ойы сұңғыла, толғанысы тоқсан тараулы қаламгер ғой, көз жасын сыртына шығармай, өзін тежей білді. Теңіздің дәмі тамшыдан дегендей, жазушының жан сырының шып-шып шықпаған несі қалды? Бұл журналист Исатай Балмағанбетовтың қалам қуатының тасқыны демеуге бола ма?

Амангелді ауданының әкімі Амангелді Барақатов Рақа, атақ абыройыңызды алыстан естіп жатамыз. Туындыларыңыз елімізден асып, әлем аралап кетті. Қазақ әдебиетінің классигі Жұмекен ағамыздан кейін, Қошалақтан шыққан көрнекті қаламгер деп танимыз, сізді. Ендеше туған аулыңызға қонақ болып келетін, жерлестеріңіздің ыстық ықыласына бөленетін шақ туды. Шақырамыз, қошаметпен қарсы аламыз, -деген еді ағынан жарылып. Осы жолдарға тінткілей қарап отырғанда алғаусыз шындықтың тарс -тұрс етіп, өз орнына түсіп жатқанына тәнті болдық. Көлгірсу жоқ, көсемсу жоқ, болғанды болғандай орнына қою дерекпен, дәйекпен сөйлеу - Балмағанбетов идеясының басты қазығы болғанға ұқсайды. Жазушының жан тәніндегі ерекшелікті дөп басып, қақпанға түскен қояндай шыңғыртады. Міне осындай творчестволық тапқырлық Исатай ағаны 100 журналистің ізінен сүйреп шығарып, бүгінде Атыраудың ақпарат айдынында еркін жүзердей етті. Содан да шығар, 1983 жылы Қаз МҰУ-ды жаңа бітіріп келген жас маман, бүгінде бас маманға айналды.

Бүгінде Балмағанбетов Исатай туралы дерек іздесеңіз :1961 жылы Атырау облысы, Жылой ауданы, Қаратон аулында дүниеге келген. Каз МҰУ-ды бітірген. Облыстық «Атырау» газетінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі «Лениншіл жас» газетінің Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша меншікті тілшісі. Тәуелсіз «Ақ Жайық» газеті редакторының орынбасары, «Алтын орда» газеті бас редакторының бірінші орынбасары,1992-1995 жылдары және 2005-2007 жылдар аралығында Атырау облысы теле радио компаниясында жауапты редактор болған. Қазіргі кезде «Алтын орда» газетінің директоры, бас редакторы «Сарайшық» журналының бас редакторы.

Міне осы жолдардағы қызметтің барлығы Исатай Балмағанбетовтың жүріп өткен жолдары. Мына бір мақалаға көз тігейікші, бұл мақала 2023 жылы 31 сәуір күні жарияланыпты Жариялаған «Атырау» газетінің 2010-2020 жылдардағы бас редакторы Исатай Балмағанбетов.

Ғасыр тойың құтты болсын, «Атырауым» деп аталған мақалада Қазақстанның батыс өңіріндегі тұңғыш қазақ газеті –облыстық «Атырау» қоғамдық саяси газетінің тұңғыш номері «Ерік» деп аталғанына 100 жыл толыпты. Сол жүз жылдың он жылында Исатай ағамыз газетті басқарып отырса, отыз жылында осы газеттің бар тауқыметін арқалаған журналистердің қалың ортасында келеді.Туған газетінің ғасырлық тойын, туған перзенттері қуанышпен атап өтпей ме?

2023 жылдың 31 наурызы күні, белгіі қаламгерлер «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Қазақстанның құрметті журналисті Теңдік Жауыров пен Қазақстан Журналистер Одағы Құрмет грамотасының иегері , бірнеше кітаптың авторы , фельетон жанрының хас шебері Нұриден

Мұфтахтың құрметіне олардың туған үйлеріне орнатылған ескерткіш тақтаны ашудан басталып кетті деп қуана хабарлайды. Исатай әрбір жаңалық пен жақсылықты тез жеткізуге асығады. Қазақ өнерінің шоқтығы биіктеп, мәртебесі асқан күн! деп асқақтата жеткізеді. Әйгілі композитор, өнер зерттеушісі, жазушы Ілия Жақанов ағамыз «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болды. Ерен еңбегіңнің бағаланғанына қуаныштымыз! Жасай беріңіз, халыққа әлі де береріңіз көп болсын, Илья аға, Тиыш жеңгеміз екеуіңіз жұбыңызды жазбай, ұрпағыңыздың қызығын көріп, ортамызда жүре беріңіз! деп өзімсіне шаттанған жолдардан, жанына балаған жақындығы да атойлап жатқандай. Ақ Жайықтың суын бір ішкен қос ұлда алғау бола ма?

- Мұнайлы өңірде бұрын соңды болмаған мұндай рухани басылымның бас редакторы-Исатай Балмағанбетов. Журналдың мазмұны «Сарайшық» көне шаһар туралы жазылады деген ойдан аулақ болуымыз керек. Журнал тек осы өңірден шыққаннан ғана осылай аталып отыр. Бағзы кезеңде өркениеттің, руханияттың , мәдениеттің ордасы болған шаһар атауын журналдың иеленуі заңдылық.Десек те бұл әдеби, мәдени, тарихи танымдық журнал, оның үстіне республикалық маштабта шығады деген сөзінің өзі Балмағанбетовтың өңір мәдениетіне бей-жай қарамайтын адам екендігін көрсетеді.Өңіріміздің байлығымен қоса, адамдарының ішкі рухани мәдениеті де өссе екен деген махаббаттан туған ардақты сезімнен туған құтты қадам. Зейнетке шыққн әрбір зиялының қолынан бұл келмейді. Зиялының зиялысы, кемеңгерлің кемеңгері ғана ел жайын, руханияттың жайын осылай ойласа керек-ті. Исатай творчествосы туралы осындай әр түрлі мақалалар бола тұрса да, жазушының поэзиялық шығармалары жөнінде әлі жан-жақты зерттеулер болмаған. Исатай туралы бұрын жазылған мақаланың бәрінде де ақынның лирикалары әрбір тарихи дәуірге байланысты алына бермейді.

Исатай творчествосындағы басты тақырып – жасампаз еңбек адамын жыр ету. Заманымыздың ең маңызды мәселелеріне ақын өз творчествосымен қызу өн қосып отырған. Оның шығармаларының ең алдымен баспасөз беттерінде жарқ етіп шыға келетіндігі де кездейсоқ емес еді. Бұл ақынның творчестволық адымы халықтың күнделікті өмірімен сай түсіп отыратындығын дәлелдейді. Исатай творчествосы тақырыбы жағынан болсын, жанрлық жағынан болсын көп салалы, алуан түрлі аса күрделі болып келеді. Ол өзінің ақындық талантын лирика жағынан бастады. Оның лирикасын сөз еткенде, заманымыздың актуальді мәселелерін қамтитын саяси лириканың басым екенін атап айтуымыз керек. Ақындық таланты, әсіресе осы салада яғни саяси лирикада ерекше көзге түседі. Ол шынында да сол дәуірдегі ерекше маңызы бар саяси әлеуметтік мәселе - әйел теңдігін де өз жырларына қосты. Әдебиет тұрғысынан асақ, осы кездегі жаңа өмір үшін күресуші, ұнамды кейіпкердің образын жасауды керек ететін үлкен тақырып болатын. Бұл тақырыпқа Исатайдың те өзінің әсерлі шығармаларын әйел теңдігі үшін белсене күресу, қызды қалың малға сатудың озбырлық мәнін ашып көрсетті. Исатай халқымыздың игі жақсыларымен, дос- туыстарымен кездескен, көрген-білгендерін қағаз бетіне дер кезінде түсіріп отырыпты. Исатай Балмағанбетовтың «Жазушының жан сыры» атты кітабы жарыққа шықты.

Алматы қаласындағы «Арнұр» баспасынан Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату», қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрген аталған жинаққа әлеуметтік ой-сана, ұлттық рух, өмір мен тұрмыс түйткілдері, сондай-ақ замандастарының адамгершілік қасиеттері хақында және экономика тақырыбына жазылған публицистикалық туындылары топтастырылған .Кейбір публицистикалық туындылар бірсарындылығымен, санаға салмақ салатын сандар мен фактілерден тұратындығымен жалықтырып жіберетіні ақиқат. Ал, «Жазушының жан сыры» оқырманды өзі жетелеп отырады екен. Бас алмай, бір демде оқып шыққаннан кейін, осыншама қыруар дүниені көркем де қызықты етіп жазған қаламгердің

шеберлігіне таңдай қағып, таңырқамасқа лажыңыз қалмайтыны ақиқат. Публицистикалық жинақ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіптің «Қаламы қарымды Құндызбайұлы немесе автор туралы сөз» деп аталатын алғысөзбен басталады. «1978 жылы ҚазМУ-ге бірге түстік. «Горный гигантта» алманы бірге тердік. «Саяхаттың» түбіндегі орыс кемпірдің пәтерінде бірге жаттық.

Ақпарат саласында қатар қызмет еттік...» деп басталатын кітаптың кіріспесінде достық, жолдастық туралы жып-жылы жазылған жолдар жүректі тебірентеді. Автордың университет қабырғасында қалай оқығаны, шығармашылық жолы шебер өрілген. Исатай Құндызбайұлының кітапқұмарлығы, үнемі оқу, іздену, білім игеруге деген үздіксіз ұмтылысы – бүгінгі жас буынға керек қасиеттер. Адам өмірі бір ғана түстен тұрмайды, жаңбырдан кейінгі көкжиекте керілген алуан бояулы кемпірқосақты көріп пе едіңіз?! Өмір жолы да сол кемпірқосақ тәрізді, бірде ақ, бірде жасыл, бірде көк, бірде сары түсті еншілейді. Мәселен, жасыл түс – жаныңыздың жадыраған шағымен байланысты болса, қызыл түс – күрестің, жеңіске ұмтылудың символы. Ақ түс адалдық пен адамгершілікті танытса, сары түс – сағыныштың, мұң мен наланың да адам тағдырында орын алатынын көрсетеді емес пе?! Сол сияқты, біздің кейіпкеріміздің де өзіне ғана тән тағдыры, күресі, жеңісі мен жеңілісі, мұң-қайғысы мен қуаныш-шаттығы туралы қысқа ғана кіріспеде жақсы айтылған.

Кітап бес бөлімнен тұрады. «Ұстаз туралы сөз» деп аталатын бірінші бөлімі қазақ журналистикасының атасы атанған, аты аңызға айналған Тауман Амандосовқа арналыпты. «...Өз басым қазақ журналистерінің толайым буынына Ұлы ұстаз болған екі адам болса, соның бірі, жалғыз болса, тап соның өзі Тауман Салықбайұлы Амандосов деп сеніммен айтар едім» деп бастайды ол көркем очерктің кіріспесін. Аталған туындыдан ұстазға деген шәкірт махаббаты, рухани әкесіне айналған адамға деген сарытап сағыныш, қазақ журналистикасының негізін салушыға деген шексіз құрмет оқырманның бетіне лап етіп, жалындай шарпиды, жүрегін сыздатып, көзіне жас алдырады. Міне, қаламның, тасқа басылған сөздің құдіретті күші деген осы! «...Тауман ағаны тұңғыш көруім де сол ғылым мен білімнің қара шаңырағы – ҚазМУ-дің даңғарадай аудиториясында болды. Әскерден шынығып келгені, қой бағып, күнге тотыққаны, мен сияқты онжылдықты бітіре сала оқу іздегені бар – елу көгенкөзге аяғын сылти басып кірген жайдары жүзді жігіт ағасы баяғыдан білетін ауылдағы өз көкеміздей көрінгені рас» деп әңгіме желісін әрі қарай жалғастыра түседі. Осынау тірлікте адамзат көшін алға сүйреп кете жатқан ұлы күш – махаббат болса, оның өзі де Отанға деген махаббат, ата-анаға деген, сүйген жарға деген махаббат болып бөлінетіні рас. Ұстазға деген махаббатты Исатай Құндызбайұлының аталған еңбегінен сезіндік. Кейде адам баласы жүрегіндегі сезімін, біреуге деген ыстық ықыласын, алғаусыз пейілін ақжарқын көңілмен алдына жайып сала бермейді. Қамшы сабындай қысқа ғана ғұмырды мәңгілік деп санап, кейін бір айтылар, кейін бір жазылар деп жүргенде бармақ тістеп қала беретініміз де жасырын емес.

Ал, біз сөз етіп отырған туынды авторы жүрегінен ақтарылған ақжарма тілекті жасырмай, көл-көсір етіп оқырманға ұсына білген екен. Көркем публицистикаға құлаш ұрудың өзі де қиынның қиыны. Негізі, публицистика - кез-келгенге жалынан сипата қоймайтын, өзіндік асаулығы мен өзгеше сыр-сипаты бар ерекше жанр. Біздің кейіпкеріміз осы шу асауды жүгендеп, бас білдіріп, ыңғайына көндіріп алған сыңайлы. Біз сөз етіп отырған «Ұстаз туралы сөзінде» Тауман Амандосовтың үміт күткен шәкіртіне жасаған әкелік қамқорлығын, тілеулестік ниетін, ұстаз бен шәкірт арасындағы жібек жіптей жалғанған сыйластықты көркем әңгіме сияқты етіп, оқырманға жеңіл әрі қызықты баяндаған. Шығарманың біз айтып кеткен экспозициясынан кейін тартылған сюжеттік желі оқырманды бірден баурап, жетегіне ілестіріп жүре береді. «Балмағамбетов, - деді де, орнымнан тұрған маған сынай көз тастап, сөзін жалғастырды. – Сенің ата-бабаларыңның бәрі де мұнайшы емес пе? Сен неге журналистикаға келдің, политехқа бармай?» бұл - Ұлы ұстаздың алғаш көрген шәкіртіне сынай тіл қатуы. «- Аға, мен сол

мұнайшылар туралы жазу үшін осы мамандықты қаладым, - деп дұңк еткіздім» деуі де он жетідегі бозбаланың максималистік дүниетанымын жеткізуде үлкен рөл атқарып тұрған деталь.

Ал, Тауман Салықбайұлының сол күннен бастап, 3- курсқа дейін Балғымбаев деп атап жүргені, 3-курста өз кафедрасына бөлгенін айта отырып: «Әй, сен сөзің үндемейсің ғой, жасық болма, Балмағамбетов» деп рух бере сөйлегенінің өзінде де үлкен мән, ерекше астар бар екені айқын аңғарылмай ма? Өзі болашағынан үміт күткен шәкіртіне жігер беріп, намысын жанығанұстазының: «Екі жыл бойы «менің фамилиям олай емес» деп бір ауыз сөз айта алмадың, ал, мен сенен соны күттім. Байқауымша, сенде бір қауызы ашылмаған бұйығылық, ойыңды айта алмайтын ұяңдық бар. Содан арыл» деген сөзінің өзі неге тұрады. Әрі қарай ұстаздың өз шәкірттерімен ара қатынасын публицистикалық стильде баяндай отырып, қайтадан көркем әңгімелеуге кезек береді. Әңгіме жазып, алдына алып барған шәкіртінің аяқ алысын байқау үшін қазақтың эстет сыншысы Зейнолла Серікқалиевпен таныстыруы, ол кісінің лекция оқуы, дәріс беруі студенттер үшін үлкен олжа екендігін диалогтар арқылы танытады. Ал, оқуын бітіріп, елге жиналып жүрген шәкіртіне аспирантураға қалу жөнінде ұсыныс жасап, болашағын ойластыруының өзі де Тауман Амандосовтың адами қасиетін биіктетіп, тұлғаландыра түскендей. Бұл жерде сюжеттің дамып, шиеленісе түскеніне куә боламыз.

Елде мамандығы бойынша жұмыс жасап жүрген шәкіртінің соңынан іздеу салатын, тағы да оқуын жалғастыруға кеңес беретін де Амандосов. Тіршілік түйткілімен аспирантураға түсудің сәті түспегенімен, республикалық басылымдардың бетін бермей жазған шәкіртінің әр қадамына сүйсіне қарап отыратын да – Амандосов. «Лениншіл жас» газетінің меншікті тілшісі ретінде Алматыға барған шәкіртіне ұстаздық, әкелік тілеулестікпен, қимастықпен қарап, ақ батасын беріп, жолға шығарып салатын да Амандосов. Туындының шарықтау шегі – ұстаз бен шәкірттің соңғы кездесуі. Ал, қолымыздағы кітап – көркем публицистикалық очерктің шешімі іспетті. Ұстаз аманатын орындай алмағанымен, ол туралы үлкен еңбек, естелік жазуы, қаламын қару етіп мынау алмағайып дүниенің ақ дидарын қорғап келе жатқаны шәкірттік парызын адал атқарғаны емес пе? «Оның жыры шырқалды гимн болып» деген эссесін оқығанда еріксіз жанарға мөлтілдеп жас келеді, жүрек лүпілдеп, беймәлім бір мөлдір мұң жанға қонақтағандай әсерге бөленетініңіз кәміл. Жұмекен ақынмен алғаш танысқан сәтін, ақынның ағалық ақыл-кеңесін көркем де кестелі тілмен нақыштай отырып, соңда қалған сол бір бейкүнә жастық күндерге сағынышпен қайыра көз тастағандай автор. Қайырылмай кеткен киіктей дүркіреп қашқан күндер шіркін пенде баласын шаңына көміп, алға асығып, жүйткіп барады. Осыны бар жан-тәніңізбен сезінесіз, сезінесіз де көзге моншақ-тамшыны іркесіз, ол – даусыз. Эссенің табиғаты лирикаға бір табан жақын болғандықтан шығар, бір деммен оқып шыққанда шөл далада келе жатып, шөліркеген жолаушының жолында кездескен мөлдір бастауға бас қойып, тұнығынан шөлін қандырып, рахаттанып тұрғандай сәтті бастан кешіреді оқырман.

«Жазушының жан сыры» - жолжазба-эссе. «Айналайын, «ел іші – алтын бесік» деген осы ғой. Тал бесігімде қайта бір тербеткендей болды-ау...» Жазушы Рахымжан Отарбаевтың өзінің сөзімен басталған осынау туындыға тірлігінде алмас қылыштай өткір мінезімен, теңіздей терең, аспандай биік пәлсапа-толғамдарымен, қазақы қара сөздің қаймағын қалқыған туындыларымен елінің жүрегін жаулап алған қаламгердің туған жеріндегі кездесу кеші арқау болған. Қазақы қара сөзден қара дауыл тұрғызып, туған халқының әдебиетіне мәңгілік ортаймас олжа салған туындыгер туралы сөз қозғау қиынның қиыны екені белгілі. Алайда, Исатай Құндызбайұлы да қаламшәріп киесі бойына құт болып дарыған, жасынан құйқалы сөздің құнарын сезініп, дәмін таңдайда тамсап, талғап өскен болатын.

Драматург-жазушы Рахымжан Қасымғалиұлының жан толғанысын, ішкі күйзелісі мен жүрегіндегі шер-наласын бір кісідей-ақ сезініп, жанында жүрген қаламдас інісі болғандықтан, қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасына айналып үлгерген рухани ағасын қаламының ұшымен биіктетеді, әспеттейді, қадірін айнала жұртқа сөз арқылы түсіндіреді, мойындатады. Қара сөздің

қадірінің қаншалықты биік әрі мағынасының өте терең екенін аталған жолжазба-эссені оқи отырып жан-тәніңізбен түйсінесіз. Мынау бес күндік жалғанға қонақ болып келген пенде шіркіннің тірліктегі мағыналы-мағынасыз өткен күндері туралы ойға батасыз. Эссеист Исатай Құндызбайұлының қаламының жүріктігі қызыл тілден түйдек-түйдегімен түскен теңеулерден көрінеді. «Айналайын-ай, отыз жылдан кейін Қошалақтан артымнан іздеп келген бауырым-ай...» деп Рахымжандай інісін кең құшағына сыйғызып, көлдей көңілімен суарған, мейірлі көзқарасымен еркелеткен Жұмекен ағасын Исатай Құндызбайұлы да тірлігінде көрген, талай мәрте жүздесіп, ақыл-кеңес алған.

Содан да шығар, кесек-кесек ойлардың шығырауына шым батып кеткеніңді сезбей де қалатыныңыз даусыз. «Сол Жұмекендер туған жерінің осындай құрметін көре алмай кетті ғой. Әттең, жалған дүние-ай. Ең болмаса, сол Жұмекен ағамның аруағы үшін барайын, ол көрмеген қошеметті мен көрейін, елдің ыстық пейілінен бас тартқаным болмас...» осылай толғанған жазушы ағасының жанын сөзбен емес, көзқарастан ұққан қаламгер інісі өлең-жырға бергісіз эссені жазыпты. Қара сөзбен жазылған эссенің «Жұмекен жүрген жолменен» деген алғашқы тарауы осындай күрмеуі жоқ қызыл тілдің кереметін танытудан басталыпты. «Апырай, азды-көпті еңбегімді тым дабырайтып жіберген жоқ па өзі?!» деп іштей қынжылған жазушының ойын тап басып, түйсігімен сезіп, қаламының ұшына ілген эссеист дүбір шықса, делебесі қозып, орнында тұра алмайтын жүйріктей жосылта түседі. Публицистің психологизмді де мықтап меңгергенін мойындауға тура келеді. Туған жеріне әдейі шақыртумен келген Рахымжандай ағасының көңіліндегі толғанысын, жанындағы тебіренісін көзбен көріп, қолмен ұстағандай етіп қағазға түсіріпті. «Халық қошеметі – қаламгер мерейі» деп аталатын екінші тарауында артынан ілесіп келе жатқан дарынды, құймақұлақ, сөз киесін түсінетін жастардың бар екенін жан жүрегімен сезінген жазушының жан қуанышын, ішкі толғанысын қапысыз танытқан. Жолжазба-эссенің «Рахымжан көлі», «Мереке аралы» деп аталатын үшінші тарауында қаламгерге деген елдің айрықша ықыласы көрініс тауыпты. «Жаңа» деп аталатын көлге Рахымжандай ұлының есімін берген туған жердің алғаусыз ақтарылған ақжарма пейілін ешбір шашаусыз, жасандылықсыз суреттеген.

Мойындаған абзал, Исатай Балмағамбетов - жолжазба-эссенің шебері. Оған дәлел - біз талдап отырған кітаптағы «Санаға сәуле шашқан сапар» тақырыбындағы туындысы. Бұл еңбегінде көрнекті жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың Қырғыз еліндегі театр фестивалі туралы жазған. Шығарма төрт бөлімнен тұрады. «Қошамет құшағындағы толғаныс» бөлімінде қырғыз бауырлардың қаламгерге деген алабөтен пейілі сөз болады. «Ғұмырының ең бір бұла шағында осы Бішкекте тұрып, адамзаттың Айтматовы атанған ұлы жазушы Шыңғыс ағасымен етене дос, ағалы-інілі болып кеткен қайран жастықтың жамалы да, заманы да басқа еді ғой. Онда бәрі жарасымды, ештеңеден қысылу деген жоқ, қайта өрекпіген көңілдің көк дөнені аспанға атылып тұратын» деп толғанған эсеист жазушы ағасын аялай әлпештеген, алақандарына салған қырғыз бауырлардың ыстық ықыласы мен ақ ниетіне тәнті болғанын жасырмайды. «Көңілден көңіл су ішеді» дейді қазақ атамыз. Шындығында да мынау көз ілестірмес жылдамдықпен болашаққа тартып бара жатқан Мәртебелі Уақыттың шаңына көміліп қалмай, еңсеңді тіктеп, алға ұмтылу үшін де сондай бір тілеулес жандар керек шығар. «Көпті толғандырған «Тағдыр» бөліміне жазушының «Тағдыр» пьесасының қырғыз театрларында 500 рет қойылғаны арқау болған. Ал, «Айтматовтың ақ батасы» бөлімінде «Адамзаттың Айтматовы» мен қазақтың Рахымжанының ағалы-інілідей рухани бауырластығы, жан жақындығы қазақы сегіз өрме қамшыдай ешбір мінсіз әсем өрілген. «Негізгі кредо жоғары тұрады» деген төртінші бөлімінде жазушының суреткерлік позициясы, алдына қойған ғұмырлық кредосы нақышталады.

«Жазушының жан сырын» одан әрі парақтай түстік. Әрбір парағы судырап ашылған сайын журналистің беймазалау өміріндегі бізге беймәлім сапарлар туралы жолжазбаларын бас алмай, құныға оқи түскеніміз рас. «Ән қанатындағы Алтынжар сапары» жолжазба-эссесін оқи

отырып, Қазақстанның Еңбек ері, композитор-жазушы Илья Жақановпен бірге Ресей жеріндегі күй атасы Құрманғазы мәңгілік дамылдаған Алтынжарға барғанына куә болдық. Илья Жақанов сынды кеудесіне күй тұнған абыз ағасының буырқанған сезімін, алай-түлей болған көңілінің толқынысын психологизм элементтерін қолдана отырып, қағаз бетіне түсіріпті.

Өнер адамы жалпы сезімтал болады. Ал, Илья Жақановтай дарабоз таланттың жан дүниесіне бойлау, таланттың табиғатын түсіну - қиынның қиыны. Жалған дүниенің алақұйын кезеңдерін, судай сапырылысқан сезімдер иірімін басынан кешкен, замананың қиямет-қайымын талай жүрегінен өткізген «тумысынан тұмарлы туған тұйғынның» жанында жүріп, онымен иық теңестіре сөз саптаған Исатай Құндызбайұлы - өзін де сол дара тұлғаларға мойындатқан көрнекті публицист.

Ескен желдей, көшкен сеңдей, ағынды судай болып жүйткіген уақыт бедерінде ол жазбаған тақырып қалмаған іспетті. «Ұшқыр ойлы, семсер сөзді Сүлеймен» туындысында облыстық «атырау» газетінің соғыс жылдарындағы бас редакторы С. Сауырғалиев туралы тың деректер келтіріпті. Сүлеймен Сауырғалиевтің қызы Зылиха апаймен сұхбат түрінде өрбіген әңгімеде алдыңғы буын ағаларға деген құрмет, қаламын қару етіп, замана төріне өрлеген әріптеске деген ілтипат тұнып тұр. Қайда салса да алқынбас жүйріктей, публицистиканың қай жанрында да өзіндік стилі дара қалыптасқанын аңғару қиын емес. Очерк, эссе, жолжазба, интервью болсын, әрбір жанрдың ерекшелігін айқын түсініп, меңгерген публицистің әр жазбасынан су төгілмес жорғадай, өзіне тән қолтаңбасын, тіл құнарын, жазу шеберлігін айқын тануға болады.

«Менің редакторларым» естелік очеркінде бұрынғы «Коммунистік Еңбек», қазіргі «Атырау» газетінің редакторлары Құмар Кенжеғалиев, Теңдік Жауырұлы туралы қалам тербеген. «Алдыңғы толқын - ағалар, кейінгі толқын - інілер. Кезекпенен өлінер, Баяғыдай көрінер» дегендей, өзіне тәлім беріп, журналистік қабілетін шыңдаған ағаларының есімдерін құрметпен атайды. Есінде қалған әрбір сәтті жаза отырып, оқырманды жып-жылы мейірімге бөлейді.

Аталған очерктің үшінші бөлімі «Ағамнан алған алты әсер» деп аталыпты. Исі қазаққа танымал қаламгер Уәлихан Қалижан туралы жазылған бұл дүниеге қанаттас інісіне қаламгер ағасының жасаған қамқорлығы арқау болыпты. «Өгей бала» деген әңгімесінің «Лениншіл жас» газетіне шығуынан бастап, аталған республикалық басылымның батыс облыстардағы тілшісі болып қызметке орналасуы, сол кездегі газет редакторының ағалық ниеттестігі оқырманды да толқытатыны шындық. «Ал, бүгінгі күннің пайымы тұрғысынан қарасам, маған деген сол бір ықыласы Уәлихан Қалижанның әділетті ар тұтатындығының айқын бір көрінісі екен ғой» деп түйіндейді ойын автор.

«Сағыныш сазы қалды жүректерде» эссесі Атырау аймағындағы мұнай кен орындарын алғаш ашушы, республикаға еңбегі сіңген геолог-барлаушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ғұмырын мұнай-газ өндіру саласына арнаған абыз тұлға Таумұш Жұмағалиевке арналыпты. Тау тұлғалы Таумұштың жан жары Бәтіш Қарпекованың жүрекжарды жан сырын ақтарған жырынан басталған туынды «Әке аманаты» деген алғашқы бөлімінге ұласып кетеді.

Сәби Таумұш, арманын әлдилеген бозбала Таумұш, кісілік шыңына өрлеген азамат Таумұштың өрлеу баспалдақтарын жаза отырып, туған жердің әрбір тау-тасының шежіресіне де терең үңіледі, тарих парағын да шаңын бұрқыратып қопарғандай көрінеді. «Алыс ауылдағы абыз» эссесінде толағай тұлғалы Төлеп Тілегенов туралы сыр шертсе, «Сұрапыл жылдардың сырлы шежіресінде» журналист Әбуғали Ғабдуллиннің «Пірім демей, кім дейін» деген жалпы атпен жеке кітап болып шыққан очерктер жинағы туралы ой толғайды. «Атқыштар туралы аңыз» Ұлы Отан соғысының ардагері, Атырау облысының Құрметті азаматы Орынғали Қарасаевтың Ұлы Жеңістің 75 жылдығына жарық көрген «Қазақстандық 312 – атқыштар дивизиясы. Ерлер

есімі ұмытылмасын» деген кітабына арналыпты. Қай-қайсысын оқысаңыз да жүректі шым еткізіп кететін өзгеше, сүйекті дүниелер.

«Ұлт пен рух» деп аталатын үшінші бөлім «Намыстың көз жасы» деген очеркпен басталыпты. Атақты таэквандошы Мұстафа Өзтүрік туралы жазылған жып-жылы дүние екен. Қысқа ғана ғұмырында аққан жұлдыздай із қалдырған Мұстафа туралы толғаныс арқылы қазақтың жеңілмес рухын, намыс-жігерін жас ұрпақ санасына шегелей түсіндіреді автор. Түркі әлемінің ұлы перзенті Мұстафа Шоқай да қаламгер назарынан тыс қалмапты. «Азалы жылдардың ащы ақиқаты» очеркі – соның бірден-бір дәлелі. Тарихтың толқымалы тұсында ғұмыр кешіп, алмағайып заманда адаспай арнасын тапқан, солақай саясаттың құрбаны болған алаш арыстары – қазақ жылнамасының қанды жасқа толы парағы. Осыны ұқтырады ол.

«Тәуелсіздік – ұлттық рух жемісі», «Тарихымыз туралы тәмсіл» - қазақтың ақтаңдаққа толы тарихы туралы жазылған құнды публицистикалық еңбек. Тарихи деректер мен фактілерді сараптай отырып, автор аналитикалық талдау жасайды. «Қызыл қырғын» нәубетінің зобалаңы, оның ұлтымызға тигізген зардаптары туралы жүректі қанжоса ете отырып, ақиқатты ашып айтады. «Шемен-шер» датыр екен Шейітсайда» деп аталатын толғанысы Исатай батыр кесенесінің құрылысы басталған шақта жарыққа шығыпты. Қара қазан, сары бала қамы үшін «ақырып теңдік сұраған» ерлердің сұраусыз кеткені өзегін өртейді автордың. «Бассыз қалған батырлар» деп аталатын тарауында өзгеше шешімге келеді. Исатай Қиылда өткен шайқаста қаза болса, Махамбет Қараойда қапыда қалған. Бірақ олар қаншама жылдар өтсе де халқының жүрегінен орын алды, «қазақ деген халыққа Бас» болып кетті деп түйіндейді қаламгер.

«Мұнайлы өлке мұңаймайды» деген төртінші бөлімі «Өлкенің өркендеуіне – өрелі үлес» деген сараптамалық очеркпен басталыпты. Жер қойнауындағы байлықты – қара маржан мұнайды ел игілігіне айналдыру жолында еңбек етіп жүрген мұнайшылар өмірінен жазылған осынау үлкен еңбекте бәрі де қамтылған. Мұнайшылардың өмірі, еңбек адамының маңдай терінен татқан ләззәті, қоршаған ортаны қорғау мәселесі публицистің назарынан тыс қалмаған. «Үміттен сенім басым түскен шақ бұл» деп түйіндейді автор.

«Жылыойдың жерұйығы болар мекен» деп аталатын очерк Теңіз кенішінде Өркен вахталық кентінің іргетасы қалану салтанатына арналған. Алайда, бір ғана вахталық кенттің іргетасын қалау рәсімін айта отырып, жерұйық іздеген Асанқайғы бабаның Атырау жеріне аяқ басқаны туралы аңыздан бастап, Атырау мұнайының ашылуы, Теңіз мұнай кенішінің игерілуі туралы сараптамалық ой толғамдарын жасаған. «Теңізшевройл» компаниясы қолға алған маңызды жобаларға да экономистің көзімен үңілген. «Құла дүз қалай түледі» деген социологиялық очеркінде туындыгер қазіргі Теңіз кенішінің тарихын әріден қозғайды, «Бір кезде бұл жер тұзды соры бетіне шығып, күс-күс боп жарылып, бедірейіп жатқан құла түз еді» деп толғанады ол. Толғанысында жөн бар. Өйткені оның балалық балдәурен шағы сол құла түзде өтті. «Вагон күркешіктен вахталық қалашыққа дейінгі» аралықтағы мұнайшылардың маңдай тері мен табан ақысын ол бір кісідей-ақ ұғып, түсініп өскен. Әкесі, туыстары мұнайшылар еді өйткені. Тауман сынды ұстазына мұнайшылар туралы жазамын деген уәдесінен айнымаған Исатай Балмағамбетов осы бір құлан жортпас құла түзге деген сағынышын қағаз бетіне түсіруден бір танған емес. Оның кейіпкерлері де осы өңірден шыққан, еңбегімен елге танылған тұлғалар.

1.Атырау өңірінен шыққан журналист Исатай Балмағанбетов өңір тынысын бүкіл қазақ даласына танытуда өлшеусіз еңбек еткен тұлға. Жастар еңбек етудің үлгісін алатындай-ақ кісі. Сондықтан университеттердің журналистика факультетіне осындай тұлғаларды шақыртып, қонақ дәріс бергізу керек деп ойлаймын.

2.Автордың «Жазушының жан сыры» кітабы барлық университеттердің журналистика, филология факультеттерінде оқытылса.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:
1. И. Қ Балмағанбетов. «Жазушының жан сыры» кітабы
2. Бауыржан Омаров «Бас тілшіден жас тілшіге»
3 «Атырау» газетіне 100 жыл мақаласы

ӘОЖ 316.77:159

БАҚ АУДИТОРИЯСЫН АРТТЫРУДЫҢ МЕДИАПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Қойшы Диана
kurak.gulb@mail.ru
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 2 курс студенті. Атырау қ. Қазақстан Республикасы.
Ғылыми жетекші: оқытушы, ә.ғ. магистрі Құрақ Г.А

Бұқаралық ақпарат құралдарын алға жылжытып отырушы күш – аудитория. Айналамыздағы бізді қоршаған адамдар тобы, туыстар, сыныптастар, жұмыстастар, достар, тіпті отбасы мүшелері де осы аудиторияның құрамына кіреді.

Сол себепті өзіңізге жақын адамдардың шынайы, пайдалы, медиапсихологиялық әсерінің позитивті болғанын қалайтыныңыз анық. Ал ақпарат тарату мамандарының, зерттеушілердің осыған байланысты медианы зерттеп қана қоймай, аудитория мінез-құлқын, қалауын, қажеттілігін де зерттеуді жөн көреміз. Сондықтан бұл саладағы аудиторияны зерттеу әдістері мен оның көлемін арттырудың жолдарын, тәсілдерін ғалымдар әлі де зерттеп келеді. Осы тұста медиапсихология түсінігі БАҚ-тың ажырамас саласына, маңызды бөлігіне айналды. Медиапсихология – бұл адам мінез-құлқымен, медиа мен технологияның өзара әрекеттесуіне бағытталған психологиядағы сала мен мамандық.

БАҚ психологиясы тек БАҚ немесе медиа мазмұнымен шектелмейді; ол медиа-технологиямен байланысты жанама қарым-қатынас пен мінез-құлықтың барлық түрлерін қамтиды. Бұл сала технологияның дамуына байланысты салыстырмалы түрде жаңа зерттеу саласы болып табылады. Ол мультимедиялық тәжірибені пайдаланушының қабылдауының жұмыс моделін жасау үшін сыни талдау мен зерттеудің әртүрлі әдістерін қолданады. Бұл әдістер жалпы қоғам үшін және жеке негізде қолданылады. Медиа-психологтар теледидар, видео ойындар, фильмдер және жаңалықтар тарату сияқты әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңес беру, дизайн және өндіріс сияқты әрекеттерді орындай алады.

Медиапсихологияның даму тарихы осыдан 100 жыл бұрын қалыптаса бастаған. Медиа – психология пәнінің өзі туралы айтпағанда ғылым, коммуникация, антропология, білім беру және әлеуметтану сияқты көптеген салалармен қиылыса отырып дамиды. «Медиапсихология» деп атауға болатын зерттеулердің көп бөлігі академиялық және қолданбалы басқа салаларда жүргізілді. 1920 жылдары маркетинг, жарнама және қоғаммен байланыс мамандары коммерциялық қосымшалар үшін тұтынушылардың мінез-құлықы пен мотивация туралы зерттеулер жүргізе бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде газет-журнал, радио, телевидениені пайдалану бұқаралық ақпарат құралдарында хабар алмасуға академиялық қызығушылықтың артуына себеп болды және жаңа байланыс ғылымының пайда болуына әкелді (Lazarsfeld & Merton, 2000).

Медиапсихология саласы 1950 жылдары американдық үйлерде теледидар саны артып жатқан кезде танымал болды. Психологтар балалар мен олардың теледидар көруі туралы кең таралған әлеуметтік алаңдаушылықтарға жауап берді.

Мысалы, зерттеушілер теледидар көрудің балалардың оқу дағдыларына әсерін зерттей бастады. Кейінірек олар теледидардың қатыгез көрінуінің балалардың мінез-құлқына әсерін зерттей бастады, Бұл оқиғалар 1987 жылы американдық психологиялық қауымдастықтың жаңа бөлімшесінің құрылуына әкелді. 46-шы бөлім, медиа психология бөлімі (қазіргі БАҚ психологиясы және APA технологиялары Қоғамы) американдық психологиялық қауымдастықта ең жылдам дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Қазіргі медиапсихологтар ұялы байланыс технологиясы, интернет және теледидардың жаңа жанрлары сияқты соңғы жылдары пайда болған ескірген және жаңа медиа нысандарын зерттейді [1].

Медиапсихологияның бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториясын зерттеудегі маңызына қысқаша тоқталып өттік. Яғни аудитория мінез-құлқын, БАҚ-тың аудиторияға әсері, мақсатты аудитория деген сынды түсініктер медиапсихологиялық әдістер арқылы зерттеледі. Аудитория БАҚ-тың пайда көзі екенін жоғарыда атап өткенмін, сондықтан аудитория санын арттыру үшін «оған не қажет, не қызық» деген сындық сұрақтарды баса назарда ұстау қажет. Сол себепті оны ең алдыман зерттеп алған жөн. Аудиторияның бұқаралық ақпарат құралдарын түрлі себеппен және түрлі тәсілмен тұтынатыны өзгерген жоқ. Қандай құралдың көмегімен болмасын ақпарат қызықты әрі тартымды болса, аудитория ақша төлеп те ол ақпаратты тұтынуға әзір. Аудитория осыншалықты әлеует пен таңдауға ие болғандықтан, медиакомпаниялар мен продюсерлер өз аудиториясын жақсы білгені абзал. Аудиторияның өз өнімдерін неліктен тұтынатынын және белгілі бір аудитория оны қалай тұтынатынын түсінулері керек. Медиаиндустрия ақшаны аудиториядан табады, сондықтан медиасферадағы индустриялардың қандай өнім жасап, таратарын аудитория белгілейді [2].

Жылдар бойы БАҚ пен оның аудиториясының қарым-қатынасын қарастырғанда **медиа эффектілері моделі** басым тұратын.

Бұл БАҚ пен аудитория арасындағы қарым-қатынасты түсінудің доминантты тәсілі еді. Әсіресе 1970–1980 жылдары бұл модель медиаконтентке психологиялық және мінез-құлық реакциясын ғылыми түрде өлшеуге талпынған медиа эффектілері зерттеулері легіне жол ашты. Медиа эффект дегеніміз – бұл бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпараттың аудиторияның мінез-құлқы мен қалауына әсер ету құбылысы. Осы тұста аудиторияны тартудың екі түрі бар, олар – қажеттіліктері мен қызығушылықтарына байланысты болады.

Аудиторияның қажеттіліктері мен аудиторияның қызығушылықтары бір мәнді емес екенін атап өткен жөн. Қызығушылық әрқашан басты болады, ол ақпарат іздеуді басқарады. яғни аудитоия көбіне өзіне қызығушылық тудыр, ан ақпараттарды іздеп оқиды. Қажеттіліктер – бұл аудиторияға пайдалы, бірақ ол оны көп жағдайда түсіне бермейді.

Сондықтан қажеттіліктен гөрі қызық материал аудиторияны тартатынын еске салған дұрыс. Алайда, бқл қажеттілік тудыратын ақпаратың керегі жоқ деген сөз емес. Керісінше, қажеттілік ақпарты нәтиже көп береті жалған емес. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының аудиторияға қатысты мінез-құлқының үш түрі бар: маңдайшалы(лобовой) – қызығушылыққа байланысты емес қажеттіліктерді қанағаттандыру; қағидасыз – қызығушылықты толық назарға алмай қанағаттандыру. реалистік – қызығушылықтар мен қажеттіліктерге назар аударудың шығармашылық үйлесімі.

Қоғамдық қызығушылық тудырудың критерийлері:


- Тақырыптың қоғамдық-саяси маңызының болуы;
- Аудитория тақырыбың уақытқа және/ немесе кеңістікке жақындығы;
- Фактілердің ерекшелігі;
- Сенсациялық ақпараттардың болуы;

- Фактілердің жаңалығы және олардың уақтылы жариялануы;
- Жаңалықтар көзінің жоғары қоғамдық мәртебесің болуы;
- Жаңалықтың ауқымдылығы және оның әсері.

Жоғарыда аталған критерийлер орындалса, аудитория назарын аударып, өз бұқаралық ақпарат құралдарына тартудың нәтижелілігі байқалады.

Бұқаралық ақпарат құралдары аудиториясының назарун аударту үшін қолданылатын медиапсихологиялық әдістің бірі – ол аудиториясының сеніміне кіру. Айтпағым, тек нақты фактілерге сүйенген, шынайы ақпаратты дәлелдемелер арқылы немес қоғамда беделді, танымал адамның өзі қатысқан оқиғаға қатысты пікірін берсе, бұқараның санасына әсер етіп, ол баспаның, телевидениенің, радионың немесе интернет басылымдардың тек шынайы ақпарат тарататынына сенімділіктері арта түседі. Тиісінше бұл аудиторияның артуына алып келеді.

Сондықтан, жас шамасы әртүрлі 73 адамннан тұратын «Бұқаралық ақпарат құралдарына қаншалықты сенесіз» деген сұрақпен сауалнама жүргізген болатынмын.



1-сурет. Сауалнама нәтижесі

Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, 73 адамның 53,4%-ы, яғни 39-ы «кейде» деп жауап берген, 23,3%-ы «100% сенемін», 15,1% «интернет басылымдардан басқасына сенемін», 4,1% 3-еуі сенбеймін, ал жауап бергендердің 4,1%, яғни 3 адам «бұқаралық ақпарат құралдарын тұтынбаймын» деп жауап берген. Жауаптардан нәтиже шығара отырып халықтың көпшілігі әлі де болса, бұқаралық ақпарат құралдарына толық сенбейтіні көрініп тұр. Алайда, өркениетті дамыған елдерде бұқаралық ақпарат құралдарының сөздері халық үшін факт болу қажет емес пе? Демек халықтың ойынан шығу үшін, аудиторияны барынша тарту үшін, олардың көңілінен шығатын шынайы ақпаратты тарату шарт екенін айтып кету қажет.

Аудиторияны тартудың ең басты әдісі – контентті дұрыс жасай білу. Қарапайым адам қызғушылығын тудыратын дизайын, фотосуреттерден бастап, контенттің мазмұнының ерекшелігіне дейін баса назар аударған жөн. Төменде оқырман, көрермен, тыңдарман аудиториясын ұстап тұруға немес тартуға көмектесетін конттен типтері берілген:

* Пайдалы – кеңестер беру, денсаулыққа қатысты мақала, видеоподкастар, аудиопаскаттар, интервью беру, вебинарлар;
* Ойын-сауықтық – әзіл-қалдың, әндер, құттықтау, әртүрлі цитаталар беру;
* Қаржылық -фото тауарлар, акциялар, бағалар, компания туралы, жаңа өнімдер, хабарландырулар, өнім альбомы, жеткізу ақысы, қызметтер тізімі, өнім жасау;

* Пайдаланушы – мақалалар, видео, фото, тест-драйв, пікірлер, әңгімелер, рецензиялар, ұсынымдар беру;

* Интерактивті – сауалнамалар, талқылаулар, чаттар, кеңестер, геймификация, арандату, эстафеталар, сұрақ, пікірлер, конкурстар ұйымдастыру;

* Ақпараттық – ақпараттық мақалалар, инфографика, заметкаларды уақытында беру;

Аталған контенттердің типтерін ретімен ұсыну, көрнекі етіп беру, аудитория психологиясына, мінез-құлқына оң әсер етеді. Әсіресе басылымның, радионың, телевидениенің бағытына үйлесітіре отырып, ақпараттық ереке форматпен, дизайнмен, инфографикамен, видео мен фотосуреттермен ақпараттарыңызға сән берсеңіз оның өтімділік деңгейі де артатыны сөзсіз. Ол аудиторияны сізді тұтынуға қалай әсер етеді? Біріншіден оған қызық, екіншіден, іш пыстырмайды, үшіншіден есте қалу ықитималдылығы жоғары, төртіншіден пайдалы болуы мүмкін. Айтпағым медиапсихологтардың айтуынша, қызылды-жасыл немес суреттермен көркемделіп берілген ақпаратты тұтыну деңгейі жоғары екен. Оған жоғарыда атап өткен себептер дәлел.

Аудитория көлемін арттыруды кез келген бұқаралық ақпарат құралдары басты міндет қылып қоятыны анық. Ендеше, газет, журнал, интернет басылымдардың иесіне арналған аудиторияны тартудың 6 кеңесін ұсынғым келіп отыр. Ең қызықты және сұранысқа ие материалдарды тарату үшін баспа журналдарының иелері қолданатын әлеуметтік медиамен жұмыс істеудің жеті әдісін жинадық. Кез-келген қолданушыға қол жетімді бола отырып, олар оқырманның жалпы басылымға деген қызығушылығын арттырады.

1. Әрдайым танымал контенттерді қадағалап отырыңыз. Бұл сіздің баспаңыздың әрдайым трендте болатынын көрсетеді. Жас аудиторияны тарту мүмкіндігі артады.

2. Өңделетін пайдаланушы контентін енгізіңіз. Журналдар әрдайым аудиторияның тілектерін қабылдауға және оның мүдделерін қанағаттандыруға ұмтылды. Бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы баспагерлер әлеуметтік медианы жаңа тақырыптарды іздеу және болашақ басылымдарды тиімді жоспарлау, тақырыптық интернет қауымдастықтарында идеялар жинау үшін қолданады. Ықтимал оқырмандарға жетекші сұрақтар қою, түсініктемелерді зерттеу және жазба рейтингтерін талдау арқылы редакторлар өз аудиториясының импульсін бұрынғыдан да дәл өлшей алады.

3. *Нақты уақыт режимінде пайдалы тәжірибемен бөлісіңіз.* Журналдар әрдайым білімді авторлардың, пайдалы байланыстардың және «ұжымдық білімнің әсері» арқасында құнды ақпарат көзі болды. Кейбір басылымдар оқырмандарға әлеуметтік медиа платформалар арқылы нақты уақыт режимінде сарапшылармен сөйлесуге мүмкіндік береді.

4. Аудиторияны қалыптастырыңыз және оған әсер етіңіз. Өзіңіздің ешкімге ұқсамайтын стандарттарыңызды қалыптастырыңыз. Өнімнің сапалылығын арттыра отырып, аудиторияның психологиясына оң әсер етіп, ақпараттық талғамын арттыңыз.

5. *Өзіңіздің редакторлық тәжірибеңізді кеңейтіңіз.* Әлеуметтік медиа журналдармен мәтінді ойын-сауық мазмұнымен және пайдалы сілтемелермен толықтыра отырып, сатып алушыға әсерді күшейту мүмкіндігі пайда болды. Жарияланымдар, суреттерден басқа, енді веб-пайдаланушыны сауалнамалармен, бейнелермен, ойындармен, чаттармен, өзекті сұрақтарға жауаптармен және «редакциялық асүйді қарау» мүмкіндігімен қызықтыруы мүмкін. Онлайн-оқырмандар бос уақыттарында жалықпауы үшін «Cosmopolitan» журналы бүгін оларға «Фейсбукте» орналастырылған флеш-ойындарды ұсынады. «Time» басылымы «Фейсбуктегі» өз тобының қатысушыларына «Жыл адамы» атты жеке мұқабасын жасап, нәтижесін достарымен бөлісуге мүмкіндік береді.

6. *Әлеуметтік медианы монетизациялау.* Жарнамалық баннерлер әлі күнге дейін медиа сайттарды монетизациялаудың ең көп таралған түрі болып табылады. Алайда, әлеуметтік желілердегі аккаунттарды пайдалануға шығармашылық көзқарас жарнама берушілер мен

олардың серіктестері үшін әлдеқайда кең мүмкіндіктер береді. Мысалы, сіз ақылы Твиттер мен рейтингтік блогтардағы жарияланымдарды пайдалана аласыз немесе «Твиттер» үшін тақырыптық фонды жүктеуге сілтеме бере аласыз немесе әлеуметтік желілердегі ең ірі офлайн басылымдар пайдаланатын монетизацияның кез-келген әдісін ала аласыз [3].

Міне аталған кеңестерді дұрыс қолдана алсаңыз өз баспаңыз үшін, оның аудиториясы үшін уайымдамасаңыз болады.

Қазіргі кезде газеттер цифрлық инновацияға тән саясаттың апталық подкасттарын**,** онлайн жаңалықтар шығарылымының сілтемесін және мобайл телефондағы ақпаратты жаңарту секілді игіліктерді ұсынуда. Мерзімді басылымдардың ескі дәстүрлерін жаңашылдыққа өзгерту баяу жүріп жатқанына қарамастан, дәстүрлі басылымдар өз жаңалықтарын әуелі баспада емес цифрлық форматта жариялауда. Неге? Өйткені, соңғы жылдары медианы ұялы телефон құрылғылары арқылы пайдаланушылар саны артуда. Цифрлық технологиялардың көмегімен кәсіби журналистер ұялы телефоны құрылғылары арқылы өздерінің аудиториясымен реал таймда сұхбаттасу тәжірибесін енгізді. Twitter және басқа да микроблоггингтер жаңалықтар өндірісінің бірлескен моделіне арналған жаңа платформалар ұсынды. Meerkat – Twitter аккаунты арқылы болып жатқан оқиғаны тікелей эфирде барлық жазылушыларына таратуға мүмкіндік беретін қосымша. Технологиялық төңкеріс жасаған (әсіресе журналистер үшін) Meerkat-тың сәттілігі ұзаққа созылған жоқ, себебі Twitter әлеуметтік желісі көп ұзамай Meerkat-ты шектеді және өзінің Periscope деп аталатын тікелей эфирді трансляциялау және кері байланыс орнатуға мүмкіндігі бар жеке қосымшасын ашты. Periscope журналистер үшін пайдалы құралға айналды.

Цифрлық технологиялардың медиа құрылымда пайдаланудың айқын көрінісін, біз, сайттардан көріп жүрміз. Ал оның қалай пайда табатынын бірі білсе, бірі біле бермейді. Аудитория жайлы талдағанда электронды медиа, әсіресе телевизия жарнама берушіден көл-көсір кіріске кенеледі деген түсінік бар. Онлайн медианың ахуалы қысылтаяң шақта тұр. Жарнамадан түсетін табыс жарнаманың жиі қаралғанына, жарнама берушінің сайтындағы бастапқы беттің қанша мәрте көрілгеніне, болмаса сауда-саттық көлемімен бірге, қолданушының бір сайтқа жұмсаған уақытына тәуелді. Интернет тұтынушы сайттардан коммерциялық пайдасы мол ақпаратты көреді және бұл ақпараттың құндылығы сондай жарнама ретінде қабылдамаса да болады. Онлайн жарнама берушілер интернет трафиктің үлкен көлемін талап ететін сайттарға, ал телевизияға жарнама берушілер үлкен аудиторияны баурайтын немесе белгілі көрермені қалыптасқан бағдарламаға қызығушылық танытады. Десе де, осы үрдіс журналистикаға теріс ықпал етеді; редакторлар кейбір мәселелерді іркіп қалатын болған. Себебі онлайн оқырманға жетпеген ақпаратты ұсынудың әсері аз болады деген уәжді алға тартады [2].

Радио журналистиканы бұрын әдемі әуен мен керемет дауыс деп қабылдайтын болсақ, қазір жаңа технологияның көмегімен YouTube әлеуметтік желісіне шақырылған қонақпен сұхбатты жүктеп, енді визуалды көру мүмкіндігіне ие болдық. Әрине аталмыш әдісті қолдану әлемнің бірінші санатты мемлекеттерінде бізден ертерек дамыды. Десек, те отандық журналистикаға да цифрлық технологияның тамаша мүмкіндіктерін пайдалану бақыты бұйырды.

Цифрлық технологияны телевизия саласында да қолдану етек жайып келеді. Оған мысал ретінде «жылжымалы телестанцияларды (ЖТС)» айта аламыз. Бұрын студиядан тыс жерде репортаж түсіру қиындық туғызса, қазір дамыған технологияның көмегімен, бір жүк көлігінің ішінде журналиске қажетті құралдарды тиеп, қалаған жерде сюжет түсіруге мүмкіндік алдық. Тіпті танымал шетелдік арналардың бірі – BBC арнасының журналистері әуеде жүріп те тікелей репортаж жасаудың жаңа әдісін қолданып жүр. Сондай-ақ, хромокей түсінігі де отандық телевизияның жаңа жетістігі болып саналады. Арнайы цифрлық технологияның көмегімен жасыл фонда стэндап түсіріп, кез келген бағдарламаңа сай эффектілермен кәсіби монтаж

жасауға да болады. Оны біз, әсіресе, ауа-райын жүргізу кезінде көріп жүрміз. Ол көрерменге журналистің ақпаратын оңай қабылдау үшін жеңілдік береді.

Цифрлық технологиялар қоғамның кез келген саласының жұмысын едәуір жеңілдетті. Үйден шықпай-ақ сауда жасау, тіпті сүйікті мейрамханаңнан үйде отырып тапсырыс беру, онлайын жұмыс жасау, құжаттарыңды табан тоздырмай үйден электронды тапсыру, мектептердің интерактивті тақталарды қолдану, онлайн сабақ оқу, радионы да, телевидениені де, газетті де қалатаңа сиып кететін гаджеттерің көмегімен оқу, әлеуметтік желілердің көмегімен, әлемнің түкпір-түкпірнен қарым-қатынас орнату, олармен ақпарат алмасу енді ертегі емес. Әрине, бір ғасыр бұрын болжаған футоролгтардың айтқанындай 2020 жылы ұшатын машиналар ойлап табылмаса да, олардың миына сыймайтын цифрлық технологиялардың жетістіктері күн санап дамып келеді.

Медиа құрылым – ол көпқырлы түсінік. Бұқараға бағытталған кез келген өнім медиа болып саналады. Оған бұқаралық ақпарат құралдары да, жарнамалар да, фильмдер мен анимациялық мультфильмдер де, тіпті видео ойындар мен шоу бизнес те медиа құрылымның бөлігі. Сондықтан аталған салалар өз функциясын цифрлық технологияның көмегінсіз жүзеге асыра алмайды. Өйткені, цифрлық технологияның көмегімен сапалылыққа, кәсібилікке, оперативтілікке жете аламыз.

Сөзімді қорытындылай келе, бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториясын арттырудың медиапсихологиялық әдістері жетіп артылады. Әсіресе теледидар мен интернеті дамыған қоғамда аудитория мінез-құлқына, санасына, ойлау деңгейіне әсер қиындық туғызбайды. Тек рейтингті ойлап, пайда көруді ғана жоспараласаңыз аудиторияға «не ұнайды?» деген сұрақтың жауабын іздеп сол бойынша жұмыс жасауға да болады. Ал, қоғамдық пікірді қалыптастырып, ұлттық идеяны үгіттеймін десеңіз, аудиторияғы пайдалы, қазақы нақыштағы ақпараттарды ұсынуға тырысыңыз. Көп жағдайда зерттеушілер медиапсихология дегенде бұқаралық ақпарат құралдарының адамға зиянын немесе өзге мәдениеттің жаңа толықының әсерін зерттеп жатады. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдарының пайдасы ұшан теңіз болса да, өзінің арам пиғылын жүзеге асыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын қолданатын фанатиктерді кездестіруге болады. Тек аудиторияны арттыруды көздесек, жақсы жағынан қолданғанымыз абзал.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 https://wikichi.ru/wiki/Media_psychology

2 Jason Bainbridge, Nicola Goc, Liz Tynan. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. 75-б

3https://marketing.by/mnenie/7-sovetov-vladeltsu-pechatnogo-smi-kak-uvelichit-auditoriyu-ispolzuya-sotsialnye-media/

4 Jason Bainbridge, Nicola Goc, Liz Tynan. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 136 бет.

ӘОЖ 1(510):81’25:81’255(574)

ДАОСИЗМ ФИЛОСОФИЯСЫ МӘТІНДЕРІН ҚАЗАҚШАҒА АУДАРУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абайұлы Нығмет
ngmetabay@gmail.com
Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті «философия» білім бағдарламасының
3 курс студенті. Алматы қ. Қазақстан Республикасы.
Ғылыми жетекші: философия ғылымдарының докторы, профессор Аташ Б.М.

Ежелгі дәуір ойшылдарының қатарынан бірқанша қытай философтарын көре аламыз, қытай философиясын әлемдік философияның іргелі бір бөлігі тетіеде белгілі. Олардың сан ғасырлық жазба мәдениеті, қазіргі кезде мол рухани байлықтың көзі болды. Оыдан үш мың жыл бұрын басталған, ойшылдардың даналық ойларының біраз бөлгі осы күнге үзінді болып жеткен. Қытай философия тариқында сан салалы көп мектептер кездеседі, олар ертеден ақ идеялар қақтығысына түіп, бір-бірін сынан, жоққа шығарып, алдыңғы буынды кейінгі із ашарларды жетілдіріп отырды.

Шығыс философияларын түсіну мен оның кеңістігін игеру үшін, оның бастау көздері мен кезеңдерін нақты да жүйелі білуіміз, түп нүсқаның өзімен жұмыс жасауымыз шарт. Қытай философиясы заманымыздан бұрынғы он бірінші ғасырда өмір сүрген Жиан ЗыЯ, Жоу УінУаң мен Фу ШиШы сияқты ойшылдардан бастау алады, Осы ойшылдардыі із ашары ретінде бес ғасыр аттап Лао Зы танылды, өз ізашарларымен оны «дау жиа» деп атады.

Сол заманда Құң Зы өзінің ілімдерін тарата бастап, «лу жиа» аталатын өз мектебін қалыптастырса. Оның іліміне тіс-тырнағымен қарсы Мо Зы өз ілімдерімен танылып «мо жиа» аталатын мектептің іргесін қалады. Бл үшеуінен тыс жүздеген мектептер өз ілімдерімен танылды. Қытай тарихындаға ақыл ойдың алтын дәуірі болды. Мол қазына қалды, таяау жылдары әлемнің әр тілдеріне аударылып, нәсиханналып жатыр.

Еліміздегі қазақ тіліне аударылған, қытай философтарының еңбектерідің дені орыс тілі мен ағылшын тілінен аударып, сол тілдегі түсіндірмелермен ғылымыи әдебиеттерімізге еніп отыр. Бұл мақаламыздың мақсаты қытай тіліндегі философиялық еңбектерді, қытай тілінен қазақ тіліне аударып, қытай таңбаларының ерекшеліктері мен өзіндік қасиеттерін, қазақ тіліне аудару барысындағы дүп келген мәселелерді түсіндіруге тырысамыз.

Лао Зының «Дао Ды жиң» еңбегі, екі үлкен бөлімнен, сексен бір шағын тараудан тұрады. Оның 1-37 тарауы Дао жиң, соңғы 38-81 дейінгі тараулары Ды жиің деп аталады. Мұнде аударғанымыз Дао жиңның алдыңғы үш тарауы.

«第一章
道可道,非常道。
名可名,非常名。
无名,万物之始;
有名,万物之母。
故常无欲,以观其妙;
常有欲,以观其徼。
此**两**者同出而**异**名,
同谓之玄,
玄之又玄,
众妙之门.»[靳永. 湖晓锐. 注译: 2016, б. 3].

Бірінші тарау
Дао деген Дао емес,
Дао деген оның заты емес.
Пішінсіз, ол атаусыз.
Барша заттың бастауы.
Пішінді мен атаулы
Барша заттың анасы.
Құмарлықтан тиылсаң
Даодан тылсым аларсың.
«бар» мен «жоқ» қа қарасаң
Әуелде шыққан бір көзден.
Тереңіне бойласаң
Сол Даоның құпия қақпасы.

道可道,非常道: Бірінші «道 Дао» адамдар әдетте Дао деп атайтын нәрсе, яғни мұнда зат есім болады, ол жайғана біз айтып жүрген Дао. Екінші «道» етістік, яғни бір нәрсені сөзбен білдіру. «常道 Шаң Дао» мәңгілік Даоны білдіреді, ол ғаламды құрайтын болмыс және барлық заттардың өзгерістерін қозғаушы күш.

名可名,非常名: Бірінші «名 Миң» заттың атын, атауын білдіреді, ал екінші «名 Миң» сөзбен түсіндіруді білдіретін етістік. «常名Шаң Мин» алдыңғы «常道 Шаң Даоның» мәңгілік есімін білдіреді.

无名,万物之始: «无名У Миң» атсыз, атаусыз, көрінбейтін. «万物之始» Барша әлемнің, жанды, жансыздың бастауы дегенді білдіреді.

有名,万物之母: «有名 Иоу Миң» аты бар, аталатын. «万物之母» барша әлемнің анасы. Мұндағы «万物» барша жанды, жансыз затты білдіреді.

第 二章
天下皆知美之为美,
斯恶已。
皆知善之为善,
斯不善已。
有无相生,
«难易相成,
长短相形,
高下相倾,
音**声**相和,
前后相**随**。
是以**圣**人处无为之事,
行不言之**教**;
万物作而弗始,
生而弗有,
为而弗恃,
功成而不居。
夫唯弗居,
是以不去.»[靳永. 湖晓锐. 注译: 2016, б. 5].

Екінші тарау
Сұлулықты кім көрсе,

Ұсқынсыздық шықты сол жерден.
Жақсы, жаман десекте,
Бөліп жармас Дао-оны.
«Бар» менен «жоқ» айрылмас,
Бейнет пен зейнет бір туған,
Биік пенен аласа, әуелде жоқ.
Әуен мен үн үйлескен,
Қатарласып алды, арты.
Дао-да жоқ қайшылық,
Сол әулиеге жол еді.
Сол үшінде әулие,
Іспен берді тәрбиесін.
Жаралғанды жаратқан,
Жараттым деп жармасбас.
Бар болғанды бар қылған,
Бар болғанға байланбас.
Игілік үшін іс қылған,
Мәңгілік өмір сүреді.

是以圣人处无为之事: «圣人 Шың Рын» әулие, дәншпан, көкірек көзі ашылған адам.

«无为 У Уей之事» әрекетсіз іс-істеу, мағынасы: ізгілікке, адамгершілікке, маралға қашшы бірде бір іс істемей, іс істеу дегенді білдіреді.

第三章
«不尚贤, 使民不争；
不贵难得之货,
使民不为盗；
不见可欲,
使民不乱。
是以圣人之治也,
虚其心,
实其腹,
弱其志,
强其骨,
常使民无知无欲。
使夫知不敢为、
为而为,
则无不治矣»[靳永. 湖晓锐. 注译: 2016, б. 8].

Үшінші тарау
Болмаса биік марапат,
Талас болмас адамда.
Демесе асыл зат еді,
Болмас еді ұрлықта.
Құмарлығы жоқ болса,
Ел көңілі тынышты.
Сондықтан дана билеуші,
Жүректерін бос етіп,
Қарындарын тоқ қылды.

Күшті қылып денені,
Әлсіз етті мұратын.
Алыс ұстар әрдайым,
Құмарлық пен білуден.
Іс қылған тапбас айласын.
Дао жолынан таймасаң.

常使民无知无欲: «无知 У Жы» білімсіз. Мұндағы мағнасы, білімді білмеу емес, адамға, әлеуметке, мемлекетке қандайда бір зиан тигізетін ойлардан аулақ болу.

«无欲 У Үй» армансыз, тілексі. Мұндағы мағнасы Артық құмарлықтан, бос тілектерден аулақ болу.

Қытай тарихындағы барлық ойшылдардың ішінде Лао Зы ең аңызға айналған тұлға болса керек. Кейбіреулер оның бір-екі жүз жыл өмір сүргенін және даосизмнің негізін салушы болғанын айтады; кейбіреулер оның оңаша өмір сүргені жайлы айтады. «Ұлы тарихшының жазбалары: ЛаоЗың өмірбаяны» деректеріне сәйкес, ЛаоЗының тегі Ли, оның есімі Эр және оның кіші аты Дан екендігі айтылады. Ол Шу штатының Ку округі, Ли қалашығы Шуй Ренлиден болды. Жоу Шоудың тарихи жазбаларын басқарды. Қазіргі ұлттық кітапхананың директорымен тең» [余培林: 2011, б. 87].

Осы күнде Қытай философиясы жәйлі сөз болса Лау Зы мен оның іні замандасы Күң Зы алдымен еске түседі. Деседе бұл ойшылар Қытай философиясының басы емес, тіптен жазба әдебиетінің басы болыпта есептелінбейді. Күң Зының есімі өткен қытай тариқы болсын, қазір болсын өте танымалы, ерте қытай тарихында оны әулие тіптен әспеттеп құдай дегендер аз болмаған, оның себебін философ Жың ШиаңШың мен Жао ФыңЛиң былай дейді «Неліктен Коң Зыге осындай ізеттілік жасалды? Неліктен Коң Зының мәртебесі уақыт өте жоғары болды?

Императорлардың Конфуций мен конфуцийшілдікке табынуының себебі, біріншіден, олардың болашақ қоғамға көзқарасы болса, екіншіден, қалыптасқан қоғамдық тәртіпті сақтауға ұмтылысы болды.

Шындыққа қанағаттанбау оны өзгертуге мотивацияны тудырады, ал бүлік жалғыз сиқырлы қару болып табылады. Билік басындағылар осыдан қорқады. Конфуций адамдарға шындықпен бетпе-бет келмеуге, болашаққа емес, өткенге үміт артуға үйретті. Бұл билік басындағылар үшін өте пайдалы, сондықтан Конфуцийге осындай жоғары мәртебе берілгені түсінікті.»[郑强胜. 赵凤玲: 2011, б. 8] дейді.

Лау Зының «Дао Ды жиң» еңбегі қазіргі Қытай философиясының маңдай алды еңбегі болып есептеледі. Ол өзінен бұрынғы философтардың еңбегінен бастау алады, сол жолды жалғаушы болып есептеледі. «И жиң» Қытай фиолсофиясының бастау көзі.» [李荣胜: 2011, б. 22] дейді философ Ли РұңШың. Лао Зының «Дао Ды жиң» еңбегі араға бес ғасыр салып, сол «И жиң» ді жетілдірген, толықтырған, идеиялары өткен мен болашаққа жалғасқан, бас-аяғы осы күнге дейін толық сақталған ең ежелгі, көне қытай таңбаларымен жазылған философиялық еңбек болып саналады.

Дао дегеніміз не – дао ол сөзбен сипаттауға болмайтын, оның аты жоқ, атаусыз, пішінсіз әрі барлық нәрсенің бастауы, барлықтың негізі. Оны дао деп атаған кезімізде ол өз болмысын жоғалтып, біздің санамыздағы біз таңып қойған дао бейнесіне төмендейді.

Бірінші тарауды түсіну үшін біз енді «常 Шаң» таңбасының мұндағы мағнасын дұрыс түсінуымыз керек, ол Дао ның алдына немесе кез келген бір зат есімнің не сын есімнің алдына келгенде оны басқаша етіп жібереді, мысалы: тас, ағаш, аспан, қызыл, қараңғы деген сөздердің алдына келсе, сол заттар мен түстерді басқалардан ажыратып білу үшін ат қойып алғанымызды, оның не екендігін біз әлі.

Сол атсыз дао барлық жанды жансыздың бастауы, қайнар көзі дейді. Ал аты бар аталып жүргеннің бәрі бір-бірін жаратқан, бір-бірін толықтырған, бір-ірінен бар болған заттарды.

«Даодан бір туады, бірден екі, екіден үш, үштен барлық әлем туады. Бір ол даоның өзі, екі ол Яң мен Иың, екеуі үшті туады сол үш барлық әлемнің анасы.» [高守亚: 2014, б. 199]. Мүндатағы бір маңызды сөз ол «бар» мен «жоқ». Бұл екеуіде әуелде даодан шыққан.

Жоғарыда айтылған «И Жиң» кітабында осы «бар» мен «жоқ» ты «яң»жане «иың» деп берген, ал даоны «像 Шиаң» деп берген. Лао Зы бұл сөздің сурет, таңба, белгі деген мағнадан ары аспайтынын ескере оны даоға жетілдірді. «Жарық яң» мен «қараңғы иың»ды «бар мен жоққа» жетілдірді, әрі оларды «шаң常» арқылы мағнасын тереңдетті.

Лао Зы екінші тарауда табиғанның үйлесімділгі жайлы айтады. Ол сұлулық пен жақсы дегенен басқалары ұсқынсыз, жаман дегендік емес дейді, оның бәрі әр адамның ойына орнығып қалған уақыттық түйсік. Табиғаттағы, адам өміріндегі бар мен жоқтық бір-бірін тудырады дейді. Ол өмірді диалектикалық жолмен түсіндіруге тырысады, қиын мен оңай бір-бірін туындатады, қсқа мен ұзын, аласа мен биік өз ара бір бірін көрсетеді, ұзын ұзынның қасында қысқа, қысқы оданда қысқаның қасында ұзын болады, үн мен дауыстың сәйкесімділгінде ғана жағымды болатынын, алды мен соңғының алмасып отыратынын, тіпті жалғыз адам жүргенде ол, алды да келе жатыр ма? жоқ соңында ма? деген сұрақ туындайды. Яғни еш уақытта бұндай қайшылықтың болмайтынын, бұның бірі адам санасында туып өзін-өзі мазалайтын жағымсыз бейнеде екендігін көрседеді.

Ол дәнішпан адам әрқашанда дао жолынан таймайтынын, тек ізгілік жолында ғаға әрекет етіп, ісімен өнеге болатынын, ісінің жемісі мен жеңісіне мастанбайтын, жаратқан игілгіне байланып қалмайтын, игілік жолындағы еңбегінің тоқтаусыз болатынын, сол игі ісімен бірге өлмейтініне сенімді болды.

Халық атақ-даңқ, байлық үшін жарыспасын деп, ізгі, қабілеттілерді сыйлама; асыл және сирек тауарларды бағаламау, халықтың ұрлыққа құштарлығы болмасын; Халықтың абыржып қалмауы үшін құмарлық тудыратын нәрселерді көрсетпеңіз. Ол үшінші тарауды осылай бастайды, даңықты біреуді біреуден артық ету үшін берілмеуі керектігін, еңбегңне қерей марапатталуын дұрыс деп бағалайды.

Байлықтың орын таппай құмарлыққа жұмсалуы адам бойына әуестік пен құмарлықтың қайнар көзі екенін, артық түние табиғи заңдылықты бұзады деп есептейді. Сондықтан данышпан ел басқарған кезде халықтың санасын тазартуға, қарын тойдыруға, ерік-жігерін жұмсартуға, дене бітімдерін нығайтуға ден қояды. Халықта алдамшы сана, бәсекеге құштар болмас үшін. Бұл кейбір өзін-өзі ақтайтын адамдарды жаман істерден сақтайды. Мұндағы жүректі бос ету мен ерік-жігерді әлсірету деген, жүректі атақ пен байлықты тзарту, соған деген құмарлық ұмтылыстарының алдын алу еді.

Лао Зы «дао ғаламның және табиғаттың негізгі принципі ретінде сипаттайды. Ал дэ сол жолмен үйлесімді өмір сүруді білдіреді» [安继民: 2005, б.75] дейді. Ол заттар мен құбылыстардың өз табиғатына сай болуын қолдану керектігін атап өтеді. Лао-цзының философиясы табиғатпен үйлесімділікке, қарапайымдылыққа және тек ізгілікке әрекет қағидатына негізделген.

Ол даоны ғаламның түпкілікті принципі ретінде сипаттап, адамдарды осы Жолмен үйлесімді өмір сүруге шақырады. Лао Зы қарапайым өмір сүруді, құмарлықтар мен материалдық игіліктерден бас тартуды насихаттайды. Басқаруда ол биліктің минималды араласуын ұсынып, қоғамның табиғи дамуына мүмкіндік беруді көздейді. Оның ілімі бойынша, шынайы күш жұмсақтық пен кішіпейілділікте жатыр, ал табиғилық пен қарапайымдылық үйлесімді өмірдің негізі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Тіл және аударма философиясы:ұжымдық монография.-Алматы: Дарын, 2024.-301
2. Фың Юлан. Қытай философиясының қысқаша тарихы.-Алматы. Дәуір, 2020,368 б.

3.Тарақов Ә. Аударма әлемі.-Алматы: Қазақ университеті,2011.-332 б.
4.靳永. 湖晓锐. 道德经. – 河北. 长江出版传媒, 2016, 166 б.
5.余培林 . 中国历代思想家. – 北京. 九州出版社, 2011, 397 б.
6.郑强胜. 赵凤玲. 家长里短说儒家. - 河北. 长江出版传媒, 2011, 193 б.
7.李荣胜. 国学是什么. – 北京. 华夏出版社, 2011, 319 б.
8.高守亚. 初读老子. - 四川. 四川出版社, 2014, 370 б.
9.安继民. 美妙玄思说道家. - 武汉. 湖北人民出版社, 2011, 199 б.

ӘОЖ 371.3.159.922.6

«КӘСІБИ БАҒДАР» БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ НЕГІЗДЕРІ

Сәбитова Айым Наурызқызы.
sabitova200631@gmail.com
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Дизайн» мамандығының 1 курс студенті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Жұмабаева К.С.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің докторанты, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі п.ғ.к, қауымдастырылған профессор – Е.С. Қоянғалиев.

Бүгінгі таңда республикада ел мектептерінде жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру кезек күттірмейтін шара болып отыр.

Көбіне болашақ мамандықты таңдау жауапкершілігі оқушының өзіне, оның отбасы мен туыстарына жүктеледі. Әдетте, оқушы өз таңдауында отбасын, достары мен мектеп кеңестерін басшылыққа алады. Осы зерттеудегі «кәсіптік бағдар» терминінің мақсаты көмек көрсету болып табылатын өзара байланысты іс-шаралар кешенін атау үшін қолданылады.

Кәсіптік бағдар беру дегеніміз – педагогтардың, психологтардың және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының, білім алушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескеріп, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде мақсатты істелетін жұмыс. Мамандық туралы жеткіліксіз білу – мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу уақыты келгенде таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, кәсіби бағдар беру – білім алушыға оның білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласындағы құқықтарын іске асыруда ақпарат және консультациялық көмек беру, кәсіптік және кәсіптік мүмкіндіктерге сәйкес кәсіп пен оқу орнын саналы түрде таңдау деп түсіндіріледі [1].

Мамандық таңдау – әр адамның еңбек өмірбаянының маңызды кезеңі. Табысты мансап ол тамаша білім және таңдалған жоғары даму қарқыны болып табылады. Еңбек нарығына көшу тек түзетулер енгізіп қана қоймай, тәсілдерді де жастардың кәсіби өзін-өзі анықтау теориясы мен практикасын дамытуға айтарлықтай өзгертті. Мамандық таңдау – бұл жеке маңызды мәселе, бұл өмір салтын таңдау, даму жолдары, таңдау [2].

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері:

- оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;

- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;
- оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу;

Кәсіптік бағдарлаудың екі түрі бар. Тар базадағы кәсіптік бағдар мыналардан тұрады, мамандарды дайындайтын оқу орнында оқушылар барлық ерекшеліктерін ашады олардың алдағы қызметі. Кең базада кәсіптік бағдар беру танысуды көздейді мамандықтар әлемімен әлі өз таңдауын жасамаған жастар.

Ал, мамандық таңдау формуласының үш факторы бар:

Бірінші фактор кәсіби фокусты, қызығушылықты, адамның бейімділігін, қалауын қамтиды. Біз бұл факторды бір сөз тіркесі деп атай аламыз: «Мен не қалаймын». Егер біз өзімізді қызықтыратын және игергіміз келетін мамандықтардың тізімін жазсақ, бұл тізім өте ұзақ болар еді. Бірақ мамандық таңдауда бір «Мен қалаймын» аз.

Екінші фактор күшіне енеді. Екінші фактор денсаулық жағдайын, жеке ерекшеліктерін қамтиды. Сіздердің біреулеріңіз белсенді әрекеттерге бейім, ал біреу назар аударуды, табандылықты қажет ететін жұмысты орындауды ұнатады. Мұнда сіз өзіңіздің білім деңгейіңізді және жеке қабілеттеріңізді, қызметтің әртүрлі салаларындағы хабардарлықты, интеллектуалды даму деңгейін ескеруіңіз керек. Мамандық таңдауда отбасының материалдық жағдайы да үлкен маңызға ие. Екінші факторды «мен не істей аламын» деген бір сөз тіркесі деп атауға болады. Егер сіз өзіңіздің қызығушылықтарыңызға сәйкес жазған мамандықтар тізімі болса, біз сіздің мүмкіндіктеріңізге сәйкес өңдейміз, ол қысқа, бірақ нақты болады.

Үшінші фактор өңірлік еңбек нарығының ерекшелігін, осы мамандыққа сұранысты, сондай-ақ кәсіптік мансап құру, оның ішінде сабақтас мамандықтарды игеру мүмкіндігін қамтиды. Үшінші факторды бір сөз тіркесі деп атауға болады: «не керек». Өңделген тізімнен біз еңбек нарығында қажет мамандықтарды таңдай бастаймыз және адамға кәсіби мансап құруда көбірек мүмкіндіктер береміз (кәсіби тұрақты тік өсу-төмен лауазымнан басталады және одан әрі жұмысшы, шебер, бригадир, ауысым бастығы және т. б. сияқты жоғары және жауапты лауазымдарға ауысады). көлденең, жұмыс орнындағы адам байланысты мамандықтардың кең спектрін игеріп, өз шеберлігін жетілдірген кезде, мысалы, құрылыс техникі жұмыс орнында қосымша мамандықтарды игере алады: бетоншы, тас қалаушы, плитка, мозаика және т.б.).

Материалдар мен әртүрлі әдебиеттерді зерттегеннен кейін кәсіптік бағдарлаудың мақсатын мамандық таңдауға көмектесу үшін қысқартуға болады, яғни. өзін-өзі түсіну, сонымен қатар сіздің қызығушылықтарыңызды, бейімділіктеріңізді, жеке қасиеттеріңізді, жеке ерекшеліктеріңізді, денсаулық ерекшеліктерін, еңбек нарығындағы мамандықтарға деген сұранысты білу және осыны ескере отырып, мүмкін болатын қызмет түрін табу өзіңізді сәтті қолданыңыз.

Оқу процесінде кәсіптік бағдар беру жұмысы келесі нысандар арқылы жүзеге асырылады: мамандық таңдау бойынша арнайы курс; сабақ; факультативтер; пәндік үйірмелер; оқушылардың ғылыми қоғамы; олимпиадалар, конкурстар; тақырыптық кештер; пәндер бойынша консультанттар топтарының жұмысы; пәндер бойынша тақырыптық газеттер.

Кәсіптік бағдарлауды психологиялық қолдау маңызды фактор болып отыр. табылады, өйткені кәсіптік бағдарлау тобының қызметі қандай әдістермен және жұмыс түрлерімен жүзеге асырылатыны өте маңызды [3].

Мамандық таңдау кезінде мектеп түлегі көптеген сұрақтарға тап болады, кейде өте қайшылықты. Көптеген ата-аналар баласының болашағы туралы ойлана отырып, баланың мүмкіндіктері мен тілектеріне емес, болашақ мамандықтың беделі мен табыстылығына назар аудара отырып, баланың пікірі мен қабілеттерін ескермейді. Балалардың өздері әрдайым бағытты дұрыс таңдай бермейді, көбінесе сән үрдістерін ұстанады немесе достары мен

пұттарының әсерінен әрекет етеді. Тағы бір мәселе – ата-аналар мен мектеп оқушыларының хабардарлығы. Көбінесе студент белгілі бір мамандықтарға назар аудармайтын жағдай туындайды, өйткені ол осы мамандықтардың адамдарының не істейтінін білмейді.

Студенттердің болашақ мамандықты таңдауын талдай отырып келесі негізгі мотивтерді оларды алты топқа бөлу арқылы ажыратуға болады:

- жалпы мотивация;
- мамандықтардың романтикасы;
- танымдық сипаттағы мотивтер;
- мамандықтың әлеуметтік маңыздылығын көрсететін мотивтер;
- мысалға сілтеме;
- ынталандырылмаған таңдау.

Табиғаты бойынша барлық мотивтерді төрт топқа бөлуге болады:

- еңбек қызметінің осы бағытын таңдаудың орындылығын нақты және дәлелді түрде негіздейтін мотив;
- мотивация анық емес, жеткілікті түрде дәлелденбеген
- мотивация сенімсіз, дәлелденбеген;
- дәлелденбеген мотивация.

Мамандық таңдау проблемасының тағы бір аспектісі – баланың бейімділігі. Бейімділік ұғымын объектіге белсенді, жасампаз көзқарасы бар ынталандыру" деп түсіну керек.

Әдетте, оқушы көбірек бейім сабақтарға көп уақыт жұмсайды және сонымен бірге тілекпен жұмыс істейді. Егер адам сонымен бірге осы қызметте (оқу немесе еңбек) белгілі бір нәтижелерге қол жеткізсе, онда бұл әрекеттің қабілеттері туралы айтуға болады. Қабілеттің негізгі көрсеткіші жаңа білімді игерудің жеңілдігі және дағдыларды жетілдіру жылдамдығы, қызметтің жоғары нәтижелеріне қол жеткізу болып саналуы керек.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында оқушылардың қабілеттерін анықтау туралы айтатын болсақ, бұл тек мектеп бағдарламасының білімін ғана емес, сонымен қатар белгілі бір мамандықтарды игеруге бейімділікті білдіреді. Кәсіптік бағдарлаудың мақсаттары мен міндеттері кәсіптік бағдарлаудың өзі дамыған теория мен әдіснамаға сүйене алатын кезде толық көлемде сәтті жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру» деп көрсетіледі.

Кәсіп ұғымының педагогикалық және психологиялық сипаттамасын түсінуден бұрын түсініктің кейбір анықтамаларына тоқталсақ. С.И. Ожегов сөздігі бойынша: «Еңбек әрекетіндегі негізгі қызмет түрі» [4]. Қазақ Совет Энциклопедиясы мынадай анықтама береді: «... белгілі бір білім және еңбек машықтығына қажет ететін еңбек қызметінің түрі. Бұлар жалпы және арнаулы білім алу, күнделікті тәжірибе арқылы шыңдалады, кәсіптің шеңберінде еңбек қызметінің неғұрлым өзіндік жағымен ажыратылатын мамандықтар қалыптасады, бірқатар кәсіптер бірнеше мамандықтар қамтиды» [5].

Американдық зерттеуші Э. Гринвуд өз еңбегінде кәсіптің келесі мағыналық құрамдас бөліктерін көрсетеді: кәсіби топ өкілдері иеленетін билік; қоғамдағы ықпалы, беделі; арнайы білімдер жүйесі; өз кәсібіне байланысты ережелер мен нормалар жүйесін бекітетін корпоративті-бюрократиялық құрылымның және кәсіпқой мамандар қауымдастығының болуы; кәсіби мәдениет [6]. Жалпы «profession» ұғымын шетелдік ғалымдар көп зерттегені байқалады.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында «Скопус» библиографиялық және рефективтік

базасынан «profession» кілт сөзі арқылы іздеу барысында барлығы 147 850 материал табылды. Жарияланған материалдар базаның 27 саласына қатысы бар және 824 жарияланымның салалары белгісіз.

М. Антеби, К. К. Чан және Дж. Ди Бениньо [7] кәсіпті зерттеудің үш «объективін» атап көрсетеді: қалыптасу, әрекет, қатынастар. Осы әрбір көрсеткіш кәсіби мәртебеге қалай жететіндігі мен қолдау табуына түрлі түсініктер қалыптастырып, кәсіби сәйкестендірудің эволюциясын көрсетеді. Біздің ойымызша, бұл «объективтер» «кәсіп» ұғымына байланысты көптеген түсініктерді, оның ішінде кәсіби бірегейлікті анықтауға көмектеседі.

Негізінен «кәсіп» ұғымы «мансап» және «мамандық» түсініктерімен де тығыз байланысты. «Мансап» ұғымы қоғамдағы кәсіби өзгерістерді білдірсе, «мамандық» түсінігі кәсіби әрекеттің ішкі құрылымдануын айқындайды. Кең мағынада мансап әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгерістері, мәртебелік-рөлдік сипаттамасы, еңбек әрекетіндегі әлеуметтік белсенділіктің түрін қосушы ретінде адамның негізгі өмір салаларындағы кәсіби дамуының жалпы бірізділік кезеңдерін анықтайды.

«Кәсіп» ұғымының педагогикалық және психологиялық мәселелері бойынша отандық ғалымдар да зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Отандық ғалымдар арасында «кәсіп» ұғымын зерттеген ғылыми еңбектер саны аз екенін мойындауымыз қажет. Бұл ахуал шетелдік және ресейлік ғалымдардың еңбегіне сүйенуді талап етіп отыр.

Отандық зерттеушілер арасынан Р. Даулеталиева Р. Жалимбетова Т., Сагнаева т.б. өз зерттеу жұмыстарында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтаудағы педагог маманның мәртебесін анықтайды. Ол үшін авторлар қоғам мүшелерінің осы кәсіп иелерін құрметтеу дәрежесі, ұстаздардың әлеуметтік мәртебесін жақсартудың әлемдік тәжірибесін анықтау арқылы заманауи қоғамдағы мәртебесін ашуға ұмтылады. Зерттеу барысында тоғызыншы сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтаудағы диагностикалық нәтижелер ұсынылады.

Берілген диагностиканың анықталған мәселелердің бірі ретінде педагог маманына түрткілерінің қалыптаспағандығы айтылады. Заманауи мектептердегі кәсіби бағдарлау бойынша жұмыс мазмұнын жаңартудың өзекті мәселелерін талдаған еңбекте А.Ш. Досбенбетова мынадай пікір білдіреді.

«Тұлғаның кәсіби өзін-өзі тану мәселелерін зерттеушілердің айтуынша, адам өз бейімділігі мен қабілетіне қарай бір емес, бірнеше кәсіпке бейім болады. Ата-аналардың кәсіби ұстанымдары да айтарлықтай маңызды фактор болып табылады: әлеуметтік және материалдық жағдайы, отбасылық династия немесе ата-аналардың балаларының белгілі бір кәсіпті иеленуге ықыласы. Э.А. Аманбаева, Н.Е. Жаксылыкова, Г.К. Кенбаева зерттеу жұмыстарында мамандық таңдау кәсіби бағдар жұмысының негізі екендігін дәйектейді. Авторлардың пайымдауынша, кәсіби бағдар беру мамандық таңдауда көмек беруге бағытталған жеке мүдделер, қабілеттер, тұлға бейімділігі мен еңбек нарығы сұраныстарына сай кәсіп таңдау процесін оңтайландыруды көздейді.

Кәсіби бағдар дегеніміз – педагогтардың, психологтардың және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының, білім алушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескеріп, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде мақсатты істелетін жұмыс. Мамандық туралы жеткіліксіз білу – мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу уақыты келгенде маңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері:

- Оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;
- Кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- Мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;

- Оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу;

Мәселен, 5-8 сыныптарда оқушылардың политехникалық ой-өрісін кеңейту, оларды сол экономикалық ауданға қажетті кең тараған мамандықтың түрлерімен таныстыру керек. Ал 9-11 сыныптарда әрбір мамандықты терең оқытуға көңіл бөлініп, белгілі бір кәсіпке қызықтыру қабілеттілігін дамыту керек болып табылады. Бұл кездегі оқушылармен жұмыстың негізгі түрлері: факультативтер, техникалық үйірмелер, әр-түрлі мамандық таңдауға бағытталған клубтар және т.б.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 3 бабында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері қамтылған.

Олардың негізгілері мыналар:

- баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;
- білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;
- әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;
- білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;
- адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу; жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;
- білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
- оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі;
- білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы;
- білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы.

Сонымен қатар бұл заңда білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салынады [Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Астана. 2007 ж.].

Қазіргі заманымызда оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру әрбір ұстаздардың алдына қойған басты мақсаты деп ойлаймыз. Ал енді білім мен тәрбие беру сонымен қатар оқушыларға кәсіптік білім беру көптен қолға алынып жүр. Оқушылар мектеп бітірісімен белгілі бір кәсіп иесі болу керек. Бірақ оны іске асыру үшін және кәсіптік мамандық игермес бұрын кәсіптік бағдар жұмыстарына үлкен көңіл бөлу қажет.

Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Сондықтан психология мен педагогикада осы мәселеге үлкен көңіл аударылады. Әр мектептің оқушыларды мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары құрылып, оны жүзеге асыруға психологтың қосатын үлесі мол болуға тиіс.

Мамандардың пікірінше баланы жас кезінен болашақ мамандығын саналы түрде анықтауға ата-аналар, психологтар мен педагогтар өз үлестерін қосуы керек екенін атап көрсеткен.

Қазіргі кезде көптеген психологиялық зерттеу әдістемелері көмегімен баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеп, қай салада қызмет атқаруға икем екенін болжамдап береуге болады. Атап айтсақ, темпераментті зерттеуге арналған Айзенк, Стреляу тестері, Басса-Дарки, Шмишек, Филипс жасаған мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау әдістемелері, таным процестерін зерттеу және қабілеттіліктің түрлерін анықтау әдістемелері көмегімен әр адамның жеке даралық психофизиологиялық ерекшеліктерін нақты анықтауға болады.

КСРО тұсында кәсіптік бағдар – мемлекеттің кадрларға деген сұранысын және адамның

өзіндік икемділігіне қарай мамандық таңдауының өлшемдер жүйесі (психологиялық-педагогикалық, экономикалық және т.б. аталмыш мәселе төңірегінде көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Қазақстанның әлемдік бәсекеге қабілетті ел болу үшін талап – мектепте оқушыларға кәсіптік бағдар беру ғана емес, нақтылы кәсіби бағдарлау міндеті болып отыр. Қазақстан Республикасы 12 жылдыққа көшу бағдарламасының жалпы білім III сатысында тереңдетілген кәсіби бағдарлы білім беріледі. Онда оқушыларды дара қабілеті мен өзіндік қызығуларына қарай негізделген кәсіпке даярлықты жүзеге асырылады делінген.

Оқушының бойында оқу мен еңбекті ұштастыру арқылы оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды назарға алып, еңбекке қызығушылық мәселесіне тоқтала кеткен жөн.

«Еңбек ұғымы» философия, педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдары тұрғысынан кеңінен қарастырылған. Соның ішінде педагогика ғылыми еңбектің мәнін, адам тұрмысындағы еңбек әрекетінің орны мен рөлін, қоғам мен жеке тұлғаның дамуындағы оның маңызын түсінуге мүмкіндік береді. Педагогика ғылымында еңбек мәселесін ағылшын гуманисті Томос Мор (1516), XVII ғасырдағы француз материалисі, француз ағартушысы, философ Ж. Ж. Руссо, неміс педагогы А. Дистерверг т.б. қарастырды.

Ал отандық мамандар қатарында оқушыларды еңбекке даярлаудың педагогикалық теориялық аспектілері: К. Е. Бержанов К. Ж. Қожахметова Б. К. Момынбаев және т.б., ал оқушыларға кәсіптік бағдар беруде еңбекке оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша Б. С. Дюсалиева, А. С. Иманғалиев, И. Имашев, Л. Х. Мажитова зерттеулері анықталған.

Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау қызығушылық мәселесі қарастырылған зерттеулердің басым бөлігінде танымдық қызығушылықты қалыптастыруға аса мән берілгенін, бірқатарында эстетикалық қызығушылықты, кәсіпке қызығушылықты қалыптастыруды зерттелгендігін, ал еңбекке қызығушылықты қалыптастырудың өте аз қарастырылғандығын А. Ф. Ахматов, А. Д. Саблин көрсетті. Қызығушылықтың даму кезеңдерін Н. Г. Морозова, Г. А. Щукина, А. Е. Едігенова жан-жақты талдау нәтижесінде еңбекке қызығушылық ұғымына «тұлғаның еңбек түріне жағымды қатынасымен және осы саладан кәсіби білім, іскерлік, дағдыларын терең игеруімен байланысты еңбек іс-әрекетіне белсенді танымдық бағыттылығы» деп анықтама береміз.

Мамандық таңдаудағы әлеуметтік негізге байланысты қарастырған ғалымдар: В. А. Поляков, В. Н. Шубин, С. Н. Чистякова болса, ал психологиялық – педагогикалық консультация, оқушылардың кәсіптік бағдарын, жеке тұлғаның икеміділіктерін, қызығушылықтарын тәрбиелеу сұрақтары А.Т.Ковалев, И. Н. Назимов, Е. А. Климов, Г. Н. Шунин, С. Д. Рубинштейн т.б. еңбектерінде келтіріледі.

Қазақстандық ғалым Жолмұхан Түрікпенұлының «Кәсіптік бағдар» еңбегінде кәсіптік бағдар пәнін оқу орындарында, орта мектептерде жоспарлау мен ұйымдастыру мәселелері, мектептің ата-аналармен және кәсіпорындармен бірлесіп атқаратын жұмыс түрлері жан-жақты баяндалған. Тәлім беру барысында шәкірттерді сынақтан өткізу, шыңдау жолдарын сөз еткен.

Ал, кәсіптік бағыттылықтың сабақта және оқытудың басқа формаларында ұйымдастыру мәселесін В. П. Басаргин, А. В. Мордовская, Г. Ф. Вечеренко еңбектерінде ашып көрсетеді. Ал Қазақстанда кәсіптік бағдар мәселелерімен Г. А. Уманов, А. П. Сейтешов, Б. Ж. Сыдықов, Л. В. Левонов, Б. А. Оспанов, Л. Х. Мажитова, Ж. Асқарова, Р. А. Озғамбаева және т.б. айналысты. Сонымен бірге студенттердің ұлттық киім үлгісін әзірлеу арқылы еңбекке қызығушылығын қалыптастыруға байланысты А. С. Сманованың «Студенттердің ұлттық киім үлгісін әзірлеу арқылы еңбекке қызығушылығын қалыптастыру» еңбегін атап өтуге болады [8].

Қоғамның даму тарихына байланысты, соған сәйкес еңбек тәрбиесі әр түрлі нысанда дамыды, жетілді, өзгерді, жаңарып отырды. Орта ғасырлық мектеп тәрбиесіне қарсы шыққан, чехтың ұлы педагогы, Я. А. Коменский (1592-1670) педагогикасының негізі-гуманизм мен

демократизм болғаны педагогика тарихынан белгілі. Демек, бұл тек педагогика емес, бүгінгі қоғамды қайта құрудың басты принципі-гуманистік және демократиялық принциппен үндес болып отыр.

«Кәсіптік бағдар» түсінігі көптеген ғылыми түсініктер сияқты бір орында қалып қоймайды. Ол қоғамның мақсатының көзқарасына, тапсырмаларына, әдістеріне, формаларына, кәсіптік бағдардың мағынасына қарай дамып отырады. Бұл түсініктің өзгеруі келтірілген анықтамалармен өзара байланысты, оның әр қайсысы кәсіптік бағдардың сол немесе басқа да аспектілеріне әсерін тигізеді. Сондықтан кәсіптік бағдардың жалпы анықтамасын бермес бұрын оның негізгі 3 құраушысын нақтылап алайық: «іс-әрекет», «мамандық», «бағдар».

Философиялық сөздіктерде «іс-әрекет» түсінігі адамның спецификалық формасы табиғатқа қарым-қатынасын, оны саналы түрде өзгерту және пайдалану белсенділігі ретінде анықталады.

«Іс-әрекет» ұғымының қарастырып отырған «кәсіптік бағдар» ұғымына енгізілуі кәсіптік бағдар ұғымын тек практика жағынан емес, теориялық іс-әрекет ретінде, нақтылап айтсақ, белгілі бір білім дәрежесін ғана емес сол білімді меңгерудегі іс-әрекетті пәнаралық ғылыми бағытты көрсетеді.

Кәсіптік бағдарда практикалық іс-әрекет туындап, теориямен толықтырыла түседі, нәтижесінде кәсіптік бағдарда теориялық және практикалық іс-әрекетті ажырамас бөлік ретінде қарастырамыз. «Кәсіп» белгілі бір еңбек іс-әрекеті.

«Мамандық»-қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Атақты ғалым академик С.Г.Струмилиннің ойы бойынша, бір-біріне жақын мамандықтар топтарға біріктірілуі мүмкін, мысалы, металл өңдеушілер, ағаш өңдеушілер, музыканттар және т.б. Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті және маңызды іс [9].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

2.Пряжников Н. С. Методы активизации профессионального и личностного самоопределения // НПО «Модэк». - М., 2002. 250 с.

3.Резапкина Г.В. Психология и выбор профессии. М.: Генезис, 2005. 200 с.

4. Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под общей ред/ С.П. Обнорского. М. – 848 с.1; 574.

5. Қазақ Совет Энциклопедиясы (1973) Бас редакторы М.Қ. Қаратаев. Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы. Т. 5. – 656 б.

6. Grenwood E. (1957) Attributes of a Profession // Social work. №2 (3). - P. 45-553.

7. Anteby M., Chan C.K., DiBenigno J. (2016) Three Lenses on Occupations and Professions in Organizations: Becoming, Doing, and Relating // The Academy of Management Annals. №10 (1). – P. 183-244.

8. Сманова А.С. Студенттердің ұлттық киім үлгісін әзірлеу арқылы еңбекке қызығушылығын қалыптастыру. Алматы, 2010.

9. Струмилин, С. Г. Очерки экономической истории России и СССР. -М.: Наука, 1966. - 513 с.

ӘОЖ 159.9(09)

ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫ: ЖАН МЕН ТӘН МӘСЕЛЕСІ

Ақатай Гүлжанат Махамбетқызы
gulzhanat_06@icloud.com
«Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» білім бағдарламасының 2-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: философия ғылымдарының докторы, профессор – Бекежан.Ө.К.

Философия – адамзат тарихындағы ең көне әрі маңызды ғылымдардың бірі. Ол адам болмысының мәнін, өмір сүру мақсатын, ақиқат пен таным шегін зерттейді. Философиялық ой әр дәуірде, әр халықта өзіндік ерекшеліктермен дамып, белгілі бір құндылықтарды қалыптастырған. Қазақ философиясы да осы үдерістен тыс қалған жоқ, оның ірі өкілдерінің бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ол өз еңбектерінде адамзаттың мәнін ашуға ұмтылып, ар-ұждан, жанның мәңгілігі және тәннің өткіншілігі туралы терең ой қозғаған.

Шәкәрімнің көзқарастарының түпкі мәнін түсіну үшін оның философиясындағы басты үш ұғым – адам, жан және тән мәселелерін зерттеу қажет. Оның пікірінше, жан – мәңгілік, ал тән – өткінші. Бұл идеялар тек діни-мистикалық таным тұрғысынан емес, этикалық және экзистенциалдық тұрғыдан да ерекше маңызға ие. Шәкәрімнің философиясы бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ, өйткені адам әлі күнге дейін өз болмысын тануға, рухани кемелденуге ұмтылуда.

Бұл мақалада Шәкәрімнің жан мен тән туралы іліміне талдау жасап, оның адамгершілік және рухани даму мәселелеріне қатысты ойларын қарастырамыз. Сонымен қатар, бұл идеялардың қазіргі заманмен байланысын, олардың философиялық және ғылыми тұрғыдан қаншалықты маңызды екенін айтқымыз келеді.

«Тәрбиенің кілті даналық» - деп есептеген халқымыз табиғатпен үйлесім тауып, әрдайым ар-намысты, ұжданды бірінші орынға қойған. Осы ар, намыс, ұждан мәселелерін көтерген нағыз философ – Шәкәрім Құдайбердіұлы болатын. Әкесінен жетім қалып, қазақтың бас ақыны, ойшылы Абайдың тәрбиесінде болған Шәкәрім жастайынан зерек болды. Ойшылдың қаламынан шыққан «Үш анық» еңбегі қазақ философиясының биік шыңы. Шәкәрім философиясындағы жан мен тән мәселесі маңызды мәселелердің бірі де бірегейі. Шәкәрім философиясындағы осы тақырыпты үш негізгі бағытта қарасақ деймін.

Біріншіден, жанның мәңгілігі мен оның табиғаты мәселесі. Шәкәрім философиясындағы негізгі ұғымдардың бірі – жан. Ол жанды мәңгілік әрі өзгермейтін субстанция ретінде қарастырады. Оның ойынша, жан – адамның нағыз болмысы, ал тән – тек жанның уақытша тұрағы ғана.. Бұл идея оның мына сөздерінен айқын көрінеді: «Жан – мәңгі, тән – уақытша». Ол өзінің «Үш анық» еңбегінде жан туралы түсінігін кеңінен ашып, оның мәңгілік екеніне дәлелдер келтіреді. Оның пайымдауынша, адамның шынайы болмысы тәнмен шектелмейді, керісінше, жан – адам өмірінің басты мәні.

Шәкәрім жанның табиғаты туралы айта отырып, оның бар болуын және үздіксіз жалғасуын логикалық тұрғыдан дәлелдеуге тырысты. Ол былай дейді:

Бұл жан басынан бар,
Ойла, тексер, ақылмен[1.78].

Яғни, жан жоқтан пайда болмайды және ол ешқашан жоғалмайды. Бұл идея суфизмдегі және буддизмдегі реинкарнация концепциясымен үндеседі, бірақ Шәкәрім оны ислам философиясы тұрғысынан қарастырады. Оның пікірінше, адам жаны бұл өмірден кейін де өз жалғасын табады, бірақ ол тәннің шектеуінен босайды.

Қазіргі ғылым тұрғысынан да бұл идеялар қызықты. Психология мен неврология сананың материядан тыс болуы мүмкін екенін зерттеуде. Кейбір кванттық физика ғалымдары сана мен жанның материядан бөлек болуын жоққа шығармайды. Осы тұрғыдан қарасақ, Шәкәрімнің жан туралы тұжырымдары бүгінгі ғылыми ізденістермен де үндеседі.

Жан – адам тәніне, денесіне тіршілік беріп тұратын күш. Жан Шәкәрімнің көркем философиясында үлкен орын алатын негізгі ұғымдардың бірі. Жан әрқашан тәнмен үйлесімде, гармонияда болады. Шәкәрім «Үш анық» еңбегінде жанның қызметін былайша анықтайды.

Жан деген не,
Мүлде өле ме,
Семіп о да сөне ме?
Жоғары өрлеп,
Дене жөн деп,
Жаныңмын деп келе ме? [1.87].

Бұл үзіндіде ойшыл жанның не екендігін, жанның мәңгілік немесе өткінші екендігін ой елегінен өткізеді. Жан денемен бірге жасай ма, әлде тәннен бөлініп мәңгі өмір сүре ме? Бұл мәселелерді бір шумақ өлеңге сыйдыру тек Шәкәрімнің қолынан келген шығар. Әр сөзі ғылым, әр тармағы үлкен мәселе. «Жан миға біткен бір сипат бөлінетін нәрсе емес» -дейді ғұлама ақын. Мұны тек жанды білмеген, сезінбеген айта алады. Мұндағы мән қандай? Жанды тек тәнге тіршілік беретін дүние ретінде қарамауымыз керек. Тән өлген соң жан бөгде жанды денеге кіре ме? Бұл мәселелерді қарастыруда Шәкәрім асқан шеберлік танытты. Осы тұста жан мен тән айқасы туралы ой келеді. Кім басты? Қайсысы адам бойын билейді? Бұл сұраққа ақын еңбегінен жауап табамыз.

Жанды билей ме екен дене,
Болса бір сипат тәннен шыққан билер жан неге?
Жан өсіріп тұр тәннің баршасын,
Тән жан жаратты деме.[1.83].

Үзіндіде жанның тәнге қожа екенін, жан тәнді билейтінін анық жеткізген. Жаратылыс пен даму – жанның ісі. Жанды жоқ дейтіндерді қатал сынаған ойшыл адам бойындағы рухани құндылықты көрсетіп, әркім өз шындығын іздеу керектігін көрсетеді. Заман өзгерісінде дүниеге бет қойған тәндерді жансыз деуге келе ме? Жан тәнге ие болып, оны билейді. Жоқты бар қылған да жан, жоқтықты жойып көр қылған да жан. Жан жоқ дегендерді «адасқан», «шатақ діншіл» дей келе, тән сезіміне нанбау керектігін айтады. Ерік пен талапты, ой мен ойлауды берген «Жан» атаулы нәрсе деген пікір айтады Шәкәрім. Адам жаны туылғанда жас баладай болады, оны біліммен, құндылықпен, қасиетпен толықтырғанда ғана ол көркейе түседі. Шәкәрім Құдайбердіұлы жанның әр түрге түсетінін, жанның түрлі қасиеттері болатынын көрсеткен болатын. Мысал ретінде ол «эсткия – сезімтал, аңғарғыш жан, мослмудиеритулм – ақылды жан сияқты түрлері бар» дейді. Философ өзге философтардың «жан» туралы айтқан мәліметтерін жинап, бір негізге келтірді. Әрі өз түсінігіндегі осы мәселені анық, айқын түрде талдаған. Жанның мәңгілік болуы қазақ философиясында, мәдениетінде, дүниетанымында үлкен орын алатын тақырып. Өмірдің мәні – жанның мәңгілігі. Адам жаны Нұрға қосылғанда өткінші өмірден жанның мәңгілігіне көшеді. Жан – дененің тіршілігіне ие болатыны туралы көп ойшылдар айтып кеткен. Ол өзінің «Үш анық» еңбегін жазу себептерінің біріне өлгеннен кейін жан жоғала ма, әлде ол мәңгілік пе деген себепті береді. Жанды жоқ деушілерге дәлелін келтіріп, ойын жеткізді. Бұл еңбекті оқыған адам түйген түйіні болар.

Жан ісі онан бір бөлек,
Еркімен ойлап түрлемек,
Жан қожа тәнге, тән құлы.

Еріксіз айдап жүр демек,
Тән істер жанның жарлығын[1.67].

Адамның шынайы болмысы – жаны, ал тән – соның құралы. Тәннің барлық іс-әрекеті жаннан туындайды. Бұл адамның жан дүниесінің маңызын, руханияттың биіктігін көрсететін философиялық түйін. Жан арқылы тәнге тіршілік бітіп, ақылмен толығады. Жан пен тәннің байланысы тылсым күш. Екеуі біреуінсіз жасауы мүмкін, алайда ол толық дүние еместей көрініс береді.

Екіншіден, тән және оның өткіншілігі туралы ілімі. Шәкәрімнің философиясында тән – уақытша және өткінші дүние. Ол жан мен тәнді қарама-қарсы қоймайды, бірақ тәннің жанды басқармауы тиіс екенін баса айтады. Оның айтуынша, егер тән адамның өміріндегі басты орынға шықса, адам өз болмысын жоғалтады. Ол бұл туралы былай дейді: «Жан билемей, тән билеп, ақылдың соры қайнады». Яғни, адам тек тән қажеттіліктерін қанағаттандырумен шектелсе, рухани құлдырауға ұшырайды.Бүгінгі қоғамда бұл ой ерекше өзекті. Материализм мен тұтынушылық мәдениет адамның рухани дамуынан гөрі тән қажеттіліктеріне көбірек мән беруіне әкеліп соқты. Көптеген адамдар өмірдің мәнін сыртқы байлықтан, дене ләззатынан іздейді, бірақ ішкі жан дүниесіне мән бермейді. Бұл қазіргі адамзаттың басты мәселелерінің бірі болып отыр.

Батыстық психология мен философияда да осыған ұқсас ойлар кездеседі. Мысалы, «mind-body connection» теориясы адамның физикалық және рухани денсаулығының өзара байланысты екенін дәлелдеп, көптеген нәтижелі жаттығулар түрін шығарып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, Шәкәрімнің «Жан мен тәннің үйлесімділігі – адамның кемелденуінің басты шарты» деген ойы бүгінгі күннің өзінде маңыздылығын жоғалтпаған. Тәніміз, денеміз әр нәрсені танып біледі, сезеді. Тән сезімі «Үш анық» еңбегінде бөлек бір бөлім ретінде қарастырылған. Жан мен тән — бір нәрсе емес, бірақ екеуі тығыз байланыста. Жанда болып жатқанның бәрі адамның сыртқы келбетіне, яғни тәніне әсер етеді. Егер жан мен тән бірлік тапса, олар бір-біріне күшті ықпал етеді. Ал жан күйі күрт өзгеріске ұшыраса немесе қатты.

Шәкәрім Құдайбердіұлы тәннің өткіншілігі мен жанның мәңгілігі туралы көп толғанған. Ол адамның тәні уақытша, ол тозып, ақыры бір күні жоқ болады, ал жан өлмейді, мәңгілік өмір сүреді деген ой айтады. Ойшыл тәннің өткіншілігін, ал жанның шынайы мәнге ие екенін көрсетеді. Шәкәрім тәнді материалдық, уақытша құбылыс ретінде қарастырып, оның өлетінін, ал жанның жоғалмайтынын айтады.

Шәкәрімше, адам тек тәнінің қалауын орындап өмір сүрсе, ол шынайы болмысын таппайды. Ал рухани ізденіспен, жан тазалығымен өмір сүрсе, мәңгілік шындыққа жақындайды. Оның «Үш анық» еңбегінде де осы мәселе қозғалады. Шәкәрім тәнді өткінші, ал жанды мәңгілік деп қарастырып, материалистік көзқарастарға сын айтады. Гуманрстік қайшылығы көп ортада өмір сүрген Шәкәрім Құдайбердіұлы өз танымындағы тән мен жанды ажырата көрсеткен.

Қозғаған қуат – жан дейміз,
Жан өсті жаннан сан дейміз.
Сол жандар әсер берген соң,
Жаралды сансыз тән дейміз,
Жанына қарай тән болар[1.65].

Бұл шумақта жан мен тәннің арақатынасы терең философиялық тұрғыда сипатталады. Ақын жанды барлық тіршіліктің бастау көзі, қозғаушы қуат ретінде қарастырады. Оның пікірінше, жан біртіндеп дамып, көбейіп, өз әсерімен сансыз тәндердің жаралуына себеп болады. Яғни, тән – жанның әсерінен пайда болған екінші құбылыс. «Жанына қарай тән болар» деген жолы арқылы Шәкәрім адамның тәндік болмысы мен мінезі, іс-әрекеті оның ішкі жан дүниесіне тікелей байланысты екенін меңзейді.

Бұл ой Шәкәрімнің рухани-философиялық дүниетанымына сай келеді және қазіргі ғылыммен де үндес. Мысалы, психологияда адамның ішкі күйі мен жан дүниесі оның денсаулығы мен сыртқы мінезіне әсер ететіні белгілі. Демек, Шәкәрім жанды – мәңгілік, алғашқы; ал тәнді – уақытша, жаңға тәуелді деп түсіндіреді. Осылайша, ол адамның нағыз болмысы тәнінде емес, жанында екенін дәлелдейді.

Айкезбелік, тәннің жансыз жұмыс жасауы: Шәкәрім сана және оның физикалық сезімдерден тәуелсіздігі тақырыбын қозғайды. Ол адам кейде өзінің кінәсін немесе шындығын сезім мүшелерінің қатысуынсыз түсінетінін, сонымен қатар мүмкін емес болып көрінетін әрекеттерді де жасай алатынын айтады.

Бұл ойлар лунатизм (айкезбелік), гипноз, немесе ішкі түйсік арқылы тану сияқты құбылыстарға меңзейді. Яғни, адам кей жағдайда бейсаналық түрде әрекет етіп, өз еркінен тыс іс жасай алады.

Шәкәрім өзінің «Үш анық» атты философиялық еңбегінде жан мен тәннің арақатынасын терең зерттеп, жанның тәннен тәуелсіз өмір сүре алатынын, кей кезде адам сезім мүшелерінсіз-ақ ақиқатты тани алатынын алға тартады. Сондықтан бұл үзінді адам болмысының көзге көрінбейтін, рухани-терең қабаттарын танытатын құбылыстар жайлы философиялық пайым деуге болады.

Үшінші бағыт - Ар-ұждан және адамгершілік туралы тұжырымы. Шәкәрімнің философиясында адамгершілік пен ар-ұждан басты орын алады. Ол адамды ар-ұжданы арқылы тануға шақырады. «Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсұты» деген сөзі осыған дәлел. Яғни, адамның нағыз мақсаты – тән қажеттіліктерін қанағаттандыру емес, жанның кемелденуіне қызмет ету.

Қазіргі қоғамда бұл қағида ерекше маңызға ие. Технология дамып, өмір сүру деңгейі жақсарғанымен, адамдар рухани дағдарысты бастан кешіруде. Ар-ұждан мен адамгершілік қағидаларын ұстану – осы дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы. Шәкәрімнің осы ойы біз үшін маңызды бағдар бола алады. «Ұждан жанның тілегі, негативі, жоғалмайтын нәрсе»- дей отыра философ оның маңызы мен қажеттігін баяндайды. Ұждан нысап, әділет, мейірім үшеуінің қосындысы. Адамның ең асыл қасиетіне – ақ пейілділік. Кімнің бойында осы бір төрт қасиет табылса шын адам сол. Ш.Құдабердіұлы шығармаларында ар мен ұждан, адамгершілік мәселелері көптеп қозғалады. Адамдық жан мен тәнді ажыратудан, қажеттілігін түсінуден басталады. «Жан адамзаттың бәрінде болғанымен, барлығы арлы, ұжданды емес. «жанының неге ұмтылатынын, ұжданды тілейтінін кейбіреу надандықтан біле бермейді» - дейді ойшыл. Кей адамдар тек материалдық дүниемен шектеліп, жанның асқақ мұраттарын — ар-ұжданды, рухани тазаруды, шындықты іздеуді түсінбейді. Бұл — олардың надандығының, рухани мешеулігінің белгісі. Яғни, ойшыл адамның нағыз адам болмысы — оның жаны мен ұжданы арқылы айқындалатынын ескертіп отыр. Рухани биіктікке ұмтылу — жанның табиғи талабы, ал оны байқамау — надандық. Жанның жоғарылап, рухани биік болуы үшін ұжданға сай өмір сүруі қажет. «Ұждан – екі өмірге бірдей керек таяныш. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң, жол тазарта алмайды» деген тұжырым жасайды ойшыл [2.65]. Ұждансыз нәрсе текке кеткен нәрсе. Онсыз еш нәрсе мәнді, мағыналы болмайды.

Шәкәрім шығармаларында ар тазалығы, имандылық және адамгершілік мәселелері жиі көтеріледі. Ол адамның кемелдікке жетуі үшін адал еңбек етуі, арлы ақыл-ой мен шынайы жүрекке ие болуы қажет деп есептейді. Оның ойынша, мейірімділік, қайырымдылық, ұстамдылық, саналылық, адалдық, төзімділік пен әділеттілік – әрбір адам бойынан табылуы тиіс қасиеттер. Шәкәрімнің көзқарасы бойынша, адамгершілік кемелдену білім мен ғылыммен тығыз байланысты. Нағыз игілікке жетудің жолы – ғылымды меңгеру және соның негізінде өзіңді дамыту.

«Шәкәрім» энциклопедиясында А.Тоқсамбаева: «Ар - адамгершілік сана, этика-философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, Ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қисиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар», - деген пікір береді[3.65]. Бұл пікірде ар ұғымының терең философиялық мәні ашып көрсетілген. Оның пікірінше, ар — адамгершілік сана, этика-философиялық категория. Қазақ халқы үшін адамгершілік, яғни адамшылық немесе адамдық — адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтығын білдіретін ұғым болса, ал ар — сол қасиеттердің шығу тегі, қайнар көзі. Сондықтан арды адамның ішкі моральдық өлшемі, жақсы мен жаманды айыратын рухани таразысы деп түсінуге болады. Ар – тек сыртқы тәртіп не әдет емес, ол адамның жан дүниесіне терең тамыр жайған рухани сана. Осы тұрғыдан қарағанда, ар – адамгершіліктің іргетасы, оның бастау бұлағы.

Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық көзқарастары – адам болмысы, жан мен тәннің мәні, ар-ұждан мен адамгершілік туралы терең ойлардың жиынтығы. Ол жанның мәңгілігін алға тарта отырып, адам өмірінің басты мақсаты тәннің қажеттіліктерін өтеу емес, рухани кемелденуге ұмтылу екенін көрсетті. Бұл ойлар бүгінде де өзектілігін жойған жоқ, керісінше, уақыт өткен сайын тереңдей түсуде.

Қазіргі заман – технология мен материалдық өркендеудің дәуірі. Бірақ осындай уақытта адамның ішкі дүниесі, ар-ұждан тазалығы, рухани тепе-теңдік мәселесі бұрынғыдан да өткір бола түсті. Шәкәрім бізге тәннің ғана емес, жанның да тәрбиесін ұмытпауды ескертеді. Өйткені адам рухани биіктеген сайын, оның өмірінің мәні айқындала түседі.

Шәкәрімнің еңбектері – тек өткеннің мұрасы емес, келешекке жол сілтер рухани компас. Оның ойларын ұғыну – өз болмысымызды тану, жан мен тәннің үйлесімін табу деген сөз. Бұл философия – адамзатқа берілген терең өсиет. Егер біз осы ілімнің мәнін түсініп, өмірімізде қолдана алсақ, шынайы кемелдікке жетеріміз сөзсіз.

Қорыта айтқанда, Шәкәрімнің философиясында жан мен тәннің, ар мен ұжданның орны ерекше. Ол адамды тек дене мен материалдық қажеттіліктерден тұратын тіршілік иесі деп қарастырмайды. Керісінше, адамның нағыз болмысы – оның жанында, ар-ұжданында жатыр дейді. Шәкәрім үшін кәміл адам болу — ақыл, жүрек, және ар ұштасқан тұтастық. Ол жанның мәңгілігіне сеніп, адамның бұл дүниедегі мақсаты — ар мен ұжданды жолбасшы етіп, рухани жетілу деп санайды. Бұл жерде оның ойлары ұлы Абайдың философиялық көзқарасымен ұштасып, олардың арасындағы рухани сабақтастықты паш етеді деп санаймыз. Бұл ойлар қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтпайды. Өйткені адам болу – мәңгілік құндылық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбердиев Ш. Өлеңдер мен поэмалары. – Алматы: «Жалын», 1988. – 207 б.

2. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық /ҚазССР Ғылым акад., М. О. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты; Жауапты ред. А. Сейдімбеков - Алматы: Қазақстан: “Ғақлия ғыл.-әдеби орталығы, 1991 - 80 бет.

3. Шәкәрім: Энциклопедия / Бас ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей: «Алаш – таным», 2019. – 864 б.

4. Мәдібаева Қ., Дерин Ф., Бектұрғанова Г.З., Солтанәева Е., Розиева Д. Шәкәрімнің әдеби мұрасын зерттеу мен оқыту мәселелері: оқу құралы (қазақ, ағылшын тілінде). – Алматы: ЖШС «Lantar books», 2023. – 139 б.

5. Абдрасилова, Г.Шәкәрім философиясы [Электрондық ресурс] : оқу құралы / Г. Абдрасилова. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 130 б. - Б. ц.

ӘОЖ 323.111

АТЫРАУ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДІНДАРЛЫҚҚА БЕТБҰРЫС ҮРДІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Дюсемалиева Жұмагүл Нәсиқызы
Ute05@bk.ru
«Дінтану» білім бағдарламасының 1 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филос.ғ.д, профессор Бекежан Ө.Қ.

Кеңес үкіметі кезінде дінге байланысты нәрселердің бәріне тиым салынғаны белгілі. Сондықтан дінді ұстап, діни салт-жоралғыны сақтау қиын болғаны баршамызға аян. Тәуелсіздікке дейін дін туралы ақпарат болмады десекте болады. Тек бір құдайдың бар екенін білді. Қайтқан адамға жаназа намазға барғанда жерлеу рәсімдері мүлдем бөлек болды. Әйел адамды табытқа (гроб) салып, қыздай кетсе ақ көйлек кигізіп, фата тағып жерлейтін. Музыкамен үрмелі аспаптар оркестрін шақыратын. Дінді үйренетін жерлер де, молдаларда аз болды. Қалада бір ғана қазіргі Құспан молда мешіті болатын. Ол Самарқанд көшесінде орналасқан. Сондықтан жалпы жұртшылық өзін мұсылман санағанымен, ислам дінінің бүге-шүгесін білетін адамдар аз болды. Соның ішінде әйел адамдар діннен, мешіттен мүлдем тыс қалды. Сол Құспан молда мешітінде талай жылдар бойы, дінге келген татар аналар ғана намаз оқып, ораза ұстаған еді. Осы жағдай туған еліміздің тәуелсіздік алып, өз алдымызға егемен ел болғанда ғана өзгерді. Тәуелсіздік әкелген зор мәдени, рухани өзгерістің бірі ата-бабамыздан келе жатқан қастерлі дінімізге жол ашылып, қол үзіп қалған рухани байлығымызбен қайта қауышу болды. Сол 1991 жылдары дінге жалпы жұртпен бірге атыраулық әйел қауымы да игі істерге бетбұрыс жасады. Осы мақаламда сол бір тарихи кезеңде Атырау әйелдері ішінде дінге бетбұрыс жасап, діндарлыққа жол ашқан алғашқы әйелдер-апаларымыз туралы зерттеу жасағым келді.

Сол кезде әртүрлі салада қызмет атқарып, жанұя бағып, бала өсіріп отырған жас келіншіктердің басын қосқан нәрсе-дінге деген құлшыныс, рухани жолға түсуге деген ізденіс болды. Осы бір игі істің басында Есқалиева Нағима Ізімқызы, Қарлыға Жамбылқызы Қошайтегі, Қуанова Актиме Қуанышкерейқызы, Жібек Төлеуішқызы Тулеушева, Мағрипат Сұлтанқызы сияқты қазіргі елге танымал, Атыраудағы әйел қауымы ішінде ұлттық дәстүр мен ислам дінінің құндылықтарын қатар ұстап, тәрбиелік маңызы зор рухани шараларға бастамашы болып жүрген апайларымыз болды.

Сонау еліміз тәуелсіздік алған жылдары өңірдегі әйелдер арасында дінге бетбұрыс жасаған әйелдер жөніндегі мақаламда олардың өмір тарихтарына тоқталып дінге келу жолындағы қиындықтары мен алғашқы қадамдары және осы бағыттағы істеп жатқан игі істері жайында өз сөздеріммен бөліссем деймін.

Осында алғашқы болып дінге келген апаларымыздың бірі-Есқалиева Нағима Ізімқызы еді. Ол кісі 1954 жылы 6 мамырда бұрынғы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1971жылы орта мектепті, Алматы, Ақтөбе қалаларында техникалық оқу орнын бітіріп, әр түрлі салаларда еңбек етіп, 1991жылдан бастап тылсым күштердің ықпалымен көп ауырып, өмірде өз орнын табу үшін дінге келген. Еш нәрсенің парқына бара бермеседе діннен баяз тапқан. 1997—98жылдары қазіргі Құспан атамыздың атындағы мешітке Түркиядан дін ұстазы келді деп халыққа берген хабарландыруды газеттен көріп мешіттің есігін алғаш рет ашқан жандардың бірі. Жалел Гезар ұстаздан алған білімі қалған өміріне азық болып келе жатқан жанның бірі. Апамыздың айтуы бойынша бұл адамдардан да ертерек келген Фатима анамыз, Дариға анамыз қазіргі кезде дүние салған. Сол кезде Күнжамал анамыз, Мағрипат Сұлтанқызы анамыз, Маржан анамыз алғашқы

шәкірттер болды. Сондай-ақ, Мәулет мерекесі облыста алғаш рет тойлануының куәсі болған осы кісілер еді. Оған 30 шақты адам болып ұстазбен өткен шара турасында көптеген түсініспеушілік туындап жатты. Ал 2000 жылы қаланың ортасынан Иманғали мешіті бой көтерді. Кітапхана ашылды ол жерде көзі ашық көкірегі ояу жоғарғы білімді, сөз саптауы шебер Дариға Өтегенқызы Қалыбаева апамыз бастаған ұжым жұмыс жасап қазақ әйелдерінің сауат ашу курстарын ұйымдастырып, түрлі діни шаралардың өтуіне ат салысты. Теолог маманы ретінде сол кезде адасып жүрген жандарға жол сілтеді. Намаз сабақтарын үйретіп, кездесулер, қайырымдылық шараларын атқарды.

Қарлыға Жамбылқызы Қошайтегі ардагер ұстаз, тәлімгер маман, аяулы жар, ардақты ана, мейірімді әже. Теңіз ауданы Жамбыл колхозында 1961 жылы 25 қаңтарда Қошай әулетінде дүние есігін ашқан. Қошай атасы діндар, білімді, балық шаруашылығында еңбек еткен жан болған екен. Әжесі Набира Мұханәліқызы медресе бітірген, діни сауатты білімді адам болған, сол кезде ораза ұстап, әйел адамдар зікір айтып, құдайға құлшылық еткен. Калима шаһадатты жатқа білсе, қала бере Ықылас сүресін жаттатқызған. Қарлыға Жамбылқызы Атыраудағы Ю. Гагарин атындағы орта мектепте 49 жыл еңбек еткен ұлағатты ұстаз. Отбасымен қоса Қазақстанда исламның таралуы тарихы мен пайғамбарымыз Мұхаммед (с. ғ. у.) туралы көп оқыған. 1996 жылы қасиеті ашылып, 1972 жылы Набира әжесі өмірден өтерде: 37 жасқа мұқият бол, Аллаға қарсы келме, Қалпә атаң пері ұстаған оқыған мықты молда болған-деп өсиет еткен екен.

Кеңес үкімет құлағаннан кейін Қазақ еліне Түркия елінен діни маман кадрлар мешіттерде дәріс бере бастап ислам дінінің таралу жолында мықты еңбек етті. Соның ішінде Құспан молда мешітінде Жалел Гезар ұстаздың еңбегі зор болды. Оның баласы 5- сыныпта Қарлыға Жамбылқызынан сабақ оқыса, апай оның әкесінен дәріс алған екен. Дүние жүзілік тарихтан Анкараны түсіндірген сәтте баланың туған елге сағынышын көріп толқыдым- дейді апай.

Ислами дәстүрлі дініміздің мақсаты адамның жаны мен тәні, рухының саулығын, ақылын, мал мүлкін, тегін сақтау. Дініміз жеке тұлғаның дамуына, отбасы құндылықтарды, қоғамда қалыптасуына өте көп ықпал етеді.

Қарлыға Жамбылқызы 9- сыныпқа дінтану пәнінен сабақ берген кезінде оқушылардың осы пәнге қызығушылығының өте жоғары болғанын үнемі айтып отырады. 2007—2021 жылдар бойы осы сабақтарға үлкен жауапкершілікпен қарадым - деп еске алады апай.

Осы жылдары дәстүрлі дінімізге бет бұрған апаймыздың бірі-Қуанова Ақтиме Қуанышкерейқызы еді. Көп балалы отбасынан шыққан анамыз егемендік алған жылдары 10 жасар баласы Маратпен бірге діни білім алу үшін қатар оқып, 1998 жылы өте жақсы деген бағамен бітіріп, жас баламен Құрманғазы ауданындағы Темірәлі мешітінде діни дәріс беріп бастаған еді. Сол кезде отбасымның қарсылығына қарамастан ислам дінін адал ұстадым, Марат қазір қажылық компаниясын ашып қызмет етуде. Отбасымда ағайын туыстарда бәріміз исламға бет бұрдық. Дәстүрлі ислам дінін ұстаймыз-дейді Ақтиме Қуанышкерейқызы.

Дінге келгеніміз 1998 жыл болатын деп еске алады - Ақтиме апамыз. Самарқанд көшесі бойында орналасқан ескі мешітке барып түрік ұстаздан білім алып, қиындықтарды жеңе отырып, геолог поселкесінен жаяу келіп, 10 автобусқа мініп, ақшамыз автобусқа әзер жетеді, киімнің қазіргідей түрі жоқ, ақ көйлек, қара юбка, орамал күнде тазалап киіп, құлшылықтарымызды жасадық. Үйге келгенде екі бөлмеге отырып құран жаттаймыз, жазамыз. Ақша тауып күнкөріс қиын болды, отбасым қарсы болды діни оқуыма, соған қарамастан оқыдық. Бертін келе діни бағытымыздың дұрыс екеніне көздерін жеткіздік – деп еске алады апай.

Өзінің дінге бетбұрыс жасап, діндарлық жолы жайлы Жібек Төлеуішқызы Тулеушева былай дейді. 1951ші жылы 25-майда Атырау облысы, Новобогат (қазіргі Исатай ауданы) ауданы, Мыңтөбе учаскесінде қарапайым еңбекші жанұясында дүниеге келіп, сол жерден Карл Маркс

атындағы мектептің 1-ші сыныбына барып, 3-ші сыныпта отбасы жағдайымен Махамбет ауданы, Жанбай селосына көшіп келіп, 3-ші сыныптан бастап сол жерде оқып, 1968-ші жылы Куйбышев атындағы 10 жылдық мектепті «жақсы» деген бағамен тамамдадым, ауылшаруашылығында жұмыс жасадым, 1972-ші жылы Гурьевтегі медучилищеге түсіп, 1974-ші жылы «жақсы» деген бағамен бітіріп, Махамбет ауданының шалғай участогіне фельдшер болып жұмысқа жіберілдім, еңбек жолымда онкологиялық диспансерде лаборант, № 2-ші поликлиникада учаскелік медбике, 1981-і жылдан бастап облыстық ауруханада медстатист, поликлиникада физ кабинетте, 1991-ші жылға дейін ұйымдастыру бөлімінде медстатист болып жүріп, өз өтінішім бойынша жұмыстан кеттім, шағын жеке кәсіпкерлікпен айналыстым, 1992-тен бастап үйде бала тәрбиесімен жұбайымның қолдауымен үйде отырдым, Заман өзгеруіне байланысты балаларды көше тәрбиесінен шектеп, отбасында тәрбиелеу керек деп мені үйге отыруымды талап етті.

Біз-ұят болады, обал болады, жақсылық жасасаң сауап болады, қарғыс алма-алғыс ал, кісі ақысын мойныңа жүктеме, жерде жатыр екен деп алушы болма- әр заттың иесі бар, өзіңдікі емеске қол жүгіртпе, аузым өзімдікі деп сөйлей берме, сөз сүйектен өтеді, адалдан тапсаң асың адал болады, көрші ақысы –құдай ақысы, туғаныңды құдайыңдай сыйла- жат жаныңнан түңілсін және тағыда басқа тыйымдармен тәрбиеленген ұрпақпыз ғой. Мен өзім әкем қайтыс болғанда бір ғажап оқиғаға куә болдым. Ол кезде сүйекті киіз үйге пәктеп, жаназадан кейін киіз үйді көтеріп үйге жақын жерге орналастырады ғой. Түнде киіз үйдің қасынан өтіп бара жатсам керемет әдемі дауыс құран оқып жатыр, жүрегім елжіреп тыңдап тұрып қалдым. Күз уақыты болатын, біраз тұрып қалыппын үйде шаруалар бар ғой үйге кірсем молда аталардың бәрі үйде отыр, сонда кім құран оқып жатыр?-деп ойладым. Ойладым да қойдым бірақ қорқу, қобалжу болған жоқ. Содан үйге келгеннен бастап түсімде әкемнің даусымен «лә иләһә иллалла Мұхаммад расулалла» деп үш қайтара айтпай ұйықтама балам –тұр жуынып келеғой, -деп тірі кезінде қалай жұмсақ сөйлесе тап солай сөйлегендей болады, бірақ ол құлаққа келген дауыс емес еді. Бұл 1974-ші жылдар болатын. Кейде шаршап, немесе ұмытып жатып қалсам есіме салып тұратын. Бертін келе әжетханаға оң аяқпен кіріп бара жатсам кеудемнен бөгейді, одан бері келе 1989-жылдар шамасында намаз оқы, ораза ұста деп кәдімгі түсімде айтатын болды. Мен білмеймін ғой деп жылаймын. Міне, осылай келдім намазға.

Әулетімізде діндар аталарымыз болғанын, діни ағартушылық қызмет атқарғанын кейін білдім. Олардың дін жолындағы тағдыры да оңай болмағанын артынан білдік. Менің төртінші атам Көкей, Қалпе деген інісімен Үштаған деген жерге 1805-жылдары келген екен, Қоңыр үйлі қожа киік сауған бөлімінен. Арғы жағымыз Сейіт қожадан тараймыз. Назар деген атамыз бір байдың ауру қызын оңаша тіккен қоңыр үйде киіктің сүтімен емдеп жазған екен деген әңгіме бар. Міне, сол Назар атаның Мұрын деген баласынан біздің аталарымыз тарайды екен. Мұрын, Байтөлес, Қожакілең деген үш баласы болған Назар атамыздың . Сол кісінің Жәния деген қызынан тараған Бекет атаны біздің жиен деп отыратын үлкендер. Біздің аталарымыз дін таратуға келген, сондықтан болар дін туралы айтпай кетті, ол бір ауыр жылдар еді. Дін ұстаған адамдар жаппай қуғын-сүргінге ұшырап жатты. Шамғон деген атамыз атылып кетті. Қудалауға көп түскен ғой. Ата, әжелері құран хафыз, қари адамдар болыпты. Бір атамыз сопы болған, мешіт ұстаған екен. Солардың дұғасымен осы күнге жеткізген Аллаға сансыз шүкірлер, мадақтар болсын деп тілек айтамын. Әкемнің Маруан деген кенже інісі өзінің ұлы қайтқанда құранды жатқа хатым етті. Заман бұзылып оқи алмаса да, ата анасынан жаттап алған екен.

Мен мешітке 1997-ші жылы келдім, 1998-ші жылы сауат ашу курсын жақсы мұсылман деген атпен бітіріп шықтым. Шәкірт кезімізден бастап ішкі қоғамдық жұмысқа барымызша аянбай араластық. Бізді басқарып, ертіп жүретін Бибіфатима апамыз болды. Ол кезде мұсылманша киім табу қиындау болатын. Ақшамызда аздау, ол кезде жұмыссызбыз ғой. Сонда да апа Қызылорда жақтан мата сатып әкеліп, кішкене қыздарға, әйелдерге шариғатқа сай қолдан

келгенше киім де тіктік. Мені әйелдердің баскиімі мәселесі көп ойландырды бірақ, үй ішіндегі дінге түсініспестік, өзімнің рухани жағдайым қаржы және мәселесі жағынан бірден кірісіп кетуге мүмкіншілігім аздау болсада 1-2 дана болса да тігіп сыйлап, кейде сатып кимешекті тігіп бастадым. Әжелер мектебі құрылғанан бастап қол өнерді жастарға үйретіп, жәрмеңкеге шығарып, дами бастадық. Қатеп ұстаздың келуімен жандана бастаған жұмыс Айша ұстаз келгеннен кейін тіпті дами түсті. «Жібек кимешек» деген атпен бір кимешегім «Аналарға құрмет» музейінде сақтаулы тұр. Мешіт имамдарының тарапынан болған марапаттары Алла разылығы үшін істеген істерімнің құжатындай деп есептейміз.

Мысалы: 2024жылы «Ислам және дәстүр жылы» деп жарияланған болатын, сол жылы Атырау бас имамы Алтынбек Ұтысқанұлының қолдауымен Дюсемалиева Жұмагүл Нәсиқызы ұйымдастыруымен «Асыл мұра — көненің көзі» атты шара қала мешіттерінің арасында өтті. Қазақи құндылықтарды дәріптеуде кешенді жоспарлы жұмыстар жүрді. Әйел адамның асыл тәжі болған ақ кимешек туралы орамалдар күніне орай «Ана көркі — кимешек» атты шара өтті. Асыл әжелер бас қосып дәстүрлі ата-бабамыздан қалғанын ертеңге жеткізу мақсатында насихаттап келеміз-дейді Жібек Төлеуішқызы.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ еліне бақ қонды. Жағдай жақсарды, діни сауат ашып, қазақ қыздарына әйел ұстаздар келді. Қазақ қыздарына арналған қарилар мектептері ашылды. Көптеген мешіттерде дәріс бере бастады. Жоғары білімді ұстаздар көбейді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қазақ халқының,соның ішінде қазақ әйелдерінің ислам дініне бетбұрыс жасауына зор мүмкіндіктер жасалды. Қазір дін жолында жүрген әйел баласы Атырау өңірінде де көп екенін білеміз. Бірақ осы дінге қатысты соның ішінде діндегі әйел, қыз балаларға қатысты таластың, көптеген әртүрлі пікірдің бар екенін бәрімізде білеміз. Соған байланысты айтарымыз жоғарыда апайларымыз салған жолдың ұлтымыздың дәстүрімен, ұлттық құндылықтармен тығыз байланысты. Олардың дін саласындағы игі істері ешқашан қазақ халқының дәстүрінен, ата-бабаның жолынан бұрыс немесе оған қарсы болып көрген жоқ. Біз дәстүрлі дінімізді өзіміздің салтымызбен ұштастыра насихаттап келеміз. Соның арқасында басқа елдің салтына, киіміне жол бермеуге қызмет етеміз. Осындай қызмет арқылы салтымызға жат ағымдармен, салтымызда болмаған әдеттермен күресіп жүрміз. Мысалы: біздің аналар, әжелер тобы көптеген шаралар өткізуде.

2003 жылдан бері Қазақстан Қажылары Қауымдастығы құрылып, қажылық сапарларға шақырып жұмыстар жасалған. Ділда Матайқызы анамыз алғашқы қажылардың бірі еді. Асыл дініміздегі дәстүрдің дамуына көптеген еңбек еткен жан болатын. Ділда Матайқызының тәрбиелік мәнге толы бірнеше кітабы жарық көрді.

Бибіфатима Жұмахметқызы сол жылдары мешітке барып түрік ұстаздан дәрістер алып, қауіпсіздік шараларына қатысқаны үшін ұлттық қауіпсіздік органынан медальмен марапатталды. Сол кезде теолог маманы ретінде зерттеулер жасаған жан.

Сонау 2008 жылы үлкен қажылық сапарымды өтеп қайтқан соң маған ұсыныс жасалып Қазақстан республикасының қажылары қауымдастығының Атырау облысы бойынша әйел-қыздар бөлімінің төрайымы лауазымына ұсынып, тағайындалдым. Осы қауымдастық арқылы көптеген іс- шаралар атқардық.

Қажылар басшысы Кемелов Дүйсехан Төлегенұлы болатын, сол кісінің басшылығымен мешіттердің ашылу салтанаты, айт мерекесі, мәулет мерекесі, наурыз мерекесі тойланды. Қажыларды қажылық сапарларға шығарып салу, қарсы алу құрметтері Иманғали орталық мешітімен бірге өтті, сол кезде мешіт қажыларды дайындап оқытатын.

Ал 2017 жылы Батыржан Берденұлы Мансұров бас имам болып тұрғада әйел- қыздар секторы жанынан Атырау әжелер мектебі құрылды. Міне, сол әжелер мектебінің ұжымы жылда белгіленіп берілетін бағыттар бойынша, қазақи құндылықтарды дәріптеуде кешенді жоспарлы жұмыстар жасалып келеді. Мысалы, 2024 жылы «Ислам және дәстүр жылы» атанған болатын,

соның аясында «Асыл мұра — көненің көзі» атты ауқымды шара өткізілсе, орамалдар күніне орай «Ана —көркі кимешек» атты кең көлемдегі шаралар өтті.

Біздің мақсатымыз - дәстүрлі дініміздің көркеюіне ат салысу және дін мен ұлттық құндылықтарымызды бірге сақтау. Алдын ала жасалған жоспар бойынша тәрбиелік шаралар өткіземіз. Сонымен қатар «Елсана» рухани патриоттық қауымдастығында да айтулы шаралар өтіп жатыр, қыз-келіншектерге арналған «Инабатты аналар» алаңында көптеген ұлттық тағамдарға қатысты шаралар өткізілді.

«Иман нұры» атты бөлімде басшылық еткен ұстазымыз Ардақ Сайынқызы мен Дамен апай, Айсұлу Қайырқызы болып тәрбиелік мағынадағы әңгімелер айтып бірнеше мереке күндері атап өтілді. Биыл «Ислам және отбасы» жылы болғандықтан қазақ отбасының тәрбиесіне аса көңіл бөлініп отыр.

Қазір қоғамда діни білімге деген қызығушылық көп екені рас. Соның ішінде талас болған орамал мәселесі т.б. да бар. Осы мәселені шешудің бір жолы орамалмен күресу емес, оның орнына қазақтың дәстүрлі киімін, орамалын, кимешегін насихаттау, оны тарату. Сонда жат ағымға еріп, ұлттық дәстүрге қарсы болып жүрген жастарды өзімізге тартар едік деген ой тастаймын. Президентіміздің еліміздің рухани дамуы халқымыздың төл мәдениетін дамытуымен тікелей байланысты екенін айтқанын естен шығармауымыз керек. «Хакім Абай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дегенін білесіздер. Ұлы Абайдың бұл сөзі ұлт ұстанымына айналды. Біз ұлттық мәдениетті дамытуымыз керек. Ұлттық мәдениет дегеніміз бұл – мағынасы терең, көпқырлы ұғым. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады. Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында я болмаса басқа мерекелерде жиі киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты»-дейді Президент.

Қазіргі қазақ қоғамындағы діндар әйелдің бейнесі қандай десе біз ондай әйел асыл дінімізді ұлтымыздың дәстүрімен ұштастырып, ұлттық киімді салтымызға сай киіп, әдет-ғұрыптарымызды берік ұстанып, отбасын ұйытып, ұрпақ тәрбиелеп, елге еңбеп етіп жүрген, білімді, мамандық иесі қыздар мен келіншектер дер едім. Осындай дәстүрдің жалғасып, ұлт тәрбиесіне арқау болуына өңірдегі діндар әйелдер де өздерінің үлесін қосып жүр дейміз. Қазақ әйелінің діндегі орны да, қоғам алдындағы жауапкершілігі де үлкен. Олар дін мен ұлттың дәстүрлі қатынасын сақтауға барлық күш-жігерін салуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Тоқаев Қ. Жұрттың діни сауатын арттыру қажет. Егемен Қазақстан. 7 сәуір, 2023 ж.

2. Мұхан Исахан. Ислам мәдениетіндегі әйел мәртебесі Электрондық ресурс: https://abai.kz/post

3.Әбдірәсілқызы А. Рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамытудағы қазақ әйелінің орны. Дін. Дәуір. Дәстүр :зерттеулер,мақалалар, сұхбаттар.-Атырау.2016-252б.

4.Дін мен дәстүр./Жинақтаған С.Ибадуллаев-алматы,2021.-192 бет.

5.Әділбаева Ш. А. Исламда отбасы: Оқулық.-Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір».-2023.-268 б.

ӘОЖ 94(574)

ЕСЕТ БАТЫР КӨКІҰЛЫНЫҢ 325 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН 1992 ЖЫЛЫ БАСТАЛҒАН ТАРИХИ ЖАҢҒЫРУ

Оразбаев Алмат Мұратұлы
almatorazbayev@mail.ru
«Тарих» білім бағдарламасының 2 курс магистранты,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы.

Есет Көкіұлы еліміздің батысында 1667 жылы дүниеге келген. Тегі Кіші жүз Жетірудың ішіндегі Тама руынан шыққан [1]. Ол қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресте батырлығымен танылған әйгілі тұлғалардың бірі. Қазақ тарихындағы Ақтабан Шұбырынды, Алқакөл сұлама кезеңіндегі ел бостандығы мен бірлігі үшін күрескен батыр. Ол тек қана майдан алаңында бас көтеріп қоймай, ханнан кейін сөйлеген беделді кісі болған. Сондай-ақ, Шақшақ Жәнібектен кейін тархан атағын иеленген екінші тарихи тұлға.

Бүгінде Есет батыр ұлттық болмыстың қалыптасуында рөл атқарған тарихи тұлғалардың бірі. Қазақстан тарихындағы елеулі тұлғаларға айналдырған оның өз жерін қорғаудағы қосқан үлесі мен ерліктері ескеріліп отыр. Ұлтымыздың тарихи жаңғыру үрдісі үшін Есет батырдың орасан зор еңбегін және оның туғанына 325 жыл толуын атап өтілгені жайлы зерделеу өзектілігі туындап отыр [2]. Соңғы онжылдықтарда еліміздегі тарихи жаңғыру үрдісі белсенді түрде іске асырылуда. Бұл жаңғырудың негізі посткеңестік кезеңде ұлттық тарихқа назар аударылып, оны зерделеу барысында қаланды. Есет Көкіұлы сынды тарихи тұлғаларды еске алу қазақ халқының рухын нығайтып, болмысын қалыптастырудағы маңызы зор. Батырдың тарихтағы рөлін зерттеу қазақ жерін қорғау мен мемлекетіміздің дамуына ықпал ететін үрдістерді дамыту үшін қажет [3]. Есет Көкіұлының өмірбаяны зерттелген дереккөздер осы күнге дейін айтарлықтай жиналған. Тарихи шежірелер, мұрағат материалдары, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері батырдың тарихи орнын қайта құрауға, оның соғыс алаңында әскери стратегиясы мен саяси ықпалын талдауға аса қажет. 1992 жылы Есет Көкіұлының 325 жылдығына орай қойылған ескерткіш батырдың тарихи маңызын жаңғыртудың бастамасы болды [4]. Бұл мақаланы зерделеу барысында қаһарманымыздың халық жадына оралуы үшін қоғамдағы атқарылған маңызды іс-шараларға талдау жасалынды.

Бұл зерттеуде Есет батырдың халқы үшін жасаған қызметінің негізгі аспектілері мен оның қазіргі қоғамға деген серпіні қарастырылады. Еліміздің 1991 жылы тәуелсіздің алғаннан кейін басталған тарихи жаңғыруы мен Есет батырды халық қаһарманы ретінде дәріптелуі арасындағы байланысты талдадық. Есет Көкіұлының 325 жылдығын мерекелеу – мәдени-тарихи сабақтастықты күшейтуге арналған мемлекеттік саясаттың маңызды құралы болды. Жастайынан жаугершілік заманында күреспен өскен Есет батыр ел қорғау жорығына ерте жасынан араласқан. Осылайша өз ерлігінің арқасында батыр атанған. Есет батыр Тәуке ханның қолбасшылығымен Кіші жүзді жеңісті шайқастарда басқарды. Тәуке хан осы бір тартыс кезінде оның батылдығы мен найзаның ұшымен ерекшелене алатындығына тәнті болған. Содан кейін Есет батырды шақырып алып: «Айбатың аса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын» деп бата берген деседі [5].

Әйгілі «Ақтабан шұбырындыда» Есет батыр елді біріктіріп, жоңғарларға алғашқы жойқын соққы берген Бұланты шайқасына қатысып, сол арқылы езілген халықтың күш-қуатын арттырған ұлы жеңіске өз үлесін қосты. Сонымен қатар, Аңырақай шайқасының шешуші сәтінде Кіші жүзге басшы болып, туын көтерді. Әбілқайыр ханның саясаты Есет батырдың болашағына тікелей әсер еткен. Ол ханның жанында болып, оған ақыл-кеңес айтып, хан мен халық

арасындағы қайшылықтарды шешеді. Атап айтқанда, орыс патшасы оны тұтқынға алмақ болғанда, сол кездегі ұлы тарихи көсемдер Бөгенбай мен Жәнібек батырлармен бірге ханға төнген қауіпті болдырмаудың амалын жасаған. Есет батырға қатысты деректерге сүйенсек, ол 82 жасында өмірден өткен [5]. Есет батыр туралы дерек көздерге Қазақ хандықтарының шежіресі, XVIII-XIX ғасырлардағы орыс зерттеушілерінің еңбектері, сонымен қатар XX-XXI ғасырлардағы өлкетанушылар мен этнографтар жинаған мәліметтерді жатқызуға болады. Оның әскери жорықтарын, дипломатиялық миссияларын және сол кездегі саяси жағдайға ықпалын растайтын қолжазбалар мен құжаттарды зерттеу маңызды [6]. 1979 жылы Есет батырдың бейіті қираганымен, оның есімі ұрпақтарының жүрегінде сақталады. Бұл оқиға халық арасында кең резонанс тудырды: біреулер оны ұлы батыр, біреулер әулие деп жоқтады. Алайда, көпке дейін бұл әңгімелердің бәрі ауыл ішінде әңгіме болып қала берді. Көрнекті батырдың есімін мәңгі қалдыру үшін осы идеяны шындыққа айналдыра алатын тұлға керек болды. Ақтөбе педагогикалық институтының профессоры, ректоры Мұхтар Арынов осындай тұлғаға айналды [7].

Ақтөбе облысының тұрғындары оны республика халық депутаты етіп сайлағанда, оған маңызды миссия – Есет батырдың рухын лайықты құрметтеудің жолын табуды тапсырды [7]. Ұлттық тарих пен мәдениет көбінесе идеологиялық көзқарастардың көлеңкесінде қалған кеңестік дәуірде бұл міндет оңай болған жоқ. Әсіресе, кесене құрылысының сметалық құны 50 000 сом болғанда жергілікті билік бұл ұсынысқа алғашында күмәнмен қарады. Алайда М. Арынов айтқанынан қайтпады. Ол сәулет шешімдерін іздеуге бастамашы болды, мәдениеттанушылар мен тарихшыларды тартты, сонымен қатар беделді адамдардың қолдауына ие болды.

Жобаны жүзеге асыруда басқа қайраткерлер де маңызды рөл атқарды. Тарихшы, профессор З. Байдосов тарихи деректерді зерттеуге, кесене салу идеясын кеңінен насихаттауға зор үлес қосты. Педагогикалық институттың тарих факультетінің деканы Сейітқали Мәдуанов ұстаздармен бірлесе отырып, Есет батырдың мәдени-тарихи мұрасы ескерілген жоба жоспарын жасады. Оларды Рысжан Ілиясова қолдап, жұмысты ұйымдастыруға да айтарлықтай күш салды [7]. Сонымен қатар, Мұхтар Арыновтың Маңғыстау облыстық кеңесінің төрағасы Қ. Ережеповпен ынтымақтастығы арқасында ескерткішті тұрғызуға қажетті материалдар мен келісімдер алуға мүмкіндік туды. Олардың бірлескен жұмысы бүгінде Есет батыр төбесінде ақиқаттан жасалған және ұлы батырдың естелігін бейнелейтін ескерткіштің жасалуына әкелді [7].

Есет батырдың ескерткіші 1992 жылы қазақ халқының ұлы қолбасшысы әрі қорғаушысы есімін мәңгілікке қалдыру мақсатында орнатылған. Бұл ескерткіш ұлттық бірегейлік пен Қазақстанның тарихи мұрасына деген құрметтің символына айналды. Ескерткіш Есет батырдың туған жері Ақтөбе облысында бой көтерді. Қондырудың бастамашылары Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, тарихшылар, қоғам қайраткерлері және тарихи жадыны сақтауға мүдделі жергілікті тұрғындар болды.

Ескерткіш – Есет батырдың туған жерін қорғауға әзірлігін білдіретін дәстүрлі әскери киімдегі, қолында қылыш ұстаған қоладан жасалған керемет мүсін. Ескерткіш ұлттық нақыштармен және естелік жазумен безендірілген үлкен гранит тұғырға орнатылған. Ескерткіштің биіктігі бірнеше метр, бұл Есет батыр тұлғасының Қазақстан тарихындағы маңыздылығын көрсетеді.

Мүсін қоладан жасалған, бұл оның беріктігі мен мәнерлілігін қамтамасыз етеді. Тұғыр беріктікті, беріктікті және туған жермен мызғымас байланысты бейнелейтін табиғи граниттен жасалған.

1992 жылы Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылында Есет батырдың кесене-ескерткішінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Кесене құрылысы 1992 жылғы 21

қыркүйектегі № 471-р облыс әкімшілігі басшысының бұйрығымен бекітілген [9]. 1992 жылы 3 қыркүйекте мемлекеттік комиссия баланстық құны 2728 мың сом болатын кесене-ескерткішті пайдалануға қабылдады [9]. Алға ауданы әкімшілігі нысанды өз балансына алып, оның сақталуын және техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз етті, сонымен қатар оның айналасында күзет аймағын белгіледі. Кейіннен облыстық мәдениет басқармасы нысанға паспорттық тексеру жүргізді.

Тарихи маңызы жоғары болғандықтан кесене-ескерткішті республикалық маңызы бар ескерткіш ретінде есепке алуды және қорғауды Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінен сұрау туралы шешім қабылданды. Бұл шешім оның Қазақстанның тарихи мұрасын сақтаудағы және көрнекті батырдың есімін мәңгілікке қалдырудағы маңыздылығын көрсетеді [10].

Кесене-ескерткіш – қазақтың дәстүрлі архитектуралық элементтерін монументалды құрылыммен үйлестірген зәулім құрылыс. Ол берік материалдардан жасалған, оның беріктігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Оның дизайнында заман рухы мен Есет батырдың халқына сіңірген еңбегін көрсететін ұлттық ою-өрнектер мен рәміздер қолданылған [4].

Ғалымдар, тарихшылар, қоғам қайраткерлері мен жергілікті тұрғындардың бірлескен күш-жігері барлық кедергілерді еңсеріп, маңызды жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Осылайша, Есет батыр кесенесі тек сәулеттік ғимарат қана емес, сонымен бірге халықтың өз тарихы мен ұлттық батырларына деген құрметінің символына айналды.

Қорытындылай келе, өз дәуірінің дамуына зор үлес қосқан көрнекті тұлғалардың өмірін зерттеуде тарих ғылымының алатын орны зор. Сондай батырлардың бірі – қазақ халқының тарихында қызметі терең із қалдырған Есет Көкіұлы батыр. Бұл талдау оның өмір сүру ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік беретін жазба деректер, ауызша деректік олжаларға негізделген.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, Есет батырдың тарихи контексттегі маңыздылығын көре аламыз. Ол әскери басшы, дипломат қана емес, қазақ руларының бірлігін нығайтуда шешуші рөл атқарған тұлға. Оның өмірбаянының кейбір тұстары туралы ғылыми ортада пікірталастар әлі де бар. Бұл одан әрі зерттеу және тарихи деректерді нақтылау қажеттілігін көрсетеді.

Олай болса, тарихи дереккөздерді талдау Есет Көкіұлы батырдың қызметін және оның қазақ мемлекеттілігінің дамуына ықпалын негіздейді. Осы бағыттағы ғылыми зерттеулерді жалғастыру тарих ғылымындағы олқылықтардың орнын толтыруға және бұл тарихи тұлғаның рөлін толық түсінуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Есет Көкіұлы [Электронды ресурс] // Уикипедия, - 2024. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Есет_Көкіұлы (Қарау уақыты: 10.02.2024)
2. Т. Құсайын, Ту ұстап, тұлпар мінген тархан // Егемен Қазақстан
3. Б. Кемал, Ерлікке тағзым – ұрпақта міндеті // Керек Инфо, - 2012.
4. Есет Көкіұлы кесенесі [Электронды ресурс] // Уикипедия, - 2021. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Есет_Көкіұлы_кесенесі (Қарау уақыты: 10.02.2024)
5. Есет Көкіұлы [Электронды ресурс] // BilimAll, - 2021. URL: https://bilim-all.kz/article/15882-Eset-Kokiuly (Қарау уақыты: 10.02.2024)
6. З. Кәрімхан, Есет батыр Көкіұлы [Электронды ресурс] // Ақтөбе газеті, - 2017. URL: https://aqtobegazeti.kz/?p=59924 (Қарау уақыты: 10.02.2024)
7. И. Асқаров, Іріліктің іздері немесе Батыр тойы қалай пайда болды?, 1992.
8. Б. Қуандыққызы, Ердің соңы – Есет, Пірдің соңы – Бекет [Электронды ресурс] // Егемен Қазақстан, - 2022. URL: https://egemen.kz/article/325387-erdinh-sonhy-–-eset-pirdinh-sonhy-–-beket (Қарау уақыты: 10.02.2024)

9. Сборник №4 решений Главы областной администрации (№215 - №281 октябрь-декабрь) // Актюбинская областная администрация республики Казахстан, 1992.
10. Сборник №3 решений Главы областной администрации (№139 - №215 июль-сентярбь) // Актюбинская областная администрация республики Казахстан, 1992.

ӘОЖ 63.00

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН ВАКЦИНАЛАР ТАРИХЫ

Дабашова Зибажан Асылханқызы
nurpejsovae@list.ru
«Фармация» бөлімі, 2 курс, 50 топ студенті
Қызылорда медициналық жоғары колледжі, Қызылорда қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м, педагог-зерттеуші Нурпеисова Э.С.

Елімізде пандемияға қарсы күресте жаппай екпе алу науқаны 2021 жылы ақпан айының 1 –нен басталған еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бүкіл әлемді жалмап келе жатқан «коронавирус» індетімен күресудің бірден-бір әрі сенімді жолы екпе алу екенін атап өтті. «Мен барлық азаматтарымызды вакцина салдыруға шақырамын. Бұл өзіңізді, ата-аналарыңыз бен жақындарыңызды қорғау үшін қажет. Әрі-беріден соң, бұл біздің азаматтық парызымыз», - деген болатын мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықты індеттен аман алып қалу үшін алаңдап. [1.3б] Медицина тарихының материалдарын пайдалануымыз - бұл тақырыбымыздың өзектілігін айқындайтын факторлардың бірі екендігі сөзсіз. Сонымен Қазақстандағы жүргізілген екпелер тарихын білу - тарихи медициналық, қолданбалы және танымдық мәнге ие, өйткені республика тарихында екпелер тарихын зерттеу ғылыми тұрғыда арнайы мәселе болып өз мәнісінде қойылмаған.

І . «Вакцина» ұғымы және оның шығу тарихы.

«Вакцина» сөзі - латынның «vacca» - сиыр, «vaccinus» - «сиырдікі» ма-ғыналарын білдіреді. Вакцина дегеніміз - микроорганизмдерден, вирус, түрлі бактериялардан алынып, адам мен жануарлар организміне жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану және олардың иммундық қасиетін арттыру үшін егілетін препараттар.[2] Медицинада бұл сөздің қолданылып келе жатқанына жүз жылдан асты. Ежелгі дәуірден-ақ адамзат екпені белгілі бір жұқпалы аурудан алдын ала сақтану үшін қолданып отырған. Енді осы екпелер, яғни вакциналар тарихына шолу жасасақ, екпе атаулы болмай тұрған дәуірде адамдар кез-келген сырқатқа табиғаттан тыс күшті кінәлап, дертке шалдықса бұл өмірде жасаған «жаман қылықтары» үшін жазаланудамыз деп түсінген. [3] Қытайда біздің заманымыздан бұрынғы XI ғасырда дені сау адамдардың танауына шешекпен науқастанған адамның іріңді қабыршағын салатын болған. XVIII ғасырда Африкадан тараған бөртпе дерті Константинопольге жетіп, онан Ұлыбританияға ауыз салған тұста сырқаттың алдын алатын екпе пайда болды. XVIII ғасырда Еуропада жыл сайын 400 мың адамның өмірін қиған шешек ауруына қарсы британдық егуші Томас Димсдейл және 1796 жылы ағылшын дәрігері Эдуард Дженнер шешекке қарсы вакцина ойлап тапты[4.7б].

Тарихты төңкерген бұл өнертабыс иесі, имммунологияның әкесі атанған Дженнер сиыр бағатын шаруалармен сөйлескен кезде олардың «сиыр шешегін» жұқтыратынын, бірақ табиғи адам шешегімен ауырмайтынын байқайды. Сөйтіп, шешекпен ауыратын сауыншы әйелден ірің алу арқылы шешекке қарсы вакцинаны тәжірибе ретінде алғаш рет 8 жасар Джеймс Филлипске жасап көріп, ол оң нәтиже беріп, бұл әлемдегі алғашқы вакциналардың бірі ретінде шешек ауруына тосқауыл болды.

«Вакцина» сөзінің шығу төркіні де осы «vacca» - «сиыр» деген мағынаны білдіретінін атап өткен болатынбыз. Француз микробиологы Луй Пастер тірі вакцинаны түйнемеге (1881) және құтыру ауруына (1885) қарсы қолданды. [5.243б] Ал 1926 жылы француз ғалымдары А.Кальмет пен К.Герен тірі туберкулез (БЦЖ) вакцинасын ойлап тапты. 1955 жылы Америка Құрама Штаттары полиомиелитке қарсы вакцина – Салк вакцинасын шығарды. Осы уақытта вирусолог Альберт Сэбин бұдан арзанырақ, тиімдірек және қауіпсіз вакцинаны жасады.

II. Қазақстанда жүргізілген екпелер тарихы. Қазақ жеріндегі жүргізілген екпелер тарихы адамзат тарихындағы миллиондаған адамның өмірін қиған жұқпалы аурулардың эпидемиясымен тығыз байланысты. Қазақ жеріндегі жүргізілген вакциналар тарихы сонау XV ғасырда басталған еді[6.4б].

Қазақстанда ғылыми медицина мен вакцинация пайда болғанға дейін қазақтар екпе жасау принциптерін білген. 1446 жылы жарияланған деректерге сүйенсек, XV ғасырдағы «Шипагерлік баян» атты кемеңгер қолжазба емдік еңбегінің авторы, қазақтың алғашқы ұлы дәрігері Өтебойдақ Тілеуқабылұлы (1397-1492) шешекке қарсы вакцинаны Еуропаның ғалымы Эдуард Дженнерден 350 жыл бұрын қолданған болатын. Өтебойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» кітабында бұл вакцина туралы былай айтылған: «Жасамалы, жалғамалы, төтемелік қуат (иммунитетті жалғамалы жасау).

Елге енді ғана оппалы, жұғымтал сырқаттар тарала бастағанда, сол сырқаттан сақтанғылық егіп (уакцина егіп), сол жұғымтал таралғыш оппалардан қорғанулық (қорғану үшін) қолмен еккен әдіспен алдан амал қарайластырмақ, жасамалы, жалғамалы төтемелік қуат жарату шарт болмақ», - деп жазылған. [7]

XIX ғасырда Сыр елінде Ахмет Ишан Оразайұлы шешек ауруына қарсы алғаш рет егу жұмысын жолға қойып, балалар өліміне ара тұрды. Бұхарда оқып, шығыс медицинасынан хабардар болған ол шешек ауруымен күресте қатарлап жіпке тізілген бірнеше инені пайдаланған. Балаларға егетін вакцинаны да өзі дайындаған. Шешектің жеңіл түрі «Бесқонақ» дейтін түрімен ауырған кісіден шешек қабыршағын алып, сау балаларға еккен. Ахмет Ишан Оразайұлының жасаған екпелерінен кейін бұл ауру ел ішінде жойыла бастаған. 1922-1923 жылы Телікөл, Сарысу бойын жайлаған тырысқақ (оба) ауруына қарсы күресте қызы Бибісара екеуі мыңдаған кісінің өмірін сақтап қалды. [8]

XIX ғасырда Бөкей Ордасының ханы Жәңгір хан өз қоластындағы халқының денсаулығына үлкен көңіл бөліп 1825 жылы Сарлыбай Жәнібеков деген қазақты шешекке қарсы екпе жұмысын жүргізуді үйрену үшін Орынборға оқуға жібереді. 1826 жылдан бастап Ордада шешек ауруына қарсы екпе жұмыстары жүргізіледі.1840 жылы Жәңгірдің шақыр-туымен Ордаға ветеринар К.П.Ольдккоп келеді. Осында қазақ жеріндегі тұң-ғыш ветеринарлық бөлім ашылып, алғаш мал ауруларына қарсы екпе, тәжі-рибе-зерттеу жұмыстары қолға алынады. [9]

XX ғасырда полиомиелит Қазақстан аумағын да айналып өтпеді. 1959 жылы Қазақ КСР-де басқа одақтық республикалармен қатар полиомиелитке қарсы тірі вакцинаны қолдана бастады. Оны қазақ эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтының директоры Клавдия Алексеевна Костина ұйымдастырды. XX ғасыр басында обаға қарсы балаларға үш жастан бастап егілетін екпе ойлап табылған.

Ол вакцина алғашында Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, және Қызылорда облыстарында қолданылған.[10.214б] Кеңестік азаматтар XX ғасырдың II –ші жартыжылдығынан бастап тұмауға қарсы американдық вирусолог Морис Хиллеманның ойлап тапқын екпесімен егілген еді. 2012 жылдан бастап бұл вакцина тұмаудың төрт қауіпті штаммына қарсы тұра алатындай етіп қайта өңделді. Осы жылдары қазақ өлкесіне 1968 жылдары ағылшындар ойлап тапқан қызылшаға қарсы егу жұмыстары басталады. [11.23б]

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ең алғаш 2009 жылы қазақстандық ғалымдар «доңыз» және «құс» тұмауына қарсы вакцина ойлап тапты. Бұның алдында құс тұмауына қарсы

ветеринарлық вакцина ойлап табылған болатын. [12.12б] 1991 жылдары барлық нәрестелерге В гепатиті және Хиб вакциналары ұсынылған болатын. Бала 11-12 жасқа дейін мектепке келгенде 2006 жылы иммундау кестесіне қосылған Менактрака, белгілі бір түрдегі meningoccal ауруларына қарсы вакцина ұсынылады. 2006 жылдан бастап Гепатит А вакцинасы балаларға арналған иммундау кестесіне қосылады.

Ветеринарияға арналған жануарлар мен құстардың түрлі ауруларына қарсы 28 диагностикалық тест-жүйе мен 26 вакцина өндіру технологиясы әзірленіп, өндірісі ұйымдастырылды. [13.40б]

Бүкіл әлемді 2019 жылы желтоқсан айынан бастап жайлаған «Коронавирус» пандемиясының ауруына қарсы Қарағанды фармацев-тикалық кешені шығаратын ресейлік «Спутник V» вакцинасы қазақстандық-тарға да салына бастады. Ол Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау министр-лігінің Николай Федорович Гамалея атындағы Эпидемиология және микробиология ұлттық зерттеу орталығында (ҰЗО) жасалып шығарылған. Вакцина екі компонентті, ол адамның аденовирус векторы негізінде әзірленген.Бұл вакцинаны жасауға Ресейден субстанция жеткізіледі, ал Қазақстанда сол субстанциядан дайын зат жасалады. Қазақстандық материалдар мен шикізат пайдаланылады [14].

«Спутник V» вакцинасын жасаушы вирусологтардың құрамында біздің қазақстандық ғалым Ілияс Есмағамбетов бар. Қазақстандық бұқаралық ақпараттық құралдары ол туралы әлі жазған емес.Вирусолог ғалымның тарихи отаны – Қазақстан. Мәскеуде туып өскен ғалым Мәскеу биотехнологиялық университетін бітіргеннен кейін Гамалея орталығында 10 жылдай жұмыс істеген және Ілиястың өзі де коронавирусқа қарсы екпе алған. [15.3б]

Елімізде коронавирусқа қарсы бірінші рет вакцинаны алған адам – Алматыдыдағы Қазақ ұлттық аграрлық университеті жанындағы халықаралық вакцинология орталығының директоры Қайсар Табынов. КОВАКС -19 аталған препарат Австралияда жасалыпты.

2021 жылы Жамбыл обысында коронавирус індетіне қарсы отандық «QazVac» (ғылыми атауы – QazCovid-in) вакцинасы шығарыла бастады. Оны Биологиялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу институты әзірледі. Институт басшысы Күсұлу Дальтонқызы Закарьяның сөзінше, клиникалық сынаққа дейінгі зерттеуге 500-ден аса жануар қатысқан. Осыдан кейін сынақ нәтижелері Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығында тексерілген. 2021 жылы 26 сәуірден бастап бұл вакцина жаппай өндіріске шықты. [16.4б]

Биыл елімізде қызылша ауруы өршіп тұр. Әсіресе балалар арасында күннен-күнге көбеюде. Бұл вирусқа бей-жай қарауға болмайды, себебі ол да қауіпті инфекция саналады. Өйткені бұл вирустың емі жоқ. Мұнымен ауырған адамның дене қызуы көтеріле бастайды. Одан кейін денеге қызыл түсті бөртпелер қаптап шығады. Жалпы қызылша ауруының жазылуы бұл адамның иммунитетіне байланысты әртүрлі болмақ. Статистика бойынша бұл вирусты он адамның тоғызы жұқтырады екен. Сондықтан ол жұқпалы әрі өкпенің тыныс алу жолының инфекциясы қатарына жатады. Яғни оның жұғу көрсеткіші тым жоғары болғандықтан ол коронавирус тәрізді жылдам әрі тез таралатын вирус түрі. Лабораториялық зерттеу нәтижесіне сәйкес Қызылорда облысында 876 қызылша ауруы тіркелген. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 767 жағдай анықталса, оның 198-і 1 жасқа толмаған сәбилер. Ал ересек адамдардың арасында 109 науқас анықталған.

Қызылша індетіне шалдыққандардың басым бөлігі ауруға қарсы екпе алмаған, олардың саны жалпы сырқаттанушылықтың 79%-ын құрайды. Оның ішінде медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты екпе алмағандар-16% болса, екпе алатын жасқа жетпегендер 34% болып отыр.

Вакцинациядан бас тартқандар 48% болса, сондай-ақ жоспарлы вакцина алуға тиісті мерзімде негізсіз себептермен (жол жүріп кету, тұрғылықты мекен-жайынан тыс жерде болу,

т.б.) екпе алмай жүргендер көрсеткіші 2%-ды құрайды. Бұдан бөлек, 102 науқастың қызылшаға қарсы иммундық көрсеткіші белгісіз екені анықталды. Ауырғандардың ішінде екпе алған науқастар да бар, алайда олар қызылшаға қарсы екпенің толық курсын алмаған, тек 1 дозасын алған. Яғни ағзада толық иммунитет қалыптаспағандықтан, олардың арасында қазір ауруды жұқтырып алу дерегі орын алып отыр, – дейді Қызылорда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова. Бұл ретте 6 айлық балаларды қызылшаға қарсы ҚЖИ қызылшамен сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақтанғанға дейін 2-4 жас аралығындағы мен 11 ай – 29 күнге дейінгі балалар және медицина қызметкерлеріне 2023 жылдың желтоқсанынан бастап 2024 жылдың қаңтар аралығында екпе салу жүргізілді.

Тарихи деректерді шолу барысында, әдебиеттерді іріктей отырып, вакцина (екпе) тарихы тақырыбында жазылған мәліметтер (6 кітап, 7 газет, 3журнал, 3 автореферат, 11 дереккөздер мен ғаламтор материалдары) мен деректерді негізге ала отырып, мынадай қорытынды жасай аламын. Дереккөздердің барлығында да вирусологтардың вакцинаны алғаш ойлап тапқан дәуірі мен оны өндіріске шығаруы нақты мерзімді көрсетіп отыр және алғашқы екпелердің ерекшелігі мен сынақ ретіндегі тәжірибелері, алғашқы екпе алған тұлғалар, екпе нәтижелері объективті түрде жүйелі түсіндірілген. Сонымен қатар облысымыздағы балалар мен ересектер арасындағы екпе алғандар санын білу үшін Қызылорда облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне барып бас эпидемиолог маман Әлия Нұрмағамбетқызынан мәлімет алдым (Қосымшада тіркелді).

Қай заман болмасын адамзат баласын түрлі аурулардан, індет-терден екпелер аман алып қалды. Сондықтан медицина саласының дамуында екпелердің үлесі болып отыр. Әлемде вакцинаның 150 түрі бар, оның 10 –нан астамы ғылыми зерттеу деңгейіне жеткен. Қазіргі жаһандану заманында шет мемлекеттердің барлығы өз медицинасының екпе алу тарихында әр түрлі аурулармен күресте жаңадан көптеген екпе түрін өндіріске шығаруда. Бүгінгі күні тәуелсіздігіне отыз жыл толып отырған халқымыздың екпе алу тарихында екпені ойлап тауып қолданып жатқан отандастарымыз аз, десек те қазақстандықтар кейбір екпелерді көрші мемлекеттер және шет елдерден алып иммундалуда. Заман талабы өндірісіміздің осы саласын дамытуды көрсетіп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. // «Егемен Қазақстан» газеті. №19 (323 46) 2 ақпан 2021 жыл. 2 бет.
2. https://kk.wikipedia.org/wiki. Вакцина ұғымы.
3. https://el.kz/news/zdorove/vaktsina_turaly_ne_bilemiz/ Вакцина туралы не білеміз?
4. «Ауруларға қарсы алдын ала егудің маңызы». «Қазақстан» баспасы. Алматы.1966 жыл.Ж.Султанов.7 бет.
5. Дерябин П.Н. Каральник Б.В. Микробиология. 243 бет.
6. // «Сыр бойы» газеті. №177 (20251) 16 қараша 2021 жыл.4 бет.
7. http://kazneb.kz/site/catalogue/ «Шипагерлік баян» электронды оқулығы.
8. seykhuninfo.kz/tarih/9247-elne-eleul-ahmet-ishan.html
9. https://e-history.kz/kz/news/show/32892/
10. Журнал «Эпидемиология, иммунология негіздері». 214 бет.
11. //УДК 615:616.371:614:8.Автореферат: «Безопасность и иммуногенно-генность микрокапсулированной формы живой коревой вакцины» Астана.2010 г. Абеев.А.Б. 23 бет.
12. //ӘОЖ 619:616.981.51. Автореферат: «Топалаңның алдын алу және ба-лау мақсатында өндірілетін био препараттардың нәтижелілігін жетіл-діру жолдары» Алматы. 2009 жыл. Айтжанов Б.Д 12бет.

13. //УДК 619:612.017.11.Автореферат: «Сравнительная оценка эффективности применения вакцин против болезни Марека кур и ветеринарно-санитарных мероприятий» Алматы.2010г. Зайковская О.Н. 40 бет.
14. //ortalyq.kz/vaktsinalau-zhospar-bojynsha-zh-rip-zhatyr/ Жансая Омарбек.
15. // «Ана тілі» газеті. 2021 жыл.18 наурыз. «Спутник V вакцинасын жасауға қатысқан қазақ ғалымы» Ермек Жұмахметұлы. 3 бет.
16. // «Айқын» газеті. 2021 жыл.желтоқсан. Коронавируспен күрес жалғаспақ. PS.4 бет.
17. Шоқанов Н. Микробиология: оқулық. – Алматы.141 бет
18. Н.Д.Ющук, Ю.В.Мартынов. Эпидемиология, Москва 2003.143 бет
19. http:kk.wikipedia.org/wiki/ Вакцинация
20. https://www.yaneuch.ru/ Қазақстандағы дәріханалық істің дамуы.
21. https://kk.atomiyme.com Вакциналардың сипаттамасы және жіктелуі.
22. https://www.referat Вакцина түрлері және олардың сипаттамасы
23. https://kk.medinanews.info/vakcinaciya-tarikhy-garemden-er-balala/
24. https://kk.drafare.com/вакцина-және-вакцинаның-тарихы/
25. https://kk.gov-civ-guarda.pt/vaccine
26. https://www.unicef.org/
27. Бехбехани, А.М. 1983. Шешек оқиғасы: Ескі аурудың өмірі мен өлімі *Микробиол* 47 (4): 455-509. 2021 жылдың 13 наурызында алынды.
28. Блейкмор, С. және С. Дженнетт. 2001 ж. *Оксфордтың денеге серігі*. Нью -Йорк: Оксфорд университетінің баспасы. ISBN 019852403X.
29. Бреслоу, Л. *Қоғамдық денсаулық энциклопедиясы*. Нью -Йорк: Macmillan Reference USA/Gale Group Thomson Learning. ISBN 0028658884.
30. Америка тарихының ұлттық мұражайы (NMAH). Вакциналардың тарихы. *Смитсониан ұлттық Америка мұражайы*. 2021 жылдың 13 наурызында алынды.

ӘОЖ 070:004.738.5

ИНТЕРНЕТ-ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ

Шамишева Әсел Серікқызы
shamisheva.asel@mail.ru
«Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 4 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЮНЕСКО журналистика және коммуникациялар кафедрасының профессоры Мұқашева М.Т

Журналистика қоғам өміріндегі маңызды салалардың бірі болып табылады. Ол билік пен қоғам, сондай-ақ жеке адамдар арасындағы «көпір» рөлін атқарады. Журналистер қазіргі уақытта болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат беріп, олардың талдауын жасап, қоғамдық пікірді қалыптастырады.

Журналистиканың негізгі функцияларының бірі - қоғамдық пікірді қалыптастыру. Журналистер түрлі оқиғалар мен құбылыстарды жариялап, олар қоғамда қызығушылық тудыруы ықтимал. Адамдардың көзқарасы мен сеніміне әсер етуі мүмкін ақпараттарды ұсынады. Журналистика қоғамдық пікірді оң немесе теріс бағытта қалыптастыруы мүмкін. Мысалы, журналистік зерттеу сыбайлас жемқорлықты немесе билікті теріс пайдалануды

анықтап, бұл қоғамдық наразылыққа және реформаларға алып келеді. Ал екінші жағынан, журналистік насихат белгілі бір топтардың немесе адамдардың мүдделеріне қызмет ететін қоғамдық пікірді қалыптастырады.

Интернет-журналистика - бұл жаңа медиа үлгісі. Ол мәтін ғана емес, бейнематериал, аудио, графика, инфографика сияқты түрлі форматта таратылады. Бұл оның көпқырлылығын және аудиториямен тығыз байланыс орнатуға бейімділігін көрсетеді. Ең бастысы – ақпараттың жедел таралуы. Оқиға орын алған сәтте-ақ жаңалық интернет арқылы таралып, қоғам назарын бірден аудара алады. Қоғамдық пікірді қалыптастыруда да интернет-журналистиканың орны ерекше. Әлеуметтік желілер мен жаңалық сайттарында тараған мақалалар, репортаждар, сұхбаттар түрлі пікірталас тудырып, халықты ойлануға, әрекет етуге итермелейді. Әсіресе, жемқорлық, әділетсіздік, экология сияқты маңызды мәселелер көбінесе алғаш болып интернетте көтеріледі. Сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешуде маңызды рөл атқара алады. Журналистер қоғамды алаңдататын мәселелерді жариялап, олардың шешімдерін ұсынуы мүмкін. Олар билік, қоғам және әртүрлі мүдделі топтар арасында диалогқа ықпал ете алады.

Соңғы жылдары отандық интернет-журналистика қоғамдық пікірді қалыптастыру әдістерін айтарлықтай өзгертіп, қоғамның көптеген аспектілеріне терең әсер етті. Қазіргі таңда кез келген оқиға мен жағдай туралы әртүрлі пікірлер мен көзқарастар қалыптасып, олар үлкен аудиторияға жетеді. Бұдан қоғамдық пікірдің көпжақты және икемді екенін көруге болады.

Бүгінгі таңда ақпаратты тұтыну формасы түбегейлі өзгерді. Газет-журнал оқитын адам саны азайып, халықтың көбі жаңалықты интернеттен оқиды. Жастар үшін TikTok, Instagram, Telegram - басты ақпарат көздеріне айналды. Демек, журналистер де аудиторияның осы әдетіне бейімделіп, мультимедиялық контент ұсынуы тиіс. Қазақстандағы жағдай: Қазақстанда интернет-журналистика қарқынды дамып келеді. Factcheck.kz, Orda.kz, Exclusive.kz, Til-Qazyna.kz сынды тәуелсіз платформалар сапалы контент ұсыну арқылы халық сеніміне ие болуда. Журналистиканың классикалық принциптерін сақтай отырып, олар жаңа форматтарды да шебер меңгеріп жатыр. Сонымен бірге, интернет-журналистика қоғамдағы цензураны айналып өту құралына айналды. Мемлекеттік БАҚ-та жарияланбайтын кейбір мәселелер тәуелсіз интернет БАҚ арқылы жарық көреді.

Қазақ интернет журналистикасы туралы бірнеше отандық сарапшылар мен мамандардың пікірлері мен зерттеулері бар. Олар интернеттің журналистикаға әсері, блогерлер мен журналистердің рөлі, сондай-ақ жаңа медианың дамуы туралы өз ойларын білдірген.

Назгүл Қожабекова, Қазақстан баспасөз клубының өкілі:

«Интернет журналистика дегеніміз - мәтін емес, ол - жаңа медиа. Контент қалыптастырудың жаңа түрлері, видео, подкаст…»

Түсіндірме: Қожабекова ханым интернет журналистиканың тек мәтінмен шектелмей, мультимедиялық элементтерді, яғни видео мен подкасттарды қолдану арқылы дамуы керектігін атап өтеді.

Интернет-журналистика сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешуде маңызды рөл атқара алады. Журналистер қоғамды алаңдататын мәселелерді жариялап, олардың шешімдерін ұсынуы мүмкін. Олар билік, қоғам және әртүрлі мүдделі топтар арасында диалогқа ықпал ете алады.

Интернет журналистикасы - қазіргі заманғы ақпарат таратудың жаңа формасы болғандықтан, бұл салаға қатысты бірнеше ғалымдар мен сарапшылар өз ойларын білдірген.

Кевин Келли (Kevin Kelly) - Wired журналының негізін қалаушы: «Интернет журналистика – бұл шексіз әңгіме. Әр оқырман – соның бір бөлігі». Мағынасы: Оқырман енді тек тұтынушы емес, сонымен қатар мазмұн жасаушы немесе пікір білдіруші. Журналистика интерактивті бола бастады. Соңғы жылдары отандық интернет-журналистика қоғамдық пікірді қалыптастыру әдістерін айтарлықтай өзгертіп, қоғамның көптеген аспектілеріне терең әсер етті. Қазіргі таңда кез келген оқиға мен жағдай туралы әртүрлі пікірлер мен көзқарастар қалыптасып,

олар үлкен аудиторияға жетеді. Бұдан қоғамдық пікірдің көпжақты және икемді екенін көруге болады.

Мануэль Кастельс (Manuel Castells) - ақпараттық қоғам теориясының негізін қалаушылардың бірі:

«Интернет – бұл жаңа қоғамдық кеңістік. Ол коммуникация мен биліктің табиғатын өзгертеді». Айтқысы келгені: Интернет журналистика дәстүрлі медиадан ерекшеленеді. Ол ақпарат таратуда орталықтандырылған бақылауды әлсіретіп, әр адамға журналист болуға мүмкіндік береді.

Интернет-журналистиканың ықпалы тек ақпараттың таралу жылдамдығымен ғана емес, сонымен қатар адамдардың тек өз пікірлеріне сәйкес келетін ақпаратты қабылдау үрдісімен де байланысты. Желідегі алгоритмдер әр адамның бұрынғы әрекеттеріне негізделген контент ұсынады, бұл өз кезегінде «ақпараттық көпіршіктер» тудырады. Адамдар өз көзқарастарына сәйкес келетін ақпаратты ғана қабылдайды, ал өзге пікірлерді елемейді. Бұл қоғамдық пікірдің бөлінуіне және әртүрлі көзқарастардың арасында алауыздықтың пайда болуына әкеледі. Әлеуметтік желілерде әртүрлі ақпарат көздері мен шындықтар қалыптасып, адамдар әртүрлі оқиғаларды әртүрлі тұрғыдан қабылдай бастайды. Бұл поляризацияны және қоғамның біртұтас пікір қалыптастыруын қиындатады.

Бір жағынан, ақпараттың еркін таралуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, жалған ақпараттың таралуына да жол ашты. Интернетте ешқандай тексеруден өтпеген, шынайылығына күмән тудыратын ақпараттар тез таралуы мүмкі. Бұл жағдай қоғамдық пікірге елеулі әсер етеді, себебі дұрыс емес мәліметтер жаппай таралуы мүмкін, бұндай жағдайлар кейбір кездерде жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін.

Джефф Джарвис (Jeff Jarvis)Сөзі: «The internet is not a medium, it is a conversation». Мағынасы: Интернет журналистика тек ақпарат тарату ғана емес, оқырманмен диалог құру алаңы. Жаңа медианың негізгі ерекшелігі — интерактивтілік. Қазіргі таңда адамзат әлемнің кез келген нүктесінен қандай да бір оқиға туралы ақпарат ала алады. Бұл өз кезегінде қоғамдық пікірдің тек ұлттық деңгейде емес, ғаламдық деңгейде де қалыптасуына ықпал етеді. Үлкен медиа-компаниялардың және халықаралық ұйымдардың ықпалы көбейіп, кейде жергілікті мәселелер жаһандық көзқарас арқылы қарастырылады. Бұл жағдай қоғамдық пікірдің біртұтастығына әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, интернет-журналистика интерактивті. Қарапайым оқырман пікір жазу, сұрақ қою, ақпаратты бөлісу арқылы ақпарат таралуына өзі де үлес қоса алады. Бұл – қоғам мен журналист арасындағы бұрын-соңды болмаған тығыз қарым-қатынасты қалыптастырды. Оның ықпалы тек ақпараттың таралу жылдамдығымен ғана емес, сонымен қатар адамдардың тек өз пікірлеріне сәйкес келетін ақпаратты қабылдау үрдісімен де байланысты. Желідегі алгоритмдер әр адамның бұрынғы әрекеттеріне негізделген контент ұсынады, бұл өз кезегінде «ақпараттық көпіршіктер» тудырады. Адамдар өз көзқарастарына сәйкес келетін ақпаратты ғана қабылдайды, ал өзге пікірлерді елемейді. Бұл қоғамдық пікірдің бөлінуіне және әртүрлі көзқарастардың арасында алауыздықтың пайда болуына әкеледі. Әлеуметтік желілерде әртүрлі ақпарат көздері мен шындықтар қалыптасып, адамдар әртүрлі оқиғаларды әртүрлі тұрғыдан қабылдай бастайды. Бұл поляризацияны және қоғамның біртұтас пікір қалыптастыруын қиындатады.

Бір жағынан, ақпараттың еркін таралуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, жалған ақпараттың таралуына да жол ашты. Интернетте ешқандай тексеруден өтпеген, шынайылығына күмән тудыратын ақпараттар тез таралуы мүмкін. Бұл жағдай қоғамдық пікірге елеулі әсер етеді, себебі дұрыс емес мәліметтер жаппай таралуы мүмкін, бұндай жағдайлар кейбір кездерде жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін.

Қазіргі таңда адамзат әлемнің кез келген нүктесінен қандай да бір оқиға туралы ақпарат ала алады. Бұл өз кезегінде қоғамдық пікірдің тек ұлттық деңгейде емес, ғаламдық деңгейде де

қалыптасуына ықпал етеді. Үлкен медиа-компаниялардың және халықаралық ұйымдардың ықпалы көбейіп, кейде жергілікті мәселелер жаһандық көзқарас арқылы қарастырылады. Бұл жағдай қоғамдық пікірдің біртұтастығына әсер етуі мүмкін.

Мысалы, Түркияда 2023-ші жылы 6-ақпанда болған жер сілкінісі соңғы жылдардағы ең үлкен табиғи апаттардың бірі болды. Бұл трагедиялық оқиға әлемнің назарын аударды, тек оның жойқын күшімен ғана емес, сондай-ақ осы апат туралы ақпараттың интернет және әлеуметтік желілер арқылы таралуымен де ерекшеленді. Интернет-журналистика мен әлеуметтік желілердің қоғам пікірін қалыптастырудағы әсері орасан болды, және цифрлық платформалар арқылы халық тек оқиғадан хабардар болып қана қоймай, сонымен қатар гуманитарлық көмек көрсетуге де атсалысты. Түркияда болған жер сілкінісінде интернет-журналистика ақпарат таратудағы аса маңызды құрал ретінде өз рөлін көрсетті. Бірінші жер сілкінісінің байқалған сәттен бастап, бірнеше минут ішінде әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарда алғашқы хабарламалар пайда бола бастады. Бұл ақпараттар көбінесе жергілікті тұрғындар мен куәгерлерден алынған, олар апат орнынан суреттер мен бейнемазмұндарды жариялап, зардап шеккендер мен қиратылған ғимараттар туралы ақпараттарды кеңінен таратты.

Бұл кезеңде әлеуметтік желілер мен онлайн баспасөздің рөлі ерекше маңызды болды, өйткені олар халыққа жедел ақпарат беруге мүмкіндік берді. Мысалы, Twitter, Telegram мен Instagram секілді платформалар арқылы жер сілкінісінің алғашқы сағаттарында тұрғындар құтқару операциялары, медициналық көмек пен эвакуация орындары туралы ақпараттармен бөлісті. Бұл әлеуметтік желілер төтенше жағдайларда ақпараттың жылдам таралуын қамтамасыз етіп, халыққа жедел қажетті мәліметтерді жеткізді. Жер сілкінісі кезінде интернет-журналистика тек ақпарат таратып қана қойған жоқ, сонымен қатар көмек көрсету жүйесін ұйымдастыруда да маңызды рөл атқарды. Әлеуметтік желілер мен интернет платформалары гуманитарлық көмекті ұйымдастыру үшін байланыс құралдарына айналды. Түркияда апат орын алған аймақтарға көмек көрсету мақсатында бірнеше жедел ақшалай жинақтар мен жүк тасымалдау науқандары басталды. Бұл ақпараттардың барлығы әлеуметтік желілер арқылы таралды, осылайша халықты көмек көрсетуге шақырды. Сонымен қатар, интернет арқылы қайырымдылық науқандары мен медициналық жәрдемдер үшін ақша жинау жүзеге асырылды. Әлеуметтік желілер арқылы адамдар қайырымдылық жасауды жеңілдетіп, қажетті көмекке өз үлестерін қоса алды. Бұл үрдіс тек Түркияда ғана емес, әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдардың назарын аударып, халықаралық көмекті тартуға септігін тигізді.

Интернет-журналистиканың тағы бір маңызды аспектісі – ол қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлі. Түркияға көмек көрсету Қазақстанның сыртқы саясаты үшін маңызды қадам болды. Интернет-журналистика бұл қадамды жан-жақты түсіндіріп, халыққа түсінікті етіп жеткізуге көмектесті. Әлеуметтік желілерде Қазақстанның гуманитарлық көмек көрсетуі екі ел арасындағы достық қатынастарды нығайтуда маңызды рөл атқаратыны туралы кеңінен жазылды. Қазақстандық интернет-журналистика мемлекеттік көмек көрсету мен халықаралық қатынастардағы рөлді түсіндіріп, елдің сыртқы саясаттағы белсенділігін жоғары бағалады. Қазақстанның Түркияға көмек көрсетуі, қоғамның халықаралық ынтымақтастыққа деген көзқарасын қалыптастыруға әсер етті. Бұндай оқиғалар интернет-журналистиканың сыртқы саясатты түсіндіру және оны кеңінен насихаттау функциясын да атқаратын екенін көрсетті. Түркияға көмек көрсету кезінде Қазақстанның азаматтары интернет арқылы бір-бірімен байланысып, әртүрлі гуманитарлық шараларға қатысуға шақырылды. Әлеуметтік желілердегі посттар мен жаңалықтар Қазақстандықтардың өзара бірлігін, көмектесу және қолдау көрсету сезімін күшейтті. Бұл оқиға қоғамның адами құндылықтарды бағалауы мен бір-біріне көмек көрсету қажеттілігін арттырды. Интернет-журналистика осы бірлікті насихаттап, көмек көрсету шараларына қолдау білдірді. Интернет-журналистика Түркияға көрсетілген көмекті халыққа жеткізуде үлкен рөл атқарды. Ақпараттың жылдам таралуы, жалған ақпараттың

таралуын бақылау, қоғамдық пікір қалыптастыру мен мемлекеттің сыртқы саясатын түсіндіру тұрғысынан интернет-журналистика маңызды құрал болды. Осылайша, интернет-журналистика тек ақпарат таратушы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пікір мен халықаралық қатынастарды нығайтуға ықпал ететін күшті механизм ретінде жұмыс істеді.

Қорытындылай келе, интернет-журналистика тек ақпарат таратып қана қоймай, қоғамдық пікірді қалыптастыруда, әлеуметтік және саяси процестерге ықпал етуде маңызды рөл атқарады. Оның дұрыс және жауапты түрде дамуы – қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі мен тұрақтылығы үшін аса қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. https://files.znu.edu.ua/files/Bibliobooks/Chabanenko/0031446.pdf
2. https://www.theguardian.com/media/2006/jan/30/mondaymediasection12?utm_source=chatgpt.com
3. https://www.goodreads.com/author/quotes/15603.Manuel_Castells?utm_source=chatgpt.com
4. https://kk.org/thetechnium/better-than-fre/?utm_source=chatgpt.com
5. https://turkystan.kz

ӘОЖ 78(574)(092)

СЕЙІЛХАН ҚАСИЕТҰЛЫ ХҰСАЙЫНОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Тұрланқызы Индира
indiraturlanqyzy@gmail.com
«Музыка және өнер» кафедрасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Әжікен С.С.

Халықты халық етіп, мерейін көтеретін айрықша ғаламат дарын сол дарын иелерімен бірге жаратылады. Музыка әлемінде бала сезіміне жақын, ойлы, ойнақы, ең бастысы – тәрбиелік мәні мол шығармаларды музыка әуезімен жырлауға күллі өмірін сарп еткен композиторлар ішінен Сейілхан Хұсайынов есімі оқ бойы алға шығып тұрады. Музыка тарихында ойып алған орны бар, Ақ Жайық бойындағы Орал өңірінің тумасы Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов 1929-жылы Батыс Қазақстан (Орал) облысында дүниеге келген. Балалық, жастық шағы Гурьев қаласындағы Жамбыл атындағы мектепте өтті. Сабаққа аса зерек оқушы болып, күй үйрену, ән салу секілді өнерге жақын жүрді. Өнер жолына түсуге атақты Ерғали күйшінің баласы, ел арасындағы талантты күйші Ғылман Хайрошевтың әсері болды. Алғаш домбыра ұстауды нағашы ағасы Молдашев Халелден үйренген. Он жылдық мектепті бітіре сала, арман қуып Алматы қаласына келеді. Жолы болып Ахмет Жұбановтың сынағынан өтіп консерватория студенті атанып, Ғ.Әлжанов, Қ.Жантілеуов секілді атақты күйшілерден, дирижерлық мамандықтан Қ.Мусин, Ш.Шаргородский секілді дирижер-ұстаздардан дәріс алды.



Консерваторияны жақсы бітіріп, жолдамамен еңбек жолын Қостанай облысында бастады.1956-жылы Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы Н.Оңдасыновтың шақыруымен және ҚССР-ы мәдениет министрлігінің жолдамасымен Гурьев облысына жұмысқа келді. Ең алғашқы тапсырма ел ішіндегі өнерлі жастарды жинап, ұлт аспаптар оркестрін құруды Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов жолдасы, қобызшы Раушан Нұрпейсовамен бірігіп үлкен аброймен орындауға кірісті. 1957 жылдан бастап Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов облыс орталығындағы «Мұнайшылар» Мәдениет үйінің жанынан тұрақты домбырашылар үйірмесін ұйымдастырса, Раушан Нұрпейсова қобыз үйірмесін ұйымдастырып осы ұжымды көбейте берді.

Алғашқы кезде оркестрлік жүйеде ұйымдастыру жұмыстары және біртекті орындаушылықта қиындықтар кездесті. Мұның себебі, оркестр мүшелері күйлерді әртүрлі жолмен үйренген және орындау стильдері де әр түрлі еді. Ең бірінші міндет солардың домбыра тарту әдістерін бір жүйеге түсіру керек болды. Оның үстіне оркестрде ойналатын домра прима, қобыз, бас қобыз, бас домбыра, контрабас және ұрмалы, соқпалы сияқты т.б. аспаптар жоқ еді. Ол тұрмақ жәй тенор домбыралардың өзі жетіспейтін.

Осы қиындықтарды бірте-бірте артқа тастап, оркестр ұжым болып қалыптаса бастады. Халық арасынан қолы шебер музыка шеберлерін тауып, жоғарыдағы аспаптарды қолдан жасап, аспап тапшылығын жойды. Белгілі Балықшы ауданының музыка шебері Бисенғали Мырзағалиевтің оркестр үшін жасаған еңбегі орасан зор. Ол өзі жасаған 12 қобыз, 12 домбыраны, бас қобыз т.с.с. музыкалық аспаптарды оркестрге табыс етті. Енді оркестр мүшелеріне нота сауатын үйрету қажеттігі туындады. Осылайша еткен еңбектің жемісі көрініп, оркестрдің алғашқы концертін көрермен жұртшылық қуанышпен қарсы алды.

Талантты жастарды ауыл, аудандардан, облыс еңбекшілері арасынан іздеп, іріктеп ұлттық өнерді насихаттауда Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың еңбегі өте зор. Алғаш оркестр ұйымдастыру ісіне араласып, белсенділік көрсеткен өнерпаздар ішінен Т.Құлтумиев, Қ.Хасанов, К.Түсібалиев, алғаш қобыз аспабын үйрегендер М.Әділов, С.Дүйсенбаева, Ө.Дәулетияровалардың есімін құрметпен атауға болады. Күн санап оркестрдің орындаушылық шеберлігі өсіп және репертуары байи түсті. Орындаушылар оркестрде орындаушылық техникасының жаңа әдістерін меңгере бастап, оркестрдің аспаптар дыбысы күшейіп, колориті байыды. Енді оркестрдің өнерін бір ғана облыс еңбеккерлері емес, республикамыздың басқа облыстарының еңбекшілері, Алматы жұртшылығы да сүйіп тамашалайтын дәрежеге жетті. Гурьев облыс партия комитеті мен атқару комитетінің қаулысы бойынша ***1958-жылы оркестрге «Дина Нұрпейсова атындағы халық аспаптар оркестрі»*** деген құрметті атақ берілді.

1958 жылы 24 қыркүйекте Үкімет Жарлығымен бұрынғы Гурьев (қазір Атырау облысы) орталығынан музыка училищесін ашуға шешім қабылданды. Музыка училищенің алғашқы директоры болып Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов тағайындалды. Оның алдында училищенің материалдық-техникалық базасын жасақтау, оқу бағдарламасын үйлестіру, ноталық әдебиеттер, оқулықтар, музыкалық аспаптар жинақтау, оқытушылар ұжымын ұйымдастыру сияқты келелі міндеттер тұрды.

Училищеге бөлінген шағын ғимаратта фортепиано, қобыз, домбыра, баян мамандықтары бірден ашылды. Музыкалық аспаптар тапшылығын жеңу үшін Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов көптеген қиындықтарды жеңе білді. Алдымен жергілікті музыка шеберлерін іздеп тауып, осылармен ақылдаса отырып, домбыра, қобыз, бас домбыра, бас қобыз жасауды қолға алды.

Музыка училищесінің алғашқы оқытушылары И.Колтайс, О.Герлах, Р.Нұрпейсова, Б.Рзаханов, М.Құспаналиев, Е.Нұрашев сияқты ұстаздар жанқиярлықпен еңбек етті.

Жалпы ноталық әдебиеттер тапшылығы өз алдына, ол кездерде халық аспаптарына жазылған ноталық әдебиеттер жоқ еді. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов училищедегі басшылық жұмыспен қатар күндіз сабақ өткізіп, түнде күйлер мен шығармаларды нотаға түсіріп, әдебиеттерді тез арада жинақтауға күш салды. Қаржылық жағынан облыс басшылығының көмегіне сүйенсе, бағдарламалар турасында және басқа да ұйымдастыру жұмысына қазақтың біртуар өнер қайраткері Ахмет Жұбановтың ақыл-кеңесін алып отырды. Кейін училищеге шағын екі қабатты тұрғын жаңа ғимарат беріліп, жағдай біршама жақсарғандай болды.

Скрипка, үрмелі аспаптар, хор дирижері мамандықтары ашылды. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов басшылық қызметтің ауыр жүгін арқалай жүріп, ұстаздық қызметінде де үлкен жетістіктерге жетіп, көптеген көрнекті шәкірттер тәрбиеледі. Бүгінгі өнер майталмандары - Қ.Р. еңбегі сіңген өнер қайраткері, күйші Шәміл Әбілтаев, халықаралық фистивальдердің лауреаты, дирижер, «Құрмет» орденінің иегері Орақ Жауыров, Қ.Р. еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Айтқали Жайымов, ел ішінде елеулі еңбегімен ел құрметіне бөленген Төлеген Ахметжанов, Құрманғазы атындағы аймақтық сайыстың жүлдегері, республикалық дәрежедегі әдіскер-домбырашы, ұстаз Тілеш Бәділов, «Қ.Р. білім беру ісінің үздігі», Құрманғазы атындағы Алматы Ұлттық консерваториясы халық аспаптар кафедрасының «Құрметті профессоры», Атырау музыка колледжінің тәлімгер-ұстазы Ғизат Әдепқалиұлы осы Сейілхан Қасиетұлының шәкірттері.

Сейілхан Қасиетұлы ұлттық жас мамандар ұжымын құруда аса зор еңбек етті. Жоғарыдағы Атырау өлкесінде алғаш музыкалық оқу орнын және оркестр ұйымдастыру жұмысымен қатар ұстазымыз Сейілхан Қасиетұлы қазақ музыка өнерін насихаттау мақсатында оқытушы және студенттерден шағын ұжым құрып, ауылдар мен елді мекендерде концерттер беретін. Сол сапарларда музыка мәдениетін үгіттеумен қатар ел арасындағы талантты жастарды оқуға шақырып, музыка маманы болуларына көмектесетін.

Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың композиторлық еңбегінің нәтижесінде музыка мәдениетіне көптеген күйлер мен әндер қосылды. Әйгілі «Мереке», «Шаттық», «Жастар байжұмасы» күйлері ұлт аспаптар оркестрлері мен жеке орындаушы күйшілердің репертуарларынан берік орын алды. «Гүлденіп, көркейе бер Гурьевім», «Қазақстан», «Балықшы қыз», «Далабай», «Ақын арманы», «Ақ Жайық» әндерін ән сүйер қауым сүйсіне орындайды. Ол көптеген шығармаларын ұлт аспаптар оркестріне дайықтап, партитураларын ел игілігіне қалдырды.

Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов Қытай, Норвегия, Румыния, Ресей, Германия т.б. көптеген шет елдерде өнер көрсетіп, Кеңестер Одағының шет елдермен достық қарым-қатынастар қоғамының «Мақтау қағаздарымен» бірнеше дүркін марапатталды.

1959 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалі, 1970 жылы «Лениннің 100 жылдығы» юбилейлік медалі, Қазақстанның Жоғарғы кеңесінің, Маңғыстау, Гурьев атқару комитеттерінің «Құрмет грамоталарымен» бірнеше мәрте марапатталған. 1967 жылы «Қазақ ССР-і мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер» құрметті атағы берілді. 1993 жылдан бастап «Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі сіңген дербес зейнеткер» болды. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов 2006 жылы Алматыда өмірден өтті.

Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов шығармаларының тәрбиелік маңызы

Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов ұзақ жылдар ұстаздық өмірінде көптеген шәкірттерінің талаптарына жанашырлықпен қарады. Өнерге икемі бар таланттыларына толайым тәрбие беріп, Мақыш Гайсина, Тілеш Бәделов, Сәтім Әжікенов және т.б. училищеге ұстаздық жұмысқа қалдырды. Бүгінде есімдері қалың қауымға белгілі композиторлар: Шәміл Әбілтаев, Орақ Жауыров, Айтқали Жайымов және т.б. балауса таланттарының бүршік жаруына бар қамқорлығын аямады. Әр алуан жастағы жеткіншектерге әуенді саз, әдемі ән шығарған композитор Сейілхан Қасиетұлы бар шығармашылық қуат-қайратын, талант-қажырын бүтіндей баларға арнады.

Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов өзі ұйымдастырған Дина Нұрпейсова атындағы Атырау музыка училищесінде музыка пәнін оқытудың проблемадық мәселелерін шешуге, арнаулы оқу бағдарламасын жасауға, оқулықтар мен әдістемелік құралдар жасауға, балалар әндерін насихаттауға арналған концерттік фильмдер түсіруге, оларды пластинкаларға жазуға, көркем суретті фильмдерде пайдалануға белсене араласты. Осы орайда ұстаздың шәкірттері Шәміл Әбілтаев және т.б. айтқан пікірлері де көңілге қонарлық. «Мектебіміз – ұстазымызды, ал ұстазымыз – бізді өсірді» деді олар. XX-ғасырдың 1960-1970 жылдары Атырау өңіріне музыка мәдениетін тұңғыш ұйымдастырушылардың бірі болса, балалар домбыра ансамбльдерінің алғаш қарылғаштарына қанат байлаған да Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов. Қазақ балаларының тамаша өнерін туысқан республикаларға, және т.б. қалалардың өнер сүйер ортасына таныстырған да, 40 жыл бойы ұстаздық етуден жалықпаған да Сейілхан Қасиетұлы еді. Қос өнердің – ұстаздық пен композиторлық өнерлердің өркен жаюына бүкіл ғұмыр бойы атсалысқан азамат еңбегін елі де мерей тұтты.

Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов әндерінің тақырыбы бай: туған өлке, сүйікті Отан, мектеп-ана, ұлағатты ұстаз, бүлдіршін балдырған. Бала жүрегін тап басар оның әндері міне, осындай әр алуан, санқырлы болып туындады. Оның шығармашылығы кең ауқымды, терең мазмұнды. Балалар бақшасындағы ертеңгіліктерде, мектептердегі тақырыпты кештерде, мерекелік шараларда оның әндерінің орындалуын айтсақ, композитордың ел үшін, еліміздің болашағы балалар үшін атқарған қыруар еңбегін саралап шамалау қиынға түспейді. Ол – талантты композитор ғана емес, балалар музыкасының жанашыр жаршысы, насихатшысы, әрі ұйымдастырушысы болды. Ұстаз-композитордың әндерінен балаларды жанындай жақсы көретін, балалар психологиясын нақты білетін тәжірибелі педагогтың, нағыз творчество адамының жемісті еңбегін көруге болады. Әндері балалардың жас ерекшеліктеріне лайық, жаттауға жеңіл, үйренуге үйлесімді, сазды да назды. Жүздеп жазған әндерінің қай-қайсысы да бала сезіміне жақын, ойлы, ойнақы, ең бастысы – тәрбиелік мәні мол шығармалар. «Ақ Жайық», «Далабай», т.б. әндері мен «Мереке», «Жастар байжұмасы», т.б. күйлерін айта аламыз. Сейілхан Қасиетұлының бүкіл болмысы – кіршіксіз жан тазалығы, азаматтығы, өнерпаздық талғамы, сүйкімді, мейірім шуақты дидары ұжымдастарына, жүздеген шәкірттеріне шоқтай ыстық.

Музыка пәнінің оқытушысы музыка сабағында Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың шығармашылығы мен күйлерін, әндерін үйретер алдында жоғарыдағы ән айту ерекшеліктерін және оқушылардың ән айтуға дағдылануларын меңгергеннен кейін ғана сол тамаша әндерді үйретуге болады.

Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновқа табиғат ән мен күйден қанат бітірді. Оның әндері қалықтап, бүкіл қазақ даласына самғаса, ал күйлері Сейілхан Қасиетұлы Құсайыновтың өміріне серік етті. Оның шығармашылығы халыққа көптеген жылдар бойы рухани азық болары сөзсіз. Оның сазгерлік шығармашылығы – халқымыздың ән өнерінің жарқын бір белесі боларына сеніміміз мол. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың тұнып тұрған сыршылдығымен, шынайылығымен және сезімге терең бойлауымен ерекшеленетін алғашқы әндері мен күйлерінің өзі сазгердің атын елге жаюда. Сейілхан Қасиетұлы Құсайыновтың композиторлық еңбегінің

нәтижесінде музыка мәдениетіне көптеген күйлер мен әндер қосылды. Әйгілі «Мереке», «Шаттық», «Жастар байжұмасы» күйлері ұлт аспаптар оркестрлері мен жеке орындаушы күйшілердің репертуарларынан берік орын алды. Жастарға арналған күйлері мен әндері мектеп оқушыларын музыкалық тәрбиелеуде маңызды роль атқаратынына сенімдіміз. Мектеп оқушыларының музыкалық – эстетикалық тәрбие беруде түп-нұсқасы музыка сабағын жүргізетін мектеп жанындағы оқушылардың хор, оркестр, музыка сауаты, жеке музыкалық аспаптар үйірмелерінің маңызы өте зор. Осындай ұйымдасқан үйірмелердің жұмысын жандандырып, бағыт беріп отырса, олар өздерінің көздеген мақсатына жететіні сөзсіз. Мектеп хорының негізгі мақсаты балалардың музыкалық қабілеттерін, музыкалық ой-өрістерін, музыкаға деген сүйіспешіліктерін тәрбиелеу, ән айту дағдыларын үйрету деп есептейміз. Мысалы: Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың «Гүлденіп, көркейе бер Гурьевім», «Балықшы қыз», «Ақ Жайық» әндерін атауға болады. Бұл әндер туған еліміздің кең байтақ жерін, көркем табиғаты мен шаттық өмірін бейнелейді.

Достық пен жолдастықты қастерлей білуге, ұжымшылдыққа тәрбиелейтін Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың әндерін үйренудің ерекше мәні бар. Сейілхан Қасиетұлы Құсайыновтың тұнып тұрған сыршылдығымен, шынайылығымен және сезімге терең бойлауымен ерекшеленетін алғашқы әндерінің өзі сазгердің атын елге жайып, халықтың сүйікті перзентіне айналдырды. Қырық жылдан астам шығармашылық қызметінде Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов көптеген музыкалық туынды жазды. Олардың дені - ән жанры. Оның шығармашылығында махаббат тақырыбы негізгі орын алады. Күй өнерінің інжу-маржаны болып табылатын әйгілі «Мереке», «Шаттық», «Жастар байжұмасы» күйлері ұлт аспаптар оркестрлері мен жеке орындаушы күйшілердің репертуарларынан берік орын алды. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың «Гүлденіп, көркейе бер Гурьевім», «Қарамшы, қадамашы көзіңді», «Балықшы қыз», «Далабай», «Ақын арманы», «Ақ Жайық» әндерін ән сүйер қауым сүйсіне орындайды. Мектепте музыка сабағында «Ақ Жайық» әнін төменгі сыныптан бастап барлық сыныптарда орындатып, әннің тарихын, орындалу ерекшеліктерін оқушыларға түсіндірген дұрыс. Ол әнді алғаш рет Д.Нұрпейсова атындағы музыка училищесінің оқытушылары, «Жайық қызы» ән-би ансамблінің әншілері М.Әбілова мен А.Ерзаковалардың екі дауыста орындауларымен халыққа танылды.

XX ғасырда елімізге танымал ән-би ансамбльдері аз емес болатын. Олар әрбір республика, облыс, аудан көлемінде құрылып, қалың көпшіліктің эстетикалық талғам-талаптарынан шығуға тырысып бақты. Көп жылғы тарихы бар, халық ансамблі деген атаққа ие болған сондай ұжымдардың бірі – «Жайық қызы».

Негізінен Атырау қаласының студент, жұмысшы жастардан құрылған бұл өнер ұжымы әр жылдары шет елдерде, республиканың, Кеңес елінің көптеген қалаларында өнер көрсетіп, сан рет жеңістерге қол жеткізген. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың «Ақ Жайық» әні орындалғанда бишілер тамаша билерімен әнді көркемдеп тұратын еді. Атыраудың балықшыларының ерен еңбегінің, Каспий теңізінің сұлу көріністерін, қалықтап ұшқан ақ шағалаларды елестететін тамаша би көрінісі арқылы бұл ән көптеген көпшіліктің көңілінен шықты. Музыка сабағында оқушыларға ән үйретер алдында Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың әндерінің шығу тарихын айта отыра, әнді көбіне мектеп оқушыларына және бағдарламаға жақындатып аламыз. Ал «Ақ Жайық» сияқты екі дауыста айтылатын әндерді оқушыларға үйретер алдынды дуэтпен ән салудың ерекшелігін, дауыс, ырғақ, динамика және т.б. әншілік орындаушылық әдістерін үйретіп алып, сынып оқушыларын екі топқа бөліп алып үйретеді. Сосын ішінен дауыстары таза, есте сақтау қабілеттері жақсы әншілерді концерттерде орындатады.

Композитор Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың кең тынысы сезілмеген әні болған жоқ. Себебі Сейілхан Қасиетұлы шығармаларының ұлы Құрманғазының күйлері сияқты тамаша

әуендік ерекшелігі, қарпайымдығы, әр әннің тақарыптық ерекшелігі болса, орындаушы әншілердің Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновқа деген ілтипаттары мен шынайы сезіммен оның әндерін орындаушылығы еді. Оның әндерінің оқушылардың эстетикалық және имандылық-адамгершілік сезімдерін тәрбиелеуде тигізетін әсерінің неғұрлым тиімді болуы үшін, музыка жайлы әңгімені жан-жақты ойластырып, дұрыс ұйымдастыру шарт. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың музыкасы туралы әңгімелер, сүйікті шығармаларды тыңдау, талқылау, тағы да басқа кластан тыс жұмыстар түрлерінің мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеті мен эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу ісінде атқаратын ролі зор. Сейілхан Хұсайыновтың күй мен ән жанрындағы ерекше суреткерлігі, табиғат бойына дарытқан асқан дарыны болашақта талай – талай өнер зерттеушілерінің бай қазынасына айнала түсетіндігі музыка мамандары үшін, өнерлі жастар үшін өресі биік тың тақырып болып қала береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ән-күй пәнінің мұғалімін дайындаудың кейбір мәселелері», А,. 1997
2. «Мұрагер» бағдарламасы. Алматы, 1994
3. С.Құсайнов «Азаматтық өнегесі» Лениншіл жас. 1986
4. С.Құсайнов «Күй атасы» Лениншіл жас. 1956
5. С.Құсайнов «Домбырада үн қатқанда»
6. А. Шәріпбаева «Бұлақ көрсең көзін аш» Астана -2016
7. С.Әжікен «Атырау саздары» Атырау- 2013

УДК 101.1

ЦЕННОСТИ XXI ВЕКА И ФИЛОСОФСКОЕ ЗНАНИЕ

Калмыков Кирилл Петрович
kalmykov.k.24@gmail.com

Студент 2 курса образовательной программы «Иностранный язык:два инностранных языка» Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика КазахстанНаучный руководитель – к.ф.н.,ассоциированный профессор Кенжебаев. А. А.

Ценности представляют собой культурный пласт, развивавшийся на протяжении истории и определяющий моральные ориентиры общества по сей день. Процесс формирования ценностей зачастую проходит под влиянием следующих факторов:

1. Социальная среда и воспитание – передача традиционных моральных норм, устоев, убеждений и ролевых моделей поведения при помощи института семьи и образования.
2. Наука – отвечает за расширение мировоззрения и развитие критического типа мышления.
3. Массмедиа и цифровая среда – наиболее актуальный на сегодняшний день фактор, включающий в себя изменение механизмов восприятия информации и формирование новых культурных ориентиров.
4. Политико-экономические процессы – борьба за справедливость в социуме, эволюционный подход к понимаю прав и свобод человека.

В XXI веке человечество сталкивается с масштабными изменениями в привычной системе ценностей. Глобализация, цифровизация и развитие новых технологий ускоряют трансформацию морали, культуры и социальных норм. Однако, несмотря на эти быстроменяющиеся тенденции, существуют универсальные ценности, которые остаются

значимыми на протяжении всей истории общества: свобода, справедливость, знание, творчество и любовь. Рассмотрим, какую форму принимают данные понятия в современных реалиях.

Традиционно, знание понимают как цель, как результат научного поиска, источниками которого были объективные факты, рационализм, анализ и логика. Современное понимание знаний в целом сохранилось, однако приобрело новые черты. Прежде всего, благодаря Интернету информация на любые темы стала доступна практически каждому, что значительно расширило возможности самообразования. В то же время знания утратили свою целостность, разделившись на множество разрозненных фрагментов, что затрудняет их системное усвоение и ведёт к поверхностному восприятию. И, наконец, излишняя симплификация материалов неизбежно приводит нас к постепенному переходу от линейного и критического типов мышления к клиповому. Для описания таких изменений довольно точно подходит термин «глобальной деревни», выведенный Маршаллом Маклюэном. «Глобальная деревня» — это идея о том, что с развитием средств массовой информации и эволюции способов коммуникации, мир «сжался» до размера маленькой деревни, где новости разлетаются мгновенно. Население планеты, связанное такой глобальной сетью, он в свою очередь сравнил с жителями этой самой деревни. Из-за слишком быстрой передачи несоизмеримо больших объемов информации, чрезмерной ее доступности и тенденции к упрощению, потребность к познаниям и тяга к развитию начинает медленно угасать. «Апатия – реакция на изобилие информации, на скорость ее получения; едва отмеченное событие забывается, так как его сменили другие, еще более захватывающие» [1]

Следующим важным понятием является идея справедливости. Справедливость подразумевает равенство и честное распределение материальных благ. Философы с древних времен отмечали справедливость как один из важнейших аспектов для жизни общества. К примеру, всем известные Платон и Аристотель рассматривали справедливость в контексте социальной гармонии и этики. Аристотель в своей работе под названием «Никомахова этика» размышляет о справедливости, как об основной добродетели и понимает ее как главный принцип межличностных отношений. В наше же время, понятие справедливости кардинально меняется. Новые социальные движения противопоставляют себя принятым нормам о справедливости и освящают проблемы дискриминации, неравенства, а также бездействия законодательных органов в виду половых, расовых и иных предрассудков. Публичные выступления подобных социальных организаций вызвало немалый резонанс в обществе за последний десяток лет. Однако, иногда стремление к справедливости и борьба за права меньшинств переходят границы, превращаясь из защиты свободы и равенства в угнетение мнений, противоречащих этим идеям. В некоторых случаях это приводит к процессам, где предпочтения и интересы определённых групп начинают восприниматься как приоритетные, а любое несогласие с их позициями — как нарушение моральных норм или проявление неуважения. Таким образом, порой борьба за права меньшинств перерастает в механизмы, которые угрожают свободе выражения мнений и создают новые формы социальной напряженности.

Следующей ценностью, а также фундаментальным правом человека, является свобода. Попробуем понять динамику ее развития. В период античности, Аристотель, Сократ, Эпиктет, Луций Сенека и многие другие философы различали свободу физическую и свободу естественную, то есть способность действовать согласно разуму. Позднее, Джок Локк развил концепцию естественных прав, включая право на свободу, жизнь и собственность. По его мнению, свобода ограничивается только правами других людей. В привычном же нам смысле слова, свобода характеризуется как возможность человека поступать в соответствии со своей волей, не испытывая давления извне. Условно свобода делится на, так называемые, негативную и позитивную свободу (концепция Берлина). Негативная свобода подразумевает под собой лишь отсутствие каких-либо ограничений, что гарантирует независимость конкретного человека.

Позитивная же свобода, в свою очередь, отражает право на самореализацию и осмысленный выбор. В культуре современности, свобода перестала восприниматься как личная независимость индивида. Также она включает в себя свободу слова, цифровую свободу, свободу самовыражения. Однако, новые ответвления также сталкиваются и с новыми ограничениями:

- Информационные пузыри: Социальные сети создают ограниченные среды, в которых люди получают только удобную для них информацию, что парадоксально ограничивает свободу мысли.
- Цензура и контроль: Государства и частные корпорации регулируют доступ к информации, что ставит под вопрос свободу слова.
- Свобода выбора и гиперстимуляция: Постоянный поток информации затрудняет осмысленный выбор, создавая иллюзию свободы вместо её реального осуществления.

Тема ограничения свободомыслия, цензуры, постоянного контроля и повсеместной «культуры отмены» хорошо отражена в романе Джорджа Оруэлла «1984», так как вопрос о ключевом положении свободы в современном мире стоит также остро. К примеру, в Китае уже действует система контроля социального рейтинга, где поведение граждан оценивается, и от их «оценки» напрямую зависит доступ к различным социальным благам.

Тема творчества в XXI веке является одной из самых противоречивых. Для начала, отследим путь ее развития. В античности творчество воспринималось как подражание природе или высшему разуму. Платон рассматривал художника как копирующего мир, где истинное творчество связано с миром идеальных форм. Аристотель, напротив, подчеркивал, что искусство не просто копирует природу, а обобщает и интерпретирует её, добавляя элементы воображения.

В Средние века творчество трактовалось как дар Бога. В эпоху Возрождения человек начинает рассматриваться как самостоятельный творец, что находит выражение в работах художников и мыслителей того времени, таких как Леонардо да Винчи и Микеланджело. Творчество становится актом индивидуального самовыражения, отражающим гениальность.

Иммануил Кант в XVIII веке утверждал, что творчество — это способность разума к оригинальности, к созданию нового в рамках невообразимого. В XIX веке Гегель видел в искусстве способ выражения абсолютного духа, а Ницше противопоставлял творчество инстинктивной воле к власти и культурным традициям.

Экзистенциалисты (Сартр, Камю) утверждали, что творчество — это акт свободы и поиска смысла в абсурдном мире. И наконец, пройдя вековые трансформации, в XXI столетии творчество пришло к эпохе постмодерна. Многие культурные деятели современности заявляют свое творчество антитезой по отношению к популярным направлениям (модернизму), их тематике, раскрывая глубокие, нередко философские, идеи и привлекая внимание общественности к актуальным социальным проблемам.

В условиях современного мира, где социальные сети и медиа играют решающую роль, их высказывания и творческие акты становятся важной частью глобального гражданского дискурса. Музыка становится не просто продуктом для потребления, но и важным инструментом социальных изменений. Это отражает суть постмодернистского подхода, где творчество перестает быть автономным от социальных реалий и становится активным участником борьбы за более справедливое общество.

Любовь и ее понятие на сегодняшний – вещь, которую почти невозможно обобщить, охарактеризовать и конкретизировать. Изначально любовь понимали лишь как необходимый для продолжения рода физический механизм, однако с развитием цивилизации, в разные эпохи каждый понимал такое многогранное понятие по-своему. Например, Аристотель считал, что любовь является дружбой, основанной на добродетели и взаимовыгоде, представители стоической школы видели в любви баланс между разумом и страстью, а приверженцы христианской традиции присвоили любви роль высшего акта самопожертвования. Уже тогда, в

период от античности до эпохи романтизма, любовь превратилась в пространство личного выбора и индивидуальной эмоции.

В XIX веке романтизм ввел любовь в новую фазу — теперь она стала рассматриваться как высшая форма самовыражения, где страсть соседствует с трагедией (Ромео и Джульетта, Страдания юного Вертера).

В XX веке произошел новый переворот:

- Фрейд объяснил любовь через призму подсознания, либидо и детских травм.
- Фромм в «Искусстве любить» утверждал, что любовь — это не просто чувство, а навык, требующий осознанности и дисциплины: «Любовь — не сентиментальное чувство, испытать которое может любой человек независимо от уровня достигнутой им зрелости»;[2, С 7]

«Любовь — это искусство, так же, как и жизнь» [2, С 7].

Со временем коммерциализация проникла даже в самую сакралбную область чувств: любовь стала продаваться через кино, музыку, рекламу и массовую культуру. Она превратилась из уникального опыта в универсальный нарратив: идеальная любовь в кино, массовые романы с предсказуемым сюжетом, культ «настоящей любви» как обязательного атрибута полноценной жизни.

Современное понимание любви всё больше отделяется от её традиционных форм. Если в прошлом она предполагала моногамию, стабильность и эмоциональную вовлечённость, то сегодня границы стали гораздо размытее:

- Популяризация немоногамных отношений (полиамория, открытые отношения, квир-романтика) ставит под сомнение классическое представление о любви как о союзе двух людей.
- Культура независимости (феномены self-partnered, child-free) приводит к тому, что любовь рассматривается как необязательный компонент жизни, а одиночество — как осознанный выбор.
- Изменение гендерных ролей делает любовь менее привязанной к традиционным моделям (мужчина – добытчик, женщина – хранительница очага).

С одной стороны, всё это расширяет свободу выбора, но с другой — размывает само понятие любви, превращая её в гибкий социальный конструкт. Современная культура одновременно романтизирует понятие любви, одновременно и иронизируя над ним. С одной стороны, мы видим идеализированную романтику, с другой – ярчайшее проявление цинизма. Сегодня любовь балансирует между аутентичностью и симуляцией. Она остается одной из главных ценностей человечества, но её формы и проявления изменились. Если в античности любовь была путем к высшему смыслу, а в Средние века — сакральным актом, то сегодня она существует в гибридной форме: между искренностью и маркетингом, глубиной и поверхностностью, свободой и алгоритмами.

Проанализировав главные ценности человека и их эволюцию на протяжении истории, можно сделать следующие выводы: во-первых, наблюдается отход от универсальных представлений о ценностях в сторону субъективности и персонализации. Во-вторых, ценности всё чаще пересекаются с идеологией, что приводит к их политизации. В-третьих, наблюдается противоречивый эффект ускорения культуры: с одной стороны, мир становится динамичнее, с другой – поверхностнее. И, наконец, в-четвертых, доминирующую роль в трансформации ценностей играют глобализация, цифровизация и массовая культура. Одними из важнейших факторов, влияющих на формирование мировоззрения в современном мире, являются средства массовой информации и музыка. Они не просто транслируют культурные коды, но и формируют новые смыслы, помогая людям легче воспринимать окружающую реальность. Философское знание, в свою очередь, позволяет глубже понять эти процессы и их последствия.

Проживая в эпоху развития информационных технологий, каждый их нас непременно сталкивается со средствами массовой информации. Так, что же такое СМИ? Средством массовой информации можно считать любой публичный источник, занимающийся передачей различных информационных материалов, независимо от их формата, своей аудитории. Иными словами, СМИ являются частью более широкого понятия — массовой медиакультуры, влияние которого, в наше время, растет с невероятной скоростью.

Джим Моррисон, солист рок-группы The Doors, заметил, что тот, кто контролирует средства массовой информации, контролирует разум людей. В данном высказывании лаконично и точно выражена суть пропаганды: контроль над информационными потоками ведёт к управлению общественным сознанием. Средства массовой информации формируют восприятие реальности, определяя, какие события становятся значимыми, а какие остаются в тени. Таким образом, информационная власть становится неотъемлемым инструментом влияния на массовое сознание и общественные ценности. И как мы видим, несмотря на значительный прогресс, как в плане технико-технологического оснащения, так и развития в социальной сфере, большинству людей до сих пор присущ один и тот же принцип – безоговорочное доверие к СМИ. Яркие заголовки, эмоциональные рычаги, эффект повторения, мнимая авторитетность отдельных источников – все это помогает удерживать внимание общественности и заставляет намного меньше сомневаться в сказанном, усиливая лояльное отношение аудитории, вне зависимости от содержания.

Рассуждая о влиянии СМИ на массовое сознание, мы неизбежно приходим к концепции современного мифа, описанной Роланом Бартом. По Барту, "Миф — это определённый способ общения, определённый способ видоизменённого знака, который изображает реальность, но только в том виде, в каком он хочет её представить" [3].

СМИ создают такие мифы, превращая определённые события в символы, наделяя их скрытым смыслом и эмоциональной окраской. Например, эффект CNN, заключающийся в безоговорочном влиянии на общественность средств массовой информации, является то, как круглосуточные вещания крупных новостных каналов ускорили крах фондового рынка США в 2008 году, а после и мировой экономический кризис. Данный эффект можно рассматривать как мифологизацию кризиса: новостные каналы не просто сообщали о падении рынка, а превращали его в драматический спектакль, где страх и паника становились главными движущими силами. Это соответствовало логике современного мифа, который не объясняет реальность, а формирует её удобную интерпретацию. В результате аудитория не только получала информацию, но и начинала действовать в рамках навязанного нарратива, способствуя углублению кризиса. Отсюда следует, что современные СМИ не просто сообщают новости, но и управляют общественным восприятием, определяя, что является «реальным» в глазах общества.

Другой движущей силой формирования мировоззрения и новых ценностей современности являются социальные сети. Социальные сети – это место, максимально индивидуализированное под конкретного пользователя и ставящее человека, его потребность в общении и личность на первый план. Зачастую, социальные сети для многих людей являются площадкой для рекламы собственного «Я», называемого личным брендом. Эта концепция перекликается со взглядами американского философа Фрэнсиса Фукуямы. Фукуяма в своем произведении «Идентичность: стремление к признанию и политика неприятия» подчеркивает, что важным аспектом современного мира является стремление индивидов к признанию своей идентичности. Социальные сети, в свою очередь, играют ключевую роль в формировании общественного сознания, влияя на систему ценностей и восприятие окружающей действительности.

Социальные сети рассматриваются как площадка для поиска признания. Фукуяма утверждает, что в современном обществе люди и группы стремятся не только к материальным

благам, но и к признанию своей идентичности: В «терапевтическом обществе» счастье человека зависит от его самооценки, а самооценка является побочным продуктом общественного признания» [4]. Социальные сети создают платформу, где каждый может продемонстрировать свою уникальность, поделиться личными достижениями и получить общественное признание. Это приводит к формированию новой системы ценностей, где ценится внешний образ, популярность и признание, а не глубина или реальная значимость действий. В социальных сетях значительная часть дискуссий сосредоточена на вопросах, связанных с правами различных групп и признанием их уникальности, что создает новые формы общественного взаимодействия и мобилизации. Фукуяма утверждает: «На протяжении всей истории человечества личности вступали в противоречие со своими обществами. Но только ныне сложилось мнение, что истинное внутреннее «я» имеет естественную, природную ценность, а внешнее общество систематически ошибается и несправедливо его оценивает. Менять необходимо не внутреннее «я», подчиняя его правилам общества, но само общество» [4].

Социальные сети усиливают этот процесс, поскольку предоставляют платформу для быстрой и массовой мобилизации, где групповые идентичности часто становятся основными драйверами социальных конфликтов. В результате, вместо того чтобы способствовать пониманию и компромиссу, социальные сети могут углублять разделение, превращая вопросы признания в поляризующие факторы. Социальные сети также становятся основным каналом, через который трансформируется восприятие реальности. Информация, представляемая в социальных сетях, часто является искаженной или представленной в виде упрощенных нарративов, которые соответствуют политическим или социальным интересам отдельных групп. Таким образом, через фильтры социальных сетей общество воспринимает реальность в упрощенной и часто искаженной форме, что может создавать фальшивые представления о событиях, людях и проблемах. Этот процесс искажения и упрощения реальности в социальных сетях напоминает концепцию симулякров, предложенную Жаном Бодрийяром. По Бодрийяру, в современном обществе мы уже не сталкиваемся с подлинной реальностью, а живем в мире, где оригиналы исчезли, и их место заняли симулякры — копии, которые не имеют исходного прототипа. В социальных сетях, как и в других аспектах современной культуры, реальные события и явления всё чаще заменяются их образами, которые становятся важнее самих событий. Этот процесс приводит к тому, что реальность и её восприятие начинают существовать только через образы и символы, отделённые от самой сути происходящего. Как и в мире симулякров, социальные сети создают иллюзорные версии событий, людей и отношений, которые становятся нашей «новой реальностью», где всё, что мы видим, — это лишь отражение самих себя и наших ожиданий.

Наконец, последним, но не по важности, двигателем к развитию ценностей и моральных ориентиров в жизни людей XXI века, является музыка. Теодор Адорно, немецкий философ и социолог, сыграл ключевую роль в развитии философии музыки в XX веке. Для Адорно музыка является не просто искусством, но и важнейшим элементом культурного анализа, отражающим более глубокие социальные и политические процессы. В своей теории он утверждал, что музыка обладает огромной проникающей способностью, способной воздействовать на коллективное сознание и вызывать изменения в восприятии реальности. Музыка может не только удовлетворять эстетические потребности, но и служить мощным инструментом социальной критики и сопротивления. Адорно подчеркивал, что музыка, особенно в её авангардных формах, не должна быть подвластна коммерческим или политическим интересам, а должна стремиться к выражению «истинного» опыта и критике существующих социальных порядков. Для него музыка — это форма отрицания устоявшихся норм, способная раскрывать реальность, скрытую за масками общественного устройства. Музыка, по Адорно, является своего рода

«перекрёстком», в котором сталкиваются различные социальные, политические и культурные силы.

Так тексты некоторых исполнителей не только критикуют текущие проблемы общества, но и поднимают важные вопросы об идентичности, свободе и праве человека на самовыражение. Это делает их творческую деятельность примером того, как музыка может стать «голосом поколения», отражая взгляды, настроения и идеи широкой аудитории, часто отказывающейся от традиционных методов борьбы за перемены.

Проникающая способность музыки, как утверждает Адорно, позволяет ей действовать как важный элемент в формировании общественного сознания. Музыка становится важным каналом для передачи культурных и социальных идей, воздействуя на восприятие действительности. Тексты, которые затрагивают важнейшие вопросы, могут стать катализатором перемен, побуждая аудиторию к действию или хотя бы к размышлениям. Музыка, особенно в её более «интеллектуальных» формах, может выражать протест против социальной несправедливости, призывать к социальной ответственности и действиям. Использование музыки как канала для социальной трансформации требует от исполнителей не только таланта, но и мужества идти против течения, говорить о том, о чём молчит большинство, быть голосом тех, кто не может или не решается выразить своё мнение. Музыка, способная затронуть сердца и умы людей, может стать важным катализатором изменений в обществе, если она будет направлена на решение актуальных социальных проблем и продвижение ценностей справедливости, свободы и равенства.

Используя свою популярность и влияние, музыканты могут транслировать идеи, которые побуждают слушателей к переосмыслению их ценностей, к поиску способов улучшить общество, в котором они живут. Музыка, как форма искусства, имеет уникальную способность создавать пространство для обсуждения, диалога и перемен. Творчество демонстрирует, как искусство может быть не только формой самовыражения, но и инструментом борьбы за справедливость и социальные изменения, предлагая новые перспективы на мир, в котором мы живем.

Подводя итог, мы вновь говорим о том, что ценности, будучи основой человеческой культуры и общества, претерпевают значительную трансформацию в условиях современного медиапространства. Информационные потоки, социальные сети, массовая культура и цифровые технологии формируют новую систему приоритетов, где нематериальные ценности зачастую уступают место мимолётным трендам, а восприятие реальности всё больше оказывается под влиянием алгоритмов и информационных фильтров. В XXI веке мы наблюдаем не просто изменение ценностей, а их переформатирование: вместо глубинного осмысления приходит фрагментарное восприятие, вместо сложных моральных ориентиров — поверхностные лозунги.

Философия остаётся важнейшим инструментом осмысления этих процессов. Именно философское знание позволяет не только анализировать трансформации ценностей, но и ставить под вопрос их происхождение, смысл и последствия. В эпоху, когда общественное мнение всё чаще формируется не в ходе рационального обсуждения, а под влиянием медиа, философия возвращает нас к необходимости критического мышления. Она напоминает, что ценности — это не просто отражение времени, но и продукт человеческого выбора. В конечном итоге современный мир всё более обращается к антропоцентризму, ставя в центр внимания человека, его желания, переживания и субъективный опыт. Это несёт в себе как риск эгоцентризма и утраты коллективных ориентиров, так и возможность формирования общества, где личная ответственность за смысл и ценности становится главным принципом. Вопрос лишь в том, каким мы сделаем этот выбор. Будущее ценностей зависит не от технологий и не от медиа, а от нас самих. То, во что мы верим и что транслируем в этот мир, определит, в каком обществе мы будем жить завтра.

Список использованных источников:

1. Жиль Липовецки, «ЭРА ПУСТОТЫ: Эссе о современном индивидуализме», Перевод с французского В.В.Кузнецова; СПб.: издательство «Владимир Даль». 2001, с. 65

2. Эрих Фромм, «Искусство любить» Серия «Философия – Neoclassic», Erich Fromm, 1956, Перевод. А. Александрова, 2013, Издание на русском языке AST Publishers, 2018, с. 2,5.

3. Ролан Барт, «Мифологии», глава «Миф сегодня», с.233

4. Фрэнсис Фукуяма, «Идентичность: стремление к признанию и политика неприятия», 2018, Издание на русском языке, перевод, оформление. ООО «Альпина Паблишер», 2019, Электронное издание. ООО «Альпина Диджитал», 2019, с. 98, 22.

ӘОЖ. 7.072

БОЛАТ ТҰРҒЫНБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҒАРЫШТЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ

Каирова Мөлдір
monikairova4@gmail.com
«Өнертану» факультеті, 3-курс студенті
Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филос. ғ.к., профессор Оразкулова.К.С

Ғарыш – адамзаттың ұлы армандары мен ғылыми жетістіктерінің көрінісі ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен өнердің ажырамас бөлігі. Суретшілер үшін ол жаңа мүмкіндіктер мен шабыттың сарқылмас көзіне айналған. Ғарыш кеңістігінің шексіздігі, оның құпиялары мен игерілуі көркем шығармашылықта символикалық және философиялық мәнге ие.

Қазақстан үшін ғарыш тақырыбы ерекше маңызға ие. Байқоңыр ғарыш айлағы – тек тарихи кешен ғана емес, ұлттың технологиялық өрлеуінің символы. Осы тұрғыдан алғанда, Болат Тұрғынбайдың «Байқоңыр» туындысы ұлттық мұрат пен әлемдік прогрестің тоғысқан тұсын бейнелейді. Суретші бұл еңбегінде ғарыштық миссия мен ұлттық мақтаныш ұғымдарын біріктіре отырып, адам мен ғарыш арасындағы байланысқа терең үңіледі.

Тұрғынбайдың шығармашылығында ғарыш тақырыбы жай ғана иллюстративті бейне емес, оның философиялық ізденістерінің өзегі ретінде көрінеді. Ол өнер арқылы технологиялық дамудың рухани және мәдени мағынасын ашады. Оның көркемдік тілі мен ғарышқа деген көзқарасы тек Қазақстан шеңберінде ғана емес, бүкіләлемдік ғарыш өнерімен үндеседі.

Осы мақалада суретшінің еңбегі атақты кеңестік суретші Андрей Соколовтың «Мягкая посадка „Луны-9“» туындысымен салыстырылып, олардың ортақ идеялары мен ерекшеліктері қарастырылады. Екі суретші де өз шығармаларында ғарышты бейнелеудің жаңа тәсілдерін іздеп, оны тек ғылыми-техникалық жетістік ретінде ғана емес, адамзаттың мәдени және рухани кеңістігінің бір бөлігі ретінде көрсете білді.

Қазақстанның өнер кеңістігінде ғарыш тақырыбы маңызды орын алады. Бұл тақырып әртүрлі көркем туындыларда, соның ішінде кескіндеме, графика және мүсін өнерінде көрініс тапқан. Ғарышқа деген қызығушылық, оның жұмбақтылығы мен шексіздігі суретшілердің қиялын оятып, шығармашылық ізденістеріне түрткі болды. Қазақ өнерінде бұл тақырып XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ерекше қарқын алды, себебі дәл осы кезеңде Қазақстанда Байқоңыр ғарыш айлағының дамуы өнерге әсер еткен болатын[4]. Сол тақырыпты өз шығармашылығында айқын дамытқан суретшінің бірі Болат Тұрғынбай.

Болат Тұрғынбай – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кескіндемеші және педагог. Суретші жеке шығармашылық көрмелерін өткізіп, халықаралық конкурстарды ұйымдастыруға белсенді қатысқан. Оның туындылары Қазақстанның мәдени кеңістігінде ғана емес, халықаралық деңгейде де танымал.

Болат Тұрғынбай шығармашылығының стильдік ерекшеліктері. Тұрғынбайдың шығармашылығында ұлттық нақыш пен заманауи бейнелеу тәсілдері ұштасады. Оның «Жаңғырық» (1993), «Бабам» (1995), «Сырлы шаһар» (1998) және «Пірім менің» (2000) атты картиналары дәстүрлі мәдени элементтерді заманауи экспрессивті стильмен үйлестіруімен ерекшеленеді. Оның туындылары тек эстетикалық мәнге ие емес, сонымен қатар терең философиялық ойларды жеткізеді.

Ғарыштық сана концепті және Болат Тұрғынбайдың өзіндік стилі. «Ғарыштық санаға бойлаған суретші» мақаласында [1] Болат Тұрғынбайдың шығармашылығында ғарыштық кеңістік пен рухани ізденістің ерекше орын алатыны атап көрсетілген. Ол ғалам мен адам, табиғат пен рух арасындағы байланысты кенеп бетіне түсіре отырып, көрерменге терең философиялық ой тастайды.

Оның «Байқоңыр» топтамасы – осы идеяның айқын көрінісі. Байқоңыр – қазақ даласынан ғарышқа жол ашқан тарихи орын ғана емес, ол ұлттық санадағы шексіз мүмкіндіктердің символы. Суретші Байқоңырды тек ғарыш айлағы ретінде емес, адамзаттың рухани кеңістігіне шығатын қақпа ретінде бейнелейді. Бұл идея қазақ халқының көшпелі философиясымен үндесіп, шексіздікке ұмтылған рухани көзқараспен астасады.

Ұлттық мәдениет пен заманауи өнерді ұштастыру. Болат Тұрғынбайдың туындыларында қазақтың бай мифологиялық мұрасы, ұлттық ою-өрнектер мен символдар кеңінен қолданылады. Ол бұл элементтерді дәстүрлі формада емес, жаңа көркемдік контексте ұсынады.

Мысалы, «Алтын қайық» туындысы – көшпелі мәдениеттің сакральды символикасын қазіргі заман тілімен сөйлеткен бірегей жұмыс. Қазақтың қайығы – тек көлік құралы ғана емес, ол тіршілік пен өлім арасындағы өткел, дүниетанымдық символ.

Болашаққа бағдар және мұра. Суретші үшін ғарыштық сана – тек бейнелеу формасы ғана емес, ол адамзаттың рухани жетілуіне бастайтын жол. Оның шығармашылығы арқылы көрермен әлемге, өзіне және түп тамырына жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік алады.

Болат Тұрғынбайдың «Байқоңыр» туындысы – Қазақстанның ғарыштық жетістіктерін бейнелейтін заманауи өнердің айрықша туындысы. Бұл шығарма өзінің композициялық құрылымы, түстік шешімдері және символикалық элементтері арқылы Туындының негізгі фонында көк түс басым. Көк түс ғарыштың шексіздігін, беймәлім әлемге жол ашуды және адамзаттың үмітін бейнелейді. Бұл Байқоңыр ғарыш айлағының басты миссиясына – жаңа көкжиектерді игеруге үндес. Қызыл, сары және жасыл түстер динамиканы, қозғалысты және энергетикалық тепе-теңдікті білдіреді. Осы түстердің үйлесімі Байқоңырдың тек техникалық жетістік емес, мәдени және тарихи символ екенін көрсетеді.

Формалардың күрделілігі – техникалық инновацияны меңзейтін геометриялық құрылымдар ғарыш айлағының күрделі құрылымы мен инженериясын бейнелейді. Ұшып бара жатқан зымыран тәрізді формалар адамның жаңа биіктерге ұмтылысын бейнелейді. Ал төменгі жағы жердегі құрылымдарды, яғни ғарышқа апаратын негізді көрсетеді. Осылайша, композиция жер мен ғарыштың, адамның және табиғаттың арасындағы байланысқа назар аударады.

Бұл туындыда Байқоңыр тек ғарыш айлағы ғана емес, бүкіл адамзаттың дамуындағы ерекше кезең ретінде көрінеді. Ғарышты игеру идеясы – бұл тек ғылым мен техниканың ғана емес, рухани жетілу мен болашаққа деген сенімнің де символы. Болат Тұрғынбай осы жұмыс арқылы ғарыш айлағының маңыздылығын ғана емес, адамзаттың ұлы миссиясын – шексіздікке ұмтылысын көрсетеді.

«Байқоңыр» – тек Қазақстан үшін емес, бүкіл әлем үшін маңызды нысан. Бұл ғарыш айлағы әлемнің түрлі елдерінен келген ғарышкерлерді біріктірген орын болды. Болат Тұрғынбай осы туындысында ғарыш айлағының жаһандық рөлін де атап өтеді. Қазіргі заман өнері арқылы ол Қазақстанның ғылым мен технология саласындағы үлесін ұрпаққа жеткізуді көздейді. «Байқоңыр» туындысы – бұл Қазақстанның заманауи өнеріндегі көрнекті шығармалардың бірі. Ол ұлттық мақтаныш сезімін оятып қана қоймай, адамзаттың ғарышты игеру жолындағы батыл қадамдарын көрсетеді. Болат Тұрғынбайдың бұл туындысы – өнердің техника мен ғылымға деген құрметін ерекше сезіммен жеткізудің айқын мысалы.

Болат Тұрғынбайдың «Байқоңыр» туындысы көркемдік қырынан ғана емес, идеялық және философиялық жағынан да терең мәнге ие. Бұл жұмыс арқылы автор Байқоңыр ғарыш айлағының маңыздылығын жаңа қырынан көрсетіп, оны тек технологиялық жетістік ретінде емес, рухани символ ретінде қарастырады.

Ғарыш – адамзаттың ең ұлы жетістіктерінің бірі. Бұл тақырып тек ғылым мен технологияда ғана емес, өнерде де кеңінен көрініс тапты. Болат Тұрғынбайдың «Байқоңыр және Андрей Соколовтың «Мягкая посадка «Луны-9» [3] атты туындылары осы тақырыптағы екі түрлі көзқарасты бейнелейді. Бірі – Қазақстанның ғарыштық жетістігін және ұлттық мақтанышын көрсетсе, екіншісі – ғылыми прогрестің белгісіздікке қадамын сипаттайды.

Тұрғынбайдың “Байқоңыр” шығармасы қанық түстер мен қарқынды қозғалысты бейнелейтін композициясымен ерекшеленеді. Мұнда ғарыш айлағының қуаты мен оның болашаққа деген сенімі айқын көрінеді. Зымырандар, шексіз аспан және ғарыштық кеңістік арқылы адамзаттың үміті мен арманы бейнеленеді. Көк түстің басымдығы ғарыш кеңістігін білдірсе, қызыл мен сары реңктер күш пен қозғалысты көрсетеді.

Ал Соколовтың «Мягкая посадка «Луны-9» туындысы мүлде басқа әсер қалдырады. Суық реңктер, қараңғы кеңістік пен тыныштық – бұл суретте қозғалыстан гөрі белгісіздік пен жалғыздық басым. Ай бетіне жұмсақ қонған ғарыш аппараты – адамзаттың ғылымдағы алғашқы қадамдарының белгісі. Бұл шығарма арқылы автор ғарыш әлемінің кеңдігі мен оқшаулығын, сондай-ақ адамның сол кеңістікпен байланысын көрсетеді.

Екі туынды да ғарышты игеру идеясын көтереді, бірақ олардың философиялық мәні әртүрлі. «Байқоңыр» – дамуға деген сенімділіктің, өрлеудің символы болса, «Мягкая посадка «Луны-9» – белгісіз әлемге алғашқы қадам жасаудың әсерін жеткізеді. Бірі қозғалысты, үмітті бейнелесе, екіншісі – ғарыштың шексіздігін, оның тыныштығы мен белгісіздігін көрсетеді.

Бұл екі шығарма ғарыш тақырыбының өнердегі алуан түрлілігін көрсетеді. Тұрғынбай ғарышты ұлттық символ ретінде қарастырса, Соколов оны ғылыми жетістіктің көрінісі ретінде бейнелейді. Осылайша, олардың жұмыстары адамзаттың ғаламды тануға деген шексіз ұмтылысын паш етеді.

Болат Тұрғынбай – Қазақстан өнеріндегі ерекше тұлға. Оның шығармашылығы ұлттық бейнелеу өнерінің дамуына ықпал етіп, жаңа көркемдік бағыттарды қалыптастыруда маңызды рөл атқаруда. Болат Тұрғынбайдың «Байқоңыр» туындысы – тек көркем шығарма ғана емес, Қазақстанның тарихи, мәдени және ғылыми жетістіктерін бейнелейтін ұлттық символ. Бұл туынды арқылы суретші ғарышты игерудегі Қазақстанның орнын тек техникалық прогрестің бір бөлшегі емес, ұлттық рух пен тарихи сана сабақтастығының жалғасы ретінде танытады.

Суретшінің көзқарасында Байқоңыр – бұл қазақ халқының әлемдік өркениетпен байланыс орнатуындағы рухани көпір. Ғарышты бағындыру – тек ғылымның ғана емес, адамның өзін тану жолындағы маңызды қадам. Суретші осы ойды өз туындысы арқылы көрерменге эстетикалық әрі философиялық тұрғыдан жеткізе білді.

«Байқоңыр» туындысы композициялық шешімдері мен символикалық тілі арқылы жер мен ғарыштың, дәстүр мен инновацияның, ұлттық сана мен жаһандық ойлаудың тоғысқан тұсын

бейнелейді. Суретші ғарыш тақырыбын тек техникалық жетістіктің көрінісі ретінде емес, ғалам мен адамзат арасындағы терең рухани байланыстың айнасы ретінде ұсынады.

Бұл туынды заманауи қазақстандық өнердің тек ұлттық шеңберде ғана емес, халықаралық мәдени кеңістікте де маңызды орын алуға қабілетті екенін көрсетеді. Себебі, Байқоңыр тақырыбы – тек Қазақстан үшін емес, бүкіл адамзат үшін ортақ мәнге ие. Осы арқылы Болат Тұрғынбай туындысы жаһандық мәдени-өркениеттік диалогтың бір бөлшегіне айналады.

Болат Тұрғынбай «Байқоңыр» арқылы көрерменді өзінің ұлттық тамыры мен ғаламдық болмысын қайта пайымдауға, адамзаттың ортақ тағдыры мен болашағы туралы ойлануға шақырады. Бұл – суретшінің шығармашылық кредосының да айқын көрінісі.

Осылайша, Болат Тұрғынбайдың «Байқоңыр» туындысы – қазақ өнеріндегі айрықша құбылыс қана емес, ұлттық сана мен ғаламдық ойдың синтезі, рухани ізденіс пен ғылыми прогрестің тоғысқан тұсы, болашаққа бағытталған мәдени және рухани аманат.





Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Egemen.kz
2. Kaznai.kz
3. «Астрономические опыты» 2009 - Андрей Олешко
4. Сейсенов, Б. "Қазақ өнеріндегі ғарыш бейнесі" // Қазақстан өнертануы журналы, 2021, №2.
5. Қастеев, А. "Қазақ бейнелеу өнері". – Алматы: Өнер, 1985.
6. Айтбаев, С. "Қазіргі қазақ кескіндемесі". – Астана: Фолиант, 2010.
7. Төлепбай, Е. "Ғарыш және өнер". – Алматы: АртПресс, 2017.
8. Қасымова, К. "Ғарыш пен қазақ мәдениетінің үндестігі". – Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті, 2020.
9. Кененбаев, А. "Ғарыш кеңістігі: жаңа өнер бағыттары". – Алматы: Өнер академиясы, 2019.
10. Мырзабекова, Л. "Ғарыш тақырыбы қазіргі қазақ өнерінде". – Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті, 2019.
11. Нұржанов, Т. "Байқоңыр және Қазақстан мүсін өнері". – Алматы: Ғылым, 2015.
12. Шәймерденов, Д. "Ғарыш философиясы және бейнелеу өнері" // Қазақстан өнертануы журналы, 2022, №1.

ӘОЖ 681.81

МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДАҒЫ ДЫБЫС БУЫНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЫҒУ АҢЫЗДАРЫ

Аязбаева Тахмина
ayazzbayeva@gmail.com
«Музыка мұғалімі, қосымша бб педагогі» мамандығы 3 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Тарабрина В.М.

Әлемде сан алуан музыкалық аспаптар бар, олардың барлығын тізіп шығу мүмкін емес. Алайда, оларды дыбыс шығару әдісіне қарай бірнеше негізгі топқа бөлуге болады. Бүгін мен сіздерге үш топ – шертпелі, үрмелі және соқпалы аспаптар туралы, сондай-ақ олардың дыбыс генерациясы мен шығу тарихына қатысты аңыздар жайлы айтып беремін.

Жетіген (1 сурет) – қазақ халқының ежелгі шертпелі аспабы. Аспаптың атауы «жеті» деген сөзден шыққан, ол қазақ тілінде «жеті» деген мағынаны білдіреді. Жетігеннің корпусы мен мойыны ағаштан (көбіне жөке немесе балқарағайдан) жасалады. Корпус резонатор рөлін атқарып, дыбысты күшейтеді, ал мойын аспаптың беріктігі мен ойналу ыңғайлылығын қамтамасыз етеді. Бұрын жетігеннің ішектері табиғи материалдардан – жануар ішегінен немесе жүннен жасалса, қазіргі үлгілерінде ұзақ уақыт қолдануға ыңғайлы болу үшін металл немесе синтетикалық ішектер пайдаланылады.

(Бейнеслайд) Жетігеннің дыбысы ішектердің тербелісі арқылы пайда болады. Музыкант оң қолымен ішектерді шертеді, бұл олардың тербелісін тудырады, ал ағаштан жасалған резонатор дыбысты күшейтіп, оған ерекше бояу береді. Сол қолымен музыкант ішектерді басып, дыбыс биіктігін және тембрін реттейді, бұл орындалатын әуенге әсерлілік пен эмоциялық тереңдік береді.

Жетіген туралы аңыз: Аңыз бойынша, ерте заманда жеті ұлы бар бір қария өмір сүрген. Ашаршылық басталып, балалары бірінен соң бірі қайтыс болады. Алғашқы ұлы қайтыс болғанда, әкесі ағаштан тегіс тақтай ойып, оған бір ішек тартып, жоқтау күйін шығарады. Балалары бірінен соң бірі көз жұмған сайын, ол әрбіреуіне арнап бір ішек қосып, жаңа әуен шығарып отырған. Жетінші ұлы қайтыс болғанда, ол соңғы ішекті тартып, ең соңғы күйін – «Жеті баламнан айрылып, құса болдым» (Мен жеті ұлымнан айырылып, қайғыға баттым) деген жоқтауын орындаған.

Жетіген – жай ғана музыкалық аспап емес, ол қазақ халқының мәдениеті мен руханиятының ажырамас бөлігі, халықтың терең сезімі мен өмірінің шынайы көрінісі болып табылады.



1 сурет

Комуз (2 сурет) – қырғыз музыкалық мәдениетінің символы болған ежелгі шертпелі аспап. Алғашында комуз батырлардың ерліктері, шайқастар мен көне тайпалардың өміріндегі

қиындықтар туралы баяндайтын әуендерді орындау үшін қолданылған. Аспаптың корпусы тұтас ағаштан жасалады (көбіне жергілікті ағаш түрлері – жөке, балқарағай немесе басқа да берік ағаштар пайдаланылады). Бұрын комуздың ішектері жануардың ішегінен немесе жібектен жасалса, қазіргі үлгілерінде ұзақ мерзімділік пен тұрақты дыбысты қамтамасыз ету үшін синтетикалық немесе металл ішектер қолданылуы мүмкін.

(Бейнеслайд) Комуздың дыбысы ішектердің тербелісі арқылы пайда болады. Музыкант сол қолымен ішектерді мойын бөлігінде басып, олардың тербелетін бөлігінің ұзындығын өзгерту арқылы дыбыс биіктігін реттейді. Оң қол саусақтарымен ішектерді шертеді, сол арқылы оларды тербелуге мәжбүрлейді. Ішектердің тербелісі аспаптың корпусындағы деке арқылы беріледі, ол резонатор ретінде қызмет етіп, дыбысты күшейтіп, оған жылы әрі терең тембр береді.

Комуз туралы аңыз: Ежелгі заманда Қырғыз тауларында кедей, бірақ дана қария өмір сүрген екен. Оның жалғыз ұлы болған. Бір күні жас жігіт отбасы үшін жақсы өмір іздеп, алыс сапарға аттанады, бірақ қайта оралмайды. Баласын сағынған әке бір күні ескі ағаштың бұтақтары арасында желдің ән салғанын естіп, бұл дыбыс оған ұлының дауысын еске түсіреді. Сонда ол ағаштың бір бұтағын кесіп алып, оған жылқының қылынан ішек тағып, жаңа аспап жасайды. Ол ішектерді шерткен кезде, мұң мен махаббатқа толы әуен естіледі.

Комуз – жай ғана музыкалық аспап емес, ол қырғыз халқының тарихы мен дәстүрінің, рухани күшінің көрінісі.



2 сурет

Дудук (3 сурет) – армян музыкасының жаны, көне үрмелі аспаптардың бірі. Қазіргі дудук шамамен XV ғасырда қалыптасты. Ол өрік ағашынан жасалады. Дудуктың маңызды элементі – қос қамыс, оның арқасында аспап жылы, барқыттай жұмсақ дыбыс шығарады.

(Бейнеслайд) Дудуктың қос қамысы аспаптың ауыз бөлігінде бекітіледі. Ауа үрлеген кезде қамыс тербеліп, дыбыс пайда болады. Дудуктың ағаштан жасалған корпусы резонатор қызметін атқарып, дыбысты күшейтіп, оған ерекше жұмсақтық пен тереңдік береді. Ойнау кезінде музыкант дыбыстың биіктігі мен тембрін реттеу үшін демді басқару арқылы, сондай-ақ еріннің (эмбушюр) қалыптасуы мен орналасуын өзгерту арқылы түрлі реңктерге қол жеткізеді. Бұл тәсілдер өте нәзік, сыбырлағандай дыбыстардан бастап, қуатты әрі эмоцияға толы әуендерге дейін ойнауға мүмкіндік береді.

Дудук туралы аңыз

Аңыздардың бірінде қиын-қыстау кезеңде бір қария өрік ағашынан аспап ойып, мұңды әуен тартқан делінеді. Оның музыкасы халықтың жүрегіне жетіп, оларды туған жері үшін күресуге жігерлендірген әрі отанының сұлулығын еске салған. Сол уақыттан бері дудук халықтың жаны мен жадының символына айналған.



3 сурет

Кавал (4 сурет) – Балқан мен Түрік халықтарының көне үрмелі аспабы. Кавал әдетте ағаштан немесе сабырдан жасалады. Әдетте жақсы акустикалық қасиеттерге ие ағаш түрлері, мысалы, көкнәр, қайың немесе шырша пайдаланылады. Ол корпусы бойымен орналастырылған бірнеше тесікпен сипатталатын ұзын түтікше түрінде болады.

(Бейнеслайд) Аспаптан дыбыс арнайы бір ұшындағы тесіктен ауа үгітіліп шығару арқылы пайда болады. Тікелей бағытталған ауа ағыны тар жарықтан өтіп, тербелуге шығып, дыбыстық толқындар туғызады. Дыбыс биіктігін өзгерту саусақпен тесіктерді ашып-жабу арқылы жүзеге асады, бұл музыкантқа тербелетін ауа ағынының ұзындығын бақылауға мүмкіндік береді.

Кавал туралы аңыз: Аспапты ойнаған кезде қойшылар ежелгі рухтардың, таулар мен ормандарды қорғайтын рухтардың шепін естиді дейді. Бұл аспап адам әлемі мен табиғат күші арасындағы делдал ретінде қарастырылады. Кавал – жай ғана музыкалық аспап емес, ол Балқан мен Түрік халықтарының дәстүрі мен рухани мұрасы болып табылады.



4 сурет

Дойра (5 сурет) – Орталық Азия халық музыкасының дәстүрлі соққы аспабы, оның ішінде өзбек дәстүрлерінде кеңінен таралған. Дойраның корпусы дөңгелек рамадан тұрады, әдетте ағаштан жасалады. Ағаш оның акустикалық қасиеттері ескеріле отырып таңдалады, бұл жақсы резонанс негізін қамтамасыз етеді. Дойраның беті табиғи терімен қапталған, көбінесе жануар (ешкі, қой) терісінен жасалады. Кейде әшекейлеу және дыбысты жақсарту мақсатында қосымша металл джинглдар қосылып, қосымша дыбыстық әсер беріледі.

(Бейнеслайд) Дойраның дыбысы терімен қапталған бетіне қолмен немесе саусақпен соғу арқылы алынады. Әртүрлі ойнау әдістері дыбыстың қаттылығын, тембрін және ырғақ үлгілерін өзгертуге мүмкіндік береді. Дойра ашық және резонансты дыбыс шығарып, жылы бас ноталарымен ерекшеленеді. Оның дауысы жұмсақ әрі әуезді, сондай-ақ энергиялы және ырғақты болуы мүмкін, бұл аспапты соло орындау үшін де, ансамбльдік орындау үшін де әмбебап етеді.

Дойра туралы аңыз: Өзбек халықтарының бір ежелгі аңызына сәйкес, дойра ұмытылуға жақын кезде ең қараңғы уақытта пайда болған. Бір түнде, шөл үстінде ай жарқын сәуле шашқан

кезде, ежелгі орманның тереңінен ешбір тайпаға жатпайтын дана саяхатшы шықты. Ол өзімен ең тір ағаштан кесілген ежелгі аспапты әкелді, ол металл джинглдармен әшекейленген еді. Оның даусы – терең және ырғақты, жер жүрегінен соғылғандай, адамдардың үмітін оятып, жаңа бастамаға күш берді. Сондағаннан бері доира жай ғана музыкалық аспап емес, қайта туу, бірігу және рухани күштің символына айналды. Аспаптың әр соғуы ата-бабалардың даусын жеткізіп, адамдарды үйлесімге шақырып, тайпаны өмір мен дәстүрлер мерекесінде біріктіреді.



5 сурет

Давул (6 сурет) – Таяу Шығыс, Орталық Азия және Балқан халықтарының ежелгі соқпалы аспабы. Бұл қос мембраналы барабан қуатты, терең дыбыспен ерекшеленеді және түрлі салтанатты рәсімдерде, әскери шерулерде, халықтық мерекелерде қолданылған. Давул ағаштан жасалады, көбіне жоғары акустикалық қасиеттері мен мықты резонаторы бар қатты жынысты ағаштар – жөке немесе үйеңкі пайдаланылады. Барабанның екі жағы жануар терісімен (көбінесе қой немесе ешкі терісімен) қапталады. Терінің қатты тартылуы аспаптың терең әрі резонансты дыбыс шығаруына мүмкіндік береді.

(Бейнеслайд) Давулда ойнау ерекше шеберлікті талап етеді, өйткені музыкант әртүрлі дыбыстарды шығару үшін екі түрлі таяқшаны қолданады. Давул белбеу арқылы иыққа немесе белге асылады, ол дененің алдында немесе жанында орналасады, бұл музыкантқа екі таяқшамен еркін ойнауға мүмкіндік береді.

Давулда ойнау үшін қолданылатын екі таяқша:

- Тоқпақ (Токмак) – ауыр ағаш таяқша (әдетте жаңғақ ағашынан жасалады), ол барабанның бір жағына соғылып, терең бас дыбысын шығарады. Бұл аспаптың негізгі соққысы, мембрананың ортасына дәл тигізу арқылы қуатты әрі резонансты ырғақ беріледі.
- Шұбық (Чубук) – жеңіл таяқша, ол қарама-қарсы мембрананың шетіне соғылып, анық, ырғақты әртүрлілік қосады.

Давул халық билері мен мерекелерінде ырғақты ұстап, бишілерге серпін береді. Ансамбльдерде давул көбіне зурна (үрмелі халық аспабы) аспабымен бірге қолданылып, күшті, ырғақты негіз жасайды.

Давул туралы аңыз: Аңыз бойынша, давулды құдайлар адамдардың жүрегін біріктіру және оларға құдайлық күш беру үшін жаратқан. Бұл аспаптың алғашқы соққысы ата-бабалардың рухын оятып, адамдарға ерлік пен үміт дарытқан деседі. Басқа бір аңызда халық жойылудың аз-ақ алдында тұрғанда, дана шаман қасиетті ағаш пен жануар терісінен давул жасап, оның күшті үні зұлым рухтарды қуып шығып, қоғамға бейбітшілік пен үйлесімділік әкелгені айтылады.

Осылайша, давул – жай ғана музыкалық аспап емес, ежелгі дәстүрлерді сақтаушы, күш пен бірліктің символы, оның тарихы мен аңыздары ғасырлар бойы халықты шабыттандырып келеді.



6 сурет

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аветисян, К. (1984). Армян халық музыкалық аспаптары. Ереван: Армян КСР Ғылым академиясының баспасы.

2. https://youtu.be/E2q5PZqqZek?si=JA6GMbQaUnd6hM_-

3. Сарыбаев Б.С. Қазақтың халық музыкалық аспаптары. – Алма-Ата: Өнер, 1981. – 150 б. 4. https://youtu.be/rB6cr1u1o5s?si=NuEnfwv7qJQhi2Eh

5. Курочкин И.А. Орта Азия халықтарының музыкалық аспаптары. – Мәскеу: Музыка, 1975. – 200 б.

6. https://youtu.be/HfiSZksjmDg?si=M-0M-YDyYKUdm7k

7. https://youtu.be/6CS9WVYqIOg?si=gh7MqVOABtejtpUr

8. Миронов В.Н. Кавказ және Орта Азия халықтарының дәстүрлі музыкалық аспаптары. – 9. Петербург: Наука, 1991. – 180 б.

10. https://youtube.com/watch?v=Qh_UZEr8ZSQ&feature=shared

11. https://youtu.be/1qH0Rqyrq5g?si=p11hubsdyeKd1zxt

ӘОЖ.94(574)

«ТАРИХ САБАҒЫНДА ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ РӨЛІ»

Жиеналиева Тугел Максотовна
Тарих пәнінің мұғалімі,педагог-зерттеуші
tzhienalieva@mail.ru
«Жалпы білім беретін №33 Қасым Қайсенов атындағы орта мектеп» КММ
Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытуда практикалық тапсырмалардың рөлі ерекше."Тарих сабағында хронологиялық ойлауды дамытудағы практикалық тапсырмалардың рөлі"атты авторлық жұмыста тарих сабағында хронологиялық ойлауды дамытудағы практикалық тапсырмалардың рөлі қарастырылады.

Практикалық тапсырмалар арқылы оқушылар тарихи оқиғаларды жүйелеу, уақыт пен оқиғалардың логикалық байланысын анықтау, тарихтағы маңызды кезеңдерді дұрыс түсіну дағдыларын меңгереді.Тапсырмалар білімді тексерумен шектелмей,оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіреді, өз пікірін айта білуге,сыни ойлауға үйретеді. Мысалы, уақыт сызығын құру, синхрондық кестелер жасау, тарихи оқиғаларды салыстыру сияқты жұмыстар оқушылардың өз бетінше ізденуіне және талдау жасауына мүмкіндік береді.

Әр тақырып бойынша берілген тапсырмалар оқушылардың өз бетінше ойлауын, талдау жасауын, қорытынды шығаруын талап етеді. Бұл тапсырмалар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Практикалық тапсырмалардың рөлі - олардың Қазақстан тарихының маңызды оқиғаларына негізделуінде. Бұл оқушылардың өз елінің тарихын терең түсінуіне және патриоттық сезімдерінің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, әлемдік тарихпен байланыстыру арқылы оқушылардың кең ауқымды тарихи көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Тарих сабағында хронологиялық ойлауды дамытудағы практикалық тапсырмалардың рөлі» атты бағдарлама аптасына 1 сағаттан жылына 34 тақырыптық сабаққа есептелген.Сабақ тақырыбы қарапайымнан күрделіге қарай принципі бойынша құрылған, бұл оқушылардың білімін біртіндеп тереңдетуге мүмкіндік береді. Әр сабақ 5 практикалық тапсырмалардан тұрады. Тапсырмалар 5-11 сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып әзірленген. Авторлық жұмыс 10-11 сынып оқушыларының ҰБТ-ге дағдыларын бекітуге, өткен материалдарға күрделі қайталау жасау арқылы тарихқа шолу жасауға оң ықпал етті.

Әдістеме

Әдістеме міндеттері:

1. Оқушылардың практикалық тапсырма орындаудағы хронологиялық ойлау дағдыларын дамыту:

- Оқушыларға тарихи оқиғаларды уақыт бойынша дұрыс ретке келтіру, олардың арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды анықтау дағдыларын қалыптастыру;
- Оқушылардың хронологиялық ойлауы уақытты дұрыс бағалауға және тарихи процестердің байланысын түсінуге мүмкіндік беру.

2. Практикалық тапсырмалар арқылы тарихи оқиғаларды жүйелі түрде талдауды үйрету:

- Оқушыларға тарихи оқиғаларды хронологиялық ретпен орналастыруға бағытталған тапсырмалар ұсыну;
- Оқушылар уақыттың маңыздылығын, оқиғалардың өзара байланысын дұрыс түсіну.

3.Тарихи білімді көрнекі құралдармен бекіту:

- Хронологиялық карталар, уақыт сызықтары, диаграммалар, кестелер сияқты көрнекі құралдарды қолдана отырып, тарихи процестерді түсінуге көмектесу;
- Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың тақырыпты терең меңгеруіне ықпал ету.

4. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға баулу:

- Хронологиялық ойлау қабілетін дамыту оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, тарихи оқиғалар мен процестерді тек қана білу емес, олардың мәнін түсінуге үйрету;
- Оқушыларды сұрақтар қоюға, ой-пікірлерін жеткізуге және дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруға бағыттайтын тапсырмалар ұсыну.

Әдістеменің негізгі принциптері

1. Ғылыми негізділік принципі- берілетін ақпараттың дұрыстығын, дәлдігін және тарихи оқиғалардың нақты уақыт бойынша реттелуін қамтамасыз етеді. Сондықтан оқушылар тарихи фактілер мен мәліметтермен жұмыс жасағанда нақты дереккөздерге сүйену керек.

2. Тұлғалық бағыт принципі- оқушының жеке мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына назар аударады. Оқушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп,танымдық қабілеттерін арттыру қамтамасыз етіледі.

3. Қолданбалы бағыт принципі -тарих сабағында практикалық дағдыларды меңгерту үшін хронологиялық ойлауды дамытатын практикалық тапсырмалар, мысалы: уақыт сызықтарын жасау, оқиғаларды рет-ретімен орналастыру, тарихи карталарды талдау сияқты тапсырмаларды пайдаланады. Бұл әдіс оқушылардың хронологиялық ойлауын дамытуға

мүмкіндік береді.

4. Көрнекілік принципі-тарих сабағында көрнекі құралдарды пайдалану өте маңызды. Практикалық тапсырмаларды орындау үшін хронологиялық ойлауды дамытатын уақыт сызықтары, карталар, кестелер, диаграммалар, тарихи суреттер мен мультимедиялық материалдар қолдану ұсынылады.

5. Түсіндірмелі принцип- тапсырмалар оқушыларға нақты әрі түсінікті түрде ұсынылуы тиіс. Оқушылардың хронологиялық ойлауды дұрыс меңгеруі үшін сабақта тарихи оқиғалардың маңызы мен байланыстарын түсіндіру керек.

6. Саралау принципі-оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып,тапсырмаларды саралап беру олардың тиімді әрі қызықты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

7. Құзыреттілік принципі-тарих сабағында хронологиялық ойлау дағдысын дамыту арқылы оқушылардың зерттеу,сыни тұрғыдан ойлау,талдау,салыстыру сияқты дағдыларын қалыптастыру қажет.

Бағдарламаны практикалық жүзеге асыру:

Қысқа мерзімдік жоспар үлгісі:


Бөлім:	"Ғасырларды римдік сандармен белгілеу"	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып:10-11	**Қатысушылар саны: -**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы:	Түркі қағанаты дәуіріндегі маңызды оқиғаларды римдік сандармен жазып, түсіндіру	
Сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты:	-Түркі қағанаты дәуіріндегі маңызды оқиғаларды хронологиялық тұрғыдан көрсету және түсіндіру -Түркі қағанаты дәуіріндегі саяси өзгерістерді сипаттау	
Сабақтың мақсаты:	-Түркі қағанаты дәуіріндегі маңызды оқиғаларды римдік сандармен дұрыс жазып, оларды түсіндіреді; - Түркі қағанатының саяси тарихындағы негізгі оқиғаларды хронологиялық тұрғыдан көрсетеді	


Сабақ барысы

абақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
абақтың басы мин ут	**Ұйымдастыру кезеңі** Сәлемдесу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. «Шаттық шеңбер» психологиялық жағымды ахуал **«Ой қозғау»** Сұрақ: «Түркі қағанатының құрылу себептері қандай болды?»	Оқушылар сабаққа дайындалады Оқушылар шеңбер құрып,бір- біріне жақсы тілек айтады. Оқушылар Түркі қағанатының құрылу кезеңдеріне шолу жасап, пікіралысады.	Ауызша кері байланыс (Verbal Feedback):	Презентация  Карта

	- Түркі қағанатының құрылуы мен алғашқы кезеңдеріне шолу жасалып, оқушылардың қызығушылығын ояту үшін түркі қағанатының тарихи маңыздылығы туралы пікірталас жүргізіледі. Оқушылар тақырыпты болжайды. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын таныстыру.	Сабақтың тақырыбы мен мақсатын біледі		
абақтың ортасы 5 минут	**1-тапсырма:** Төмендегі оқиғаларды римдік сандармен жазылған ғасырларға орналастырыңыз: - Ашина руының билікке келуі V ғасыр (-----) - Ашина руының билікке келуін анықтайды; - Түркі қағанатының құрылуы VI ғасыр (-----) - Түркі қағанатының құрылуын (------ ж.) анықтайды; - Маниах елшілігі Маниах елшілігі ------ ж.(VI), - Қағанаттың екіге бөлінуі Қағанаттың екіге бөлінуін ----- ж.(VII) анықтайды; -Екінші Түркі қағанатының құрылуы -VII ғасыр (-----) - Екінші Түркі қағанатының құрылуын (----/---- ж.ж.) анықтайды **2-тапсырма:**	Оқушылар берілген ақпаратты тыңдайды. Ақпарат бойынша жұмыс жасайды Дескриптор: Оқиғаларды римдік сандармен жазылған ғасырларға орналастырады. Дескриптор: -Мұқан қағанның билік еткен жылдарын римдік сандармен жазады; -Бағындырылған аумақтарды хронологиялық ретпен көрсетеді.	☑ ҚБ«Табыс сатысы» арқылы бағалау ҚБ	Оқу құралдары Оқу лық, дәптерлер Тірек-сызбалар Жазу құралдары — Қаламсаптар, қарындаштар Маркерлер мен фломастер лер Google платформасы Карта Интерак

	Мұқан қағанның билік еткен жылдарын (553-572 жж.) римдік сандармен жазыңыз және осы кезеңде бағындырылған аумақтарды хронологиялық ретпен көрсетіңіз. Мұқан қағанның билік еткен жылдары: (553-572 жж.) римдік сандарға айналдырады. **DLIII-DLXXII жылдар** Картамен жұмыс  -Бағындырылған аумақтар: - Орталық Азия - Оңтүстік Сібір -Оңтүстік-батыс Маньчжурия (қидандар мен қарақытайлар) - Тува жері -Енисей қырғыздарының жері **3-тапсырма:** VI ғасырдың (VI) қай онжылдықтарында Түркі қағанаты келесі елдермен дипломатиялық қатынастар орнатты? Жауабын римдік сандармен белгілеңіз. -------- жылдары (560-570 жж.) - Византия, Иран, Қытаймен қарым-қатынас орнатады - -------- (568 ж.) Маниах елшілігі Византияға барды; - -------- жылдары (580-590 жж.)	Дескриптор: -VI ғасырда Түркі қағанатының қандай елдермен дипломатиялық қатынастар орнатқанын анықтайды; -Римдік сандармен белгілейді. Дескриптор: Түркі қағанатының VI ғасырдағы (VI) даму кезеңдерін римдік сандармен көрсетеді. . Дескриптор:	«Жапондық бағалау» ☆ ☆♡ ҚБ«Екі жұлдыз, бір тілек» ҚБ Амандасу арқылы бағалау	тивті тақта — Сабақ тарды қызықты өткізу үшін қолда нылатын тақта   Маркерлер Карта   Google платформасы Тірек-сызбалар Тақырыптық суреттер

	- Парсы елімен одақтасу. **4-тапсырма:** Түркі қағанатының VI ғасырдағы (VI) даму кезеңдерін римдік сандармен көрсетіңіз: DXLII - ? DXLV - ? DLII - ? DLXVIII - ? DCIII - ? ---------- (542 ж.) - Қытай деректерінде алғашқы мәліметтер --------- (545 ж.) – Түркілердің тарих сахнасына шығуы ---------- (552 ж.) - Түркі қағанатының құрылуы; --------- (568 ж.) - Византиямен дипломатиялық қатынастардың орнауы; --------- (603 ж.) - Қағанаттың екіге бөлінуі. **5-тапсырма:** VII ғасырда (VII) Батыс және Шығыс Түркі қағанаттарының территориялық орталықтарын салыстырыңыз. Бұл кезеңде қандай маңызды оқиғалар болды? https://learningapps.org/create?new=86#preview  Батыс Түркі қағанаты: -Орталығы: Суяб	-VII ғасырда (VII) Батыс және Шығыс Түркі қағанаттарының территориялық орталықтарын салыстырады.Картадан көрсетеді -Бұл кезеңде болған маңызды оқиғаларды анықтайды. 	✵ ✵✵ ҚБ «Жұлдыз дар» арқылы бағалау»	  https://learningapps.org/create?new=86#preview платформасы Карта 

	қаласы (Шу өзені) - Жазғы ордасы: Мыңбұлақ - Негізгі аумағы: Қаратаудан Жоңғарияға дейін Шығыс Түркі қағанаты: - Орталығы: Ханғай таулары - Батыс шекарасы: Алтай таулары DCLXXXII/DCLXXXIII. (-----/-----ж.)-қағанаттың қайта құрылуы			
Сабақтың соңы 5 мин	Қорытынды: Сұрақ-жауап әдісі: - «Түркі қағанатының құрылуының тарихи маңызы қандай?» - «Түркі қағанатының батыс және шығысқа бөлінуі қандай саяси өзгерістерге алып келді?» - «Түркі қағанатының ыдырауының негізгі себептері қандай?»	Сабаққа кері байланыс береді.	**Feedback**	Құжаттар Карта 

Қорыта келгенде, «Тарих сабағында хронологиялық ойлауды дамытудағы практикалық тапсырмалардың рөлі» атты авторлық жұмыстың мақсаты тарих сабағында практикалық тапсырмаларды пайдалану арқылы оқушылардың тарихи оқиғаларды уақыттық жүйеде дұрыс орналастыру,олардың арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды анықтау дағдыларын қалыптастыру болды.

Әр сабақтың практикалық тапсырмалары оқушылардың тарихи оқиғаларды тек жаттап қана қоймай, оларды терең түсініп, талдай білуге үйретті. Бағдарлама аясында оқушылар уақыт сызығымен жұмыс істеуден бастап, күрделі синхрондық кестелер құруға дейінгі дағдыларды меңгерді.

Бағдарламаны іске асыру барысында оқушылардың тарихқа деген қызығушылығының артқаны байқалды. Практикалық тапсырмалардың әртүрлілігі, интерактивті әдістердің қолданылуы оқу процесін қызықты әрі тиімді етті. Оқушылар тарихи оқиғаларды зерттеу барысында өздерін нағыз зерттеушілер ретінде сезініп, белсенді түрде жұмыс істеді.

Мұғалімдер үшін бағдарлама қолдануға ыңғайлы және тиімді құрал болды. Әр тақырып бойынша берілген тапсырмалардың шешімдері мұғалімдердің жұмысын жеңілдетті, ал бағдарламаның икемділігі әр сыныптың ерекшеліктеріне қарай бейімдеуге мүмкіндік берді.

Болашақта қазіргі заманғы технологияларды көбірек қолдану, онлайн ресурстарды пайдалану, интерактивті тапсырмаларды көбейту арқылы бағдарламаны одан да тиімді ету

мүмкіндіктерін қарастыруға болады. Бұл бағдарлама қазіргі заманғы білім беру жүйесінде өз орнын тауып, тарих пәнін оқытуда тиімді құрал ретінде қолданыла алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдуғұлова Б.Қ., Қапаева А.Т., Кенжебаев Ғ.Қ. Қазақстан тарихынан хикаялар //Алматы: Алматыкітап баспасы. – 2012 ж.

2. Жакишева С.А. Республиканың жалпы білім беретін мектептеріне арналған Қазақстан тарихы бойынша электронды оқулық жасау тәжірибесі // Тарих және компьютер бірлестігінің ақпараттық бюллетені. – 2004. – Жоқ. 32. – 28-29 б.

3. Әбусейітова М.Х.және 90 Қазақстан және Орталық Азия тарихы: Оқу құралы. нұсқаулық //Алматы: Дайк-Пресс. – 2001 ж.

4. Петренко Е.О. Тарих оқулығы посткеңестік кеңістіктегі ұлттық бірегейлікті қалыптастыру құралы ретінде: Қазақстан тәжірибесі // Пермь университетінің хабаршысы. Серия: Саясаттану. – 2011. – Жоқ. 2. – 52-63 б.

5. Құсайынова М.Қазақстан тарихы. Қазақстан Республикасының 12 жылдық мектептерінің 11-сыныбына арналған оқулық: Қазақстан тарихы. Учебник для 11 сынып 12 жылдық мектеп Қазақстан Республикасы. – 2013 ж.

6. Сәрсекеев Б.С.Қазақстан тарихы бойынша кітап оқу-әдістемелік кешенін жасау мәселесі туралы // Вятка мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2012. – Жоқ. 2-3. – 32-35 б.

ӘОЖ: 304.2

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАР СУБМӘДЕНИЕТТЕРІ: БЕЛГІЛЕР, СИМВОЛДАР ЖӘНЕ ӨЗІНДІК ИДЕНТИФИКАЦИЯ ҮДЕРІСТЕРІ

Касымов Сырым Муратұлы
Kassymovsysm5@gmail.com
«Медицина» мамандығының 2 курс студенті
Астана медицина университеті, Астана қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Колганатова С.Б.

Қазіргі мәдениет контекстіндегі жастар, оның кең ауқымды көріністері тұрғысынан қарағанда, өзара байланысқан немесе бір-біріне қарағанда бейтарап, кейде бір-бірін байқамайтын, тіпті кейде қарсыласатын қауымдастықтардың ұжымдасуы болып табылады. Әлеуметтік ұйымдастырудың күрделенуі мәдени байланыстар мен алмасулардың қарқындылауына, сондай-ақ мәдени әртүрліліктің өсуіне байланысты орын алады. Жаңа тенденциялар мен құбылыстар пайда болып отыр, олар алдыңғы үлгілерді толық басып өтпей, солардың жанында өз орнына ие болып, осылайша әлеуметтік-мәдени жүйенің кешенділігін тереңдетіп, күрделендіреді, бірақ сонымен қатар үйлесімсіздікті де алып келеді, бұл әлеуетті қоғамдық шиеленістің қайнары ретінде көрініс табуы мүмкін. Жоғарыда аталған барлық жағдайлар аясында қалыптасқан жасөспірімнің күйіне тоқталайық. А.В. Зильберглейт кез келген популяцияның екі биосфералық жүйе санатына байланысты екендігін атап көрсетеді [4]. Олардың бірі – инстинкттерге негізделген, ал екіншісі – онтогенез процесі барысында қалыптасып, мінез-құлық нормаларын жеткізу механизмін қамтамасыз ететін жүйеге негізделеді. Адамның тұрмыстық және мәдени контекстінің өзгеруі бейімделу үдерісінің өзгеруіне алып келеді. Әрине, жас буын үшін бұл үдеріс кез келген тарихи кеңістікте жеткілікті күрделі. Цивилизациялардың дамуы қаншалықты қарқынды болса, жастарға қазіргі шындықты меңгеру мәселесі соғұрлым күрделі болады. Осылайша, қазіргі жағдайларда мәдени үлгілерді

таңдау тікелей адамға қалдырылғандықтан, ол бейсаналық түрде көбінесе шындықты меңгеруге бағытталған жолды таңдайды, ол мәжбүрлі түрде инстинкттерге негізделеді, өйткені қазіргі қоғам жағдайында социумның өмір сүруіне тән ерекшеліктерді жеткізуге қажетті тұрақты механизмдер жеткілікті деңгейде қалыптаспаған.

Осыдан адамда табиғи, санасыз бейімделу механизмдерінің, ежелгі тәсілдердің қайта жаңғыруына ұмтылыс пайда болады. О.Б. Сладкова атап көрсетеді: «Жаңа өмір сүру шарттарына тұлғаның бейімделу үдерісі ешқашан ауыртпалықсыз өтпеуі мүмкін. Бүгінгі қоғам, ғалымдар оны социо-мәдени дағдарыс деп бағалайтын, бұрын басым болған мәдени нормалар, ережелер мен мінез-құлық тәсілдерінің міндетті түрде ыдырау кезеңіне енді. Әлеуметтік кеңістіктің бетіне архаикалық, кейде примитивті формалар шығып, ескі қоғамдық өмір негіздерінің бұзылуынан пайда болған вакуумды алмастырып отыр» [11, с.13]. Одан әрі автор осы ойды жалғастыра отырып, дағдарыс кезеңінде қоғам өмірінде ритуалдың айрықша рөл атқаратынын атап өтеді. Дағдарыс жағдайы адамның қиын-қыста жағдайларда біріктіретін, ортақ үлгі мінез-құлық формаларын іздеуге ұмтылысын күшейтеді. Архаикалық мәдени пласттарға оралу белгілі бір ұқсастықтарды байқауға мүмкіндік береді. Егер архаикалық мәдениетте қоршаған әлем «декорация» ретінде қарастырылып, ол белгі мен символдардан құралған болса, әрі бұл «декорация» адам әрекетінің әсерінен салыстырмалы тұрақтылықты немесе баяу өзгерісті көрсетсе, қазіргі цивилизация керісінше, өте жылдам өзгеріп отырады. Қала, цивилизацияның бір көрінісі ретінде, тұрақты материалдық негізге ие болғанымен, «қала сахнаға, қапталдарға және терезелерге - кулисаларға, кіреберістерге - занавеске, ал перспектива да театрлық сипатқа ие» [11, с.19].

Сонымен қатар, қалалық кеңістікте көптеген әлеуметтік-мәдени символдар мен белгілер бар, олар тез өзгеріп, жастарға жиі түсініксіз болып қалады. С. Ломаевтің пікірімен келіскен жөн, өйткені ол әрбір мәдениеттің көптеген белгілерді қалыптастыратынын атап өтеді. Белгілер адамның қимыл-қылықтары, заттары және пайдаланатын ұғымдары болуы мүмкін. Сонымен қатар, «идеология сияқты, жарнама көмегімен нарық та қоғамды манипуляциялауға ұмтылып, мәдениетке жасанды түрде белгілерді енгізу үстінде» [8, с. 134].

Символ мен знак – мәдени мағыналарды бейнелеудің екі маңызды құралы – адамның сана-сезімінің жұмыс істеуінің екі түрін, яғни адамның мінез-құлқы мен әрекетін реттеудегі сана-сезімнің екі түрлі рөлін анықтайды. Н.В. Кулагина әрбір осы сана түрі тұлғаның мәдениетке ену үдерісіндегі екі кезеңді, яғни архаикалық мәдени қабаттарға байланысты бастапқы кезеңді (адамның әлемдегі мағыналық бағдарын қалыптастыратын символдық әдіс ретінде) және кейінгі, ғылыми білімді меңгеру мен ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға негізделген белгі-аралық кезеңді құрайтынын атап өтеді. Белгілер мен символдар адамның эмоцияларына әсер ете отырып, белгілі бір психологиялық күйді оятуға қабілетті. Эмоцияларды туғыза отырып, символдар бейнеленген мазмұнға мән-мағына мен құндылық қосады [6, с. 5]. Қалалық кеңістікте символдардың тұрақсыздығы мен динамикалығы себепті жастарға байланыс орнату және қазіргі заманға бейімделу жиі қабылдамаушылыққа алып келеді. Көптеген заманауи белгілер мен символдар тарихи қалыптасқан мәдени құндылықтарды терең, негізгі символдық әлемді қабылдаудың жолымен түсіндіруге көмектеспейді.

Одан да айқын, көптеген қазіргі белгілер жүйесінде фундаменталдық негіздердің жоқтығы байқалады: олар жиі жасанды әрі фрагменттелген болып табылады, сондықтан бейсаналық, терең ақпараттық пласт есікке шығып, айналасындағы өмір кеңістігін меңгерудің ежелгі және уақытпен тексерілген тәсілдері қайта жаңғырылады. Ойын мен ритуал, өзіне тән барлық ерекшеліктері мен белгілерімен, қазіргі шындықта жастар үшін өмір сүрудің негізі болып табылады.

С. Ломаевтің пікірі бұл ойды жеткілікті түрде дәлелдейді. Ол былай деп жазады:

— «Өзіңді белгілер индустриясының өнімдерімен "толтырылған" жасөспірімді

елестетейік: ол жиі жағдайларға сай емес әрекет етеді, яғни өзіне зиянды немесе мағынасыз әрекеттер жасайды, бұл оны дағдарысқа әкеледі. Жағдайлар оны әлемнің дұрыс еместігін мойындауға немесе ұсынылған белгі жүйесіне разочарование білдіруге мәжбүрлейді. Бірінші әрекет түрі қоршаған әлемге агрессивті қарым-қатынасты тудырып, дағдарыстың одан әрі тереңдеуіне әкеледі. Екінші нұсқа белгі әлемін қайта қарауға алып келеді. Жастар субмәдениеттерінде екі нұсқа да белгілі дәрежеде байқалады. Қоршаған әлемге разочарование іс жүзінде әр субмәдениетте бар (әсіресе "эмо" және "готов" субмәдениеттерінде айқын көрінеді). Әр субмәдениеттің басты міндеттерінің бірі — балама белгі әлемін құру» [8, с. 134]. А.Л. Баркова, толкиеншілер субмәдениетін талдай отырып, олардың әлемді қабылдауын, шындыққа қарым-қатынасын архаикалық мәдениеттермен үнемі салыстырып отырады. Автор субмәдениет өкілдері «жеке тұлғаның екіжүзділігіне» ұшырамауын, сондай-ақ архаикалық адамның да осындай күйге түспейтінін атап көрсетеді [2, с. 61]. Сонымен қатар, С. Ломаев жастар субмәдениеттерінде олардың өкілдерінің солидарлығын нығайтып, шиеленісті азайтатын әртүрлі ритуалдардың дамуын атап өтеді, бұл әрекеттер адам қоғамында ежелгі заманнан бері маңызды рөл атқарады [2, с. 141].

Біздің көзқарасымыз бойынша, субмәдениеттер – бұл протесттік мінез-құлықтан гөрі, сол ұмтылыстарды ортақтасатын топқа мүше болу арқылы өзін-өзі түзеуге деген қажеттіліктің көрінісі болып табылады. Сонымен қатар, сол немесе басқа топты құру мен оған қосылу процесіне психологиялық дайындық деңгейі мен отбасы, мектеп және басқа да жағдайлар арқылы қалыптасқан мәдени негіз үлкен әсер етеді [7, с. 413]. Субмәдениетке ену кезінде өзін-өзі түзеу қажеттілігін басым мотивация ретінде белгілеу, мәдениет тарихындағы топқа мүше болу мен сол топпен байланыста болудың әртүрлі тәсілдерімен ұқсастықтарды тудырады. Осы үдерісте белгіге, оның визуалды сипатына ерекше мән беріледі, ол тек сол топқа мүше болудың көрінісі ғана емес, сонымен қатар белгі өз иесіне визуалдық атрибуттар арқылы әсер ету тәсілі ретінде де маңызды.

Осы ойды В.П. Бабинцев пен Е.В. Реутовтың зерттеуі растайды, олар қазіргі таңда өзін-өзі ұйымдастыруды алдымен белгілі бір деңгейде саналы және табысты түрде қоғамдағы өз орнын анықтауға бағытталған спецификалық өзін-өзі рефлексия формалары ретінде қарастырудың орынды екенін атап көрсетеді.

«Біз бұл рефлексия түрін социо-мәдени рефлексия деп атаймыз және оны жастардың қоршаған шындықты бағалау және өзін-өзі бағалаудың, дәстүрлі және заманауи құндылықтар мен мағыналарды өзіне тән интерпретациялауы негізінде қалыптасқан, көзқарастар, бейнелер, аңыздар мен символдар кешені ретінде анықтаймыз, олар күрделенген социо-мәдени кеңістікке бейімделу немесе оны өзгерту мақсатында қолданылады» [1, с. 111].

Біздің зерттеуімізде татуировка мәдени белгі ретінде қарастырылады, ол бір жағынан жастардың белгілі бір субмәдениетке мүше болуын білдіреді, ал екінші жағынан – қазіргі жастардың құндылықтық мағыналарының өзгеруін көрсетеді. Татуировканы тарихи ракурста қарастырған жағдайда, татуировкалар ешқашан тек көңіл көтеру мақсатында жасалмаған. Олар қасиетті мағына беріп, әлеуметтік дифференциация мен басқа да мәдени ерекшеліктерді білдіруі мүмкін.

Татуировкасы бар адам белгілі бір мақсатпен белгіленіп, оның денесіне оған өзіндік маңызды статус берілген. Тарихшылар мен антропологтардың пікірінше, адам денесіне қасиетті объект ретінде әрдайым зор мән берілген. М.Б. Медникова дәстүрлі мәдениет халықтарында адамның денесі әлемнің негізі, яғни әлемдік тәртіпті ұйымдастыратын матрица ретінде қарастырылғанын атап көрсетеді [10, с. 94]. Қоғам адамға белгілі бір өмір сүру кеңістігін құра отырып, тарихи тұрғыдан оның денелілігін реттеп келген, алайда қазіргі уақытта мұндай реттеу үшін арнайы механизм жоқ.

В.Л. Круткиннің пікіріне қосыла отырып, адам өзі жасаған мәдениетте өзін тұтқындағандай сезінеді. Адам табиғи инстинкттердің «жерновтары» мен цивилизациялық жетістіктердің арасында қалып қалады. Дене қозғалыс пен тыныштық күйінде әлеуметтік қысымды әртүрлі тәсілдермен білдіреді. Адамдардың «өткір» күш-жігерге, «шыдамсыз» ауыртпалыққа және «шексіз» ләззатқа мән беруі жеке қасиет емес, коллективтік келісім арқылы бекітілетін параметрлер болып табылады [5, с.118, 120].

Бұл үдеріс жиі балалық шақтан бастап қанағаттандырылмаған қажеттіліктері бар жасөспірімдердің көпшілігі себепті тереңдей түседі, сондықтан олар осы қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін субмәдениеттер ішінде іздейді. Жеке тұлға үшін ең жақын әрі маңызды аймақ – өз денесі, мұнда тері маңызды және функционалдық элемент ретінде бөлініп көрсетіледі. Сонымен қатар, дене – жеке «мен» шекарасы болып табылады. Сондықтан өз денесін белгілеуге, оны белгі ретінде жасауға, оған ерекше статус беруге деген ұмтылыс табиғи нәтиже ретінде көрінеді, бұл тұлғаға мәдени кеңістікті меңгеруге мүмкіндік береді.

Осылайша, қазіргі мәдениет кеңістігінде жастарды талдай отырып, тұлғаның өзін-өзі анықтау үдерісі шоғырланған архаикалық мәдени пласттарға жүгіну осы мәселенің жастар үшін қаншалықты өзекті екенін көрсетеді, ол субмәдениеттердің ұйымдастырылуында көрініс табады. Өте көп субмәдениеттер белгілі бір дәрежеде ойын ретінде қарастырылады, оларда әртүрлі рөлдер мен белгілер жүйесі бар. Ойын денеге арналған белгілі бір кеңістіктер мен белгілер жүйесін ұсынады, олар субмәдениет мүшесі үшін маңызды символдар болып табылады. Егер татуировкалар топ мүшелері үшін сол топқа тиесілілiктің белгісі болса, онда татуировка иесі үшін ол символдық мәнге ие болып, коллективтік бейсаналық ақпаратқа, оның символдық мазмұнына жүгінуді көрсетеді; бұл – адамның ішкі әлемінің ерекше шындықтары.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабинцев В.П., Реутов Е.В. Самоорганизация и «атомизация» молодежи как актуальные формы социокультурной рефлексии // Социологические исследования. - 2010. - № 1. - С. 109-115.
2. Баркова А.Л. Толкиенисты. Архаическая субкультура в современном городе // Человек. - 2003. - № 5. - С. 59-73.
3. Гришанин Н.В. Текст, символ, миф в семиотическом анализе городской культуры : автореф. дис. … канд. культурологии. - СПб., 2007. - 19 с.
4. Зильберглейт Л.В. Метаморфозы этносов и парадигма эволюции // Человек. - 2007. - №1. - С. 18.
5. Круткин В.А. Онтология человеческой телесности (философские очерки). - Ижевск : Изд-во Удмуртского гос. ун-та, 1993. - 130 с.
6. Кулагина Н.В. Символ как средство мировосприятия и миропонимания. - М. : МПСИ; Воронеж : НПО «МОДЭК», 1999. - 80 с.
7. Левикова С.И. Молодежная субкультура. - М. : ФАИР-ПРЕСС, 2004. - 608 с.
8. Ломаев С. На свалке субкультур // Октябрь. - 2010. - № 6. - С. 134-141.
9. Малахова Е.В. Телесное в молодежной субкультуре: семантика и эстетика // Вестник Московского ун-та. Серия 7. Философия. - 2011. - № 1. - С. 74-88.
10. Медникова М.Б. Неизгладимые знаки: татуировка как исторический источник. - М. : Языки славянской культуры, 2007. - 216 с.
11. Сладкова О.Б. Кризис идентичности в современном российском обществе // Обсерватория культуры. - 2008. - № 3. - С. 9-15.

ӘОЖ 781.632

ҚАЗАҚ ОРКЕСТРІ ҰЛТТЫҚ МҰРА РЕТІНДЕ: ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ

Нұрболат Перизат
kanatandirov2018@mail.ru
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Халық аспаптары» мамандығының
4 курс студенті. Атырау қ. Қазақстан Республикасы.
Ғылыми жетекші:аға оқытушы, магистр Андиров Қ.Б

Еліміздің тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген табыстарының бірі, мәдениет саласы бойынша, әрбір облыста құрылған ұлт аспаптар оркестрлері болып табылады. Қазір біздің елімізде «Құрманғазы» оркестрінің үлгісінде құрылған жиырмаға тарта осындай тек қана кәсіби ұлт аспаптар оркестрлері бар. Оның айғағы, облыс орталықтарынан ашылған кәсіпқой халық аспаптар оркестрлері ұжымдары. Атыраудағы Д.Нүрпейсова атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі мен «Нарын» фольклорлық халық аспаптар оркестрі. Оралдағы Даулеткерей атындағы халық аспаптар оркестрі, Ақтауда Абыл Тарақұлы атындағы халық аспаптар оркестрі, Ақтөбедегі Ахмет Жұбанов атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі, Шымкент облыстық филармониясының Сүгір атындағы ұлт-аспаптар оркестрі, Ақмола облысының Көкшетаудағы К.Күмісбеков атындағы қазақ ұлт- аспаптар оркестрі, Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының М.Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі, Қарағандыдағы Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі, Семей, Қостанай, Жамбыл, Астана облыстық филармониясы жанынан құрылған қазақ халық аспаптар оркестрлері (барлығы да кәсіпқой ұжымдар). Қазіргі кезде республиканың ең шалғай аудандарынан да халық аспаптар оркестрлері мен түрлі ансамбльдерді көптеп кездестіруге болады. Тек Қазақстан Республикасының мәдениет Министрлігі жүйелерінің өзінде ғана жүздеген халық аспаптар оркестрлері жұмыс істейді. Олардың ішінде «халықтық ұжым» атағына ие болған халық аспаптар оркестрлері де көптеп саналады. Ондай ұжымдар Атырау облысында да қызмет етіп келеді.

Олардың негізгі репертуары - күй. Бұл ешбір мемлекеттің аспаптық музыкасында жоқ жанр деуге болады. Біздің ең бірінші ұлттық байлығымыздың өзі осы күйдің санының шексіздігінде. Басқа ұлтта, мемлекеттерде жоқ қазақтың күйшілік мұрасының алатын орны ерекше. Өйткені, бірнеше мыңдаған күйлердің шығу тарихын зерттесе еліміздің әр замандағы тарихы баяндалады. Әр заманның өзінің күйлері бар. Бұл кешегі отаршылдық заманда бұрмаланған тарихымыздың шындығы деуге болады. Егемендік алғалы бері де зерттеліп, жинастырылуда.

Бірнеше ғасырдан бері дамып келе жатқан күй жанрының оркестр арқылы барлық бояу, өрнектерін нақышын келтіру, негізінде академик А.Қ.Жұбановтан басталса, қазіргі Егеменді еліміздің үздік білімді музыканттарының еңбектерінің арқасында жаңа қырымен көрінуде. Оған куә еліміздегі халық аспаптары оркестрлерінің жыл санап көбейіп, санының артуы. Оның ішінде үлгі боларлық Құрманғазы атындағы және Нұрғиса Тілендиев атындағы «Отырар сазы» фольклорлы – этнографиялық оркестр.

Халық сонау ықылым заманнан-ақ, өз өмірі мен тіршілігінің барлық кезеңдерін музыка тілімен бейнелеп, ән-күйлері арқылы баян етіп отырған. Оны домбыра, қобыз, сыбызғы т.б. музыка аспаптары арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізе білген. Ал, оны жеткізушілер халық арасынан шыққан дарынды өнер иелері болды. XIX ғасырдың бас кезінен бері өмір сүрген халық композиторларының біразының есімдері қазір мәлім боп отыр. Олардың бәрі де әліпті таяқ деп білмейтін, нота дегеннен бейхабар болса да, өз халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған,

көптеген музыкалық шығармалар қалдырып кеткені айқын. Олар халық аспаптарына арнап шығарған шығармаларын, яғни домбыра мен қобыз, сыбызғыға арналған музыкалық пьесаларды, «күй» деген бір - ақ сөзбен атаған.

Қазақтың халық аспаптары музыкасының негізі - күй. Ал, күй дегеніміз- адамның жан дүниесіндегі толғаныс-тебіреністерін, тарихи кезеңдердегі нақтылы оқиғаларды, табиғат болмысындағы көрініс құбылыстарды, тағы басқа сезімдік әсерлерді музыка тілімен бейнелеп көрсететін, бағдарламалы мазмұны бар, аспаптық шығарма.

Профессор Құдайберген Жұбановтың «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» деп аталатын мақаласында: «...Қазақта ән мен күйдің екі басқа болушылығының өзі халық музыкасының жақсы ғана жетіскен сатыда тұрғандығын көрсетеді. Өйткені бұлар әуелден бір болып, бара-бара музыка мәдениеті жетісе келе, бірінен – бірі айырылып, вокал музыка, инструментал музыка болып, егізделіп шыққан».

Күй мұрасы тым ертедегі тарихи дәуірлерден бастау алып, Асан қайғы, Қорқыт, Абыздармен желіленіп, одан бергі Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Ықылас т.б өнер саңлақтары арқылы сабақтасып, Қазанғап, Дайрабай, Өскенбай, Мәмен, Сейтек, Сүгір, Диналармен кеңестік дәуірге ұштасып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатыр.

Күй өнерінің мол жүгін арқалап, оны бүгінгі күнге дейін жеткізіп, дара танылған негізінен үш аспап. Олар-домбыра, қобыз және сыбызғы. Күй қазынасының басым көпшілігі домбыраның еншісінде. Домбыра күйлерін кеңестік дәуірге жеткізуде айтулы күйшілер Уахап Қабиғожин, Қамбар Медетов, Лұқпан Мұхитов, Науша, Махамбет Бөкейхановтар, Ғабдулман Матов, Қали Жантілеуов, Жәлекеш Айпақовтардың сіңірген еңбегі өте зор.

Халыққа кең тараған аспаптық музыканың енді бір түрі – күйлері. Бұл мұраны негізінен бүгінгі ұрпаққа жеткізген қобызшы күйшілер - Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаевтар. Домбыра мен қобызға қарағанда сыбызғы аспабын пайдалану, ел ішінде сирек кездеседі. Сол себепті аспапты музыкадағы сыбызғы күйлерінің мөлшері көпте емес. Қазақтың музыкалық аспаптары әрине, осы үшеуімен ғана шектелмейді. Көптеген музыка аспаптары халық басынан кешкен дүрбелең дәуірлердің шаң- тозаңының астында қалып, ұзақ уақыт бойына ұмыт болып келді. Көне халықтық музыка аспаптарын іздестіру, зерттеу жұмыстары негізінен кеңес дәуірінде қолға алынды. Бұл саладағы өнер тану ғылымының кандидаты, белгілі музыка зерттеушісі Болат Сарыбаевтың қосқан үлесі ерекше. Он жылдан астам уақыт бойына көне аспаптарды қалпына келтіру, дамытып-жетілдіру жұмыстарын жүргізді.

Қазірде қазақтың жиырмадан астам музыкалық көне аспаптары бар. Мысалы - сазсырнай, қос сырнай, жетіген, шертер, керней, даңғыра, дауылпаз, шындауыл, дабыл, кепшік, асатаяқ, қоңырау, шаңқобыз, тайтұяқ, үскірік, ұран, бұғышақ сияқты аспаптар бүгінде музыкалық сұраныс-қажетімізді толығынан өтеуде. Соңғы 30-35 жыл беделінде осы аспаптар құрамы негізінде мүлде жаңа үнді «Шертер», «Мұрагер», «Адырна», «Сазген», «Әсем қоңыр», тәрізді ансамбльдер мен «Отырар сазы» фольклорлы - этнографиялық оркестр дүниеге келді. Аспаптық музыка қорын жинақтап, нотаға түсіру, жүйелі зерттеу жұмыстары кеңес дәуірінде нақтылы жүзеге асырылды. Орыстың музыка мәдениетінің көрнекті өкілдерінің бірі А.Затаевичтің жиырмасыншы жылдары - қазақ жеріне келіп, музыкалық мұрамызды жинап, нотаға түсіруі Фарер өлкесіндегі елеулі оқиға болды. Мысалы, оның 1925 және 1931 жылдары жарық көрген екі жинағына қазақ жерінің әртүрлі өлкелерінен жазылып алынған 80-жуық күйлер енген. Ал, отызыншы жылдары қазақтың аспаптық музыкасын жинап, жазу жұмыстарына Е.Брусиловский, Б.Ерзакович, Б.Мацуцин, С.Шабельский, Л.Хамиди т.б. өнер қайраткерлері айтарлықтай үлестерін қосты.

Қазақтың ұлттық саз аспаптарының қалыптасып даму деңгейі еуропа, азия елдерімен салыстырғанда әлдеқайда кенже қалған. Десекте қазақтың ұлттық саз аспаптары ғасырлар бойы жаңғырып, даму кезеңдерін бастан кешті. Алғашқы рет қазақтың ұлттық саз аспаптары кеңес

үкіметінің тұсында өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Ахмет Жұбановтың бастамасымен ұлттық фольклорлы оркестрге икемделіп түрленіп көптеген саз аспаптарымыз жаңа сипатта жаңғырып түледі. Бұл сан ғасырдан бергі қазақтың ел болып алғаш рет аспаптарына көңіл бөліп дамытқан тұсы және ішекті шертпелі, ыспалы, үрмелі, шулы аспаптардың тұңғыш бас қосып қазақ даласының дауысын аспап тілімен жеткізуі болып тарих бетінде алтын әріптермен жазылды. Қазақ халық аспаптарынан еуропаланған оркестр құру туралы идея А. Жұбановты жайбарақат қалдырмағаны ақиқат, сол кездің өзінде қаладағы дәстүрлі өнерді қолдап, тең (мәтін), «таза күйінде» сақтап қалу үшін көп нәрселер жасады. Халық аспаптары оркестрін құру кезінде күйлерді орындауға «феодалдық өмір кезеңінің идеялық көрінісі» деген кінә тағылды, сол себепті сол жылдары бұл оңай іс саналған жоқ еді. Соған қарамастан Ахаң құрған оркестр айрықша орын алды, өйткені ол дәстүрлі музыканы орындаудағы көпдауыстылыққа «шабысты» көрсету мүмкіндігін берді. Оркестрдің репертуары басынан бастап екі планды - еуропалық және ұлттық болды. Оркестр кейін ұлт мақтанышына айналды.

Көне халықтық музыка аспаптарын іздестіру, зерттеу жұмыстары саласында өнер тану ғылымының кандидаты, белгілі музыка зерттеушісі Болат Сарыбаевтың қосқан үлесі ерекше. Он жылдан астам уақыт бойына көне аспаптарды қалпына келтіру, дамытып-жетілдіру жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрі құрылды. Ол да Құрманғазы атындағы оркестр сияқты еуропалық принциптегі оркестрлік топтарға негізделді. Бірақ оған көптеген жаңадан туындаған, осы уақытка дейін Б.Сарыбаев байқаудан өткізген жаңадан табылған көне музыкалық аспаптар енгізілді. Бұлар оркестрдің дыбыстарының жалпы тембрін өзгертіп, халықтың құлағына сүйкімді, жұмсақ, жағымды дыбысталуға жақындатады. Егер Құрманғазы атындағы оркестр еуропаланудың жолындағы мәдениеттің күрт өзгеруінің прогресстік символы болса, ал «Отырар сазы» оркестрі ежелгі мәдениеттің тереңдігін, өзіндік ерекшелігін дәлелдеп берді. Бұл оркестрдің дыбысталу тембрінде, оның атауы мен Құрманғазы атындағы оркестрдің репертуарына енбеген, мәдениеттің көнерген түрін сақтап қалған Оңтүстік, Шығыс Қазақстанның дәстүрлі туындылары негізін құрған репертуарында байқалып тұрды. Оркестрдің келбетін қалыптастырған атақты домбырашы, дирижер, талантты композитор Нұрғиса Тілендиев болатын.

Қазақ халық композиторларының күйлері бүгінде оркестрге түсіріліп, көз алдында құлпырып құлақ естімеген бояу тауып, жер жүзілік классика мен орыс совет музыка мәдениетінің негізінде түлеп жаңарды. Қазіргі кезде қазақ күйлері өз елімізде ғана емес шетелдерде де тарап, жалпақ жұртқа жайылды. «Қазақтардың көшпелі тұрмысына қоңыр үні мен сән, көрік беретін» домбыра бүгінде үлкен концерт залдарында жеке орындауда да, оркестрде де күй төгіп, тыңдаушы қауымды эстетикалық әсерге бөлейді. Дүниежүзілік музыка мәдениетінің үлгісінде дамып, кең құлаш жайған қазақ күйлері Қазақстан композиторларының опералық және симфониялық шығармаларына арқау болды.

Кеңестік дәуірде Қазақстандағы халық аспаптары музыкасының өркендей өсіп, дамуы, кәсіби өнер деңгейіне көтерілуі негізінен отызыншы жылдары басталды. Бұл республикамызда оқу орындарының ашылып, онда халық аспаптарының да жүйелі түрде оқытылуына тікелей байланысты болды.

1934 жылғы халық таланттарының Бүкілқазақстандық І-ші слетінен кейін құрылған Қазақтың Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі осындай өскелең өнеріміздің қажетінен туған еді. Бұл оркестрдің өмірге келуі қазақтың аспаптық музыка өнеріне өлшеусіз өзгерістер енгізіп, кәсіби биік деңгейге көтерілуіне аса зор ықпал етті. Оркестрді ұйымдастырушы және оның тұңғыш дирижеры, көркемдік жетекшісі Ахмет Жұбанов болды. Қазақтың аспапты музыкасын дамыту ісі Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрімен тығыз байланысты. Бірнеше жылдар бойы бұл оркестр үшін көптеген қазақстан композиторлары шығармалар жазып келді. Біздегі аспапты музыканың табысты болуына тағы

бір себеп: халықтық музыка аспаптарын жаңадан жетілдіріп, жақсарта түсу саласында да зор жұмыстар істелді. Бұл жөнінде 1934 жылы құрылған ғылыми зерттеу кабинеті мен музыкалық эксперименталдық шеберхананың атқарған қызметін атап айту керек болады. Ағайынды Романенколар мен Қамбар Қасымов сияқты тамаша шеберлер пернелі және сазды музыкалы аспаптардың жаңа түрлерін (домбыраның, қобыздың, сыбызғының бірнеше түрлерін) жасап шығарды. Мұның өзі оркестрдің мүмкіншілігіін өлшеусіз ұлғайтып, халық музыкасын көп үнді, көп сарынды етіп өңдеуге мүмкіндік берді.

Осы орайда, ең алдымен, қазақ совет музыкасының негізін қалаушылардың бірі, академик, өнертану ғылымының докторы, профессор Қазақ ССР-нің халық артисі Ахмет Қуанұлы Жұбановты (1906-1968) атауымыз орынды. А.Жұбановтың республикамыздың музыка мәдениеті тарихындағы алатын орны ерекше. Оның ғылыми, дирижерлық, ұстаздық, орындаушылық, ұйымдастырушылық, қоғам қайраткерлігі мен композиторлық еңбектері өз алдына бір төбе. А.Жұбановтың қазақтың аспаптық музыка өнері саласында да сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Оны арнайы жүйеге келтіріп, кәсіби жолға түсірген де Ақаң. Ол аспаптық музыка саласында ұлт кадрларын даярлау ісіне де белсене араласты. Көп жылдар бойына Алматы Мемлекеттік консерваториясындағы халық аспаптары кафедрасына жетекшілік етті. А.Жұбановтың «Ария», «Романс», «Көктем», «Вальс», «Би күйі» тәрізді шығармалары халық аспаптары музыкасының алтын қорына енді.

Сондай-ақ, А.Жұбанов Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінің репертуарынан берік орын алған көлемді шығармалар да жазды. Олар – «Қазақ маршы», «Құрманғазы маршы», «Абай» симфониялық поэмасы, Абай әндері тақырыбына фантазия, Бірінші және Екінші тәжік сюиталары. Қазақстан композиторларының симфониялық-инструментальдық аспаптық музыкасының қалыптасуы да Кеңес Одағындағы профессионалдық музыка жанрының қалыптасуы сияқты халықтың музыкалық творчествосымен тығыз байланысты. Бұл жылдар ішінде қазақтың симфониялық және инструментальдық аспаптық музыкасын, осы даму кезеңіне лайықты, айтарлықтай байытқан композиторларымыздың бірі Б.Г.Ерзакович болды. Ол қазақтың «Камшат бөрік», «Дайдидау», «Көгаршын» сияқты халық әндерінің негізінде «Увертюра» (1935 жылы) жазып шықты. Композитордың ол увертюрасы Кеңестік Қазақстанның 15 жылдығына арналған болатын. Бұл жылдар ішінде А.В.Затаевичтің ісін жалғастырып, қазақтың фольклорлық музыкасын жинап, зерттеу жұмысын жолға қоюда композиторларымыз А.Қ.Жұбанов, Е.Г.Брусиловский, Б.Г.Ерзакович, Л.А.Хамиди, Д.Д.Мацуциндер елеулі еңбек сіңірді. Олар қазақтың халық музыкасын жинап, зерттеп қана қойған жоқ, сонымен қатар оларды өңдеп, жаңа өмірге сәйкес пайдаланып отырды. Халық музыкасын өндеу-түрлендіру, Оны аспаптарға бейімдеу жұмыстары қазақтың профессионалдық музыкасының қалыптасуына елеулі ықпал жасады.

Соғыстан кейінгі 10 жылдың ішінде тәжірибелі дирижерлар: А.Қ.Жұбанов, Л.А.Хамиди, Л.М. Шаргородскийлер басқарған Қазақтың - Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің орындаушылық шеберлігі жетіле түсті. Бұл жағдай бұрынғы қазақтың халық аспаптарын біраз жетілдіре түсуді, сондай-ақ оркестр құрамын консерватория бітірген білімді мамандармен толықтыра түсуді қажет етті. Ұжымның концерттік бағдарламаларына оркестрдің орындайтын халық композиторларының күйлерімен қатар, сол күйлерге қосымша есебінде орыстың және шет елдік классик композиторлардың шығармалары да ене бастады. Қазақтың халық композиторларының күйлерімен қатар, С.И.Шабельский, Л.А.Хамиди, Л.М.Шаргородскийдің дирижерлық етуімен Глинканың «Фантазия вальсі», Дворжактың «Славян биі», Моцарттың «Рондосы», Глазуновтың «Концерттік вальсі», т.б.ойналып жүрді.

1982 жылы қыркүйек айының бас кезінде Димаш Ахметұлы Қонаев Орталық комитетке Нұрғиса Тілендиевті шақырып алып «Қазақтың ұмытылып қалған әндері мен күйлерін жарыққа

шығармасақ болмайды. Қазақта домбыра мен қобыздан басқа да музыкалық аспаптар бар екен, «Отырар сазы» фольклорлы – этнографиялық ансамблін құруды өзіңе жүктегелі тұрмыз. «Қыз Жібек» фильмі арқылы неге қабілетті екеніңді көрсеттің. Дәл сондай көне музыкалық мұрамызды тірілткенің жөн болар» - деп тапсырма берді. «Отырар сазы» фольклорлы – этнографиялық оркестрі «Отырар сазы» осы мақсатта құрылған еді. Оның оркестр ретінде өмірге келуі – 1982 жылдың қазан айының 1 – і күні деп есептеледі, бұл Халықаралық музыка күніне сәйкес келгендігімен де есте қалады. Алғашқыда шағын топтан құралған өнер ұжымы қазіргі кезде, тарихи өлшеммен алғанда аз ғана уақыт ішінде, шығармашылық биіктерге көтерілген, бәрі мақтан етіп жүрген атақты оркестрге айналып отыр.

Музыкалық аспаптардың түрлері көбейді, сапасы жақсартылды. Ата – бабамыздан келе жатқан асыл мұрамызды жинастырып, шебер жаңғыртып, бұл салада ерекше шығармашылық биікке жеткен ұжым деп Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық ұлт аспаптар оркестрі және фольклорлы – этнографиялық «Отырар сазы» оркестрін танысақ керек. Құрманғазы оркестрі негізінен төкпе күйін нығайтса, «Отырар сазы» шертпе күйді кәсіби деңгейге көтерді. Бұл – баға жетпес еңбек. «Отырар сазы» оркестрінің құрамында қазақтың көне халық музыкалық аспаптары – домбыра мен қобыздан басқа жетіген, шертер, шаңқобыз, жезқобыз, месқобыз, сырнай, сазсырнай, сыбызғы, асатаяқ, дауылпаз, тұяқтас, қоңырау, тағы да басқаларының .үні алғаш рет кең тыныспен профессионалдық дәрежеде естілді.

Бұрын орындалмай келген әндер мен күйлердің репертуар - негізіне алынуы да «Отырар сазының» ерекше сонылығы. Күйлердің байырғы қабаты болып табылатын қобыз шығармаларының бұл оркестрде құлпырып ойналатынын көріп те, естіп те жүрміз. Мысалы, Ықыластың «Қамбар батыр» •л күйі өзінің нағыз терең сипатын осы оркестрдің орындауында көрсете алған десек артық айтқандық емес. Бір кезде онша еленбей келген, бірте - бірте ұмытыла бастаған шертпе күйлердің табиғаты танылып, ойлы да сұлу келбеті халыққа кеңінен насихатталуы оркестрдің қызметінде ерекше бағасын алады. Қазірдің өзінде мұнда Тәттімбеттің «Қосбасар», «Сарыжайлау», «Сылқылдақ», Сүгірдің «Кертолғау», «Бес жорға», Ықыластың «Ерденнің Тыр күйі», «Қамбар батыр», қазіргі Қазақстан композиторларынан М.Төлебаевтың «Еске алу», Н.Тілендиевтің «Ата толғауы», «Аңсау», «Көш керуен», К.Күмісбековтің «Фараби сазы», «Қорқыт күйі» т.б. композиторлардың шығармалары ойналып жүр. Сонымен қатар оркестр репертуарында Қазақстанның түкпір - түкпіріне кең таралған домбырашылық дәстүр үлгілері де қосылған. Құрманғазының «Серпер», «Қызыл қайың» секілді көпке қанықты күйлерінің өзі бұл оркестрде жаңа қырларымен танылғандай болады. Қазақтың барша күйшілік дәстүрін қамтуға қауқары келетін «Отырар сазының», негізінен, қобыз күйлері мен шертпе күйлерді, сондай – ақ қазақтың бұл кезге дейін көп орындалмай келген ән мұрасын да насихаттауға мейлінше ден қойып келеді. Қазіргі композиторларымыздың өндеуімен берілген немесе тыңнан шығарылған күйлер де оркестрдің репертуарлық бағытына үйлесіп отырады. Оркестрдің құрылған күнінен бастап оның көркемдік жетекшісі әрі бас дирижеры - Кеңес елі мен Қазақстанның халық әртісі, халық қаһарманы, композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев болды, ол осы қызметті өмірінің ақырына дейін атқарды. Оркестрдің күллі табысы мен жаңалығы асқан домбырашы, талантты композитор Н.Тілендиев есіміне тікелей байланысты.

Батысқа келетін болсақ, 1955 жылдан Мұнайшылар мәдениет үйінде 8 адамдық домбыра үйірмесі ашылып, соның негізінде 1956 жылы 13-14 адамнан құралған домбыра ансамблі болды. 1956 жылдың күзінде осы ансамбльдің көркемдік жетекшісі болып, Алматыдан тұңғыш консерваториялық білім алып келген Сейілхан Құсайынов тағайындалды. Сейілхан жұмысқа кіріскеннен кейін, бұл ансамбльге түрлі техникумнан студенттер мен қала жастары тартылып пединститут оркестрінен он шақты студент қатысып, құрамы кеңейтіліп қатысушылар саны 20-30-ға дейін жетті. Қаладан: Құмар Хасанов - примач, бүкіл еңбегі «Запказгеология» бірлестігінің аппаратында болған, геолог-ғалым. Қапар Темірғалиев - белгілі сағат жөндеуші. Текей

Қарамурзиев - примач, қазіргі АМГ институтының профессоры. Бұл азамат сол кезде домбыра пернелерінің тағылатын орнын математикалық жолмен домбыра сабының ұзындығы мен тиектерінің аралығын дәлме-дәл есептеп шығарудың формуласын тапты. ГГПИ-дан (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы АМУ) Қатимолла Ризуанов, Сағындықов Төлеу, Жұмалиев Қуанғали, Шаженбаев Дәйеш, Түсіпқалиев Сүндетқали, Хамзин Алдамберген, Меңдібаев Таңаш, Базарбаева Мәрияш, Жалғасбаева Зауза т.б. студенттер болды. 1956 жылдың қысында сазгер-дирижер Нұрғиса Тілендиев Гурьевке келді. Атақты сазгер әуелі студенттер оркестрін, одан кейін Мұнайшылар мәдениет үйіндегі халық аспаптар ансамблін тыңдады. Белгілі музыка маманы студенттер оркестріне жоғары баға беріп, болашақта қобыз, прима, дауылпаз, бас домбыра сияқты аспаптарды енгізу туралы кеңес берді.

1957 жылы 5-ші сәуірде Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің, Қазақ ССР министрлер кеңесінің Алматыдағы үкімет үйінде бүкілодақтық және дүниежүзілік жастар фестивалін өткізу жөніндегі №175 санды қаулысы шыққан болатын. Сол қаулы негізінде, Облыстық партия комитетінің арнаулы қаулысы қабылданып облыс, қала, аудан, ауылдарға тапсырма беріліп, өнерпаздықты дамытуға бетбұрыс жасалды. 1957 жылы Мәскеуде өтетін жастар мен студенттердің дүниежүзілік 6-фестиваліне дайындық жұмысы жүргізілді. Мұндай әзірлік сол кезде екінші жыл ғана жұмыс істей бастаған Гурьев пединститутында да қызу қолға алынды, халық аспаптар оркестрі ұйымдастырылды, оркестр құрамы алпыс адамға жетті. Сол тұста біздің облысымызды Нұртас Оңдасынов деген азамат басқарды. Ол сол кезде: «Құрманғазы оркестрі бар, енді Дина атындағы оркестрді неге құрмасқа» -деген еді. Сөйтіп, Гурьев облысында алғаш рет қазақтың ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастыру жолға қойылды. Жетекші маман ретінде, оркестрді құрып, ұйымдастыру жұмыстары Алматыдан арнайы шақырылған «Мұнайшылар» Мәдениет үйінің жанынан құрылған халық аспаптар ансамблінің көркемдік жетекшісі Сейілхан Құсайыновқа жүктелді. Бұрынғы ансамбль мүшелері сан жағынан көбейе бастады. Алғашқы кезде оркестрлік жүйеде ұйымдастыру жұмыстарында және барлығы бірдей қосылып ойнауда үлкен қиындықтар кездесті. Бұның себебі, әр ауылдан келген оркестр мүшелері әр түрлі жолмен, өз беттерінше үйренген және домбырада ойнау стильдері де әр түрлі еді.

1957 жылы жастар мен студенттердің бүкілодақтық фестивалі облыс еңбекшілерінің өнерге деген ерекше құлшынысын көрсетті. Сол жылдың басынан бастап облыста фестивальге жаппай әзірлік жұмыстары жүргізіліп, көктемде аудан көркемөнерпаздарының байқауы өткізілді. Бұл фестивальда облыс өнерпаздары барлық жанрда дерлік өнерлерін көрсетті. Байқау сарапшыларының төрағасы Н.Тілендиев болды. Бір жұмаға созылған өнер мерекесінің қорытынды концерті Жеңістің 12 жылдығына сәйкес келді. 9 мамыр күні «Жилгородоктағы» мұнай өңдеу зауытының стадионында облыстың 500 домбырашысы бас қосқан, бұрын-соңды болып көрмеген, ғаламат халық аспаптар оркестрі қазақ тарихында тұңғыш рет өнер көрсетті. Орталық дирижер пультінде Нұрғиса, екі жағында аласалау тұғыда Сейілхан мен Тоқсанбай үшеуі синхронды дирижерлық етті. Бұл сәттердің суреті облыстық тарихи-өлке тану музейінде тұр. Осы бес жүз домбырашыдан бармағынан бал тамған 100 өнерпаз таңдап алынды. Олардың жартысына жуығы студенттер болды. Жүз адамнан құрылған оркестрге Н.Тілендиев өзі басшылық етіп, фестивальге дайындады. Сейілхан Нұрғисаға көмекші болды және ұйымдастыру жұмыстарымен айналысты.

Осы фестивальдің бел ортасында болған музыка зерттеушісі, сазгер, академик Ахмет Жұбанов былай деп жазды: «Кішкентай аспаптар ансамблінде немесе оркестрге нота арқылы күйлерді де, әндерді де, басқа халықтық үлгілерін де түсіріп ойнауға болады. Бұл жөнінде гурьевтіктерден үлгі алу керек. 1957 жылы облыстық фестивальға 1200 домбырашы қатысты. Осы кезде облыс көлемінде екі жүзден аса өнерпаздық домбыра оркестрі бар. Олардың басшыларының бірқатары нота сауатынан хабарлы. Өйткені оларды Гурьевке жиып алып,

музыка сабағынан мәліметтер беріп жіберген. Сондықтан кейбір оркестрлері нотамен орыс, европалық музыка шығармаларын да орындайды». Халық аспаптары музыкасы саласында да көптеген шаралар іске асырылып жатыр. Мысалы, арнаулы музыкалық оқу орындарында осы бағыттағы оқып - үйрену тәртібі белгілі бір жүйемен жүргізіліп келеді. Көптеген көне аспаптардың орындаушылық мектеп, кластары ашылды. Оларға талапкер өнерпаздар тартылып, өз ісінің білгір шеберлері, оқытушы мамандар ұстаздық етеді. Осының бәрі ертеңімізге үлкен үміт артып, сеніммен қарауға негіз береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байжұмаов С. Халық аспаптары оркестрі. А., 1993.
2. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. А., 1975.
3. Жұмалиева Т., Ахметбекова Д., Ысқақов Б., Карамендина, Қоспақов З. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы. А., 2005.
4. Сарыбаев Б. Казахские народные инструменты. А., 1978.
5. Тілендиев Н. Ата толғауы. А., 2005.
6. Нағымұлы Ш. Атырау: білімге бастаған жолдар. А., 2000.
7. Қазақ өнері.Энциклопедия.Алматы:Білім,2002.
8. Қазақ күйлерінің тарихы.Алматы.2000.
9. Сейдімбек А.Қазақтың күй өнері. – Астана.2002.
10. Назаров Ж. Жайық жағасында. Ән-күй жинағы. – Алматы.2001.
11. Райымбергенов А., Райымбергенова С. Күй төресі Қазанғап. – Алматы.2022.
12. Кипиев Қ. Дирижерлау техникасының негізлері. – Атырау.2024.

ӘОЖ 316.776

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Сәнім Марат

sanimbauyrzhan@gmail.com

«Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 2 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ахонова Мерует Иманғалиқызы

Бүгінгі тіршілік кестесі өте жоғары жылдамдықпен түрленуде. Оның бұрыннан санамызға қалыптасқан, түр-түсі, бояуы реңсізденіп, жаңа түс, жаңа белгілер пайда болды. Уақыт талабына сай ақпараттық салада да тың үрдістер қалыптасып, өмірдің бөлінбес бөлшегіне айналып отыр. Ақпаратпен коммуникацияның мақсаты бір халыққа қызмет ету, қоғамдық пікірді қалыптастыру. Ұлы тұлға А. Байтұрсыновты ұғынсақ, пікір жоғары жақтан емес, төменгі халықтан келеді. БАҚ-тың белді мүшесі газеттің «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болатыны сондықтан. Қазіргі дүние біртұтас ағзаға, тұтас жүйеге айналып келеді. Мұнда оның жекелеген бөліктерінің жай-күйі жалпы жаһандық жүйеге тікелей тәуелді, сонымен қатар жаһандық жүйенің өзі оның бөліктері мен элементтерінің жай-күйіне тікелей тәуелді болып келеді. Әлемдік жүйенің әр бөлігі басқа бөліктерге ықпал етеді және өзі де солардың ықпалына түседі. Бұл кез келген салаға – саясатқа, экономикаға, қауіпсіздікке, ғылыми-техникалық, ақпараттық және басқа да салаға қатысты. Ақпараттық және басқа технологиялардың осы заманғы дамуы, шектеусіз әлемдік рынокқа шығу, бүкіл дүниежүзімен сауда жасау мүмкіндігі, бүкіл әлеммен

байланысқа түсу, басқа елдерден үйрену, өзге халықтардың мәдениетін білу арқылы рухани баю - мұның бәрі қазіргі дүниенің бізге беретін нәрсесінің бір бөлігі ғана. Коммуникация түсінігінде адамзаттық, субъективтік, жеке тұлғалық факторлар аса маңызды болып келеді. Коммуникациялық үрдістерде коммуникатордың құндылық бағыты, психологиялық әсері, көзқарасы, әдеті негізгі рөл атқарады [1].

Қазіргі біз өмір сүріп отырған заманды ақпараттық деп атайды, ақпарат қоғам өмірінде, оның іс-әрекетінде маңызды бір элементі. Ақпараттану ақпараттың қоғамға өту процесі ретінде адам өмірінің барлық саласына әсер етіп шықты. Жаңа ақпараттық технологиялар ғылымның және ғылыми қоғамның дамуына жаңа беттерді ашты. Электронды пошта, компьютерлік бағдарламалар адамдардың тығыз байланысын қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие. БАҚ-ды үлкен аудиторияларға ақпараттың таралу процесі болып табылады. Бұл адамның танымы мен психикасына идеологиялық, саяси, экономикалық және т.б жағынан ықпал етуші құрал ретінде.

Қазіргі таңда біздің қоғамда теледидар (эфирлік, кабельдік, спутниктік), баспа, радио, электронды пошта, ұялы телефон байланысы, интернет еркін коммуникациялық кеңістікке айналды. Бұның бәрі негізі ақпарат болып табылатын қоғам құрғанымызды айғақтайды. Ақпараттық ғасырға аяқ басқан тәуелсіз Қазақстанның әлемдік үрдістен кенже қалмауы мен технологиялық, мәдениеттік, өркениеттік сапасын арттырудың бір бағыты - саяси жүйені заман талабына сай жаңғыртып, ақпараттық басқаруды қалыптастыру мен дамыту екені анық. Бұқаралық ақпарат құралдарының даму үрдісіндегі ең қуатты алғышарт компьютер мен Интернет бүгінде басқаларынан қол үзіп кетті. Ол барлық әлемді құшағына қамтып, кез келген ақпарат көзімен әп-сәтте байланысқа түсе алады. Оның себепттері, біріншіден, кино мен әлеуметтік өмірлік уақыттың қайшылыққа келуі, екіншіден, киноның компьютерлік технологиядан да озық стилін таба алмауы, үшіншіден кино сәт сайынғы жаңашылдықты жасап шығару талабына жауап беруінің қиындай түсуі т.б. БАҚ - кейде қоғамдық пікірді білдіретін шынайы билікке ықпал ететін, тіпті оның мүмкіндіктерін бір сәтке шектейтін күш [2]. Осы арқылы медиамәдениет қоғам мен мемлекет, билік пен тұлға арасындағы делдал ретінде көрініс табады.

Бүгінгі XXI ғасыр негізгі құндылығы - ақпарат. Ал ақпарат таратуда теледидар, газет-журналмен қатар бүгінгі таңда ғаламтордың да үлес салмағы артып келеді. Бүгінгі жаһанданған әлемдегі технологиялық инновацияның шарықтаған заманында: интернет, спутниктік байланыс арқылы мәтін, аудио, бейнеақпараттардың тез арада әлемге таралуы, олардың географиялық, экономикалық, рухани аймақ шекарасынан ары шығып кетуі осыған айғақ.

Қазіргі кезде Қазақстандық қоғамның барлық саласында ақпараттандыру процесі қызу жүруде, оның ішінде саясат саласында да жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік қызмет пен әкімшілік-басқару істерін әлемдік стандарттарға сай модернизациялауға барынша күш салынып жатыр. Өркениетті жасаушы да, жоюшы да адам болғандықтан, антропология мәселесін жан-жақты салалы зерттеу қай кезеңдеде толастаған емес. Адамға ең қызықты обьект - ол адамның өзі. Адам адамға әрі объект, әрі субъект. Ешқандай ғылым адамды толыққанды зерттей алмайды. Бір ғылым адамның заңын зерттесе, екіншісі биологиялық құрылымын, ал үшіншісі қоғамдағы рөлін зерттейді. Адаммен байланыссыз бірде бір ғылым жоқ. Барлық ғылым адамға тәуелді, себебі ол адам ойының, адам дүниетанымының жетістігі. Ақпараттық қоғам алаңында ақпарат пен білімге негізделген жаңа биліктің түрі басымдыққа ие болып келеді. Жаңа биліктің негізгі сипаты болып-білімнің синтезі ретіндегі интеллект, ақпарат пен коммуникация, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың рухани күші секілді ерекшеліктер бейнеленуде. Бір сөзбен айтқанда, БАҚ – күнделікті теледидар, радио, мерзімді баспасөз басылымы және интернет сайттар. Ал, оған қоса жаңа медиа мен жаңа ақпараттық технологиялардың ақпарат таратып, ақпарат жинақтауын да қосуға болады. Наполеон: Жауға

қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор, - деген. Сарапшылар БАҚ-тың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді:

- жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі;
- арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы;
- ақпарат таратушының қабылдаушыға біржақты ықпалы;
- тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі.

1840 жылы француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады [3]. БАҚ - бұл мемлекеттік иделогия құралы. Әрбір аймақтың, әрбір мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Үлкен мемлекеттер айналасындағы шағын елдердің мәдениетін басып, халқын өз аузына қаратып алуға талпынады. Сондықтан шағын елдердің өз мәдениетіне және өз ақпараттық саясатын жүргізу ісіне мығым болуы қажет. Бұл Қазақстан үшін, мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін өзекті мәселе болып табылады [4].

XXI ғасыр техниканың гүлдену шағы. Техникадағы ең керемет жетістік ақпараттарды сақтау мен беруге қатысты тасымалдау құралдарының эволюциясы: кітаптық басылым, кино, радио хабарламасы, интернет, теледидар. Интернет 1969 жылы АҚШ-тағы қорғаныс министрлігінің компьютерлік орталығын және академиялық ұйымдарды біріктіру мақсатында құрылған болатын. Жүйенің бірінші әрі басты ерекшелігі оның ақпараттарды тасымалдаудағы тиімді әрі әмбебап құрал болуы ғана емес, сонымен қатар, оның шексіз ақпаратты сақтау және тасымалдау қабілеттілігінде. Болашақта ақпараттарды электрондық жүйеде тасымалдау тасымалдау тәсілінің «қағаздық» тасымалды толығымен ығыстырып тастау мүмкіндігі күмәнсіз. Ерте ме, кеш пе біздің бүкіл кітап мұрамыз, сонымен бірге кино қорымыз, музыкалық жазба жинақтарымыз және т.б. электронды түрде ғана болады. Сонда жүйе (NET) бұқаралық қолданыстың жалғыз құралына айналуы мүмкін. Бұл әлемдік прогресс жемісі. Шын мәнінде, қазірдің өзінде әлемдік Интернет жүйесі адамзаттың ақпараттық әулетін айтарлықтай дамытып, әлемнің барлық бұрышындағы миллиардтаған адамдардың тең әрі оңай бірігуінің басты себебі болып отыр. Қазіргі әлем онтологиясын өркениеттік тұрғыдан зерттеу барысында қазіргі таңда отандық философтар мен әлеуметтанушыларды, тарихшылар мен мәдениеттанушыларды жалпы гуманитарлық ғылым өкілдерін қатты қызықтырып отырған мәселе. Өркениет ұғымы, жалпы өркениет мәселесі социо-гуманитаристикада орталық мәселелердің біріне айналып отыр. Біздің көзқарасымызға сай, бұл қызығушылықтың бірнеше себептері бар тәрізді. Біріншіден, өркениетті қалыпттастыруға ұмтылуда. Екіншіден, көптеген батыс ғалымдарының пайымдауынша, кемелденген әрбір мәдениет өркениетке ұласпай қоймайды.

Өткен ғасырларда өмір сүрген даналарымыз халықты үнемі рухани адамгершілік бағдарларға шақырып отырған. Әл-Фараби замандастарына «қайырымды, ізгілікті қаланың» қажеттілігін айтса, Жүсіп Баласағұн қоғамда әрбір адамның әділетті болуын көксеген, Абай пендеге арнап «Адам бол» деп нақты кеңесін берген, Шәкәрім болса, ар-ұяттан, ұжданнан әлеуметтік болмыстың, адам өмірінің түп қазығын іздеген. Әрбір ұлттық мәдениет өзінің дамуында рухани дүниесіне сүйенеді. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық-этикалық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі.Мәселе сол рухани інжу-маржандардың қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі күрделі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен жүйелі түрде бере білуде болып отыр.

Адам ақпаратқа үш деңгейде ие болады деп айтуға болады. Бірінші-биологиялық яғни генетикалық; екінші-әлеуметтік орта арқылы; үшінші-техника арқылы ақпаратты қабылдап, оның өмірлік жолы мен бағыт-бағдары айқындалады. Ақпараттың тасымалдану мен таратылуының жылдамдауын ықпал ететін технологиялар, көпшілік бұқараның өміріне енуі,

оларлың мәдени деңгейін көтеріп, сауатын ашуда. Бұл дегеніміз бұрын баяу қозғалыстағы қоғамның бөлшегінің үрдістерін жылдамдататындығы сөзсіз. Ақпараттық дәуірде бірінші кезекте, БАҚ-тың тірегі ретінде «аудиовизуалды мәдениет». Кино әсіресе теледидар ықпалымен «экрандық мәдениет» деп аталатын құбылыс пайда болады. Соңғы он жылдардың ішінде көптеген ғалымдар, теледидарды «өмірдің басты ұстазы» деген ойды қолдауы бекер емес [5].

Қазіргі заманды ақпарттық кезең деп атайды, ақпарат қоғам өмірінде, оның өмір іс-әрекетінде маңызды бір элементі болып табылады. Ақпараттану ақпарттың қоғамға өту процесі ретінде адам өмірінің барлық саласына әсер еттіп шықты. Жаңа ақпарттық технологиялар ғылымның және ғылыми қоғамның дамуына жаңа беттерді ашты. Электронды пошта, компьютерлік конференциялар ғалымдардың тығыз байланысын қызықтырған мәселелерді интенсивті талқылауды қажет етеді. Ғылыми зерттеулердің ақпараттануы- зерртеу объектілері туралы дәл, дер кезінде толық білімді алуға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыру болып табылады.

БАҚ-тағы жаһандану соңғы жылдары белсенді түрде дамуда. Қазіргі уақытта оның негізгі үш бағытын бөліп қарауға болады:

1. БАҚ–тың ақпараттық әсерін әлемнің көптеген елдеріне тарату.
2. БАҚ–тың трансұлттық корпорацияларда жинақталуы, әртүрлі коммуникациялық жүйелердің біртектес желіге қосылуы. БАҚ-тың жаһануына байланысты, бүгінгі таңдағы PR-мамандары мен агенттерінің жұмыстарының негізгі бағыттарыының бірі де БАҚ-пен жұмыс істеу болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары (бұқаралық коммуникация) - бұл ұйымдастырушылық техникалық кешендер, олар бұқаралық аудиторияға арналған сөздік, бейнелік, музыкалық ақпараттарды таратумен, өңдеумен, жинаумен айналысады. Қоғамдық пікірді қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының алатын орны оның «төртінші билік» ретінде қалыптасуына әсер ете алады.

Бұқаралық коммуникация – адамдардың тәртібіне және пікіріне, бағасына идеологиялық, саяси және экономикалық, психологиялық тұрғыдан әсер ететін, ақпарат беретін хабарландыруларды жүйелі түрде тарату (радио, телевидение, Интернет, кино, аудио–видео жазбалар, ақпарат таратудың басқа да каналдары арқылы) Бұқаралық коммуникация – бақылау, байланыс секілді бірқатар әлеуметтік функцияларды атқаратын қазіргі қоғамның қажетті институты болып табылады [6]. Жаһандануды әрекетке келтіретін көптеген себептер бар. Субъективті жайттарды орынды бағалай отырып, жаһанданудың объективті құрамдастарын – ғылыми-техникалық прогресті, жаңа ақпараттық, коммуникациялық, әлемдік экономиканың даму деңгейін, оның субъектілерін және басқа көптеген нәрсені көрмеу мүмкін емес. Қоғамның пікірін қалыптастыру, ақпаратпен қамтамасыз ету, ағарту, ойын-сауық, хабар беру және экономикалық жағынан үлес қосу сияқты қызметтер ақпарат құралдарының қызметі бола тұра, мәселелері де жоқ емес:

1. Біліктілікті арттыру;
2. Экономикалық мәселелер;
3. Журналистердің танымалдығы;
4. Жұмыспен қамту (жалақы);
5. Ақпарат құралдарының еркіндігі және этикалық жағдайы;
6. Тираж, жарнама және тарату жолдары;
7. Жергілікті ақпарат құралдарының мәселелерін қолға алу.
8. Құқықтық мәселелер.

Өтпелі кезеңде және одан кейінгі даму барысында, әсіресе XXI ғасырдың табалдырығында Қазақстанда бірнеше үлгілер ұсынылды және ұлттық идея төңірегінде академик Ә. Нысанбаев бастаған қызу пікірталастар баспасөз бетінде жарияланды [7]. «Ұлттық идея: талқылауға ұсыныстар» деп аталатын академик бастаған бір топ ғалымның пікірлері

баспасөз беттерімен қатар, мерзімдік арнаулы ғылыми басылымдарда да жалғасын тапты. 2004 жылдың тамыз айында «Казахстанская правда» газетінде Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Ұлттық болмыстың негізі» деп аталатын көлемді ғылыми-көпшілік мақаласы жарияланды және бұл еңбекте ұлттық идея тілмен байланыстырылды. Автор мынадай түйінді ойлар айтады: «Тіл қашанда ұлттық идеяның басты құрамдасы және мемлекеттік идеологияның негізі болды. Оның үлгілерін қазіргі заманғы тарихтан көптеп келтіруге болады. XXI ғасырдың басындағы ұлттық идеяны іздестіруді алдыңғы ғасырдың басындағы зиялы қауымның ұлттық сананы оятуға ұмтылуымен салыстыруға келеді. Мысалы, Алаш арыстарының бірі Жүсіпбек Аймауытов большевизмнің билік басына келе бастаған тұсындағы ұлт саясатының тағдыр талайын бағамдап, ұлт бостандығын көксеп, қазақ елінің келешегіне алаңдап «Ұлтты сүю» деген мақала жазса [8], жас көсемсөзші-журналист Амангелді Кеңшілікұлы «Қазақстан» газетінде «Қазақты сүю» деген мақала жазды [9].

Бүгінгі күні де қазақ халқының ұлттық идеясына қатысты өзекті мәселелер күн тәртібінен түспей отыр. Жаһандану дәуіріндегі қазақтың мұң-мұқтажына алаңдаушылық танытқан саясаттанушы Б. Әбдіғали қазақ жобасын, қазақ идеясын, қазақ ойын, қазақ сөзін, қазақ саясатын, қазақ миссиясын, қазақ даңқын қозғайтын «Қазақ» альманағын жариялауда. Аталмыш еңбектерде дәстүрлі және қазіргі дүниетанымдық бағдарлар мен құндылықтардың, мақсат-мүдделер мен мұраттардың тұтастай кешенімен сипатталатын ұлттық идея қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихынан да, бүгінгі әлеуметтік-мәдени өмірінен іздестіріледі және бұл біздің диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізін айқындауға септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Балабекұлы Д. Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік-философиялық талдау: филос. д-ры (PhD) дәр.... дис.- Алматы. 2020. - 122 б.

2. Негодаев Н.А. На путях к информационному обществу / Н.А. Негодаев. - Ростов н/Д.: ДГТУ, 1999. — 247 с.

Қазақстан энциклопедиясы. “Қазақ ұлттық энциклопедиясы” баспасы. Алматы, 2002. 621 б.

3. “БАҚ дегеніміз – мемлекеттік идеология құралы”. Сәуле Саматқызы, 03.12.2010 ж. http://kazgazeta.kz/?p=4978

4. Тоффлер Э. Третья волна / Э. Тоффлер. - М.: ООО «Издательство «АСТ», 2002. - 776 с.

5. Белл Д. Социальные рамки информационного общества / Д. Белл // Новая технократическая волна на Западе. - М.: Прогресс, 1986. - С. 330–342.

6. Нұрмұратов С.Е. Ұлттық идея баршаның ортақ құндылығы // Мир человека – Адам әлемі, №4, 2005.

7. Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2006. – 412 с.

8. Аймауытов Ж. Ұлтты сүю // Абай журналы, 2-қазан 1918 ж.

9. Кеңшілікұлы А. Қазақты сүю // Қазақстан, 11 қыркүйек 2008 ж.

ӘОЖ 7.038.53(574)

ХАЛЫҚ ОЮ-ӨРНЕК МАТЕРИАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Қайыржан Аяулым
Kairzhanayaulym07@gmail.com
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Дизайн» мамандығының 1 курс студенті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор – Е.С. Қоянғалиев.

Халық ою-өрнектерін қолдану арқылы студенттердің эстетикалық дүниетанымын қалыптастырудің әдістемелік жолдарын қарастырмас бұрын, біз алдымен студенттердің эстетикалық дүниетаны, тәрбиесі, халқымыздың ою-өрнек өнерінің негіздері деген мәселені талдап өтейік**.**

Әрбір адамның шығармашылық қабілетінің жетілуі, еңбек саласының артуына әсер етеді, мәдениетін дамытады. Демек, жалпы мәдениеттің маңыздылығы өмірдің барлық саласына ықпал тигізетін эстетикалық мәдениет болып есептеледі. Осының бір көрінісі ою-өрнек материалдары негізінде студенттердің эстетикалық қабілетінің дамуы- жан-жақты тәрбиенің бүкіл тәрбие жүйесінің табиғи бір бөлігі. Сұлулықты тану эстетикалық тәрбиенің – болмыстағы және өнердегі әсемдікті дұрыс қабылдауға және өнерде, табиғи сұлулықты көру, сезіну, тану қабілетін қалыптастырады.

Студенттердің эстетикалық дүниетанымы тәрбие жүйесінің негізгі құрамдас бөлігінің бірі. Олардың дамуындағы негізгі эстетикалық таным әрекеті – оқу болып табылады. Эстетикалық танымдық іс - әрекеті студенттердің іс-әрекетіндегі күрделі процесстердің бірі болып келеді. Егер де студенттердің кез-келген әрекетін психологиялық тұрғыдан талдайтын болсақ, ол күрделі психологиялық қасиеттері мен әрекеттерінің нәтижесінде пайда болады. Студенттердің ақыл - ойы, қызығушылығы, қажеттіліктері, сезімі сияқты психикалық процесстер іске қосылады. Олардың оқу іс-әрекеттерінің табысты болуында оның ақыл-ой еңбегінің дағдыларын қалыптастыру маңызды саналады.

Студенттердің эстетикалық танымдық іс-әрекетін арттыру үшін, оның ақыл-ой еңбегін дамытуға көңіл аудару барысында қазақ қолөнеріндегі дәстүрлі ою-өрнектердің бірін мысалға келтіре кетсек, мысалы «Күн» ою-өрнегін біз көбіне білезіктер мен жүзіктерден көре аламыз. Ол бір дөңгелек немесе қос дөңгелек болып келеді. Бір дөңгелек етіп бейнелеу себебі, күн белгісін «күніміз ашық болсын» деген тілекпен көрсеткен, ал қос дөңгелек етіп көрсетілуі мейірімділік пен әділеттіліктің белгісі. Қалың қос дөңгелекті қолбасшы адамдарға сыйлайтын болған. Бұндай жүзіктер мөр ретінде де қолданылған. Тас көздің бетінде адамның аты да жазылғандығын айта отырып, осы өрнектердің мән - мағынасымен түсіндіру арқылы студенттердің танымдық қасиеттерін жетілдіру болып отыр.

Қазіргі таңда көне мұраларды ұлттық рухани-мәдени болмысымыздың өрнекті нақыштарын жинақтау, қалпына келтіру, дамыту, нығайту өзекті мәселе екені белгілі. Ел басының халыққа жолдауында: «Қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтау. Сонымен қатар, ұлт аралық және мәдениет аралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ету» мемлекетімізде атқарылып жатқан игі істердің бірі. Қоғамның мәдени-әлеуметтік рухани құрылымы ою-өрнектердің барлық жүйесінен, өмірдің

негізгі бағыттарынан бастау алып, адамның дүниетанымдық болмысында белгі ретінде бейнеленді.

Киімді ою-өрнекпен әшекейлеу, жағасына, өңіріне, етек-жеңіне кесте тігіп, оқа бастыру, зерлі жиектер жүгірту, киімді безендіруге қымбат металдар мен асыл тастардан түзілген әткеншектерді пайдалану-көбіне әсемдікке құштарлықтан ғана емес, адамдардың әлеуметтік өмірдегі алатын орнын баса көрсету қажеттігінен туған болуы ықтимал. Бұйымды ою-өрнекпен әшекейлеу ғасырлар өткен сайын қалыптасқан дәстүрге айналып, әрбір ұрпақтың талғамына лайықты өмір талқысынан өтті.

Қазір ұлттық ою-өрнектер дәстүрлі құндылықтарға, олардың қайнар бастауларын тануға деген ықылас күн санап артып келеді. Қазақтың ұлттық киіміндегі ою-өрнектер, әшекей бұйымдар мен түстің өзіндік байлығы мен көркемдігінде байлық пен сәндік үшін ғана емес, ол киім мәдениетінің құрамдас бөлшегі болды. Олар ою-өрнек қызметінің ерекшеліктерін, қолданыстық сипатының маңызын арттыра түседі. Ұлттық ою-өрнектің ең бір көп кездесетіні ұлттық киімдер мен оның сәндік әшекейлері екені күмән келтірмейтіні даусыз. Қазақтың өрнек әшекейлері С. Дудин, Р. Карутц Е. Шнейдер, тағы басқа зерттеушілердің еңбектерінде зерттеліп, қазақтың киім үлгілері мен оның сәндік әшекейлі өрнек мәнеріне үлкен мән берген.

XVIII-XIX ғасырларда ою-өрнектің көркемдік мәнері талай саяхатшылардың қызығушылықтарын арттырып, олардың суреттемелерінде, қол жазбаларында сақталған (И.Г. Георги, П.С. Паллас, И.Фальк, А.О. Орловский, А.И. Левшин, және т.б.). Олардың суреттемелерін мұрағат қорларынан және авторлардың жарияланып шыққан альбомдарынан көре аламыз.

Қазақ қолөнер бұйымдары өзге мұсылман халықтарының ұлттық өнер туындылары тәрізді ою-өрнекпен көркемделіп, безендіріліп, көркемдік психологиялық ерекшелігін әлі күнге дейін сақталған. Ою-өрнектердің дамуы, тарихы жөнінде зерттелген, айтылған пікірлер сан алуан.

Ә. Марғұлан [1], С.Қасиманов [2], К. Ибраева [3], т.б. ғалымдардың еңбектерінде көне бұйымдарда бейнеленген белгі мен таңбалар XVII-XIX ғасырдағы қазақ халқының қолөнерінде кездесетін ою-өрнектерге ұқсас екендігін дәлелдеген. Белгілі өнертанушы В.Чепелев: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты»,- деп таң тамаша болған, ал академик Ә. Марғұлан: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүреді десек асыра айтпағандық емес. Халық шеберлерінің қолынан шыққан тұрмыс заттарының ою-өрнекпен әшекейленбегені жоқ», -деп олардың маңыздылығына жоғары баға берген [4].

Қазақ ою-өрнегі сақ, үйсін, түрік, ғұн, қыпшақ, қаңлы секілді көне көшпелі тайпалардың өнерімен қалыптасты. Ою-өрнекпен безендірілген кез келген әшекей бұйымдар сиқырлы күшке ие болған, сонымен қатар ол бақыт пен сәттіліктің белгісін білдірген. көшпелі ғұмыр кешкен халықтардың дүниетанымында оның сипаттық ерекшеліктері ой танымнан туындаған. Зерттеушілер қазақтардың өмір тіршілігінің ажырамас бөлігі ою-өрнек екендігін айтты, ою-өрнекті белгі ретінде қарастырды. Дегенмен әшекей бөлшектеріндегі ою-өрнектің көркемдік сипатын, құндылықтарын, ұлттық дүниетаным ретіндегі біртұтас болмысынан айналып өте алмайды.

Қолөнер бұйымдарының бөлшегі ретінде енген ою-өрнектің нұсқасы табиғи бірлікте бағалануы тиіс. Оның көркемдік үйлесімділігі жазықтықтың бетінен, ою-өрнек арасындағы рауаждан, бұйымға салынған нақыштың үйлесімділігінен іздеу керек. Бұл оның мазмұндық, стильдік сипатын жалпы көркемдік ерекшеліктерінде айқындауға болады. Ою-өрнек түрлерін, оның жеке бөлшектерін жаттап алып, өрнектің өзіне ұнаған таныс үлгілерін кез келген нәрселерге жапсыра беру қазіргі таңдағы ұлттық бұйымдарды көркемдеу нақыштарында әлі де толық жойыла қоймағаны белгілі. Ол жағдайда мұндай өрнектер затпен табиғи үйлесімділік құра алмайды, жасандылыққа айналады [5].

Қазақтың ұлттық ою-өрнектері-ұлттық мәдениетіміздің ең байырғы мәдени мұрасы. Ою-өрнектердің шығу және даму тарихы, сондай терең мазмұны мен бай тәжірибесі бар. Оның бояу үйлесімділігі, құрылымдық жүйесі белгілі бір заңдылықпен құрылған, әр өрнектің атауы және қолдану орны ерекше. Бір өрнекті екінші өрнекпен шатастырып, кез-келген бұйымда қолдана беруге де болмайды. Қазақ даласында ою-өрнектер әр бағыта жүзеге асып, әр аймақта өздеріне ғана тән нақышымен ерекшеленген, ою-өрнектің негізгісі - мүйіз деп есептелінген. Киім, зергерлік бұйым, қазақ үй жабдықтары, тоқыма өнімдері, алаша өру, кілем тоқу секілді қазақтың дәстүрлі өнімдерін оюмен өрнектеу тәсілдері кеңінен қолданылған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Кажгали улы А. Ою и ой. – Алматы, 2004. – 444 с.

2.Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия. Қазақтың ою – өрнектері – Алматы: Алматыкітап, 2005 – 284 б.

3.Тоғанбек Тілеуқабылұлы. Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері, атаулары, мағыналары мен шарттары. Астана: Фолиант, 2003-8б.

4.Марғұлан Ә.Х Казахское народное прикладное исскуство. В 3т. Алма-ата: Өнер, 1987. 250с

5.Байжігітов Б. Қазақ өнерінің эстетикалық табиғаты. (Қазақтың дәстүрлі творчествосы мен бейнелеу өнерінің негізінде): филос. ғыл. канд. …дисс. - Алматы, 1994. - 123 б.

ӘӨЖ.159.9

«ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»

Қапсалым Бірғаным Еркінқызы
Birganym1006@icloud.com
«Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі» білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Бекежан Ө.Қ.

Кең байтақ қазақ даласы сан ғасырлар бойы небір ғұлама ойшылдарды, философтарды, көреген саясаткерлер мен ағартушыларды, талантты ақындар мен өнер иелерін дүниеге әкелді. Қазақ халқының мәдениеті мен руханиятының дамуына өлшеусіз үлес қосқан осындай ірі тұлғалардың бірі -Абай Құнанбайұлы. Ол – қазақ елінің ғана емес, жалпы түркі дүниесінің аса көрнекті ойшылы, өз заманының аса білімді, парасатты тұлғасы. Оның немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы да осы ұлы жолды жалғап, қазақ әдебиеті мен философиясына өлшеусіз үлес қосты. Ол тек ақын ғана емес, терең ойшыл, философ әрі ағартушы болды.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас-,

бұл Абайдың қаламынан туған өлеңі исламның негізгі қағидаларын тереңінен ұғынуға, дінді ақылмен түсінуге үндейді. Абай үшін Алланы тану – тек сыртқы құлшылықпен шектелмейді, ол адамның жүрек тазалығы мен ақыл-парасаты арқылы жүзеге асады. Осы ұлы ойдың жалғастырушысы, ізбасары ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлы да ислам мәселесіне терең бойлап, дін мен ақылдың үйлесімін іздеді. Әкесінен ерте айырылып, бала кезінен ағасы Абайдың қамқорлығында болған Шәкәрім оның ілімін бойына сіңіріп өсті. Абайдан алған тағылымы оның шығармашылығы мен дүниетанымының негізіне айналды. Жастайынан білімге құмартып, тек шығыс әдебиеті мен діни ілімдерді ғана емес, сондай-ақ Батыс философиясын да меңгерді. Ол

адам өмірінің мәнін, адамгершілік ұстанымдарын терең зерттеп, шығармаларында көтерді. Оның ойынша, адамзаттың басты мақсаты – ар мен ақылға сүйеніп, шындық пен әділеттілік жолында өмір сүру.

Шәкәрім Құдайбердіұлы ислам дінін түсіндіруде оның мәніне, ішкі рухани құндылықтарына көбірек назар аударған. Ол исламды соқыр сенім немесе тек діни рәсімдерді орындау ғана емес, адамның ішкі жан-дүниесін тәрбиелеу, ақыл мен парасатты жетілдіру жолы деп қарастырды. Оның «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде исламның негізгі қағидалары халыққа түсінікті, қарапайым тілде баяндалады. Бұл кітап тек діни көзқарасты насихаттау емес, адамдарға шынайы мұсылмандықтың мәнін түсіндіруге арналған.

Шәкәрім бұл еңбегінде исламның басты ұстанымдарын, иман негіздерін, ғибадат түрлерін және шариғат үкімдерін жүйелі түрде түсіндіреді. Ол ең алдымен иман шарттарына тоқталып, Аллаһ Тағаланың барлығына ақылмен ой жүгіртіп сенудің маңыздылығын атап өтеді. Сонымен қатар, ол Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерін негізге ала отырып, әрбір мұсылманға қажетті білімдерді ұсынады.

«Мұсылмандық шарты» кітабында Шәкәрім исламның бес парызы – иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру және қажылыққа бару – туралы кеңінен тоқталады. Ол әрбір ғибадаттың мәні мен маңызын түсіндіріп, олардың рухани және әлеуметтік өмірдегі рөлін айқындайды.

Бұл еңбекте Шәкәрім мұсылмандықтың тек сыртқы көріністеріне ғана емес, оның ішкі мәніне, рухани тазалығына да ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі таңда дінді түсінуде екі түрлі көзқарас бар. Бірі дінді тек сыртқы белгілер арқылы қабылдап, оның формасына басымдық береді. Мысалы, кейбір адамдар мұсылмандықтың басты белгісі ретінде діни киім киюді, сақал өсіруді немесе намаз оқуды ғана көреді. Кейбірі тіпті мұсылмандар сыртқы діни белгілерді сақтай отырып, шынайы адалдықты ұмытып жатады. Мысалы, намаз оқып жүріп, өтірік айту, өзгенің ақысын жеу, әділетсіздік жасау.

Бұл нағыз мұсылмандыққа сай келе ме? Алайда Шәкәрім бұл сыртқы белгілерден бұрын, шынайы мұсылмандық адам бойындағы тазалықта, әділдікте, ізгілік пен мейірімділікте екенін баса айтқан. Қазіргі таңда кейбір жастар дінді терең зерттемей, оны тек сыртқы атрибуттармен өлшеуге бейім. Соның салдарынан радикалды діни ағымдардың ықпалына түсіп, діннің рухани жағына емес, қатаң заңдарына ғана сүйеніп кетуі мүмкін. Шәкәрім бұл тұрғыда исламның мәнін түсінуге, оны адамгершілік пен ақыл-ойдың үйлесімділігі арқылы ұғынуға шақырады.

Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегі – оның философиялық ойларының шыңына шыққан еңбектерінің бірі. Бұл туындысында ол адамзаттың басты үш ақиқатын айқындап, ақыл мен ғылымның дінмен үйлесімін талдады. Оның пайымдауынша, шынайы сенім соқыр сенімге емес, ақыл мен логикаға негізделуі тиіс. Ол:

«Таза ақылмен таппаған дін,
Шын дін емес – жындылық»,

– деп, діннің мәнін терең түсінбей, оны тек міндетті ретінде қабылдауды қатты сынға алды. Шәкәрім үшін нағыз иман – дәлелге сүйенген, ақыл таразысынан өткен сенім. Ол Құдайға сенуді сыртқы рәсімдермен ғана шектемей, оны жүрекпен қабылдап, ғылым арқылы түсінуге шақырды.

Бүгінде дін мен ғылымды бір-біріне қарама-қарсы қою тенденциясы бар. Кейбір адамдар ғылымды мойындамай, тек діни түсініктерге сүйенсе, басқалары дінді мүлдем жоққа шығарады. Бұл екі шеткері көзқарастың екеуі де ақиқатқа апармайды. Шәкәрімнің ойынша, шынайы білім – ғылым, дін және ар-ұжданның үйлесімінде жатыр.

Адамзат тарихында діни нанымдар әртүрлі болғанымен, олардың барлығы ақиқатты іздеуге, жоғары күшті тануға деген талпыныстан туған. Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Дін» атты өлеңінде осы ойды нақты көрсетеді. Ол адамдардың әртүрлі сенімге ие болуын – ақиқатты

әртүрлі қабылдауымен байланыстырады. Біреу Күнге, біреу отқа, біреу суретке табынған, ал кейбіреулер Құдайды мүлде жоққа шығарған. Бірақ бұл айырмашылықтарға қарамастан, барлық діндер адамды рухани кемелдікке, әділдікке және ішкі тазалыққа жетелеуді мақсат етеді.

Қазіргі әлемдік статистика да осы ойды растайды. Бүгінде жер бетіндегі адамдардың 32%-ы – христиандар, 25%-ы – мұсылмандар, 15%-ы – индуистер, тағы 15%-ы – өзін ешбір дінге жатқызбайтындар. Бұл сандар діндердің әртүрлі болғанына қарамастан, адамзаттың рухани ізденісі жалғасып келе жатқанын көрсетеді.

Өзін «дінсіз» деп көрсеткен адамдардың жартысы жоғары күштің бар екеніне сенсе, қалған бөлігі атеистік немесе агностикалық көзқарасты ұстанады. Бұл да олардың өздігінше ақиқатты іздеуінің бір көрінісі.

Шәкәрімнің айтуынша, ең бастысы – адамның жүрегінің тазалығы. Ол дінді адамдардың бір-бірімен бөлінуіне емес, рухани кемелдікке жетуіне қызмет етуі тиіс деп түсіндіреді.

Көптеген діндерде әділдік, адалдық, мейірімділік сияқты ортақ құндылықтар бар. Демек, әртүрлі сенім жүйелері болғанымен, түпкі мақсат – адамды жақсы қасиеттерге баулу. Қазіргі әлемде діндер арасындағы айырмашылық кейде қақтығыстарға себеп болса да, Шәкәрімнің көзқарасы бойынша, бұл айырмашылықтар ақиқатқа апаратын әртүрлі жолдар ғана. Егер адамдар діннің сыртқы атрибуттарына емес, оның рухани мәніне үңілсе, қоғамда бейбітшілік пен түсіністік орнайды.

Ақ жүрек – ең маңызды қасиет. Шәкәрім айтқандай:

«Ақ жүректі ертерек,

Ескер-дағы, қыл әдет…»

Яғни, маңыздысы – адамның жүрегінің тазалығы мен әділдікке ұмтылуы. Діндер әртүрлі болғанымен, олардың түп мақсаты – адамзатты рухани биіктікке көтеру. Қазіргі әлемде діни фанатизм мен атеизм арасында үлкен қайшылықтар бар. Бір тарап дінді соқыр сенім ретінде қабылдаса, екінші тарап мүлде теріске шығарады.

Шәкәрімнің ойынша, ең дұрыс жол – ақылмен, жүрекпен іздену, әділеттілікті сақтау. Ол әр адам өзінің сенімін ақылмен зерттеп, жүрегіне жақын шындықты табуы керектігін айтады. Шәкәрімнің бұл өлеңі дін мен рухани ізденіс туралы терең философиялық толғам.

Ол әр адамның сенім жолы әртүрлі болғанымен, шынайы мұрат – әділеттілік пен адалдық екенін еске салады. Ақын үшін нағыз Тәңір жолы – “ақ жүрек” жолы. Бұл идея бүгінгі заман үшін де аса өзекті, себебі рухани тазалық пен ізгілік – кез келген діннің негізі.

Хақ мұсылман кім болар –

Айтса сөзі шын болар.

Рахым, ұят, ар, ынсап –

Төртеуі болса, дін болар.

Төртеуінің бірі жоқ,

Бойында иман нұры жоқ.

Құры айтқанмен бола ма,

Мұсылмандық түрі жоқ-,

Бұл Шәкәрімнің ағасы Абай қайтыс болғаннан кейін өзіне айтқан өлең жолдары. Ағасы мезгілсіз қаза тапқаннан кейін еліне жеткізгісі келген ащы ойы бәлкім осы болар. Оның «Хақ мұсылман кім болар?» деген сұрағы – жай ғана риторикалық сауал емес, бұл мұсылмандықтың мәнін ашатын философиялық толғау.

Ақын мұсылмандықтың өлшемін төрт қасиетпен белгілейді: Рахым (мейірімділік), Ұят (ар-ождан), Ар (адамгершілік, намыс), ЫнсаП (әділдік, қанағат). Ол осы төрт қасиеттің әрбір мұсылманның бойында болуын басты шарт ретінде қояды. Егер адамда бұл қасиеттер болмаса, оның мұсылмандығы тек атау күйінде қалып, шынайы діннің мәні жоғалады. Бұл жерде Шәкәрім шындықты айту, мейірімді болу, ар-ұятты сақтау, әділетті болу сияқты құндылықтарды

мұсылмандықтың басты белгілері ретінде қарастырады. Ол діннің негізі ретінде адамның ішкі тазалығын бірінші орынға қояды.

Шәкәрімнің бұл пікірі Құран мен хадистердегі көптеген аяттармен үндеседі. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у):

«Нағыз мұсылман өзге мұсылмандар оның тілі мен қолынан зиян көрмеген адам»

(әл-Бухари, Әл-Әдәбу әл-Муфрад)

Бұл хадис Шәкәрімнің ойымен сәйкес келеді. Себебі, егер адам мейірімсіз, әділетсіз, өтірікші болса, ол қалайша шынайы мұсылман бола алады?

Шәкәрімнің «Хақ мұсылман» түсінігі исламның ең негізгі құндылықтарына негізделген. Ол мұсылмандықты тек намаз, оразамен өлшеуге қарсы шығып, шынайы дін – адамның рухани тазалығы екенін көрсетеді. Адамда рахым, ұят, ар, ынсап болмаса, оның намазы да, оразасы да қабыл болмайтынын ескертеді. Бұл – өте терең ой.Егер біз исламды Шәкәрім айтқандай түсінсек, қоғамымыз әділетті, мейірімді болар еді. Ендеше, шынайы мұсылман болу – тек ғибадат орындау емес, адамдық қасиеттерді дамыту екенін есте сақтайық.

«Шынайы мұсылман – тілі мен қолынан басқаға зиян келтірмеген адам» (Бұхари, Мүслим).

Дін – адамзат тарихымен бірге дамып, сан ғасырлық ізденістің нәтижесінде түрлі формаларда қалыптасқан құбылыс. Бірақ оның түпкі мәні әрдайым өзгеріссіз қалады – адамды рухани жетілуге, әділдікке және ізгілікке шақыру. Шәкәрім Құдайбердіұлының көзқарасы бойынша, ең бастысы – жүрек тазалығы, әділеттілікке ұмтылу және нәпсіні тию. Бұл қағидалар барлық діндерде кездеседі, өйткені олардың мақсаты – адамдарды мейірімді, адал, әділ ету.

Қазіргі әлемде діндер мен сенім жүйелері алуан түрлі болғанымен, олардың барлығы адамның ақиқатты іздеуінің көрінісі. Кейбір адамдар дәстүрлі діндерді ұстанса, енді біреулері өзін белгілі бір дінге жатқызбайды, бірақ жоғары күштің бар екенін мойындайды. Ал басқалары атеистік немесе агностикалық көзқарасты таңдайды. Осы айырмашылықтарға қарамастан, барлық сенім жүйелері адамның жан дүниесін байытып, оны рухани кемелдікке жетелеуге бағытталған.

Егер адам діннің сыртқы атрибуттарына емес, оның мәніне терең үңілсе, әлемде бейбітшілік пен өзара түсіністік орнар еді. Дін адамдарды бөлмеуі керек, керісінше, оларды бір-біріне жақындастырып, рухани тұрғыдан дамытуы қажет. Шәкәрім айтқандай, ең маңыздысы – ақ жүрек, ал қалғаны – уақытша дүниелер. Сол себепті әркім өз сенімін қаншалықты таза, адал ұстанса, қоғамда әділдік пен мейірім соғұрлым арта түседі.

Шәкәрімнің ойынша, егер адам жүрегі таза, ниеті дұрыс болса, ол қай дінді ұстанса да, түбінде хақиқатқа жетеді. Ол дінді адамзатты бөліп-жарудың емес, біріктірудің құралы ретінде қарастырады.

Бұл идея әсіресе қазіргі заман үшін өзекті. Әлемде діни сенімдердің әртүрлілігі адамдар арасындағы түсініспеушіліктер мен қақтығыстарға себеп болып жатады. Бірақ мұның түпкі себебі – сенімнің мәнін терең түсінбеу. Егер адамдар өздерінің және өзгенің дініне шынайы үңіліп, оның рухани негіздерін түсінсе, бір-біріне төзімділікпен қарап, әділдікке, мейірімділікке ұмтылар еді. Шәкәрім осы ойды:

«Ақиқаттың түбі – бір,

Ол – Тәңірі, анық сын».

– деп түйіндейді. Яғни, қанша дін болса да, олардың барлығы түптеп келгенде бір ақиқатқа бастайды. Бұл ақиқат – әділдік, мейірім, тазалық, рухани кемелдік. Сондықтан қандай сенімде болсақ та, ең бастысы – өз жүрегімізді таза ұстау, адал өмір сүру және әділеттілік жолынан таймау. Шәкәрімнің философиясы бізді осыған шақырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Құдайбердіұлы, Ш. Үш анық [Мәтін] / Ш. Құдайбердіұлы. – Алматы : Ғылым, 1991. – 80 бет 2с.,

2.https://ortalyq.kz/sh-k-rimni-na-yl-s-zderi/

3.https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&tag_id=4979

4.Құдайбердіұлы Ш.Мұсылмандық шарты-Алматы:Қазақстан Мерей Ақиық 1993.-80 бет

5.https://sevabashirov.livejournal.com/579959.html

ӘОЖ 94(574)

СОЗАҚ КӨТЕРЛІСІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС: ДІНИ ФАКТОР

Қуандық М., Сарсенова. А

mquandyq@mail.ru

«Тарих» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттері, Астана халықаралық университеті, Астана қ, Қазақстан Республикасы ғылыми жетекші: гуманитарлық ғылымдар магистр Қауанова Ш.Ә

Созақ көтерілісі тақырыбындағы соңғы зерттеулер мен жарияланған архив материалдары бұл оқиғаның ауқымын кеңейтіп, жаңа көзқарастар қалыптастыруға мүмкіндік беруде. Зерттеушілер Т. Омарбеков, М. Қозыбаев және Ж. Боранбаев көтерілістің басты себептері ретінде Кеңес үкіметінің қатал саясаты мен экономикалық қиындықтарды атап өтсе, кейінгі зерттеулер осы көтеріліске әсер еткен діни тематиканың маңызын да көрсетіп отыр. Пьянчоло көтерлісті зерттеуде барысында Созақтың Оңтүстік Қазақстандағы маңызды діни орталық болғанын ескереді. Өңірде әулиелердің мазары көп шоғырланған, соның ішінде Қарабура мен Баба-Ата мазары бар. Сонымен қатар, Созақ Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен байланысты қасиетті орындар қатарында аталады [1, 316 б]. 1930 жылғы Созақ көтерілісі кеңестік реформалардан туындаған экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға реакция ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі мұсылман құндылықтары мен қазақ қоғамының мәдени негіздеріне нұқсан келтіруге бағытталған кеңестік әрекеттерге жаппай қарсылықтың көрінісі болды. Созақтың рухани көсемдері ишандар мен молдалар көтерілісті ұйымдастыруда, халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарды исламды қорғауға және бұрыңғы кезде әділеттілікті қалпына келтіру идеялары төңірігінде топтастыруда басты рөл атқарды. Көтерілісшілер шариғат заңдарын енгізуге ұмтылып, дінге қарсы шыққандарды жазалауды қолға алған, сонымен қатар көтерліс біткеннен кейін көтерліске қатысы жоқ екенін білдіру үшін діни сенімдерін айтқан.

Мақалада тарихнамалық шолу жасалып, молдалар мен ишандардың көтерілістегі рөлі талданады. Халықтың діни сенім арқылы кеңестік билікке қарсы мобилизациялау. Көтеріліске қатысушылардың құрамы мен діни агитацияның орнына ерекше назар аударылып, діннің әлеуметтік және саяси әсері зерттеледі.

1929-30 жылдары Қазақстан жерінде болған антисоветтік көтерлістерді кешенді зерттеулер тек қана 1990 жылдардан кейін ғана басталды, осы кезеңге дейін жабық болған архив құжаттары ашылып ғалымдар жаңадан зерттеулерін жүргізді. Отандық тарихшылар Т. Омарбеков бірнеше еңбектерін жариялады «Зобалаң Күштеп ұжымдастыруға қарсылық», «1929 – 1931 жылдардағы халық көтерілістері» бұл еңбектерінде 1929-30 көтерлістерді зерттеу тарихнамасы мен басты мәселелерді көтеріп анықтады [2], [3]. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. «**Коллективизация** в Казахстане: **трагедия** крестьянства.» еңбектерінде Созақ көтерлісі туралы кейбір мәселелер қарастырылған болатын [4]. Т. Алланиязов пен А. Таукеновтің «**Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных**

выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929-1931 годы)» монографиясында 1929-30 жылғы көтерлістердың өзекті мәселелерін көтерген [5]. Тарихшы ғалымдар қазақ жерінде орын алған көтерлістерді жан-жақты зерттеп, көтеріліске нақты себеп болған жағдайларды анықтауға тырысты. 1990 жылдың басындағы зерттеулерде халық наразылығының басты себептері ретінде Кеңес үкіметінің жүргізген дебаизация және ұжымдастыру саясаттары деп көрсетілді.

1929-1931 жылдар аралығында шамамен 397 билікке қарсы наразылық болды, оның ішінде 25 қарулы көтеріліске шамамен 80 мың адам қатысқан [6,188].1920-1930 жылдар аралығындағы көтерлістерді зерттеу кеңестік тарихнамады ұжымдастырудың қателіктері деп есептеліп және осы тақырыптарды зерттеу қауіпті деп саналды, компартия тарапынан 20-30 жылдардағы көтерліс идеалогиялық барьерлер кездесті. Егер де зерттелген жағдайда ғана таптық күрес жаулары мен «бандиттік», «контрревалюциялық» деген сипаттар алды [7,7]. Қазақстан тарихындағы 1920-30 жылдардағы көтерлістерді ғылыми тұрғыда қайта құрудың бірінші шарты қажетті деректік база шыққанда ғана мүмкін бола бастады [8,7].

XX ғасырдың 30 жылдары болған ең ірі көтерілістердің бірі Созақ көтерілісін зерттеген Т. Омарбековтың пікірінше, наразылықтың негізгі себебі – ғасырлар бойы қалыптасқан мал шаруашылығына негізделген дәстүрлердің күшпен өзгертілуі Қазақ қоғамының экономикалық негізіне нұқсан келтірген күштеп ұжымдастыру мен малды тәркілеу болды, көшпелілердің отырықшылыққа көштіруі және басқаларға қарсы қатаң репрессиялар халықтың наразылығын арттыра түсті [3,153]. Басқада зерттеулерде М.Қозыбаевтың пікірінше қысым көрсету мен шектен тыс өктемшіл әпербақандық ауыл шаруашылық өндірісін ғана құлдыратқан жоқ, Қазақстанның бірқатар жерлерінде ереуілге де шықты. 1930 жылдың 4 ақпан- наурыз айларында Сырдария Сарысу және Созақ аударында ереуілге елді алаңдатты деген [9,77 б]. Жарылқасын Боранбай өзінің «Қазақ ұлт азаттық қозғалыс, Созақ көтерлісі» Созақ көтерлісін зерттеулерінде көтерлістің бірнеше факторларын экономикалық жағдайын айта кеткен болатын. Жарылқасын Боранбай зерттеулерінде Созақ көтерілісінің себептері ретінде экономикалық қысым мен әлеуметтік өзгерістер аталады. 1928 жылғы байларды кәмпескелеу туралы қаулы бойынша, мал-мүлкі көп байлардың мүлкі тәркіленіп, жер аударылды Көшпелі шаруашылыққа негізделген Созақ ауданының тұрғындарын отырықшылыққа мәжбүрлеу мен егіншілікке көшіру халық наразылығын тудырды, бұл олардың дәстүрлеріне қайшы келді. Сондай-ақ, ауыр салықтар халықты қыспаққа алып, экономикалық жағдайын әлсіретті. Мал-мүлікті тәркілеу мен жер аудару көтерілістің басты факторлары болып, кеңес саясатына қарсы наразылыққа ұласты [10,55-59 б].

Алайда, Т.Алланиязов қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, Созақ көтерілісі тарихының негізгі мәселелерін әзірлеу әлі де терең және жан-жақты зерттеуді қажет ететінін атап өтеді [6, 189 б]. Көтерлістердің себебтері әрине барлығы бірдей болмады, көтерлістердің болған аумақтарға қарай себебтері мен мотивтері де өзгеше. Кейбір жерлерде астық пен ет салығы, астық дайындау, ұжымдастыру науқаны**,** биліктің атеистік саясаты көтерлістің туындауына ықпал етті [8,23 б]. Айта кеткендей көтерліс себебтері бірдей болмады, Сара Камерон «Аштық жайлаған дала» еңбегінде көтеріліс себептерінің бірі ретінде елдің оңтүстігі Орталық Азия мұсылмандарының қасиетті жерлеріне жақын орналасқандықтан, діни факторлардың маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Кеңес үкіметінің атеистік саясатына қарсы наразылық ретінде мешіттер мен діни орындарды қайта ашуды талап еткен [11, 215-216 б]. Қазақстанда жаппай көтерілістер кезеңінде екі үрдісті бөліп көрсетуге болады: бірінші — көтерілістердің діни риторикасы, оған белгілі бір мұсылмандық рәсімдерді қолдану тән; екінші — көтеріліс мақсатына бағытталған радикалды үрдіс, оның нәтижесінде мұсылман хандығының орнауы мүмкін болды. Бірінші үрдіс барлық көтеріліске тән болып жаппай сипатқа ие болды, ал екінші үрдіс оңтүстік өңірлерге тән [12, 178 б].

Қазақ жерінің оңтүстігі көптеген ислам дінімен байланысты қасиетті мекендер мен беделді молда-ишандар көп болған. ОГПУ деректеріне сәйкес Қазақстанның оңтүстігі мұсылман дінбасыларының орталығы және Ислам ілімдерін таратудың маңызды аймағы болды. Бұл өңір Бұхара, Самарқанд медреселерімен тығыз байланыста болды, ал молда ишандар Қазақстан, Орталық Азия және Арабия елдерімен діни және мәдени қарым-қатынас орнатты [13,124 б]. Жәңгірқожаев Әлкен ишан, 1878 жылы Созақ ауылында молда отбасында дүниеге келген. Ол 10 жыл медреседе білім алып, Баба ата ауылындағы мешіт пен медресені басқарып, бірнеше молда тәрбиелеген. НКВД деректеріне сәйкес, ол Аппақ ишанмен кездесіп, кеңес үкіметінің дінді жоюға бағытталған саясатын талқылаған. Әлкен ишан кеңес атеистік саясатына қарсы үнсіз қалмау керектігін айтып, діни үгіт-насихатты жалғастыруға шақырды. ОГПУ мәліметтері бойынша, ол Өзбекстандағы «Шура-Исламия» ұйымына қосылып, оның филиалын оңтүстікте ашуды жоспарлаған. Сарысу және Созақ аудандарында көтерілісшілер тобын құрып, басшылық еткені үшін НКВД оны ату жазасына кесіп, мүлкін тәркілеуге шешім шығарды [14,257-282]. Юсупхан Умартюряев — 1878 жылы Сайрам ауданында дүниеге келген діни қайраткер, НКВД деректері бойынша, елдің оңтүстігінде панисламдық, кеңес билігіне қарсы ұйым құрған. Ұйым Өзбекстан мен Оңтүстік Қазақстанда жұмыс істеп, діни қайраткерлерді, бұрынғы басмаштарды және байларды біріктірген. Олардың арасында шетелдермен байланыс орнатқан ишандар болды, мысалы, Сейдхан Мубаширхан, Тайтлиев Алтынхан, Тоқтумұхамед ахун («Ауғанстан»), Ишанхан Алтынхан («Үндістан»), Рахматуллаев Абдрасула, Етжемес Ишанов, Торежан Төре, Тәжімхан Ишанов («Қара Қала», Түркіменстан), Әкімов Мухиден-Ажи, Сражетдин Магзум («Қашқария»). Бұл тұлғалар шетелдермен байланыс орнатып, панисламдық ұйымдар құрып, қару-жарақ жеткізумен айналысты.

Ташкент қаласында 2000 винтовка жасырып, 12 винтовка Закирханов Гулам Төренің ауласынан табылған. Қару-жарақты Ош қаласынан Зайдетахун керуендері арқылы тасымалдаған. Ұйымның басшыларының бірі — Қашқариядан келген бұрынғы басмашы Ишанхан Гүлтөрехан және Ауғанстаннан келген Жәнібекқазы болған. Ұйым шетелдермен байланыс орнатып, бірнеше мақсат қойған.

Араб елдеріне 10 сауатты мұсылманды оқуға жіберіп, оларды жыл сайын жаңартып отыруды көздеген. КСРО-дағы мұсылмандарға көтеріліс үшін қару-жарақ жеткізуді әрбір мұсылман мемлекетінің парызы деп санаған. Оңтүстік Қазақстанда белсенді қызмет еткен Юсупхан Умартюряев Мұстафа Шоқай, Ақ ишан, Шами-Хазірет, Сейдхан Мубаширхан сынды тұлғалармен байланысқан. Ол Түлкібас пен Сайрамда екі көтеріліс ұйымын құрды, Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстанда 800 адамды жинады.

Сонымен қатар, мұсылман ұйымдарымен қару-жарақ алу үшін байланысып, кеңес аумағындағы мұсылмандарды көтеріліске дайындаған, шетелдерден қарулы интервенция болады деп үгіттеген, ислам идеясын насихаттап, кеңес колхоздарын таратуға және жастарды коммунистік тәрбиеден алыстатуға тырысқан [14, 278-279 б]. Сейдахметов Аппақ Мақсұм ишан (1864-1931) Байдібек ауылында туған, беделді діни қайраткер болған, оның 3000 мүриді болған. Сырдария округінде Кеңес билігіне қарсы агитация жүргізіп, партиялық билікке әсер еткен. Астық дайындау кезінде ол Кеңес билігінің құлайтыны туралы болжам айтып, халықты астық бермеуге шақырған, кеңес өкіметін исламға қарсы жауы деп сипаттаған [14, 194 б].

Р.Киндлер көтерлісшілер халықты жұмылдыру мен өздерінің адал жолда екенін көз жеткізуі барасында дінді өздеріне тірек еткенін атап өтеді, билікке келген С.Шолақов өздерінше сот жүргізу кезінде кеңестік партияның 15 адамының үстінен ашық сот жүргізген. С.Шолақов сот жүргізуінің өзіндік ерекшеліктері болды ондағы жауапқа тартылғандар еуропалықтарша киініп шариғат заңдарын сақтамаған үшін қатаң жазаға тартылған. Созақтың жаңа билеушілері әрбір әрекеттерін шариғатқа сүйеніп халыққа бір дүние айтса оны дінмен байланыстырған.

Көтерлісшілер өздерінің агитациясында және халықты өздеріне қолдауға шақыру барысында: міне дінімізді қорғайтын күн туды және ендігі жұмақтағыдай өмір сүреміз әрі біз Құдай жолындамыз сол үшін құдай бізді көмексіз қалдырмайды деп халыққа сөз айтар кезде дінге тіреліп айтқан [15,212-213 б]. Сұлтанбек Шолақов өзі ойлағандай армия құрып, кеңес билігіне қарсы жауап беру үшін материалдық ресурстардан бөлек адам ресурстарыда керек екенін түсініп, көтерлісшілердің жасағын жинау үшін ауылдарға хат жіберіп болсын қалай болсада қол жинау ауадай керек екенін білді. Осы жағдайда көзге түскен Өтембаев Қамбарбек ауылдарға хат жіберіп халыққа «дін үшін күресу керек екенін айтты». Созақты басып алғаннан кейін С.Шолақов «ендігі билік біздің қолымызда және біз рухани билікті құрамыз. Советтік билік жоқ оның орнына қазақ хандығы келді сол үшін біз дінді қорғау мақсатында мұсылман армиясын құрып дінімізді кәпірлерден қорғау керек деп жеткізген» [16,409 б].

Созақ көтерлісіндегі идеологтар мен көтерілісшілердің жетекшілерінің бірі болған Иран азаматы, Асадулла Сафар-Али Ибрахим, ол 1918 жылы Бакуге, содан кейін Созақ ауданына көшіп келген. Ибрагим көтерліске дейін антикеңестік агитация мен қағаздар таратқан. Көтерліске шақыруда ол кеңестік биліктің заңсыздығы сынаған омен қоса көтерліске тартуда діни тұрғыда шақырған мұсылмандарды кәпірлерге қарсы газауат соғысына шақырған [4,23 б]. Асадулла байлар мен діни қайраткерлерді біріктіріп халық арасында дінге сүйену арқылы антикеңестік агитациялар жүргізген.

Халыққа кеңес үкіметінің құлау күні жақын деп үгіттеген. «Кеңес өкіметі мамыр айында міндетті түрде жойылады, өйткені ауғандар КСРО-ға Азиядан, қытайлар Қиыр Шығыста шабуыл жасап жатыр, сондықтан мұсылман (Ислам) дініне қайшы кеңестік заңдарға бағынбау керек» [16,408 б]. Көтерліс басшылары халықтың басты көтерліске басты біріктуші жол ретінде халықтың діни сенімдеріне сүйеніп, өздерінің істеп жатқан әрекеттерінің әділ сонымен қатар легализациялау үшін діни ұстанымдарға жүгінген.

Көтеріліске тек шаруашылық қиыншылық көрген кедейлер ғана емес, орта тап өкілдері де қатысқан, бұл кеңес билігі үшін күтпеген жағдай болды.1930 жылдың наурыз айында Қазәскеркомиссарының: Казкрайком ВКП (б) Голощекинге, КазСНК Исаевқа және Сыр-Дарьинский ОК ВКП (б) Гуринге Сырдария, Созақ аударындағы оқиғалар туралы берген баяндамада «кедей және орта таптардың» көтеріліске қатысу себептерін айтар болсақ, Созақ және Сарысу аудандарында мүлдем советтік биліктің жоғы, байлар мен молда ишандардың ықпалының күштілігі [16,96 б].].

Молда ишандар өздерінің ықпалын тағы бір уақытта оңтайлы пайдаланған болатын Созақ көтерілісіне адамдарды жинауға – Рамазан айында молдалардың белсенді қызметі әсер етті. Бұл кезеңде діни ортада айтарлықтай беделге ие болған молдалар, оңтайлы уақытты пайдалана алды. Созақ өңірінде молдалар мен ишандар Рамазан айының көмегімен еңбекші шаруалардың едәуір бөлігін көтеріліске жия алды [17,19 б].

Діни сенім барлық әлеуметтік топтарды біріктіріп, ортақ мақсатқа жұмылдырды. ислам діні көтеріліске қатысушылар үшін тек рухани тірек қана емес, кеңес билігіне қарсы ұжымдық қарсылықтың символына айналды, осылайша кедейлер де, орта тап өкілдері де бірге күресті. Діни сенім барлық әлеуметтік топтарды біріктіріп, ортақ мақсатқа жұмылдырды. ислам діні көтеріліске қатысушылар үшін тек рухани тірек қана емес, кеңес билігіне қарсы ұжымдық қарсылықтың символына айналды, осылайша кедейлер де, орта тап өкілдері де бірге күресті.

1930 жылы Созақ көтерілісі кезінде Кеңес үкіметінің қазақ қоғамының өміріндегі діннің рөлін жетік бағаламағанын белгілі болды. Ресми баяндамада дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарының әлсіз екені, қазақтар арасында діни фанатизм жоқ деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Алайда, Созақтағы оқиғалар керісінше көрсетті: діни ұрандар мәнді бола бастады, халықтың дінге деген терең берілгендігі, мысалы, жаппай дұға ету, діни сарындағы қуаныш білдіру арқылы көрініс тапты. Казкрайком ВКП (б) Голощекинге, КазСНК Исаевке, Сырдария

ОК ВКП (б) Гуринге берілген баяндамада «Доклад уполномоченного Казвоенкомата о событиях в Сузаке районе Сыр-Дарьянского округа» 1930 жж. Созақ көтерлісіндегі діннің әсері туралы берілген баяндамасында: *Осы уақытқа дейін біздің жұмысымызда дінге қарсы насихат ескерілмеген. Дінсіздік және қазақтарда фанатизмнің жоқ деген өте кең таралған қате пікір бар. Созақ оқиғалары бұл пікірлердің қате екенін айқындады. Діни ұрандар үлкен маңызға ие болды. Осы оқиғалар кезінде бұқара діни фанатизмге бой алдырды және көшедегі кәугерлер айтуынша, «көпшілік көшеде ақ жалаушамен, дұға етіп жатты. Әйелдер көшелерде «қуанып жылады»[16, 100 б].*

Созақ ауданында және Сырдария округінің басқа бөліктерінде халықты кеңес өкіметіне қарсы көтеріліске итермелеген себептер туралы негізгі түсінік береді. Ол діни факторды негізгі қозғаушы күш ретінде айтады, жергілікті партия мен кеңес билігінің исламға қарсы «төзімсіз көзқарасы», көтерлістің негізгі себебі болды деп айтты. С.Жақыпов басқа аудандардағы көтерліс туралы берген жауаптарында Қасымов Жұмадулла кеңес билігіне қарсы қарулы көтерлістің күш жинағанын және бұған ешқандай күмән ұстаудың қажеті жоқ өйткені халық беделді адамдардан дінді құтқару үшін белгі күтіп отырғанын жеткізеді.

Жақыповтың тағы берген жауаптарында көтерлістің себебі жайлы айта кеткен белгілі бір уақытқа дейін «қазақ халқы барлық мемлекеттік талаптар мен нұсқауларды сақтаған». Алайда, кеңес өкіметі діни өмірге белсенді араласып шектеу қоя бастағанда, оның ішінде дұғаларға тыйым салу, мешіттерді мемлекеттік мекемелерге пайдалану және оразаны сақтағаны үшін айыппұл салу жаппай наразылық тудырды. Осы әрекеттерге жауап ретінде діни лидерлер-ишандар, моллалар, сондай-ақ байлар ислам идеалдарына адал болып, қарулы қарсылық туралы шешім қабылдады [16, 408-409 б]. Көтерлістің діни тематикаға жақын болған көтерліс басылған соң халықтың көтерліске қатысы жоқ екенін көрсету үшін өздерінің құдайсыз екенін айтып көшеге шыққан : «Құдай жоқ, мен комсомолмын» деп жарыса айқалаған [15, 214 б]. Көтеріліс аяқталғаннан кейін Созақ аймағында дін халық арасында кімнің көтеріліске қатысы барын немесе жоқтығын айқындаудың символына айналды.

1930 жылғы Созақ көтерілісінде діни фактор негізгі себеп болған антикеңестік қарсылықтың бірегей үлгісі. Дәстүрлі діни құндылықтарын жоюға бағытталған кеңес өкіметінің саясаты халық арасында қатты наразылық тудырды. Линн Виола зерттеуіне сәйкес, ауылдық билік пен басқарудың үйреншікті нормаларына, қауымдық ынтымақтастық идеалдарына жасалған шабуылдар халықтың наразылығын тудырып, олардың әрекеттеріне негізі болды [18,10–11 б].

Созақ көтерлісінде ислам көтерілісті ұйымдастыруда және идеологиялық негіздеуде басты рөл атқарды. Молда ишандар діни лидерлер халықты жұмылдыру үшін исламдық риториканы кеңінен қолданды. Көтеріліс тек экономикалық наразылық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік және рухани тұрақтылықтың негізі ретінде қабылданған діни бірегейлікті қорғау әрекеті болды. Көтерілісшілердің шариғат заңдарын енгізу әрекеттері мемлекеттің араласуынан жоғалған дәстүрлі әділеттілік жүйесін қалпына келтіруге деген ұмтылысын көрсетеді.

Көтерліс басылғансоң Созақ халқының өздерінің құдайсыздығы туралы мәлімдемелері символдық актілер репрессиядан қашу амалын көрсетеді, сонымен бірге діннің көтеріліске қатысудың немесе қатыспаудың белгісі ретінде маңыздылығын көрсетеді. Созақ көтерлісінде исламның мәдениеттің элементі ғана емес, Созақ өңірінде кеңестік саясатқа қарсы тұрудың негізгі мотиві болғандығын дәлелдейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Pianciola, Niccolò. «Interpreting an Insurgency in Soviet Kazakhstan: The OGPU, Islam and Qazaq 'Clans' in Suzak, 1930.» В Islam, Society and States across the Qazaq Steppe (18th–Early 20th Centuries), под ред. Niccolò Pianciola и Paolo Sartori, 297–341.

2. Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыру қарсылық): Оқу құралы. - Алматы, «Санат», 1994.-272 бет.

3. Омарбеков Т .1929 – 1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 бет.

4. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова .- Алматы, 1992.- 35 б.

5. Алланиязов Т.К., Таукенов А.С. Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929-1931 годы). Алматы, ОО «OST- XXI век». 2009.С.280-288.

6. Т.К Алланиязов. Сузакское восстание: опыт и проблема изучение

7. Т.К Алланиязов., А.С.Таукенов. Шетская трагедия Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930-1931 гг.- Алматы: Фонд « XXI век» 2000.- 164 с.

8. Алланиязов Т.К Крестьянские выступления 1929-1932 гг. В Казахстане:опыт и проблемы изучение. / Под ред. Т.О. Омарбекова.- Алматы: «Фонд XXI век», 2002.-88 с.

9. Қозыбаев М.Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. –Алматы: «Қазақ университеті», 1992. -272 б.

10. Жарылқасын Боранбай. Қазақ ұлт азаттық қозғалыс, Созақ көтерлісі.-Алматы: АО «Астана полиграфия», 2011

11. Камерон.С. Голодная степь: Голод, насилие и создание Советского Казахстана; авториз. пер. с англ. А. Терещенко; Алматы, 2023-360 с.

12. Жанбосинова А. С., Лысенко Ю. А., Омурова Ж. О., Омарканова А. О. Исламский фактор в содержании повстанческого движения казахского аула Конца 1920 — начала 1930-х годов // Народы и религии Евразии. 2024. Т. 29, № 3. С. 166–185. DOI 10.14258/ nreur(2024)3–09

13. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века).Т. 14: Антирелигиозная политика советского государства и репрессии против духовенства в Казахстане. Сборник документов и материалов. Составители тома: Д.Т. Кенжетаев, Б.М. Сатершинов, М. Төлеген, Ю.В. Шаповал / Под общ. ред. Е.Т. Карина.– Астана, 2022. – 306 с.

14. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. -Алматы, 2009. -448 с.Киндлер Р. Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық. / Роберт Киндлер; ауд. Ө.Ахмет.- Астана:- Фолиант, 2023.-432б

15. Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары).Материалы Государственной комиссии по полной реабилитании жертв политических репрессий (20-50 годы XX вска). Т. 4. Народные восстания и протесты в Казахстане в 1920-1930-х гг. Сборник документов и материалов. Составители: А.С. Мусагалиева. С.А. Касымов. М.М. Козыбаева, Б.Әбдіғалиұлы. ПТ. Исахан. М.Г. Жылысбаева. Т.К. Алланиязов. Л.А. Гривенная / Под общ. ред. Е.Т. Карина. - Астана, 2022. - 536 с

16. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). / Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т.33. Архив құжаттарындағы Түркістан облысының шерлі тарихы. 1918-1954 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: Х. Тұрсұн (жауапты ред.), Д. Кенжетаев, Г. Шардарбекова, Л. Динашева, З. Адилбекова, Р. Хазретәліқызы. / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. – Астана, 2022. – 392 б.

17. Виола Л. В41 Крестьянский бунт в эпоху Сталина: Коллективизация и культура крестьянского сопротивления / Л. Виола ; [пер. с англ. А. В. Бардина]. - М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН) ; Фонд Первого Президента России Б. Н. Ельцина, 2010. - 367 с.: табл. - (История сталинизма).

ӘОЖ 625.745.66

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ КӨШЕЛЕРІНДЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ БАТЫРЛАРЫ ЕСІМДЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Шарафиденова Венера
venera_0408@mail.ru
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 2-курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Кайргалиева Г.К.

Биылғы 2024 жылғы тарихи атаулы даталары Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығымен де ерекшеленеді. Ұлы Отан соғысының тарихы тек қана арнайы зерттеулермен ғана емес, топонимикалық атауларды зерттеу арқылы да зерттеу нысанына алуға болатын тақырып болып саналды. Жалпы жер-су аталалырандағы, яғни топонимикалық атаулардағы деректер тарихымыздың куәсі екені сөзсіз. Жер-су атауларын ғылыми тұрғыдан зертте саласы топонмика деп аталып, ол бірнеше салаға да бөлінеді. «Біздің жұртымыз өлке аты, тау атауын негізінен сол жердің сыр-сипатын байқап қоя білген жұрт. Қайда, қандай да бір мекенге барсаң да жер мен су, сонымен қатар жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атауының өзінде қаншалықты мән-мағына мен шешілмеген құпия сырға толы», - деп жазады жазушы Мұхтар Әуезовтің өзі де. Ал биыл туғанына 190 жыл толатын қазақтың көрнекті ғалымы Шоқан Уәлиханов болса «Көне түркі дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірінің бір бөлігін қамтыған тарихи оқиғалармен тығыз байланысты жер-су аттары, адам есімдері, тағы да басқа түрлері есте сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді», - деген ұлағатты ойы әрқашанда санамызда сақтаулы. Олай болса, осынау ұлан-ғайыр ұлы даламыз сарқылмас шежіреміз - оның беті құпиясы әлі толық ашылмаған тарихи кітап, ескірмес маржан сөз [1].

Атырау өлкесінің тарихын зерттеу саласында тарихшылар мен өлкетанушылар, географтар, тілші-әдебиетшілер өзіндік үлес қосқан. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғалымдарының бұл салапны зерттеуде үлесі зор болды. Тарихшы ғылымдар Х.Табылдиев, Ү.Қыдыралин, Ғ.Нығмет, Ж.Бақи, Т.Төлепбергени, Ж.Каленова, Ж.Мұстафин, Ж.Таңатарова, Ж.Жұмабаева, Ә.Мұқтар, Л.Бердіғожин, С.Сапанов, С.Қуаныш, Н.Сармурзина, А.Ахмет, Ұ.Ахметова, Ә.Ермағамбетова, М.Касенов және басқалары өңір тарихының зерттелуіне үлес қосты [2].

Деседе, биылғы Жеңістің 80 жылдығы аясында Атырау қаласындағы көше атауларында соғыс батырларының есімі берілген тұлғаларды қарастыруды мақала мақсатына алдық.

Жалпы алғанда, көше атаулары да топономикалық зерттеудің бір саласы болып табылады. Бұл жерде мынадай мақсат алынады:

- Атырау қаласында қандай нысандар Ұлы Отан соғысымен байланысты аталатынын, яғни урбонимдерді анықтау және талдау;
- Көше атауларына ие болған батырларды анықтау;
- Есімдері көшелерге берілген батырларды насихаттау.

Мақаланың зерттеу бағыты ономастика саласына арналады, ал ономастика дегеннің өзі, яғни қазақша мағынасына жүгінсек, грек тілінен алғанда есім (атау) беру өнері дегенді білдіреді. Ал ономастиканың географиялық атауларды беру саласын топонимика зерттейтіні белгілі. Бұл тұрғыдан алсақ, топонимика бірнеше ғылымдардың, атап айтқанда, тарих, тіл, әдебиет, география, архитектура, лингвистика салаларын камтиды.

Біз өзіміз тұрған елдімекен мен көшелердің өзі көптеген ақпаратты беруі мүмкін. ***Осыған орай біз өзіміз тұрған елді мекендердегі атауларға қалай назар аударамыз және қандай мән береміз деген сұрақтар туындайды***. Сол себепті Ұлы Жеңістің 80 жылдығында Атырау қаласында соғыс батырларының есімін және ерлігін сақтау үшін қандай жұмыстар жасалғаны топонимикалық аталаулардың саласы саласы урбанизм арқылы зерттеуге алынды.

Атыраулық тарихшы Ш.Нағымовтың «Сарайшық» журналындағы мақаласына сәйкес, Ұлы Отан соғысына Атырау жерінен 54 мыңнан астам адам аттанған, олардың 24 мыңнан астамы майдан даласынан оралмаған, ал 10 жерлесіміз Ұлы Отан соғысының батыры атанса, бесеуі – «Даңқ» орденінің толық иегері атанған [3].

Атырау өңірінің Ұлы Отан соғысында ерлігімен танылған тұлғалар тізімі

Кеңес Одағының батырлары

1. Афанасьев Александр Никифорович
2. Баймұханов Мұса
3. Березин Иван Николаевич
4. Канцев Гергий Федорович
5. Мазуров Филипп Савельевич
6. Мусаев Мұқат
7. Махорин Иван Федорович
8. Нысанбаев Боран
9. Смағұлов Қайырғали
10. Қалиев Біләл (*ескерту:* бұл кісі Маңғыстаулық болып жазыдып жүр, бірақ туған жері өзінің деректерінде Жылой ауданы деп берілген, сондықтан бұл батырды Ж.Бақи атыраулықтар тізіміне қосқан)

Халық қаһарманы

1. Доспанова Хиуз Қайырқызы

«Даңқ» орденінің толық иегерлері

1. Әліпов Ғизат
2. Еркінов Шүкір Таңатаруұлы
3. Полынин Евгений Михайлович
4. Шамин Гаврил Петрович

Флот адмиралы

1. Владимирский Лев Анатольевич

Тізім тарихшы Жиенбай Бақидың «Атыраулық бахадүр батырлар» кітабы нігізінде жасалды [4].

Біз өз талдауымызды жүргізе келе, осы атыраулық батырлар ішінен Кеңес одағы батырлы атағын алған 5 жерлесімізге, бұлардан басқа 4 «Даңқ» орденінің иегеріне Атырау қаласынан көше берілгенін анықталды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ағылшын журналисі Александр Верд 1967 жыы Мәскеуден шыққан автобиографиялық кітабында «Ұлы Отан соғысында ең мықты солдаттар – қазақтар болды, олар соғыстың өн бойына өздерін жақсы жағынан көрсетті. Ал Сталинград шайқасында жақсы солдаттардың арасында қырғыздар, башқұрттар, татарлар яғни ортаазиялықтар көп болды» дегенін Б.Бақи өз кітабында жазады [4, -5].

А.Афанасьев көшесі Атырау қаласының бұрынғы ескі қала, ескі базар аумағында орналасқан. 2гис картасында 2,8 шақырымдық ұзындықты қамтитын көше. Александр Афанасьев 1914 жылы Құрмнағазы ауданының Ганюшкин ауылындадүниеге келген. 1940-1942 жылдары облыстық мемлекеттік дайындау мекемесінде еңбек етіп, 1942 жылдың 5 мамырында Теңіз аудандық әсукери комиссариатының шақыртуымен әскерге аттанып, БашқұртАСР-і Стерлитамак қаласындағы офицерлер дайындайтын мектепке жіберіледі. Дайындықтан өткеннен кейін 68-ші атқыштар дивизиясының құрамындағы 202-гвардияшыл атқыштар полкінің 2-ротасында пулемет взводының командирі болып, майдан даласында шайқастарға қатысты. 68-гвардиялық дивизия құрамында Украинаның Киев облысының Ржищев ауданында Днепр үшін шайқасқа қатысып, ерлік көрсетті. 1943 жылы 25 қыркүйенкте Днепр өзенінің оң жағалауы үшін Балька селосына таяу плацдармды алуына үлес қосты. Рота командирі жарақаттанған кезде басқаруды өз қолына алып, оның пулеметшілері әскери бұйрықты орындап шықты. 1943 жылы 6 қарашада Киев қаласы азат етілді, алайда А.Афанасьев өзі осы шайқаста мерт болды. 1943 жылғы 13 қарашада КСРО Жоғарғы кеңесі Президумы Жарлығымен кеңес Одағының батыры атағы беріледі [4.-16-20].

Атырау қаласындағы үлкен көрікті көшелердің бірі – Кеңес Одағының батыры Мұса Баймұханов (1910-1945 жж.) есімімен аталады. Ол 1910 жылы Қызықоға ауылының Қарабау ауылында дүниеге келіп, 15 жасынан бастап Доссор кенішінде еңбек жолын бастайды. 1928 жылы Алматы тау-кен металлургия интернаты жанындағы жұмысшы факультетіне оқуға түсіп, 1931 жылы отбасы жағдайымен Доссорға жұмысқа келеді. Доссорда, Мақатта қоғамдық қызмет, Атырау қаласында проркуратурада тергеуші, Сағыз кәсіпшілігінде мұнай өндіру операторы, болып еңбек етті. 1945 жылы Польша жерінде Варшава қаласын азат ету, Одер үшін шайқастарда ерлік көрсетті. Ол 1945 жылы 3 наурызда отбасына жазған хатында сол жылы қаңтар айында ұрысқа қатысқаны, жарақат алғаны, госпитальда ем алғаны жайында жазады. Жауынгер достарынан өзін батыр атағына ұсынғаны туралы естігенін жазады. Бірақ батыр наградасын алып үлгермеді «ол 1945 жылы 18 наурызында жеңіс күніне аздаған күндер қалғанда ерлікпен қаза тапты» [4.-29].

Бұдан басқа Балықшы кентінде бұрынғы Камышинская өткелінің Балықшы поселкесінің ***халық депутаттар кеңесінің VIII сессиясының 1992 жылғы 18 наурыздағы №6 қаулысымен*** «Муса Баймұханов өткелі» деп атау туралы бекітілген [5].

Атырау қаласының үлкен көшесі Кеңес Одағының батыры Муса Баймұханов есімімен аталады, алайда «Атыра уқаласының көшелері» туралы жазылған еңбекте бұл кеше туралы ақпарат берілмеген. Оның орнына Балықшы кенті бағытында «Муса Баймұханов өткелі» бұрынғы Камышинская өткеліне берілгені туралы ақпарат қамтылған.

Атырау қаласының ұзындығы бұрынғы ұзындығы 2260 метрлік Восточная көшесі қала әкімінің 1990 жылғы 19 қыркүйектегі №823 шешімімен Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағының батыры Георгий Канцев (1907-1978 жж.) құрметіне берілген [5].

Ол 1907 жылы Атырау облысына қарасты Махамбет ауданы қазіргі Махамбет ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Негізінен бау-бақша өсіру, Жайық өзенінен мотормен су айдаумен айналысқан. 1941 жылғы қыркүйекте майданға аттанып, майданда әйгілі Суворов орденді және Қызыл тулы 354-ші атқыштар дивизиясының 1199-шы атқыштар полкінің взвод командирі болып майдандағы жауынгерлік жолын бастайды. Алғаш рет майданда шайқасқа қатысуы 1942 жылғы 3 наурызда Калинин майданында басталды. Негізгі ерлік көрсеткен шайқасы 1944 жылғы 28 маусымда Бобруйск түбіндегі ұрыста болған. Ұрыста 200-дей жауды жойып, 104 неміс әсерін тұтқында алған. Екінші мәрте ол 1944 жылы қыркүйектегі шайқаста 354-атқыштар дивизиясының тапсырмасымен 1199-полк Пискорня-Мале деревнясы маңында Нарев өзенінен қтуде ерлік көрсетті. Осы шайқастағы ерлігін 65-шы Армия басшылығы жоғары бағалап, наградаға ұсынады. 65-ші Армияның комнадашысы генерал-полковник Батов

«Қымбатты Канцев жолдас! Неміс фашист басқыншыларына қарсы күрес майданында командованияның жауынгерлік тапсырмасын үлгілі орнидағаныңыз үшін және батырлық пен ерлік көрсеткеніңіз үшін сізге КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Сізді еліміздегі ең жоғары Үкімет наградасымен қызу құттықтаймыз...» [4.-70]. Г.Канцев 1978 жылы өмірден өтті.

Атырау қаласының Жилгородок тұрғындар қалашығындағы көшенің бірі «Даңқ» орденінің толық кавалері Гавриил Шамин атында. ***Гавриил Шамин атына бұрынғы ұзындығы 300 метрлік Стадионная аталған көше Атырау қаласы әкімінің 1996 жылғы 7 ақпандағы № 111 шешімімен берілген [5]*** . Гавриил Шамин 1923 жылы Индер ауданында қазіргі Ынтымақ ауылында дүниеге келген. 1934 жылы төрт сыныпты бастауыш мектепті бітіргеннен кейін Степан Разин (Амангелді атындағы совхоз) атындағы колхозда еңбек жолын бастады. 1939 жылы Индер ауданындағы Борат кен орнында жұмысшы мамандығына ауысты.

Соғыс басталған кезде 1941 жылғы 14 тамызда өз еркімен майданға аттанады. Жеке қабілетіне байланысты оны бөлімше командирлерін дайындайтын полк мектебіне оқуға жібереді. Әскери мектепті үздік аяқтағаннан ккейін Г.Шамин 21-ші Дон майданының 293-ші атқыштар дивизиясына Сталинград майданына жіберіледі. Сталинград майданынан кейін 1943 жылы 31 қаңтарда жарақат алып, 1943 жылдың қыркүйек айына дейін Саратов қаласында госпитальда болады. Қайта майданға аттанып, 2-ші Балтық жағалауы майданының 379-шы моторлы дивизиясы құрамында шайқасқа кіріседі.

Г.Шамин Екінші дүниежүзілік соғыстағы жауынгерлік жолын 1945 жылғы мамырда Чехословакияның Прага қаласында аяқтады. Г.Шаминнің жауынгерлік жолының ерекшелігі 1941 жылдан 1945 жылға дейін соғысқа бастан аяқ қатысуы және 1945 жылы Москвадан өткен Жеңіс шеруі парадына қатысуы болды.

«Даңқ» орденінің тағы бір толық иегері – Ғизат Әліпов. ***Қала әкімінің 1990 жылғы 18 қыркүйектегі № 823 шешімімен ұзындығы 450 метрлік бұрынғы Корпусная көшесіне «Даңқ» орденінің тағы бір толық иегері Ғизат Әліповтің құрметіне беріледі [5]***.

Әліпов Ғизат Мұқашұлы 1924 жылы Құрманғазы ауданында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы қарсаңында «Қызыл Ту» колхозында есепші болып жұмыс жасайды. 1942 жылғы маусымда ауылының 17 жас жігітімен бірге Кеңес Армиясына алынып, Орынбор облысындағы Краснокоми қаласында жаяу әскерлер училищесіне жіберілді. 1943 жылы шілдеде ол атақты Курс шайкасында 2-ші Украина майданының 13-ші гвардиялық дивизиясының бөлімше командирі болып алғаш рет жауынгерлерді шабуылға бастап шығады.

1944 жылы көктемінде госпитальдан шығып, кайта майданға аттанып, Еуропаны азат ету ұрыстарына қатысады. Буг өзенінен өтуде 1944 жылы желтоқсанда үшінші дәрежелі Даңқ орденімен, Висла өзенінен өтудегі ерлігі үшін екінші дәрежелі Даңқ орденімен, 1945 жылғы көктемде Одер өзеніне өту үшін шайқаста бірінші дәрежелі Даңқ орденімен наградталады.

1945 жылы 23 сәуірде Ғ.Әліповтің бөлімшесі 312-ші атқыштар дивиязиясының құрамында Берлинге шабуылға шығып, жеңісті тойлады [4.-112].

Шүкір Таңатаруұлы Еркінов (1924-1949 жж.) атындағы көше қала әкімінің 1992 жылғы 18 ақпандағы №201 шешімімен бұрынғы «Производственная» көшесіне берілген [5].

Шүкір Еркінов 1924 жылы Қызылқоға ауданының Ойыл ауылдық кеңесіне қарасты Дәулетиман елдімекенінде дүниеге келген. Бастауыш мектепті Батыс Қазақстан облысындағы Қаратөбе ауданының Саралжын ауылынан бітірген. 1942 жылы өз еркімен майданға сұранып, 222-ші Смоленск атқыштар дивизиясының 43-ші өздігінен жүретін артиллериялық танкіге жойғыш дивизияның барлаушысы міндетін мойнына алды [4.-126].

1944 жылы 24 маусымда жеке ерлік көрсетіп, 43-ші ОИПТАД командирі майорв Чернокосовтың ұсынысымен үшінші дәрежелі «Даңқ» орденіне лайықты деп танылып, ұсыныс беріледі. 1945 жылы 19 қаңтарда Ташашув қаласы түбінде барлаушылар тобымен жүргенде

жаудың әрекетін байқап, тағы да айқасқа түсіп, жеңіп шығады. Дивизияның алға жүруіне жол ашады. Осы ерлігі үшін43-ші ОСАД командирі майор Сытниктің 1945 жылғы 25 қаңтартындағы ұсынысы негізінде Ш.Еркінов 1945 жылғы 19 ақпанда екінші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

1945 жылы 28 сәуірдегі Кушков деревнясы үшін болған ұрыста 24 әскерді офицерімен бірге тұтқынға алғаны, 2 пулеметті және 150-дей неміс жау жақтың әскерін жойғаны үшін 1945 жылы 15 мамырдағы КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының Жарлығымен бірінші дәрежелі «Даңқ» орденімен наградталды [4.-130].

Ш.Еркінов соғыс аяқталғаннан кейін де 2 жылдай әскерде болып, 1947 жылы ғана елге оралады. Ш.Еркінов майдандағы ердігі үшін «Даңқ» орденінің толық кавалері болуымен қатар, Отан алдындағы ерлігі мен жауынгерлік адал қызметі үшін 8 мәрте Бас Қолбасшының Алғысын алған майдангер болды.

Елге оралғаннан кейін алдына оқып, жоғары білім алу мақсатын қойып, Қазақстан Компартиясының Гурьев облыстық комитетінің қолдауымен Қазақ ССР Заң министрлігінің заңгерлер дайындайтын мектебіне оқуға жіберіледі. Осы жолдамамен Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі.

Алайда соғыс кезінде 8 рет жараланuы оның денсаулығына қатты әсер етіп, денсаулығы нашарлап, 1949 жылы өмірден өтеді. Шүкір Еркінов бар жоғы 25 жасында өмірден өткен соғыс батыры әрі соғыс құрбаны еді. Ш.Еркінов туралы «Майданға 1942 жылы шақырылған. Беларусь майданында барлаушы болды, тала йрет ерен ерлік көрсетті» делінген [6. -204]

Евгений Полынин көшесі 1990 жылғы 18 қыркүйектегі № 823 шешімімен ұзындығы 9330 метр құрайтын бұрынғы «Транспортная» көшесіне беріледі [5].

Евгений Михайлович Полынин 1914 жылы Жылыой ауданында дүниеге келген «Даңқ» орденінің толық кавалері. 1931 жылы отбасымен бірге Гурьев қаласына қоныс аударады. Ол майданға 1942 жылы шақырылады.

Е.Полыниннің соғыстағы алғашқы жауынгерлік тапсырманы орындаудағы көзге түсуі Калуга облысының Медыня қаласы түбіндегі ұрыста байқалды. Осы үшін 1942 жылдың қаңтарында «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады [4.-136].

Смоленск облысының Шеки деревнясы маңындағы ұрыста байланыспен қамтамасыз еткені үшін «Жауыгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Белоруссияның Витебск облысындағы Днепр өзеніне жақын орналасқан Орне қаласы түбінде 192-атқыгтар дивизиясының құрамында болған Е.М.Полынин қиын жағдайда байланысты қамтамсыз еткені үшін үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

Пруссияның Пилькалин қаласын азат етудегі әскери бөлімдердің байланысын қамтамасыз еткені үшін екінші дәрежелі «Даңқ» орденімен наградталады. Кенигсберг қамалына шабуыл жасау кезінде жүзеге асырылған операциядағы ерлігі үшін Е.Полынин бірінші дәрежелі «Даңқ» орденіне ұсынылды. Одан кейін ол Қиыр Шығысқа әскери қызметімен ауысып, елге тек 1946 жылы оралады.

Елге оралғаннан кейін Атырау мұнай өңдеу зауытына жұмысқа орналасып, ебек жоын жалғастырды. 1984 жылы өмірден өтті [4.-138].

Кеңес Одағының батыры Қайырғали Смағұлов көшесі Атырау қаласы әкімінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі №224 Шешімімен ұзындығы 1500 мертді құрайтын бұрынғы «Набережная» көшесіне берілді [5.-15].

Қ.Смағұлов 1919 жылы 5 қыркүйекте Қайыршақты ауылдық кеңесінде дүниеге келді. Кеңес Одағының батыры атағын алған атыраулық жерлесіміз.

Ол 1931-1933 жыолдардағы аштықтың зардабынан Орал қаласында ашылған балалар үйіне барып, одан 1937 жылға дейін тәрбиеленеді. 1937 жылы туған ауылына келіп, балықшы кәсіпшілігіне орналасады. 1939 жылы әскерге шақырылып, Орталық Ресей арқылы Кавказға

жіберіліп, Закавказьедегі 31-ші атқыштар дивизиясында артиллерист болады. 1941 жылы майданның алғы шебіне жіберуге өтініш беріп, 1941 жылы қазан айында Ростов бағытына жіберіледі. Соғыстағы ерлігі Ғ.Мүсірептовтің «Қазақ солдаты» романына арқау болған атақты жауынгер осы Қайырғали Смағұлов болған-ды.

Ол 1963-1973 жылдары қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Азаматтық қорғаныс кафедрасында аға оқытушы лауазымында еңбек етеді. 1991 жылғы 23 қазанда өмірден өтеді. Атырау қаласында 1995 жылы Ааттық көшесінің бойында бюст ескерткіші қойылды. Атырау қаласында Теңдік ауылында орта мектепке есімі берілген.

Атырау қаласының Сәтбаев даңғылынан оңтүстік-батысқа қарай авангард мөлтек ауданы бағытындағы кең көше Лев Владимирский атымен аталады. Адмирал Л.Владимирский 1903 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. 17 жасында Қызыл армия қатарына алынып, одан кейін Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінің әскери факультетіне оқуға түседі.

Оны бітіргеннен кейін жолдамамен флоттың командалық құрамын дайындайтын әскери училищеге жіберіліп, кейіннен М.В.Фрунзе атындағы жоғары әскери-теңіз училищесінде оқиды. 1943-1944 жылдары Қара теңіз флоты үшін өте қиын кездер болады. Қырым, Севастополь жау қолында қалды. Осы кезде Л.Владимирскийдің Қырымды азат етудегі рөлі жоғары болды. Соғыстан кейін ол дирижабльдер ісімен айналысты. Ол жоғапы әскери академияға оқуға түсіп, оны ақтаған соң Қарушы күштер бас инспекциясында қызметке қалады.

Оның жетекшілігімен 5 экспедиция ұйымдастырылады. Экспедициялар барысында ғылыми материалдар жинақтап, 1970 жылы ғылым кандидатын сәтті қорғап шығады. Одан кейін де ғылыми зерттеулерін жалғастырып, 1973 жылдың қазан айына докторлық диссертациясын қорғауы белгіленеді. Алайда кенеттен өмірден өтіп, бұл жұмысы аяқсыз қалады [4.-152].

Қорыта келгенде, Атырау қаласында Ұлы Отан соғысының батырларына арналған көше атаулары бар екенін нақты көреміз. Мақала барысыныда ҰОС тұсында ерлік көрсеткен 9 тұлғаға арналған көшені анықталды. Бұдан басқа 2 ескерткіш бюст (Қ.Смағұлв және Х.Доспанова) Атырау қаласында орнатылған. Халық қаһарманы Хиуаз Доспанова аты Атырау халықаралық әуежайына және Атырау қаласында мектепке берілген. Қайырғали Смағұлов атына Теңдік ауылында орта мектеп бар.

Жалпы, соғыс батырларына көше есімдері берілуі оларадың ерлігін насихатату және есте сақтау үшін жасалған шаралар болып табылады. Алайда. Көптеген қала тұрғындары бұл адамдардың кім екенін назар аудара бермейді. Сондықытан көшелерде осы адамдар туралы ақпараттық тақтағал орнатылса насихаттау жұмыстары нәтижелі бола түсер еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Жанұзақов Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы, 2011

2 Кайргалиева Г., Абат А. Жергілікті жер-су атауларының тарихы (Исатай ауданы мысалында). Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Хабаршы» ғылыми журналы. №2 (53) 2019, 44-52 бб.

3 Нағымов Ш. Атыраудың батыр арулары // Сарайшық - Республикалық әдеби-мәдени, тарихи танымдылық журналы (қаралым уақыты 03.04.2025)

4 Бақи Ж. Атыраулық бахадүр батырлар. -Алматы: «Арыс», 2010. – 160 б

5 Атырау облысындағы көшелер. – Атырау-315 б

6 Атырау: энциклопедия. – Алматы: Атамұра. 2000. -384+72түрлі-түсті жапсырма

ӘОЖ. 7.072

СЕРІК ТАЙНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БЕЙНЕНІҢ КӨРКЕМ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУЫ

Бекмукаметова Аяулым
ayaulimbakyt@gmail.com
«Өнертану» факультеті, 3-курс студенті
Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филос. ғ.к., профессор Оразкулова.К.С

Аңдатпа: Ұсынылған мақалада Серік Тайнов шығармашылығындағы ұлттық дүниетаным мен символикалық бейнелердің үйлесімді тоғысуының айқын көрінісі сипатталады. Оның туындыларындағы көркем бейнелі образдардың шынайылық пен, суретші шеберлігіндегі интерпретация бейнесін ашу барысы қамтылады. Халық архетиптік кейіпкерлерін жаңа көркемдік интерпретацияда бейнелей отырып, оларға заманауи мән-мағына беру барысы негізге алынады.Сонымен қатар ұсынылған мақалада суретшінің шығармаларындағы көркем образдардың мағыналық әрі көркемдік шешімдері талданып, олардың ұлттық және көркемдік мәні ашылады.

Серік Тайнов шығармашылығы — қазақтың бай мәдени мұрасын заманауи өнердің терең символикалық кеңістігінде қайта тірілткен ерекше құбылыс. Суретші өз туындыларында халық жадында сақталған бейнелерді жаңа көзқараспен интерпретациялап, көркемдік әлемге жаңаша тыныс береді. Оның картиналарындағы әрбір кейіпкер — ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткен аңыздар мен ертегілердің үнсіз куәгері, ал әр штрих пен бояу — ұлттық болмыстың көркем шежіресі тәрізді.Тайновтың көркем образдары тек өткеннің бейнесі ғана емес, олар — мәңгілік құндылықтар мен рухани ізденістердің символы. Суретші ежелгі фольклорлық сарындарды заманмен үндестіріп, көрерменді балалық шақтағы қиял әлеміне жетелей отырып, ой тереңіне үңілуге шақырады. Оның жұмыстарында дәстүр мен жаңашылдық, шынайылық пен қиял шекаралары жойылып, көркемдік әлемде жаңа үйлесім табады.Бұл мақалада суретшінің шығармашылығындағы бейнелердің мәні мен маңызы, олардың көркемдік шешімдері мен ұлттық дүниетанаммен байланысы жан-жақты талданады. Тайнов туындыларында қазақ халқының рухани коды сақталып қана қоймай, болашақ ұрпаққа жаңаша сипатта ұсынылады.

Ғылыми мақаланың өзектілігі: Серік Тайнов шығармашылығы — ұлттық мәдениетті заманауи өнерде жаңаша бейнелеуімен құнды. Суретшінің көркемдік образдарды өзінше қайта жаңғыртуы халықтың көркемдік мұрасын сақтап қана қоймай, оған бүгінгі көзқараспен жаңа мән-мағына береді. Бұл тәсіл дәстүр мен қазіргі уақыттың үйлесімін тауып, ұлттық өнерді жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Сондықтан Тайнов туындыларындағы символикалық бейнелерді зерттеу – қазақ бейнелеу өнерінің даму жолдарын түсінуге мүмкіндік береді.

Ғылыми мақаланың зерттелу деңгейі: Тақырыпты зерттеу барысында 1. Қазақ бейнелеу өнерінің тарихи даму кезеңдерін анықтау және оның ежелгі мәдениетпен байланысын зерттеу үшін Ә. Марғұланның «Ежелгі мәдениет іздері» еңбегі қолданылды. 2.Қазақтың дәстүрлі және заманауи бейнелеу өнерін талдау мақсатында Г. Исмаиловаңың «Қазақ бейнелеу өнері» еңбегі қолданылды. 3. Өнердіңэстетикалық ерекшеліктерін анықтау үшін Р. Нұрғалидың «Өнердің эстетикалық негіздері» атты еңбегі пайдаланылды. 4.Өнердің психологиялық әсерін зерттеу үшін Ж. Аймауытовтың «Психология және өнер» еңбегі қолданылды. 5. Қазақ бейнелеу өнерінің қазіргі жағдайы мен болашағын қарастыру мақсатында «Қазақ бейнелеу өнерінің бүгіні мен өткені» атты ұжымдық жинақ қолданылды. Бұл еңбекте ХХ ғасырдағы және қазіргі заманғы қазақ суретшілерінің шығармашылығы, стильдік ерекшеліктері талданған.6. Қазақ бейнелеу өнерінің мәдени-философиялық маңызын ашу үшін Қ. С. Оразқұлованың

«Қазақ суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана» атты еңбегі пайдаланылды. Осы ғылыми еңбектерге сүйене отырып, суретшінің ертегілік образдарды ұлттық кодтармен сабақтастырып, оларға заманауи интерпретация бергені айқындалды. Тайновтың жұмыстары дәстүр мен бейнелеу өнерін ұштастыра отырып, қазақ мәдениетінің терең қабаттарын жаңаша тануға жол ашты.“Қазақ халқының ертегілері — ұлттың рухани қазынасы, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бай мәдени мұра. Бұл ертегілерде халықтың даналығы, өмірлік ұстанымдары мен арман-үміттері шебер суреттеледі. Әрбір кейіпкер — батыр, данагөй, айлакер түлкі немесе киелі жылан — белгілі бір символдық мәнге ие болып, халықтың рухани болмысын тереңінен ашады. Осы құнды мұра қазіргі өнерде де өз орнын тауып, заманауи суретшілер шығармашылығына шабыт береді[1].

Серік Тайнов — осындай халықтық мұрадан қуат алып, оны жаңа көркемдік кеңістікте жаңғыртқан талантты суретшілердің бірі. 1960 жылдары дүниеге келген Тайнов жастайынан бейнелеу өнеріне ерекше қызығушылық танытып, шығармашылық жолында ұлттық болмысты зерттеуге ден қойды. Өнер академиясындағы оқу жылдары мен фольклорлық зерттеулерге деген қызығушылығы оның туындыларына терең рухани мазмұн сыйлады [2].Ол әр картинасында халық ертегілеріндегі символдық бейнелерді заманауи тәсілдермен қайта жандандырып, көрерменге терең ой салады.Тайновтың туындыларында ертегілік кейіпкерлер шынайы өмірмен үйлесіп, ерекше көркемдік шешімдер арқылы жаңа мағынаға ие болады. Ол батырлардың қайсар рухын, аналардың мейірімін, табиғаттың тылсым күшін ерекше тәсілдер арқылы жеткізеді. Мысалы, оның картиналарындағы ою-өрнектер мен айқын түстер жүйесі ертегілердің сиқырлы атмосферасын күшейтіп, көрерменді қиял мен шындықтың тоғысқан шекарасына жетелейді[3].

Серік Тайнов — ұлттық мәдениеттің терең тамырларын заманауи өнер тілімен ұштастыра білген шебер суретші. Оның шығармашылығы бірнеше көрмелерде жоғары бағаланып, өнертанушылардың назарын аударды. Тайновтың туындылары халықаралық көрмелерде көрсетіліп, қазақ бейнелеу өнерінің ерекшелігін әлемдік деңгейде танытты. Ол өзінің ерекше стилі мен символизмге толы картиналары арқылы «Жыл суретшісі» номинацияларына ұсынылып, түрлі өнер байқауларында марапаттарға ие болды.Суретшінің еңбектері еліміздегі ірі галереялар мен музейлерде сақталуда, ал оның халық ертегілеріне деген терең көзқарасы жас суретшілерге шабыт береді. Тайновтың шығармашылығы тек эстетикалық сұлулық қана емес, халықтың рухани мұрасы мен мәдениетінің маңызын ұғынуға шақырады. Оның әр туындысы көрерменді өткен мен бүгіннің арасындағы нәзік байланысты сезінуге жетелейді[4]. Суретшінің қазақ ертегілерін, аңыздарын кеңінен қарастыратын туындыларының бірі ретінде, суретшінің өзінің айтуынша ең ерекше ыстық туындыларының бірі ретінде “Толағай” туындысына тоқталып өтсек. «Толағай» (Сурет 1) картинасы – қазақ мифологиясы мен заманауи символизмнің тамаша үйлесімі[5].Бұл туындыда суретші қазақ фольклорының ең танымал аңыздарының бірі – алып күш иесі Толағай туралы баяндайды. Аңыз бойынша, Толағай жауын-шашынсыз шөлге айналған өз елін аман алып қалу үшін тауды көтеріп әкеліп, жеріне жаңбыр жаудыру мақсатында құрбандыққа шалынады. Осы оқиғаны негізге алған суретші шығармасына терең философиялық әрі әлеуметтік мән береді[6].

Композициялық құрылымына назар аударсақ, картинада орталық кейіпкер – Толағай – бүкіл тауды арқалап тұрған алып бейнесінде көрінеді. Бұл оның тек физикалық қуатын ғана емес, рухани және моральдық күшін де айшықтайды. Тау бейнесі тек табиғи объект емес, ол халықтың тағдыры, туған жердің ауыртпалығы мен үміті ретінде символдық мәнге ие. Толағайдың денесі шынжырлармен байланып, бұл оның тағдырдың жазмышынан қашып құтыла алмайтындығын меңзейді.Түстік шешімдері де ерекше мәнге ие. Қара, қоңыр және сарғыш реңктер картинаға байсалды, эпикалық атмосфера береді. Таулар мен жердің түсі көмескі тартып, уақыттың тоқтап қалғанын сездіреді. Суретшінің штрихтары мен сызықтары қатаң әрі өткір, бұл Толағайдың ішкі жан күйзелісін, табиғаттың дүлей күшіне қарсы тұруын көрсетеді[7].

Қорытындылай келе, Серік Тайнов бұл туындысында өз туған өлкесінің рухын бейнелеп, Толағайдың келбеті арқылы қазақ халқының қайсарлығын, туған жеріне деген шексіз махаббатын көрсетеді. Оның ауылды елестетуі – тек естеліктер мен ностальгия емес, ұлттық рухтың қайта жаңғыруы. Осылайша, суретші өткен мен бүгінді, миф пен шынайылықты байланыстырып, көрерменге терең ой салатын көркем туынды жасайды.

Ал қылқалам шеберінің тағы бір ерекше «Тоқшылық» (Сурет 2) атты туындысы қазақ халқының өмірлік философиясын, берекесі мен ұрпақ сабақтастығын терең бейнелейді. Суретшінің өзі бұл туындыны өзінің немересіне арнағанын айтқан болатын, сондықтан мұнда отбасы құндылығы, ата мен немере арасындағы көрінбес, бірақ берік байланыс көрініс табады. Туынданың орталық кейіпкері – қоңыр жүзі жылы, тыныштық пен қанағаттың символына айналған бала. Оның жүзі алаңсыздық пен бейбіт өмірді білдіреді. Бала қымбат асыл мұра ретінде табиғаттың берген молшылығын арқалап келеді. Себеттегі нан, қолындағы қой мен айналасындағы ауыл шаруашылығы өнімдері – қазақ халқының тіршілігі мен шаруашылық дәстүрінің белгісі. Мұнда мал шаруашылығы мен жердің берекесі халық өмірінің ажырамас бөлігі екенін аңғаруға болады[8].

Композицияның тағы бір маңызды бөлігі– қошқар. Қошқар қазақ мәдениетінде молшылықтың, байлықтың және құрбандықтың символы. Оның салмақты тұрысы – тұрақтылық пен сенімділікті білдіреді. Бейнелеу тәсілі арқылы суретші қошқарды тек мал ретінде ғана емес, отбасының тірегі, молшылықтың бейнесі іспеттес етіп көрсетеді. Бұл – қазақ халқына тән табиғатты қастерлеу мен оған алғыс айту дәстүрінің бейнесі. Туындыдағы түстердің шешімі ерекше назар аударады. Тайнов өзінің шығармашылығында көбіне жылы, табиғи реңктерді пайдаланады. Бұл туындыда да қоңыр және сарғылт түстер басым, олар ауыл өмірінің тыныштығын, табиғатпен үйлесімділікті және уақыт ағымының баяу да мәнді өтуін білдіреді. Түстердің жұмсақ үйлесімі арқылы суретші көрерменді еріксіз өткеннің жылуын сезінуге жетелейді. Қорытындылай келе: «Тоқшылық» туындысы қазақ халқының рухани және тұрмыстық дәстүрін терең түсінуге жетелейді. Бұл – суретшінің ұрпаққа қалдырған аманаты, немересіне айтылған үнсіз өсиеті. Қарапайым ғана ауыл көрінісі арқылы автор адам өмірінің басты мәні – отбасы, береке мен ұрпақ сабақтастығы екенін жеткізіп отыр. Серік Тайнов қазақ ертегілерін өзіндік ерекше мәнерде қайта өңдеп, оларды заманауи көркемдік интерпретацияда бейнелейді.Мысалы ретінде «Қаңбақ шал мен дәу»(Сурет 3)туындысы қазақ халқының фольклорлық мұрасын бейнелеп, ертегілік әлемді көркем тілмен жеткізеді. Туынданың негізінде қазақ ертегілерінің ішіндегі ең танымалдарының бірі – «Қаңбақ шал» жатыр. Бұл ертегіде ақылдылық пен тапқырлық күші басым екенін көрсететін оқиғалар желісі өрбиді[9].

Композициялық құрылымы күрделі әрі терең мағыналы. Туындының ортаңғы бөлігінде ұйықтап жатқан алып адам бейнеленген, ол – дәу. Оның қолындағы кішкентай бейне – Қаңбақ шалдың өзі. Бұл екеуінің арасындағы контраст – суретшінің көркемдік тәсілі. Дәудің денесі кеңістікті толтырып, алып бейне ретінде көрінеді, ал Қаңбақ шал болса, кішкентай болғанымен, оның жүзіндегі сенімділік пен алға ұмтылыс басым. Бұл тұтас композицияны тепе-теңдікке әкеліп, ертегінің негізгі идеясын жеткізеді. «Қаңбақ шал» ертегісінің мазмұны қазақ халқының даналығы мен тапқырлығын бейнелейді. Ертегіде өте жеңіл, қаңбақтай ұшып жүретін шал өмір сүреді. Бір күні ол дәуге кездесіп, оның күшіне қарамастан, айлакерлігімен оны жеңеді. Дәу шалды бірде суға, бірде отқа тастап, өлтіргісі келеді, бірақ шал әр жолы аман қалып, ақылымен құтылып отырады. Соңында дәуді алдап, өз еркіндігіне жетеді[10].Суретші Серік Тайнов осы ертегіні шебер интерпретациялап, дәудің алып бейнесі мен кішкентай шалдың образын контраст арқылы жеткізеді. Бұл қарама-қайшылық тек физикалық емес, рухани күш пен ақылдың күресі екенін меңзейді. Тайновтың туындысы арқылы ертегінің негізгі идеясы — даналық пен тапқырлықтың әрдайым жеңіске жететіні көркем тілде ашылады. Перспектива қолдану әдісі ерекше. Тайнов дәстүрлі және заманауи бейнелеу өнерін ұштастырып, кеңістікті шеберлікпен

құрастырады. Дәудің алып бейнесі мен шалдың кішкентайлығы бір қарағанда қарама-қайшы көрінгенімен, олардың өзара байланысы күш пен ақылдың күресін бейнелейді. Фондағы оюлы кілем, судан шығып тұрған түрлі түсті балық, қанатындағы реңдері айқын құс – барлығы ертегілік атмосфераны толықтырып тұр[1].

Қорытындылай келсек-туындының маңызы ерекше. Бұл – ертегі ғана емес, ұлттың танымын, даналығын, өмірге деген көзқарасын бейнелейтін көркем туынды. Тайнов бұл еңбегі арқылы қазақтың ертегілік бейнелерін жаңа көркемдік интерпретацияда жеткізіп, фольклор мен заманауи өнерді үндестіреді. Осылайша, ұлттық өнердің мәңгілік екенін дәлелдейді.

Серік Тайыновтың тағы бір «Кездесу» (Сурет 4**)** туындысы қазақ халқының рухани әлемін бейнелейтін ерекше шығарма. Бұл туындыда өткен мен болашақтың байланысы, халық даналығы мен ұрпақ үміті көркем жеткізілген[3].

Туындының композициялық құрылымы қозғалыс пен тыныштықтың үйлесіміне негізделген. Алдыңғы планда ат үстінде отырған бала домбыра тартып, еркіндік пен шығармашылықтың символына айналады. Оның бейнесі қазақ халқының болашағына деген сенімді, өнерге деген сүйіспеншілікті білдіреді. Аттың сергек қозғалысы өмірдің тоқтаусыз ағысын, дамуды көрсетеді. Ал балаға қарап тұрған қария — даналықтың, өткен уақыттың және ұрпақтарға аманат болатын біліктің бейнесі іспетті. Туындының артқы жағында ұйықы үстіндегі алып бейне бар. Бұл бейне — қазақ даласының алып рухын, жер мен халықты қорғаушы күшті білдіреді. Оның тыныштығы мен сабырлығы табиғаттың мәңгілік тепе-теңдігін еске салады. Алыптың бейнесі халықтың тарихы мен рухани қуатын бейнелеп, әр ұрпақтың сол қорғаушы күшпен байланысын көрсетеді[16]. Түстер -табиғаттың жылы реңктеріне негізделген. Қоңыр, сарғылт, жасыл түстер жердің, табиғаттың тыныс-тіршілігін көрсетсе, жұмсақ көлеңкелер уақыттың шексіздігін меңзейді. Түстердің үйлесімділігі көрерменге тыныштық пен терең ойға батуға мүмкіндік береді.

«Кездесу» туындысы халықтың өткеніне, бүгінгісіне және болашағына көз жүгіртетін ерекше шығарма. Бала мен қарияның кездесуі — ұрпақтар сабақтастығының бейнесі, ал ұйықтап жатқан алып бейне — қазақ даласының сарқылмас рухани байлығы. Суретші осы туынды арқылы халқымыздың рухани құндылықтарының мәңгілік екенін, өнер мен даналықтың әрқашан адам жанына демеу болатынын шебер жеткізеді. Тайыновтың бұл шығармасы көрерменді өткен мен болашақтың арасындағы нәзік байланыс туралы ойлануға шақыратын шынайы өнер туындысы[4].Суретші өз шығармашылығында қазақ ертегілерін, аңыз әңгімелерін көркем бейнеде өте кеңінен аша білген, сонымен қатар қазақтың тарихтағы палуан тұлғаларына да арнап сомдаған «Қажымұқан»(Сурет 5).туындысы — қазақ халқының күш-қайраты мен рухани беріктігін бейнелейтін өнердің жарқын үлгісі. Бұл туындыда автор Қажымұқан Мұңайтпасұлының тек физикалық қуатын ғана емес, оның ішкі қайсарлығы мен халық алдындағы биік тұлғасын көркем тілмен жеткізеді. Туынды палуанның жеңіске жеткен сәтін бейнелей отырып, көрерменді өткен ғасырдың спорттық аренасына жетелейді, қазақтың әлемдік спорт сахнасындағы мақтанышына айналған тұлғаны қайта тірілткендей әсер қалдырады. Тарихқа үңілсек, Қажымұқан — қазақтың тұңғыш кәсіби палуаны, әлемнің түкпір-түкпірінде өткен жарыстарда жеңіске жетіп, халқымыздың даңқын асқақтатқан тұлға. Ол 50-ден астам алтын медаль иеленіп, түркі халықтарының атынан әлемдік аренада өнер көрсеткен. Суретші осы тарихи маңыздылықты терең түсініп, туындысында батырдың бейнесін ерекше шеберлікпен сомдаған. Қажымұқанның дене бітімінің алыптығы, қарсыласын иығынан асыра көтерген айбынды қимылы — оның табиғи күші мен мықты рухын айқын көрсетеді[3].

Композиция тұрғысынан туынды өте шебер құрастырылған. Алдыңғы қатарда Қажымұқан мен оның қарсыласы күресінің сәтінде бейнеленсе, артқы фондағы көрермендер палуанның жеңісіне тамсанып, қол шапалақтауда. Бұл бөліктер туындыға динамика мен эмоционалды тереңдік береді. Көрермендердің бейнесі жеңістің ұжымдық қуанышын көрсетсе,

палуанның алып тұлғасы мен оның шымыр денесі Қажымұқанның батырлығын одан әрі айқындайды. Перспектива шебер қолданылып, басты кейіпкердің бейнесі алға шығып, көрермен назарын бірден баурап алады. Қоңыр, сарғыш және қара реңктер палуанның қарапайымдылығы мен жерге жақын болмысын, халқынан алыстамаған табиғатын білдіреді. Туындыда артық сән-салтанат жоқ, керісінше, күш пен еңбектің шынайы бейнесі алдыңғы қатарға шығады. Бұл суретшінің палуанның өмірлік философиясын — табандылық пен адалдықты терең сезініп, оны өнер тілімен жеткізе білгенінің белгісі[4]. Туындының көркем интерпретациясы қазақтың батырлық рухын заманауи көзқараспен қайта бағамдайды. Қажымұқан бейнесі тек спорттық жетістіктердің символы ғана емес, ол — ұлтының намысын бәрінен биік қойған тұлғаның мәңгілік бейнесі. Суретші Серік Тақанов осы арқылы ұрпаққа ұмытылмас мұра қалдырып, қазақ өнерінің шексіз мүмкіндіктерін тағы бір мәрте дәлелдейді. «Қажымұқан» туындысы — тек тарихи тұлғаның портреті ғана емес, ол халық жадында сақталатын күш пен қайсарлықтың мәңгілік символына айналған өнер жауһары. Серік Тайновтың шығармашылығы — қазақ халқының мәдени мұрасын заманауи көзқараспен қайта жаңғыртқан ерекше көркем әлем. Суретші әр туындысы арқылы халық ертегілері мен тарихи тұлғалардың бейнесін терең философиялық мағынамен байытып, олардың рухани мәнін ашып көрсетеді[6].

«Қаңбақ шал мен дәу» туындысында суретші кішкентай, әлсіз көрінетін шалдың айласымен алып дәуді жеңуін бейнелейді. Бұл туынды қазақ фольклорындағы ақылдың күштен үстем екенін насихаттайды. Шалдың бейнесі — халық даналығының, қарапайым адамның ішкі қуатының символы. Тайновтың қанық түстері мен ерекше детальдарға мән беруі арқылы композиция динамикалық және әсерлі шығады.

«Толағай» туындысында суретші ертегідегі батыр баланың тауды көтеріп, елін құтқарғанын терең эмоционалды реңкте көрсетеді. Бұл шығармада табиғат пен адамның үйлесімі, туған жерге деген сүйіспеншілік айқын сезіледі. Толағайдың бейнесі арқылы Тайнов жас ұрпаққа ерлік пен құрбандықтың маңызын түсіндіреді[2].

«Тоқшылық» туындысы қазақ халқының береке мен ырысқа деген көзқарасын суреттейді. Мұнда молшылық, табиғаттың байлығы, бірлік пен бейбіт өмірдің қуанышы ерекше бейнеленген. Суретші бұл туындысында ұлттық орнаменттерді шебер қолдана отырып, қазақи рух пен дала мәдениетінің сұлулығын паш етеді.

«Кездесу» туындысы халықтың өткеніне, бүгінгісіне және болашағына көз жүгіртетін ерекше шығарма. Бала мен қарияның кездесуі — ұрпақтар сабақтастығының бейнесі, ал ұйықтап жатқан алып бейне — қазақ даласының сарқылмас рухани байлығы. Суретші осы туынды арқылы халқымыздың рухани құндылықтарының мәңгілік екенін, өнер мен даналықтың әрқашан адам жанына демеу болатынын шебер жеткізеді. Тайыновтың бұл шығармасы көрерменді өткен мен болашақтың арасындағы нәзік байланыс туралы ойлануға шақыратын шынайы өнер туындысы.

Серік Тайыновтың шығармашылығы — қазақ халқының тарихи болмысы мен мәдени мұрасын заманауи көркем интерпретациялайды.Суретші ертегілер мен халық батырларының образдарын терең символизммен бейнелей отырып, ұлттың рухани тұтастығын айқындайды. «Толағай», «Қаңбақ шал мен дәу», «Қажымұқан», «Кездесу» сияқты туындыларында кейіпкерлердің қайсарлығы, даналығы мен өнері көрініс тапқан. Түстердің үйлесімі, ерекше композиция мен кең перспектива арқылы Тайынов әр туындысында қазақ халқының мәңгілік рухын, табиғатпен үндестігін және уақыттан тыс құндылықтарын бейнелейді. Бұл туындылар тек көркем өнер емес, ұлттық болмыстың айнасы іспетті, көрерменді ата-баба мұрасын бағалап, тамыры терең мәдениетке терең үңілуге шақырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Исмаилова, Г. «Қазақ бейнелеу өнері» – Алматы: Өнер, 2003. – 250 б.

2.Сейітова, А. «Қазақ өнерінің шежіресі» – Астана: Елорда, 2008. – 320 б.
3.Марғұлан, Ә. «Ежелгі мәдениет іздері» – Алматы: Ғылым, 1979. – 280 б.
4.Нұрғали, Р. «Өнердің эстетикалық негіздері» – Алматы: Білім, 2005. – 275 б.
5.Аймауытов, Ж. «Психология және өнер» – Алматы: Ана тілі, 1995. – 310 б.
6.Қазақ бейнелеу өнерінің бүгіні мен өткені (ұжымдық жинақ) – Алматы: Онер, 2010. – 290 б. [23]
7.Оразқұлова, Қ. С. «Қазақ суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана» – Алматы: Дәстүр, 2014. – 382 б. [24]
8.Қазақ өнерінің тарихы (3 томдық жинақ) – Астана: Фолиант, 2012. – 350 б. [22]
9.Тәжібаев, Ә. «Өнер және қоғам» – Алматы: Ғылым, 1982. – 265 б.
10.Шапай, Т. «Өнердің мәні мен мағынасы» – Алматы: ҚазҰУ, 2012. – 240 б.


ҚОСЫМШАЛАР

Сурет 1.
С.Тайнов. Толағай. 60-83 см. кағ.м.б. 2016ж**.**





Сурет 2 С.Тайнов.Тоқшылық. 83-63 см 2016ж.



Сурет 3.С.Тайнов. Қаңбақ шал мен дәу. 2019ж.

Сурет 4.



Сурет 4. С.Тайнов. Кездесу. 2019ж.



Сурет 5. С.Тайнов. Қажымұқан. 2015ж.

ӘОЖ. 7.072

ЗЕЙНЕЛХАН МҰХАММЕДЖАН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК САРЫН

Тоқмырза Мәнсия
tokmirzam@gmail.com
«Өнертану » факультеті, 3-курс студенті
Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филос. ғ.к., профессор Оразкулова.К.С

Аңдатпа: Ұсынылған мақалада отандық суретші Зейнелхан Мұхаммеджанның шығармашылық портреті сипатталды. Шығармашылығының бастуы мен оның қазіргі кезеңіне дейінгі туындылары, өзіндік қолтаңбасы, стильі, мәнері туралы өнертанушылық талдау, анализдер жасалды. Сонымен қатар суретшнің жаңа қырлары, кесте тігудегі жеткізер ойларына тоқталып, әр туындысына талдау жасалды. Осылайша, шебердің Қазақстан өнеріне қосқан үлесін анықтауға әрекет жасалуда. Автордың дәстүрлі өнер мен заманауи стильді біріктіретін ерекше стилі сипатталған.

«Кесте - сәндік қол өнерінің бір түрі. Мата, тері, киіз, тағы басқа материалдар бетіне әр түрлі жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады. Кесте қазақ халқымыздың таланатты ісмерлерінің көркем жауһары. Небір керемет кесте үлгілері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, толықтырылып, жаңғыртылып келеді. Кесте өнері инемен, бізбен және кесте машинасымен тігіледі. Кейде кестеге моншақ, інжу, маржан, тағы да басқа асыл тастар тағылады. Бұйымды тұтастай бастыра әшекейлеу үшін шалыс, жатық, терме, жөрмеу тәсілін қолданады. Кестенің біз кесте, баспа жылтыр, тамбурлы кесте, албыр кесте (екі ізді), кенебе ине секілді түрлері белгілі. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар. Енді осы өнерді бүгінгі күні заман талабына сай етіп кестелі кескіндеме түрінде ұмыт қылмай, халық назарына ұсынып жүрген шеберлеріміз туралы сөз етсек»(1, 45б).

«1978 жылы Ұлан-Батордың көркем-өнер училищесін бітірген суретші, шебер Зейнелхан Мұхамеджанұлы кесте өнерін көркемдікпен ұластырып, тек Қазақстан жеріне ғана емес Орта Азияға жаңа мәнер алып келді. Ол қазақтың дәстүрлі «біз кесте» өнерін қайта жаңғыртты. Қазақ суретшісінің бейнелеу өнерінің жаңа түрін ашуына не себеп болды? Ең дұрысы, бұл дәстүрге деген батыл шешім, қажырлы еңбек, әлбетте, көркемдік дарын және талғам. Осы жолға келер алдын гобелен, кескіндеме, мүсінмен айналысып, өзінің шығармашылық жолы туралы көп ойланды. Бірнеше көрмелерге кескіндемелік туындылары ұлттық ерекшеліктіктің жоқтығына байланысты қойылмады. Ол кездегі түсінігі бойынша ұлттық нақыш бала ұстап отырған әйел немесе ою-өрнегі бар кез-келген туынды еді»(2, 12-17бб)

Бала кезінен апасының кесте тігіп отырғанын көріп өскен шебер бүгінде бұл өнер сол кезден бойына сіңіп, кесте өнері неліктен жанына алыс болмағанын осылай түсіндірді. Бос уақытында жұбайы Гүлжайдың жанында отырып кестелеуді ақырындап бастап кеткен еді. Ең алғашқы жұмысы 1986 жылы орындалған 40*40 көлеміндегі натюрморт жұмысы Моңғолия жас суретшілерінің Республикалық көрмесіне жіберіліп, Бейнелеу өнері музейінің қорына сатылып алынды. Осы сәтте суретші ұзақ ізденіс жолына нақты жауап болған болатын. Бұл - XX ғасырдың басында қазақтың көне және бірегей дәстүрлі біз-кестесінде ерекше шығармашылық жол ашу. Дәстүрлі кестелердің монохромдық тігістерін ол полихромиясымен толықтырады. Зейнелханның жұмыстары қазақтың дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланыста екенін көруге болады.

Мәңгілік Дала және мәңгілік көш, батырлары мен аңыздары, философиясы және эстетикасы Зейнелханның кесте-картиналарының тақырыптық шеңбері. «Көш», «Ошақ», «Ата мен немере», «Шаман», «Жайлауды» еске түсіру», «Қобыз туралы аңыз» туындыларында дәстүрлі болмыс бейнеленген.

Туынды жасардағы дәстүрлі техникамен батыл көркем түйіндеу түрлерінің үйлесімі таңдандырады. Бірақ көне, халық өнері жартастағы графиканың таңбалау, символикалық өнерінен шыққан олар Зейнелханның картиналарында тығыз байланыста көрініп, формалық ізденістерімен мекенжайын қайта оралтқандай болады. Суретшінің жұмыстарына қарап, постмодерннің абстрактілі өнерімен салыстыра отырып, XX ғасырдың инновациялық тәсілдерін түсінесің.



Кейде оның туындыларына қарап арнайы машинамен тігілген деген ойлар туындайды. Суретшінің шеберлігіде осы жерден айқын көрініс табатын. Қолөнершіміздің шығармашылығын үлкен екі кезеңге бөліп қарастыра аламыз. Шығармашылығының бастапқы кезеңі және қазіргі. Екі кезеңдегі туындыларының ұқсастықтарымен қатар, айырмашылықтарында аңғара аламыз. Суретшінің «Шаман» атты туындысы қазақтың дәстүрлі өнерін заманауи мәнерде бейнелейтін ерекше жұмыс. Бұл шығармасы біз кесте техникасында орындалған, яғни жібек жіптермен тігілген өнер туындысы.

Ортада отырған шаман бейнеленген. Оның қолындағы қобыз – ерекше мағынаға ие, өйткені қобыз шамандық дәстүрде рухтармен байланыс құралы ретінде қарастырылады. Бұл шаманның қасиетті музыкант екенін көрсетеді.

Киіміндегі ұлттық ою-өрнектер шаманның рухани күшін айқындайды. Сонымен қатар, айналасындағы бейнелер – дәстүрлі түркілік танымдағы әлемдер арасындағы байланысты білдіреді.

Жұмыста көктегі құстар мен төмендегі толқынды сызықтар жер мен аспан әлемінің үйлесімін көрсетеді. Шаман осы екі әлемді байланыстырушы рөлін атқарады.

Ашық алтын түстер, көк және күлгін реңктері аспан мен рухани кеңістікті білдірсе, қызыл және қоңыр түстер жермен байланысын аңғартады.

Шығарманың мағынасына толық тоқталсақ, бұл туынды түркі халықтарының шамандық дәстүрін, рухани мәдениетін, табиғатпен үйлесімін бейнелейді. Шаманның бейнесі арқылы Зейнелхан Мұхаммеджан қазақ мәдениетіндегі ежелгі наным-сенімдер мен өнердің синтезін шебер жеткізген.

Техникасы, түстері, сюжеттік ерекшелігі мен философиялық мәні жағынан өте терең әрі ұлттық рухани құндылықтарды жаңғыртатын шығарма.

Келесі “Муза” атты туындысы оның ерекше стильдегі шығармаларының бірі болып табылады. Бұл жұмыс біз кесте техникасында орындалған, яғни жібек жіптермен тігілген, бұл оны өте нәзік әрі күрделі етіп көрсетеді.



Композиция орталығында көлденеңінен иілген әйел бейнесі орналасқан. Бұл – музаның символы, яғни шабыттың адамдық тұлғаға тәуелсіз екендігін көрсетеді. Ол қолында скрипка ұстаған. Әйелдің денесі ағын судай иіледі, бұл оның еркіндігін, рухани жеңілдігін білдіреді. Ал оның ұзын шашы музыкалық ырғақтың ағынын елестетеді. Бұл – шабыттың еркіндікпен, табиғатпен үйлесімде болатынын көрсететін элемент. Картинада қазақтың дәстүрлі оюлары бар дөңгелек элементтер кездеседі. Олар мәңгілік қозғалысты, өмірдің шексіздігін, өнердің мәңгілік болмысын білдіреді.

Картинадағы нәзік алтын және көк түстер – рухани тереңдік пен еркіндікті білдірсе, ал күлгін және жасыл реңктер – табиғатпен байланыс, шығармашылық қуаттың табиғи екенін айқындайды. Жалпы композицияның жеңілдігі – музаның шынайы еркіндігінің көрінісі.

«Муза» картинасы шығармашылық, шабыт, еркіндік пен рухани байланыс туралы сыр шертеді. Композицияда қазақ мәдениетінің музыка, өнер, табиғатпен үйлесімділігі көрініс тапқан. Скрипканы әйел бейнесімен біріктіруі – ұлттық өнердің нәзіктігі мен тереңдігін көрсетеді. Бұл шығармашылықтың материалдық емес, рухани құбылыс екенін ұғындыратын туынды. Суретшінің бұл еңбегі арқылы қазақтың дәстүрлі өнерін символикалық әрі заманауи тұрғыда бейнелеп, оны ғаламдық деңгейде түсінікті етіп жеткізген.

Бүгінгі күнде кестеші түскиіз элементтерін қиып алып, өз туындыларына шеберлікпен енгізуі – авторлық қолтаңбасын даралайтын ерекше тәсілге айналған.



Келесі шығарма, «Көнеден жеткен әуен» – қазақтың дәстүрлі музыкасы мен ұлттық мәдениетін бейнелейтін көркем кесте туындысы. Барлық фигуралар қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерімен үйлесіп, біртұтас композиция құрайды.

Туындының негізгі ойы – қазақ халқының музыкалық мұрасын, оның көне заманнан бері жалғасып келе жатқан рухани күшін көрсету.

Фигуралар айқын контурлармен бөлінген, бұл ою-өрнектермен үйлесіп, эстетикалық әсер береді, ал фигуралар бір-бірімен өріліп, біртұтас динамикалық композиция жасайды. Фон мен кейіпкерлердің киіміндегі оюлар қазақ халқының мәдени мұрасынан сыр шерртеді. Жіптердің құрылымы мен түс үйлесімі шығарманың рельефін байыта түседі.

Шаршыға келесі композицияның ішінде үш фигура орналасқан. Қолдары музыка ырғағымен әсем қозғалысқа түскен. Екі жағында бірі домбыра енді бірі сыбызғы ұстаған кейіпкерлер орналасқан. Орталық кейіпкер – рухани бастау ретінде көрінеді. Ол қолдарын көтеріп, музыканың қасиетті құдіретін сезініп тұрғандай. Жанындағы кейіпкерлер домбыра және сыбызғы аспаптарында ойнап – халықтың ән-күйі мен жыршылық дәстүрін көрсетеді. Фондағы оюлар – композицияның ажырамас бөлігі, олар қазақ өнерінің мәңгілігін көрсетеді. Осы элементтердің барлығы біртұтас композициялық үйлесімге ие, бұл туындыға тереңдік береді.


Туындыда жылы және суық түстердің үйлесімі байқалады. Алтын және қоңыр реңктер – жер, дәстүр, ұлттық рух символикасын білдірсе, көк және жасыл түстер – табиғаттың күші, еркіндік және аспанмен байланыс мағынасын береді. Қызыл және қызғылт сары реңктер – оттың, жыр мен күйдің қызулығын, халықтың жігерін көрсетеді. Бұл түстердің үйлесуі шығарманың эмоциялық әсерін күшейтіп, көнеден жеткен әуеннің рухын сезінуге мүмкіндік береді.

Домбыра – қазақ халқының ең танымал музыкалық аспабы. Домбыра күйлері арқылы халықтың тарихы, аңыздары мен батырлық дастандары жеткен. Мұндағы домбырашы халықтық өнердің мәңгілігін бейнелейді Туындыдағы әйел бейнесі рухани күш пен мәдени мұраның сақтаушысы әрі жалғастырушысы. Оның образында қазақ әйелінің даналығы, тазалығы және өнерге деген сүйіспеншілігі көрініс тапқан.

Туындыдағы оюлар қазақ мәдениетінің генетикалық коды іспеттес. Олар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өнердің үзілмейтін жібі іспеттті.

«Көнеден жеткен әуен» туындысы қазақ халқының рухани мұрасын, ұлттық музыкасының маңыздылығын бейнелейді. Бұл шығарма ұлттық музыканың мәңгілік құндылық екенін, қазақ өнерінің байлығын, тереңдігін паш етеді.

Ал музыка – рухани тылсым болмыс. Дәстүрлі қазақ музыкасы мен заманауи бағыттардың үйлесімі ұлттық өнердің жаңа қырларын ашып, оны жаһандық деңгейде танытуға ықпал етеді.Ол ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Бұл туынды қазақ өнерінің терең мағынасын, ұлттық музыка мен мәдениеттің ажырамас байланысын көрсететін көркем туынды. Ол тек әдемі кесте ғана емес, ұлттық рухты бейнелейтін символикалық шығарма.



Келесі шығарманың негізгі композициясы дөңгелек қозғалыста шабыстағы жылқылар бейнелері мен орталықтағы адам фигурасынан тұрады. Туындының басты идеясы – уақыт, қозғалыс және өмір айналымы.

Композицияның құрылымына қарап, мұнда көшпенді мәдениеттің философиясы, дәстүрлі жылқы бейнесі арқылы берілген уақыт пен кеңістіктің тұтастығы, сондай-ақ адам мен табиғаттың байланысы көрініс табатынын аңғаруға болады.

Бұл жерде нақты бір оқиғаны емес, жалпы өмірлік қозғалысты бейнелеу мақсаты көзделген. Фигуралар анық бөлінген, бірақ олар бір-бірімен үйлесіп, органикалық тұтастық жасайды. Жіптердің құрылымы қозғалыс динамикасын күшейтіп, визуалды әсер береді. Орталықтағы адам фигурасы – қозғалыс пен энергияның бастауы ретінде бейнеленсе, айналадағы жылқылар – уақыттың үздіксіз ағынын, мәңгілік қозғалысты символдайды. Дөңгеленген тәрізді композиция – бұл өмірдің циклділігін, көшпенділердің табиғатпен үйлесімді өмір сүру философиясын, ғарыштық үйлесімділік пен мәңгілік қозғалыстың үзілмейтін жібін көрсетеді.

Көк және көгілдір түстер – аспан мен еркіндікті бейнелейді. Көшпенділер үшін бұл түс рухани биіктік пен еркін ойды білдіреді. Қызыл және алтын түстер – от пен күннің энергиясын, өмірдің мәнін айқындайды. Қоңыр және сарғылт түстер – жер, дәстүр, ата-баба мұрасы символы. Бұл түстердің үйлесуі шығарманың эмоциялық әсерін күшейтіп, уақыттың үздіксіз ағынын сезіндіреді.

Жылқы бейнесі көшпенділер үшін – өмірдің серігі, еркіндік пен қозғалыстың символы. Орталықтағы адам уақыттың ағынында байланыста тұрғандай көрінеді. Қимылы қозғалысты білдіреді, бірақ оның мәні өзіндік ізденіс пен даму идеясын қамтиды. Бұл адам рухани күштің, ғаламдық заңдылықтарға мойынсұну философиясының символы.

Бұл шығарма уақыт ешқашан тоқтамайды, ол айналып, мәңгі қозғалыста болады, адам– осы ғаламдық қозғалыстың бір бөлшегі, ол уақыт ағымына қарсы тұра алмайды, бірақ онымен үндесе алады деген ойды еске салып тұрады.

Бұл туынды қазақ халқының рухани мұрасын, көшпенді философиясын, уақыттың шексіздігін бейнелейтін ерекше өнер туындысы. Терең ойлауға, уақыт пен тағдырдың мәнін түсінуге шақырады. Еркіндік пен қозғалыстың маңызын түсінуге жетелейді.

Қорытындылай келе, Зейнелхан Мұхаммеджанның шығармашылығы дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімді синтезін көрсетеді. Оның түскиіз элементтерін қиып алып, өз туындыларына шеберлікпен енгізуі – авторлық қолтаңбасын даралайтын ерекше тәсілге айналған. Бұл әдіс оның жұмыстарына ұлттық нақыш пен терең символикалық мән жүктеп, көрерменге қазақ мәдениетінің жаңа интерпретациясын ұсынуға мүмкіндік береді. Зейнелханның шығармашылығы көркемдік ізденістерімен ғана емес, ұлттық өнерге деген құрметімен де құнды. Зейнелхан өнерінде дәстүрлі дүниетанудың ерекшеліктері бар. Туындыларында түс пен жарықтың үйлесімі, композицияның әуенділігі, терен философиясы туындыларында көрініс табуы ерекшеліктерінің бірі болып отыр.

Ең ұнамды ырғағы бірқалыпты қайтарылмалы қозғалыс. Оның кейіпкерлері салттатылар және түсінен алынған тұлғалар, анасы мен сәбилер, балалар мен жануарлар, аңшылар мен бақытты ғашықтар, абстрактылық белгілер біресе сәл алыстап, біресе қосылып шексіз бірқалыпты салттық өмір биін орындағандай. Көбінесе билерінде ою-өрнектер мен кейіпкерлер

шеңберге айналып, барлығымызда бір шынжырдың түйіні екенімізді еске салғандай... Дәстүрлі техникамен батыл көркем түйіндеу түрлерінің үйлесімі таңдандырады. Бірақ көне, халық өнері жартастағы графиканың таңбалау, символикалық өнерінен шықан олар Зейнелхан Мұхаммеджанның картиналарында тығыз байланыста көрініп, формалық ізденістерімен көне түркілік дүниетаным мен көркем пішіндерге қайта оралтқандай әсер береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шаңырақ. үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы. 1991.
2. «Орта Азия сәндік қолданбалы өнері», 2014ж (12-17бб)
3. Мұхамеджанұлы З. Қазақтың кесте өнері. Танымдық-көпшілік басылым. "Алматы кітап баспасы" ЖШС, 2008 - 144 бет

ӘОЖ. 7.072

ӨМІРБЕК ЖҰБАНИЯЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Тұрсынғазы Гина
ayaulimbakyt@gmail.com
«Өнертану » факультеті, 3-курс студенті
Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филос. ғ.к., профессор Оразкулова.К.С

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ бейнелеу өнерінің көрнекті өкілі Өмірбек Жұбаниязовтың шығармашылығы зерттеліп, оның тақырыптық ізденістері талданады. Суретшінің туындыларындағы ұлттық рух, көркемдік шешімдер және заманауи өнермен байланысы қарастырылып, ұлттық мәдениетке қосқан үлесі сараланады. Зерттеу барысында суретшімен сұхбат жүргізіліп, шығармаларына семиотикалық және герменевтикалық тұрғыдан талдау жасалды

Өмірбек Орынбасарұлы Жұбаниязов – Қазақстанның Еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы. 1964 жылы Қызылорда облысы, Тасбөгет ауылында дүниеге келген. 1992 жылы Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясын «Монументалды кескіндеме суретшісі» мамандығы бойынша тәмамдаған. Өзінің шығармашылық жолында ол республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты атанған [1]. Одан да бөлек жетістіктері мен марапаттары бар.

2011- 2015 жылдары Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының бірінші хатшысы болып қызмет атқарса, 2016 - 2018 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағы төрағасының міндетін атқарушысы және Алматы қаласының ескерткіштері жөніндегі қалалық комиссия мүшесі, сонымен қатар ескерткіштерді бекіту жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшесі мен мемлекеттік степендия тағайындау жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшесі қызметін атқарды. 2018 жылы Қазақстан суретшілерінің XVIII съезінде Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының төрағасы болып сайланды. 2022 жылы ҚРСО кезекті XIX съезінде осы лауазымға қайта сайланды [2.309б]. Ұстаздық қызметте де белсенділік танытқан Өмірбек Жұбаниязов Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында 20 жылдан астам уақыт бойы дәріс беріп, көптеген шәкірттер тәрбиеледі. А.Нұрқожа, М.Сағындық, Б.Сейсенхан сынды танымал жас суретшілер Жұбаниязовтан тәлім алған.

Суретшінің өнері мен еңбегі Қазақстанның бейнелеу өнерінің дамуына үлес қосып, ұлттық мәдениетімізді байытуға бағытталған. Ол өзінің шығармаларында қазақ халқының мәдени мұрасын, тарихи тұлғаларын және ұлттық құндылықтарын көркем тұрғыда жеткізеді. Еңбектері Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында, сондай-ақ Президенттің резиденциясында, ҚР Ұлттық музейде, ҚР Тәуелсіздік сарайында Астана қаласы, Санкт-Петербург қаласы РФ ҚР Консулдығында, РФ Мәдениет Министрлігінде, Катар Мемлекетінің әмірінде, БИАБ III қорында (ҚХР), Қытай көркемсурет академиясында, Украина Ұлттық өнер музейінде, Өзбекстан Көркемсурет академиясында, Ватиканда, сондай-ақ әртүрлі елдердің жеке жинақтарында сақтаулы [2,310б].

Жұбаниязов шығармашылығы ұлттық тақырыптар мен тарихи тұлғаларды бейнелеуімен ерекше. Оның «Кенесары хан» атты картинасы көптеген кітаптардың мұқабаларында пайдаланылып, кеңінен танымал болды. Осы тұрғыда, суретшінің тақырыптық ізденістерін үш түрге бөліп қарастыралық. Оның біріншісі – тарихи тұлғалар бейнесіне арналса, екіншісі ұлт мәдиенті мен, ұлттық болмысты насихаттауға, ал үшіншісі –қазіргі қазақ қоғамындағы болып жатқан әртүрлі оқиғаларды астарлап жеткізуге бағытталған. Мысалы, «Кенесары хан» туындысы (1-сурет) батырлық рухты дәріптейтін монументалды композиция. Кенесары ат үстінде, шайқасқа дайын, жігерлі кейпінде бейнеленген. «Кенесары хан немесе Кенесары Қасымұлы - мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837–1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы (1841–1847). Кенесары Шыңғыс ханның 27-ші ұрпағы, Абылай ханның немересі»[3].

Шығармада Кенесарының үстіндегі сауыт-сайман оның жауынгер екенін айқындай түседі. Басына киген дулыға мен қолындағы садақ – көшпелі мәдениетке тән әскери жабдықтар. Автор батыр киіміндегі әрбір детальға мән берген, және сұхбатында осы туындыны жазу барысында Бекмахановтың «Қазақстан тарихы» кітабында Кенесары батырдың бейнесін сипаттаған тұсты бірнеше мәрте оқып, нақты деректерге сүйенгенін айтады. Сонымен қатар, қаһарман бейнесін сомдауда ғана емес, кез – келген тарихи тұлға мен тарихи сюжетті баяндайтын шығармаларды тарихи нақтылыққа міндетті түрде сүйенетіндігін, әдебиеттерді пайдаланатынын атап өтеді. Расымен, суретші шеберханасында жеке кітапханасы бар екеніне көзіміз жеткен.

Автор картинада қою әрі қанық түстер, соның ішінде алтын, қоңыр, көк және сұр түстерді кеңінен қолданған. Бұл палитра Кенесарының тарихи тұлға ретіндегі беделін, сондай-ақ оның күрескерлік жолының ауырлығын көрсететеді. Шығарма реалистік бейнеге жақын. Кенесарының бет-әлпеті анық, көзқарасы өткір бейнеленген. Бұл кейіпкердің тек жауынгер ғана емес, сонымен бірге мықты қолбасшы екенін айқындай түседі.

Шығарма тек Кенесарыны ғана емес, сонымен бірге оның ұлт-азаттық күресіні бейнелеген. «1827 жылдан бастап Абылайдың ұрпақтары қазақ хандығын патшалық Ресей езгісінен босату жолындағы күресте белсенділік танытты. Кенесарының әкесі Қасым мен үлкен ағасы Саржан бастаған жасақтар орыс ауылдары мен керуендеріне шабуыл жасап тұрды, қазақ ауылдарын отарлық бұғаудан босатқан» [4, 352б]. Осы тарихи оқиғаға негізделген көркем туындыда ат үстіндегі батыр бейнесі – тәуелсіздікке деген ұмтылыстың көрінісі. Ақ жалаудың желбіреуі Кенесарының рухани тазалығын, халық үшін күрескен әділдігін меңзеп тұрғандай.

Өмірбек Жұбаниязовтың «Кенесары хан » картинасы — батырлық рух пен тарихи сананы бейнелейтін көркем шығарма. Автор Кенесарыны ғана бейнелеп қана қоймай, көрерменді өткен тарихпен байланыстырады. Суретшінің тарихи тұлғаларға арнаған шығармалары Кенесарымен шектелмейді. Сонымен қатар «Сұлтан Бейбарыс», «Әмір Темір» , олардан бөлек «М.Дулатұлының портреті» мен «С.Хансұлтанның портреті» «Н.Нұрмұхамедовтың портреті» , «Жамбылдың домбырасы» , «Динаның домбырасы» сынды т.б туындылары кездеседі.

Шығармашылық ізденістер барысында,суретші қазақ болмысын дәріптейтін тақырыптардан аттап өтпеген. Шығармаларында жиі кездесетін бейненің бірі – жылқы. Осы тұста суретшінің өзі «Жылқы – еліміздің символы, неге оны дәрптемеске?! Тіпті жылқы елтаңбамыздан орын алса, артық етпейді» – деген түсінікті атап өткен. Расымен, жылқы – жеті қазынамыздың бірі. Суретшінің «Камелет» , «Қыз қуу» , «Бозторғай», « жаңбыр» , «Мәмлүктер» , «Сайгүлік» , «Таң» , «Тұңғыш» сынды т.б туындыларында жылқы бейнесі, және оның тарихпен сабақтастығы бейнеленіп, ұлт болмысын ашуға дәріптелеген. Аталған шығармалардан басқа, қазақ мәдениетіне арналған, ауыз толтырып айтарлық туындылары өте көп. Мысалы, 2004 жылы жарық көрген «Қозы мен Баян» (2-сурет) туындысы қазақ халқының лиро – эпостық жырына арналған.

«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу — XIII-XIV ғасырлардан бастап жырланып, XIX ғасырдың ортасында қағазға түскен қазақ халқының лиро-эпостық жыры. Жыр Сарыбай мен Қарабайдың аң аулап жүріп құда болып, Қозы мен Баянды күні бұрын атастыруынан басталады. Атастырылып қойған Қозы мен Баян жүздерін көрмегенімен, бір-біріне ғашық болады. Уақыт өте келе сараң Қарабай қызын жетім ұлға бергісі келмей, жергілікті палуан Қодарға ұзатпақшы болады. Қос ғашықтың арасына тосқауыл болған Қодар айласын асырып, зұлымдықпен Қозының басын алады. Қайғыдан қабырғасы қайысқан Баян өш алу үшін қулыққа көшеді. Ол Қодарға өзіне құдықтан су алып берсе, күйеуге шығатынын айтады. Алданған Қодар Баянның шашынан ұстап, құдықтың түбіне түсе бергенде, айлакер қыз бұрымын кесіп тастайды: Қодар түпсіз тұңғиыққа құлап, қаза табады. Сөйтіп Қозының кегі қайтарылады. Батыр қыз ғашығының күмбезіне келіп, өзіне қанжар салып қол жұмсайды» [5,18б].

Дәл осы сюжетті суретші өз шығармасына арқау еткен. Картинада екі жылқы кенептің оң жағына орналасқан, ал сол жақта үлкен ағаш, ағаш астында көрінер – көрінбес қыз бен жігіттің сұлбасы бейнеленген. Бұл композициялық шешім көрерменнің назарын алдымен жылқыларға, кейін ғана екі адам бейнелеріне бағыттайды. Жылқылар мен олардың ат әбзелдері көшпелі мәдениетте маңызды рөл атқарған. Ал ағаш астындағы қыз бен жігіт – тақырыпқа сай Қозы мен Баянның бейнесі.Оларды бұлыңғыр, тұман астында бейнелеу арқылы қос ғашықтың қайғылы таңдыры мен адал махаббатын көрсете білген. Суретші бұл бөлшекке ерекше мән беріп, картинаның жалпы философиялық және көркемдік мазмұнын байытады.

Жұбаниязовтың «Қозы мен Баян» туындысы – қазақ мәдениетінің терең тамырларынан нәр алған көркем шығарма. Ол халықтық махаббат дастанының рухын заманауи өнер тілімен бейнелей отырып, көрерменді ұлттық құндылықтарды жаңа қырынан тануға жетелейді. Туындыда қазақтың классикалық сюжеттік желісі мен автордың өзіндік көркемдік стилі үйлесім тапқан. Бұл шығарманың маңызы тек эстетикалық құндылығымен шектелмей, ұлттық өнерді дәріптеудегі рөлімен де ерекшеленеді.

Суретші бүгінгі күннің өзекті мәселелерді өз шығармашылығында айқып көрсетіп жүр. Соңғы жылдары жер жаһанды жаулаған коронавирус тақырыбын. Осыған байланысты «Карантин» туындысы(3-сурет) – пандемия дәуірінің терең философиялық мәнін ашады. Картинада дала кеңістігінде жалғыз тұрған балбал тас, оның үстіндегі домалақ шар, әрі оның үстіне жайғасқан кобра жылан, балбалдың алдында қой тас бейнеленген. Бұл бейнелер арқылы барлық адамзаттың бастан кешірген қиын кезеңін көрсетеді.Балбал - біздің терең тарихымыздың белгісі, өткеніміздің символы. Оның үстіндегі домалақ шар – жер шары, ал оның үстінде уын шашуға дайын тұрған кобра жылан — сырттан келген қауіп, яғни коронавирус. Бұл таңдаудың мәні терең. Қазақстанда кобра жыланы мекендемейді, ол өзге жақтан келген. Сол секілді COVID-19 да бізге сырттан еніп, бүкіл әлемді әбігерге салғанын меңзейді.

Картинаның ең маңызды тұсының бірі — балбалдың алдында тұрған қой тас. Қазақ мәдениетінде қой – құрбандықтың символы. Бұл сюжетте пандемияның құрбанына айналған адамдарды бейнелейді. Суретші осылайша, жаһандық індеттің адамдарға әкелген қасіретін,

құрбан болған жандардың бейнесін тұспалдап көрсеткен. Кешкі күннің қызыл сары түске боялған аспаны, қараңғылыққа ұмтылған кеңістік – белгісіздік пен үрей секілді. Бұл тек бір мемлекеттің емес, бүкіл әлемнің бастан кешкен ауыр кезеңін көрсететін көркемдік шешім. Қорыта айтсақ, бұл туынды пандемия дәуірінің көркем шежіресі іспеттес. Ол тек уақыттың ғана емес, халықтың тарихи жадында қалатын көркем шығарма.

Қорытындылай келе, суретшінің көркемдік стилі бояулардың жеңіл жағылуымен ерекшеленеді. Туындыларының басым көпшілігі акварель секілді жеңіл, мөлдір, әрі нәзік. Бірақ бұл таңдау кездейсоқ емес, өзінің айтуыншы, балалық шағындағы бояудың жетіспеушілігінен туған техника - уақыт өте келе өзіндік қолтаңбасына айналған. Әдетте шектеу шығармашылыққа кедергі келтіреді деп ойлаймыз. Қажетті материалдар болмаған жағдайда, суретші өз идеясын толық жеткізе алмайды деген түсінік бар. Бірақ Өмірбек Жұбаниязовтың тәжірибесі бұл ойды жоққа шығарады. Ол қолындағы аз ресурсты барынша тиімді пайдаланып, оны стильдік ерекшелікке айналдыра білді. Бояудың жұқа жағылуы, түстердің жеңіл араласуы, нәзік қозғалыстар - бәрі оқырман мен көрерменге терең ой салады. Бұндай техника Ж.Қайранбаевта, Ж.Какен сынды суретшілер арасында кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, Ө.Жұбаниязов пейзаж жанрын тек натурада салып, табиғатты өз қалпында бейнелеуге ұмтылады. Бұл әдіс оның туындыларына шынайылық пен көркемдік үйлесім береді.

Суретші шығармашылығы терең мазмұнымен және өзіндік тәсілдерімен ерекшеленеді. Шығармашылық ізденістері үш негізгі бағытты қамтиды: қазақ мәдениеті, тарихи тұлғалар және заманауи қазақ қоғамы. Оның ұлттық мәдениетке арналған еңбектері дәстүр мен өнерді сабақтастырып, қазақтың рухани әлемін танытады. Тарихи тұлғаларға арналған шығармаларында ел жадында сақталған ұлы есімдерді бейнелеп, олардың болмысын көркемдік тұрғыдан ашады. Ал заманауи тақырыптарға арналған еңбектері бүгінгі қоғамның бейнесін сипаттап, уақытпен үндесіп отырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «KYZYLORDA-NEWS.KZ» ақпарат агенттігі.ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінің Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы №14458-ИА куәлігі 11 шілде 2014 жылы берілген. Меншік иесі: «Сыр медиа» ЖШС
2. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдық мерейтойына арналған «ТӘУЕЛСІЗДІК-МӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
4. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. Алматы: Атамұра, 2008. — 352 бет, суретті, карталы.ISBN 9965-34-816-2
5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 6-том

Қосымшалар:



1-сурет “Кенесары”



2-сурет
“Қозы мен Баян”



3-сурет
“Карантин”

ӘОЖ: 930

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҰЙЫМЫ (ТМҰ): ҚҰРЫЛУ СЕБЕПТЕРІ, ДАМУЫ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ САЯСИ ОРТАҒА ӘСЕРІ

Заулкашев Б.А.
zaul_bakti97@mail.ru
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., профессор – Ахметова У.Т

Аңдатпа. Мақалада Түркі кеңесі мен Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) ресми құжаттарын талдау арқылы және жалпыға ортақ ақпарат құралдарының материалдары негізінде ТМҰ-ның құрылуының тарихы, ерекшеліктері және саяси ортаға әсері қарастырылады. Мақаланың мақсаты - Посткеңестік кеңістікте Түркі мемлектері ұйымының (ТМҰ) құрылуына, институционализациялануына және геосаяси дамуына кешенді тарихи-саяси талдау жүргізу, оның қатысушыларының уәждемесін, өңірлік және өңірлік қатынастарға нақты құрылымы мен әсерін айқындау. Ол үшін даму тарихынан бастап жүйелей талдау міндеттерін қойдық.

ТМҰ-ның сыртқы құрылымы жүйеленген және ішкі құрамдас мүшелік ететін арнайы мекемелерден құралады. Бұл мекемелер географиялық тұрғыдан теңдей таралған. Қазіргі таңда ТМҰ керемет даму жоспарын ұйымдастыру үстінде, алайда, оның 5 ескі құрамдас мемлекеті мен 3 бақылаушы мемлекеттің өзіндік алып қосары бар. ТМҰ төрт аса маңызды геосаяси ерекшелікке ие. Біріншіден, ол түркі тілдес халықтардың арасында кең таралған және әлемде дауыс беру құқығына ие. Екіншіден, оның интеграция үшін үздіксіз географиялық базасы жоқ. Үшіншіден, Еуразияны біріктіруге арналған көптеген идеялары бар. Сонымен қатар, мүшелік ететін төрт мемлекет тарихи және геополитикалық тұрғыда Ресеймен байланысты, сондықтан оларға ұлттық, мемлекеттік құрылымдарын нығайту қажет.

Зерттеу нәтижесі бойынша ТМҰ дамуы үшін бірқатар объективті және субъективті іс-шаралар орындалуы қажет. Мысалы, ішкі ынталандырудың болмауы ұйымның дамуына айтарлықтай кедергі келтіреді, Түркі интеграциясының күшті көшбасшылық күші жоқ. Осындай кедергілерге қарамастан, ТМҰ Орталық Азияның дамуына, басқа елдердің идеологиялық күресіне, тұтастай алғанда халықаралық қатынастарға әсер етеді. Тақырыптың өзектілігі Түркітілдес мемлекеттердің саяси, экономикалық және мәдени шоғырлануының пайда болуына ұмтылатын Еуразиядағы жаңа интеграциялық платформа ретінде ТМҰ-ның өсіп келе жатқан рөлімен түсіндіріледі.

Мақаланы жазуда тарихи зерттеудің тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы аналитикалық талдау әдіс-тәсілдері жүзеге асырылды.

Тірек сөздер: ТМҰ, Түркі Кеңесі, Түркітілдес елдер, пантюркизм, сауда-экономикалық байланыс, саммит.

Кіріспе. 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауы Орталық және Оңтүстік Кавказ елдері үшін бетбұрыс нүктесі ғана емес, сонымен қатар түркі тілдес халықтардың мәдени, тілдік және саяси бірлігін нығайтуға бағытталған пантюркизм идеяларын жандандыруға мүмкіндік берді, ал Түркия жетекші әлемдік державалар арасында өз позициясын нығайтуға ұмтылып, жаңа тәуелсіз түркітілдес мемлекеттермен байланыстарды дамытуға ерекше назар аударады. Анкара өзінің сыртқы саясаты аясында Түркиямен жақын маңындағы «Түркі әлеміне» назар аударады. Түркітілдес ынтымақтастық туралы соңғы үш келісімде Еуразияда өңірлік халықаралық бірлестік ретінде әрекет ететін Түркі мемлекеттерінің ұйымы (ТМҰ) ерекше бірегейлікке ие болды. Бұл мақала ТМҰ құру процесін, оған сегіз мемлекеттің қосылу себептерін зерттеуге, сондай-ақ оның сипаттамалары мен геосаясатын талдауға арналған.

Негізгі бөлім. Кеңес Одағының ыдырауы бұрынғы кеңес республикалары үшін ғана емес, Еуразияның бүкіл геосаяси картасы үшін де бетбұрыс болды. Осы XXI ғасырда Орталық Азияның, Кавказдың және Түркияның Түркітілдес елдері мәдени, тілдік және тарихи бірлікке негізделген өзара іс-қимылдың жаңа нысандарын іздей бастады. Осылайша түркі мемлекеттерінің ұйымы (ТМҰ) пайда болды – бұл серіктестіктің ғана емес, сонымен бірге жалпы түркі болмысын жандандыруға деген ұмтылыстың символы.

Қазіргі әлем ынтымақтастықтың жаңа түрлерін талап етеді және ТМҰ бұл талапқа сай міндеттерді толығымен атқарады. Ұйымның қамқорлығымен құрылған Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан экономикадан білімге дейінгі түрлі бағыттарда интеграцияны жүзеге асырады. Бұл елдер ортақ тарихы мен мәдениеті бар түркі халықтарының бірлігін нығайтуға баса назар аударады. ТМҰ аясында сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, көлік және логистика саласында ортақ жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ білім беру мен ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамыту қолға алынған [1, 80-82 с.].

Ұйымның басты мақсаттарының бірі - түркітілдес мемлекеттер арасындағы байланыстардың тұрақтылығын сақтау. Ұлттық бірегейліктің маңызы артып келе жатқан қазіргі әлемде түркі елдері тек пайда ғана емес, мәдени жақындасуды да іздейді. Ұйымның басты міндеті - түркітілдес мемлекеттердің саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық

салалардағы ынтымақтастығын жан-жақты нығайту, ортақ құндылықтарды сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу. Бұл міндеттерді жүзеге асыру барысында ТМҰ ортақ тарихи-мәдени мұраны дәріптеу, білім беру саласында интеграцияны тереңдету және түркі әлемінің зияткерлік әлеуетін дамытуға ерекше мән береді.

2021 жылдың 12 қарашасында түркі тілдес мемлекеттер Кеңесінің басшыларының 8-Саммитінде Түркітілдес мемлекеттер достастығының Кеңесін Түркі мемлекеттер ұйымына ауыстыруды шешті (Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан басшылары), Түркіменстан бақылаушы мемлекет ретінде қабылданды.

Түркі мемлекеттері ұйымының атауындағы оның алдындағы түркі кеңесімен салыстырғанда семантикалық негіздеме «түркі тілдес мемлекеттер» терминін «Түркі мемлекеттері» деп ауыстыру болып табылады. Қазіргі уақытта бұл болжамның ресми немесе академиялық түсіндірмесі жоқ. Алайда, 2021 жылғы 16 қарашадағы «Анадолу» атты ірі Түркі агенттігінің (Anadolu Ajansı) басылымында «Түркітілдес мемлекеттер», «Түркітілдес халықтар» және «Түркітілдес ұлттар» ұғымдары бар мемлекеттер терминін XIX ғасырда дәстүрлі түрколог Николай Ильминский енгізгені атап өтілген. Түркістан Ресей империясына қосылғаннан кейін ол бұл терминді түркі халықтарын саралау мақсатында қолданды, олардың тілдерді диалектілерге бөлу арқылы орыстануына ықпал етті [2, жүгінген күні: 25.03.2025].

Демек, «түркі тілдес халықтар мен мемлекеттерді» «түркі халықтары мен мемлекеттеріне» ауыстыруды терминологияның өзгеруі ретінде ғана емес, жеке тұлғаны қабылдаудағы терең өзгерістердің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Мұндай таңдалған ТМҰ атауы екі негізгі мақсатты көздеуі мүмкін:

-пантюркизм элементтерін ашу,

-түркі халықтарының бірлігін қамтитын «алты мемлекет – бір ұлт» тұжырымдамасының идеологиясы.

Қазіргі ғылыми дәстүрде «түркітілдес халықтар» термині Алтай тілдер отбасының түркі тобының тілдерінде сөйлейтін этникалық топтарды білдіреді, ал «Түркілер» VI-VIII ғасырларда солтүстік–батыс Қытайдың, Моңғол үстіртінің және Орта Азияның дала аймақтарында әрекет еткен көшпелі тайпаларды білдіреді. «Түркі ұлттары» сөзі пантюркизм идеяларымен байланысты түсініксіз термин ретінде сынға алынды. Осы себепті Ресей мен Қытай «түркітілдес» терминін қолдануды жалғастыруда.

Түркі кеңесі 2009 жылдың қазан айында құрылды. Түркіменстан өзінің сыртқы саясатында – «бейтараптықты» ұстана отырып, бұл ұйымға мүше болған жоқ. Өзбекстан Ресей, Түркия елдерімен күрделі қарым-қатынас әсерінен ұйымға кірмеді. Сонымен қатар сол уақыттағы президент Каримов екіжақты келісімшартты құптап, көпжақты келісімдерге скептикалық түрде қарады. Десе де, Түркіменстан мен Өзбекстан Түркі кеңесі үшін маңызды елдер санатында болды, себебі бұл мемлекеттерде Орталық Азия халқының көп бөлігі тұрады, Түркіменстан табиғи газ қоры бойынша әлемде төртінші орын алады, сол себепті оның экономикалық потенциалын бағаламауға болмайды.

Кейбір ғалымдар Түркі кеңесінің дамуына елшіліктердің жетіспеуін басты себеп деп санайды. Сондықтан 2010 ж. қыркүйек айында Түркия президенті Гюльдің ұйымдастыруымена «Алты мемлекет – бір ұлт» атты 10-шы Саммиті өткізілді. 2018 жылдың қыркүйегінде Венгрия бақылаушы статусын алды, кейін 2019 жылдың қыркүйегінде Өзбекстан Түркі Кеңесі құрамына мүшелік етті. Төмендегі 1-кестеде ТМҰ-ға құрамдас мемлекеттер туралы мәліметтер келтірілген [3, 55-56 с.].

Кесте 1. Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) толық мүшелері мен бақылаушы мәртебесіне ие елдердің қатысу хронологиясы

Мемлекет	Мәртебесі	Қосылған жылы
Түркия	Толық мүше	2009
Әзірбайжан	Толық мүше	2009
Қазақстан	Толық мүше	2009
Қырғызстан	Толық мүше	2009
Өзбекстан	Толық мүше	2019
Түрікменстан	Бақылаушы	2021
Венгрия	Бақылаушы	2018
Солтүстік Кипр Түрік Республикасы (СКТР)	Бақылаушы	2022

Түркі мемлекеттерінің ұйымы (ТМҰ) Түркі кеңесінің логикалық жалғасы және институционалдық дамуы ретінде құрылды. Оның ұйымдық құрылымы негізінен сабақтастықты сақтайды, сонымен бірге модернизация мен функционалды жаңарту элементтерін қамтиды. Түркі Кеңесіндегідей, ТМҰ-да ротациялық төрағалық ету жүйесі жұмыс істейді: әрбір қатысушы ел кезек-кезек ағылшын әліпбиінің тәртібіне негізделген реттілік бойынша ұйымды басқарады. Қазіргі уақытта төрағалық ететін мемлекет басшылары өз мандатының мерзімі ішінде ұйым төрағасының рөлін атқарады.

ТМҰ - ның жоғары органы — Мемлекет басшыларының саммиті-жыл сайын келесі жылы төрағалық ететін елдің аумағында өткізіледі. Саммиттің негізгі рәсімдерінің бірі-ағымдағы төрағаның болашақ төрағаға өз өкілеттілігін беру процесі. Саммитке дайындық Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысын қамтиды, қажет болған жағдайда кезектен тыс кездесулер шақырылуы мүмкін.

ТМҰ ұйымдық жүйесі келесі негізгі органдарды қамтиды:

- Мемлекет басшыларының кеңесі,
- Сыртқы істер министрлерінің кеңесі,
- Ақсақалдар кеңесі,
- Жоғары лауазымды тұлғалар кеңесі,
- Сондай-ақ әкімшілік-үйлестіру қызметін жүзеге асыратын хатшылық.

Бұдан басқа, ғылыми, білім беру және экономикалық өзара іс-қимылдың әртүрлі салаларын қамтитын көмекші және мамандандырылған құрылымдар жұмыс істейді:

- Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы,
- Халықаралық Түркі академиясы,
- Түркі әлемін зерттеу орталығы,
- Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ),
- Халықаралық Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры,
- Түркі іскерлік кеңесі,
- Түркі университеттерінің одағы,
- Түркі сауда-өнеркәсіп палатасы,
- Түркі кітапханасы,
- Түркі мұражайы және басқа да бейінді мекемелер.

Осылайша, ТМҰ мемлекетаралық диалог алаңы ғана емес, түркі елдері арасындағы ынтымақтастықтың саяси, экономикалық, мәдени және ғылыми бағыттарын қамтитын кең ауқымды интеграциялық құрылым болып табылады.

Мемлекет басшыларының кеңесі негізгі стратегиялық шешімдер қабылдайтын және ұйымның бағдарламалық құжаттарын бекітетін ТМҰ-ның жоғарғы директивалық органы ретінде әрекет етеді. Қалған құрылымдар мемлекетаралық ынтымақтастықтың жекелеген бағыттарында үйлестіру және іске асыру функцияларын орындайды, ал көмекші институттар нақты жобалар мен бастамаларды енгізумен айналысады.

ТМҰ-ның әртүрлі органдары мүше мемлекеттер арасында аумақтық бөлінгенін атап өту маңызды. Мәселен, Хатшылық Ыстамбұлда, халықаралық Түркі академиясы - Астанада, Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) Анкарада, ал Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы - Бакуде орналасқан.

2021 жылдың қараша айында «цифрлық дәуірдегі жасыл технологиялар және ақылды қалалар» ұранымен өткен Мемлекет басшыларының сегізінші саммиті аясында Әзірбайжан төрағалықты ресми түрде Түркияның бас кеңсесіне тапсырды. Тоғызыншы саммит 2022 жылы Өзбекстанда өтеді деп шешілді [4, 75 с].

Сонымен қатар, саммит барысында маңызды шешімдер қабылданды, соның ішінде:

- Түркменстанға бақылаушы мәртебесін беру;

-«Түркі әлемінің көрінісі – 2040» стратегиялық құжатын бекіту;

-Түркі инвестициялық қорын құру;

-Бақылаушы мемлекеттер үшін ережені бекіту.

Бұл бастамалар ТМҰ-ның институционалдық нығайуына, өзара іс-қимылдың экономикалық және саяси тетіктерінің кеңейуіне, сондай-ақ түркі әлемінің болашағын стратегиялық жоспарлауға деген ұмтылысын көрсетеді.

Бүгінгі таңда түркі мемлекеттері ұйымының құрамына бес толыққанды мүше кіреді: Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан (ресми түрде 2019 жылдың қыркүйегінде қосылды), сондай-ақ үш бақылаушы мемлекет — Венгрия (2018 жылдың тамызынан бастап), Түрікменстан (2021 жылдың қарашасынан бастап) және Солтүстік Кипр Түрік Республикасы (2022 жылдың қараша айынан бастап). 2009 жылы Түркі кеңесінің құрылуы әрбір құрылтайшы елдің өзінің стратегиялық мүдделерін көздеуімен қатар жүрді.

Түркия Түркі кеңесін құру кезінде бірқатар негізгі факторларды басшылыққа алды. Біріншіден, Кеңес Одағының ыдырауы және түркітілдес республикалардың тәуелсіздік алуы Анкараның Еуразия аймағындағы Түркі әлемі мен ұлы державаның көшбасшысы болуға деген ұмтылысын күшейтті. Екіншіден, Еуропалық Одаққа кіруді ұзақ, нәтижесіз күтуді ескере отырып (өтінім 1987 жылы берілген), Түркия мәдени-лингвистикалық мұрамен біріктірілген мемлекеттермен жақындасуға бағытталған сыртқы саясаттың Шығыс векторын жандандырды. Үшіншіден, Анкара жаңа түркі мемлекеттерінің латын әліпбиіне көшуін белсенді түрде ынталандырды, бұл оның мәдени ықпалын нығайтты. Төртіншіден, Түркия мектептердің, университеттердің ашылуына, сондай-ақ бауырлас елдерде ұлттық телеарналардың көрсетілуіне ықпал ете отырып, өзінің білім беру және медиа моделін алға тартты. Бесіншіден, Түркі кеңесі аясындағы ынтымақтастық экономикалық пайда әкелді - өткізу нарықтары кеңейді, сауда-инвестициялық байланыстар нығайды және энергетикалық әріптестік күшейді. Алтыншыдан, Анкара осы формат арқылы Солтүстік Кипрдің мойындалмаған Түрік Республикасы үшін кеңірек халықаралық заңдастыруға қол жеткізіледі деп үміттенді [5, 770 с.].

Әзірбайжан өз кезегінде келесі төрт мотивке сүйене отырып, Түркі кеңесін құруға белсенді үлес қосты. Біріншіден, Әзірбайжанда ұлттық сана мен тарихи миссияның маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын пантюркистік идеологияны институттандыруға ұмтылды. Екіншіден, ресми Баку Таулы Қарабақ мәселесінде Түркия мен басқа да түркітілдес елдердің саяси және дипломатиялық қолдауына сенді. Үшіншіден, Ресейдің Арменияға деген қолайлы көзқарасын ескере отырып, Әзірбайжан ортақ мүдделер мен мәдени тамырлармен бөлісетін одақтастармен байланыс орнатуға тырысты. Төртіншіден, кеңеске қатысу

экономикалық байланыстарды нығайту мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Әзірбайжанның жоғары мәртебесін растау үшін Президент Ильхам Әлиев елдің аумақтық тұтастығын қалпына келтіруге қосқан үлесі үшін «түркі әлемінің жоғары орденімен» марапатталды.

Түркі кеңесінің бастамашылары мен негізгі қатысушыларының бірі Қазақстан бірқатар стратегиялық міндеттерді көздеді. Біріншіден, Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев түркі бірлігі идеясын дамытуда маңызды рөл атқарды. Оның қосқан үлесі ресми түрде танылды: 2018 жылы Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған оны «түркі әлемінің ақсақалы» деп атады, ал 2019 жылы Назарбаевқа Түркі кеңесінің құрметті өмір бойы төрағасы мәртебесі берілді. Екіншіден, Қазақстандық саяси және мәдени күн тәртібінде Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларында көрініс тапқан түркі өркениет кодын қалыптастырудағы қазақ халқының айрықша маңыздылығы атап көрсетілген. Үшіншіден, ТМҰ Қазақстанның геосаяси рөлін Шығыс пен Батыс арасындағы көпір ретінде нығайтуға бағытталған, оның ішінде теңізге тікелей шығудың болмауын ескере отырып, сыртқы экономикалық әртараптандыруды іске асыру құралы ретінде қарастырады. Төртіншіден, түркі елдерімен ынтымақтастық арқылы Қазақстан Орталық Азиядағы көшбасшылығын күшейтіп, өңірлік державаның имиджін қалыптастырады [6, жүгінген күні: 25.03.2025].

Қырғызстан салыстырмалы түрде қарапайым экономикалық және саяси әлеуетіне қарамастан, түркі әлеміндегі интеграциялық процестерге қызығушылық танытуда. ТМҰ-ға мүше болу Қырғызстан үшін күшті серіктестердің ресурстары мен қолдауын пайдалану мүмкіндігін ашады. Біріншіден, республика бірінші кезекте Түркия тарапынан гуманитарлық және экономикалық көмекке қол жеткізе алады. Мысал ретінде 1993 жылдан бастап Қырғызстанда 30-дан астам инвестициялық жобалар мен «жұмсақ күш» саласында 300-ден астам іс-шараларды жүзеге асырған түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің (TIKA) қызметін келтіруге болады. 2020 жылдың қазан айында түрік инвестициялары Қырғызстан экономикасындағы шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінің 25%-дан астамын құрады, 2000 жылдардың басындағы 15%-бен салыстырғанда инвестиция көлемі артқан. Екіншіден, түркі форматы әскери-қорғаныс ынтымақтастығын тереңдетуге жәрдемдеседі: Қырғызстан әскери күштері Түркияда, оның ішінде НАТО бағдарламалары шеңберінде білім алуда, ал Түркия Қырғызстанның барлық шығындарын көтереді. Сонымен қатар, Түркия мезгіл-мезгіл Қырғызстанға қару-жарақ пен оқ-дәрілерді береді. Үшіншіден, ТМҰ-ға мүше болу Бішкекке Тәжікстанмен шекаралық қақтығысты қоса алғанда, күрделі өңірлік мәселелер бойынша саяси қолдауға ие болуға мүмкіндік береді [7, 283 с.].

Осылайша, Түркі кеңесінің әрбір қатысушы елі кейіннен прагматикалық және мәдени-тарихи мүдделерге сүйене отырып, өзінің сыртқы саяси стратегиясын қалыптастырып, іске асырды. Ұйым Түркі бірлігінің символына ғана емес, сонымен қатар түрлі салалардағы көпжақты ынтымақтастықты іске асырудың тиімді алаңына айналды.

Кейінгі кезеңде түркі мемлекеттерінің ұйымына қосылған мемлекеттерге келетін болсақ, олардың уәждемесі мен стратегиялық мақсаттары да өзіндік ерекшеліктерге ие. Мысал ретінде 2018 жылы бақылаушы мемлекет мәртебесін алған Венгрияны келтіруге болады. Мұндай қадамның негізгі қозғаушы мотиві ретінде венгр халқының этникалық бастауларын атап көрсетуге болады, сондай-ақ түркітілдес әлеммен мәдени және символдық байланыстар арқылы ұлттық бірегейлік пен өзін-өзі бағалау сезімін күшейтуге ұмтылу болды.

Венгрлер, көршілес Орталық Еуропа халықтарының көпшілігінен айырмашылығы, этникалық, тілдік және мәдени ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Ұзақ уақыт бойы Венгрия қоғамы Тарихи тамырларды іздеуге қызығушылық танытты. Венгрлердің шығу тегі туралы әртүрлі теориялар бар, олардың кейбіреулері этногенезіндегі түркі элементтерін көрсетеді. Сонымен, кейбір зерттеушілер түркі халықтарына ұқсас ерте мадьярлардың көшпелі өмір

салтына назар аударады. Басқалары венгрлерді Орал таулары аймағында-Еуропа мен Азия шекарасында өмір сүрген Орал тілдер отбасысының фин-угор тармағының өкілдері деп санайды. Үшінші көзқарас Венгр этногенетикалық негізі фин-угор және түркі тайпаларының синтезі деп болжайды [8, 373 с.].

Ғылыми интерпретациялардағы сәйкессіздіктерге қарамастан, Венгрия қоғамында ұлттық шығу тегі бар түркі құрамдас бөлігіне қызығушылық сақталады. Алайда, осы тақырып бойынша Венгрияның ішіндегі тарихи және археологиялық базаның жеткіліксіздігі елді мәдени диалог құру, ғылыми байланыстарды нығайту және ТМҰ шеңберінде символдық интеграция мақсатында түркі мемлекеттеріне жүгінуге итермелейді. Ұйымға бақылаушы ретінде қосылу Будапешт үшін мәдени-тарихи позициялау және ұлттық имиджді нығайту жолындағы маңызды қадам болды.

Түркі мемлекеттерін ұйымдастырудың геосаяси маңызы мен ерекшеліктері оның аймақтық және халықаралық жағдайға әсерін анықтайтын бірқатар сипаттамалық белгілерде көрінеді.

Біріншіден, ТМҰ кең географиялық кеңістікті үлкен демографиялық әлеуетпен біріктіреді. Түркітілдес халықтар негізінен Еуразия құрлығының батыс және орталық бөліктерінде шоғырланған, олардың саны шамамен 164 миллион адамды құрайды және 7 миллион шаршы шақырымнан астам аумақты қамтиды. Бұл ретте ТМҰ-ға мүше бес түркітілдес мемлекет шамамен 4,73 млн шаршы шақырымды алып жатыр және 170 миллионға жуық адамды біріктіреді, оның 125 миллионнан астамы (шамамен 76%) түркі этностарының өкілдері. Бұл көрсеткіштер Түркі әлемі өкілдігінің жоғары дәрежесі және оның халықаралық қатынастардың жаһандық жүйесіндегі салмақты дауысы туралы айтуға мүмкіндік береді [9, 65 с.].

Екіншіден, ТМҰ-ға қатысушы елдердің аумақтық бытыраңқылығы толыққанды физикалық интеграция үшін белгілі бір қиындықтар туғызады. Географиялық тұрғыдан ТМҰ кеңістігі үздіксіз емес: Орталық Азия Оңтүстік Кавказдан Каспий теңізімен бөлінген, Әзірбайжан мен Түркия арасында Армения орналасқан, ол түркизмге қарсы позицияны ұстанады, ал Венгрия географиялық жағынан қатысушылардың қалған бөлігінен алшақ. Мұндай фрагментация саяси, экономикалық және мәдени жақындасу мүмкіндіктерін шектейді және біртұтас интеграциялық кеңістікті қалыптастыруды қиындатады.

Үшіншіден, ТМҰ қызметімен қамтылған орталық және Батыс Еуразия аймағы дәстүрлі түрде өркениеттік, саяси және идеологиялық ағымдар қиылысатын кеңістік болып табылады. Мұнда әртүрлі идеологиялар — пантюркизм, неопантюркизм, османизм, туранизм және басқалары таралады және өзара әрекеттеседі, олар бір жағынан қауымдастықтың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін, ал екінші жағынан — аймақтың жекелеген елдеріндегі аумақтық тұтастық пен әлеуметтік тұрақтылық тұрғысынан алаңдаушылық туғызады.

Төртіншіден, ТМҰ-ға мүше төрт мемлекет Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін құрылды және Ресеймен тарихи-саяси байланысының арқасында олар ішкі егемендік пен жаңа интеграциялық бірлестіктерге қатысу арасындағы тепе-теңдікті іздеуде. ТМҰ шеңберіндегі «түркі интеграциясын» институционализациялау әрекеттері белгілі бір дәрежеде осы мемлекеттердің саяси тәуелсіздігі мен жеке басына, әсіресе посткеңестік кеңістіктегі ықпалды сақтауға ұмтылатын Ресейдің ықтимал қарсылықтары тұрғысынан қиындық ретінде қабылдануы мүмкін.

Географиялық, саяси және тарихи факторларға байланысты объективті шектеулердің болуына қарамастан, Еуразияның аймақтық архитектурасын трансформациялаудағы ТМҰ рөлі барған сайын айқын бола түсуде. Бұл ұйымның пайда болуы Орталық Азиядағы күштер тепе-теңдігінің өзгеруіне әсер етіп, аймақтағы басқа интеграциялық бірлестіктер мен халықаралық институттардың рөлін қайта қарастыруға түрткі болды. Егер бұрын жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасындағы Өңірлік жақындасу процестері өте баяу жүрсе, онда Түркі кеңесінің құрылуы және

одан кейінгі ТМҰ дамуы мемлекетаралық диалогты кеңейтуге, ынтымақтастықты институционалдық ресімдеуге және мәдени, білім беру, экономикалық және саяси салалардағы өзара іс-қимылды күшейтуге қуатты серпін берді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ), Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) және Шанхай ЫнтымақтастықҰйымы (ШЫҰ) сияқты құрылымдармен ішінара сәйкес келетіндігі ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл ұйымаралық бәсекелестік үшін әлеуетті және қатысушы мемлекеттер үшін Даму мүдделері мен бағыттарының ықтимал жүктелуін ескере отырып, сыртқы саяси стратегияны ойластырып құру қажеттілігін туғызады.

ТМҰ сонымен қатар мүше елдерден тыс түркітілдес қауымдастықтар үшін маңызды идеологиялық рөлге ие болады. Тарихта Иранның солтүстігіндегі Әзірбайжан Демократиялық Республикасы, Қытай Шыңжаңындағы Шығыс Түркістан республикасы және Солтүстік Кипр Түрік республикасы сияқты түркі этникалық құрамдас бөлігі бар сепаратистік қозғалыстардың мысалдары болған. Сонымен қатар, түркітілдес халық басым болған Ресей Федерациясының бірқатар субъектілерінде әлеуметтік шиеленіс пен саяси тұрақсыздық көріністері мезгіл-мезгіл байқалады. Мұның бәрі ірі державалардың, әсіресе Қытайдың ТМҰ-ға деген сақ көзқарасын қалыптастырады.

Қытай билігі тұрғысынан ТМҰ болуы бірқатар ықтимал қиындықтармен байланысты. Біріншіден, Түркітілдес елдер Шыңжаңдағы сепаратистік көңіл-күйге идеологиялық қолдау көрсете алады деген алаңдаушылық бар. Екіншіден, ТМҰ-ның мәдени және қоғамдық бастамалары ұйғыр халқының назарын аударып, олардың этникалық өзін-өзі тануын күшейтіп, жалпымемлекеттік құндылықтарға нұқсан келтіреді. Үшіншіден, Қытай Батыс елдерінің — ең алдымен АҚШ-тың халықаралық пікірталастарда Шыңжаң мәселесі бойынша қосымша қысым құралы ретінде ТМҰ-ді қолдануға ұмтылу ықтималдығын қарастыруда.

Осылайша, түркі мемлекеттерінің ұйымы интеграциялық ұмтылыстарды, мәдени туыстықты, экономикалық мүдделерді біріктіретін күрделі және көп қырлы құбылыс болып табылады. Оның даму перспективалары көбінесе қатысушылардың ұйым ішінде де, сыртқы күштермен де өзара әрекеттесудің икемді және теңдестірілген модельдерін құру қабілетіне байланысты болады.

Сонымен, соңғы үш онжылдықта түркітілдес елдер үкіметаралық форматтан толыққанды өңірлік ұйым — ТМҰ-ға көшті. Бұл жекелеген элиталардың орыс тілі мен мәдениетінің ықпалын төмендетуге деген саяси ұмтылысымен де, ашық пантюркистік риторикалық қысымнан аулақ бола отырып, «алты мемлекет — бір ұлт» тұжырымдамасын ілгерілетуге деген ұмтылысымен де байланысты.

«Түркі әлемінің көзқарасы – 2040» сынды құжаттар мен инвестициялық қор құру жөніндегі бастамалар ТМҰ-ның ішкі бірлікті нығайтуға, саяси ықпалды күшейтуге және ынтымақтастық бағыттарын кеңейтуге ниетін көрсетеді. Ұйым Түркі интеграциясын кезең-кезеңімен тереңдетуге бағытталған.

Дамып келе жатқан сын-қатерлер, геосаяси трансформациялар және орталықтардың ауысуы жағдайында Түркі мемлекеттері ұйымында тең құқыққа, мәдени қоғамдастыққа және стратегиялық әріптестікке негізделген өңірлік саясаттың баламалы моделін қалыптастыру үшін әлеует пайда болады. Бұл ТМҰ-ның негізгі қатысушыларының бірі бола отырып, ұлттық мүдделерді ілгерілету, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және халықаралық байланыстарды кеңейту үшін осы платформаны пайдалана алатын Қазақстан үшін ерекше маңызды.

ТМҰ - Түркі бірлігінің символына ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық және мәдени-рухани байланыстардың, көпжақты ынтымақтастықты іске асырудың тиімді алаңына айналып отыр. Бұл ынтымақтастық қазақ елінің одан әрі тәуелсіз ел ретінде дамуына белгілі бір дәрежеде мүмкіншілік береді деп есептеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Бабаян, Д. «Арцахская проблема и идеология пантюркизма», XXI-й в. - 4(20) – 2021. - СС. 67–99

2 Балиев, А. «Киргизия в ланах турецкой экспансии в Центральную Азию», Военно-политическая аналитика, 9 ноября, 2020 [Электронды ресурс] URL: https://vpoanalytics.com/2020/11/09/kirgiziya-v-planah-turetskojekspansii-v-tsentralnuyuaziyu/ (жүгінген күні: 25.03.2025)

3 Гасанова, А. Б. ««Неопантюркизм» и Организация тюркских государств» в: Прозоровский, А. С., Хорос, В. Г. (ред.) 'Запад – Восток – Россия 2021'. - Москва: ИМЭМО РАН, 2022. - СС. 52–56

4 Юйян Чжан Организация тюркских государств (отг): происхождение, мотивы, особенности и влияние // Вестник Пермского университета. Серия: Политология. 2023. №1. – СС. 78-88.

5 Комаревцева, Н. С., Гайфутдинов, Р. И. «Россия и Турция в контексте нового Тюркского мира», Вопросы политологии, 2022 - 3 (79), СС. 761–772

6 Моммаев, Н. «Цели и задачи Организации тюркских государств». [Электронды ресурс URL:https://business.com.tm/ru/post/7868/celi-izadachi-organizacii-tyurkskih- (жүгінген күні: 25.03.2025)

7 Нуриева, К. А. «Идея создания общетюркского литературного языка», Гилея научный вестник, 2014. - 90, СС. 281–284

8 Аватков В.А, Кудряшова Д.А. Общетурецкая и общеевропейская идея: сходства и различия // Постсоветские исследования. 2023. №4 – СС. 370-375

9 Москаленко В.А. Этапы модификации внешнеполитических усилий Турции в отношении государств Центральной Азии в 1991–2022 гг. // Общество: политика, экономика, право. 2025. №3. – СС. 57-70.

ӘОЖ 001.6:37

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АТЫРАУ ӨҢІРІНІҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ ТАРИХЫНАН

Сатимова Динара Кахарманқызы
dinara.satimova@asu-edu.kz
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1-курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Кайргалиева Г.К.

1941-1945 жылдардағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарихқа мәңгі енді. Бұл соғыста Қазақстандағы әр отбасынан жүздеген мың адам қолына қару алып, ұрыстарға қатынасты. Соғыстың басталуы және оның сипаты туралы тарихи деректерге сүйенетін болсақ:

Шабуыл жасаспау туралы (1939 ж. 23 тамыз) Кеңес Одағымен жасаған келісімді фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда бұзып, соғыс жарияламастан КСРО аумағына аяқ астынан басып кірді.

1940 жылдың орта кезеңінде-ақ (18 желтоқсан) Гитлер КСРО-ға басып кірудің «Барбаросса жоспары» деп аталатын стратегиялық жоспарын жасауға кіріскен болатын. Бұл

жоспар бойынша фашистік Германия мен оның қол шоқпарларының құрлықтағы, әуедегі және соғыс теңіз күштері КСРО-ға бір мезгілде шабуыл жасайтын болды. Бұл жоспардың басты мақсаты қысқа мерзім ішінде (3-4 ай), «қауырт соғыс» идеясы бойынша соғысты 1941 жылдың күзінде (қараша) аяқтау тиіс еді. Фашистік Германияның негізгі мақсатының саяси және экономикалық астары болды. Германия империясы шикізат үшін, азық-түлік базасы ретінде қуыршақ мемлекет құруды көздеді.

Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Маншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін»,- деп әскери комитетке өтініш берді. Қазақстаннан соғыс майдандарында 100-ге жуық ақындар мен жазушылар шайқасқан. Республика бойынша 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті.

1942-1943 жылдары Қазақстанға майданнан 16 делегация, ал 1944 жылы 6 делегация келіп кетгі. Олардың ішіде Қазақставда жасақталған 8-гвардиялық атқыштар, Сталинградтық-дунайлық 73-гвардиялық, 391-, 310-, 314-атқыштар дивизияларының т.б. әскери бөлімдер мен құрамалардың жауынгерлері бодды. Олар кәсіпорындарда, колхоз, совхоздарда, оқу орындары мен ғылыми мекемелерде болып, өз бөлімшелерінің жауынгерлік жолы, полктес жолдастарының ерліктері туралы айтып берді.

Академик А. С. Орлов соғыс жылдарында орысша-қазақша сөздік құрастырып, «Батырлар жыры» атты еңбек жазды. Алматыға майдан өңірінен 20-ға жуық ғылыми-зерттеу мекемесі көшіріліп жұмыс істеді. КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалы да соғыс мұқтажына жұмыс істеді. Майдан қажетіне байланысты сирек металды зерттеу ісінде Қ. И. Сәтбаев көп еңбек сіңірді. 1942 жылы Қ. И. Сәтбаевқа Жезқазған мыс кен орындарын зерттеу еңбегіне байланысты Мемлекеттік сыйлық берілді [1].

1.Соғыс жылдарындағы Атыраудың білім саласы. **к**өптеген халық ағарту қызметкерлері Ұлы Отан соғысы жылдары ерекше көзге түсті. Мысалы, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі Сабыр Қазыбаев, қоғам қайраткері Шокан Қаржауов, бірқатар жыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтын басқарған Дүйсенғали Байбосынов, ғалым-ұстаздар Х. Ахметжанов, Д. Қанцев, мектеп пен білім беру органдарын басқарған Р. Тілесов. Н. Сусленко, Г. Липатов, С.Л. Попов, Ж. Мышанов, Ж. Бисенғалиев, 3. Зулқашев, М. Мұхамбеталиев, Ш. Өтегенов, Х. Шудабаев, С. Құрманбаев, мектеп мұғалімдері 3. Төреқұлов, К.А. Нехриков, В.Г. Образцов, т.б. есімдері бүгінде облыстық білім мұражайында көрнекті орын алды. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында Кызыл Армияның сапында мектеп мұғалімдері, мектеп директорлары, оқу ісінің меңгерушілері, т.б. педагогтар жан аямай шайқасты. Олардың майдандағы ерлігі жас ұрпаққа үлгі болды. Ұлы Отан соғысынан кейін ұзақ жылдар бойы Гурьев педагогикалық институтында, кәсіптік-техникалық училищелерде ұстаздық қызмет атқарған Совет Одағының Батыры Қайырғали Смағұловтың майдандағы ерлік жолы қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романына арқау болды. Қайырғали Смағұлов Дондағы Ростов, Севастополь қалаларын жаудан азат етуге қатысып, атақты Кіші Жер плацдармын қорғаушылардың қатарында болды.

Атырау қаласында №27 мектептің мұғалімі болған Сүйеуғали Ыбыраев Мәскеу қаласында 1945, 1990, 1995 жылдары өткен Жеңіс парадына қатысты. Он сегіз жасында майданға аттанып, соғыстың басынан аяғына дейін қатысқан С. Ыбыраев зеңбірек расчетінің командирі болды. 3-, 2-дәрежелі «Даңқ», 2-, 1-дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталды. Атыраулық педагог-жауынгерлер Мәскеу мен Ленинград, Сталинград пен Курск, Киев, Одесса, Севастополь, Мурманск, т.б. қалаларды азат етуге, сонымен қатар Шығыс Еуропа елдеріндегі шайқастарға қатысып, ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Отан үшін жанын пида еткен батырлар қатарында Құралбаев Хамит, Шонаев Оңай, Жақыпов Серікқали, Әбішев Сәлім, Абросимов

Виктор, Әбілев Мұратқан, Әбілев Мырзабай, Сарбаев Аманғали, Айтқұлов Хасан, Жұлдызов Әубәкір, Ізмағамбетов Хасен, Кенжеғалиев Иманғали, Карабалин Ізім, Дінов Қожабай, Қаржауов Ғинаят, Лұқпанов Мұхамбетжан, Оразалин Куан, Сатыбалдиев Өтепқали, Сүйембаев Бақтияр, Юсупов Төреғали, Байсейітов Күбаш, Фаткулин Ғинаят, Погодаев Г., Умнов В., Дүйсенғалиев Б., Хорганов, Өрістенов, Тарабрин, Ержанов, Лаупан, Такенов Фарух, Жұрынтаев Султан, Таманов Арыстан, Дәулетов Елеу, т.б. облыс педагогтері болды [2].

Сондай-ақ соғыс жылдары әскер қатарына алынған оқытушы жігіттердің орнын орта білімі бар немесе қысқа мерзімді мұғалімдік курстар бітірген қыз- келіншектер ауыстырды. Олардың қатарында Әтенова Зәру, Дүйсенғалиева Батима, Мырзабекова Эмина, Хисамеденова Бану, Петричева Любовь Тимофеевна, т.б. болды.

1941 жылдың күзінен облыста Қызыл армияны азық-түлікпен, жылы киімдермен жабдықтау және жауынгерлердің семьяларына көмек ұйымдастыру қозғалысы кең өріс алғаны белгілі.

Облыс мұғалімдері 1943 жылы майданға 120 мың сомға киім, шұлық, қолғап, ет, т.б. өнімдер жөнелтуге ат салысып, 90 мың сомның қаражатын жинады. Жыл сайын сенбіліктер ұйымдастырылып, қаражат майдан керегіне аударылды. Балықшы поселкесінде орналасқан Ломоносов атындағы мектепте ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, ұстаздық қызметі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған Слепнева Тамара Ильинична Ұлы Отан соғысы жылдарын былай деп еске алады: «Соғыс жылдары мен осы мектепте оқыдым. Ол кезде үлкендерге де, балаларға да -те қиын болды. Мектеп үйі орталық жылу жүйесі ажыратылып тасталғандықтан ете салқын еді. Сия қатып қалып жүрді. Кейін әрбір класқа темір пеш (буржуйка) орнатылды. Әрбір кластың бұрышында тук (балық ұны) жатты, оны пешке отын ретінде жағатын. Балалардың сырт киімі өте нашар болды, бір пар аяқ киімді жанұяда 2-3 бала кезектесіп киетін. Мектепте балаларға қосымша тамақ берілді. Үлкен үзілісте әрбір оқушыға 50 грамм нан мен темір аяққа құйылған быламық (ыстық суға майсыз, кара астықтың ұнын езіп салатын) үлестірді. Дәптер болмағандықтан, ескі газеттердің бетіне жазатынбыз. Кластағы барлық оқушылар үшін 1-2 оқулық болды. Оқушылар сабақтан кейін зауытта жұмыс істеді. Салмен балық тасыды, балық салуға бөшкелер жасайтын тақтайшаларды жинады. Үйлерінде олар майдандағы жауынгерлер үшін темекі қаптар (кисеттер) тікті, қолғап, шұлық токыды. Сонымен қатар соғыс кезінде жер ауып келген өзге ұлт (корей, неміс, армян, грек, шешен, т.б.) өкілдері үшін тұрмыстық құралдар, аяқ-табақ, т.б. жинауға көмектесті. Гурьев қаласында орналасқан госпитальдардағы жаралы жауынгерлерге арнап, концерттер қоюға қатысты» [3].

Соғыс кезінде мектептерде жұмыс істеген мұғалімдер елдегі қиыншылықтарды халықпен бірге бастан кешірді. Әсіресе, ауылдық жерлердегі жұрттың тұрмысы өте ауыр болды. Сол жылдары Айбас ауылындағы мектепте істеген мұғалім Нәжімеден Нұрмағанбетов мектеп тіршілігін былайша суреттейді: «Ауылдағы көп баланың әкелері соғыста мерт болды. Әйелдер ауыр жұмыстан еңселерін түзей алмады. «Жаңа тұрмыс» колхозының баскармасы Суханбердиев Әбілхасымнан әке қамқорлығынсыз өскен оқушы балалар үшін сауын сиыр бөлдірдім. Баймырза қыстауында 10-15 оқушы бала жатты. Нан жоқ, құмдағы құмаршық дәнінен нан істедік. Соны балаларға беріп, жүректерін жалғаттық. Сабактан кейін балаларды жинап, майдандағы жауынгерлер үшін қолғап, шұлық тоқытатынбыз».

1943 жылы 7 қаңтарда «Казахстанская правда» газетінде Гурьев облысы Теңіз ауданы пионерлерінің Қазақ КСР К(б)П ОК-сіне танк колонналары құрылысына ақша жинау жөніндегі хаты жарияланды. Онда «Отанымызға түскен бұндай қиын күндері, әкелеріміз бен ағаларымыз бүкіл халықпен бірге фашист басқыншыларымен шайқасып жатқан кезде, Отанымызды қорғаушыларға шын жүректен көмектесу мақсатында, біз, пионерлер, Гурьев облысы Теңіз ауданының оқушылары, Пионерлер атындағы танк колоннасын жасауға мұғалімдеріміздің басшылығымен ақша жинауға кірістік. Сөйтіп, мемлекеттік банкіге 160 мың сом өткіздік»

делінген. 1944- 1945 оқу жылында, 2 қаланы (Гурьев және Форт-Шевченко) қосқанда, облыстағы 10 ауданда барлығы 1746 мұғалім еңбек етті, олардың 61-інің жоғары, 115-інің аяқталмаған жоғары, 618-інің орта және 952-сінің аяқталмаған орта білімі болды. Мұғалімдердің 3,4%-ының ғана жоғары, 6,5%-ының аяқталмаған жоғары білімі болған еді. Соғыс жылдарында, әсіресе, Новобогат, Манғыстау аудандарында, педагогикалық кадрдың тапшылығы қатты білінді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында білім беру баяу ырғақпен жүрді және оқушыларға қолда бар мүмкіншілікке сай білім мен тәрбие берілді. Қашан да, қай кезде де өз парыздарына адал, зиялы қауымның ең көп және бұқаралық бөлігі болып табылатын мұғалімдер майданда да, тылда да замана талабының биігінен көріне білді. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға қажетті жаяу әскердің кіші командирлерін дайындау мәселесі тұрды. Соғыс жылдары Қызыл Армияның офицерлер корпусының кіші лейтенант құрамын дайындау өте қиын жағдайларда жүргізілді. Өйткені елдің көптеген бөлігін уақытша жаулап алған территориялардан ірі өнеркәсіп орындарымен бірге әскери училищелер де тылға көшірілді. Мысалы, Шымкент қаласына Чугеев әскери ұшқыштар училищесі, Орал қаласына Одесса жаяу әскер училищесі, Ақтөбе қаласына 2-Бердичев жаяу әскер училищесі көшірілді. Ал Атырауда 1942 жылы жаяу әскер командирлерін даярлайтын училище ашылып. 1943 жылы 6 сәуірде Астрахан қаласына көшірілді.

Училищенің негізгі міндеттерінің біріне майдан үшін кіші командирлер құрамын дайындау жатты. Оны қысқа мерзімде екі жүзден астам атыраулық бітіріп, майданға аттанды. Бірақ училищенің тарихына қатысты бірде-бір құжат облыстық архив қорында немесе облыстық, қалалық әскери комиссариаттың архивтерінде сақталмаған. Себебі, соғыс жылдары Гурьев облысы Оңтүстік Орал әскери округіне қарады. Округ штабы Чкалов (Орынбор) қаласында орналасты. КСРО-ның жауынгерлік әскери құжаттары Москва маңындағы Подольск қаласындағы әскери архивте сақталған.

2. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Атырау ғылымның дамуы.

Ұлы Отан соғысы жылдары ел қорғанысына ғалымдардың қосқан үлесі зор болды. КСРО ҒА Орал аймағы, Батыс Сібір және Қазақстанның өндіргіш күштерін дамытуға ұзақ мерзімді бағдарлама жасап, жер асты пайдалы қазбаларын зерттеп, өндіру үшін арнайы комиссия құрды. Комиссияның жұмысына 13 эвакуацияланған ғылыми мекеме, Қаныш Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалымдары қатысты. Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО ҒА-ның Қазақ филиалында 14 ғылыми-зерттеу институты жұмыс істеп, 1946 жылы Қазақстан ҒА-ның жеке ғылыми орталық ретінде құрылуына септігін тигізді. 1942 жылы КСРО ҒА корреспондент мүшесі М.А. Капелюшниковтың басшылығымен бір топ КСРО ғалымы Қазақстанға келді. 1943 жылдың қаңтар айында М.А. Капелюшников Ембі ауданын игерудегі басты кемшіліктерді көрсете отырып, оларды жою жолдарын да белгілеп берді. Ғалымдардың көмегімен Доссор кәсіпшілігінде мұнай өндіру ісі екі есе, Мақат кәсіпшілігінде үш есе артты. 1943 жылы 18 маусымда Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті №360 қаулы қабылдап, онда Қазақстан мұнай комбинатының ғалымдармен бірлесіп қабылдаған ұсыныстары ескерілгені аталып өтті. Нәтижесінде Нармонданак (Комсомол), Жолдыбай, Оңтүстік Қошқар, Тентексор мұнай көздерінің ашылып, Нармонданақ (Комсомол) пен Жолдыбай мұнай көздері пайдалануға беріліп, Ембі мұнай өндірісінің өнімділігі артып, Нармонданақ (Комсомол) мұнай кәсіпшілігі 1943 жылы 41 мың тонна, ал 1944 жылы 71 мың тонна мұнай өндірді.

1943 жылы 19 ақпанда Атырау қаласында геологтардың кеңесі өтті. Кеңесте «Қазақстанның мұнайлы аудандарындағы мұнай көздерін зерттеу және 1944 жыл мен одан кейінгі жылдарда ондағы геологиялық барлау жұмысын дамыту жолдары» деген мәселе қаралды. Кеңеске КСРО мұнай өнеркәсібі халық комиссариатының бас геологі, геология ғылымдарының докторы, профессор М.Ф. Мирчик, Қазақ мұнай комбинатының бас геологі С.Т. Неволин, «Қазақстан мұнай барлау» тресінің бас геологі Авров, геология ғылымдарының докторы, профессор Вебер қатысты [4].

1943 жылы шілде айында КСРО ҒА Қазақ филиалы жанынан «Жайық - Ембі ғылыми-зерттеу базасы құрылды. База алғашқы күннен бастап Атырау облысы мен Қазақстанның батыс аймағындағы табиғи байлықтың көздерін іздестіру мен экономикасын және тарихын зерттеумен айналысты. Ол 1972 жылы Қазақ геологиялық-барлау ғылыми-зерттеу институты (КазНИГРИ) деп аталды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Атырау өңірінің білім мен ғылым саласы қиын кезеңдерді бастан өткерсе де, үлкен табыстарға жетті. Соғыс уақытындағы мұғалімдер мен оқушылардың, ғалымдар мен зерттеушілердің ерліктері, олардың Отан қорғаудағы белсенділігі мен қажырлы еңбектері өңірдің білім және ғылым саласының дамуына зор әсер етті. Қиындықтарға қарамастан, Атырауда мектептер мен жоғары оқу орындары жұмысын тоқтатпай, халыққа білім беру ісін жалғастырды. Сонымен қатар, ғылым саласында геология мен мұнай өндірісін дамыту бағытында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Жергілікті ғалымдар мен мамандар мұнай өнеркәсібінің дамуына ықпал етіп, маңызды ресурстарды ашып, өндіру ісін арттырды. Соғыстың ауыртпалығына қарамастан, Атырау өңірі өз білімді және білікті мамандарымен Отан қорғау ісіне елеулі үлес қосты. Бұл тарихи кезең Атырау халқының патриотизмін, еңбекқорлығын және Отанға деген адалдығын тағы бір рет айқын көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрсұлтанова Л.И. Казахстан в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг).-А., 2011.-141 с.-15-17 с.

2.Атырау облысы мем лекеттік архиві (АОМФ).-16-қ.,1т.,4114-іс

3.Атырау облысының тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Үш томдық. 3-том.-294 бет. Алматы: «Литер-М», 2023.-294 б.

4.Мұқашев С. Летопись города Атырау (1640-2001)// htt: www.atyrau-city.kz.

ӘОЖ: 902.2

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА

Сарсембаев Ақниет Алпамысұлы

aknietsarsenbaev@gmail.com

«Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы» білім бағдарламасының 2 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы, Ғылыми жетекшісі: магистр, аға оқытушы - **Молдашева С.К**

Аңдатпа. Ежелгі Түркі дәуірі – түркі халықтарының тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі. Бұл дәуір VI-XII ғасырларды қамтып, түркі мемлекеттерінің қалыптасуы мен өркендеуін сипаттайды. Түркі қағанаты, Батыс және Шығыс Түркі қағанаттары, Қарлұқ, Қимақ, Қыпшақ мемлекеттері сол кезеңде тарихи сахнада ерекше орын алды. Түркілердің мәдени мұрасы – олардың жазба ескерткіштері, өнері, діни-нанымдық жүйесі және тұрмыстық дәстүрлерімен ерекшеленеді. Әсіресе, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері мен көне түркі жазуы әлемдік мәдени мұраның ажырамас бөлігі саналады. Сондай-ақ, археологиялық қазбалар арқылы табылған сәулет ескерткіштері мен тұрмыстық заттар сол дәуірдің өркениет деңгейін айғақтайды.

Бұл зерттеу ежелгі түркілердің мәдени мұрасына терең үңіліп, олардың бүгінгі түркі халықтарының рухани-мәдени өміріндегі рөлін айқындауға бағытталған.

Тірек сөздер: Көктүрік, мәдени мұра, мәдениет, жауынгерлік рух, ата-баба культі, табиғатқа табыну, өркениет.

Ежелгі түркілер – бүгінгі түркі халықтарының арғы ата-бабалары болып табылатын тарихи этнос. Олар Орта Азия, Сібір, Алтай, Шығыс Еуропа және қазіргі Қазақстан аумағында көшпелі әрі жартылай отырықшы өмір сүріп, өз заманының алдыңғы қатарлы өркениеттерінің бірі ретінде тарихта қалды. Түркілердің қалыптасуы мен дамуы бірнеше мыңжылдықты қамтиды, олардың іздері біздің дәуірімізге дейінгі кезеңнен бастап анық байқалады.

Түркілер тарихының маңыздылығы олардың әлемдік өркениетке қосқан үлесімен тікелей байланысты. VI ғасырда құрылған Түрік қағанаты алғашқы ірі түркі мемлекеті ретінде тарих сахнасына шықты. Бұл қағанаттың саяси және мәдени ықпалы орасан зор болды, себебі ол Ұлы Жібек жолының маңызды бөлігіне айналып, Қытай, Иран, Византия сияқты өркениеттермен тығыз байланыс орнатты. Түркілер тек жауынгер халық қана емес, сонымен қатар жоғары ұйымдасқан басқару жүйесі мен дамыған әлеуметтік құрылымға ие болды [1].

Түркі халықтарын бір-бірімен жақындастыратын алтын көпір салт санасы, мәдениеті мен өнері. Бір- бірінен алшақ жатқан географиялық аймақты мекендегеніне, этникалық өзгешелігіне қарамастан, түркі халықтарының тұрмыс тіршілігі мен болмыс бітімінде, салт дәстүрі мен шаруашылығында, өнері мен рухани мәдениетінде көптеген ортақ ұқсастықтар бар.

Ежелгі түркілердің тарихы олардың тілінен, мәдениетінен, жазба ескерткіштерінен және сәулет өнерінен көрініс табады.

Халықтардың тұтастығын айғақтап, оларды бір біріне жақындастыратын басты тетік – тіл. Түркітану ғылымында түрік тілдерінің өзара туыстығы, олардың топқа жіктелісі, бір-біріне алыс жақындығы жайында А.Вамбери, Ю.Немет, Г. Рамстедт, В.Радлов, С. Малов, К. Менгес, Н. Баскаков т.б. ғалымдар тұжырым жасаған. Атақты түрколог Н.А. Баскаков түркі ұлыстарының тілдік ұқсастық пен өзгешелігін байқататын басты тарихи кезеңді атайды: 1. Алтай дәуірі - ең көне замандағы түркі тіліне қатысты.

2. Ғұн дәуірінде (5 ғасырға дейінгі кезең) түрік тілі батыс ғұн және шығыс ғұн тілдеріне ажырайды. 3. Көне түрік дәуірінде (6-9 ғасырлар) түрік тілінің хазар, қыпшақ, оғыз, қарлұқ, ұйғыр, қырғыз диалектілері қалыптасқан. 4. Орта түрік дәуірі (9-15 ғасырлар) қазіргі түрік тілдерінің қалыптасу кезеңі. 5. Жаңа түрік дәуірінде (15-19 ғасырлар) қазіргі түрік тілдерінің бөлініп шығуы аяқталып, жазба әдеби тілдер қалыптаса бастады [2, 14 б.].

Н.А. Баскаковтың осы классификациясында айтылғандай, түп тегі бір тілдердің б.з. 1-2 ғасырларында ара жігі ажырай бастап, олар ғұн, шығыс ғұн тармақтарына бөлініп кеткені белгілі. Шығыс ғұн тармағына аралық бұтақ жатса, батыс ғұн тармағына қалған тілдер кіреді. Батыс ғұн тобының қыпшақ бұтағына қазақ, татар, башқұрт, қырым татары, қарақалпақ, қарашай-балқар, ноғай, қарайым, қырымшақ тілдері, қарлұқ бұтағына өзбек, ұйғыр тілдері, оғыз бұтағына түрік, әзербайжан, гагауз тілдері жатады. Сібір түркілері мен қырғыз, сары ұйғыр тілдерін қамтитын шығыс ғұн тармағын автор аралық бұтаққа жатқызады. Аралық бұтаққа жататын түркі тілдерінің бірінде қыпшақтық сипат, бірінде оғыздық сипат, енді бірінде қарлұқтық сипат аңғарылады. Аралық бұтақтың тағы бір өзгешелігі – олар монғол тілінің әсеріне қатты ұшыраған. Тілі аралық бұтаққа жататын түркі халықтарының үшінші бір ерекшелігі – діндерінің әркилылығы. Мәселен, қырғыздар мұсылмандар болса, саха (якут), хакас, шор, алтайлықтар христиан дінін тұтынады. Ал тувалықтардың біразы пұтқа табынады, қалғандары шаман дінін, ішінара будда дініне сенеді. Діндердің әркилылығы аралық бұтаққа жататын ұлыстардың тіліне де әсер еткен [2].

Ежелгі түркілердің мәдени мұрасы өте бай және әртүрлі болып келеді. Олар тек өз заманында емес, сонымен қатар кейінгі ғасырлардағы түркі халықтарының дамуына үлкен ықпал еткен мәдени, тарихи және рухани құндылықтарды қалдырды. Осы мұралардың ішінде ең маңыздыларының бірі – Орхон-Енисей жазбалары. Бұл жазбалар ежелгі түркі тілінде жазылған және түркілердің тарихы, мәдениеті, саяси құрылымы, діни нанымдары туралы маңызды ақпарат береді. Орхон жазбалары Түрік қағанатының кезеңінде (6-8 ғасырлар) жазылған және олардың

ішіндегі ең танымалы – Күлтегін мен Білге қағанның ел үшін жасаған еңбектері, соғыс тактикасы, халықтың бірлігі мен патриоттық рухы сипатталады. Олардың мазмұнына қарап, түркілердің өзіндік тарихи сана-сезімі жоғары болғанын көруге болады. Бұл жазбалар тек тарихи дерек емес, сонымен қатар ежелгі түркі әдебиетінің де көрнекті үлгілері болып табылады.

Түркілердің әскери және саяси құрылымы да ерекше назар аударуға тұрарлық. Түрік қағанаты екіге бөлінген басқару жүйесін ұстанды – Батыс және Шығыс қағанаттары. Бұл құрылым көшпелі халықтың өмір салтына сәйкес келіп, мемлекеттің кең аумақты басқаруына мүмкіндік берді. Әскери тәртіп қатал болды, ал қолбасшылар мен жауынгерлердің батылдығы тарих беттерінде мәңгілік қалды.

Ежелгі түркілердің тұрмысы мен мәдениеті олардың экологиялық жағдайға бейімделу қабілетін айқын көрсетеді. Көшпелі өмір салтына қарамастан, олар тек мал шаруашылығымен ғана айналысып қоймай, жер өңдеуді де меңгерді. Бұл олардың экономикалық тұрғыдан тұрақтылығын қамтамасыз етті. Киіз үйлер, ою-өрнектер, ат әбзелдері, қару-жарақтар мен тұрмыстық бұйымдар түркілердің шеберлік деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді. Түркілердің рухани әлемі де терең болды. Олар Тәңірге, ата-баба рухтарына сеніп, табиғатты құрметтеген. Бұл сенім жүйесі олардың күнделікті өмірінде, салт-дәстүрлерінде, әскери жорықтарында және билеушілердің басқару саясатында көрініс тапты. Тәңіршілдік түркілердің дүниетанымына ғана емес, олардың бірлік пен тұрақтылыққа деген ұмтылысына да әсер етті.

Түркілердің мәдени мұрасына қолөнері де ерекше орын алады. Олар металл өңдеу, қару-жарақ жасау, зергерлік бұйымдар жасау саласында өте шебер болды. Мысалы, ежелгі түркілер темірден, алтыннан, күмістен жасалған бұйымдарды өңдеуде жоғары шеберлікке қол жеткізді. Олардың қару-жарақтары (қылыштар, садақтар, найзалар) тек соғыс құралдары емес, сонымен қатар өнер туындылары ретінде де қарастырылды.

Ежелгі түркілердің өнерінде зооморфты стилі деп аталатын өзіндік стиль басым болды. Бұл стильде аңдар мен құстардың бейнелері стилизацияланған түрде бейнеленді. Мысалы, бүркіт, арыстан, қасқыр сияқты жануарлардың бейнелері қару-жарақтарда, киім-кешектерде, тұрмыстық бұйымдарда кеңінен қолданылды. Бұл стиль тек көркемдік мақсаттарға емес, сонымен қатар діни және символикалық мағынаға да ие болды [3, 85 б.].

Сонымен қатар, ежелгі түркілердің тұрмыстық мәдениеті де өзгешеліктерге толы. Олардың киім-кешектері, тұрмыстық бұйымдары, әсіресе кілемдері мен төсеніштері өте әдемі және өрнектерге бай болды. Олардың киімдері тек функционалдық мақсаттарға емес, сонымен қатар әлеуметтік мәртебе мен діни нанымдарды да көрсетті.

Ежелгі түркілердің музыкалық мәдениеті де дамыған. Олардың музыкалық аспаптары (мысалы, домбыра, сыбызғы, дабыл) тек өз халқы арасында емес, сонымен қатар көрші халықтар арасында да кеңінен таралды. Музыка тек көңіл көтеру үшін емес, сонымен қатар діни рәсімдер мен әскери шерулерде де қолданылды.

Ежелгі түркілердің мәдени мұрасы тек материалдық құндылықтармен шектелмейді. Олардың рухани мұралары, әсіресе діни нанымдары, мифологиясы, фольклоры да өте бай.

Қорқыт жөніндегі аңыздар, Оғыз, Алпамыс, Күлтегін жөніндегі жыр- дастандар қазіргі туыс халықтардың бәріне ортақ мұра ретінде танылады.

Түркі халықтардың ықылым заманнан жасаған сөз өнері мен тума әдеби қазынасында ұқсастық, ортақтық басым. Қазақтың күлдіргі тұрмыс-салт ертегісі қарақалпақ, татар, өзбек, түрікмен, саха, хакас халықтары фольклорында кездеседі. Қазақтың эпостық жыры «Қырымның қырық батыры» құрылымы жағынан қырғыздың «Манас» эпосына ұқсайды. Тілі, тұрмыс-тіршілігі, жер жағдайы жақын болғандықтан, туыс халықтар ауыз әдебиетінің басқа жанрлары да өзара сарындас. «Айрылған ел азар, қосылған ел озар», «Ата баласы болма, ел баласы бол», «Ел қазынасы – ескі сөз, ер шырағы – екі көз» секілді мақал-мәтелдер үндес, сарындас болып

келеді. Шығыс ертегі аңызынан, қисса-хикаятынан тараған көшпелі сюжеттердің бірсыпырасы қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен фольклорына ортақ шығармалар. [4,12 б.]

Ежелгі түркілердің діни нанымдары табиғатқа, аспан денелеріне және рухтарға сенуге негізделген. Олар дүниетанымында Тәңіршілдік пен шаманизм негізгі рөл атқарды. Тәңірді (Көк Тәңірі) жоғарғы құдіретті күш ретінде қабылдады. Биікте көк аспан, төменда қара жер, олардың арасында адамзатты әлемді жаратқан мәңгі Көк тәңірі, оның қызметшісі Күн, Тәңірі жаратқан әлемді басқарады. Өсімдіктің рухын Күнмен жарық сәуле байланыстырып тұрады», яғни Күнге табыну (соляризм) сенімі бар [5, 38 б.].

Түркі халықтарда ата-бабалар культі де маңызды болды, өйткені олар өздерінің өткеніне құрметпен қарап, ата-бабаларының рухын қасиетті деп санаған. Өлген адамның жаны оның ұрпақтарына ықпал етеді деп есептелген. Сондықтан жерлеу рәсімдері мен ескерткіш тастар (балбалдар) қойылып, құрбандықтар жасалған [6].

Жер-Су культі – түркілер тек аспанға ғана емес, табиғатқа да табынған. Олар өзендерді, тауларды, ормандарды қасиетті санап, оларға құрбандық шалған. Бұл наным түркілердің табиғатпен тығыз байланыста өмір сүргенін көрсетеді.

Шаманизм – түркілердің діни өмірінде шамандар (бақсылар) маңызды рөл атқарды. Олар рухтармен байланыс орнатып, емшілікпен айналысты, болашақты болжады және діни рәсімдерді атқарды. Шаманизм түркілердің күнделікті өмірінде ерекше орын алып, олардың салт-дәстүрлеріне әсер етті.

Ежелгі түркі қоғамы қауымдық байланыстарға негізделген. Әлеуметтік құрылым рутайпалық жүйеге сүйенді, әрбір адам белгілі бір рудың мүшесі болып, өз қауымының мүддесін қорғауға міндетті еді [7].

Қаған және билік жүйесі – мемлекетті қаған басқарды. Оның жанында бектер, қолбасшылар және ақсүйектер болды. Билеуші тек әскери басшы ғана емес, сонымен қатар елдің рухани көшбасшысы да болды.

Әскер мен жауынгерлер – түркі қоғамында жауынгерлер ерекше мәртебеге ие болды. Әрбір ер адам әскери қызмет атқаруға міндетті болды. Әскер тек кәсіби жауынгерлерден ғана емес, сонымен қатар қарапайым халықтан да құралды.

Қарапайым халық (бұқара) – малшылар, егіншілер, қолөнершілерден тұрды. Олардың негізгі міндеті – қоғамның экономикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету болды.

Әйелдердің қоғамдағы рөлі – түркілердің әлеуметтік құрылымында әйелдер ерекше орын алды. Олар отбасының ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің де маңызды бөлігі болды. Кейбір түркі мемлекеттерінде әйелдер билікке араласып, тіпті қағанның кеңесшісі немесе ел билеушісі бола алатын. Ежелгі түркілердің діни нанымдары мен әлеуметтік құрылымы олардың өмір салты мен дүниетанымының ажырамас бөлігі болды [8].

Ежелгі түркілердің тарихы мен мәдениеті – бүгінгі түркі халықтарының рухани негізі. Олар тек өз заманында емес, сонымен қатар кейінгі ғасырлардағы әлемдік тарихқа да үлкен әсер етті. Ежелгі түркілердің мемлекеттік құрылымы, әскери шеберлігі, тілі, өнері және діни нанымдары бүгінгі күнге дейін сақталып, зерттелуде. Олардың мәдени мұралары – Орхон-Енисей жазбалары, қолөнері, музыкасы, фольклоры және мифологиясы – тек түркі халықтары үшін емес, бүкіл адамзат үшін де маңызды құндылықтар болып табылады.

Ежелгі түркілердің тарихын зерттеу арқылы біз олардың қалай күрделі мемлекеттер құрып, кең аумақтарды басқарғанын, қалай өз мәдениеттерін сақтап, дамытқанын түсіне аламыз. Олардың әскери шеберлігі, дипломатиялық қарым-қатынастары, тілдік және мәдени бірлігі бүгінгі заманға дейін үлгі болып қала береді. Сонымен қатар, ежелгі түркілердің діни нанымдары мен рухани құндылықтары – табиғатпен үндестік, ата-бабалар рухына құрмет, адамгершілік пен еркіндікке деген ұмтылыс – бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жойған жоқ.

Ежелгі түркі мәдениетінің ерекшеліктері – зооморфты стилі, қолөнері, музыкасы, эпостары – бүгінгі күнге дейін өз әсерін жоғалтқан жоқ. Олар тек тарихи деректер емес, сонымен қатар бүгінгі өмірге бағыт беретін рухани құндылықтар. Мысалы, ежелгі түркілердің табиғатпен үндестікке негізделген діни нанымдары қазіргі экологиялық мәселелерді шешуге көмектесе алады. Ал олардың әлеуметтік құрылымы мен билік жүйесі – қазіргі заманғы мемлекеттік басқарудың тиімді үлгілерін іздеуге ықпал етеді.

Ежелгі түркілердің мұрасын зерттеу және сақтау – бұл тек өткенді есте сақтау емес, сонымен қатар болашаққа бағдар алу. Осы мұраны тереңірек түсіну арқылы біз өз тарихымыздың тереңдігін, мәдениетіміздің байлығын және рухани құндылықтарымыздың маңыздылығын көре аламыз. Бұл – біздің ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға және бүкіл әлемдік мәдениетке өз үлесімізді қосуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаржаубай С. "Ежелгі түркі өркениеті" – Алматы: Ғылым, 2002.
2. Бизақов С. Түбі бір түркілер. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2000. – 14 б.
3. Қазақ өнерінің тарихы. І-том, – Алматы: «Өнер», - 2007. – 85 б.
4. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: «Ана тілі», - 2004. – 12 б.
5. Жалбағаев Е. Қазақтың арғы атасы кім? – Алматы: «Білім», 2016. – 38 б.
6. Мұқанов М. "Түркі халықтарының мәдениеті мен тарихы" – Астана: Фолиант, 2010.
7. Бартольд В.В. "Түркі халықтарының тарихы" – Мәскеу: Восточная литература, 2003.
8. Өмірзақов С. "Орхон-Енисей жазбалары және түркі мұрасы" – Алматы: Рауан, 2015.

ӘОЖ 94 (574)

АТЫРАУЛЫҚ БАЛЫҚШЫ МАМАНДАР СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

Насиполла Армангүл Сатыбалдықызы
Nasipollaevaaaa222@gmail.com
«Тарихшы зерттеуші» білім бағдарламасының 1 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор – Бердіғожин Л.Б.

Кеңес Одағы адамдарының бейбіт еңбек тынысын Ұлы Отан соғысы үзіп жіберді. Соғыстың алғашқы айларында-ақ фашистік Германияның Кеңес елінің өмірлік маңызы бар экономикалық аудандарды жаулап алуы, тылдағы облыстарға қосымша қиындықтар туғызды. Фашистік Германия басып алған аудандарда, соғысқа дейін еліміздегі халықтың 40 пайызы тұратын, бүкіл елімізде өндірілетін көмірдің 63 пайызын, шойынның 68 пайызын, болаттың 58 пайызын өндіруші еді. Осындай аса ауыр шақта барлық экономиканы, барлық жұмысты соғыс жағдайына сай қайта құру керек болды.

1941 жылдың 10 шілдесінде облыстық партия комитетінің бюросы және облыстық еңбекшілер кеңесі депутаттарының атқару комитеті «Жайық-Каспий» мемлекеттік балық тресінің 1941 жылдың екінші жартыжылдығына арналған міндеттері мен бірінші жартыжылдықтың орындалу барысы туралы» мәселе қаралып, қаулы қабылдады. Барлық балық өнеркәсібінің мекемелері мен ұжымшарлары жұмыстарын қайта құрып, «бейбіт кәсіпорындар болуы мүмкін емес, әрбір зауыт, әрбір мекеме соғыс қажетін қанағаттандыру үшін жұмыс жасауы керек» деп көрсетілді. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті 1941 жылы 6 қарашада қаулы алып, «КСРО балық өнеркәсібі халық комиссариатына қарасты Азов-Черноморск» және «Каспий», Қиыр Шығыс және «Солтүстік бассейндегі флоттар әскери

жағдайда бо- луы керек» екендігін қаперге берді. Каспий бассейнінде Астрахан қаласында флотилия құрылды.

Соғыс басталғаннан кейін облыстың транспорттық жүйесі өз жұмысын қайта жарақтандырып, сол жылдары Гурьев-Қандағаш (517 км) темір жолы, Жайық өзенімен Гурьев-Орал кеме қатынасы (800 км) жолға қойылып, Каспий теңізі арқылы Астрахан қаласымен байланыс жасалған.

Соғыс басталғаннан кейін екі айдан соң, Гурьев қаласындағы теңіз жолы агенствосының жұмыс ауқымы артып, Гурьев портын кеңейтуді қажет етті. 1941 жылдың 3-28 қыркүйек аралығында Астраханнан Гурьев қаласына 26175 адам және 5095 тонна жүк тасылып, қараша айында осы теңіз жолымен 31603 адам және 21185 тонна жүк қалаға әкелінді.1942 жылы Гурьевтің теңіз жолының рөлі артты, себебі тылға ең жақын су жолы болатын, осы жол арқылы майданға қару-жарақ, азық-түлік, әскери бөлімдері аттандырылған. Аталған жол Орта Азия мен Қазақстанды Кавказбен байланыстырды.

Міне, осындай жағдайларды ескерген КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі 1941 жылдың 25 желтоқсанында Пешной аралында Гурьев теңіз портының құрылысын салу жөнінде қаулы қабылдап, порт құрылысын салуды «Морстройға» жүктеді. Бұл порттың салынуындағы мақсат Гурьев портында ірі кемелерді кідіртпеу, Астрахан және Махачкала қалаларынан жер аударылып, көшірілген тұрғындарын, өнеркәсіп орындары жабдықтарын өлкеге жеткізу болды. Портта екі гавань (жел мен толқыннан қорғалған ықтасынды мүйіс, мұнда кемелер тоқтайды) салу көзделген, біріншісі құрғақ жүк тиеу үшін, екіншісі жанар май құюға арналған болатын. Порттың құрылысын салу тез уақытта жүзеге асып, соғыс жағдайына сай, Жайық-Каспий каналының түбін қазу жұмыстары қатар жүрген.

Бұл жұмыстар өте қиын жағдайда жүрді. Жұмысшы қолы жетіспеді, ер адамдар соғысқа алынуына орай, өте ауыр жұмыстарды әйелдерге жасауға тура келді. Механизмдер мен құрал-жабдықтар жетіспеді, қол еңбегінің үлесі көп болды. Еңбекшілердің қажырлы еңбегі нәтижесінде 1942 жылдың ортасында Жайық-Каспий каналының тереңдігі 120 сантиметрге жеткізіліп, ірі кемелердің жүруіне жағдай жасалды. 1942 жылдың ортасында Гурьев рейдіне Астраханнан дебаркадер (баскеме) «Донбасс» көшіріліп, Астрахан теңіз рейдінің шұғыл аппаратының басшысы П.Н.Кубышин келді. Соңынан П.Н.Кубышин Гурьев рейдін басқарды.

Неміс самолеттерінің бомбалауының күшеюіне орай, Қазан төңкерісінің 10 жылдығы атындағы зауыт Баутиноға көшіріліп, Астрахан теңіз агенствосы бүкіл флотымен Гурьевке көшірілген. 1942 жылдың 1 тамызында агентство құрамында 4 теңіз буксирі, 6 рейд баржылары, 16 «Волготанкер» буксирі және 22 өзендік баржылар болды. Міне, осындай шаралардың жүргізілуі барысында Гурьев теңіз портының жұмысшылары көшіп келген еңбекшілермен бірге Отанымызды жаудан қорғауда өздерінің сүбелі үлестерін қосты. Жайық-Каспий және Каспий аң-балық трестер жүйесінде флотилия базаларының басқармасы құрылды. Базалар құрамына кемелердің дивизиондары, отрядтары, топтары кірді. Базалар мен дивизиондарда комиссарлар, саяси жетекшілер институттары құрылды. Балық өнеркәсібіндегі мекемелердегі балықшылар, жұмысшылар және қызметкерлер арасында әскери тәртіп орнатылды.

Әкімшілік қызметі жөнінен көп жағдайда саяси жетекшілерге, «нормаларын әдейі орындамайтындарды, еріншектер мен жағымпаздарды» жазалауға дейін шара қолдану құқы берілді.

Әкімшілік шаралар жүргізіліп, ұжымшар мен кеңшарлардағы еңбек үрдісін әскери тәртіпке көшіру, әйелдер мен жасөспірімдерді жаппай еңбекке тарту, ауылдарда техниканың азаюы, еңбекке ақының дұрыс төленбеуі, ұжымшаршылардың малдарын күшпен тартып алуы, соғыс салықтарының енгізілуі, міне осының бәрі ауыл еңбекшілерінің тұрмыстық жағдайына өзіндік әсер еткенімен, еңбекшілер «Бәрі майдан, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен жұмыс жасап, қиындыққа шыдап бақты.

1941 жылы 30 маусымда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі және БКП (б) ОК, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы қаулысы негізінде, мемлекеттік қорғаныс Комитеті құрылды. Кеңес үкіметінің шақыруымен кеңес халқы өз Отанын қорғауға аттанып, өкімет орындары алдында барлық соғыс жағдайында атқарып, тыл еңбеккерлері жұмысын ұйымдастыру міндеті тұрды. Міне, осыған сәйкес 1942 жылы қаңтарда Қазақстан Орталық Комитетінің VI Пленумы «Бүкіл жұмысты әскери жағдайға бейімдеу барысы және қайта құру міндеттері туралы» қаулы қабылдады.

Әскери уақытқа байланысты балық өнеркәсібінің кәсіпшіліктері өз жұмыстарын қайта құрды. Бұл Жайық-Каспий бассейндегі балық аулаудың жоспарларын бұрын орындау және асыра орындау үшін балықшылардың өзара еңбек жарыстарынан байқалды. Егер 1941 жылдың бірінші жартысында өндірістік жоспарды бірен-саран балық зауыты мен ұжымшарлар орындаса, ал үшінші тоқсанда мұндай жоспарды орындамаған бірде-бір мекеме, ұжымшар болған жоқ, көпшілігі жылдық жоспарды орындап шықты.

Мәселен, Каспий аң- балық тресі жылдық жоспарды 1941 жылы 15 қарашада абыроймен артығымен орындап, трест елімізге жоспардан тыс 9187 центнер балық беріп, жылдық жоспар 110,7 пайызға орындалды. Трест құрамындағы төрт балық зауыты жылдық жоспарларын орындады. Мәселен, Баутино балық зауыты 106,9 пайызға, Ералиев балық зауыты - 110,8 пайызға, №1 жүзбелі зауыт 116,6 пайызға, Са- уран балық зауыты 104,2 пайызға, моторлы-балық станциясы 104,5 пайызға, балық аулау базасы – 100,8 пайызға артығымен орындаған. 1941 жылдың 1 тамызында ҚК (б) П Гурьев облыстық Комитетінің бюро отырысы «Қорғаныс қорын құрудағы еңбекшілердің бұқаралық патриоттық қозғалысын қолдауда партия ұйымдарының басшылығы туралы» қаулы қабылдады. Еліміздің бүкіл өмірі ең қысқа мерзімде соғыс жағдайына бейімделіп тез қайта құрыла бастады.

Облыстағы іргелі кәсіпорындарының бірі Гурьев балық-құты комбинатындағы жұмыс соғыс жағдайына байланысты қайта құрылды. Жүздеген ер-азаматтар қолына қару алып, Отанымызды фашистік Германия басқыншыларынан қорғауға аттанды. Осындай ауыр кезеңде комбинат еңбекшілері кездескен қиыншылықтарды жеңе отырып, тәулік бойы үйлеріне бармай, аса зор жігермен еңбек етті.

Балық өнеркәсібінің басшылығының тара- пынан айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп, Ұлы Отан соғысының мәні және міндеттері жөнінде әңгіме, дәрістер оқылып, кеңес халқының бұл соғыстағы міндеттері жөнінде, социалистік жарысты кеңейту, стахановшылар қозғалысының дамуына ерекше көңіл бөлінді.

Балық-құты комбинатында 1934 жылдан бері жұмыс жасаған, стахановшы А.Байжігітова былай деп сөз алып, соғыс жағдайында әрбір еңбекші әйелдері кәсіпорындары мен ұжымшарларда еңбек энімділігін арттыру, елімізге сапалы өндіріс және тамақ өнімін мол өндіріп беру жолында жан аямай қызмет етіп жатқанынң, өзінің фашистік Германияның біздің елімізге шабуыл жасауымен байланысты, өндірістегі еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыратындығың, балық кесудің жаңа техникасын қолданып, күндік жұмыс норма- сын 150 пайыздан орындап жүргенін айта келе, «бұл қарқынымды алдағы уақытта бәсеңсітпей, өзіммен бірге балық кесу цехындағы істейтін барлық жұмысшы әйелдердің стахановша жұмыс жасауына көмектесемін» деп уәде беріп, балықшыларды жасампаз еңбекке шақырған.

Елдегі ер азаматтардың майданға аттануына байланысты, еңбек вахтасында жұмыс күшінің жеткіліксіздігін көрген және отанымызға төнген қауіпті барынша сезінген әйелдер мен жасөспірім балалар комбинатқа жұмысқа келе бастады. Соғыстың алғашқы айларында- ақ комбинатқа үй шаруасындағы 60 әйел жұмысқа шыққан. Олар дайын өнімдерді вагонға тиеп, өндірістің аса күрделі де жауапты бөліктерінде болды. Комбинат жұмысшылары тәулік бойы еңбек вахтасында тұрып, күн сайын отанымыздың қорғаныс қорына қосымша 2-3 сағат еңбек етті.

Комбинат құрамындағы бастауыш партия ұйымы бұқаралық- саяси жұмысын соғыс жағдайына сәйкес қайта құрды. Өндірісте тікелей жұмыс істейтін коммунистердің барлығы бірдей дерлік күндік нормаларын үнемі артығымен орындап, жетекшілік рөл атқарды. Құты цехында жасайтын коммунист Қ.Ақжігітов 3 станокта жұмыс жасап, қыркүйек айының жоспарын 145 пайыз, қазан айының жо спарын 115 пайызға орындап, еңбек ерлігі үлгісін көрсетті.

Осы цехтағы Аблемов та 3 станокта жұмыс істеп, қыркүйек айының жо спарын 127 пайызға, тоңазыту цехындағы Демесінов жоспарды 127 пайызға орындаған.Коммунистер өз ұжымдарында Ұлы Қазан мерекесі алдындағы социалистік жарысты бастап мерекені лайықты табыстармен қарсы алу, майдандағы Қызыл Армияға өнімді жеткілікті беру үшін күресті күшейтуге үндеу тастады.Міне, осындай шаралардың нәтижесінде комбинат 1941 жылдың үшінші тоқсанын 730,5 пайызға, 10 қарашаға дейінгі мерзімде жылдық жоспарлық тапсырманы 75,8 пайызға артық орындаған.

Облыстық кеңестің атқару комитетінің 1941 жылдың 24 қарашасындағы №73 «Жаңадан құрылған ұлттық-әскери бөлімдерді май және балықпен қамтамасыз ету» туралы қаулысына сәйкес Жайық-Каспий тресінің бастығы Кузнецовқа Ақтөбе қаласына 25 тонна, Қостанай қаласына 20 тонна балықтарды жіберу жүктеліп, оны төмендегі аудандардың ұжымшарлары кері орнын толтыруы тиісті болды.

Аталған жылы Отан қорына Теңіз ауданы балықшылары – 22 тонна, Новобогат ауданы – 4 тонна, Бақсай ауданы – 6 тонна, Шевченко ауданы – 8 тонна, Гурьев қаласы – 5 тонна балық тапсыр- ды. Сонымен бірге, қалалық атқару комитеті Алғабас ұжымшарына - 1 тонна, «Ракушаға» - 1 тонна, «Еркінқалаға» - 1 тонна, «Крас- ный морякқа» - 500 кг, «Үлкен көлге» - 500 кг, «Микоян» атындағы ұжымшарға 1 тонна балық өнімдерін Жайық-Каспий тресіне балық тапсыруды жүктеді.

Ұлы Отан соғысының жылдарында Жайық-Каспий өңіріндегі еңбеккерлер өздерінің қажырлы еңбегімен майдандағы жауынгерлерге дем беріп, оларды үздіксіз азық-түлікпен, киіммен қамтамасыз етіп отыруға зор үлес қосты. Облыс экономикасының маңызды салаларының бірі болып есептелетін балық өнеркәсібі, қаһарлы жылдарда қарыштай алға басты.

1941 жылдың 10 маусымында «Правда» газеті: «Енді бізде бейбіт кәсіпорындар болуы мүмкін емес, әрбір зауыт, әрбір фабрика соғыс қажетін қанағаттандыру үшін жұмыс жасауы керек» деп жазды. Ең қысқа мерзімде Атырау облысының кәсіпорындары соғыс жағдайына бейімделіп, тез қайта құрыла бастады. Ұлы Отан соғысының бүкіл барысында майдан мен тылдың бірлігі айқын көрінді.

Майдандағы жауынгерлер мен облыс еңбекшілерін балық және оның өнімдерімен қамтамасыз ету Каспий балықшыларынан бірқалыпты қарқынды жұмыс пен жоғары еңбек ұйымдастыруды талап етті. Осынау ел басына күн туған шақта майданға аттанған ерлердің орнын қыз-келіншектер, бала-шаға алмастырып, арқаға түскен ауыртпалықты қабақ шытпай көтере білді. Сол күндерді басынан өткізген балық өндірісінің ардагері Т.Мұсағалиевтің естелігінде «Теңіздің қаһары күзге қарай өршелене түсті. Қарасуық күндері қатты жел соққанда ауды құрып, жинаудың өзі тіптен қиын. Машина, механизм атаулы атымен жоқ. Жұмыс киімі жетіспейді. Ең қиыны қатты суықтарда аудың табанын белшеден суға ба- тып, аяқпен басу болатын. Міне осындай қиын жұмысқа соғыс жылдарында аушы әйелдер төзе білді» - деп жазған.

Соғыстың алғашқы кезінде Республика балық өнеркәсібінің алыбы болып есептелетін балық-құты комбинатының жұмысшылары кездескен қиыншылықтарды жеңе отырып, аса зор жігермен еңбек етті. Балық өндірісінің майталманы, Социалистік Еңбек Ері Айнаш Байжігітова осы қаһарлы жылдарды еске ала отырып: «Әйтеуір балықты жас балалар мен қыздар бөшкемен тасып үлгеріп беріп тұрды.

Біздің міндет - балық кесу. Бұл бір асқан мұқияттылықты, оған қоса шапшаңдықты керек ететін кәсіп. Мен бұл жұмысты көптеген жасқа үйреттім. Олардың көрген бейнеті босқа кеткен жоқ. Ақыры маңдай тері, төккен бейнетінің зейнеті жеңіс сағатын жақындатты» - деп әңгімелейді. 1941-1943 жылдар аралығында Кеңес Одағының қорғаныс қорына облыс еңбекшілері өздерінің бір күндік еңбек ақыларын өткізді. Гурьев банкі қызметкерлері 2850 сом, Гурьев халыққа білім беру бөлімі мұғалімдерімен бірге 15794 сом, Гурьев қалалық сауда бөлімі 45377 сом, Гурьев аудандық партия комитеті 1562 сом ақшаларын жұмсады.

Мемлекеттік Қорғаныс қорына Гурьев облысының балықшылары да өздерінің сүбелі үлесін қосты. Жайық-Каспий мемлекеттік балық тресінің ұжымы 1941-1942 жылдары, 1943 жылдың бірінші тоқсанында бір күндік еңбек ақыларын қорғаныс қорына 18470 сом ақшамен және 64300 сом мемлекеттік әскери заем облигациясымен берген.1941-1943 жылдары Баутино балық комбинатының жұмысшылары мен қызметкерлері Отанымыздың қорғаныс қорына мемлекеттік заем облигациясымен 3620 сом және бір күндік еңбек ақы 23332 сом ақша аударды.

Гурьев моторлы балық аулау станция жұмысшылары мен қызметкерлері қорғаныс қорына бір күндік еңбек ақыларын 15346 сом, мемлекеттік аулау базасы - 35367 сом, Гурьев Балық Одағының ұжымы 2067 сом және Гурьев балық-құты комбинаты 41338 сом ақша аударды. Гурьев қаласындағы Микоян атындағы ұжымшардың комсомолдары 10 000 сомға, алдыңғы қатарлы комсомол мүшелері Дүйсембай Адасов, Бошан Досалиев, Мұқан Досымбаев тағы басқалары әрқайсысы 2300 сомның заемына жазылды. №11 жүзбелі балық зауытының ұжымы түгелімен екі айлық еңбек ақыларына жазылып, оны 5 айда өтеп болуға міндеттенді. Бүкіл ұжым 150 000 сомның заемына жазылды. В.Поляков, С.Баженов, М.Габдулиев жолдастар әрқайсысы 5 мың сомға жазылып, басқаларға үлгі көрсетті.

Гурьев балықшы ұжымшар одағының ұжымы отан қорғау күшін нығайтуға өз қаржыларымен көмектесу мақсатында екі айлық еңбек ақыларына жазылды. Айлық еңбек ақы қоры 11275 сом болса, заемға жазылған сомма 230645 сомға жетті, яғни 210 пайыз. Бұның ішінде 2720 сом қолма-қол төленді. Үй шаруасындағы әйелдер 850 сомды қолма-қол төледі. Шевченко, Новобогат, Гурьев және Теңіз аудандары Отанымыздың қорғаныс қорына жоспардан асыра ауланған мыңдаған центнер балық берді. Тек Микоян атындағы Гурьев балық ұжымшары 1943 жылдың өзінде-ақ жоспардан тыс 36 мың пұт балық тапсырған.

1944 жылдың 1-тоқсанында 10 мың пұт, соғыс жылдарында Гурьев облысының балықшылары қорғаныс қорына 1 200 мың пұт балықты жоспардан тыс өткізген болатын.1944 жылы Гурьев балық-құты зауытының жұмысшылары мен қызметкерлері сапалы балық өнімдерін шығаруға күш салып, бүкілодақтық социалистік жарысқа қосыла отырып, 1944 жылдың жоспарын 7 қарашаға орындау; 1-ші тоқсанның жоспарын 250 пайызға орындап, жоспардан тыс тоқсанның аяғында 5000 центнер балық өнімдерін тапсыру; 2-ші тоқсанның жоспарын 25 мамырға орындап, жоспардан тыс 3 000 центнер балық өнімін тапсыру міндеттемелерін алды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында балықшылар «Бәрі майдан үшін! Бәрі жеңіс үшін!» деген ұранмен нағыз ерлерше еңбек етті.

Соғыс жылдарында облысымыздың балық өнеркәсібінде 63 балықшы ұжымшар, сегіз жүзбелі зауыт, Шортанбай балық зауыты, Баутино балық комбинаты, С.М.Киров атындағы мемлекеттік аулау базасы, Гурьев балық-құты комбинаты, Жайық-Каспий тресінің екі балық өңдеу зауыты және моторлы балық аулау станциялары жұмыс істеді.

Олар өздерінің жанқиярлық еңбегімен жеңісті жақындата түсуге елеулі үлестерін қосты. Алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен ұжымшаршылар жоғарғы көрсеткіштерге жетті. Мәселен, «Ново-лицевой» балық зауытының тартым меңгерушісі С. Қисықбасов, құты зауыты жұмысшылары Б.Құбиева, Т.Балағаева, балық кесушісі А.Жақсыбаева, т.б. күндік тапсырмаларды 180-235 пайызға артық орындады. Еңбек өнімділігінің артуы балық

өнеркәсібінде стахановшылдық қозғалыстың кеңінен өрістеуіне алып келіп, уақыт өткен сайын олардың саны арта түскен, мәселен, 1941 жылы 495 адам болса, 1945 жылы олардың саны 1759 адамға жеткен. Барлық балықшы-ұжымшарлар 1941-1945 жылдардағы өз жоспарларын ойдағыдай аяқтады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жайық-Каспий бассейнінің балықшылары мемлекетке 3 миллионға жуық центнер ысталған, кептірілген, дегдітілген және тоңазытылған балық өнімдерін, бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын, құтыларын, итбалық майын басқа да балық өнімдерін берді. Қорыта келе, соғысқа дейінгі кезде өлкедегі балық шаруашылығы ірі өндірістік кешенге айналды. Аталған саланы дамытуға арналған шаралар алынып, мамандар дайындау ісі жолға қойылған.

Арнайы оқу орындары ашылып, Қазақстанның батыс өлкесі балық аулау және өңдеу кәсіпшіліктерінің жас мамандармен толықты. Балық шаруашылығын басқаруға арналған құрылымдық өзгерістер жүргізіліп, мекемелерде басқару орталықтандырылды. Алынған шаралар көп ұзамай өз нәтижесін беріп, Жайық-Каспий бассейндегі балық өнеркәсібі қарқынды дамып, шаруашылық-экономикалық көрсеткіштері өсіп, мамандармен толығып, балық аулау мен балық өнімдерін өңдеудің технологиясы арта түсті. Көп ұзамай-ақ, басталған соғыс балық шаруашылығының дамуына әсерін тигізіп, сала жұмысы соғыс жағдайына сай қайта құрылды.

Соғыс жылдарында қарқынды жұмыс жасау үшін инфрақұрылым жасақталып, порттардың ауқымы кеңейтіліп, тылдағы балық аулау ауқымы өсті. Көптеген өндіріс орындары мен түрлі ұлт өкілдері эвакуацияға ұшырап, өлкемізге көшіріліп орналастырылды. Балық кәсіпшілігіндегі көптеген жұмыстар әйелдер күшімен атқарылды. Соғыс жағдайына сай қайта құрылған еліміздің балық кәсіпшілігіне қарасты мекемелер жемісті еңбек етті. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында қарапайым еңбек адамдарының қажырлы еңбегінің арқасында, майданға күндіз-түні балық өнімдері жөнелтіліп, жеңіс сағатын жақындатуға облыс балықшылары өздерінің сүбелі үлесін қосты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Таиров М.Т. Рыбное хозяйство Казахской ССР и перспективы его развитие // Автореферат... к.и.н. – Алма-Ата, 1974. – 20 с.

2. Каженбаев С.К., Нюжгиров А. Рыбная промышленность Казахстана /стат. справочник/ – Москва: Пищевая промышленность, 1968. – 175 с.;

3. Каженбаев С.К. Рыбное хозяйства Казахстана и проблемы повышения его эффективности. – Алма-Ата, 1987. – 173 с.

4. Ужкенов В.С. Каспий – край рыбацкой славы. – Алматы, 1987. – 183 с.;

УДК 305.2:364.

OILAVIY ZO‘ROVONLIK FENOMENINI O‘RGANISHGA KONSEPTUAL YONDASHUVLAR

Norboyeva Dilnoza Arziqulovna, CHDPU, magistrant
Ilmiy rahbar: G.G’affarova – CHDPU, professor

KIRISH Bugungi murakkab, globallashgan va vertuallikka asoslangan davrda insonlar orasidagi munosabatlar ham xilma xil tarzda namoyon bo‘lmoqda. Ayniqsa, insonlar o‘rtasidagi axloqiy, ma’naviy, ijtimoiy munosabatlar globallashuv jarayoni ta’sirida transformatsiyalashib o‘ziga xos tabiatni shakllantirmoqda. Xususan, zo‘ravonlik jamiyatdagi eng yomon illat sifatida insonlar o‘rtasidagi tenglikni, erkinlikni yo‘qqa chiqarmoqda. Bu esa qaramlik, qullik, boshqalar ustidan hukm

yuritish, ularni tahqirlash va kamsitishga olib keladi. Ular orasida xotin-qizlarga nisbatan tazyiq va zo‘ravonlikka asoslangan munosabatlar ijtimoiy tarmoqlar orqali tez tez tilga olinayotgan muammolar jumlasiga kirmoqda. Shu sababli bugungi kunda bolalar va xotin-qizlarga nisbatan tazyiq va zo‘rovonlikning oldini olish, ularni aniqlash, ularga chek qo‘yish uchun samarali tashkiliy-huquqiy mexanizmlarni yaratish zaruriyat sifatida qarash lozim.

Ma’lumki, 25 noyabr – Xalqaro xotin-qizlarga nisbatan zo‘ravonlikka barham berish kuni deb belgilangani ham ushbu mavzuning bugungi kunda jamiyat taraqqiyotida dolzarb muammolardan ekanligini bildiradi. Material va metodlar Oiladagi zo'ravonlikning ijtimoiy muammosi dunyoning ko'plab mamlakatlarida sotsiologlar, psixologlar, tarixchilar, huquqshunoslar, shuningdek, boshqa gumanitar fanlar vakillari tomonidan o'rganiladi. Oiladagi zo'ravonlik muammosini o'rganishga global yondashuv olimlar va siyosatchilarga boshqa mamlakatlarning ushbu sohadagi ijobiy va salbiy tajribasini hisobga olish imkonini beradi.

A.M. Maks esa har bir alohida mamlakatda oilaviy tajovuz qurbonlari ahvolini yaxshilash jarayonini tezlashtiradi, deb ta'kidlaydi.

A.M. Maks fikricha, «oiladagi zo'ravonlik muammosini o'rganishga global yondashuv olimlar va siyosatchilarga boshqa mamlakatlarning bu boradagi ijobiy va salbiy tajribasini hisobga olish va shu orqali har bir alohida mamlakatda oilaviy tajovuz qurbonlari ahvolini yaxshilash jarayonini tezlashtirish imkonini beradi»[1]. Har bir davrda zo‘ravonlik ko‘rinishlari mavjud bo‘lib har birining o‘ziga xos xususiyatlarga ega ekanligini ilmiy manbalarda tahlil etilgan. Ushbu maqolada analiz, sintez, induksiya, deduksiya kabi metodlardan foydalanildi. Olingan natijalar va muhokama Oiladagi zo‘ravonlik zamonaviy jamiyatning asosiy muammolaridan biridir. Ro‘yxatga olingan va anonim oiladagi zo‘ravonlik statistikasi shuni ko‘rsatadiki, oiladagi zo‘ravonlik ko‘pgina mamlakatlarda o‘rtacha oilada tez-tez uchraydigan hodisaga aylanmoqda. Nazorat va majburlashga asoslangan ijtimoiy zo‘ravonlik u yoki bu darajada E.Dyurkgeym, so‘ngra T.Parsons tomonidan o‘rganilgan[2, 400 c]. Jamiyatdagi zo‘ravonlik munosabatlarining psixologik jihatlari S.Freyd, X.Xorni va C.Yung tadqiqotlarida ko‘rib chiqilgan[3, 352 c]. Oilani o‘rganishga P.Sorokin bebaho hissa qo‘shdi, u oilaning institutsional xususiyatlarini tahlil qilib, oilani jamiyatning asosiy tarkibiy birligi deb hisobladi. Ushbu yondashuv bilan oilaning institutsional funksiyalari chuqur o‘ziga xos va boshqa ijtimoiy institutlarning o‘xshash funksiyalari bilan almashtirib bo‘lmaydigan tarzda belgilanadi.

Aynan maishiy zo‘ravonlik XX-asrning ikkinchi yarmida faol o‘rganila boshlandi. Bolalarga nisbatan oilaviy zo‘ravonlikning ijtimoiy jihatlari N.M.Rimashevskaya, G.I Sillaste, E.Tsimbala, I.I. Shurygina T.Y. Safonova asarlarida ko‘rib chiqilgan. Rossiyadagi oilaviy zo‘ravonlikning turli ijtimoiy jihatlari I.V.Rodina, M.P.Pisklakova-Parker, M.V. Smagina, I.V Soshnikova, I.F.Dementiyeva, N.O.Pleshkovalarning dissertatsiya tadqiqoti doirasida tahlil qilindi. «Oilada zo‘ravonlik» tushunchasini birinchi marta I.G.Malkinoy-Pix, A.V.Vigodskoy, S.Y.Salamovoy, E.G. Krug va boshqalar o‘z tadqiqotlarida keltirib o‘tganlar. JSST ekspertlari (E.G.Krug va uning hamkasblari) oiladagi zo‘ravonlik tushunchasini quyidagicha izohlaydilar: «Oila a’zolari va sheriklar o‘rtasida sodir bo‘ladigan zo‘ravonlik (odatda doimiy bo‘lmasa)»[4, 376 c]. Oilaviy zo‘ravonlikning ikkita asosiy qurboni mavjud: ayollar va bolalar. Erkaklarda o‘z ayollariga ko‘pincha, jismonan va subyektiv (axloqiy) tayziq o‘tkazish holatlari mavjud[5]. R.Ismaylova ilmiy tadqiqotlarida oilada psixologik zo‘rovonlik, sabablari, oqibatlari va bartaraf etish usullari, G.P.Afonkin «Rossiyada oilaviy (maishiy) zo'ravonlik uchun jinoiy javobgarlikni huquqiy ta'minlashning zamonaviy muammolari»[6, 56-74]. N.V.Dosina, Y.O. Smirnov «Oila hokimiyati zo'ravonlik manbai sifatida (ijtimoiy siyosatda nazorat va yengish muammosi), V.M. Zakirova «Ajralish va oiladagi zo'ravonlik - oilaviy disfunktsiya hodisalari”, V.V.Pechenkin «Oilaviy zo'ravonlik muammosini hal qilishda idoralararo hamkorlik», I.V.Popova “Oiladagi zo'ravonlik muammosini o'rganish tajribasi”, A.Y.Slanova «Oiladagi zo'ravonlik zamonaviy Rossiyada ijtimoiy muammo sifatida» [7, 116-118 cc]. kabi muammolar tahlil etilgan. Mahalliy olimlardan zo‘ravonlik, oilaviy zo‘ravonlik masalalari bilan bog‘liq bo‘lgan tarixiy, huquqiy, falsafiy

muammolari tahlil etilgan. M.R. Sultonova asarlarida xotin-qizlarga nisbatan zo‘ravonlik muammosining ijtimoiy-psixologik jihatlari, X.Sh. Ziyavutdinova ijtimoiy rollar va qadriyatlarning ayollarga nisbatan zo‘ravonlikni shakllanishiga ta’sirini tahlil etgan.

Har qanday zo‘ravonlikning zamirida tajovuzkor xatti-harakatlar yotadi. Erkaklar va ayollar o‘zlarining tajovuzkor munosabatlari bilan farq qiladi. Erkaklar o‘zlarida aybdorlik va tashvishni kamroq his qilishadi. Ayollar tajovuz natijasi nima bo‘lishi mumkinligi haqida ko‘proq tashvishlanadilar. A.A.Maksimenkov va A.V.Moyorovlar zo‘ravonlikdan jabrlangan ayollarning psixologik jihatlariga alohida e’tibor qaratishadi va ularda potologik qo‘rqoqlik va yumshoqlik, isterya, o‘zini boshqarolmaslik va rigidlik kabi psixopat shaxsga xos xususiyatlarni ham tekshirish kerakligini ta’kidlaydilar. A.M. Matusevich ва L.V. Kubishkolar zo‘ravonlik qurbonlariga xos psixologik xususiyatlariga o‘z-o‘zini yetarlicha qadrlamaslik, empatiya, subyektiv nazorat darajasining pastligi, doimiy ijtimoiy qo‘llab-quvvatlashga ehtiyojning yuqoriligi, muloqot ko‘nikmasining kamligi, umidsizlik xissining yuqoriligi kabilarni kiritadilar.

Bir qator dolzarb psixologik tadqiqotlarda zo‘ravonlikka uchragan ayollarning zo‘ravonlikka moyilligini aniqlash, o‘rganish, tushuntirishga harakat qilinadi (A.M. Barishpolets, A.Y. Xolodov, V.S.Kiselev, N.N. Biktina). A.M. Barishpolets va A.Y. Xolodovlar ko‘pincha zo‘ravonlik qurboni bo‘lgan ayollarda kuchli ximoya mexanizmlari, o‘z xafsizligidan doimiy xavotir, xaddan tashqari ehtiyotkorlikka moyillik, ortiqcha itoatkorlik va passiv hayotiy pozitsiya mavjud degan xulosaga keladilar.

A.B.Orlovning so‘zlariga ko‘ra, oiladagi psixologik zo‘ravonlikning passiv jihati zo‘ravonlik qurbonlarining shaxsiy va psixologik xususiyatlari bilan bog‘liq. Uning xulosalariga ko‘ra, psixologik zo‘ravonlikning qurbonlarining aksariyati o‘ziga va hayotga bo‘lgan ishonchini past, o‘zini anglashda psixologik muammolari mavjud, doimiy tashqi nazorat, o‘zidan tashvishlanish, kommunikativ qobiliyatsiz va o‘zini past baholaydilar.

S.S.Konstantinova fikricha, jabrlanuvchining vaziyati tashqi tomondan bo‘ladigan ta’sir va boshqaruvga bog‘liq bo‘lishi mumkinligini taxmin qiladi, asossiz aybdorlik va muammoni rad etish o‘ziga nisbatan tanqidiy qarash bilan bog‘liq bo‘lishi mumkin.

A.S.Zubritskaya fikricha, zo‘ravonlik qurboni bo‘lgan ayollar tashqaridan nazorat qilinadi va ular qachonlardir vaziyat ijobiy tomonga o‘zgarishiga, «nazoratchi» rahmshavqat qilishiga ishonadilar. Oilaviy zo‘ravonlikka uchragan ayollarning atigi 3 foizi o‘zini-o‘zi (ichki) nazorat qiladilar. Bundan tashqari, ayollar o‘zlarida kuchli aybdorlik tuyg‘usini xis qilishlari, zo‘ravonning xatti-harakatini, tanqid qilish, tekshirish va vaziyatni baholash qobiliyatlarini pasayishiga sabab bo‘ladi.

XULOSA Ta’kidlash kerakki, bolalar va xotin-qizlarga nisbatan tazyiq va zo‘rovonlikning vujudga kelish sabablari, uni shakllanishiga sabab bo‘lgan omillar hamda zo‘ravonlikni oldini olishga qaratilgan islohotlar ham bu muammolarni davlat siyosati darajasiga ko‘tarilganidan dalolat beradi.

Xususan, 2019 yil 2-sentabrda O‘zbekiston Respublikasining xotin-qizlarni tazyiq va zo‘ravonlikdan himoya qilish to‘g‘risidagi qonuni qabul qilindi. Ushbu qonunda xotin-qizlarni tazyiq va zo‘ravonlikning barcha shakllaridan himoya qilish sohasidagi munosabatlarni tartibga solish nazarda tutilgan.

Foydalanilgan manbalar ro'yxati:

1. Мэкс А.М. Социальные условия насилия в семейном поведении: Анализ насилия в американской семье. – Режим доступа: http://www.dissercat.com/content/ amerikanskoiseme#ixzz3N7ToMgpo

2. Дюркгейм Э. Социология. Ее предмет, метод, предназначение / Пер. с фр. - СПб.: Терра, 2008. - 400 с.; Парсонс Т. О социальных системах / Пер. с англ., под общ. ред. В.Ф. Чесноковой, С.А. Белановского. - М.: Академический проект, 2002. - 832 с.

3. Юнг К.Г. Человек и его символы / К.Г. Юнг, М. - Л. фон Франц, Дж. Л. Хендерсон, И. Якоби, А. Яффе; пер. с англ. И.Н. Сиренко, С.Н. Сиренко, Н.А. Сиренко, под общ. ред. С.Н. Сиренко. - М.: Серебряные нити, 2006. - 352 с.

4. Насилие и его влияние на здоровье. Доклад о ситуации в мире / Под ред. Этьенна Г. Круга и др./ Пер. с англ. М: Издательство «Весь Мир», 2003. - 376 с.

5. Мазан Ю.Ф. Проблема насилия над женщиной в семье. - Минск, 2015.

6. Афонькин Г.П. Современные проблемы правового обеспечения уголовной ответственности за семейное (домашнее) насилие в России // Полицейская и следственная деятельность. 2013. № 3. С.56-74. DOI: 10.7256/2306 4218.2013.3.8912. URL: http://enotabene.ru/pm/article_8912.html

7. Досина Н.В., Смирнов Я.О. Семейная власть как источник насилия (проблема контроля и преодоления в социальной политике) // Власть. 2009. №12. С. 116-118.; Закирова В.М. Развод и насилие в семье - феномены семейного неблагополучия // Социологические исследования. 2002. №12. С. 131-134; Печенкин В.В. Межведомственное взаимодействие в сфере решения проблемы насилия в семье //

ӘОЖ 821.5

ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Орынбасар Жансая
Zhansaya.orinbasar@icloud.com
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші: Философия ғылымдарының докторы,профессор Бекежан Ө.Қ

Бұл мақалада қазақ халқының XIX ғасырдағы қиын-қыстау кезеңін, яғни отаршылдық дәуірін және осы кезеңдегі ақындардың қоғамға, әлеуметтік теңсіздікке, ұлттық тәуелсіздік көзқарастары талданады. Зар заман ақындары әділетті қоғам құру, ұлттық бірлікті сақтау қажеттігін жырлаған. Аталған мәселелер қазіргі қоғам үшін де өте маңызды.Қалың жұрттың қайғысын ақтарушы М.Әуезов: «Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі халықтың тұнжырайып тұрған бейнесінен, ыңырanып,күрсінген күйін білдіреді. Не болса да артқа қайтар күн жоқ. Өлімге кетсе де алға кететін болған соң артқы бостандықпен әлдеқайда қоштастық»- деп өз пікірін білдіреді.

Зар заман поэзиясы – XIX ғасырда қазақ қоғамында орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістерге байланысты туған әдеби бағыт.

XIX ғасырдың орта тұсынан бастап қазақ даласында орыс отаршылдығы барынша күшейе түсті. Тыныш жатқан қазақ халқының ұйқысын қашырған жаңалық

Ресей патшалығының 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғыны» және 1868 жылғы «Жаңа реформа» заңдарын енгізіп, хандық билікті жойды, қазақ жерін тікелей басқаруға көшті. Бұл қазақ халқы үшін дүр сілкіндірген жағдай болғаны сонша халықтың жағдайы қатты төмендеп кетті. Салықтың көбеюі, жердің отарлануы, халықтың өз билігінен айырылуы халықпен бірге ақындарды қатты қынжылтты.

М.Әуезов осы бір қиын қыстау дәуірін жырлайтын жырауларды «зар заман ақындары» деп атады. Ал «зар заман» деген ұғымның өзі Шортанбай Қанайұлының заман жағдайын жеткізген өлең аты. Шортанбай ақын секілді халқының мұң-мұқтажын жеткізген жырауларды «Зар Заман ақындары» атауына ие болды.

Алаш қозғалысының қайраткері, саяси тұлға Халел Досмұхамедұлы М.Әуезовтің бұл пікірінен кейін де өз тұжырымымен бөлісті. «Год работы Казахского высшего педагогического

института» атты жинаққа енген «Қазақ халық әдебиеті.Қысқаша очерк» деген зерттеуінде поэзия түрлерінің бірін –«зар заман «деп атағаны белгілі.Яғни, сол заманның салт- санасының өзгеруі, әдет-ғұрыптарының артта қалуы, билердің әділетсіздігі мен өз қамын ойлаушылардың пәтуасыздығын, адамдардың адамгершілік қасиеттерін, жайылым-қоныстардың тарылуы деп жіктеген.

Алайда күні кешеге дейін қазақ әдебиетінің тұлғалы өкілдері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Кердәрі Әбубәкір ағартушылық демократияшылдық бағытқа қарсы кертартпа бағыттың өкілі ретінде бағаланды. Ақындарымыздың сол кезеңдегі халықтың мұңын жеткізгені жоғарғы билік өкілдеріне ұнамай, олардың күні- түні халқы үшін азаттықты жырлаған жырларына кері көзқарас танытты. Олай тұсау салуының себебі де осы.

Зар заман ақындарының қайраткерлік деңгейге көтерілуі отаршылдықтың күшеюімен байланысты болды. Олар өздерінің бар күш-қуаты мен дарынын халықтың санасын оятуға бағыттады. Ақындар қауіп-қатерді, әділетсіздікті алдын ала ескертіп, оның зардаптарын айқын суреттеді. Елдің тұтастығына нұқсан келтірген отарлаушылардың сұрқия бейнесін жасап, олардың айла-шарғыларын әшкереледі.

Сондай-ақ, сол зұлымдыққа жол ашқан өз халқы ішіндегі опасыз жандарды да аяусыз сынға алды. Кейбір сәттерде ел бірлігінің әлсіреуіне күйініш білдіріп, оның салдарын ашып көрсетті. Зар заман оқиғаларын шынайы түрде сипаттап, кейінгі ұрпаққа тағылым ретінде мұра етіп қалдырды.

Енді еркіндік заман жоқ,
Дұшпанның құрған торы бар.
Ендігі туған жігіттің
Мандайының соры бар, -деп қазақ даласының зілдей басқан қара күшін байқаған Шортанбай Қанайұлы философиясының мәні осынау заманнан бастау алады.

Шортанбай өмір сүрген заман халықтың қонысынан тарылып, түрлі бекіністер салынған,қазақтың көптеген қалаларының Ресейге бағына бастаған кезі болатын.Осыларды көрген ақын халықтың көзі ашып, санасын оятқысы келді.Елді ішкі сыртқы бірлікке шақырып, елін-жерін сақтауға шақырды.

Сонымен қатар оның қорқынышы сол замандағы адамдар адамгершілік қасиеттерінен айырылып, үлкенді сыйлау азайып барады деп шошынады.

С.Мұқанов ақын поэзиясын зерттей келе:

«Шортанбайдың үш зары бар.Олар: «Зар заман», «Бала зар», «Өлер зар».Осы үш зарда да халықтың басына түскен зарды, заманның зарын айтқан»,- дейді.

Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусыз тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы — жаннан түңілген,
Жаман — малдан түңілген,
Мұның өзі — зар заман.
Зарлығының белгісі:
Бір - бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген,
Мұның өзі — тар заман, -деген Ш.Қанайұлының «Зар заман» өлеңіндегі идея сол кезеңдегі әлеуметтік жағдайды көрсетті.

Оның өлең жолдарындағы «Азулыға бар заман» дегені сол дәуірдегі билік өкілдерінің қолында күш болғасын олар үшін барлығы құлпысы ашық кілт секілді бар болуы. Ал «Азусызға

тар заман» дегені халықтың әлсіздігі мен биліктің ісіне ештеңе дей алмай,бәріне көз жұмуы заманның тарлығында болған.

Ш.Қанайұлының өлеңдерінен азған заманның қай жақтан келгенін бірден байқауға болады.Ақша - сауда капиталының қазақтың байлығын соруға келген елшісі. Сауда-саттыққа ғана негізделген қатынас адамдар арасындағы байланысты ығыстырып, оларды тек ақша тілінде сөйлетеді.

Асылық асқан заманда,
Алуан- алуан жау шықты,
Арам ораз хан шықты,
Қайырымы жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,

Ақша деген мал шықты.- деп азған заманның қай жақтан келгенін бірден байқаған ақын сырттан ақша қуып келген саудагерлерді ғана емес, сауда жолын түсініп,құныққан байларды да байқады.

Қазақ-қазақ" деп зарланғанмен, Шортанбайға аты қазақтың бәрі бір емес. Оның жаны ашитыны да, халіне қайғыратыны да халықтың көпшілігі – кедейлер.

Кеңес кетпес үйіңнен,
Жаман болып, тоқ болсаң,
Үйіңе ешкім келмейді.
Ассыз кедей, жоқ болсаң,
Тілің менен қолыңды,
Шолақ қылар әр неге,
Ортадан жалғыз дақ болсаң....
Кедей байға ермейді,
Бай кедейді көрмейді,
Қызметін бір күн қылмаса,
Майлы сорпа бермейді.

Байлардың, байшыл үкіметтің кедейді қандай әдіспен жейтіндігіне Шортанбай жалпы қарамай, конкретті мысалдар алады:

“Байды құдай атқаны –
Жабағы жүнін сатқаны.
Кедей қайтіп күн көрер,
Жаз жатақта жатқаны?”

-«Осынша азды ел неден?» өлеңінде қазақ қоғамындағы кедейдің тұрмыс-тіршілігі суреттеледі. Кедейдің жаз бойы қара жұмыс істеп, қыста аш-жалаңаш күн көруге мәжбүр екенін көрсетеді.

Ал тілмаштар мен билердің әділетсіздігін айыптайды:

«Жалғыз сиыры бар болса,
Соғымына сояды.
Кедейге салып ‘шығынды’,
Араны ‘бидің’ тояды.”

Бұл өлең жолдарынан кедейдің қолында бар-жоғы жалғыз малы болса да, билік оны түрлі сылтаулармен тартып алып, өз пайдасына жаратады.

Шортанбай сияқты, ел арасында қожа атанған, мұсыл-манша оқыған, дінге сенетін адам, өлерінде ақырет сөзін ғана айтып, құдайдан иман тілеп зарлап, дүние сөзін ауызға алмауы тиісті еді. Шортанбай өйтпейді.

Ол өлердегі халқына айтқан өсиетінде де «өлген соң маған дұға қыла көріңдер» деп жалынбай, елдің басты адамдарына халқын тапсырады, халқының мұңын айтады. Осы өсиетін орындау үшін ғана Шортанбай дінді, ақыретті өсиет айтқандардың алдына көлденең тартып, халыққа мейірімсіз әкімдерідің қатал көңілін дінмен, ақыретпен өсиет арқылы жібіткісі келеді:

Болыстарға айтатын өсиеті:
Дүниенің малы үшін,
Ақтан аттап өтпеңдер
Старшын, болыс болам деп,
Ысырап қып малды төкпеңдер.
Ақсақалдарға айтқан өсиеті:
Үлкендер саған айтайын,
Дүниенің боғы үшін,Тура жолдан азбаңдар;
Тәнірге бекер жазбаңдар.
Тентек болма балаға.
Безер болма келінге
Қадірің кетер еліңе,
Қарауыл қой сөзіңе,
Қанша нәрсе ереді,

Өлгеннен соң өзіңе,- деген өсиет сөздерінде еңкейген елудегі қариядан кішкентай балаға дейін арналған өсиетінің мәні сол заманның әлеуметтік идеясын білдірді.

Ақын заманның бұзылуымен қатар тұрмыстық өмірдегі әйел мен күйеу арасындағы байланысты да жеткізеді. Оны мына бір өлең жолдарынан мысал келтірейік:

Алдым деп қатын мастанба
Жаман қатын алғаның –
Басы жұмыр пендеге,
Алланың салған пәлесі.
Киімі тағы өзінің май-май ғана.
Байымен ұрысса да таймай ғана.
Сыртына ожауының битін сығып,
Тығады қазанына шаймай ғана.
Көзіңмен көріп тұрсаң бекер дейді,
Түбіме сүйте берсең жетерсің,- дейді.

Ақын заманның қоғамдық мәселесінен бөлек жеке адамның өмірлік жар таңдауда қателеспеуі керектігін, әйтпесе, бүкіл өміріне кесірі тиетінін меңзейді.

Сонымен, Шортанбай Қанайұлының әлеуметтік философиясы өз дәуірінің мәселелеріне жеке жеке тоқталып өз көзқарасын көрсетті Сыншыл ақын болмысты жасырмай шынайы түрде көрсете алды.

Шортанбай Шоқандай, Абайдай бола алмағанымен, заман шындығын шеберлікпен өлеңге сыйғызған.Шортанбай дін сөзін көп қолданғанына қарамастан, діндар емес, мистік-ақырет ақыны болғанымен, оны халық санасынан сыртқа сырып тастауға ешкімнің құдіреті жеткен жоқ; Шортанбай феодал табының көзқарасымен жауап берсе де, халықты қанап отырған кім екенін көрді; Шортанбай құдайға сенген, мұсылман дінінің қабырғалы молдасы болғанымен, үнемі молдалық жолын қумай, заманында айтысқа түскен – суырып салма ақында болды; ол өз заманының елеулі ақыны, Абайдан бұрынғы әдебиеттің көрнекті уәкілі ретінде танимыз.

Кердәрі Әбубәкір лақап атымен елге танылған зар заман поэзисының ірі тұлғаларының бірі.

Құдайым өзі сақтап оңғармаса,
Болып тұр бұл замана судай лай.

Бұрынғы өткен билер сондай еді
Қақ жарған қара қылды қандай еді?
Қызығып дүниаға жолы айтпаған,

Ақылы жанып тұрған шамдай еді,- деген өлең жолдарынан ақынның бұрынғы ешкімге соқтығыспай жатқан қарапайым халқының тыныштығын аңсайды.

Ақын өзінің өлең-жырларында бір жағынан халықты оқу, білімге шақырса, екінші жағынан қазаққа мектеп ашып, жастарды оқуға тарта бастаған сол тұстағы билікті де мадақтайды. Өнер-ғылымды, отарба сынды машиналардың шығуын мақұлдай отырып та ол өткенді аңсаудан арыла алмайды.

Әбубәкір ақынның ой-пікірі, бағыты мен көзқарасы басқа ақындарға қарағанда өзіндік ерекше болды. Ол кейбір тақырыптар бойынша біріне-бірі қарама-қайшы екі түрлі көзқарас білдіреді. Мысалы, ақынның «Заманның халіне айтқан сөздері» өлеңінде ол бастан-аяқ Александр патшаны марапаттайды. Алайда өлеңнің:

"Азырақ бұл қағазға шиғыр жаздым,

Осылай ақсақалдар жаз деген соң"– деген жолдарынан ақсақалдар тарапынан берілген тапсырманы амалсыз орындағаны анық байқалады. Ол ауыл ішіндегі міндетті жұмысты еріксіз атқарып отырғанын ашық түрде жеткізеді.

Бұл өлең жолдарны қазіргі заманмен тұспа-тұс келгендей. Шынымменде қазіргі таңда адамның өзінің жүрегінің қалауымен жасалынатын таңдау берілсе де қоғамдық саяси жағдайлардың қасында жоқтың қасы.Еріксіз өзіңнің қаламаған нәрсеңді жасау бұл адамның өз-өзіне еркіндік бере алмауы. Әбубәкір бірнеше жыл бойы болысқа хатшы болып қызмет атқарған. Бұл оның толықтай еркіндікке ие болмағанын, белгілі бір билікке бағынышты болғанын көрсетеді. Сондықтан оның кейбір өлеңдері сол кезеңнің ықпалымен жазылуы мүмкін.

Ақын қазақ қоғамында отарлаушылардың әсерінен әділетсіздіктің белең алып, халықтың мінез-құлқы өзгергенін, үлкен мен кішінің арасындағы сыйластықтың жоғала бастағанын, менмендік пен өсек-өтіріктің өршігенін сынайды. Сонымен қатар, ол бұрын халық берік ұстанған дін мен имандылықтың аяқасты болуына алаңдап, қоғамдағы рухани құлдырау туралы терең ойға беріледі

Ақын адамзаттың бұл дүниедегі ең соңғы сүйенері – дін екенін айрықша атап көрсетеді. Оның өлең-жырларының негізгі арқауы – халықтың сеніміне айналған дін мен шариғат жолы. Ол шығармаларын осы сенімге негіздей отырып өрбітеді.

Мысалы, ақын мына жолдарында:

Жараңдар кеңес жазайын,
Үшбу дәптер қағазға.
Ақымаққа таяқ деген бар,
Ақылы қысқа сабазға.
Мұсылман болсаң – іждат қыл,
Иман, ораза, намазға.– деп, мұсылмандық парыздарды өтеудің маңызын түсіндіреді.

Ақынның әлеуметтік философиясы адамның ақыл-парасаты мен рухани жетілуін дінге деген шынайы сеніммен байланыстыра жырлайды. Сол кездегі адамдардың пиғылын да дінмен байланыстырып оқырманға адамың тығырыққа тірелгенде ғана аузына кәлимасын айтатындарды сынға алды.

Кердері секілді Мұраттың көзқарасы да оның «Үш қиян», «Сарыарқа», «Әттең,бір қапы дүние-ай!» толғауларынан сыр шертеді.

Замана қайтіп түзелсін,
Қоңсыдан туған би болды..
. Азамат ердің баласы,
Айдарына малы жоқ,

Топ көрерге зар болды.
Қоспақтан туған қортықша,
Қатарға шығып нар болды...
Ақылсыздың баласы,
Ақшасына сүйеніп,
Айтқан сөзі пұл болды,
Заманың мұндай сұм болды [24,238 б].

Заманның бұзылғанын өз пайдасына шешетін ақшаны маңызды деп санайтын адамдардың бар болуы қазіргі заманмен де сәйкес. Оларға керегі елдің мұң-мұқ-тажы емес, қарақан басының пайдасы. Билер заманмен таласа, елін қинағвн ақылсыздардың ісі ақынның өлеңінің басты тақырыбының бірі.

Ол өзінің заманында тек қана халқы үшін толғау-дастандарын жазып қоймай, оның суырып салма ақындық қасиеті жоғары болды.

Оның бір қатары «Айжарыққа», «Есенғали болысқа», «Есентемір Тұрабай болысқа» өлеңдерінде - жеке бастың қамын ойлаған ел басшылары сыналады.

Қ.Жұмалиев айтқандай «Үш қиян» Мұрат поэмаларының ішіндегі мазмұны жағынан болсын, түрі жағынан болсын ең күштісі. «Үш қиянда» сол кездегі ел тілегі толық қамтылады»

Мұнда ақын ескі дәстүрдің іргесі енді келмеске кеткенін, басқа жұрттың елге келуімен көрсетті. «Үш қиян» жырында ноғайлы дәуірі жырларының сарыны да анық байқалады.

Еділдің бойы – қанды қиян,
Жайықтың бойы – майлы қиян.
Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян,
Адыра қалғыр, Үш қиян!
Үш қиянның ара бойынан,
Жеті жұрт кетіп жол салған.
Жеті құрттың кеткен жер,
Қайырсыз болған неткен жер?
Адыра қалғыр, көк Жайық,
Көпір салып өткен жер,
Асан Қайғы, Қазтуған,
Орақ, Мамай, Телағыс,
Шораның шұбап кеткен жер.

Мұраттың осы толғауы Зар заман дәуірінің шоқтығы.Мұнда Үш Қиян деп үш өзен салаларын айтады Батыс Қазақстан өлкесі, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, аңғарлары сөз болады. Себебі тарихымыздың бастауының өзі осы өзендерден туған жерімізді тартып алған Орыс еліне қарсы бағытталған жыры.

Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,
Ақтылы қойды өрген жер.
Шалқыған дәулет мол бітіп,
Қызығын жұртым көрген жер.
Емендей белін бүгілтіп,
Жібектей жалын төгілтіп,
Еріні төмен салынған,
Құйрығы гүлдей малынған,
Күдері бел, күпшек сан,

Бедеу атқа мінген жер,-өмір сүріп жатырған елін жеріне деген Орыс империясының әрекетіне қарсылығын көрсетеді.

Ақынның өзі айтқандай «кейінгі туған баланың» қамы Мұратты да қатты алаңдатады. Ақын өз қара басының жайын ғана ойламайды, айнала қоршаған әлем, орта, қоғам, ел мен жер-су бәрі де қырағы көзден тыс қалмақ емес. Осыны ойлаған ақын:

Мен қауіп еткеннен айтамын:
Ақ борықтай иілген,
Кейінгі туған баланың,
Ұстай ма деп білегін,
Шая ма деп жүрегін.
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін...
Адыра қалғыр заманның
Жаратпаймын сүреңін.

Ақынның «Сарырқа» еңбегі жайында Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Қадір Жүсіп мынадай мәліметтер ұсынады:

«Ел ішіндегі әңгімеге қарағанда Сарыарқаның жырлану тарихы мындай:

Мұрат жалғыз түйесін жетектеп, Маңғыстауға нағашыларына жол тартты. Мұны естіген Адайдың қызба жігіттері «Мұрат айтқыш» дейді сонысын байқап көрелік,өзіміздің Аралбаймен Қашағанмен айтыстыралық ол сонда ғана жеңіледі. Қаңғып келіп, біздің жерімізде тұрып,бізден жоғары болмас» дейді.Мұны естіген Мұратта бір күні келетінін іштей сезгенді.Бір күні Адай халқының үлкен жиыны болғанында сөз сөйлеп,тілек айту жаңадан келген қонақ Мұратқа берілген.Сол тілегінде осы “Сарыарқа”жырын жырлаған.

Біз көштік Сарыарқадан бермен асып,
Көлденең Сағыз бенен Жемді басып.
Ат мініп, киім киіп, тұқым алдық
Сүйектес жақын жұрт деп араласып.
Сыртымнан бір қыстамай мін тағыпсыз,
Қонаққа сүйте ме екен келген сасып.
Қонаққа сүйте ме екен сасып келген,
Алыстан жақын жұрт деп асып келген.

Профессордың сөзіне дәлел боларлықтай бұл жырдың идеясы да ата бабаларының қасық қаны қалғанша қорғаған жерін отарлаушылардың табанының астына таптатқысы келмегенін ашына жеткізеді.

Менің атым - Байғыз қарт,
Көзге түсер сиқым жоқ.
Орынсыз күлер күлкім жоқ,

Есепсіз ұйықтар ұйқым жоқ,-деп өзінің “Айтқызбасымды айтқыздың” өлеңіндк өзін байғызға теңеп, автомінездемесін жасаған Дулат Бабатайұлы – отаршылдық саясатты айыптаған ақын. Себебі патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау кезеңін өз көзімен көріп, оның халқына әкелген ауыртпалықтарын жырлаған көрнекті ақын. Ол елдің жайын терең ойлап, туған халқының болашағына алаңдаған, әділетсіздікке қарсы шыққан қайраткер тұлғалардың бірі.

«Дулат жырауды XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың 40-50 жылдарға дейінгі аралықта қазақ халқы басынан кешкен экономикалық, қоғамдық, тарихи жағдай туғызды», - деген Құлмат Өмірәлиевтің пікіріне сүйенсек, ащы запыран болып төгілген өлеңдер міне, соның айғағы дер едік. Осындай өкінішті Д.Бабатайұлы шығармаларынан көруге болар еді.

Мысалы мына бір өлең жолдарынан:

Күнбатысқа көз салмай,
Күншығысты еске алмай...

Бізді алатын жау жоқ деп,
Бізден мықты дәу жоқ деп,
Алды артыңды байқамай,
Маған не бар дескенсің.
Болашақты болжамай,
Жол сауданы олжалай,
Ақбөкендей алданып,
Жылқыдай делбе сандалып,
Ортасына кәпірдің,

Аңдамай келіп түскенсің-халықты ұйқысынан оятып, сақ болуға шақыру мақсатында жазылған. Ол қазақ даласына отарлық биліктің енуіне халықтың бейғамдығы да себеп болды деп есептейді. Ақын өз шығармаларында осындай өкініш пен запыран төге отырып, елді оятуға, өткеннен сабақ алуға үндейді.

Ақынның «Азған елдің бектері, Қан шықса, елін жұлмалар, Қасқырменен аралас» деген тіркестері биліктің халықты тонап, өз пайдасын ғана ойлағанын айқын суреттейді. Жаңа билік жүйесі әділетсіздікке негізделгенін, қазақ жерінде бұрынғы билік дәстүрлері бұзылғанын ашық көрсетеді.

Дулаттың «Ауылдың атқа мінері, Жемтікке қонған күшіген» деген жолдары ел басқарып отырғандардың елге қорған емес, керісінше, құзғын сияқты жемқор, сатқын болғанын бейнелейді. Ол аға сұлтандар мен билердің халықтың қамын жейтін адал басшы болудан қалғанын, олардың тек жеке бастың пайдасын көздейтінін ашына жазады.

Олардың міндеті де сол халқын қорғау еді. «Балық басынан шіриді» демекші ең алдымен алдынғы басқарушыларымыз болыс, билердің таза болуының керектігіне баса назар аударады. Себебі, ол жалғыз емес артында өзіне сенген халқы тұрғанын.

Олардың ең бірінші міндеті халық игілігіне қызмет ету, тура сөйлеу, білікті билік айту, елді бірлікке шақыру, ел шетіне жақындап қалған қандай да бір қауіпті алдын ала сезіп, елді одан дер кезінде сақтандырып отыру. Өз пайдасы үшін қара халықты қанатқан пиғылы арам адамдар әлдеқашанда өз жазасын алады- деген ойды Дулат өз шығармаларына арқау етті.

Би мен бектің сәні жоқ;
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса, - деп ел билерін күлкіге айналдырып, тілдеумен болады.

«Қайғылыны уаттым» өлеңінде ел бүлдірушіні «улы тілмен уаттым» қайғылы елін бойына қайғы беріп уатуды» өзіндік ақындық мұраты деп білді.

«О, Барақ жас, Барақ жас» атты өлеңінде ақын патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы тұруға қауқарсыз, биліктің әділетсіздігіне үнсіз көніп отырған билердің бейнесін ашады. Ел басшылары сыртқы күштердің ықпалында кетіп, өз халқын да қанауға кіріскенін өлең арқылы әшкерелейді. Ақын Барақ сұлтанға қарата айтқан сөзінде билеушілердің әділетсіздігін бетіне басып, олардың елді қорғаудың орнына өз қамдарын ғана күйттеп кеткенін сынайды.

Ал «О, Ақтан жас, Ақтан жас» атты өлеңінде ақын болашақтан үміт күтетінін білдіреді.

О, Ақтан жас, Ақтан жас,
Сенде жетер ме екенсің?
Жетімдіктің белінен
Асып өтер ме екенсің?
Жарық сәуле көре алмай,
Ел шаңына ере алмай,

Сол бойы кетер ме екенсің? - деп жетім бала Ақтанның көзтүрткі өмірі ақынның аяушылық сезімін қозғап, жүрегін тебірентеді. Дулатты баланың болашағы қатты алаңдатты. Ол жастардың әділетсіздікке қарсы тұрып, елдің еркіндігі үшін күресетінін армандайды.

Ақынның бұл өлеңі оптимистік сарында аяқталады, өйткені ол қазақ халқының азаттыққа жетеріне сенді.

Зар заман ақындарының әлеуметтік философиясы да - елдің, жердің, халықтың мұң-мұқтажын жеткізуші рөлінде болды. Оларға қандай жала жабылса да, азаттық үшін күрескер ретінде мәңгі есте қалды. Олардың ерен-еңбектерінің арқасында әр заманның өз уақытына сәйкес жақсы да жаман да сарыны болатынын айқындадық. Қазіргі заманмен сол XIX ғасыр кезеңін салыстырар болсақ, әлдеқайда өміріміздің бейбіт екенін көріп, қуанамыз. Десек те, Зар заман ақындарының көтерген мәселелері XXI ғасырда да өзекті.

Зар илеген халқымыздың зарын сонау ғасыр бойы біздің ұрпағымызға дейін жеткізу - ақындарымыздың жанашырлығын білдіреді.

Зар заман ақындары халықтың рухани тірегі болды. Олардың толғаулары бүгінгі күнде де өзекті, өйткені әділетсіздікке қарсы тұру, ұлттық бірлікті сақтау, тәуелсіздікті қадірлеу сияқты идеялар уақыт өткен сайын маңызын жоғалтпайды. Осылайша, олардың әлеуметтік философиясы – қазақ халқының тарихи жады мен рухани мұрасының ажырамас бөлігі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожекеева Б.Ш. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы: Зар заман әдебиеті: оқу құралы./ Б.Ш.Қожекеева. Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2013.

2. Зар заман: жыр-толғаулар / Құраст. С. Дәуітов. — Алматы: Жалын, 1993.

3. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры./ Ы. Дүйсенбаев. — Алматы: Жазушы, 1970.

4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық / Х. Сүйіншәлиев. — Алматы, 1997.

Б.Омаров “Зар заман әдебиеті” Монография - Астана,2005

УДК 74.03.741.67

ОСОБЕННОСТИ СОЗДАНИЯ МЕТАФОРИЧЕСКИХ (АССОЦИАТИВНЫХ) КАРТ КАК СОВРЕМЕННОГО НАПРАВЛЕНИЯ ГРАФИЧЕСКОГО ДИЗАЙНА

Паршина Елизавета Евгеньевна

lizaparshina2003@yandex.ru

Студент 4 курса образовательной программы «Архитектура» Астраханского государственного университета им. В.Н. Татищева, г. Астрахань, Россия

Научный руководитель: доктор культурологии Кучерук И.В

Аннотация. В статье рассматриваются особенности создания метафорических (ассоциативных) карт как актуального направления в графическом дизайне. Автор анализирует принципы визуализации идей и концепций через метафоры, а также их влияние на восприятие информации. Особое внимание уделяется методам и инструментам, используемым для разработки метафорических карт, а также практическому применению этого подхода в различных сферах, таких как образование, маркетинг и психология. В работе представлены примеры успешных проектов, демонстрирующие эффективность метафорических карт в передаче сложных идей и стимулировании креативного мышления. Завершает статью обсуждение перспектив дальнейшего развития данного направления графического дизайна.

Создание метафорических (ассоциативных) карт представляет собой одно из современных направлений графического дизайна, которое активно развивается в последние годы. Этот метод визуализации информации позволяет не только представить данные в наглядной форме, но и углубиться в их смысл, создавая ассоциации и метафоры, которые помогают лучше понять и усвоить сложные идеи. Метафорические карты служат отличным инструментом для креативного мышления, позволяя дизайнерам и пользователям находить новые связи и решения, которые могли бы остаться незамеченными при традиционных подходах.

Обозрев современный рынок метафорических ассоциативных карт (МАК), мы обратили внимание на то, что в последнее время появляется очень много новых креативных колод, и тенденция по их созданию достаточно стойкая. На данном этапе интеграции МАК в психологическую практику многие психологи предлагают свои авторские колоды. Разные сферы жизнедеятельности человека нашли свое отображение в картинах миниатюрного размера, ненавязчивым образом отражая наши надежды и мечты; переживания и страхи [4].

Метафорические ассоциативные карты — это, прежде всего, определенная концепция функционирования человека в социуме, которая личностно воспринята автором и предложена для понимания определенной сферы отношений, технологически воплощенная создателем посредством рисунков, репродукций, фотографий, графических изображений и слов.

Одной из ключевых особенностей метафорических карт является их способность вызывать эмоциональный отклик у зрителя. Это достигается за счет использования символов, которые могут вызывать ассоциации и погружать в определенное состояние. Например, использование образа дерева может символизировать рост и развитие, в то время как водопад может ассоциироваться с потоком жизни и изменениями. Важно отметить, что каждый элемент карты должен быть тщательно продуман и соответствовать общей концепции, чтобы не вызвать путаницы и недопонимания.

Процесс создания метафорической карты начинается с определения основной идеи или темы. Дизайнер должен четко сформулировать, что именно он хочет донести до зрителя, а затем выбрать символику, которая будет наиболее адекватно отражать эту идею. На этом этапе важно учитывать целевую аудиторию: разные группы людей могут по-разному воспринимать одни и те же символы. Поэтому необходимо проводить исследования и анализировать, какие образы могут быть наиболее понятными и близкими для конкретной аудитории.

После определения основных символов и их расположения на карте, дизайнер переходит к работе с цветом и композицией. Цвет играет важную роль в восприятии информации: теплые оттенки могут вызывать чувство радости и уюта, тогда как холодные — спокойствия и серьезности. Композиция же должна быть такой, чтобы зритель мог легко следовать за потоками информации, не теряясь в изобилии образов. Эффективная композиция направляет взгляд и помогает акцентировать внимание на ключевых элементах [1, с. 98].

Далее происходит довольно долговременный и трудоемкий процесс: набор массы изображений и картинок, подходящих под заданную тему. Следующий немаловажный этап – окончательный набор отбор картинок из набранной массы. Учитывается как художественная ценность, так и возможные явные и скрытые смыслы. После того как колода укомплектована, она должна "вылежаться" некоторое время. Спустя несколько недель все карты еще раз сортируются, какие-то картинки убираются, какие-то – добавляются. Изменения и дополнения могут идти в несколько этапов. И вот, когда уже ничего не хочется менять, отпечатывается пилотный экземпляр и проверяется в работе. После этого также могут произойти кое-какие изменения.

Изображения берутся из фотостоков или из открытых источников в Интернете. Если используются художественные произведения, производится поиск имен и контактов

художников. По возможности, мы с ними связываемся. Некоторые отказывают, но большинство соглашаются на использование их работ в благих целях. За что мы каждому безмерно благодарны! Чтобы никого не обидеть невниманием к таланту, имена творцов пишутся на каждой карте в правом нижнем углу.

Затем происходит обработка изображений в графическом редакторе. Это важный процесс. Картинка должна хорошо считываться с карты, вызывать определенные эмоции. Производится цветокоррекция, повышение резкости, выравнивание тона, иногда нужна ретушь или создание коллажей. Фотографии обрабатываются всевозможными фильтрами, чтобы они не выглядели слишком буднично. Было замечено, что с фотографиями сложнее работать, чем с рисованными изображениями.

Хотя визуальные элементы являются доминирующими, текст может служить важным дополнением, подчеркивающим и объясняющим символику. Однако текст следует использовать умеренно: он должен быть лаконичным и ясным, чтобы не перегружать восприятие зрителя. Часто в метафорических картах используется сочетание слов и изображений, что позволяет создать более полное и многогранное представление о теме [3, с. 260].

Итак, этапы создания карты ассоциаций:

Выберите удобный для вас инструмент: программа Xmind, графический редактор или обычный лист бумаги. Главное — чтобы было комфортно работать.

Определите центральную тему: в центре карты разместите название компании, нишу или целевую аудиторию. Это ключевые слова, от которых отталкиваемся в процессе разработки.

Окружите центральную тему ассоциациями, используя только существительные: начните с очевидных идей, а затем двигайтесь к более сложным. Первый круг – это простые ассоциации, последующие — более глубокие и интересные.

Добавьте описательные слова: когда существительные закончатся – добавьте прилагательные для описания ассоциаций. Для удобства прилагательные лучше обозначить другим цветом.

Выберите подходящую цепочку ассоциаций: определите, какое впечатление должен производить сайт и проанализируйте ваши ассоциации. Начните с прилагательных и выделите цепочки — используйте их в разработке.

Проработайте несколько цепочек: оцените потенциал нескольких цепочек. Чем дольше вы поработаете с картой, тем выше будет вероятность создания чего-то качественного и нового.

Таким образом, метафорические карты находят применение в самых разных областях — от маркетинга и рекламы до психологии и образовательных программ. Они могут использоваться для мозговых штурмов, работы с командой или в индивидуальных сессиях, направленных на развитие креативного мышления. Визуализация идей в виде метафорических карт помогает не только лучше понять и структурировать информацию, но и сделать процесс более интерактивным и увлекательным.

Кроме того, метафорические карты находят применение в различных областях: от образования и психологии до бизнеса и маркетинга. В образовательной сфере они помогают студентам визуализировать сложные концепции и упрощают процесс запоминания. В психологии метафорические карты могут использоваться в терапевтических практиках, способствуя саморефлексии и личностному росту. В бизнесе они помогают командам генерировать идеи и находить нестандартные решения, а также эффективно представлять информацию клиентам и партнерам [5, с. 163].

Современный графический дизайн все больше ориентируется на взаимодействие с пользователем, и метафорические карты прекрасно вписываются в этот контекст. Они позволяют пользователям активно участвовать в процессе создания и интерпретации информации, что делает его более персонализированным. Пользователи могут добавлять свои

собственные ассоциации и метафоры, что не только углубляет их понимание темы, но и способствует развитию креативности.

Одним из ключевых аспектов метафорических карт является их способность вызывать эмоциональный отклик. Благодаря использованию образов, символов и метафор, такие карты могут передавать информацию не только рационально, но и эмоционально, что способствует более глубокому восприятию материала. Визуальные элементы, подобранные с учетом контекста, могут вызывать ассоциации и воспоминания, что делает процесс обучения и восприятия информации более увлекательным и эффективным [2, с. 34].

Однако, несмотря на все преимущества, создание метафорических карт требует определенных навыков и опыта. Дизайнеры должны уметь работать с символами и образами, чтобы создать визуальный язык, который будет понятен и доступен аудитории. Важно также учитывать контекст и целевую аудиторию, чтобы карты были не только эстетически привлекательными, но и функциональными.

Список использованных источников:

1. Босых, И. Б. Визуализация культурных ценностей бренда турпродукта средствам графического дизайна / И. Б. Босых // Культура и экология–основы устойчивого развития России. Культурные и экологические императивы современной экономики. Часть 1.— Екатеринбург, 2020. – 2020. – С. 98-102.

2. Качанов, Д. Семиотические элементы современного журналистского произведения / Д. Качанов // ББК 76 А 38. – 2020. – С. 34-36.

3. Кондров, А. В., Пережогина Л. В. Особенности разработки инфографики для использования в практической психологии / А. В. Кондров // Рекомендовано к изданию Редакционно-издательским советом БГПУ им. М. Акмуллы. – 2022. – С. 260.

4. Петушкова, Т. А. Дизайн визуально-графических коммуникаций модных брендов / Т. А. Петушкова // URL: https://kosygin-rgu. ru/aspirantura/iiles/defence/PetushkovaTA. pdf (дата обращения: 30.12.2024). – 2020.

5. Пережогина Л. В. Возможности обучающей инфографики в работе практикующего психолога / Л. В. Пережогина // Вестник Башкирского государственного педагогического университета им. М. Акмуллы. – 2021. – №. 2 (59). – С. 163-174.

ӘОЖ 159.9

«ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯ МЕН ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ ЭМОЦИЯ ТУРАЛЫ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ ЭМОТИВИЗМ»

Сері Аяулым Талғатқызы
ayaulymseri@gmail.com
«Философия» білім бағдарламасының 4 курс студенті
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филос. ғ. д., доцент м. а. – Аташ Б. М.

Эмоцияларды түсіну мен олардың табиғатын зерттеу адамзат тарихындағы маңызды философиялық мәселелердің бірі болды. Әрбір дәуірде философтар эмоцияларды әртүрлі қырынан қарастырып, олардың адам болмысындағы орнын анықтауға тырысты. Антикалық дәуірден бастап қазіргі заманғы нейрофилософияға дейін эмоцияның мәні мен қызметі туралы ойлар дамып, жетілдірілді.

«Эмоция туралы пікірлердің тамыры сонау көне грек заманына тіреледі. Эмоция тақырыбы Платон мен Аристотель еңбектерінен байқалады. Олардың пікірлері бір-біріне қарама-қарсы болды. Платонның пікірлері о баста өте танымал болып, Рене Декарт, Джон Локк, т.б. пікірлеріне негіз болды. Платон эмоцияны басқаруға келмейтін, санаға қарсы тұратын асау күш ретінде қарап, адам жанын эмоция мен сананың күрес алаңы деп қарастырды. Оның ойынша эмоция санаға кедергі келтіреді. Платон сананың жеңгенін жақтаушылар қатарында болды. Эмоцияға қатысты Платонның көзқарастары Аристотельдің эмоцияға қатысты айтқандары о баста аса танымал болмағанымен, оның идеяларын Сенека, Хрисипп, Фома Аквинский, Спиноза сынды философтар жақтады. Аристотель Платонға қарсы пікірде, яғни эмоция адамға қажет, пайдалы деп санады»[1, 2б].

Антикалық философтар эмоциялардың адам өміріндегі рөлін түсіндіруде әртүрлі тәсілдерді қолданды. Сократ эмоциялардың адамгершілікке әсерін зерттеп, оларды ақылмен басқару қажеттігін алға тартты. Оның шәкірті Платон эмоцияларды жанның үш құрамдас бөлігінің бірі ретінде қарастырды: ақыл (логос), рух (тимос) және құмарлық (эпитюмия). Платон эмоцияларды төменгі деңгейдегі, басқарылуы қажет күш ретінде қабылдады. Ал Аристотель эмоцияларды адамның әлеуметтік және этикалық өміріндегі маңызды фактор деп санады. Ол «Риторика» еңбегінде эмоциялардың қалай пайда болатынын және олардың адамдарды сендіру үшін қалай қолданылатынын сипаттады. Аристотель эмоцияларды адамның табиғи қасиеттерінің бірі ретінде қарастырып, оларды толықтай жою мүмкін еместігін түсіндірді.

«The philosophical analysis of emotions was introduced by Plato and developed further by Aristotle. In the fourth Book of his Republic, Plato famously divided the soul into three parts: the rational part (logistikon), the spirited part (thumoeides), and the appetitive part (epithumêtikon). This terminology was also used by Aristotle and later ancient philosophers, even though its philosophical background assumptions varied». [2].

Философиялық тұрғыдан алғанда, эмоцияларды экзистенциалды тәжірибені қалыптастыратын және болмыстың мәнін анықтайтын адам болмысының негізгі элементтері ретінде қарастыруға болады. Олар әлемді қабылдауға, шешім қабылдауға және құндылықтарды анқтауға әсер етеді. Эмоциялардың физиологиялық аспектілері олардың дене тәжірибесімен байланысын көрсетеді. Ал философиялық көзқарас эмоциялардан биологиялық реакциялардан гөрі көп нәрсені көруге мүмкіндік береді. Эмоциялар субъективті қабылдау мен объективті шындық арасындағы көпірге айналады, бұл адамның таңдау еркіндігіне және олардың әрекеттеріне әсер етеді. Эмоциялар біздің өмірімізді сүйемелдеп қана қоймайды, сонымен қатар біздің болмыс, еркіндік және шынайылық туралы түсінігімізді қалыптастырады. Экзистенциалды философияда эмоциялар адам өмірінің негізгі бөлігі ретінде қарастырылады, ол арқылы адам өзін және айналасындағы әлемді біледі. Олар мазасыздық, үмітсіздік, үміт, абсурд және шынайылық сияқты экзистенциалды күйлерді сезінуде шешуші рөл атқарады.

«Қарапайым тілмен айтқанда экзистенцияны адамгершілікпен тікелей байланыстыруға болады. Адамгершілік кең мағынада адамдық, яғни адамның айуаннан айырмашылығы деп алсақ, адамды айуаннан қандай қасиеті ерекшелейді деген заңды сұрақ туады. Бізше ар мен ұят, еркіндік, жауапкершілік, махаббат, уәде, қайғы, юмор, өлімге дайындық секілді қасиеттер адамды жануарлар әлемінен бір саты жоғары көтеріп тұр». [3, 151б].

«Айтып кеткендей эмоцияның екіге бөлінуін, оң және теріс эмоцияларды өз заманында Аристотель болып жатқан іс-әрекеттерге қанағаттану немесе қанағаттанбау сезімдерінің пайда болуы деп түсіндірген екен». [4, 30б].

Стоиктер (Зенон, Сенека, Эпиктет, Марк Аврелий) эмоцияларды ақыл-ойдың әлсіздігі ретінде бағалады және оларды бақылау арқылы даналыққа жетуге болады деп есептеді. Бұл көзқарас кейінгі философиялық ағымдарға да айтарлықтай әсер етті.

Ал орта ғасырларда болса, эмоцияларды түсіндіруде діни-философиялық көзқарастар басым болды. Әулие Августин эмоцияларды Құдайға деген сенім мен күнә арасындағы байланысты түсіндіру үшін қолданды. Ол эмоцияларды рухани тәжірибе мен құдайлық ілімнің көрінісі ретінде қарастырды.

Августин «аяушылық (misericordia) - бұл басқалардың қайғы-қасіретіне деген жанашырлықтың (compassio) бір түрі, егер мүмкін болса, оларға көмектесуге мәжбүр етеді» деп жазды. [2].

Ал Фома Аквинский эмоцияларды адамның ерік-жігері мен моральдық әрекеттерімен байланыстырды. Ол Аристотельдің көзқарастарын христиандық сеніммен үйлестіріп, эмоциялардың кейбірі адамды жақсылыққа жетелейтінін, ал кейбірі күнәға итермелейтінін көрсетті.

Августиннің анықтамасына сілтеме жасай отырып, Фома Аквинский жанашырлықтың өзі этикалық тұрғыдан бейтарап эмоция екенін түсіндіреді. Қайырымдылықпен байланысты болғанда, ол басқалардың азап шегуіне ізгі қамқорлық жасайтын мейірімділіктің эмоционалды бөлігіне айналады. Фома Аквинский адам өз сезімдеріне жанашыр және іс-әрекетте пайдалы болуы керек деп жазады. [2].

Ендігі кезекте Жаңа замандағы рационализм мен эмпиризмнің эмоцияны түсінуде қалай ықпал еткенін қарастырсақ. Жаңа дәуірде эмоцияларға деген көзқарас түбегейлі өзгерді.

Жаңа дәуірде эмоцияларға деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Рене Декарт «Страсти души» еңбегінде эмоцияларды адам денесінің механикалық процестері ретінде сипаттап, олардың пайда болу себептерін түсіндіруге тырысты. Ол эмоцияларды «жан мен дененің байланысы» деп түсіндірді. Рене Декарт өзінің «Страсти души» (1649) атты еңбегінде эмоцияларды (аффектілерді) механикалық және физиологиялық тұрғыдан қарастырды. Ол барлық эмоцияларды алты негізгі түрге бөлді: құлшыныс (admiration), сүйіспеншілік (amour), жек көру (haine), қуаныш (joie), көңілсіздік (tristesse), қалау (désir).

«Страсть желания есть возбуждение души, вызванное «духами», которые внушают душе желать в будущем в того, что представляется ей ценным. Таким образом, желают не только блага, которого в настоящий момент нет, но также и сохраниения того, которое имеется». [16, 637б].

«Когда страсть представляется нам хорошим и для нас ценным, то это вызывает в нас любовь к нему, если же он предсталяется нам дурным или вредным, то у нас появляется ненависть». [16, 625б].

«Радость есть приятное волнение души, сопровождающее наслаждение обладаемым благом, которое благодаря впечатлениям в мозгу представляется душе как её собственное. Радость – единственная приятная эмоция, появившаяся в самой душе и выражающая обладание имеющимся у неё благом, которое рассудок определяет как собственное». [5, 640б].

«Печаль – неприятная слабость, выражающая болезненное состояние, вызываемое в душе злом или недостатком, которые благодаря впечатлениям в мозгу представляются душе как принадлежащие ей самой. Бывает печаль и интеллектуальная, которая не считается страстью, но почти всегда ею сопровождается». [5, 640-641бб].

«Когда мы читаем о необыкновенных приключениях или видим их на сцене, то это может вызвать у нас печаль, радость, любовь или ненависть в зависимости от того, какие предметы оказываются представленными нашему воображению. Но, следя за событиями, мы вместе с тем испытываем удовольствие от возбуждённого в нас чувства, и это удовольствие есть интеллектуальная радость, рождающаяся как из печали, так и из всяких других страстей». [5, 669б].

Декарттың көзқарасы бойынша, осы алты эмоциядан барлық басқа күрделі эмоциялар туындайды. Ол әрбір негізгі эмоциядан оған ұқсас бірнеше қосымша эмоция шығатынын айтады.

Мысалы: құлшыныстан – таңданыс, құрмет, мақтаныш, ұят. Сүйіспеншіліктен – достық, рақымшылық, адалдық. Жек көруден – қызғаныш, кек, жиіркеніш. Қуаныштан – үміт, мақтаныш, ризашылық. Көңілсіздіктен – үрей, қайғы, өкініш. Қалаудан – амбиция, ашкөздік, ынтықтық. Декарт эмоцияларды дене мен жанның әрекеттесуінің механикалық көрінісі ретінде қарастырады. Оның ойынша, эмоциялар – мидағы бездер мен жүйке жүйесінің жұмысының нәтижесі, ал адамның ерік-жігері оларды басқаруға қабілетті. Декарттың пайымдаулары психофизиологтардан бұрын айтылған. Бірақ психофизиологиялық тұжырымдардан ерекшелігі: «Рене Декарт эмоцияларды философиялық және теологиялық тұрғыдан рационалды пайымдауларға сүйене отырып түсіндірді».

Ал психофизиология эмоцияларды эксперименттік әдістер арқылы зерттейді. Мәселен: бақылаулар, физиологиялық реакцияларды өлшеу соның ішінде жүрек соғысы, ми белсенділігі және зертханалық тәжірибелер. Сонымен қатар, биохимиялық процестер деңгейінде эмоцияларды түсіндіруге мүмкіндік беретін нейрондар, синапстар туралы қазіргі білімге негізделген. Әрине, Декарттың заманында ми мен жүйке жүйесінің жұмысы туралы білім шектеулі болды. Ол «жануарлар рухтары» көрінбейтін энергия сияқты нервтер арқылы айналады деп сенді және логикалық, бірақ эмпирикалық дәлелденбеген болжамдарға негізделген. Яғни, Декарт эмоцияларды түсінудің философиялық негіздерін, әсіресе дуализм контекстінде (жан мен дененің бөлінуі) құрды.

Декарт эмоцияларды физикалық процестер арқылы түсіндіреді. Декарт жан мен тән әрекетін механикалық терминдермен былайша сипаттайды: нерв түтіктерімен қозғалатын шырын конариумге әсер етіп, соның негізінде ақыл сезім бейнелерін, түйсіктерді жасайды. Басқаша айтқанда, физикалық қозғалыс саны жан сапасын (түйсікті) қалыптастырады. [6, 58б].

Рене Декарт расымен де қорқыныш, қуаныш, ашу және басқа эмоциялар туралы жүйелі түрде пайымдап, оларды жан мен дененің өзара әрекеттесуі арқылы түсіндірген алғашқы философтың бірі болды. Ал психофизиология эмоциялардың пайда болу механизмдерін және олардың ми мен жүйке жүйесінің белсенділігімен байланысын эксперименталды түрде дәлелдеген алғашқы ғылыми пәннің бірі болды. Осылайша, Декарт философиялық негіз қалап, психофизиология бұл білімді ғылыми әдіспен растап, тереңдете түсті.

Көріп тұрғанымыздай, Жаңа заман философтарының эмоция туралы қарастырған пайымдаулары санаулы емес. Жаңа заманда жаңа ойлар мен жаңа толықтырулар. Неміс философы Иммануил Кант та, эмоцияларды ақыл-ойдың әлсіздігі деп бағалап, өзіндік тұжырымын жасаған. Бірақ Кант эмоцияны адам тәжірибесінің ажырамас бөлігі екенін мойындайды. Сондай-ақ 17-18 ғасырдың Блез Паскаль және Никола Мальбранш орта ғасыр философы Әулие Августиннің эмоция туралы айтқан тұжырымдарымен келісіп, оны ары қарай толықтырған десекте болады.

Сынның әр түрлі түрлері Августиннен данышпанның автономды өмірінің стоикалық, скептикалық және эпикурлық мұраттарына қайшы келетін ізгілік пен бақыт үшін адамның жеткіліксіздігі сезімін алған Паскаль және Мальбранш сияқты ойшылдардан келді. Фома Аквинскийдің және одан кейінгі схоластикалық авторлардың жүйелі түсіндірулерінің көптеген аспектілері көбінесе сол авторлардың қолдауымен де, шабуылымен де болды. [7].

Жаңа заман дәуірінің философтары эмоциялардың моральдық және танымдық процестерге қалай әсер ететінін зерттеді. Олар эмоцияларды моральдық пайымдаулар мен шешім қабылдаудың негізгі элементтері ретінде қарастырды және эмоцияның әлемді тану мен қабылдауға әсерін зерттеді. 17-18 ғасырларда эмоцияларды философиялық зерттеу олардың табиғаты мен маңызы туралы заманауи идеялардың негізін қалады.

Бұл теориялар психология, неврология және философия саласындағы заманауи зерттеулерге әсер етуді жалғастыруда. Байқағанымыздай әр заманда эмоция туралы тұжырымдар әр түрлі болған. Сонау Ежелгі Антика дәуірінен 17-18 ғасырға дейін ойшылдар өз

тұжырымдарын жасаған. Сондай-ақ бір-бірінің пайымдауларына сын жазған немесе толықтырған. Жалпы бұл әлемдік философиядағы философ, ойшылдардың эмоция туралы түсінігі. Ал қоғам, ұлт арасында да сондай түсінік болсада, ерекшеліктері бар деп қарастыруға болады. Себебі, эмоция – қоғам және ұлттар арасындағы дүниетанымда заманға қарай ескіріп немесе жаңарып, дін, діл қоғам өзгеруіне қарай түсінік өзгеруі мүмкін. Сол себептен ендігі кезекте бағытты ұлттық дүниетанымдағы эмоция туралы пайымдаулар мен эмотивизм жайындағы түсінікке бұрсақ.

Бәріміз білетіндей, әр ұлттың өзіндік дүниетанымы кейде әртүрлі кейде ұқсас. Соған сәйкес біз ұлттық дүниетанымдағы эмоция туралы түсінікті эмотивизмнің қалай пайымдауын қарастырсақ.

Расымен де, эмоциялар әр ұлттың дүниетанымын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Себебі, жеке ішкі күйді көрсетіп қана қоймай, ұжымдық тәжірибенің, дәстүрлердің, мәдени құндылықтардың және халықтың тарихи жадының көрінісі ретінде қызмет етеді. Эмоцияларға ұлттық көзқарас көбінесе тілдің, әдебиеттің, рәсімдердің және әлеуметтік өзара әрекеттесудің ерекше белгілерімен анықталады. Өз кезегінде, эмотивизм қазіргі моральдық мәлімдемелерді фактілердің мәлімдемесі ретінде емес, субъективті сезімдердің көрінісі ретінде қарастырады. Эмоция мен эмотивизмнің арасындағы айырмашылықты қарастырып алсақ, эмотивизм дегеніміз – бұл біздің моральдық пайымдауларымыз объективті фактілерді сипаттамайды, тек жеке эмоцияларымыз бен сезімдерімізді білдіреді деген философиялық теория. Мысалы: бұл жақсы немесе бұл жаман. Эмотивизмге сәйкес, біз «өлтіру жаман» дегенде, біз объективті фактіні растамаймыз, тек адам өлтіруге деген теріс көзқарасымызды білдіреміз. Осылайша, моральдық мәлімдемелер «фу» немес «алақай» сияқты эмоцияларды білдіруге ұқсайды және ол шынайы немесе жалған болуы мүмкін емес. Бұл теорияны 20 ғасырдың ортасында аты елге танымал болған Альфред Айер мен Чарльз Стивенсон сияқты философтар қарастырған болатын. Алайда, эмотивизм моральдық мәселелер мен этикалық нормалар, дилеммалардың объективті негіздерін ұтымды талқылау мүмкіндігін ескермегені үшін сынға түсті. Себебі, сыншылардың пікірінше, егер моральдық пайымдаулар тек эмоциялардың көрінісі болса, онда мораль туралы ақылға қонымды түрде дауласу немесе этикалық принциптерді жалпы түсінуге келу мүмкін емес еді. Яғни, эмотивизм адамгершілікке объективті шындық жүйесі ретінде емес, біздің эмоцияларымыздың субъективті көрінісі ретінде қарауды ұсынады.

Ал эмоция – бұл адамның әртүрлі жағдайлар мен объектілерге субъективті бағалау қатынасын көрсететін психикалық процесс. Эмоциялар – бұл ішкі немес сыртқы оқиғаларға жауап ретінде пайда болатын тікелей, уақытша тәжірибелер, яки, тек адамның ішкі күйі. Олар қуаныш, үрей, ашу, қорқыныш сияқты қысқа және қарқынды болып келеді немесе белгілі бір ынталандыруға жауап. Бұл айырмашылықты түсіну негізінен моральдық пайымдаулардың табиғатымен байланысты психологиялық құбылыстар мен философиялық теорияларды ажырату үшін өте маңызды.

Ұлттық дүниетаным, біз атап өткендей, ұжымдық тәжірибенің, дәстүрлер мен мәдени құндылықтардың әсерінен қалыптасады. эмотивизм моральдық мәлімдемелерді халықтың эмоционалды күйінің көрінісі ретінде қарастыруды ұсынады. Әр халықта эмоциялар тарихи, мәдени, тілдік және әлеуметтік факторларға байланысты әр түррлі түсіндіріледі және қабылданады. Эмоционалды тәжірибенің ұлттық сипаты халықтың ерекше дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен тарихи жадын көрстетеді.

«Кейбір эмоцияның күрделілігі сонша – оны дам әлпетінен байқау қиын. Екіншіден – жоғарыда айтып кеткеніміздей, әр ұлт өкілдерінің дыбыстау эмоциясы бірдей емес. Мәселен, айқайлау, күрсіну, сөйлеу барысындағы эмоционалдық ерекшелік. Дыбыстық зерртеу бойынша зерттеу барлық мәдениет өкілдерінде бірдей мағына болғанымен, адамдар қабылдайтын эмоция әртүрлі екенін байқаймыз». [8, 61б].

Мәдениет өкілдеріне қарай қарастырып көрейік. Айталық, Орталық Азиядағы, Еуропа және Шығыс мәдениеті өкілдерінің эмоцияны түсінуі. Орталық Азия мәдениетінің өкілдері – қазақ, қырғыз, өзбек және т.б. эмоциялар ар-намыс, ұят, ұжымдық бірлік ұғымдарымен тығыз байланысты. Халық эпостары, әндері, олардың эмоционалды өзін-өзі көрсетуі көбінесе дәстүр мен тарихты құрметтеумен байланысты, ал эмоциялардың ұжымдық тәжірибесі ұлттық бірегейлікті сақтауға және әлеуметтік байланыстарды нығайтуға көмектеседі. Ал Шығыс мәдениетінің өкілдері – қытай және жапон ұлттарында эмоциялар көбінде дәстүрлі түрде үйлесімділік пен ұжымдық құндылықтарымен байланысты. Олардың бұл түсінігі Конфуцийшілдік өзін-өзі ұстаудың, эмоцияларды бақылаудың және қоғамдағы үйлесімділікті сақтаудың маңыздылығын көрсетеді деуге болады. Мұндағы эмоциялар әлеуметтік әлеуметтік қатынастарды сақтау құралы ретінде қарастырылады, жеке эмоцияларды қоғамдық орындарда шамадан тыс білдіру олар үшін орынды емес. Сонымен бірге, даосизмде эмоциялар өмірдің табиғи ағымының объективі арқылы түсіндіріледі, онда олар әмбебап процестің табиғи бөлігі болып табылады және олардың үйлесімді көрінісі тұлғаның рухани дамуына ықпал етеді. Еуропалық мәдиниет ұлт өкілдерінің эмоция туралы түсінігіне келер болсақ, көптеген көзқарастарды қамтиды. Ағартушылықтың алғашқы модернистік ойында эмоциялар көбінесе ақыл-ойға кедергі ретінде түсіндірілді, бұл Декарт сияқты ойшылдардың еңбектерінде көрініс тапты. Алайда, ағартушылықтан кейінгі романтизм дәуірінде назар субъективті тәжірибенің маңыздылығына ауысты. Романтизм философтары эмоциялар шығармашылықтың, шабыттың және ішкі күштің қайнар көзі екенін атап өтті. Шлегель сияқты өкілдер эмоциялардан сыртқы ынталандыруға реакцияны ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі терең тану мен рухани дамудың құралын көрді.

Мысал үшін алысқа барудың қажеті жоқ, Ұйымдық мінез-құлық» атты еңбекте Ресей мен Жапония арасындағы ұқсастықты былай қарастырған: олар көбіне жағымсыз эмоцияны қабылдауға бейім. [9, 63б].

Химба өкілдері (Намибияның солтүстік-батысындағы) жылау көңілсіздікті, ал күңкілдеу ашуды білдіреді деген батыс өкілдерінің қабылдауымен келіспейді. Сонымен, мәдениеттерде эмоция білдіруді басқаратын нормалар бар, біздің эмоция көрсету тәсіліміз өзге адамның эмоцияны қабылдау тәсілімен әр кез бірдей болып шықпайды. Мысалы, АҚШ-тағы адамдар күлкіні бақыттың көрінісі деп таныса, ал Таяу Шығыста көп жағдайда көп күлкіні қылмыңдаудың белгісі деп түсінеді, сондықтан қы-келіншектерді ер адамдарға қарап күлмеуге үйретеді. [9, 61б].

Сонымен қатар, орыс мәдениетінде «тоска» ұғымы ерекше мағынаға ие, оны басқа сөздермен жеткізу қиын. Себебі, ол қайғы және қол жетпейтін нәрсеге деген романтикалық ұмтылыс элементтерін білдіреді. Бұл ұғым қазақ ұлтының мәдениетінде де ерекше мағынаға ие және оны «құса» деп түсіндіреді. «Тоска» дегенді орыс тілінен қазақ тіліне аударғанда, «сағыныш» емес, «құса» деп аударғанда жөн болады. Себебі, ол да романтикалық тұрғыдан ерекше мәнді білдіреді. Сонымен қатар, «құсаның» эмоционалдық күйі адамның денсаулығына қатты әсер етеді. Ол құса болғанда адам аурады немесе қатты эмоционалдық құса күйінен тіпті түбі өлімге әкелетін сәттері де болады. Мәселен, Абай Құнанбайұлының өзінің Әбдірахманға деген құсасынан түбі жаманға алып келеді. Бұл айырмашылықтар мәдени ерекшеліктерді көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар адамдардың бір-бірімен және қоршаған әлеммен қарым-қатынасына әсер етеді. Ұлттық дүниетаным әдебиет, өнер және әдет-ғұрып арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін эмоционалды мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады. Осылайша, эмоциялар ұлттық бірегейлік пен мәдени мұраның ажырамас бөлігіне айналады.

Қазақ мәдениетінде эмоция әрқашан көшпенділердің өмір салтымен тығыз байланысты болды. Тарихи тұрғыдан алғанда, қатал климат пен тұрақты қозғалыс жағдайында өмір сүретін қазақ халқы өзінің құндылықтар жүйесін ұжымдық тәжірибе негізінде қалыптастырды, онда

эмоциялар жеке тәжірибенің ғана емес, сонымен бірге ұжымдық сигналдың да рөлін атқарды. мақтаныш, ар-намыс, батылдық және жанашырлық сияқты сезімдер ауызша халық шығармашылығы, эпостар, әндер мен мақал-мәтелдер арқылы жеткізілді. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» немесе «Алпамыс батыр» сияқты қазақ эпикалық шығармаларында батырлар махаббатпен, адалдықпен және қайғымен байланысты терең эмоционалдық тәжірибелерді көрсетеді. Бұл шығармалар халықтың эмоционалды байлығын бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге өз халқының ұлы тарихына бірегейлік пен тиесілілiктің ұжымдық сезімін қалыптастыра отырып, өзіндік моральдық бағдар ретінде қызмет етеді.

Метаэтикадағы эмотивизм моральдық мәлімдемелер объективті шындықты сипаттау емес, субъективті эмоциялардың көрінісі екенін айтады. Егер бұл теорияны қазақтардың ұлттық дүниетанымына қолдансақ, дәстүрлі қоғамда қалыптасқан көптеген моральдық пайымдаулар эмоционалды тәжірибемен тығыз байланысты екенін байқауға болады. Сонымен, «ар-намыс өмірден қымбат», «адалдық қасиетті» немесе «сатқындыққа жол берілмейді» деген пікірлер көбінесе ұтымды дәлелдер арқылы емес, ұжымдық әділеттілік пен адалдық сезімін көрсететін терең эмоционалды бағалау арқылы көрінеді. Қазақ дәстүрінде эмоционалды тәжірибе адамгершілік көзқарастармен тығыз байланысты. Эмотивистік көзқарас көптеген моральдық нормалар әмбебап шындық емес, халықтың ұжымдық сезімдері мен тарихи тәжірибесінің көрінісі екенін көруге мүмкіндік береді. Мысалы, дәстүрлі мінез-құлық нормалары бұзылған жағдайда қазақтардың ұят сезімі әлеуметтік ережелерді сақтауға итермелейтін эмоционалды сигнал болып табылады. Моральдық тұжырымдар субъективті эмоцияларды білдіретін эмотивистік тұжырымдама сияқты, қазақ мәдениетінде мораль таңдану, құрмет немесе айыптау болсын, эмоционалды реакциялар арқылы көрінеді. Халық әдебиеті мен ауызша шығармашылық ұлттық эмоционалды тәжірибені қалыптастыруда және жеткізуде маңызды рөл атқарады. Қазақ поэмалары мен эпостарында эмотивистік көзқарасты бейнелейтін мотивтер жиі кездеседі: моральдық бағалар сезімдердің жарқын сипаттамалары арқылы көрінеді. Мысалы, эпостарда қаһарман ашуланшақтық немесе мақтаныш танытып, мінез-құлық нормаларын бұзуға немесе сақтауға деген көзқарасын көрсетеді, бұл не болып жатқанына эмоционалды түсініктеме. Мұндай мәтіндер жеке эмоцияларды бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар адамгершілікті ұжымдық түсінудің үлгісі болып табылады.

Жалпы айтатын болсақ, эмотивистік көзқарас моральдық нормалардың неге бір мәдениеттен екіншісіне өзгеруі мүмкін екенін түсінуге мүмкіндік береді. Егер моральдық тұжырымдар тек сезімнің көрінісі болса, онда олар тарихи және мәдени контекстке байланысты өзгерістерге ұшырайды. Осылайша, ұлттық эмоционалды сана қандай әрекеттер лайықты немесе лайықсыз деп саналатынын, қандай қасиеттер жақсы немесе жаман екенін анықтайды. Осы тұрғыдан алғанда, эмотивизм моральдық санадағы мәдени айырмашылықтарды талдау құралына айналады.

Эмоциялар мен олардың ұлттық дүниетанымдағы қабылдауы тарихи, мәдени және әлеуметтік факторларды біріктіретін күрделі және көп қабатты құбылыс. Ұлттық эмоционалды сәйкестік халықтың ұжымдық тәжірибесі мен тарихи жадын бейнелейтін дәстүрлер, Тіл және әдебиет арқылы қалыптасады. Эмотивизм, философиялық тұжырымдама ретінде, моральдық пайымдаулар объективті шындықтар емес, этикалық нормаларды түсінуде мәдени әртүрлілікті ескеруге мүмкіндік беретін субъективті сезімдердің көрінісі деп тұжырымдайды. Осылайша, ұлттық дүниетаным мен эмотивизм шеңберіндегі эмоцияларды қарастыру эмоциялардың жеке және ұжымдық сәйкестікті қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын баса көрсете отырып, моральдық және мәдени айырмашылықтарды талдаудың жаңа перспективаларын ашады. Бұл өз кезегінде қоғам өмірінің барлық аспектілеріне әсер етеді, тұлғааралық қатынастардан бастап мемлекеттік саясатқа дейін. Эмоциялар мен ұлттық дүниетаным арасындағы бұл байланыс

мәдениетаралық диалогқа және жеке және ұжымдық тәжірибелер біздің әлемді қабылдауымызды қалай қалыптастыратынын зерттеуге жаңа көкжиектер ашады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның ашық университеті. оқыту теориясы. 8 дәріс – эмоция (Электрондық ресурс]. – https://openu.kz/storage/lessons/566/oytu-teoriyasy_8_lecture.pdf
2. Medieval Theories of the Emotions (Электрондық ресурс]. – 2022. – https://plato.stanford.edu/entries/medieval-emotions/
3. Әдіғани Нұргелді. Экзистенция. – Алматы: «Кітап» баспасы, 2019. – 160 бет.
4. Кабдрахман Д. Эмоция – ми қызметінің айнасы. (Әдістемелік нұсқаулық). – Алматы. Издательство «Қазақ университеті баспа үйі», - 88 бет.
5. Рене Декарт. Избранные Произведения. – перевод с французского и латинского. Государственное издательство плитической литературы, 1950. – 709бет.
6. Шульц Д. П., Шульц С. Э. Қазіргі психология тарихы. 11-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2018 жыл. – 448 бет.
7. Theories of Emotions (Электрондық ресурс]. – 2021. – https://plato.stanford.edu/entries/emotions 17th18th/LD8Hume.html
8. 19th Century Romantic Aesthetics (Электрондық ресурс]. – 2016. – https://plato.stanford.edu/entries/aesthetics-19th-romantic/?utm_source
9. Роббинс Стивен, Джадж Тимати. Ұйымдық мінез-құлық негіздері, 14-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл – 488 бет.

ӘОЖ 94 (574)

АТЫРАУ ТЕМІРЖОЛЫ ТАРИХЫНАН

Латипова Лаура Ізімқызы
laura.latip@mail.ru
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1-курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., профессор – Ғылыми жетекшім Бердіғожин Л.Б

1925 жылы КСРО халық шарушылығы жоғарғы кеңесінің шешімімен Гурьев-Доссор тар-табанды темір жолын салу үшін Ембі мұнай тресінің жанынан құрылыс басқармасы ұйымдастырылды. Құрылысқа басшы болып, темір жол қатынасының талантты инженері Алексей Максимович Денисов тағайындалды. Жұмыс ерекше күрделі жағдайда жүргізілді. Ешбір құрылыс техникасы болмады, маман жұмысшылар жетіспеді, жол бойын ауыз сумен қамтамасыз ету де үлкен күшке түсті. Жергілікті партия,комсомол және кеңес ұйымдары жол салу қарқынын арттыруда, құрылысты жұмысшы күшімен қамтамасыз етуде үлкен ұйымдастырушылық жұмыс атқарды. Гурьев уездік атқару комитетінің төрағасы Нұғыман Залиев басшылығымен барлық болыстар мен ауылдардан еріктілер ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде 1925 жылы мамыр, маусым айларында құрылыста 30 еңбек артелі құрылды. Олардың әрқайсысында 30-35 адамнан болды. Еңбек артелдері негізінен жергілікті ұлт өкілдерінен жасақталды.

Олар бұрын темір жол құрылысында істемеген, әрі түгелдей сауатсыз еді. Сондықтан жол салумен бірге құрылысшыларды мамандыққа баулу және сауат ашу жұмыстары қатар жүргізілді. Темір жол құрылысын жеделдетуде Гурьев уездік және Доссор аудандық аткомдарының рөлі ерекше болды. Олардың мәжілістерінде құрылыс мәселесі әлденеше рет қаралып, тиянақты

шешімдер қабылданды. Белгіленген шаралар батыл жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде құрылыс қарқын ала бастады.

Гурьев-Доссор тар табанды темір жол құрылысының тез аяқталуына өнеркәсіп орындары да сүбелі үлес қосты. Коломенск және Луганск зауыттары паравоз, Октябрь және Москва-Курск темір жол бөлімшелері вагон, Брянск мен Екатеринбург зауыттары рельс жіберді. Трасса бойында телеграф-телефон желілері қатар салынды.

Бүкіл жұмыс қол күшімен істелді. Соған қарамастан жолшылардың ерен еңбегі нәтижесінде Гурьев-Доссор тар табанда темір жолы 1926 жылы 18 желтоқсанда пайдалануға берілді. Жол бойында ірі үш бекет (Гурьев, Ескене, Доссор), үш разъезд (Сокол базары, Цех, Даңғар) іске қосылды.

1924 жылы 19 желтоқсанда Доссор кентінде поездың келу құрметіне көп адам жиналған митинг болды. Онда мұнайлы өлке үшін темір жолдың маңызын А.М.Денисов баяндап берді. Уездік аткомның жауапты хатшысы Қазмұқаш Ыбрашев, Доссор тұрғындары атынан Е.Ф.Серова пайдалануға берілген жолдың мұнайлы аймақтың бүкіл қатынас жағдайына үлкен көмегі тиетіні атап көрсетті. Бұны баспасөзде жарияланған құрылыс басшысы Денисовтің төмендегі мақаласы айғақтайды.

«Гурьев – Доссор теміржолы өлке мен мұнай кәсіпшіліктеріне не береді?» (18 желтоқсан 1926 жыл). «Гурьевтен Доссорға және кейін қарай мұнай кәсіпшіліктерінің барлық жүктерін қажетті көлемде жеткізеді, тіпті 100 000 тоннаға дейін. Гурьевтен Доссорға және кейін қарай барлық адамдар мен мекемелердің жүктерін тасып жеткізеді. Гурьев ауданының балық шаруашылығын арзан Карабатан көлі тұзы мен Ескенеде өндірілетін тұзбен қамтамасыз етеді. Гурьевтен Доссорға және кейін қарай барлық жұмысшыларды, қызметшілерді және олардың жанұяларын, басқа да адамдарды тасымалдайды. Тасымалдауға шұғыл, бір қалыпты, тез және үзіліссіз жұмыс жасайды. Доссор жұмысшы тұрғындарына еркін жүріп тұруға, кәсіпшіліктен бар мүліктері мен көшіп қонуға сенім береді. Бұл сенім жұмысшылардың кәсіпшіліктермен байланысын нығайтып және өндіріс өнімін көтеруге мүмкіндік береді. Жүк тасымалы бағасын 5-10 тиынға арзандатады. Қазір ол 45 тиын болса, енді 25 тиыннан кем болмайды. Жолаушылар тасымалы бағасын Гурьевтен Доссорға және кейін қарай 2-3 есе арзандатады».

1930 жылдары мұнайлы аудан дамуында Каспий-Орск мұнай құбыры және Атырау-Қандыағаш темір жолының салынуы ерекше маңызды болды.

1932 жылы 16-маусымда КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесі ұзындығы 709 шақырымға созылған Каспий-Орск мұнай құбыры мен Орск қаласында мұнай айыру зауытын салу жөнінде қаулы қабылдайды.

Каспий-Орск мұнай құбырын салу үшін 122 млн. сом ақша, ал Орск мұнай өңдеу зауыты салу үшін 42 млн. сом бөлінді.

Сондай-ақ, арнайы «мұнайқұбырқұрылыс» тресті ұйымдастырылды. Оны білікті инженер Е.Рогачев басқарды .

Каспий-Орск мұнай құбырын салу өте үлкен міндет еді. Себебі, құрылыс барысында кездесетін 13-өзен мен сулардан, әр түрлі ойпатты-қырлы жерлерден, көптеген кеуіп кеткен және жартылай кепкен көлдерден тартылған темір жол қиылысынан өту қажет еді. Оның үстіне құрылыс жұмыстарын өте ауыр табиғи-климаттық жағдайға жүргізуге, сонымен қатар жабдықтау қоймалары мен халық тұратын орындардан алшақ жерлерде салуға тура келді. Құрал-жабдықтарды жүздеген шақырым жерден тасып тұру қажет болатын. Автокөлік, трактор, экскаватор, т.б. механикалық құрал-жабдықтар жетіспеді. Негізгі еңбек құралы қарапайым күрек пен арба еді.

1932 жылы маусым айында құрылыс жұмыстары басталды. Өзінің көлемі жағынан Каспий-Орск мұнай құбыры 1907 жылы салынған Ресейдегі ең үлкен Баку-Батуми мұнай құбырынан кейінгі екінші орынға ие болды. Сөйтіп Днепро ГЭС пен Сталинград трактор зауыты

және Түркісіб сияқты соғысқа дейінгі бой көтерген алыптардың қатарына қосылды. Құрылыс жұмысы өнімді жүргізілді. 1932-1935 жылдары 453 шақырым қашықтыққа құбыр тартылған. Қазақстан үкіметі бұл объектіге 3-4 мың адам жұмылдырған болатын. Жұмысшылардың көбісі қазақтар еді. Олар қызмет ете жүріп, әр түрлі мамандықтарды игеріп шығады.

Құбыр төсеушілерге жергілікті халық азық-түлікпен, жылы киіммен және көлікпен ұдайы жәрдемдесіп отырған. 1933 жылдың бірінші жартысында осы құрылысқа жүк тасу үшін жергілікті тұрғындардың 177 аты мен түйесін, 650 арба пайдаланыпты.

1935 жылы 11 қарашада таңертеңгі сағат 09.30 да Қосшағыл кәсіпшілігінің мұнайы құбырмен айдала бастайды. Араға 26 күн салып,7-ші желтоқсан күніЕмбі мұнайы Орск мұнай айыру зауытының шикізат сақтайтын қазандарына құйылды.

Осыдан бастап ұзындығы 847 км. болатын Құлсары-Байшонас, Ескене-Байшонас кәсіпшіліктерін жалғаған Каспий-Орск мұнай құбыры Жайық-Ембі ауданының дамуына зор үлес қосып 1968 жылға дейін мұнайды Гурьев-Орск құбырына жөнелту жұмыстарын Батыс Қазақстан мұнай құбырлары басқармасы құбыр бойында тұрған жеті мұнай айдау станциялары арқылы іске асырды. Сонымен бірге эстакада арқылы мұнай цистерналарына құйылып жөнелтілді. Эстакадалар негізінен Мақат ауданының: Ескене, Мақат, Доссор жерінде орналасты. Мақат станциясы цистернамен де, құбырменде мұнай жөнелтіп отырды. Сол кезде Ақтөбе мұнайы Сарқамыс-Қаратон-Қосшағыл арқылы Гурьев-Орск желісіне қосылатын. КСРО Еңбек және Қорғаныс кеңесі 1935 жылғы 21 ақпанда Жайық-Embі мұнайлы ауданында темір жол салу туралы арнайы қаулы қабылдады.

Ауыр өнеркәсіп халық комиссарының тапсыруымен 1935 жылы инженер В.Ф.Копылев бастаған 68 инженер-техник болашақ жол бойын зерттеп, жаңа темір жолдың жобасы бекітілді. Құрылысты жүргізу озат ұжымдар – Магнитогорск металлургия комбинатына жол салуға және Уфа-Ишим темір жолын төсеуге қатысқан құрылысшыларға тапсырылды. Құрылыс бастығы болып, бұрын Магнитогорск құрылыс басқармасын басқарған инженер А.Ф.Дегтярев, бас инженерлікке Гурьев-Доссор тар табанды темір жолын салған А.М.Денисов тағайындалды. Жұмыс екі жақтан – Қандыағаш (солтүстік учаске) пен Гурьевтен (оңтүстік учаске) басталды. Оңтүстік бөлімше Гурьев қаласынан Мақатқа дейін жол салуға тиіс болды. Бөлімше бастығы болып, бұрын Уссурий-Шығыс Қытай, Рыбинск-Красноуральск темір жолдары мен Орск-Каспий мұнай құбырының жобасын жасаған тәжірибелі инженер Гаврийл Иванович Комаровский тағайындалды. Осы учаскеде халқымыздың мақтаныштарының бірі, теміржолшы инженер Мұхаметжан Тынышбаев еңбек еткен. Жолдамамен Гурьев-Орск мұнай құбырын төсеген 2 мың қазақ темір жол құрылысына келді.

The "Kiyiz Fest" festival took place at the ethnocultural complex "Köne Taraz," aiming to revive and promote traditional crafts of the Kazakh people, such as felt-making and spinning. The festival featured 12 teams showcasing their felt and yarn products, demonstrating their unique techniques and the cultural significance of these crafts in their lives. The best works received awards, and their creators were given valuable prizes.

The Republican Star Football Tournament for the Akim Cup of Taraz City was held on October 3, 2023, as part of the city's day celebration program. It featured well-known football players and celebrities, attracting not only local residents guests from other regions.

The culmination of the city day celebrations in 2023 was the festive cultural event "Taraz – My Beloved City," held on September 30. The event was attended by stars of the Kazakh pop scene and local artists, who delighted the audience with their performances. The program included concert performances, dance numbers, interactive zones, workshops, and, of course, a grand fireworks display.

In 2023, a magnificent folk celebration called "Maslenitsa Shirokaya" took place in the heart of Taraz. Devoted to traditions, residents and guests of the city gathered in the square in front of the cultural and historical complex "Köne Taraz" to celebrate this joyful holiday. Guests were greeted with fragrant pancakes, warm tea, and a variety of souvenirs. Veterans, youth, and performers from the Zhambyl Regional Russian Drama Theater danced and sang happily, creating a unique atmosphere of joy and unity. The fair treated guests to aromatic baked goods and local products, while the artists of the regional drama theater delighted the audience with a theatrical program that included lively dances and folk games. Performers from the regional Assembly of the People of Kazakhstan, such as the vocal group "Kalinka" from the Russian community "Radonezh," the ensemble of the Tatar cultural center "Laysan," and the ensemble "Marichka" from the Ukrainian cultural association "Dnipro," also entertained the audience. Additionally, students from Taraz schools prepared concert numbers. Valeria Son, the deputy director of the Zhambyl Regional Russian Drama Theater, shared interesting facts about Maslenitsa, explaining that in ancient times, pancakes were baked as a symbol of the sun, bidding farewell to winter and welcoming spring and the renewal of nature. The "Maslenitsa Shirokaya" event was organized to preserve the cultural heritage of the region, promote the traditions of the peoples of Kazakhstan, and foster spiritual and moral education among the youth. People of all nationalities in Taraz joyfully bid farewell to winter, having fun and enjoying delicious treats. To conclude the celebration, the participants symbolically burned the effigy of Maslenitsa, together bidding farewell to winter and welcoming spring with joy and optimism. The event was organized through the joint efforts of the Russian community "Radonezh," the Assembly of the People of Kazakhstan in the Zhambyl region, the regional Russian drama theater, and the akimat of the city of Taraz.

The Zhambyl region attracts nature and beauty lovers with its annual festival – an expedition to the places where tulips grow, including those listed in the Red Book. Tourists from various corners of our country, as well as from China and Germany, come here to experience the beauty of blooming Greig and Kaufmann tulips and enjoy their fragrance. Our scientists emphasize that it was from the territory of present-day Kazakhstan that these flowers were first brought to Europe several centuries ago. Today, the Karatau mountains are literally covered with tulips of various varieties, located at an altitude of over one thousand two hundred meters above sea level. Among the festival visitors were representatives from UNESCO. The organizers plan to create a geopark in the region, where many interesting stories about tulips will be shared.

In 2024, an exciting theatrical performance took place in the Central Square of Taraz for the Nauryz holiday, attracting numerous spectators despite the bad weather conditions. The ethnovillage located in the square amazed with its diversity and beauty; yurts decorated in a national style caught attention with their rich adornments and dastarkhan, laid with Kazakh and Eastern dishes. There was also an exhibition of craftsmen, showcasing national customs and traditions, as well as a "Uly Kosh" procession. Important guests were received in yurts, including representatives from the member states of the Organization of Turkic States, who arrived in Taraz for the international agricultural forum-exhibition "KazAgroZhambyl." The delegation from Turkey visited all 15 yurts, where they tried nauryz-köje and baursaks.

The international agricultural forum-exhibition "KazAgroZhambyl-2024" attracted ministers of agriculture and businessmen from various countries, including Azerbaijan, Hungary, China,

Kyrgyzstan, Russia, Tajikistan, Turkmenistan, and Uzbekistan. In the festive atmosphere of Nauryz, historic agreements were signed between the countries of the Organization of Turkic States.

As part of the theatrical performance for Nauryz, guests and participants could witness the high skill of local young men and women in traditional equestrian sports, such as audaryspak and kyz kuu, as well as other traditional competitions. Everyone had the opportunity to participate in various national games, including archery, tug-of-war, asyk atu, langy tebu, arm wrestling, and togyz kumalak.

A festive concert featuring artists from the Zhambyl Regional Philharmonic named after Kenen Azerbaev and stars of the domestic pop scene took place in the Central Square.

The Ters-Ashibulak training ground in the Zhambyl region temporarily transformed into a racetrack for festive horse racing among the soldiers of the mountain infantry regiment of the Regional Command "South," the only one in the Kazakh army. Equestrian training for the soldiers of the Regional Command "South" is a key element of their combat training. As part of the Nauryz Meyrami celebrations, festive baursaks were prepared by the bakers of military unit 01731 of the Regional Command "South" right in the field, in the area where the company columns were formed for deployment to the Aisha-Bibi training ground to carry out combat tasks.

Every year in Taraz, residents and guests of the regional center gather in the Zhenis Park to honor the memory of the heroes of the Great Patriotic War. The main focus is on laying flowers at the Eternal Flame and the stelae that commemorate the names of all residents of the Zhambyl region who participated in the war. The ceremony was attended by four veterans of the Great Patriotic War, wartime workers, their relatives, as well as the akim of the Zhambyl region, chairpersons of the regional maslikhat, public council, representatives of the intelligentsia, ethnic cultural associations, and law enforcement agencies.

The participants of the ceremony observed a minute of silence to honor the memory of the heroes who displayed heroism on the fronts of combat and labor. Children and grandchildren of front-line soldiers brought flowers to the stelae, where the names of more than 100,000 participants of the Great Patriotic War are inscribed.

On this day, the doors of the Hall of Glory in Zhenis Park were ceremoniously opened. Inside, visitors can see photographs and exhibits that tell the story of the heroic times of the Great Patriotic War. Six massive granite stelae rise in the park, inscribed with the names of fallen heroes. Special attention is drawn to the stelae bearing the names of 48 Heroes of the Soviet Union, natives of the Zhambyl region, who were awarded the Gold Star medal. The Hall of Glory features exhibits that recreate the atmosphere of wartime. An impressive bas-relief titled "Victory Flag over the Reichstag" is installed in the central hall. Display stands showcase relics from the war years and about 500 medals of front-line soldiers from the Zhambyl region. In total, this museum houses one and a half million photographs from wartime, allowing for a deeper understanding and feeling of the events of those years.

A vast number of various events take place in the Zhambyl region, ranging from large-scale festivals to small fairs. These events engage a large part of the population and are well-promoted among the youth, which is a significant advantage for event tourism. All national holidays are celebrated in the region, with events organized in their honor, and it is noteworthy that holidays of all nationalities are recognized. Many events are held annually, and some even monthly, which positively impacts the tourist image of the Zhambyl region.

The Zhambyl region is ambitiously focused on developing event tourism; however, there are shortcomings that need to be overcome. One of the key issues is the insufficient effectiveness of informational support. To enhance the region's attractiveness, it is necessary to improve the dissemination of information about tourist opportunities. This includes increased promotion of the attractions and natural sites of the Zhambyl region on social media platforms such as Instagram, Facebook, online targeting, radio, magazines, newspapers, banners, and so on. Additionally,

informative descriptions of all attractions in the Zhambyl region should be provided in foreign languages.

Furthermore, new developments and the implementation of programs are needed to promote event tourism by creating new cultural, sports, and entertainment events.

Event tourism in the Zhambyl region faces numerous serious challenges, such as a limited number of events and attractions, lack of tourist infrastructure, weak marketing strategies and promotion, as well as financial and organizational difficulties. Among additional problems, one can highlight the low involvement of the local population in the development of event tourism, a shortage of qualified personnel in the hospitality and service sector. Furthermore, the unstable political and economic situation adds risks, affecting the safety and attractiveness of the region for tourists.

Other issues of event tourism include a lack of diversity in events and programs for different age groups and interests of tourists, as well as insufficient environmental sustainability and care for the preservation of nature and cultural heritage during events. It is also important to ensure accessibility and safety of infrastructure for tourists with limited physical abilities.

Moreover, ineffective management and coordination among various stakeholders, such as government agencies, tourism companies, local entrepreneurs, and community organizations, can be noted. It is equally important to consider the potential negative sociocultural consequences of event tourism, such as the loss of authenticity of local culture and dissatisfaction among local residents due to increased tourist flow. Difficulties in obtaining the necessary permits and licenses for organizing events, limited access to financial resources for developing tourist infrastructure, and insufficient cooperation between various levels of government and institutions also hinder the creation of favorable conditions for the development of event tourism. Additionally, issues may be related to inadequate provision of modern technologies for managing and monitoring tourist infrastructure, as well as insufficient attention to safety measures and environmental protection during events. It is also essential to consider factors such as seasonal and potential climate changes, as they can affect the planning and success of event tourism in the region.

The government needs to encourage entrepreneurs who are starting their businesses in these areas to ensure that the quality of service in our city and region continues to improve. Local tourism companies should establish partnerships with local communities to collaboratively develop and conduct events, taking into account their interests and needs.

To attract a diverse audience of tourists, it is advisable to consider creating themed events focused on historical events, gastronomic experiences, sports activities, natural attractions, and cultural traditions. The government and local authorities should provide more support and development for local crafts workshops and manufacturing enterprises, as they are the ones who can offer tourists unique souvenirs and products that reflect the culture and traditions of the region.

Additionally, it is recommended to create special programs and events aimed at attracting families with children, including playgrounds, educational activities, and entertainment shows, as well as offering special family tourism packages.

List of references:

1. Bizimova, I. N. Event tourism as a special type of tourism // Bulletin of Irkutsk University. 2016. – No. 7. – P. 1177–178

2. Birzhakov, M. B. Event tourism: carnivals in history and modern tourism [Text]: textbook / M. B. Birzhakov. – St. Petersburg: "Gerd Publishing House", 2014. – 111 p.

3. https://kazpravda.kz/n/s-shikom-i-bleskom/

4. https://kazakhstan-news.info/ekonomika/item/106830-kuda-zhiteli-taraza-mogut-poyti-na-den-goroda

5.https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyltaraz/press/news/details/627976?lang=ru

ӘОЖ 787

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОБЫЗДА ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕРІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН

Мукашева Диана Маратқызы
di.mukashevaaa@mail.ru
«Дәстүрлі музыка өнері» білім бағдарламасының 4-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, ө.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Тұрмағамбетова Б.Ж.

Аты аңызға айналған Қорқыттан басталған қобыз аспабы ғасырлар бойы қазақпен бірге жасасып, Алтынбек, Дүкен, Ықылас, Түсіпбек, Дәулет Мықтыбаев пен Жаппас Қаламбаевтардан аманатталып бүгінгі күнге жетіп отыр. Кейбір мәліметтер бойынша Қорқыттан бұрын бақсылардың аспабы болған деген де тұжырым да бар, бұл тұжырым көбірек шындыққа жанасары айқын. Дегенмен, халық аузынан жиналған Қорқыт туралы біршама аңыз-әңгімелер бар.

Қорқыт – бақсылықпен қатар күйші. Оның күйлері ел есінде мәңгіге қалмақ – «Қоңыр», «Башпай», «Желмая», «Әуппай», «Ұшардың ұлуы», «Тарғыл тана», «Елім-ай» шығармалары осы күнге дейін сақталып, ойналып келеді. Күйлерінің көбі мәңгілік өмір іздеп жүрген сапарларында шыққа, кей күйлері белгілі бір оқиғаларға арналып шығарылған. Солардың бірі, «Башпай» күйінің шығу тарихына қысқаша тоқталып өткенді жөн көреміз. Зерттеуші ғалым Г.Омарова өзінің «Қазақтың қобыз дәстүрі» еңбегінде былай дейді: *«Бірде, өлімнен қашқан Қорқыт Сырдарияның жағалауына келіп, өзеннің бетіне кілем төсеп, қобыз ойнап отырса қарындасы дорбамен тамақ әкеп беріпті. Дорбағаның түбінде жатқан қарақұрт Қорқытты шағып алады. Алланың жұмсауымен жерге түскен Әзірейіл жанын алуға келгенде Қорқыт тәубеге келіп, күнәларына кешу өтініпті...»* [1, 59-б.]. Ары қарай ол өзінің қырық жыл бойы өлімнен қашқанын күнә сезінетінін, сонан соң ұйықтап жатып аңдамай аяғының қарындасына тиіп кеткеніндігін айтып, жерге көмген кезде аяғының көмілмеуін өтінеді. Аңыз бойынша ол қобызын өзімен бірге көмуді де өтініпті. «*Осы аңыз желісінің негізінде Қорқыттың көрінде керемет шипагерлік қасиет бар деп келген халықтың ғасырлар бойғы наным-сенімі жатыр»* [1, 60-б.].

Осылайша Қорқыттың күйлері деп жеткен шығармалардың шығу тарихы әртүрлі. Мысалы «Қоңыр» өмір мен өлімнің арпалысы туралы мәңгілік тақырыпқа арналса, «Желмая» өзінің астына мінген ертегі кейіптегі түйесіне арналады, ал «Ұшардың ұлуы», «Тарғыл тана», «Әуппай» өзі куә болған оқиғаларға арнауы. Зерттеушілердің бір тобы осы күйлерді «Қорқыт туралы күйлер» деп айтуды ұсынады (өнертану докторы Г.Омарова). Ал енді бірі оның тарихымызда болғандығына күмән келтіреді.

Қазақ музыка тарихында Қорқыт атадан кейінгі, есіме ел есінде қалған қобызшы – Ықылас Дүкенұлы. Оның атасы Алтынбек, әкесі Дүкен де (Тама руынан шыққан) өз заманының мықты қобызшы орындаушылары болған. Бала кезден өнерге жақын Ықылас Қорқыт есімін ұмыттырмай, сақтап, ұрпаққа үлкен мұра, аманат етіп қалдырып кетті. Ол өнер жолына бала кезінде түс көріп, түсінде Қорқыттың өзін көріп, оған ұсынған заттарынан қобызды таңдағаны жайында А.Жұбановтың еңбегінде және «Қобыз атасы – Ықылас» атты аңыздар жинағында оқиғалар баяндалған [2, 26-б.].

Ықылас – шебер орындаушы, күйші. Оның бүгінге қалған тамаша туындылары көп. Жас кезінен шығарған күйлері бақсы сарындарынан өзгеше болып, сонысымен ерекшеленген. «Қасқыр», «Кертолғау», «Ерден», «Жез киік», «Аққу», «Шыңырау», «Айрауықтың ащы күйі», «Қамбар батыр», «Жалғыз аяқ» секілді көпшілік күйлері музыкалық оқу орындарында міндетті


бағдарламада әлі күнге дейін ойналып келеді. Сонымен бірге көп танымалдылыққа ие болмаған күйлері де аз емес. Олар «Қаншайым», «Бозторғай» сияқты туындылары. Әрқайсысының өз тарихтары бөлек әңгіме. Солардың ішінде ел ішінде ойып орын алған, орындалу шеберлігі бір бөлек «Аққу» күйінің аңызын келтіре кетейік. Ертеде бір жарлы кемпір және оның ұлы мен қызы болыпты. Бір күні жау келіп, ауылдас ағайынына ажырап қалып, ішетін азық таба алмайды. Содан әжесі мен қарындасын уайымдаған ұл аң аулауға шықпақ болады. Әкесінен қалған мылтықты алып, бір дауысты естіп көлге қарай барады. Қараса көлде жүрген аққулар екен. Амалы жоқ бала құсты мәжбүрліктен атып жібереді. Бірақ оқ дәл тимей, аққулар ұша жөнеледі. *«Үйіне құр қол оралғысы келмеген бала екі өкпесін қолына алып, аққулардың соңына жүгіреді. Жүгіріп келе жатып:*

«Ей, аққу құс, аққу құс,
Аспандамай жерге түс.
Барар жерің Балқан тау,
Ол да біздің көрген тау!» –
деп жалбарына зарлайды» [2, 82-б.] – бұл эпизод қобызда орындаушылықпен шебер көрсетілген. Аққуға оғы жетпеген бозбала үйіне құр қол қайтады. Келер күні таң ата бозбала тағы азық іздеп аңға шығады. Бұл жолы ол олжалы қайтады. *«Осыдан кейін бала аңшылыққа машықтанып алып, анасы мен қарындасын тамақтан тарылтпайтын болады. Кейін осы бала ер жетіп, рулы елдің басы болып еді дейді»* [2, 83-б.], – деген. Аңыз ел ішінде кеңінен таралып, қобыздағы орындаушылық шеберлікті айқындай түсті. Яғни, аққуға арналған күйін тыңдап отырғанда болып жатқан оқиғаны, адамдардың айтқан сөздерін, құсты тарс еткізіп ату сәті, үйге көңілсіз оралған бозбала, бәрі-бәрін шеберлікпен көз алдыңа келтіреді.

Осы секілді қазақ музыкасының орындаушылық тарихында қобызда орындаудың шеберлігі Ықылас шығармашылығынан басталып сипатталады. Мысалы, көп аңыздарда қобызда орындаушылық шеберліктерін тамаша суреттеп, аң-құстардың қобыз даусын ерекше қабылдайтыны айтылады.

Ықыластың басынан өткен оқиғалары бойынша және аңыз күйлерінен басқа, эпостық күйлері де бар. Олар, «Қамбар-Назым», «Қамбар батыр», «Мұңлық-Зарлық», «Қазан» және т.б. Бұл туындылар күйшінің бала кезінен әкесінен үнемі әңгімелерді естіп өскеннен керемет туынды болып шықты десек те болады.

Қазақтың қобыз өнерін жалғастырған халық арасынан шыққан, орындаушылықты өз шығармашылығымен дамытқан шебер музыканттардың күйшілердің келбетіне шолу жасап көрелік. Олардың шығармашылықтары туралы әртүрлі дереккөздерде берілген: Ықыластың ұлы Түсіпбек, Сүгір Әлиұлы, Ашай Бекмағамбетұлы, Әбікей Исаұлы, Дәулет Мықтыбаев, Жаппас Қаламбаев, Сматай Үмбетбаев, Базархан Қосбасаров, Қасымов Жұмағали, Гүлнафис Баязитова секілді із қалдырушы мықты мамандар. Ерте кездегі күйлердің көпшілігі осы кісілердің арқасында бізге жетіп отыр. Яғни, даңқты Ықылас пен одан тікелей тәлім алған шәкірттерінің дәстүр сабақтастығын (зерттеуші Г.Омарова нұсқасы бойынша) кестемен былай келтіруге болады.



XX ғасырда қобызда орындаушылыққа үйретететін арнайы оқу орындары ашылғаны белгілі. Онда осы аты айтылған көп тұлғаларымыз қызмет жасап, өз үлестерін қосты. Солардың бірі Сүгір мен Әбікейдің шәкірттері Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаев. Олар 1934 жылы Алматы қаласында өткен бүкілқазақстандық өнерпаздар слетіне қатысып, көзге түседі. Сол жылдары алғаш рет ұйымдасып жатқан музыкалық ұжымдарға қызмет етуге шақырылады. Қазақ ұлт аспаптар оркестрлерінде орындаушы, жеке солист болып, уақыт өте келе Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында ұстаздық қызметтерін атқарып, көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарады. Олардың арасында Жаппас Қаламбаевтың еңбек жолы тарихи үлкен маңызға ие. Ол алғашқы оркестрдің мүшесі, кейін концертмейстері, жоғары оқу қабырғасында тұңғыш қобызшы ұстаз.

Қазақ халық аспаптар оркестрінің қалыптасуының басында тұрған ірі тұлғаның бірі Жаппас Қаламбаев 1909 жылы дүниеге келген. Туған жері Шымкент облысы, Созақ ауданы. Әкесі Қасымбек домбырада күйлерді шебер шертіп, ән салған, музыкалық аспаптар жасайтын шебер болған. Ол ұлының музыкаға қызығушылығына қолдау көрсеткен. Өсе келе ол домбыраны да, қобызды да тең игереді. 1937 жылдары ең алғаш нотамен ойнау тәсілі келгенде, қобызшы нотаны тез меңгеріп алады. Нота үйренген ол өзі білетін туындыларды нотаға түсіріп, жинақ қылып құрап жүрді. Еңбек жолы Алматы музыкалық техникумының ұлттық оркестріне мүшеліктен басталады, 1935 жылы ұжымға солист-қобызшы ретінде орналасқан. 1940 жылы ұлттық оркестрдің тұңғыш қобызшысы болып бекітіледі, ал 1946 жылы осы оркестрдің концертмейстері қызметіне ауыстырылады.

Оның жан-жақты шығармашыл тұлға болғандығы жөнінде үлкен қызы Дина Жаппасқызы былай деген: *«Көптеген күйлер шығарды, ән де жазды. Біраз күйлерін өз атынан емес танымал халық композиторларының атынан жаздырған кездері де ұшырасты. Көптеген халық композиторларының күйлерін нотаға түсірді»* [3]. Ж.Қаламбаевтың «Дала еркесі», «Туған Қазақстаным» күйлерінің нотасы Орталық архив қорында сақталған. «Кең өлке» әні, «Падция/Қаншайым/» әні, Құрманғазы оркестріне арналған «Вальс», «Еңбек маршы» шығармалары да бір төбе. Сонымен бірге Ж.Қаламбаевтың композитор ретінде өзге авторлармен бірге жазған драмалық және музыкалық-драмалық, эстрадалық туындылары бар. Оның репертуарында көптеген шығармалар, күйлер болған. Ол көптеген халықтық күйлерді нотаға түсірген.

Жаппас Қаламбаев біраз жылдар қызмет еткен Құрманғазы оркестрінен 1966 жылы «Қазақконцертке» жұмыс ауыстырады. Ол 1967-69 жж. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында оқытушы болған. Сол кездегі консерватория ректоры Е.Рахмадиев қобыз класының ашылғаны туралы былай айтқан: *«1967 жылы консерваторияға ректор болып келгенде қылқобызды оркестрден шығарып тастағанда Жаппекеңді осы оқу орнынан қылқобыз класын ашып, жетекшілік етуге шақырдым»* [3]. Ұсынысты қабылдаған Ж. Қаламбаев өнерінің жалғастық табатынына қуанады.

Келесі Әбікейдің шәкірті болып, күйлердің көпшілігін Ықыластың ұлы Түсіпбек қобызшыдан үйренген тұлғалардың бірі Дәулет Мықтыбаев еді. Ол 1904 жылы Ақмола облысы, Қорғалжың ауылында дүниеге келіп, бала кезінен қобызға қызығушылығы күшті болып, өмір бойы сүйікті ісімен айналысып, өз шеберлігімен қобызда орындаушылық өнерін дамытып, бүгінге бізге мұра қылып қалдырып кетті. Дәулет Мықтыбаев өте дарынды тұлға болды. Ол Түсіпбек қобызшының үйреткен күйлерін тез меңгеріп алды. 1937 жылға дейін Қарағанды филармониясында солист бола жүріп, 1937-1941 жж. Алматы қаласындағы Жамбыл филармониясында қызмет істеді. 1941-1945 жж. Кеңес Армия қатарында борышын өтеп, соғысқа қатысты. 1945-1955 жж. аралығында Қазақ мемлекеттік филармониясында еңбек етіп, «Қазақконцерт» мекемесінде қобызшы болып жұмыс жасады. Қобыз өнерінде зор үлесін қосып, өмірінің соңғы жылдарында, яғни 1970 жылдан бастап, Жаппас Қаламбаев бастаған Құрманғазы

атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында қылқобыз класын жалғастырып ұстаздық етті.

Дәулет Мықтыбаев жұмыс істеп жүрген кезінде, *«Қазақ Радиосы қорына Д.Мықтыбаев Ықыластың көп күйлерін; «Ерден», «Қазан», «Қамбар батыр», «Жолаушының жолды қоңыры», «Кертолғау», «Айрауықтың ащы күйі», «Шыңырау», Әбікейдің «Жалғыз аяқ», «Көзбеннің Сарынын», «Қорқыт», «Аққу» күйлерін жаздырып қалдырды»* [4] делінген. Ол Ықыластың репертуарындағы күйлерді баласынан үйренгендіктен бізге өзгеріссіз бүгінге жетті. Бізге жеткен қобызда орындалатын ең көне туындылар Қорқыттыкі болса, оның жеткізуші, өмірде нақты болған адамдар арқылы Ықыласқа жеткен, және де Ықыластың өзі де бұл өнерге үлкен үлесін қосты. Осылай Ықылас шығармашылығын бізге қалдырған осы кісілер.

Жаппас пен Дәулет Сүгір, Ашай, Әбікейдің шәкірттері болса, екі қобызшының да тәрбиелеген мықты жалғастырушы көп шәкірттері болды.[1] Олар Балғаева Фатима, Үмбетбаев Сматай, Кәлембаева Меруерт, Жұмабеков Әбдіманап, Қосбасаров Базархан, Молдакәрімова Ғалия т.б.

Жаппастан кейін Д.Мықтыбаев консерваторияда ұстаздық етеді. Консерваторияның алғашқы түлегінің бірі – Фатима Балғаева болды. Фатима Балғаева 1951 жылы Берлинде өткен Бүкілдүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивалі сайысының және А.Жұбановтың қобызға арнап жазған «Көктем вальсін» керемет орындап лауреат атағына ие болған тұлға. Көп шәкірттерін тәрбиелеп шығарған. Олар М.Қаламбаева, Г.Ізтелеуова, Р.Нұртазина, Н.С.Сиражев, К.Ахметова, З.Бисембаева секілді т.б ұстаз ізін жалғастырушы тұлғалар. Фатима Балғаева кафедра меңгерушісі болып тағайындалып, қызмет еткен.

Тарихымызда әр өңірден шыққан қобызда орындаушы шебер күйшілер туралы ақпараттар бар. Олар көп танымалдыққа ие болмады, бірақ қобыздың дамуына үлестерін қосты. Мәселен, Жұмағали Қасымов. Қобыз өнеріне үлкен үлес қосқан, қобызда ойнау өнерін алып келген азаматтардың бірі. Бұл кісінің есімі өте кең таныс емес еді. 1934 жылы оркестр құрамына еніп, көп қобызшыларға ойнау тәсілінің бір түрін үйретіп кеткен. Бұл кісінің шәкірті есімі елге танымал, ірі жетістіктерге жеткен Гүлнафис Баязитова болды.

Гүлнафис Баязитова – Қазақ КСР-інің халық әртісі. Оркестрде концертмейстерден бастаған ол, халық әртісі деген атаққа дейін іліккен тұлға. Ол 1917 жылы дүниеге келген. Алғаш кезде ол қобыз аспабын таңдамай, мандолина, гармон іспеттес аспаптарды ойнап жүрді. 1935 жылдары Алматыға оқуға түседі. Сол кезеңде енді ұйымдастырылып жатқан қазақтың халық аспаптар оркестріне шақырылады. Оркестрде көп жылдар еңбек етіп, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген атағына ие болған. Ол көп жылдар музыка айналасында еңбек етті. Жеке концерттерін беріп, халық ән-күйлері мен Қазақстандық композиторлардың және Батыс Еуропа классиктерінің туындыларын оркестрдің сүйемелдеуімен шебер орындап жүрді.

Отызыншы жылдардан бастап қобыз аспабының қайта жаңғыруымен бірге жаңа форматтағы түрлері пайда болды.

Қоңыр үнді қобыз аспабының тек күй орындап қана қоймай, әнді қостап, жыр жырлауға мүмкіндігі бар, оның үстіңгі шанағы теріден жасалғандықтан ұрмалы аспап ретінде, ал ілінген сылдырмақтары қосымша дауыс ретінде әсем дыбыстар беріп бірнеше міндеттерді атқарған. Мысалға, қылқобыз, үш ішекті немесе төрт ішекті қобыздар, прима-қобыз, нар қобыз, егек, екі ішекті жез қобыз т.б. Осындай қобыздардың жасалуы табандылықты, еңбекті талап етеді. Қобыз жасау үшін ұзақ уақыт қажет. Өйткені оның әр бөлігі уақытты қажет қылады. Дыбысы анық қоңыр шығуы үшін міндетті құралдармен, белгілі өлшеммен жасалуы тиіс. Көптеген зерттеушілер осы қобыз аспабы туралы естеліктер қалдырған. Алғашқы қазақ ұлттық аспаптарын зерттеген ғалым Б.Сарыбаевтың еңбегінде қылқобыздың зерттелуіне ішекті аспаптар бойынша «Қылқобыз» тараушасы арналған. Ғалым өз еңбегінде қазақ жерінде болған

саяхатшылар мен этнографтардың ғылыми жазбаларында қобыз аспабы туралы көптеген деректердің бар екенін айтқан. Саяхатшы П.С.Паллас Орал өзені бойындағы қазақтардың және Семейдегі қазақтардың қобызда ойнағанын көрген. И.Гмелин Астрахань маңынан кездестірген қобызын ауызша бейнелеп, оны экспедиция мүшесі суретші И.Борисов сурет етіп салған. *«Иван Борисовтың салған суреті, қобыздың алғашқы үлгілерінің бірі»* дейді Б.Сарыбаев [5, 129-б.]. Совет ғалымдары да өз пікірлерін айтты: А.Жұбанов *«Қобыз аса бір қызықты аспап. Оның тұла бойында толып жатқан музыкалық қасиет бар» («Ән-күй сапары», 144-бет) десе, академик Әлкей Марғұлан «Қобызды аққудың түріне келтіріп жасаудың зор тарихи дәстүрі бар»* [6, 61-б.], - деді. Осы зерттеулердің нәтижесінде қобыздың бейнесі ерте кездегідей сақталынып қалды десек болады. Енді аспаптың құрылысына тоқталсақ. Құрылысы *бас, құлақ, мойын, шанақ, ішек, тері, тиек, ішек тартқыш, түйме* деген бөліктерден құралады және әрқайсысы өңдеуден өтіп, сапалы болып шығады. Қобыздың басты ерекшелігі – қыл ішектерінде. Сондықтан «қылкобыз» деп аталып келеді. Дыбыстардың қоюлығының бірден-бір себебі осы ішектерімен байланысты. Жылқының қылынан алынып, ұзындығы артығынан қолданылып, сапасына аса жоғары мән беріледі. Астыңғы ішегіне 30 тал қыл салынған болса, үстіңгісі одан көбірек 40-50 талдай қыл болуы керек. Бұрауы квинта және квартаға түсіріледі. Кварта бұрауы оң бұрау немесе қоңыр бұрау делінсе, квинта бұрауы тік бұрау деп аталады. Ысқышы садаққа ұқсас келіп, ол да қылдан жасалады. Одан кейін – шанағы. Негізгі бөліктерінің бірі. Дыбыстың сапалы болуы осы бөлігінің басты міндеті десек болады. Шанақ екі бөліктен тұрады. Оны Д.Тезекбаев «Қобыз сыры» атты кітабында астыңғы және үстіңгі қақпақтары деп атаған. Астыңғы қақпақ ағаштан ойып алып жасалынса, үстіңгі қақпағы түйенің терісінен жасалады [7, 12-б.]. Келесісі – тиек. Кішкене ғана бөлшек болғанымен, тұрған орны дыбыстың анық шығуына үлкен әсерін тигізеді. Осындай әр бөлшегі белгілі бір міндеттерді атқарады, әрі бірін-бірі байланыстырып тұрады.

Қобыз жасау екінің бірінің қолынан келе бермейтін үлкен жұмыс. Қобыз жасауда көп үлес қосқан, қобыздың ұмытылып кетпеуіне үлес қосқан кәсіби шеберлеріміз бар. Олар ағайынды Э. және М. Романенколар, Ахмет Жұбанов, Қамбар Қасымов, сонымен бірге көптеген шеберлердің қатарында қазіргі танымал Жолаушы Тұрдығұлов, бұлардың қатарына 50-жылдары Атыраудан шыққан аспап жасаушы шеберлер Мырзағали Бисенғалиев пен Мұса Әділовтерді атауға болады. Ағайынды Романенколар түрлі қобыздарды жасады және оркестрге А.Жұбановтың бастауымен жаңаша үш және төрт ішекті қобыздарды 1934 жылы тұңғыш рет халық аспаптары құрамына кіргізді. *«Осыған байланысты қобыз қайта жабдықталды. Қосымша ішек орнату арқылы диапазоны кеңейіп, дыбысы өңделе бастады, қобыздың түрі жақсарды. Ысқышы осы заманғы скрипканікімен алмастырылды. Мұның өзі ойнау техникасын жетілдіріп, үн шығару мен ойнау шеберлігінің мүмкіндігін арттырды»* - дейді Б.Сарыбаев «Қазақтың музыкалық аспаптары» кітабында [5, 131-б]. Осыдан кейін оркестрге қылқобыздың қасына қосымша ең алғаш үш ішекті қобыз шықты. Оны жасауға Қамар Қасымов пен Эмануил Романенко көп үлестерін қосты. Уақыт өте келе бұл үш ішекті қобыздың диапазоны жетпей, 1953-1954 жылдары Шамғон Қажығалиев пен Досымжан Тезекбаев одан әрі жетілдіруге ойларын білдірді. Осылайша төрт ішекті қобыздар пайда болды. Олар қазіргі уақытта прима-қобыздар деп аталады және классикалық күрделі шығармаларды ойнауға еркін, ыңғайлы аспап ретінде саналады. Бұл қобыздардың өзі бір үлкен топқа жатады. Олар прима-қобыз, альт-қобыз, бас-қобыз, контрабас-қобыз болып 4 дауысқа бөлінеді.

Қобыз бір қалыпқа оңай келмеді. Оның келуі үлкен ізденістерді талап етті. Қобыздың күні кешегі уақытқа дейін әртүрлі формада болғандығын қобызшы педагог Ә.Жұмабеков былай әңгімелеген: *«Кейбір шеберлердің ауыз жаппай мақтағаны уақыт өтпей жатып түкке жарамсыз болып қалады. Немесе қобыздың терісі қыстың күні суыққа шыдамай, тез жыртылып кетеді. Қандай тері пайдалану керектігін зерттемей, әйтеуір шала-пұла жасай салатындар көп. Жолаушының ондай әдеті жоқ. Айта кетерлік жәйт, бұрын қобыздар әртүрлі*

болатын. Бірі ұзын, бірі қысқа келетін. Жолаушымен ақылдаса отырып, соның барлығын бір жүйеге келтірдік. Қазіргі қобыздардың дыбысы да, тембрі де жақсы. Әркім қалағанынша жасамайды. Ортақ параметрлердің қалыптасуына Жолаушының еңбегінің көп сіңгенін айта кеткеніміз жөн» – дейді [8].

Яғни бүгінгі біз қолданып жүрген қобызға келудің өз тарихы, өз жолы бар бар екен. Бұндай реттелудің, стандартталудың басында кәсіби орындаушы маман мен кәсіби аспап жасаушы шебер біліктілігі жатыр. Ж.Тұрдығұлов еліміздегі мықты шеберлеріміздің бірі. Ол тек қана қобыз өлшемін келтіріп қана қоймай, домбыраның жиырма түрін, жетіген аспабын жасаған, сонымен бірге электр-домбыра жасаған алғаш білікті маман. Оның шеберханасынан шыққан қобыздары көп конкурстардан, мысалы, республикалық «Дана қобыз» байқау-бәйгелерінің Бас жүлдесіне ие болды.

Қобыз сөзі әртүрлі мағыналарды береді. Сол атаулары жайында көп зерттеушілер өз пікірлерін айтты. Солардың бірі Есмағамбет Исмайылов былай деді: *«... Қазақтың қобыз, лебіз, әуез, аңыз, абыз деген сөздердің түбінде жақындық үлкен, бәрі де қобыздан шығатын күйдің сарынын, үнін, әуенін білдіреді... Қобыз, абыз, лебіз, әуез... деген ұғымдардың Украинның кобзарымен жақындығы да болуы ғажап емес, өйткені кобзарьдың түбірі татардың комуз дегенінен шыққан...»* [6, 62-б.]. Бұл пікірі қобыз сөзімен қоса, осы сөздердің ұқсастығын айтқан болуы керек.

XV ғ. жыраулық дәстүрі тұсында олар өздерінің толғауларын, жырларын қобызбен сүйемелдеген. Оны біз Т.Қоңыратпай «Қазақ музыкасының тарихы» деген кітабынан мына сөзінен байқасақ болады*: «Хандық дәуір жағдайында поэзия жеке өнер саласы ретінде жіктеле қоймаса керек. Бұл кезеңде қобыз немесе домбырасыз жыр жырлап, толғау айтқан жыраулар болған емес. Олай болса бұл мәдени құбылыстың мәнін көрсетуде жыраулық поэзиядан гөрі жыраулық өнер деген тіркестің жарамдылығы айқын»* [9, 134-б.] – делінген. Жалпы «жырау» сөзі – түрікмен ұғымы бойынша «бахшы» деп аталған.

Қазақ ұғымында қобызды бақсының серігі деп қарау түсінігі қалыптасқан. Өйткені бақсы адамды емдеу кезінде түсініксіз сөздермен былдырлап, қиқулап, оттың үстінен секіріп, болашақты болжаған, ауру адамды емдеген, оның ұрмалы аспабының және қобызының қоңыраулары сылдырлап, қобызға таққан сылдырмақтары мен айна сынықтары оған ерекше магиялық сипат бере түсетіндей. «Бақсылық» ұғымына көбірек «шаманство» термині ұқсас келеді. Бұл термин XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде кеңінен тарап кетті. Содан уақыт өте «шаманизм» сөзі шығып, «шаманство» сөзімен қатар жүрді. Кейін көптеген пікірлер туып, екеуі екі түрлі жеке ұғымда қолданылатын болды. Жалпы бақсылар фольклор жасаушылардың бұрынғы өкілдері болып саналады. Бірақ ақын, жырау, сал-серілерге қарағанда біраз айырмашылығы бар. Оның бір айырмашылығын атқаратын міндетінен көреміз. Олардың басты міндеті көркем шығармашықпен айналысу емес, берілген нақты бір дүниетанымға бағытталған діни культті атқару болды.

Бақсы – шаман дінінің бір бөлігі. Бұл бір орында тұрған құбылыс емес. Сондықтан оның өзіндік даму кезеңдері бар. Оны В.Г.Богораз-Тан былай төрт кезеңге бөліп қарастырған: бірінші кезеңі – үй ішіндегі бақсылық; екінші – мамандалған бақсылар; үшінші – рулық қоғаммен байланысты және төртінші – дамыған тайпалық және таптық қоғамда бақсылықтың ыдырау кезеңі деп бөлген. Осылай төртінші кезеңіне жетіп бақсылық жойыла бастаған мезетте, оның тек сақталған жалғыз қызметі емшілік болды. *«Шамандық сенім бойынша адам екі түрлі жолмен ауырады: 1. Зиянкес (злые духи) тәнді жайлап алады; 2. Зиянкес тәннен жанды ұрлап алады»* [10, 56-б.] – деп екі түрге бөлген. Сол себептен бақсының қызметі осы екі міндетті қарсы бағытта атқару болып саналды. Бақсылар халық түсінігі бойынша жын-шайтанның кесірінен болған ауруларды емдеген. Ал ырыми қызметтерінің бірі – болжаушылық еді. Қазақтың бақсылары әр түрлі болжаған. Дегенмен, ең бастысы жындардың көмегіне сүйеніп, болжайтын болды. Бірақ

олармен әр кезде байланысу мүмкін емес, тек біреудің өтініші арқылы жүзеге асатын. Шаман, бақсылар әр тарихи кезеңде түрлі сипатта көрініп келеді. Бақсылар тек адамдардың тағдырына, денсаулығына, ісіне ғана болжамдарын жасайтын болған.

Осы жоғарыда айтылған қызметтерді бақсылар орындамағанда, бақсы бейнесі шықпас еді. *«Бәрінің басын қосып, ұйытқы болып тұрған – тәңірі-иелерге деген нық сенім. Бақсы – иелермен тіл қатысып, сөйлесе алатын, айтқанын істете алатын жалғыз өкіл. «Бақсы болу үшін адамға мың сан жын қонуы шарт. Бақсылықтың күші де шайтандардың көмегіне байланысты»* [10, 59-б.], – деген пікір бақсылардың бейнесін суреттегендей. Бұның айта кететін бір тұжырымы, бойында бақсылық қасиеті бар адам бақсы боламын деп болмайды, ол тағдырына жазылып, жындардың мәжбүрлеуі арқылы өз еркінен тыс бақсы болады. Қарсы келсе жындардың қаһарына ұшырап, өмірі қиын өтері айқын. Қобыздың бақсы аспабы ретінде қолданылғанын мына сөзден байқасақ болады: *«Бақсының синкретті өнерінің бір саласы – күйшілік, аспабы – қобыз, ал одан да бұрын – даңғыра, дабыл»* [10, 61-б.], – деп жазылған. Осылайша қобыз аспабының жыраулармен қатар бақсылар қолданғанын айқын көрсек болады. Оны біз ежелден бақсылардың күй мен сарындарын ойнап, о дүниемен байланысып, емші ретінде танылғанынан көреміз.

Қобыз (қылқобыз) аспабы жөнінде біраз мәліметтерге шолу жасауға тырыстық. Ендігі кезек оркестрде қолданылып жүрген, жоғарыда топтары аталып өткен аспаптарға тоқталуды жөн көреміз. Олар прима-қобыз, альт қобыз, бас-қобыз, контрабас қобыз.

Бір кездері бақсының аспабы деп бақсымен бірге қудаланған қобыз XX ғасырдың 30-жылдары қайта жаңғырып, өзінің кәсіби өнерде өмірін қайта бастады. Әйгілі қобызшылар Ж.Қаламбаев, Д.Мықтыбаевтар арқылы қылқобыз сахнада жеке орындаушылық аспап ретінде күйлерді насихаттады. Осы кезеңде сонымен бірге қазақ ұлттық аспаптарымен бірге ансамбльде қолданыла бастады. Ал 33-34 жылдардан бастап төрт ішекті прима-қобыздар мен бас-қобыздар секілді түрлері оркестрде қолданысқа ие бола бастады. Бұл 1940-шы жылдарды осы қобыз аспабы топтары жаңа қырынан көрініп, әуенді шығармаларды әдемі орындағандықтан көзге көбірек түсті. Мүмкін, осыдан болар, қылқобызда орындаушылық салыстырмалы алғанда екінші планға ауысты.

1960-шы жылдардан бастап прима-қобызда жеке орындаушылық кең дамып, музыкант Бүкілодақтық байқауларға қатысып, насихаттала бастады. Оған Фатима Балғаеваның жетістіктерін мысалға алсақ болады.

Аспап туралы әлі де шешімін таппаған сұрақтар кездеседі. Олардың бірі, орыс саяхатшыларының домбыраны емес, қобызды, сыбызғыны көбірек сипаттап, суретін салып, кең қолданыстағы аспап деп мәліметтер жазып қалдыруында. Бұл аса назар аудартатын деректер деп санаймыз. Себебі, қобыз аспабы туралы ізденістер жүргізген кезде этнографтардың мына пікірі ой салады. Олардың айтуына қарағанда, XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқында қобыз бен сыбызғы аспаптары кең тараған. *«Орынбор губерниясында екі жыл болып, қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпын зерттеуге көп көңіл бөлген этнограф Алексей Левшин: «...қырғыздардың ең басты музыкалық аспабы қобыз бен сыбызғы» деп жазды. Сондай-ақ П.С.Паллас пен И.Георги және XVIII ғасырдағы басқа саяхатшылар да өздерінің ғылыми жазбаларында қобыз бен сыбызғыны бәрінен көп суреттегендерін көреміз. Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов та XIX ғасырдың орта кезінен бастап қобыздың азайып сиреп бара жатқанын байқаған»* [5, 130-б.].

Біздің ойымызша қобыз бен сыбызғы өзінің кең таралуын белгілі бір аймақтармен байланыстыруы мүмкін. Сонымен қатар домбыраның аса кең танымал боп өркендеуі XIX ғасырдың ортасы мен екінші жартысына түсуі мүмкін деп те ойлаймыз.

Тұжырымдай айтқанда, қобыз аспабының дамуы XX ғасырдың 30-шы жылдарында қайта жаңарып, дамып, жаңа формаға түсіп, жетіліп, жеке орындауда да, оркестрде өмірі жалғасты.

Яғни, қобызда орындаушылық өнері екі бағытта дамыды. Бұл екінші бағыты оркестрлермен байланысты болып келеді. Қазақстанда тұңғыш ұйымдастырылған Құрманғазы оркестрінен кейін барлық облыстарда мүмкіндігінше өзінің оркестр ұжымдары құрыла бастады. Олардың барлығының дерлік құрамында қобыз болуы шарт еді. Солардың бірі 1957 жылы құрылған Атырау облысындағы Дина Нұрпейісова атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі еді.

Гурьев қаласындағы ірі өнер ұжымының ұйысуы мен оқу орнының ашылуы.

Атырау өлкесіндегі қобызда орындаушылық өнер туралы айтқан кезде ондағы екі түрлі бағытты көрсетуге болады. Оның бірі – оркестр ұжымы болса, бірі – арнайы оқу орындары. Яғни қаладағы балалар музыка мектептері мен арнайы орта білім беретін музыка училищесін айтамыз. Жалпы музыканттарға тәжірибелік тұрғыда оркестр ұжымында ойнау – олардың кәсіби дамуына үлкен көмегін тигізетіні белгілі. Онда аспапты одан әрі меңгере түсіп, репертуарды кеңітіп, нотаны оңай жүргізе алу дағдысын дамытуға, жетілдіруге мүмкіндік мол. Айтпағымыз, Атырау жеріндегі қобызда кәсіби орындаушылықтың негізін қалаушы тұлға осы екі бағытты қатар бастап, қатар ұстап, қатар дамытуға атсалысқан дарынды музыкант болды.

Мәдениетіміздің дамуында оркестр ұжымдарының алатын орны орасан зор. Олар қазақтың музыкалық өнерін дамытуда үлкен үлестерін қосуда. Мысалы, көптеген концерттер беріп, түрлі ән-күйлерді оркестрге арнап өңдеп, өзге елдерді аралап мәдениетімізді насихаттап, танытуда. Айта кетсек, олардың ең алғашқысы, академик Ахмет Жұбанов ұйымдастырған домбырашылар ансамблінен бастау алып, кейін мемлекеттік академиялық халық аспаптар деңгейіне дейін көтерілген алғашқы ұжым – Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық халық аспаптары оркестрі еді.

Осы ұжымнан кейін республикамыздың әр өңірінде шағын немесе орташа деңгейдегі облыстық, қалалық оркестрлер мен ансамбльдер құрыла бастады. Солардың арасындағы ең ірі әрі танымал ұжымдардың тарихына шолу жасап көрелік.

Тұңғыш Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінен кейін ірі ұжымның бірі әрі бірегейі Атырауда құрылып, қоғамдық негізде жұмыс жасаған Дина Нұрпейісова атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі. 1956 жылы Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, өнер жанашыры Нұртас Оңдасынов жас маман С.Құсайыновты елде оркестр құруға шақырады [11, 95-б.]. А. Жұбанов осы кезде жас маман Сейілхан Құсайыновты шақырып алып: *«Гурьев облысының басшысы ел болашағын, өнер болашағын алыстан ойлайтын азамат. Сол жігіт қолқа салып отыр. Жас, жігерлі азаматсың. Қостанайдан біраз тәжірибе жинап келдің. Еліңе барып, қазақтың ұлттық өнерінің өресін кеңейтсең қайтеді? Сол батыс өлкеде біздің Құрманғазы атындағы оркестрдей оркестр құрылса деп едім. Ол жердің халқы аса өнерлі болып келеді. Болашақ оркестр мүшелерін солардың арасынан іздейсіңдер. Жақсы іздесеңдер – табасыңдар да, Раушан саған жақсы көмекші бола алады. Бірің домбыраны, екіншің қобызды жандандырсаң, бәлкім бұл арманымыз да орындалып қалар»* деп кеңес береді [12, 16-б].

«Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген мәдениет қызметкері», «Еңбек ардагері», «Ерең еңбегі үшін» медальдарының, Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің Грамоталарының иесі Нұрпейісова Раушан Түсіпбекқызы Атырау өлкесінің мәдениетінде үлкен із қалдырған тұлға. 1956-1972 жж. сол кездегі Гурьев қаласындағы Балалар музыка мектебінде қобыз класының мұғалімі, осы жылдары Дина Нұрпейісова атындағы халық аспаптар оркестрінің қобызшы-солисі болып қызмет етті. 1958 жылы ашылған Гурьев музыка училищесінде қоыз класын ашады.

Дина Нұрпейісова атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі бастапқы кезде 1955 жылы 8 адамдық домбыра үйірмесі Мұнайшылар мәдениет үйінде ашылды. 1956 жылы 13-14 адамнан құрылған ансамбльге айналды. Осы жылдың күзінде Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваторияны аяқтап келген Сейілхан Құсайыновқа көркемдік жетекші болу міндеттелді. Жұбайы Раушан Нұрпейісова да жоғары білімді маман болып, бірге келді. Ол қалаға келген

алғашқы кәсіби қобызшы болатын. Ансамбльге Гурьев педагогикалық институты оркестрінен 10-ға жуық студент қатысып, құрам саны арта түсті. 1956 жылы Гурьевке іссапармен келген композитор, дирижер Н.Тілендиев жас ұжымды тыңдап, тағы да аспаптар қосу жөнінде кеңесін береді.

Жас маман 1957 жылы Құрманғазы атындағы облыстық балалар музыка мектебінде қобыз класын ашады. Сол кезде, облыстық атқару комитеті шақырып, өтініш білдірді. Оның арнайы қобызшылар тобын ашып, сабақ беруі керектігін айтты. Сөйтіп, қобызшылар тобын Раушан Нұрпейісова, домбыра примадан М.Шим дәрістерін беріп, қадағалады. 2-3 адамнан құрылған топ, уақыт өте 15 адамға да жетті. *«Олардың ішінде тіпті Людмила Черная деген орыстың әнші қызы да қобызшы болыпты»,* – делінген [11, 143-б].

Тұжырымдай айтқанда Раушан Нұрпейісованың қобыз өнерінде орындаушылықты дамыту бағыттары бойынша мынадай бастамалардың негізін қалыптастырды:



1-графика. Раушан Нұрпейісова бастамалары

1950-ші жылдары Құрманғазы оркестрінен кейінгі Атырауда дүниеге келген екінші оркестр болып қалыптасты. Жалпы оркестр ұжымында сол уақытта 53 музыкант өздерінің шеберліктерімен көзге түсті. Музыканттар туралы дирижер Қ.Кипиевтің «Халық аспаптары оркестрі даму тарихынан» (2016) еңбегінде жазылған. Олар: оркестр жетекшісі – Сейілхан Құсайынов; домбыра тобынан – Тоқсанбай Құлтумиев, Ғинаттолла Есенғалиев, Зәрден Есжанов, Өмір Жүсіпов, Құмар Қасанов, Әндеш Таширов, Серік Даулетьяров, Сисенбек Есенғалиев, Сафи Сарсенғалиев, Сағидаш Мырзағалиева, Орынғазы Исқашев, Тұрғанәлі Үсенғалиев, Боздақ Рзаханов, Жәкула Нұрғалиев, Әзербай Білеубаев, Әділ Есқалиев, Бақтығали Шұғыпанов, Бақыт Қарабалина, Батыр Қуанов, Штәкон Сұлтанов, Мәулет Қарасаев, Абдолла Мусағалиев, Орын Құлсариев, Зәбен Жарылғасов, Нысанбай Сауғабаев, Орынбасар Өтегенов, Кенжеғали Андақұлов т.б; әнші – Жолдыбай Сағынғалиев.

Біздің зерттеу нысанымыз өлкенің қобыз өнері болғандықтан оркестрдің қобызшыларына нақтырақ тоқталып өткенді жөн санаймыз. Ал қобыз тобынан – концертмейстер, қобызшылар ұстазы Раушан Нұрпейісова, Мұса Әділов (альт-қобыз), Талап Балтаев (бас-қобыз), Сағынғали Көпшіков (бас-қобыз), Күләш Өмірбаева (прима-қобыз), Людмила Ивановна Черная (прима-қобыз), Ғазиз Бердешов (альт-қобыз), Әмина Бердешова (прима-қобыз), Рабиға Нұрпейісова (прима-қобыз, студент), Қаным Ахметжанова (прима-қобыз), Қанапия Ахметова (прима-қобыз) [11].

Ұжым көп фестивальдерге қатысып жүрді. Яғни өз еңбек жолын 1957 жылы оркестр ретінде бастады. Алғашқы ұйысқан уақыттан бастап 1972 жылға дейін оркестрдің көркемдің жетекшісі және дирижері композитор, домбырашы Сейілхан Құсайынов болды.

Раушан Нұрпейісованың класынан тәлім алған кейінгі қобызшылар легіне тоқталсақ, оның шәкірттері Сұлухан Қожантаева, Салиха Мырзағалиева, Ғалия Шопанова және т.б. есімдерді атауға болады. Бұл танымал тұлғалар Р.Нұрпейісованың алғашқы еңбек жолының жемісі болып табылады.

Бізге берген сұхбатында Раушан Түсіпбекқызы Нұрпейісова қобызда орындаушылықтың насихатталуы жөнінде: *«ХХ ғасырдың ортасында астанамыз Алматы қаласы мәдениет ошағы болса, одан кейінгі қобыз өнерінің екінші даму ошағына айналған облыс бұрынғы Гурьев, қазіргі Атырау облысы болып танылған»*, - деген еді. Бұл облысымыздағы қобыз өнерінің бірден қарқынды дамып, кең насихатталғандығын көрсетеді.

Гурьев музыка училищесінде Р.Нұрпейісова қобыз класын ашқаннан кейінгі жылдарда қобызшы Нариман Сиражев, Тұрсын Жантулова сынды жас мамандар еңбек жолын бастады. Олардан кейінгі буында Ғ.Шопанова, С.Мырзағалиева, О.Қарашева, С.Мырзағалиева және т.б. алғашқы кәсіби қобызшы ұстаздар туралы және олардың еңбек жолы жайында, осы тұлғалардың класынан тәлім-тәрбие алып, облыс, аймақ, республикаға таралған шәкірттер еңбегіне бұдан бұрынғы мақалаларымызда баяндауға тырыстық [13].

Тұжырымдай айтқанда Қорқыттан бастауын алып, бізге белгілі тұлғалардан Алтынбек, Ықылас арқылы Жаппас пен Дәулет қобызшыларға жалғасып, отызыншы жылдардағы оркестрге, кейінірек арнайы жоғары оқу орындарына жалғасып кең насихатталған қобызда орындаушылық өнерінің өз тарихы, өзіндік жолы бар. Елуінші жылдардың соңында Атырау өлкесіне халық аспаптары оркестрінің ұйымдасуына орай келген қобызшы маман арқылы бұл облыс ірі мамандар даярлайтын орталықтың бірегейіне айналады.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, 1973 ж. Р.Нұрпейісованың класынан тәлім алған Нәсу Табынова-Абдикаримова Ақтөбе музыка училищесінде, 1977 ж. Нұрсұлу Елеуғалиева Қызылорда музыка училищесінде, 1993 ж. Ханшайым Балапашқызы Маңғыстау өнер колледжінде қобыз кластарын алғашқы мамандар болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Омарова Г.Н. Қазақтың қобыз дәстүрі. Жоғары оқу орындарына арналған Оқу құралы. – Алматы: «Волкова Е.В.» баспаханасы, 2019. – 160 б.

2. Жақанов И., Хасенов И., Шақанов Б. Қобыз атасы – Ықылас. – Алматы: Рауан, 1993. – 136 б.

3. Шамқызы Г.Р. Қазақтың бірегей қобызшы музыканты Жаппас Қаламбаев // https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/59588/

4. Дәулет Мықтыбаев (1904-1976) мектебінің өзіндік қасиеттері мен ерекшеліктері. // https://bigox.kz/daulet-myktybaev/

5. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Өнер, 1980. – 208 б.

6. Бейсенбекұлы О. Сазды аспаптар сыры: Көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 128 б.

Этот дуализм — между национальной укоренённостью и глобальной открытостью — не следует рассматривать как конфликт. Напротив, это источник гибкости и потенциала, позволяющий молодым людям формировать гибридные идентичности, сочетающие местные символы с глобальными дискурсами.

Этот внутренний конфликт между традиционализмом и автономией особенно ярко проявляется в сфере ценностей, связанных с телесностью, эмоциями и личной границей. Молодёжь всё чаще отказывается от норм, в которых физическое или психологическое принуждение воспринимается как допустимый инструмент воспитания или «семейной дисциплины». Согласно данным Национального доклада «Молодёжь Казахстана – 2023», свыше 65% опрошенных считают, что шантаж, контроль и наказание в семье не способствуют гармоничным отношениям, и выступают за эмоциональное равенство и уважение между поколениями. Эта тенденция согласуется с выводами международных исследований, в частности, проекта UNICEF «Changing Childhood Project» (2021) [7], где подчёркивается, что молодые люди XXI века всё чаще определяют хорошее воспитание через понятия взаимности, доверия и диалога, а не через авторитет и подчинение. Эти изменения в понимании межпоколенческих отношений отражают не просто смену стиля поведения, а глубокий сдвиг в гуманитарном восприятии личности и её прав на автономное развитие.

Именно молодёжь всё чаще становится инициатором культурных проектов, волонтёрских движений, медийных платформ, исследовательских инициатив. Будь то малые феминистские паблики, образовательные стартапы или TikTok-аккаунты, посвящённые истории Казахстана, — все они становятся площадками для гуманитарного самоосмысления.

Подобная активность указывает на то, что казахстанская молодёжь — это не только объект влияния и регулирования, но и генератор гуманитарного капитала, способный формировать альтернативные дискурсы, воспроизводить ценности на новых языках и предлагать культурные сценарии, выходящие за рамки привычной нормативности.

Список использованных источников:

1. Национальный доклад «Молодёжь Казахстана – 2023». – Астана: НИЦ «Молодёжь», 2023. – 120 с.

2. Национальный доклад «Молодёжь Казахстана – 2024». – Астана: НИЦ «Молодёжь», 2024. – 127 с.

3. World Values Survey. Wave 7: 2017–2023. – Режим доступа: https://www.worldvaluessurvey.org/ – Дата обращения: 27.03.2025.

4. Шварц Ш. Теория универсальных ценностей: понимание и измерение // Общественные науки и современность. – 2006. – №5. – С. 20–40.

5. Pew Research Center. The Future of Religion and Young People. – Washington DC: Pew Research Center, 2018. – Режим доступа: https://www.pewresearch.org/religion/2018/10/29/the-future-of-religion/ – Дата обращения: 27.03.2025.

6. Инглхарт Р. Культурная эволюция. – М.: Новое издательство, 2020. – С. 142–167.

7. UNICEF. The Changing Childhood Project: A Multigenerational, International Survey on 21st Century Childhood. – New York: UNICEF, 2021. – Режим доступа: https://www.unicef.org/reports/changing-childhood-project – Дата обращения: 27.03.2025.

ӘОЖ 745.5

ОЮ-ӨРНЕК МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Қалдыбаева Ұлдана Қалдыбайқызы
kaldibatva@mail.ru
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Дизайн» мамандығының 1 курс студенті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор – Е.С. Қоянғалиев.

Қазақ халқының ою-өрнек өнері ертедегі ұлттық өнерлердің ішіндегі ең дәстүрлісі,кең тараған саласы.Бұл ұлтымыздың мәдени дамуының жалғасы,адам жанына ләззат сыйлай білетін,эстетикалық мәні зор түрі.Қазір қазақтың 230-дай ежелден келе жатқан ою-өрнектің атаулары бар.

Қолөнер шеберлері ежелден ою-өрнек атауларын екіге бөліп қарастырған.Бірінші топқа тікелей ою-өрнектердің өзіне қатысты негізгі атаулар.Екінші топқа ою-өрнек қолданылатын бұйымдардың атауларын жатқызамыз.Қазақтың ою-өрнектерін теориялық жағынан негіздеу-этнолингвистикалық атауларды лексико-семантикалық топтарға бөлуге қатысты қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.Қазіргі таңда қазақ ою-өрнектің практикалық маңызы артып отыр. «Ою» және «өрнек» сөздері бір мағынаны береді.

Бедері түсірілген үлгіні кесіп,ойып алып немесе киіп қиюластыру ою деп аталады..Тұскиізге,киімдерге және қолөнер бұйымдарына кестелеп бейнеленетін бедер,тоқылатын алашаға,қоржынға түсірілетін неше түрлі геометриялық бедерлерді өрнек деп атаймыз. Ертеде қазақ ою-өрнегін көне тәсілмен жасаған кезде шеберлер оның дәлдігін сақтамай,көзбен өлшеп қиып,ою-өрнектің тең пропорциясын жасай білген.Бұл деректерді бізге мұра етіп қалған көне ескерткіштерден анық көруге болады.Ою-өрнектің құрылымы,заңдылықтары бүгінгі күнге дейін ғалымдардың назарынан тыс қалып отыр,неге десеңіз өнертанушылардың оюлар саласына жүргізген ғылыми зерттеулерінде өрнектің пайда болу мен символикасы әлі күнге дейін жұмбақ.Қолөнер саласында оғанқарамастан ою-өрнек басты рөл атқарады.

Ою-өрнек дегеніміз – геометриялық және бейнелеу элементтерінің жүйелі ырғақпен қайталанып, үйлесімді құрылуы. Ою-өрнек сөзі қосарлана айтылады. Ол бұйымның бетін әшекейлеу үшін қолданылатын нақыш, өрнек. Шеберлер бұйымдардың беттерін өрнектеу үшін түрлі тәсілдерді қолданады. Олар: оймыштау, бедерлеу, шеку, қашау, тісеу, құрау әрекеттері арқылы жүзеге асады. Әр өрнек белгілі бір бөлшектен құралады.

Сонымен ою-өрнек дегеніміз – әдемі ырғаққа арнаулы жүйемен құрылған өрнек бөлшектері. Кейде осы сөзді жалпы ою деп атай береді. «Ою» сөзін латынның ornamentum (орнамент) , ал «өрнек» сөзін орыстың узор сөзінің баламасы ретінде қолдануға болады. (Д.Шоқпарұлы). Ою-өрнек композициялық құрылымына қарай үшке бөлінеді: 1)жиектік өрнектер (фриздер, бордюрлар); 2)гүлді өрнектер (шеңбер түріндегі ою-өрнектер, розетка, күн белгісі, т.б.); 3)торлы ою-өрнектер (заттың бетін тұтас жауып тұрады).

Бейнелеу белгілеріне сай оларды негізгі үш түрге бөледі: Геометриялық өрнектер; Көкөніс өрнектері; Зооморфтық өрнектер

Геометриялық өрнектер әртүрлі геометриялық денелерден құралады. Көкөніс өрнектерінде өсімдіктердің гүлі, жапырағы, сабағы, дәні т.б.элементтері негізгі планда көрінеді. Зооморфтық өрнектер негізінен жануарларды, яғни аң-құс, балық т.б. түрлі жәндіктерді

бейнелейді. Осы ою-өрнектердің барлығын шеберлер қазақ кестешілігінде түрлендіріп қолданады.

Қазақтың тұрмыста қолданатын заттарының барлығы көшпелі, жартылай көшпелі өміріне лайықталып жасалған. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың ою-өрнекпен безендірілмегені өте аз кездеседі. Демек, қазақтың ежелгі замандардан пайдаланып келе жатқан киіз үйінің есігінен аттап кірмей жатып-ақ оюлар әлеміне саяхат басталатындығы осының айғағы. Киізден жасалған аяққаптар, сандыққаптар, төсеніштердің бет жақтары жапсырмалы немесе жіп салып тігілген ою-өрнектермен сәнделген. Бұдан басқа да түрлі киімдер, төсек-көрпелер, матадан және киізден тігілген дорбалар да осы үлгімен сәнделіп, керегеге ілініп киіз үйге сән беріп тұрған.

Ою-өрнек қолданбалы қолөнер бұйымдарының тұтыну және эстетикалық мән-мағынасын аша түседі. Ою-өрнек өнері ежелгі замандарда қалыптасып, халқымыздың тарихымен, тұрмыстағы әдет-ғұрып, салт-дәстүріне сай дамып, түрленіп жетілдіріп отырған.

Ою-өрнек өнерінің дамуы мен қалыптасуында әрбір тарихи дәуірдің салып кеткен үлгі-таңбасы бар. Қазақ мәдениеті қазақ даласын және Орта Азия өңірін қамтыған ұлан-байтақ өңірде мекендеген ертедегі сақ, ғқн, үйсін, қаңлы, алан сияқты ұлыстық елдерден бастау алады. Үйсіндердің, қаңлылардың, алаңдардың және басқа тайпалардың мәдениеті сақ тайпалары мәдениетінің заңды жалғасы және дамыған түрі.

Тарихи, ғылыми деректерге жүгінсек, қазақ халқының ою-өрнегінің ежелгі заманнан бастау алып, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпаларының ықпал-әсерімен,сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән белгілі бір жүйеге келгенін көреміз. Қазақтың ою-өрнегінің сонау тас дәуірінің соңғы кезінен-ақ басталғаны анық. Алғашқы адамдар тас құралдардың бетін бедерлеп әртүрлі әшекейлер салған. Қола заманынының тұсында адамдар қоладан, мыстан жасалған заттар мен қару-жарақтарды, саздан жасалған ыдыстарды өздерінше оюмен әшекейлеген. Сонымен қатар жүннен, теріден, ағаштан, сүйектен істелген үй жиһаздары мен құрал-жабдықтарды ою-өрнекпен әшекейлеп қолданысқа енгізген. Сақ қорғандарынан табылған алтыннан, қоладан, ағаштан, теріден жасалған қолөнер туындылары мен зергерлік бұйымдар осының дәлелі.

Табиғат құбылыстары ежелгі адамдардың бейнелеу өнеріндегі дүние-танымын қалыптастырды. Осылайша ою-өрнектердің алғашқы нұсқаларда сынық, жолақ, жіңішке, жуан сызықтар және нүктелер мен үшбұрыштар пайда бола бастаған.

Батыс Қазақстанның зергерлік бұйымдарында «үшбұрыш» ою-өрнегінің іші нүктелермен толтырылған. Бұл үлгі сол жердегі бейнелеу өнерінде қолданылатын бір түрлі әдіс болса керек. Сол ою-өрнектердің элементтерінде дөңгелектен басқа төртбұрышты да кездестіруге болады. «Төртбұрыш» өрнегі адамдардың бір күндік, бір айлық немесе жарты жылдық өмірін білдіреді. Егер кесте тоқушы төртбұрыштың ортасына күнді орналастырып, оның жартысын бояп қойса, бұл өрнектің символдық мәні күн мен түнді білдіреді екен.

Әр халықтың ою-өрнек үлгісі оның жан дүниесін, тұрмысын айқын танытады. Халық шеберлері өрнек үлгілерін негізінен адамды қоршаған табиғат аясынан алады.

Ою-өрнек те халқымыздың ауыз әдебиеті сияқты мәдени мұрамыз. Шеберлеріміз оларды қолөнер бұйымдарына қолдану арқылы қайта жаңғыртып отыр.

«Жұлдыз» - өрнек геометриялық сынық сызықты тұспалдайды. Ісмерлер кестеге кейде жұллдыздың натуралды қалпын түсіреді. Жұлдыз бейнесі композицияланған ою-өрнектердің ортасында кездеседі.

«Жұлдызгүл» - бес бұрыш жасап, гүлмен өрнектеліп, бес тармақтан тұратын гүлді тұспалдайды. Тұскиіз, төсекжапқыш, беторамал орталарына және сырт киімнің арқа тұсына, шапанның етегінің екі алдыңғы бұрышына кестеленеді.

«Күн» - ою-өрнегі Күнді меңзейді. Діни ұғымда магиялық тылсым күші бар деп кілемнің, тұскиіздің ортасына және тұрмыстық бұйымдарды кестелеп сәндегенде қолданылады.

«Қосмүйіз» - малдың екі мүйізін бейнелейді. Кейде «ырғақ», «ілмек» деп аталатын оюларды қосмүйіз дейді. Бұл оюды үй жиһаздарынан басқа сәукелені, айыр қалпақтың төбесін, шетін, қамзолдың алдыңғы жағын, етіктің қонышын кестелеген кезде қолданады.

«Арқармүйіз» - бұл элемент «қошқармүйізге» ұқсас, бірақ оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан көбірек болып келеді. Үй жиһаздарын, киім-кешектерді кестелеуге қолданылады.

«Сыңармүйіз» - қошқармүйіздің бір жақ сыңарын бейнелейтін өрнек. Өрнек үй жиһаздарын, киім-кешектердің шеттерін кестелегенде салынады.

«Қырықмүйіз» - біріне-бірі жалғаса, тармақтала қосылған көп мүйізден тұрады. Негізінен мүйіз бейнеленген оюлардың барлығының символдық мәні бақыт-береке, байлық, мал-жанының көбеюі. Тұскиіз, сырмақ, кежім тондарға салынады.

«Төртқұлақ» - өсімдік тектес оюларға жатады. Бұл Пазырық қорғанынан табылған ең көне оюлардың бірі. Кесте өнерінде батырлар шапанының жауырынына, шалбардың тізе тұсына салынады.

Ою-өрнек әрқашанда қосалды рөл атқарады, себебі мүсін немесе сұңғат сияқты өз бетімен өмір сүре алмайды. Біз оны сәулет өнерінен,сандыққа, кебежеге, бесікке,ұлттық киім-кешекке, қару-жарақка салынған оюлар ретінде қабылдаймыз, демек ою-өрнекті қандай болмасын бір затпен байланыссыз елестете алмаймыз. Қазақ ою-өрнектеріне назар салған әр адам бұйымда көрсетілген ою-өрнектің тақырыптық мазмұны,құрылымы,ырғағы және өзіндік философиялық мәні бар екенін байқауға болады.Ою-өрнекті салуға дағдыланған шебер,оны өлең жазатын ақын секілді,табан астында аяғы мен құрылымы сәтті үйлескен ою үлгісін өз қиялынан шығарып сол сәтте қиып бере алады.Ол үшін қиялдың ұшқырлығы қажет.Ою-өрнек-қолданбалы өнер түрлері ішінде бір жүйеге келтірілген.Көне дәуірдегі қолөнершілер «егіз» өрнегін немесе егіз аңды,сондай-ақ жануарды бейнелегенде өмірде бейбітшілік пен тепе-теңдікті сақтау ұғымын білдірген.Әр ою-өрнектің негізі,симметриялық осі болады.Киізден,ағаш және темірден жасалған кез-келген затты бұйымға бейнелегенде оның осіне арнайы салынатын элементтері болады,ол ою-өрнектер: «күнкөзі», «жұлдыз», «жұлдызгүл» өрнектері.Бәлкім,болашақта ою-өрнектің мағынасын,логикалық күшін түсіне отырып,оюдың әр элементі көркем туынды ретінде қабырғаға әсемдік үшін ілетін болар.Себебі ғасырлар бойы «тұмар», «ұмай», «қошқармүйіз» ою-өрнегінің магиялық күші бар деп сенген ата-бабаларымыздың дәстүрінің әлі күнге дейін ашылмай жатқан құпия сырлары бар.

Ою-өрнектің ертедегі атаулары-халықтың тарихы мен ұлттық ерекшелігінен,дүниетанымынан және мәдениеттілігінен,мол мағлұмат беретін құндылық.Олар халықтың өткен тарихы,мәдени,материалдық өмірінің айнасы.Қазақ тіліндегі ою-өрнек атауларының шығу тарихы сан салалы болғанымен, олардың атауларында тек қазақ тіліне ғана тән сөздер,түркі тілдеріне ортақ атаулар ғана кездеседі.Қазақтың «ою» және «өрнек» сөздері бірігіп, латынша «орнамент» дегген сөзді білдіреді.Бұл сөз көп халықтың тіліне сіңген термин мағынасы –сәндеу,әсемдеу деп аталады.

Сан түрлі ою-өрнек әрбәр қолөнер туындысында жаңа түрге ие болады,сондай-ақ қолданыста бір-бірін қайталамайды.Ою-өрнектің тілі өте күрделі,ал құрылымы қарапайым.Қазіргі таңда шеберлер оюлардың бір-бірін қайталамайтын жүздеген түрін ойлап,күнделікті тұрмыста қолданып келеді.Бояудың атқаратын рөлі ою бедерін анық шығару үшін маңызды болып табылады.Ертеден шеберлер өз қолөнер туындыларына бояуды пайдаланғанда,оның нышандық мәнін аша білген.Оюлар әдемі,көрнекті шықсын десек,біз бірнеше мәселені ескеруіміз қажет:біріншіден,ырғағы мен мөлшерін сақтау,өрнек бедерленетін материалды таңдай білу,ең негізгісі ою-өрнектің мазмұнды болуы суретшінің білікті

дүниетанымына байланысты.Формальды түрде ою-өрнек элементтерінде бейнеленетін элемент жоқ,олардың бәрінің мазмұны бар.

Ою-өрнектің тематикалық түрлерін атап кетсек,қазақ қолөнерінде қолданылатын түстердің символдық мәні бар: көк – аспанның,қызыл-оттың, күн сәулесінің,ақ-ақиқаттың,сары-ақылдың,қайғы-мұңның,қара-жердің,жасыл-жастықтың,көктемнің символы.Бұйымдағы ою-өрнек осы түстердің біреуімен бейнелегенде ғана оған қандай да бір мән беріледі.Сырмақ сыруда ақ пен қара түсті пайдалану қалыптасқан,сол сияқты көк пен сары түстің,көк пен жасыл,қара мен ашық қызыл түстің қатар пайдалануы ғасырлар бойы дәстүрге айналған.Көбінесе түстен нақ ортадан бастап шетке қарай түрленеді.Сонда ортада қара,ақ,жасыл,сары,көк түс келеді.Бұл түстер ұлт өрнегінде түстерді орналастырудың көне мәнері.Өрнек атауларының әрқайсысына жеке атау беру мүмкін емес,әр шебер өзі жасаған ою-өрнекке өзі ат береді.Оюдың пайда болу тарихын оюшыдан артық ешкім білмейді.Ою-өрнек саласын зерттеп жүрген ғалымдар оларды бір жүйеге келтіріп,мынандай топтарға бөлген:

1) Өсімдік типтес ою-өрнек («жапырақ», «үшжапырақ», «ағаш», «шиыршық гүл»)

2)Зооморфтық ою-өрнек (жануарлардың табиғи және мифтік бейнелері, «қошқармүйіз», «қосмүйіз», «сыныкмүйіз», «қырықмүйіз», «өркеш», «табан», «ботамойын», «құсқанат»)

3)Космогониялық ою-өрнек («дөңгелек», «ирек», «шимай», «торкөз»)

Соған қарамастан қазақ тіліндегі әр түрлі ою-өрнек атауларын лексика-семантикалық топқа ғылыми тұрғыдан қарастыруға болады: ай, күн,жұлдыз,аспан әлеміне байланысты ою-өрнектер; малдың дене мүшелеріне байланысты ою-өрнектер; аңға,аңның дене мүшесіне,ізіне байланысты ою-өрнектер; құрт-құмырсқаларға,олардың ізіне байланысты ою-өрнектер; құстарға байланысты ою-өрнектер; жер,су өсімдік бейнелеріне байланысты ою-өрнектер; қару-құралдарға байланысты ою-өрнектер.

Қазіргі таңда халқымыздың мәдени асыл қазынасының бір саласы ою-өрнек өнері қайта дамып,жаңа түр тауып,саналы өміріміздің кәдесіне жарауда.Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып,ұрпақтан-ұрпаққа,өзіндік тарихымен,әдет-ғұрпымен,көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген-қолөнер.Бұл бөлімде өткен өмірімізбен бірге,өшпес мұра болып,материалдық мүліктерімізбен қатарласып,сабақтасып келе жатқан ою-өрнек өркендеуінде ата-бабаларымыздың сезімдік-талғампаздық дүниесі,қоршаған табиғат аясы,өскен ұясы,туған жердің қасиетті топырағы мен тоғай-тауларының құлпырған реңк-түрлері,шикізат байлықтары да көп ықпал етті.Әр халыққа,ұлтқа тән өзіндік ою-өрнек негіздері қалыптасып,дәстүрге алды.Кілемге,киімге,сырмаққа,ыдысқа,қару-жарақка арналған ою түрлері қалыптасты.Олай болса,ою-өрнек бүгінгі өмірімізге бірден дайын күйінде келмеген.

Ою-өрнек – адам баласының жүрегінің лүпілінен,ақылының толқуынан,өзін айнала қоршаған ортаны танып тамашалауынан туған бейнелер нақты көшірілмей,образдар арқылы ою-өрнекке айналып,әуенмен жеткен. Бұл-халықтың білімінің,шеберлігінің өсіп ою-өрнек өнеріне қосқан үлесі.Ою-өрнек бояулары-күрделі сюжеттер жасаудың құралы.Бояуда өзіндік нышандық мән болғандықтан,қиылған ою-өрнек түрлі-түске боялғанда,ол белгілі бір мазмұнды,философиялық ойды білдіреді.Ою-өрнектегі бояу түсінің құбылмалылығы бірден көз тартады.Олар бір-бірімен үйлескенде терең мағынаны меңзейді.Әр түрлі көріністер қоғам өмірі мен адал қызметінің ауқымдылығын,шексіздігін баяндайды.

Әрбір адамның шығармашылық қабілетінің қанат жаюы оның еңбек саласының артуына әсер етеді, мәдениетін дамытады. Сөйтіп адамның жалпы мәдениетінің маңызды бөлігі – өміріміздің барлық саласына ықпал тигізетін эстетикалық мәдениет болып есептеледі. Осының бір көрінісі ою-өрнек материалдары негізінде студенттердің эстетикалық қабілетінің дамуы-жан-жақты тәрбиенің бүкіл тәрбие жүйесінің табиғи бір бөлігі. Сұлулықты тану эстетикалық тәрбиенің-болмыстағы және өнердегі әсемдікті дұрыс қабылдауға және өнерде, өмірде сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін, қажетсінуін қалыптастырады.

Студенттердің дамуындағы негізгі эстетикалық таным әрекеті – оқу болып табылады. Эстетикалық танымдық іс-әрекеті студенттердің іс-әрекетіндегі күрделі процесстердің бірі болып келеді. Егер де студенттердің кез-келген әрекетін психологиялық тұрғыдан талдайтын болсақ,ол күрделі психологиялық қасиеттері мен әрекеттерінің нәтижесінде пайда болады.Студенттердің ақыл-ойы,қызығушылығы,қажеттіліктері,сезімі сияқты психикалық процесстер іске қосылады.Олардың оқу іс-әрекеттерінің табысты болуында оның ақыл-ой еңбегінің дағдыларын қалыптастыру маңызды саналады. Студенттердің эстетикалық танымдық іс-әрекетін арттыру үшін, оның ақыл-лй еңбегін дамытуға көңіл аудару барысында қазақ қолөнеріндегі дәстүрлі ою-өрнектердің бірін мысалға келтіре кетсек,мысалы «Күн» ою-өрнегін біз көбіне білезіктер мен жүзіктерден көре аламыз. Ол бір дөңгелек немесе қос дөңгелек болып келеді. Бір дөңгелек етіп бейнелеу себебі,күн белгісін «күніміз ашық болсын» деген тілекпен көрсеткен,ал қос дөңгелек етіп көрсетілуі мейірімділік пен әділеттіліктің белгісі.Қалың қос дөңгелекті қолбасшы адамдарға сыйлайтын болған. Бұндай жүзіктер мөр ретінде де қолданылған. Тас көздің бетінде адамның аты да жазылғандығын айта отырып, осы өрнектердің мән-мағынасымен түсіндіру арқылы студенттердің танымдық қасиеттерін жетілдіру болып отыр.

Елімізде, қоғамдық өмірдің барлық салаларында жүріп жатқан өзгерістер мектеп өміріне және жоғары оқу орындарына да көп жаңалық әкелді. Студенттерді мектептен бастап бейнелеу өнерінің саласы сәндік – қолданбалы өнерге қызығушылығын арттыру арқылы эстетикалық дүниетанымын қалыптастыру,ұлттардың салт-дәстүрі мен байланыста орындалған қолөнері бұйымдарындағы ою-өрнектер арқылы эстетикалық тәрбие беру қарастырылуда.Ұлттардың сәндік-қолөнеріне деген эстетикалық дүниетанымын қалыптастырып, өз елінің,туған жерінің көркем өнеріне құрметпен қарай білуге,сәндік қолөнері арқылы еңбекке,өнерге және эстетикалық дүниетануын қалыптастыруға жас кезінен баулу бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Яғни, студенттердің эстетикалық талғамын қалыптастырудағы ғылыми-зерттеу жұмысымыздың тақырыбы мен мазмұнын ашу мақсатында біз философиялық,мәдениеттану, өнертану және психология,педагогика ғылымдарында қозғалатын және көркем әдебиетте эстетикалық дүниетанымды,қалыптастыру мәселелеріне байланысты жеке зерттеулерге тоқталдық.Міне,сондықтан да ғылыми ізденісіміздің алғашқы бастамасында ою-өрнек материалдары негізінде «эстетика», «дүниетаным» ұғымдарын нақтылап,қарастырғанды жөн көрдік.Студенттердің өмірдегі, өнердегі әдемілікті көре білуі, сезімталдығы, жан-жағына қарап қабылдаудағы аңғарғаштығы, өнердегі және өмірдегі сұлулықты байқағыштығы оның эстетикалық дүниетанымына байланысты.

Сондықтан жоғары оқу орындарына да ою-өрнек материалдары негізінде жүргізілетін тәрбие жұмысы студенттің эстетикалық дүниетанымын қалыптастыруға қажетті, тікелей осы бағытқа арналған тәрбиелік жұмыстарда жүргізіліп отырады. Олар-әдебиет, музыка және көркем еңбек пәндері. Сондықтан да студентке эстетикалық тәрбие беру арқылы олардың өзіндік талғамын, сұлулықты, көркемдікті көре, тани алатын тұлға ретінде дамытуы қажет. Осы айтылғандармен бірге өзінің ой-пікірін айтарлықтай, бағалай алатындай болуы керек. Мысалы, көркем сөзде мәнерлі сөздің болуы, жанрлық ерекшелік пен өнерге қатысты әдістердің тарихи шарттылығы дегенді білуі керек етсе,көркем өнерде түс тануды, сұлулықты, сезінуді, меңгеруді қажет етеді.Осы айтылғандар негізінде студенттерді талғампаздық пайда болады.Талғам туралы айтпас бұрын алдымен дәрежелік қатынастарды белгілеп, «көркемдік талғам» түсініктерінің арасындағы айырмашылықты анықтау керек. Эстетикалық талғамның табиғаты туралы әзірше пікірлердегі ортақтық жоқ. Кейбір ғалымдар «талғамды еңбектің,тұрмыстың, адамдар арасындағы қатынасы, өнер туындыларының,табиғаттың сұлулығына тәрбиелеу мәдениеті деп есептейді; екіншілері-эстетикалық талғамды эмоционалды ойлау мен бағалау қабілеті ретінде

анықтайды; үшіншілері-эстетикалық талғамды эстетикалық құндылықтарды қабылдаудың аңдаушылық қабілеті деп қарастырады; төртіншілері- одан адамдардың эстетикалық көзқарастарының көрінісін береді; бесіншілері-эстетикалық идеалдың көрініс табуын көріп,алтыншылары-эстетикалық талғам мен эстетикалық сезім бір нәрсе деп айтады» және т.б.ойларды қарастырады.

Қазақтың ұлттық оюлары көптеген ғалымдардың, өнертанушылар мен этнографтардың зерттеу нысанына айналып, бірқатар ғылыми еңбектің өзегі болды. Бұл тақырып Ә.Х.Марғұланның, Қ.Мұратаев пен Б.Ибраевтың, сондай – ақ А.Қажығалиұлының кітаптарында кеңінен көрініс тапқан. Ұлттық оюлардың түрлері мен мән-мағынасын жіті зерттеген мамандарының пікіріне сүйенсек, ою-ұлттық дүниетанымның негізгі тұжырымдарын өн бойына жинақтаған бейнелеу өнерінің бірегей түрі.

Әйтсе де, қазақ оюларының кейбір аспектілері, өрнектерде көрініс тапқан ата-бабаларымыздың космогониялық, діни және философиялық танымы әлі терең зерттелмеген. Қазақ оюының қазақпен ежелден қоңсы отырған халықтардың дүниетанымымен байланысы да ғалымдар назарынан тыс қалып келеді. Біз үшін қазір шартбелгі сияқты болып көрінетін ою, таңбалар бұрын ақпараттық тұрғыдан түсінікті болған, әрине оюланған бұйымдар жасаушылар мен оларды күнделікті тұрмыста қолданушылар ою-өрнектердің мән-мағынасын жақсы түсінген. Ою-өрнектер сәндік әшекейден гөрі тіл-көзден сақтайтын бойтұмар қызметін көбірек атқарған.

Реттілік, теңдік, симметрия мен үйлесім – өрнектік айшықтардың негізгі композициялық – әсемдік қағидаттары осылар. Кілемдер мен сырмақтарға, текеметтерге және киіз үйдің ішіне әр беретін әрі уық пен керегенің түйіскен жерін байлайтын басқұрларға түскен ою-өрнектің барлық түрінде нақ осы қағидаттар сақталған. Әрбір бұйымдағы ою түрлері әртүрлі мағынаға ие. Мәселен, киімдегі оюлық айшық мерекелік көңіл-күй сыйлау үшін ғана емес, адамды тіл-көзден сақтау үшін, кей жағдайда киім иесінің әлеуметтік мәртебесін көрсету мақсатында қолданылады. Ең бастысы, оюдың қай түрін пайдалануды және оны бұйымға қалай орналастыруды білу керек.

Ежелгі халық ауыз әдебиетінде сұлулық пен әсемдікті терең бейнелеген сан түрлі жырларда толғаулар ерекше суреттер көп. Халық солардан рухани күш алып,келер ұрпаққа мұра етіп,сақтап келеді,әр адамның көңілінде әсемдік жөніндегі өмір тәжірибесінен туған түсініктері болады.Сол түсінік оны үлкен идеяларға жетелеп,әсем сезімге бөлеп,бақытына жол сілтейді.Жүректе пәк сезімнің ұялауы оған күшті ерік,жігер береді. Ол табиғаттағы, өнердегі, өмірдегі әсем сезімді ғылым арқылы терең ашып түсінуге болады.Соның ішінде адамдардың шындықты,өмірді әсем сезіммен танып,өмірді өнер арқылы ашуы эстетикалық таным деп аталады.

Ұлы ғұлама Ж.Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанында әсемдік құбылысты ойшыл ақын ретінде философиялық тұрғыда бағалап, жақсы жаман құбылыстардың жігін ашы талдады [1].

Жалпы эстетикалық мәдениет-бұл қарым-қатынас эстетикасы, киім-кешек эстетикасы, үй-жағдай эстетикасы, өзін ұстай білу үлгісі, дене қимыл т.б. А.С Макаренко еңбектерінде бұл проблемаларға зор мән берілген. Атақты француз жазушысы, филосов және педагог Жан-Жак Руссо эстетика туралы былай деген: Дене қимылын бір қалыпта ұстауға, мейірімді дауыспен сөйлеуге, өзіңді ұстай білуге, жеңіл жүруге жету, -дейді. Сондықтан дене қимылында, өзін ұстай білуінде қарапайымдылықты, сезім өлшемін сақтау керек. А.П.Чеховтың сөзімен айтқанда, адамда бет, киім, жан, ой-бәрі де сұлу болуы керек [2].

Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет пен ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Эстетикалық тәрбие-

ақыл-ой, адамгершілік, дене тәрбиелерімен тығыз байланысты. Ол адамды рухани байытып,көркем шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етуге тиісті. Эстетикалық тәрбие берудегі негізгі бастау қайнар көз дәстүрлі қазақ қоғамында ғасырлар бойы қордаланған құндылықтар жүйесі, рухани мұралары, халық ауыз әдебиеті болуы, жаһандану дәуіріндегі рухани азғындау қаупінен сақтанатын бірден бір жол. Болашақ мұғалімдердің эстетикалық тәрбиесін қолданбалы қолөнері құралдары арқылы қалыптастыру мәселесіне орай қазіргі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени эстетикалық тәрбие беру жағдайында үлкен үмітпен қоса, болашақ мұғалімдерге орасан зор жауапкершіліктер де артып отыр.

Эстетикалық талғамы биік, сезімтал адам еңбектегі әдемілікті, табиғаттағы сұлулықты, өнердегі әсемдікті танып,оны сүйе, қастерлей білетін болады.Ол туралы В.Белинский былай деп жазған: «Әсемдікті сезіну – адамгершілік қасиеттің шарты.Тек осы сезім төңірегінде сана ақыл парасат болуы мүмкін тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады,эстетикалық сезім – жақсылықтың негізі, адамгершіліктің негізі». Яғни, эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу, ұлттық өнерге мұқият зейін салуды талап етумен қатар балалардың ақыл – ойын, дүниетанымын дамытады [3]. Халық әрдайым әсемдікті іздеді, қолдан жасады және оны өмірде, салт – дәстүрімізге, еңбекте бекітуге тырысады. Әдемілікті сезіну үшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласында әрбір адамда әдет ғұрпына қарай білімі болуы қажет. Халықтың эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, тұрмыстық, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбиенің құралдары ретінде қызмет етеді.

Сұлулық ұғымы қазақ халқына қашаннан етене таныс белгілі. Суырып салма ақындар өз шығармаларында көне дәстүрге орай асқақ өрең ойды,халықтың эстетикалық арман тілегін,өмірдің сан қилы әсемдік құбылысын жыр етті [4]. Ою-өрнекті теориялық жағынан негіздеу – этнолингвистикалық атауларды лексико – семантикалық топтарға бөлуге қатысты нақты қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Ою-өрнек тарихы, халық тарихымен жасасып келе жатқан төл мұрамыз екені белгілі. Бүгінгі таңда ою-өрнектің практикалық маңызы артып отыр.Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында: «Біздің бәріміздің де мақтаныш етуімізге тұрарлық мол мұрамыз бар. Өйткені ата – бабаларымыз адамзат тарихында өшпес із қалдырып кеткен. Еуразия құрлығындағы халықтардың тағдырына орасан зор күшті әсер еткен. Ұлы дала ерекше рух пен дүниетанымды қалыптастырады», - деп жазады.

Ендеше, даланың ерекше рухы, салт-санасы мен құндылықтары, қазақтың өмірдік философиясы айшықталған осынау қазақтың қол өнеріндегі ою-өрнек мыңдаған жылдық тарихы бар, мәдениетіміздің асыл қазынасы десек қателеспейміз. Қазіргі таңда өз дербестігін, еркіндігін алған тәуелсіз Қазақстан Республикасының төл өнерінің өркен жайып дамуы үшін үлгі алатын тұстары жетерлік. Қазақтың қолөнеріндегі ою-өрнектің рәмізді белгісі-ерекше тарихи құбылыс ретінде рухани және материалдық мәдениетінің шынайы болмысын айқындайды. Қолөнер мәдениетінің құбылысы және ол рухани күш. Сондықтан қолөнердегі ою-өрнектің көркемдігі арқылы адам кез – келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасы мен ойын білдіре алады, өрнектейді. Ою – өрнек өз бетінше тұтас дүние. Егер ата-бабаларымыз элементтер арқылы ойлады деп қарастыратын болсақ, әрине, олар бүгінгі күнге дейін жетпей жоғалып кеткен болар еді. Себебі дүниені тек элементтер арқылы қарастыру,жеке элементтер арқылы ойлау мүмкін емес. Біз ою-өрнек тұтас ойлаудан, дүниені тұтас қабылдаудан пайда болған біртұтас жүйе де айта аламыз. Тұтас қабылдаудың нәтижесінде оның рәміздік, белгілік нышандары қалыптасады. Ою-өрнек пен таңбалар тұтас қабылдаудың, түйсінудің нәтижесінде пайда болғаны белгілі.

Тамыры тереңде жатқан, сонау сақ-скиф заманынан бастау алатын, әлемді тамсандырған «Скиф-сақ стилі» атанған көшпелілер өнері осындай қиын заманда ою-өрнектің кең қанат жаюына үлкен әсер етті. «Скиф- сақ стилінің» өнерінің оюға арналған стилизациялы – абстрактылы түрі өркендеді. Қазақтың сәндік – қолданбалы өнерінің арғы тегі – сақ мәдениетінің

негізгі арқауы. «Скиф-сақ стилінің» өнері. Бұл стиль әшекейлі өнердің жоғарғы шегіне жетіп қана қоймай, белгілі бір таңбалық және мағыналық ақпараттық белгілерді білдірді. Өзге мәдени ортада «Скиф – сақ стилінің» бұл белгілерін жоғалтқанымен,тарихи сабақтастыққа орай қазақ мәдениетінде өшпес із қалдырды.Исламның бейнелеуге тыйым салуынан соң қазақтың өнерінде бұл стильдің жұрнақтары – «қошқар мүйіз», «түйе табан», «жылан бас», «тұйық ою» тағы басқа үлкен символикалық мәнге ие бола отырып дамыды. Мамандардың пікірінше, ою-өрнектің пайда болуының бірнеше себебі бар. Қай халықтың мәдениетіне байыптап көз салсақ та, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық ұстанымына сәйкес мезгілі бір өнер түрінің басым дамып отырғанына көз жеткіземіз. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ою-өрнек қатыспайтын саласы жоқ деуге негіз бар.Ғалымдар атап айтқандай, «ою-өрнек-ырғақ пен нышандарының тұтасуынан туған дүние» [5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Молдасан Қ.С. Жүсіп Баласағұнның педагогикалық мұрасындағы ізгілікті басқарудың негіздері / 13.00.01.-Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика мамандығы бойынша дайындалған, Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының автореферат. ҚР. 2009 жыл.

2. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т.Алматы: Атамұра, 2008.-352 бет.

3. Любченко, К. Р. Педагогика как искусство / К. Р. Любченко.-Текст : непосредственный // Молодой ученый. -2024.- № 21 (520).-С. 222-224.-URL: https://moluch.ru/archive/520/114602/ (дата обращения: 01.04.2025).

4. Ахметов Т. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары:пед.ғылы.канд...автореф: ... 13.00.01.-Астана-2013-56 б

5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 б.

ӘОЖ 070.4:004.738.5

ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ: АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Файзуллаева Ақтолқын Қалдыбекқызы,
gbazarbaiqyzy@mail.ru
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 3 курс студенті. Атырау қ. Қазақстан Республикасы.
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр- Исмурзина Г.Б.

Соңғы жылдағы өзгерістер аясында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, журналистика саласына түбегейлі өзгерістер әкелді. Бұрын ақпарат газет, радио және теледидар арқылы таралса, қазір интернеттің пайда болуы бұл үрдісті жаңа деңгейге көтерді. Онлайн платформалар, әлеуметтік желілер және блогтар журналистерге жаңалықтарды жылдам әрі кең аудиторияға жеткізуге мүмкіндік беруде.

1. Жеделдік және қолжетімділік

Дәстүрлі БАҚ-қа қарағанда интернет журналистика жаңалықтарды шұғыл түрде жариялауға мүмкіндік береді. Әлемде орын алған оқиғалар секундтар ішінде ақпараттық

сайттарда, әлеуметтік желілерде және блогтарда пайда болады. Бұл жаңалықтардың тез таралуын және қоғамның жедел хабардар болуын қамтамасыз етеді.

2. Ақпараттың алуан түрлілігі

Интернеттің арқасында жаңалықтар тек мәтіндік форматта ғана емес, мультимедиялық түрде ұсынылады. Бейне, аудио, инфографика, подкасттар және тікелей эфирлер оқырмандарға ақпаратты ыңғайлы және түсінікті түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, азаматтық журналистика да қарқынды дамуда. Қарапайым интернет қолданушылары да жаңалық таратуға үлес қосып, өз тәжірибелері мен бақылауларын бөлісе алады.

3. Интерактивтілік және аудиториямен байланыс

Интернет журналистика аудиториямен тікелей қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Оқырмандар мақалаларға пікір қалдырып, ақпаратты талқылап, өз ойларын білдіре алады. Әлеуметтік желілер арқылы журналистер өз аудиториясымен байланысып, олардың сұрақтарына жауап бере алады.

4. Жаңа медиа платформалардың дамуы

Қазіргі таңда жаңалықтар сайттардан бөлек, Facebook, Instagram, TikTok, Twitter және YouTube сияқты әлеуметтік желілерде де таратылады. Бұл платформалар журналистерге өз контентін жаңа тәсілдермен ұсынуға және жастар аудиториясына қол жеткізуге көмектеседі.

Жаңа мүмкіндіктермен қатар, интернет журналистика бірқатар мәселелерге тап болуда:

• Жалған ақпарат пен фейк жаңалықтар – Ақпараттың жылдам таралуы жалған жаңалықтардың көбеюіне әкелді. Фактчекинг пен ақпаратты тексеру мәселесі өзекті бола түсті.

• Авторлық құқық мәселесі – Интернеттегі ақпаратты көшіріп, өзгертпей жариялау жиі кездеседі, бұл түпнұсқа журналистік материалдардың құндылығын төмендетеді.

• Кликбейт пен сенсация қуалау – Кейбір басылымдар оқырмандардың назарын аудару үшін жалған немесе асыра сілтенген тақырыптар қолданады, бұл ақпараттың сапасына кері әсер етеді.

Осы орайда, жаңа мүмкіндіктер артқан сайын ақпараттардың шынайылығы мен маңыздылығы да сынға түседі. Ақпарат – ақиқаттың жарығы ма, әлде көлеңкесі ме?

Адамзат шындыққа құштар. Бір уыс жаңалық үшін қаншама кітап ақтарылды, хат тасымалданды. Журналистиканың негізгі міндеті – халыққа ақиқаттың сәулесін шашу. Бірақ интернет бұл дәстүрді өзгертті. Енді әрбір адам ақпарат таратушыға айналды.

Бүгінде жаңалықты бірінші болып кім жеткізеді – сол мықты. Бірақ осы жылдамдық шындықтың сапасына әсер етпей ме? Бір сәт көз алдымызға елестетейік: жазықсыз адам туралы жалған ақпарат тарады делік. Ол ақиқат па? Жоқ. Бірақ мыңдаған адам оны оқып, сеніп, соған қарай әрекет етті. Осылайша шындықтың көлеңкесі интернет арқылы қараңғы әлемге жайылды.

Осы тұста орыстың ұлы жазушысы Федор Достоевскийдің мына сөзі еріксіз ойға оралады: «Өтірікті әдемілеп айтатындар – ең қауіптілер. Олар шындықты да, өтірікті де жүректен өткізе отырып айтады. Бірақ олардың шындықтары да өтірікке айналып кетеді. «Журналистиканың ең басты парызы – жалған ақпаратқа қарсы тұру. Бірақ интернет дәуірінде бұл оңай ма?»

Интернет: жаңа мүмкіндік пе, әлде жаңа қауіп пе?

Интернет – шексіз мұхит. Оның бір жағы – білімнің қайнар бұлағы, екінші жағы – өтірік пен манипуляцияның айдыны. Ең қиыны – қайсысының қайда екенін ажырату. Бүгінде кез келген адам журналист бола алады. Әлеуметтік желілерде жаңалықтар лезде тарайды. Бірақ осында бір қауіпті мәселе бар: әркім өз көзқарасын ақиқат деп санайды. Бір жаңалық шықса, оны әркім өз мүддесіне бұрып, әр қырынан көрсетеді. Бұл адамдарды шатастырады.

Бұл орайда өлең шумағы ойға оралады:

«Ақ пен қара арпалысып, аласұрған бұл дүние,

Шындық қалды көмескіде, жалған шықты күн түбіне.

Біреу күлер, біреу жылар, біреу ұқпас себебін,

Ақпараттың тасқынында ақиқатты кім түгендейді?»

Жалған ақпарат пен манипуляциядан қорғанудың жалғыз жолы – сыни ойлау. Әрбір оқырман кез келген ақпаратты қабылдамас бұрын, оның түп-төркінін зерттеуі тиіс.

Нағыз журналист – шындықтың жауынгері. Ол жаңалықты өз мүддесіне бұрмайды, тек халыққа адал қызмет етеді.

Александр Солженицын:

«Өтірік әрқашан күшке мұқтаж, ал шындық өздігінен тіршілік етеді».

Бірақ бүгінгі заманда шындықты айту оңай ма? Қоғамның әр бұрышында ақпарат үшін күрес жүріп жатыр. Біреу өз мүддесін алға тартады, біреу басқаның шындығын жоққа шығарады. Осы тұста журналист шындықтың шырағын сөндірмей, халыққа дұрыс жол көрсетуі керек.

Журналистика – ардың ісі. Ақпарат – қару. Бұл қаруды жақсылыққа пайдалану – біздің қолымызда. Интернет – журналистің қаруы ма, әлде қауіп пе? Интернет – шексіз мүмкіндік алаңы. Бірақ журналистика – жауапкершілік.Ф.М. Достоевский: «Сөз – ұлы күш: ол адамдарды біріктіре де алады, ажырата да алады». Қазіргі журналистердің қолында дәл осы күш бар. Бір жалған ақпарат – тұтас халықтың тағдырын өзгертіп жіберуі мүмкін. Ақпарат – су секілді: «Қай жерге құйсаң, сол пішінді алады. Бірақ шынайы журналист оны арнасына дұрыс бағыттай білуі керек.”

Қазіргі таңда журналистің алдында екі жол тұр:

1. Шындықтың туын көтеру – дәлелге сүйеніп, ақиқатты жариялау.

2. Арзан сенсация қуалау – шындықты бұрмалап, эмоцияға ерік беру.

Нағыз журналист бірінші жолды таңдауы керек. Себебі екінші жол уақытша танымалдылық әкелгенімен, ақырында сенімін жойып, беделінен айырады. Достоевскийдің сөзі: «Өтірік – уақытша нәрсе, бірақ оның салдары мәңгілік». Журналист әрбір сөзінің жауапкершілігін сезінуі керек. Журналистика – бұл тек ақпарат беру емес, қоғамға дұрыс бағыт сілтеу.

«Шындық әрдайым жеңеді, бірақ оны қорғау – журналистің қолында. «Болашақтың журналистері әділеттің жауынгерлері болуы тиіс. Олар ақпаратты өз мүддесіне емес, халықтың игілігіне пайдалануы керек. Сонда ғана интернет журналистикасы хаос емес, шынайылықтың айнасына айналады. Нағыз журналист – шындықтың жауынгері. Ол жаңалықты өз мүддесіне бұрмайды, тек халыққа адал қызмет етеді. Орыстың белгілі жазушысы Александр Солженицын бір сөзінде: «Өтірік әрқашан күшке мұқтаж, ал шындық өздігінен тіршілік етеді». Бұл журналистиканың басты қағидасы болуы тиіс. Бірақ бүгінгі заманда шындықты айту оңай ма? Қоғамның әр бұрышында ақпарат үшін күрес жүріп жатыр. Біреу өз мүддесін алға тартады, біреу басқаның шындығын жоққа шығарады. Осы тұста журналист шындықтың шырағын сөндірмей, халыққа дұрыс жол көрсетуі керек. Журналистика – ардың ісі. Ақпарат – қару. Бұл қаруды жақсылыққа пайдалану біздің қолымызда. «Ақпарат кімнің қолында болса, әлемді сол билейді». «Қазіргі заманда ақпарат – алтыннан да қымбат, ал оны таратудың жылдамдығы найзағаймен тең» . Журналистика тек жаңалық беру ғана емес, шындықты іздеу, халыққа үміт сыйлау, әділдіктің жаршысы болу. Ғасырлар бойы қалам иелері – шындықты паш еткен батырлар, халықтың үнін жеткізген ардагерлер еді. Ал бүгін ше? Бүгін ақпарат тасқыны интернетке көшіп, журналистика жаңа кеңістікті бағындыруда.

XXI ғасыр – интернет ғасыры. Бұл дәуірде ақпарат бір сәтте жердің бір бұрышынан екінші бұрышына жетеді. Журналистика бұрын газет, радио, теледидар арқылы тараса, енді оның негізгі алаңы – интернет. Бір сәтте әлемнің кез келген жеріндегі жаңалықтан хабардар болу – бұрын арман болса, бүгін шындық.

Алайда бұл жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа сын-қатерлер де әкелді. Ақпарат ағынының көптігі, фейк жаңалықтардың таралуы, манипуляцияның күшеюі – қазіргі журналистиканың басты мәселелерінің бірі. Бұрын бір жаңалық редакция сүзгісінен өтіп, тексеріліп барып таралса, бүгінде әлеуметтік желілер арқылы жалған ақпарат әп-сәтте халықтың санасын улай алады. Интернет – журналистің қаруы ма, әлде қауіп пе? Интернет – шексіз мүмкіндік алаңы. Мұнда әркім өз ойын еркін жеткізе алады. Бүгінде блогерлер, влогерлер, азаматтық журналистика кеңінен дамуда. Бірақ осы еркіндік кейде хаос тудырып жатады. Себебі журналистика – бұл жауапкершілік. Орыстың ұлы жазушысы Ф.М. Достоевский: «Слово – это дело великое: великое потому, что словом можно соединять людей и словом же можно их разъединять». Яғни, сөз – адамдарды біріктіретін де, ажырататын да күш.

Қазіргі журналистердің қолында дәл осы күш бар. Бір жалған ақпарат – тұтас халықтың тағдырын өзгертіп жіберуі мүмкін. Бір шынайы сөз – елдің еңсесін тіктеп, үміт сыйлауы ғажап емес. Сондықтан интернет журналистиканы қару ете ме, әлде оны қауіпке айналдыра ма – бұл қалам ұстаған әрбір жанның өз қолында. Бүгінде технологияның дамуы журналистикаға жаңа тыныс берді. Енді жаңалықты тек қағаздан емес, әлеуметтік желілерден, интернет-порталдардан, блогерлердің парақшаларынан аламыз. Бірақ ең маңыздысы – сол ақпараттың шынайылығы.

Нағыз журналист – халықтың көзі, құлағы, үні. Ол шындық үшін күресетін, әділдіктің қалқанын ұстанатын адам. Интернет – журналистерге жаңа мүмкіндіктер бергенімен, жауапкершілік жүгі де еселене түсті. «Жақсы сөз – жарым ырыс». Ендеше, қалам ұстаған әрбір жан тек жақсылыққа қызмет етсін, шындықтың шамын өшірмесін, интернетті – іріткі емес, ілімнің, әділдіктің құралы етсін. Осы орайда мен журналистика– шындық үшін күрес. Интернет – сол күрестің жаңа алаңы.

Шындықтың шамын өшірмейік. Ақпараттың әділдігін сақтайық. Сонда ғана журналистика – тек кәсіп емес, ұлттың үні болмақ.

«Шындықтың жолы қиын, бірақ ол – жалғыз әділетті жол».

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Деврис, М. (2017). Журналистика және жаңа медиа: Ақпараттық қоғамдағы өзгерістер. Алматы: ҚазҰУ баспасы.

2. Соловьев, В.В. (2019). Интернет-журналистика: жаңа тенденциялар және сын-қатерлер. Мәскеу: Вектор.

3.Иванов, И.И. (2020). Масс-медиа және қоғам. Алматы: Қазақ университеті.

4. Ковач, Б., & Розенстил, Т. (2014). Журналистиканың элементтері: Шындықтың ізденісі. Нью-Йорк: Three Rivers Press.

5. McQuail, D. (2010). Mass Communication Theory (6th ed.). London: Sage Publications.

6. Herman, E. S., & Chomsky, N. (1988). Manufacturing Consent: The Political Economy of the Mass Media. New York: Pantheon Books.

ӘОЖ 94(574)

ХАЛЫҚ ҚАХАРМАНЫ ХИУАЗ ДОСПАНОВА: СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Наурызова Нұржамал Асқарқызы
nauryzzova@gmail.com
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1-курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Кайргалиева Г.К.

Хиуаз Доспанова – қазақ халқының даңқты перзенті, Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлігімен ел есінде қалған алғашқы қазақ әйел-ұшқышы. Алайда оның өмірі тек соғыс майданында көрсеткен ерлігімен шектелмейді. Соғыстан кейін де Хиуаз Қайырқызы туған еліне аянбай қызмет жасады. Ол Қазақстандағы саяси, қоғамдық және әлеуметтік өмірдің дамуына зор үлес қосып, халықтың игілігі үшін еңбек етті. Бұл мақалада оның соғыстан кейінгі қоғамдық қызметіне, саяси белсенділігіне және халық игілігі үшін атқарған еңбегіне тоқталамыз.

Көкке самғауды екінің бірі армандағанымен, шын мәнінде ұшқыш болу – санаулы жанның ғана маңдайына жазылған бақ. Хиуаз Доспанова бала күнінен аспанды аңсап, ұшқыш болуды армандады. Ол мақсатына соғыс жылдарында жетті. Кеңес әскері құрамында Марина Раскова басқарған әйелдерден құралған түнгі бомбалаушы-ұшқыштар полкі құрылды. Кейіннен бұл полк «Қызыл Ту орденді Таман гвардиялық, 3-дәрежелі Суворов орденді түнгі бомбалаушы әуе полкі» деп аталды. Хиуаз сол полктің қатарында болған жалғыз қазақ қызы еді. Хиуаз соғысқа 19 жасында аттанды. Бойы небәрі 150 см, нәзік те алғыр қыз жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағын тізгіндеді. Түнгі әуе шабуылдарын орындаған бұл полкті немістер «түнгі мыстандар» деп атап кетті. Олардың міндеті – жаудың қару-жарақ қоймалары мен әскери техникаларын бомбалау еді. Гитлер «түнгі мыстандардың» ұшағын атып түсірген жауынгерді марапаттап, тіпті үйіне демалысқа жіберуге уәде бергені тарихта жазылған. ПО-2 ұшағы өте шағын, екі адамға ғана арналған. Алдыңғы орындықта ұшқыш отырса, артқы орындықтағы штурман ұшу бағытын белгілеп, бомба нысанаға дәл түсуі үшін есептеулер жүргізді. Хиуаз Доспанова №46 гвардиялық полктың штурманы атанды. Майдандастары оны «Катя» деп еркелетті. Ол күніне 7-8 рет әуеге көтеріліп, жау шебін бомбалаған. Бірде осындай шабуылдан қайтып келе жатқанда, Хиуаздың ұшағы апатқа ұшырады. Бұл 1943 жылы болған оқиға еді. Жауынгер қыздар түнгі рейд кезінде ұшақтың жарығын өшіріп ұшатын. Тапсырмадан сәтті оралған соң, олар тұраққа қонуға бет алады. Сол кезде басқа бір ұшақпен қақтығысып, Юля Пашкова басқарған ұшақ жерге құлап, қаза табады. Хиуаз ауыр жарақат алады [1].

Госпитальда бірнеше ай емделіп, аяқ-қолы гипсте жатқанымен, толық сауығып кетуі мүмкін болмады. Дегенмен, Хиуаз майданға қайта оралды. Аяғы қозғалысқа толық икемделмегендіктен, ұшақтан түспей, кабинкада тынығып, келесі күні сол орыннан ұшуға мәжбүр болды. Соғыстың соңына дейін ол 300-ден астам жауынгерлік ұшуды орындап, жау техникасын жойды. Соғыс біткен соң, барлық майдангер қыздар Кеңес Одағының Батыры атағын алғаны мәлім. Алайда, Хиуаздың есімі марапаттаушылар тізіміне енбей қалды. Бұл әділетсіздік туралы белгілі жазушы, соғыс ардагері Әзілхан Нұршайықов өз еңбектерінде «Талғат Бигелдинов – 305, Леонид Беда – 211, Сергей Луганский – 390 рет әуеге көтеріліп, бәрі де екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Ал, Хиуаз Доспанова 300 рет жер бауырлаған фанера ұшақпен жау шебіне ұшып барып, бомба тастады. Бірақ марапаттан тыс қалды», -деп атап өтеді [1].

Соғыстан кейін Хиуаз 2-топ мүгедегі болып оралды. Соғыстан кейін ауыр жарақаттарының салдарынан Хиуаз Доспанова әскери қызметін жалғастыра алмады. Алайда ол ел игілігіне қызмет етуді азаматтық өмірде жалғастырды. 1945 жылы Алматыға оралып, саяси және қоғамдық істерге белсене араласа бастады. Ең алдымен, Хиуаз Доспанова Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшылығында қызмет етті. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен жауапкершілігі жоғары бағаланып, халық шаруашылығы мен әлеуметтік салалардағы мәселелерді шешуге атсалысты. Хиуаз Доспанова партиялық және мемлекеттік қызметте көптеген жауапты лауазымдарды атқарды. Ол Қазақстанның түкпір-түкпірінде халықпен кездесулер өткізіп, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне ықпал етті. 1950 жылдары ол Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде басшылық қызмет атқарды. Осы жылдары жастар саясатының дамуына ерекше көңіл бөлді. Әсіресе, соғыстан кейінгі ауыр кезеңде жастардың білім алуына, олардың патриоттық рухын көтеруге және ел дамуына үлес қосуына жағдай жасады. Бұдан кейін ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Бұл қызметінде Хиуаз халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалар көтерді. Ол әсіресе әйелдердің қоғамдағы рөлін нығайтуға ерекше көңіл бөлді [2].

Хиуаз Доспанова әйелдердің құқықтары мен олардың қоғамдағы орнын көтеру мәселелеріне ерекше назар аударды. Соғыстан кейінгі Қазақстанда әйелдердің еңбек нарығындағы жағдайы ауыр болды. Хиуаз осы мәселеге ерекше мән беріп, әйелдердің білім алуына, жұмысқа орналасуына және олардың құқықтарының қорғалуына баса назар аударды. Сонымен қатар, ол денсаулық сақтау, мәдениет және білім салаларындағы реформаларға қатысып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға белсене араласты. Оның бастамаларының арқасында көптеген әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асты.

Бірақ ол бейбіт өмірде де еліне адал қызмет еткен Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы Х.Доспановаңың тікелейй бақылуымен және бастамасымен «Медеу» мұз айдыны, «Горный гигант» алма бағы, «Ғалымдар үйі» және тағы басқа маңызды нысандар салынды. Сондай-ақ, мәдениет саласында да маңызы бар қойылымдар «Абай» мен «Шоқан» драмалары сахналанды.

37 жасында Хиуаз Доспанова денсаулығына байланысты зейнетке шыққаннан кейін шығармашылықпен айналысып, 1960 жылы «Под командованием Расковой», 1963 жылы «Халқым үшін» атты соғыс естеліктерін жазды [2].

Хиуаз Доспанова – тек соғыс кезінде ғана емес, бейбіт өмірде де елі үшін аянбай қызмет еткен қайраткер ретінде саяси және қоғамдық қызметімен Қазақстанның дамуына үлкен үлес қосты. 2004 жылы оған Қазақстан Республикасының жоғары наградасы – «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Бұл марапат оның тек соғыс жылдарындағы ерлігі үшін ғана емес, соғыстан кейінгі еңбегі үшін де берілді. Хиуаз Доспанова – ерлігі мен еңбегі ел есінде мәңгі сақталатын тұлға. Ол тек ұшқыш-жауынгер ғана емес, қоғам қайраткері, халықтың жанашыры және ел дамуына үлес қосқан азамат ретінде тарихта қалды. Оның соғыстан кейінгі қоғамдық қызметі – қазіргі ұрпаққа үлгі болатын өмір жолы. Хиуаз Доспановаңың өмірі мен еңбегі бүгінгі Қазақстан қоғамына үлкен өнеге. Оның есімі тек әскери тарихта ғана емес, қоғамдық-саяси өмірдің маңызды беттерінде де алтын әріптермен жазылған [3].

Хиуаз Доспановаңың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жауапты қызметке тағайындалуы оның жоғары ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Бұл қызметте ол қоғамдық және мемлекеттік басқару саласында тәжірибе жинады. Оның жұмыс істеу стилі, табандылығы мен жауапкершілігі басшылық тарапынан жоғары бағаланды. Оның алғашқы қызметтік жылдары негізінен Қазақстанның әртүрлі аймақтарында әлеуметтік, экономикалық және мәдени жобаларды жүзеге асырумен байланысты болды. Осы кезеңде ол халықпен тығыз байланыста жұмыс істеп, жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді зерттеп, олардың шешілуіне ықпал етті. 1950 жылдары Хиуаз Доспанова Қазақстан ЛКЖО (Лениндік Коммунистік Жастар Одағы)

Орталық Комитетінде басшылық қызметі жылдарында бұл ұйым жастар саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын маңызды құрылым болды. Осы кезеңде ол жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың білім алуына және қоғамдық өмірге белсенді араласуына ерекше көңіл бөлді. Оның басты бастамаларының бірі – ауыл жастарына жоғары білім алуға мүмкіндік беру еді. Сол кездегі әлеуметтік жағдайға байланысты ауылдық жерлерден шыққан жастардың жоғары оқу орындарына түсуі қиын болатын ескерген Хиуаз Доспанова осы мәселені көтеріп, жастардың білімге қолжетімділігін арттыруға атсалысты. Кейінірек ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Бұл қызметінде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған түрлі әлеуметтік бастамаларды көтерді. Әсіресе, денсаулық сақтау, білім беру және әйелдер құқығын қорғау мәселелеріне ерекше мән берді [4].

Хиуаз Доспанова әйелдердің қоғамдағы рөлін нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Соғыстан кейінгі кезеңде әйелдердің еңбек нарығындағы жағдайы қиын болды. Олар көбіне ауыр физикалық жұмыстарға жегіліп, лайықты еңбекақы ала алмады. Сонымен қатар, әйелдердің білім алуы мен әлеуметтік кепілдіктерге қол жеткізуі де шектеулі еді. Денсаулық сақтау саласында да ол үлкен жұмыстар атқарды. Соғыстан кейінгі Қазақстанда медициналық қызмет көрсету сапасы төмен деңгейде болды. Ауылдық жерлерде дәрігерлер жетіспеді, медициналық мекемелердің материалдық жағдайы нашар еді. Хиуаз Доспанова осы мәселелерді шешуге бағытталған бастамалар көтеріп, медициналық қызметтердің халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз етуге атсалысты. Ол халықтың әл-ауқатын жақсартуға, жастардың білім алуына, әйелдердің құқықтарын қорғауға және денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосты.

Оның қоғамдық қызметі болашақ ұрпаққа үлгі болып қала береді. Хиуаз Доспанова – ерлігі мен еңбегі ел есінде мәңгі сақталатын тұлға. Ол тек ұшқыш-жауынгер ғана емес, қоғам қайраткері, халықтың жанашыры және ел дамуына үлес қосқан азамат ретінде тарихта қалды. Оның саяси және қоғамдық қызметі қазіргі Қазақстан қоғамына үлкен өнеге. Ол халықтың әл-ауқатын жақсартуға, жастар мен әйелдердің жағдайын көтеруге бағытталған көптеген игі істерді жүзеге асырды. Хиуаз Доспанованың есімі тек әскери тарихта ғана емес, қоғамдық-саяси өмірдің маңызды беттерінде де алтын әріптермен жазылған. Оның ерен еңбегі мен қажырлы қызметі қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталады [5].

Хиуаз Доспанова Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина және Германияны азат ету шайқастарына қатысты. Ол «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және басқа да марапаттармен наградталды. Бірақ Кеңес Одағы оған лайықты ең жоғарғы марапатты бермеді. Тәуелсіз Қазақстан өз батырын ұмытқан жоқ. 2004 жылы Елбасының жарлығымен Хиуаз Доспановаға «Халық қаһарманы» атағы берілді. Араға төрт жыл салып, 2008 жылы қазақтың қайсар қызы бұл дүниеден өтті. Бірақ оның рухы, ерлігі, елге сіңірген еңбегі халық жадында мәңгі сақталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Тасбулатов А.Б., АманжоловК. Военная история Казахстана. Очерки. Алматы: Рауан, 1998. - 176 с.

2 Асилов Н.Т. Воинские формирования Казахстана на фронтах Великой Отечественной войны. Нур-Султан: Военно-исторический музей ВС РК, 2021. - 388 с.

3 Ростов Н.Д. Подготовка офицеров запаса в гражданских высших учебных заведениях Сибири в годы Великой Отечественной войны // Известия Алтайского государственного университета. 2008. №. 4-3. С. 224-229.

4 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5 т. Т. 4. Алматы: «Атамура», 2009. - 768 с.

5 Проценко Е.Д. Великая Отечественная война: подготовка офицерских кадров (на материалах политорганов и партийных организаций внутренних войск). Автореф. канд. ист. наук. Санкт-Петербург, 1993.

ӘОЖ 070.431

АЙМАҚТЫҚ CASPIAN NEWS ТЕЛЕАРНАСЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Ізғалиева Альбина Жамбылқызы
izgaliyevaalbina04@gmaill.com
«Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 4 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: senior лектор Мажитова Ләззат Қабдірқызы

Цифрландыру дәуірінде адамдар ақпаратты әлеуметтік желілерден алып, жаңалықтарды сол арқылы білуді әдетке айналдырды. Дегенмен, теледидарға деген сенім әлі де жоғалған жоқ. Өйткені интернет ресурстары арқылы жаңалықты жылдам алып, оны фото мен бейнематериалдармен бірге тамашалау мүмкіндігі бар. Оған пандемия уақыты мен «қанды қаңтар» оқиғасы дәлел. Бүгінде біз аймақтық телеарналардың танымалдыққа ие болып, еліміздегі өзге телекомпаниялармен бәсекеге түсе бастағанын байқап отырмыз. Осы орайда, облыс тарихындағы тұңғыш жекенменшік, тәуелсіз «Caspian News» телеарнасының тарихы мен даму жолына тоқталайық.

Атырау қаласындағы алғашқы тәуелсіз аймақтық телеарна 2018 жылы құрылды. Алғашқы кезде телеарна тек қазақ тілінде хабар таратты. Бүгінде тәулігіне 24 сағат бойы қазақ және орыс тілдерінде хабар таратады. Бұрын бұл компания өзін бейнестудия ретінде таныстырып, Батыс аймақ тұрғындарына түрлі техникалық қызметтер ұсынатын. Бүгінде бұл телеарна елдің Каспий маңы өңіріне ақпарат тарататын үлкен арнаға айналды. Негізгі контенті Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша таралады. Сондай-ақ, еліміздің батыс өңіріндегі Орал, Ақтөбе қалаларын қосуға ниетті.

Телеарнаның негізгі эфирлік кестесін ақпараттық-талдамалық тележобалар құрайды. Бұл телеарнаның бірегейлігі – ол екі Каспий маңы мұнайлы өңірінің аудиториясына бағытталған. Сол себепті мұнда мұнай-газ саласына, аймақтағы шағын және орта бизнестің дамуына ерекше назар аударылады. Жергілікті телеарнаның басты басымдықтары – экономика, әлеуметтік сала, мәдениет және басқа да маңызды тақырыптардағы жаңалықтар.

Телеарнаның Маңғыстау облысының Ақтау қаласында меншікті тілшілер пункті және Атырау облысының 7 ауданында тілшілері бар. Телеарна цифрлық телевизиялық құрал-жабдықтармен, тасымалды спутниктік телевизиялық станциямен, аппараттық кешендермен толық жабдықталған.

Телеарна ОТАУ-ТВ спутниктік пакеті, Қазақстан бойынша ID TV кабельдік, Beeline TV, ALMA-TV желілеріне қосылған. Сондай-ақ жергілікті мемлекеттік органдармен «Caspian News» телеарнасында телевизиялық бағдарламалар мен сюжеттерді көрсету жөнінде келісімдері бар.

Коронавирус пандемиясы кезінде және елдегі 2022 жылғы қаңтар оқиғалары сияқты төтенше жағдайлар барысында бұл телеарна оқиғалар орнынан жаңалықтар таратып, Орталық коммуникациялар қызметінің брифингтерін көрсетіп, өз жұмысын штаттық режимде жалғастырды. Телеарна директоры Қазбек Кертаев mgorod.kz сайтына берген сұхбатында: «Біз үшін ең үлкен мақтаныш – осы уақыт ішінде телекомпания бір күн немесе тіпті бір сағатқа да

жұмысын тоқтатпағаны, жаңалықтар мен басқа да бағдарламалар тұрақты түрде шығып, аймақ пен ел тұрғындарын ақпараттандырып отырғаны» деп атап өтті.

Бүгінде «Caspian News» облыстық медиа нарықтың көшбасшыларының бірі саналады. Компанияның контентін талдау нәтижесінде редакция өзекті мәселелерге назар аударып, жаңалықтар саласында жедел жұмыс істейтіні, өз жобаларын әзірлеп, кросс-медиялық редакцияларға арналған контент жасайтыны байқалады. Телевизия оқиғаларды эмоция арқылы жеткізе алады, бірақ цифрландыру мен интернет дәуірінде жаңалықтарды әлеуметтік желілер арқылы әлдеқайда тез әрі көрнекі түрде білуге болады. Мысалы, «Caspian News» телеарнасы жаңалықтарды әр сағат сайын жариялайды және оларды алдымен әлеуметтік желілерде таратады. Бірақ бұған кейінірек тоқталамыз. Кез келген телебағдарлама белгілі бір деңгейде адамды мәдениетке жақындатады.

Ақпараттық бағдарламалардың өзінде көрерменге оқиғаға қатысушылар, жүргізушілер, олардың сөйлеу мәнері, сауаттылық деңгейі көрсетіледі. Бұл көрерменнің дүниетанымына тікелей немесе теріс мысал ретінде әсер етеді. Әдетте, көрермен бағдарламалардың жүргізушілерін мәдениеттің үлгісі ретінде қабылдайды. Бұл жағдай телесыншыларды көбірек алаңдатады. Оған телеарналардың көбеюі кезінде мәдениеті төмен және жеткілікті білімі жоқ жүргізушілердің артуы себеп. Сол себепті жергілікті тәуелсіз телеарна облыстық халық шығармашылығы оратылығы мен Н. Жантөрин атындағы филармония, М.Өтемісов атындағы қазақ академиялық драма театрымен тығыз қызмет атқарады. Сөйтіп, телеарнаның мәдени-ағартушылық рөлін кез келген мәдени шараларды – спектакльдерді, концерттерді, кино мен телефильмдерді көрсету арқылы жүзеге асыруға болады. Телевидение арқылы көрермен өнермен жіті байланыс ұстап, «толыққанды танысады» деп айта алмаймыз. Бірақ өзіне таңсық туындылармен танысуға мүмкіндік беретіні жасырын емес. Мұндай бағдарламаларда көзі қырақты азаматтар үшін астыртын тәрбиелік мән беру көзделген. Сол себепті авторлардың міндеті – оны көрерменге барынша сыпайы әрі ықпал ететіндей жеткізу. Бұл функциялар тек қазіргі кезеңге ғана тән деп айтуға болмайды. Олар әр уақытта болған. Тек олардың маңызы мен басымдықтары өзгеріп отырды. Мысалы, кеңес дәуірінде тәрбиелік және ақпараттық функциялар бірінші орында тұрды, ойын-сауық бағдарламалары екінші кезекке қалатын.

Жекеменшік арнаның кемшіл тұстары да бар. Мысалы, ойын-сауық бағдарламаларының саны мен сапасы бойынша мақтана алмайды. Себебі сапалы ойын-сауық контентін жасау үшін қосымша қаражат қажет. Бұл тек жекеменшік емес, мемлекет тарапынан қаржыландыратын облыстық арналар үшін де ортақ мәселе. Сондықтан, мұндай телеарналарда көбіне көп ақпараттық бағдарламаларға басымдық беріледі. Бүгінде телеарнадағы «жаңалықтар қызметі» бөлімі рейтингтегі жетекші орындарды алады. Аймақтық Caspian News телеарнасының басты өнімі әрі коммерциялық табысының негізі де осы. Телеарнадағы жарнаманың жартысынан көбі жаңалықтарға байланысты сатылады. Яғни, жергілікті жаңалықтардың сапасы жоғары болған сайын телеарнаның коммерциялық тиімділігі де артады. Мысалы, сағат сайын жаңалықтар тарататын «Caspian News» телеарнасы қоғам назарын аударып, маңызды ақпарат жеткізуші ретінде қалыптасты. Оның ерекшелігі – телеарнаның ақпараттық редакциясы шектеулі аудиторияға бағытталған. Яғни, Caspian News телеарнасының негізгі көрермені – Атырау облысының тұрғындары. Жаңалықтардың 95%-ы осы өңірге арналады. Сондай-ақ, елдегі мұнай-газ саласындағы жаңалықтарды назардан таса қалдырмайды. «Жаңалықтар қызметі» бөлімінің бас редакторы Жанар Низамудтинованың айтуынша, нақты әрі жедел ақпар тарату, өзекті мәселелерді көтеру, атаулы даталарға тоқталу сынды ақпарат сілтемелері көрермен назарын аударады. Телеарнада күніне 8-10 жаңалықтар шығарылымы дайындалады. Күнделікті «жаңалықтар тізімі» түгенделеді. Дәлірек айтқанда, материалдарды таңдап, ақпараттар топтамасын реттеу, белгілі бір ретпен орналастыру десек қателеспейміз.

Caspian News жаңалықтарының ерекшеліктері:
Облыстық телеарналарда жаңалық тек үш мезгіл таратылса, мұнда әр сағат сайын эфирге шығады;
Облыстық телеарналарда жаңалық тек үш мезгіл таратылса, мұнда әр сағат сайын эфирге шығады;
Журналистер оқиғалар орнында болып, жаңалықтар легін үздіксіз бақылайды;
Ақпарат «Euronews» телеарнасының стилінде, яғни, дикторсыз беріледі;
Әр апта соңында «Апта қорытындысы» ақпараттық-аналитикалық бағдарламасы аптаның маңызды оқиғаларын сараптап, қорытындылайды.

Телеарна әр апта басында тікелей эфирде маңызды өңірлік тақырыптар талқыланып отырады. Бұл көрерменмен тығыз байланыс орнатуға әрі өзекті проблемалардың шешу жолына ықпал етуге бағытталады. Телеарнаның негізгі бағдарламалары: ақпараттық және ақпараттық-аналитикалық бағдарламалар; танымдық-ойын-сауықтық бағдарламалар; мәдени-ағартушылық бағдарламалар; балаларға арналған бағдарламалар.

Бағдарламалар мазмұнына қарай осылай топтастырылады:

Жаңалықтар: күнделікті жаңалықтар, спорт жаңалықтары, «Апта қорытындысы», «Бүгінгі тақырып»;

эфирге тұрақты түрде шығатын телесериалдар;

Ойын-сауық: ток-шоулар, сараптамалық бағдарламалар;

Балалар бағдарламасы: «Балдай», «Атырау Бала Фест»;

Фильмдер: авторлық деректі фильмдер, «Алаш арыстары».

«Апта қорытындысы» - Caspian News телеарнасының өзіндік аналитикалық бағдарламасы. Ол әр сенбі сағат 19:00- де қазақ тілінде, 20:00-де орыс тілінде эфирге шығады. Жалпы хабар жергілікті атқарушы органдардың қызметі, тұрғындардың өзекті мәселелері, апта ішіндегі басты оқиғаларға шолу жасайтын арнайы репортаждарға негізделеді. Бағдарламаның жүргізушісі – Айдос Қарабала, тематикалық хабарлар бөлімнің бас редакторы.

Тікелей эфирде әр дүйсенбі, сәрсенбі күндері өтетін «Бүгінгі тақырып» хабары телеарна рейтингінде алғаш тұрған бағдарламалардың бірі. Онда білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, экономика сияқты өзекті тақырыптар талқыланады. Жүргізуші мемлекеттік қызметкерлермен, экономистермен, заңгерлермен, дәрігерлермен, қоғам қайраткерлерімен бірге 30 минут бойы талқылау жүргізіп, көрермендердің қоңырауларына жауап береді.

Бұдан бөлек телеарнада ақпараттық және ойын-сауықтық, тақырыптық бағдарламаларға аса көңіл бөледі. Мәселен, Caspian News телеарнасындағы мұндай хабарларда білім беру, денсаулық сақтау, құқықтық кеңес беру, мәдениет және кино тақырыптары қамтылады. Егер ақпараттық бөлімде тек жаңалықтар жанры басым болса, тақырыптық бөлімде жанрлар әртүрлі. Мысалы, «Caspian News» телеарнасында 30-ға жуық деректі-тарихи, ғылыми-танымдық, публицистикалық, ойын-сауықтық жанрдағы бағдарламалар көрсетіледі. Олардың арасында жергілікті атқарушы органдар қызметінің сапасын арттыру мен ашық үкімет тұжырымдамасын кеңінен насихаттауды мақсат тұтатын «Елге қызмет» хабары бар. Онда мемлекеттік мекеме немесе ведомство басшылары студияда сұхбат беріп, халық алдында есеп береді. Facebook және YouTube әлеуметтік желілерінде тікелей трасляцияда өтеді.

«Әдеп кеңесі» бағдарламасында облыстық тәртіптік кеңестің жұмысы қарастырылады. Кеңес жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қызметін бақылап, талдау жұмыстарын жүргізеді, сондай-ақ этика кеңесінің қызметі қамтылады. Бағдарлама аясында мемлекеттік қызметкерлер арасындағы құқық бұзушылықтар талқыланып, олардың алдын- алу шаралары баяндалады. Қоғамдық тәртіп пен мемлекеттік қызмет сапасын арттыру мәселелері қозғалады.

Бұдан бөлек көрерменді заңнамалық салада бағдарлауға, олардың азаматтық құқықтарын қорғауға, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң туралы нақты түсінік беруге негізделетін «Заңға сай» бағдарламасының орны ерекше. Оған заң саласында жұмыс істейтін құқық қорғау органдары, прокурорлар, сот орындаушылар әрі қорғақшылар мен судьялар келеді.

Соңғы уақытта көрермен көзайымына айналған «Психология» хабары азаматтардың осы бағытта ойланып жүрген сұрақтарына жауап береді. Телеарнада діни бағдарлама да бар. «Имам уақыты» – діни сауаттылықты арттыру – дәстүрлі дініміздің берік негізі және қоғамдық қауіпсіздіктің кепілі. Осыған байланысты «Имам уақыты» бағдарламасында дін саласындағы өзекті сұрақтарға имамдар мен теологтар жауап береді. «Caspian News» телеарнасының тематикалық бөлімі «Менің жолым» атты биографиялық бағдарламаны көрермен назарына ұсынады. Бұл бағдарлама Атырау облысының дамуына өз үлесін қосқан әртүрлі сала мамандарымен өтеді. Негізінен, жобаның кейіпкерлері – құрметті ардагерлер. Айына екі рет эфирге шығады. Сонымен қатар, телеарна биыл «Жұмысшы мамандықтар» жылына орай тағы бір түсірілімдік бағдарламаның тұсауын кесті. Эфирге журналист Орынгүл Бектілеуованың «Еңбеккер» атты авторлық хабары шықты. Жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру – қоғамда еңбек адамының қадірін арттыру, оның кәсіби біліктілігін шыңдау, жұмысшы қарым-қабілетін жан-жақты бағалауды мақсат тұтқан бағдарлама айына екі рет эфирге шығады.

Биыл Мемлекет басшысының халыққа жолдауында да, Ұлттық құрылтай отырыстарында да сөз етілген спорт саласы да назардан тыс қалмады. Журналист әрі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқытушысы Арайлым Аманжанова авторлық SPORTLIFE жобасын көрермен назарына ұсынды. Бағдарламаның негізгі кейіпкерлері – спорт әр түрлерінен жеңіс тұғырынан көрінген жасөспірімдер.

Өнерлі балаларды додаға салып, нағыз мықтыны анықтау. Телеарнаға балалар аудиториясын тарту. Осындай мақсатта телеарна ең үздік ATYRAU BALA FEST – 2025б атты балалар ток-шоуын эфирге шығарды. Оған әртүрлі өнер мектептері, талантты балалар қатысып, сайысады. Жоба айына екі рет қырақты көрермен назарына ұсынылады.

Жоғарыда айтылып өткендей телеарна әлеуметтік желілерде өте белсенді. Бүгінде YouTube, Facebook, Instagram, Tiktok, Telegram әлеуметтік желілері телеарнаның ақпараттық алаңының құрамдас негізгі бөлігі саналады.

Қазіргі уақытта «Caspian News» телеарнасының Instagram желісіндегі ресми парақшасында 60,6 мыңнан аса оқырман бар. Оның 70 пайызға жуығы 25 пен 34 жас аралығындағы ерлер. Қаралым санына келетін болсақ, осы аптада қазақ тілінде шыққан «САЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТОЙ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫН ТЕКСЕРЕ БАСТАДЫ» атты сюжет 27 мыңнан аса қаралым жинап, топ жарып тұр. Парақша арнайы бейнемазмұндармен безендірілген, олар арқылы жаңалықтар сюжетін атауларымен фото және мәтін арқылы сипатталады. Және мәтін түріндегі жарияланымдарға қарағанда бейнероликтерге көп көңіл бөлінеді.

«Caspian News» телеарнасының ресми парақшасы Facebook әлеуметтік желісінде 77 мыңнан аса жазылушыға ие. Бұл Instagram желісіндегі жазылушылар санының әлдеқайда көп екенін көрсетеді. Платформаның аналитикалық статистикасына сәйкес, оқырмандар арасында әйелдер басым.

Tiktok әлеуметтік желісіндегі жаңа парақшаға аз уақыттың ішінде 73,2 мыңнан аса адам тіркелген. Көбіне күнделікті жаңалықтардың қаралымы жоғары. Ал YouTube әлеуметтік желісінде 55 мыңға жуық тіркелуші бар.

Қорытындылай келе, биыл 7 жасқа толатын жас та болса, талабы мол телеарна аймақ тарихындағы ең белсенді жекеменшік, тәуелсіз болып қала бермек. Өңірдегі өткір проблемалардың басын ашып, шешу жолына ықпал етіп, әр тақырыпқа кең көлемде журналистік зерттеу жасау Caspian News телеарнасының ұстанымдарының бірі. Онда жұмыс істейтін

редакторлардың кәсіби тәжірибесі де хабар таратуда айрықша рөл ойнайды. Сонымен қатар, басты ерекшеліктерінің бірі жоғарыда айтылғандай халықты үздіксіз ақпаратпен қамтамасыз етуінде. Бүгінде штабтық орында 70-тен аса қызметкер жұмыс істейді. Олардың қажырлы еңбегі телеарнаның сапасының артуына, аудиторияның кеңеюіне ықпал етуде. Облыс тұрғындары да бұл телеарнаны өзекті тақырыптары мен журналистердің өткір сұрақтарына, аналитикалық хабарларына қарап, жоғары бағалайды. Бұқараның ыстық ықыласына бөленген медиа ұжым бұл қарқыннан таймай, одан әрі жұртқа қызмет етуге дайын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Барлыбаева С. «Вехи развития казахского телевидения: 60 лет» - Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, 2018 жыл
2. Caspian News телеарнасының Instagram желісіндегі парақшасы, https://www.instagram.com/caspiannews.kz/
3. Caspian News телеарнасының Facebook желісіндегі парақшасы ,https://www.facebook.com/caspiannews.kz
4. Caspian News телеарнасының Telegram желісіндегі парақшасы, https://t.me/Caspiannewskz
5. Caspian News телеарнасының YouTube желісіндегі парақшасы, https://www.youtube.com/@cntv-kz
6. Caspian News телеарнасының TikTok желісіндегі парақшасы https://www.tiktok.com/@caspiannews.kz

ӘОЖ 94(574)

ТЕМЕШ РУЫНАН ШЫҚҚАН БОЛЫС СПАН

Кошербаева Сымбат Агабекқызы
janpeople3@gmail.com
Өнер және гуманитар ғылымдар жоғары мектебінің 3 курс студенті
Астана Халықаралық Университеті, Астана қ, Астана Халықаралық Университетінің профессоры, т.ғ.к. Өскембаев Қанат Сәдуақасұлы

Баршамызға белгілі XVIII ғасырдың ортасынан бастап, Ресей империясының күштеп жаулап алуының нәтижесінде, әскери, мәдени, аграрлықотарлаумен бірге саяси отарлау жүрген болатын. Соның бір жолы – қазақтың сан ғасырлар бойы жалғасып келген дәстүрлі хандық-сұлтандық билік жойылып, Ресей патшалығы өзіне ыңғайлы әкімшілік басқару жүйесін енгізді. Бұл алғашқыда толық орнамағанымен, кейіннен толықтай орнатты. Бұл іс 1822 жылы 22 шілде де М.М.Сперанскийдің ұсынған 320 бап-тармақтан тұратын, «Сібір қазақтарын басқару туралы» жарғасын Ресей императоры Александр I-дің қабылдаумен аяқталды. Бұл құжат қазақ халқының бұрынғы әкімшілік басқару құрылымын және елдің біртұтасжүйесін бұзып, орыстың империялық мүддесін іске асыруға бағытталған болатын. Бұл жарлық бөлінуге ыңғайлы тұрған елді өлке, облыс, округтерге бөлді. Сондай-ақ, бұрынғы хандық жүйенің орнына, сайламалы дәрежелік жаға лауазымдарды да шығарды. Соның бірі – болыстық қызмет болды. Бұл билік институты алғашқы кезде дәстүрлі рулық жүйесінің негізінде құрылған болатын. Жоғарыда айтылған жарлыққа сәйкес, қазақтардың қоныстары алдымен ауылға, кейіннен болыстықтар мен округтерге бөлінді. Болыстық әкімшілік билікті болыстар басқарды.

Алаш қозғалысы кезінде болыстардың рөлі айтарлықтай маңызға ие болды. Мысалы, 1905 жылғы «Қарқаралы петициясын» ұйымдастыруда болыстар зор еңбек сіңірді. Осы

петицияға 21 болыстың өкілдері қол қойған болатын. Тіпті, бұл құжатты болыстардың жеделхаты деп атауға боларлық. 1917-1918 жылы «Алаш» партиясы мен үкіметі құрылып, автономия ретінде жарияланғанда осы жұмыстарға көптеген болыс өкілдері атсалысты. Соның дәлелі, Үржардағы алты болыс өкілдерінің мәжілісі, Ырғыздағы болыстардың бас қосуы, Қармақшыдағы сегіз болыс өкілдерінің съезі және т.б. Кеңес үкіметі тұсында бұл лауазым толық жойылды. Большевиктердің билікке келісімен, бұрынғы бай, болыс, көпестердің мүлкін мемлекет меншігіне айналдыру, кәсіпорындарын тәркілеу, егістік, мал жайылымдарын алу басталып кетеді. Ақмола қаласының белгілі бай көпестері Б. Қосшығұлов. Халфиндер, Кубриндер, Казанцев, Моисеев, Силин т.б. үй жайлары совет мекемелеріне берілген. Сөйтіп, олардың мүлкі ашық түрде талан-таражға салынған. Бірсыпыра көпестер мен байлар қудаланып, түрлі саяси шауқандар нәтижесінде РСФСР Қылмыстық кодексі бойынша абақтыға жабылды. Большевиктер 1927 жылы байларды тап ретінде жоюға шұғыл кіріседі. Содан Өлкелік партия комитетінің VI пленумында бұл мәселе талқыланады. Байларды тәркілеу және оларды жер аудару жөнінде Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулысы қабылданады. Осы қаулыдан соң 30 тамызда бірнеше қаулылар мен тәркілеу бойынша нұсқаулықтар қабылданады. Сөйтіп, әрбір ауыл, аудан, округ бойынша байлардың мал, жан, мүлік есебі ОГПУ тарапынан жасырын түрде нақтыланды. Тәркілеуге жататын байлардың алғашқы тізімдерінің жобасы алдын-ала бекітілді. 1928 жылы 16 тамызда өткен байларды кәмпескелеу жөніндегі партия комиссиясының отырысында қаралып, тәркілеуге түсетін қожалықтардың саны, жер аударылатындардың саны, науқанның басталу, аяқталу мерзімі белгіленді. Алғашында Ақмола округі бойынша алғашқы меже 1 топ бойынша 37, ал 2 топ бойынша 9, барлығы 46 байды тәркілеу жоспарланды. Ақмола округтік атқару комитетінің президиумының 1928 ж. 26 қыркүйектегі №39 қаулысы бойынша 46 бай тәркіленді. Ал 1928 жылдың 29 қазан – 4 қараша аралығында өткен Ақмола округтік 1 партия конференциясында 46 шаруашылық тәркіленіп, 12 мыңнан аса ірі қара жиналғаны туралы айтылды[1]. Солардың бірі бізге беймәлім болыс, бай-феодал, меценант - Спан Макин.

«Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының жақтаушысы Спан Макин жайлы айтсақ,Спан Макин шын есімі Сыпан Мәкіұлы 1861 жылы Ақмола облысы Ақмола уезінде дүниеге келген. Арғыннының ішіндегі Темеш руынан шыққан болыс.Спан Макин басқарған Нұра болысы – Ақмола облысы Ақмола уезіндегі қазақ болысы. Шекарасы Үсен өзенінің Нұра өзеніне құйған тұсынан жоғары Үсен өзенінің сол жағымен Қозыбақ бастауы мен Нұрбақтың ескі арнасының бөлінген жерімен, Қужал өзенінің Сарысу өзеніне құйған тұсымен Үңірек шоқысына дейін, Өртеңжал шоқыларымен Сары адыр, Сарыкөл мекені, Қойтас, Айнабұлақ, Қуөзек, Нұра өзені жанындағы Қонақпай бейітімен өтеді. Қуғын-сүргін құрбандарына қатысты архивте сақталған мұрағаттармен танысқанда Сыпан Мәкіұлының Ақмола уезінің Нұра, Ақмола болыстықтарында 1894 жылдан 1916 жылға дейін болыс қызметін атқарғаны жайында айтылады.

Негізінен Тайтөбе өңірі аға сұлтан Қоңырқұлжа Құдайменднің иелігінде болғаны анық. Сол сияқты аталған болыстықтың да алғашқы билеушілері де осы Құдайменді ұрпақтары болып отырған.

Сыпан Мәкіұлы туралы басылымдар мен архив құжаттарындағы тарихи деректерінде ол кісінің ХХ ғасырдың басындағы «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының жақтаушысы ретінде көзге түсіп,кеңес үкіметі тұсында негізінен жартылай бай-феодал ретінде есепке алынып, қуғындалды. Сондай-ақ, ол кісінің тұлғалық бейнесі әдеби-тарихи шығармада көрініс табады. Соның ішінде бізге танымал ақын, жазушы, қоғам қайраткері Сәкен Сейфулиннің “Тар жол, тайғақ кешу” романында былай деп көрсеткен:

«Мықты, атақты белгілі болыс Спан Мақыұлы 1861 жылы туған. Ол жастайынан ел көзіне түсіп, ел билеуге ұмтылған, болыстық қызметті отыз жылға жуық атқарған. Қазіргі

Тайтөбе өңірін басқарып, түрлі іс-әрекетімен, әсіресе ұлттық топтарға, яғни Алаш қайраткерлеріне жақын болғаны туралы деректер келтірілген. Зерттеулер негізінде оның мал өсіруші, Темеш руынан шыхқан бай-федал»[2].

Сонымен қатар оның мінезі жайында Сәкен Сейфуллин:

«Оралдағы, Жымпитыдағы Салық болыс тәрізді емес, Сыпан – жанжалға бармайтын адам. Салық Жымпитыда, бір ретте, уездік комитетті көп кісілермен келіп шауып, бір комитет мүшесінің көзін ұрып шығарған»[2], - деп әңгімелейді.

Осындағы Сәкен Сейфуллиннің сипаттамасында ол «мықты, атақты белгілі болыс»,жастайынан ел көзіне түсіп, ел билеуге ұмтылған, болыстық қызметті отыз жылға жуық атқарған. Десе де, Сыпан болыстың өзінің тікелей ұрпақтарынан алған ақпараттар бойынша, ол үнемі болыс болмаған, інілерімен ауысып отырған. Тоқберген, Өтеген, Сағынбай, Төлеубай және өзімен – бес ағайынды болғандығы айтылады. Қазіргі Тайтөбе өңірін басқарып, түрлі іс-әрекетімен, әсіресе ұлттық топтарға, яғни Алаш қайраткерлеріне жақын болғаны жайлы деректер бар.

Сыпан Мәкіұлының кеңес үкіметі тұсында қуғындауға тек өзі ғана емес, балалары да ілігеді. Солардың біріРесейге айдалған болыстың баласы – Хәкім болды. Хәкімнің ұлының баяндауы бойынша атасы мен әкесінің көрген қиындықтарын осылай жеткізеді:

«– Менің әкем, яғни Спанның баласы Хәкім – ол кезде он алтыдағы бозбала екен! «Құзғындар» әкетіп бара жатқан атамның артынан жүгірген кезде, атам оны танымаған кейіп танытып, "өз әке-шешеңе бар" деп итеріп тастаған көрінеді. Әкемді сол жерде тұрған туыстар өздерімен алып кеткен. Атамыз сол кеткеннен оралмады... Атылды»[3],.

«– Әкем бір жылдай туысқанның үйінде жасырынып жүреді. Көрші-қолаң, ағайын туыс дегендер тыныш жатпайды. "Спан болыстың ұлы пәленнің үйінде жасырынып жүр" дегендей арызды тиісті жерге жазып жібереді. Сөйтіп Спанның ұлы Магаданнан бір-ақ шығады. Қаршадай баланы он жылға соттап, ауыр жұмысқа жегеді. Азаптайды. Не үшін? Оның кінәсі не? Бар болғаны болыстың баласы болғаны үшін ғана ма?»[3], - деп күйінішпен еске алады.

Сондай-ақ, атасының сол уақыттағы оқыған, зиялы адамдармен байланысын былай жеткізді:

«Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының біразы оның үйінен дәм татып, әңгіме-дүркін құрып кетеді екен. Сәкен Сейфуллинмен жақын аралас-құралас болғанға ұқсайды»[4].

Осы ақпаратқа назар аудара отырып, Сәкен Сейфуллиннің Сыпан Мәкіұлы жайында деректерді жазуы және оны тұлғалық тұрғысынан сипаттауы бекер емес. Болыстың Сәкен Сейфуллинмен әрі Алашорда үкіметімен қарым-қатынасы жайында тағы да мынандай деректер бар:

«Атаман Анненковтың азап вагонынан қашып шыққан Сәкен біраз уақыт осы Спан болыстың қыстауында жасырынған деген дерек бар. Қош, сонымен Қазан төңкерісінен соң Спан болыс ешқайда қашпай, Ақмолада тұра береді. Малын кедей-кепшікке таратып беріп, жаңа өкіметке жаққан сыңайлы. Ұжымдастырудан да, кәмпескеден де аман шыққан. Бәлкім, ескі дос Сәкеннің көмегі тиген болар... Ол жағы әлі белгісіз. Отыз жетінің зұлматы жеткенде Спан болыстың да басына қара бұлт үйіріле бастайды. Алдымен Сәкен тұтқындалды деген хабар жетеді. Көп кешікпей туысқандарымен кешкі шәй ішіп отырған Спан болыстың үйіне НКВД-ның құзғындары сау ете түседі»[4].

«Сәкен Сейфуллин Спан атамыздың қыстауында аунап-қунап біраз күн демалып кетеді екен. Кезінде Ақмолада атамыздың зәулім үйі болған деседі. Бұл үйде одан басқа да қазақтың зиялылары, игі жайсаңдары болмады деп айта алмаймын. Ол үй қазіргі Сәкен Сейфуллиннің музей-үйімен қапталдаса орналасқан екен»[5].

«Атамыз Алаш өкіметіне қаржылай қолдау көрсеткен кісі ғой. Сәкенге еріп Қорғалжын жақтан, руы Темеш бір жігіт келіп-кетіп тұратын болған. Кейін Семей жаққа көшіп, сол жақта редактор болған сыңайлы.. Содан кейін аласапыран заман басталып кетіп, атамыз да, Алашорда да большевиктердің қырына ілігеді»[5].

Сонымен бірге таптырмас деректердің біріболыстың патша үкіметінің саясатына деген көзқарасы «Сарыарқа» газетінде сақталған. Мұнда: *«Жиырмасыншы ғасырдың басында Столыпиннің реформасынан соң қарашекпенділер (орыстар) қазақ даласына шұбырып келе бастайды. Олар ең бір құнарлы жерлерге рұқсатсыз үй сала бастаған. Сол кезде Ақмола түбіндегі Тайтөбеге келген орыстарды Темеш руының Спан деген болысы баспаналарын бұзып, өздерін қамшының астына алып, қуып жібереді»*[3] - деп, баяндалады.

Сыпан Мәкіұлының есімі архив деректерінде бай әрі болыс ретінде сақталып қалған. Оның табысы мен әл-ауқаты жайында Ақмола ауданы 10-ауыл кеңесінің Сыпан Мәкіұлының жөндеу қағазда мынадай мәліметтер көрсетілген: *«1917 жылға дейін 1000 гектар шабындық жері болған, 40 десятина егін салған. Асты-үсті тақтайланған 4 бөлмелі кірпіш үйі, Ақмола қаласында 2 бөлмелі ағаш үйі, 6-7 қанат 2 киіз үйі, 40 жылқы, 20 өгіз, 10 түйе, 10 бұзаулы сиыр, 50 қой-ешкісі, машина саймандары, пәуескесі болған. 1933 жылы 6 сәуірдегі бұл құжатта қазіргі уақытта бұл айтылғандардың бірі де жоқ, кәмпескеленген»*[5], -дейді.

Ол кісінің қуғын-сүргін кезеңіне келсек, оның алғашқы көрінісі 1927-ші жылы ұлттық топтарға қосылып, Алаш үкіметіне қолдау білдіргені үшін, 4 жылға сайлау құқығынан айырылып, тұтқынға алады. 1927 жылы Ақмола губерниялық сотының көшпелі сессиясының шешімімен 5 жылға еңбекпен түзеу колониясына Ақмола, Семей, Қостанай губернияларынан тыс жерге жер аударылады. Алғашқыда 5 жылға сотталғанымен, кейіннен Жоғарғы сотқа жазған өтінімі бойынша, рақымшылық жасалып, жазасын 2 жылға қысқартады. Жазасының 16 айын Ақмоланың еңбекпен түзеу колониясында өтеп шығады. 1928 жылы жартылай феодал ретінде есепке алынып, кәмпескеленіп, Шымкент қаласына айдалады. Бір деректе Әулиеатаға айдалып, сондағы халық Ақмола болысы келді деп, жылу жинап бергендігі жайында айтылады. Осы тұстан бастап оған Ақмола аумағына келуге тыйым салынады. Шымкент қаласында 2 жылдай тұрған соң, Шымкент округінің Сарысу ауданына көшеді. 1932 жылы Ақмола облысы Шортанды ауданының аумағындағы «Степняк» алтын кенішіне әйелінің туысқандарына көшіп келеді. Сол кезде Сыпан болыстың әлдебір жанашырлары оған «ауырды» деген анықтама қағазын алуға қол ұшын беріп, ауылға қайтарып жібереді. 1933 жылы қайта әйелі, құндақтағы баласымен қайта Тайтөбеге оралған кезде, ауыл адамдары онымен амандаспақ түгіл, сөйлесуге қорыққан екен. Өзінің бұрын тұрған үй-жайлары кәмпескеленген. Содан елге келісімен түсетін үй таппай қиналады, өйткені жұрттың бәрі бұрынғы болысты қондырудан бас тартып, қашқақтайды. Кейіннен, 1933 жылы 14 мамырда 71 жасында Ақмола халық сотының шешімімен Қылмыстық кодекстің 82, 107-баптары бойынша «Сот немесе әкімшілік болу органының қаулысымен тағайындалған тұрғылықты жерін өз еркімен уақытша тастап кету», «Тауарлар бағасын сатып алу, жасыру немесе нарыққа шығармау арқылы қасақана көтеру» айыптары тағылып, жауапқа тартылады. Сөйтіп 6 жылға бас бостандығынан айыруға шешім қабылданады[6].Ол осы іс бойынша тергеу хаттамасында, жоғарыда айтылған жайттарды баяндай келе, өзіне тағылған айыптар бойынша былай деп жазады:

«Айдаудан оралған соң Ақмола қаласында 3 рет болдым, бірінші ретте Сарысудан келе жатқанда қалдырған түйелеріме келдім, оларды осында саттым, екінші ретте сол сатылған түйелердің ақшасын алып, нан іздедім, ал соңғы рет осы жолы Торгсинге (шетелдіктермен сауда жасайтын бүкілодақтық бірлестік) – алтын, күміс, бағалы тастар, ескі бағалы бұйымдар мен шетелдік ақшаларды азық-түлікке немесе басқа да тұтынатын тауарларға айырбастайтын мекеме) күміс, монета, бұйымдар әкелдім. Алтын әкелмедім, алтыным жоқ, күміс әкелдім, салмағын білмеймін, алтынға шаққанда 8 рубль 80 тиын болды, бұл ақшаның

құнына 40 келі ұн алдым, оны базарда сатып, орнына мануфактура алдым, мақсатым «Степняк»-та, яғни Шортанды ауданының ауылдарында сату үшін. Сарысу ауданынан шығарда аудандық әкімшілік бөлімінен 3 айға демалыста болады деген анықтама жасатып алдым. Бұл және басқа да құжаттарымды «Степняк» қалалық кеңесі алып алды шамамен осы жылғы ақпан айында. Маған тағылған айып бойынша айдалған жерден кетті деген айыппен келісемін, алыпсатарлық дегенмен келіспеймін, өйткені ұнды үйге дейін жеткізуге мүмкіндік жоқ, сондықтан барған жерімде азық-түлікке айырбастайтын мануфактура алдым»[5],- деп жазды.

Республикалық комиссияның қарауынан кейін денсаулығына байланысты босатылып, 1933 жылдың 8 маусымынан мәжбүрлі еңбекке 1 жылға жегіледі, 1934 жылы қайтыс болады.

Сыпан Мәкіұлының кеңес үкіметі тұсында халыққа тигізген көмегі аз емес. Қазан төңкерісінен соң ешқайда қашпай, Ақмолада қалып, мал-мүлкін кедей кепшікке таратып береді.

Сондай-ақ 1923-1924 жылдары орын алған ашаршылық зардаптарына қарамастан РСФСР-дың әр жерінен Ақмола өңіріне аш-арық жұрттың шұбыра көшкені белгілі. Тайтөбе өңірінде негізінен темеш (қуандық) пен қыпшақ руының адамдары тұрған. Содан 1922 жылы ашаршылық тұсында мұнда Жаңарқа жақтан алтайлар (қуандық) келе бастаған. Болысты сағалап, он шақты отбасы көшіп келген екен. Содан оларға жаны ашыған болыс бөліп, қоныс алып беріпті.

Сыпан Мәкіұлы баласына білім беруде ештеңеден аянбаған. Жоғарыда баяндалған Хәкім өзі құралпы балалардың ішінде озық, білімі жетік, орыс тілін терең меңгерген екен. Атадан жалғыз тұяқ ол соғыс басталғанға дейін Магаданда болып, кейін қан майданға сұранып, соғысқа қатысады. Әкесін айдаудан құтқармай, азаптап өткен "сүйікті Отанды" қорғап, Берлинге дейін жетеді. Сонымен бірге, Құланөтпес деген елдімекеннен бір баланы өз малымен қаржыландырып, Қазанға молдалық жәдит оқуына жіберген екен. Ол кісінің лақап аты – Қарамолла болыпты.

Болыстың салған үй-жай, құрылыстары да кеңес үкіметі кезінде әртүрлі мекемелерге айналып, жұрт игілігіне беріліпті. Нұраның жағасында ағаштан салынған қонақ үйі, өзі тұратын, жалшылары тұратын үйлері, қысқасы, болыстық дәрежедегі үлкен үй-жайы болған екен. Кезінде Спан болыстың үйлері тұрған жерде қазіргі №56 мехколоннаның демалыс орны салынған. Репрессиядан бұрын әлгі ағаш үйлерді бұзып, 1928 жылы Тайтөбеге онжылдық мектеп салған. Бұл үйлерден қалған үш ағаш үй әлі бар. Бұдан кейін

32-жылдары ұлдарға арналған және олардан бөлек қыз-балалардың «Жетімдер үйі» болған. Осы үйде кезінде Рахымжан Қошқарбаев та тәрбиеленді. Қазір бұл үйде Халық батыры Рахымжан Қошқарбаев тұрғаны жөнінде ескерткіш тақта орнатылған. Кейін ол 1940-жылдары интернатқа айналыпты[5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Саяси қуғын-сүргін құрбандары жайында ел білмейтін деректер. // "Айқын", 16 қараша 2022 жыл

2. Сейфуллин С. "Тар жол, тайғақ кешу" роман-эссе. // Алматы: "Жазушы", 2009. – қазақша. -244б.

3. Тайтөбенің болысы. Заңғар Кәрімхан // https://e-history.kz/kz/news/show/339290 4. Арман Сқабылұлы. "Қазақ едім дегенше...." // "Адырна" ұлттық порталы, 25 қараша 2019 жыл

5. Ғазиза Исахан. Болыстың болмысы. //"Астана ақшамы", 21 қыркүйек 2023 жыл 6. ГА г. Астана. Ф. 65. Оп. 1. Д. 3830. Л. 3. Подлинник.

ӘОЖ 94 (574)

АРХИВ ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ

Әлкенова Асылхан Кендебайқызы
a.alkenova@icloud.com
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1-курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д,.профессор Ахмет А.Қ

Атырау Жайық өңірінің шежіресі бай, қойнауы сарқылмас табиғи қазына-ырысқа толы, елі қонақжай, халқының ән мен күйге әуесқойлылығы көпшілікке мәлім болған тарихына қоса, өлкенің тарихы мен етене бітіскен, оның әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне сүбелі үлес қосқан аға буын азаматтардың есімдері мен өмір-еңбек жолдарын жинақтап, Егеменді еліміздің болашағы-кейінгі жас ұрпақтың туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында, атаулы зерттеуге сол аға буын туралы қысқаша мағлұматтар енгізіліп отыр.

Қазіргі таңда ата-бабамыздың тарихы жүйелену үстінде. Төл тарихтың терең түкпіріндегі қилы кезеңдер жаңаша көзқарасқа сай қайта қалыптастығымен, тәуелсіз саналық сүзгісінен өтуде. Архивтік мұрағат өткен өмірдің сан-алуан тәжірибесінің жазба куәсі, жинақталған дерек. Оның ішінде мемлекеттік құрылым, басқару жүйесі туралы деректер, өткен өмірдің жалпы даму үрдісінің тәжірибесі, оның жетістіктері мен ағаттықтарының көрінісі, бүкіл экономикалық ішкі және сыртқы саяси, әлеуметтік, рухани болмыстық дәлелді деректері. Өкінішке орай, біз көп жағдайда архив қазынасына күнделікті өмірге тікелей араласып, шамалы өткен уақыттан қалған түрліше ақпарат, іс қағаздарының жиынтығы ретінде ғана қараймыз. Ең шауып шыққанда тек тарих ғылымы үшін қажетті мұрағият деп шектелеміз. Мұндай көзқарастың өркениеттік деңгейден де, мәдениеттілік өлшемнен де ауылы алшақ екені сөзсіз. Ал тарих жүйесінің, мұрағияттық қорлардың тек ғылым ауқымындағы мән-мағыналығын алғанның өзінде оның орны ерекше, өте маңызды.

Ал енді архивпен, бұл жүйеде жинақталған мұрағиятпен тарих ғылымының ара байланыстылығына келсек, онда бұл байланыстылық болмыстық ауқымы да, ғылыми заңдылық негізде дер едім. Осы ғылыми заңдылықта, болмыстық, сәйкестікте ұлттық төл тарихымызды зерттеудің де, ұлттық тарихи санамыздың қалыптасып бой түзеуінің де негізінде жатыр дер едім. Әрине бұл пікірмен кейбіреулердің келіспеуі, немесе толықтыра түсулері мүмкін. Орынды ұмытылмас болса құба-құп. Не дегенмен де, тарихи сана біздің адами құндылығымыздың, азаматтық ар-ожданымыздың, ұлттық намысымыздың шынайы сәулесі, әділеттік таразысы болмақ деймін. Шындық сол, қай кезде қандай ұлы тұлға болмасын өмірдің нағыз сын сағатында құдайға, тарихқа жүгінген, менің тіршілігімнің, ісімнің ақ-қарасын бір құдай біледі, тарих анықтайды деп табынған-ды. Ал тарихтың ғылыми дәлелі деректік қорда, архив қазынасында. Осыған байланысты көп жылдар бойы күрделенген, бірақ тиісті шешімдерін таппай келген мәселелерді жан-жақты да нақтылы ойластырып, қажетті шараларды іске асыру қажет. Бұл ғылыми жаңаша пайымдауды да, жинақталған іс-тәжірибені саралауды да, қарқынды іскерлік қимылды да талап ететін мәселе.

Еліміздің өмір шындығына сай тарихын жазу ісінде тарих ғылымының деректану саласына үлкен міндет жүктелуде. Мұны Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тарихты топшылау барысында нақтылы айғақ болмағанда ғана мистика бел алады. Біз үшін мистикалық күштерге жүгінудің ешқандай мұқтаждығы жоқ»– деп атап көрсетуінен де аңғаруға болады. Отандық тарих ғылымында тарихи тұлғалардың шығармашылық ғұмырнамасы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу тәуелсіздік жылдары батыл қолға алынып, жалғасын тауып келеді. Көптеген атаусыз, ескерусіз, тасада

қалған тұлғалардың өмірі мен қоғамдық қызметтерінің тарихы соны деректермен зерделенді. Тарихи тұлғалар тағдырын зерттеу, оны бүгінгі көзқарас тұрғысынан пайымдау оңай шаруа емес. Өйткені, олардың қоғамдық-саяси қызметін саралау алдымен тікелей архив құжаттарының іздестіріліп, табылуына және сол тарихи дерек арқылы қоғамдағы орнының объективті бағалануына байланысты. Архив-қоғамның тарихи жады. Ол - өткен кезеңнің құжаттарын сақтайтын,жүйелейтін және зерттеушілерге ұсынатын мекеме.

Архив материалдары тарихи оқиғаларды қалпына келтіруге,белгілі бір кезеңнің ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі.Архив құжаттары арқылы тарихшылар өткеннің нақты көрінісін жасай алады.Бұл құжаттар мемлекет саясаты,экономикалық жағдай,әлеуметтік өзгерістер туралы мәлімет береді.Архив- тек өткеннің құжаттарын сақтайтын орын емес,ол болашақ ұрпаққа тарихи шындықты жеткізетін маңызды дерек көзі.Архивтік зерттеулер арқылы біз өз тарихымызды терең түсініп,болашаққа бағдар жасай аламыз.

Бүгінгі таңда ел тарихы жан-жақты зерттеліп, зерделеніп, талданып һәм сараланып жазылар тұста ұлтымыз үшін жан аямай еңбек еткен, тәуелсіздік жолында жанқиярлықпен күрескен тарихи тұлғалардың еңбегі жеке-жеке талданып жазылса деген ой бар.

Халқымызды ұлттық мемлекеттік идеясы төңірегінде топтастыру формалары мен әдістері, осы жолда ұланғайыр қызмет атқарған тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы мағлұматтарды ғылыми арнада жүйелеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу егеменді еліміздің ішкі, сыртқы саясатына толықтай сай келеді.

Қазақ тарихындағы тұлға тану мәселелерінде өз арыстарымызға өз деңгейінде тарихи бағаларын беруді үйренетін кезі келгені даусыз әрі басы ашық мәселе деп қараған жөн.

Сондықтан да, еліміздің өткен тарихында өзіндік орыны бар тарихи тұлғаларға кеңестік жүйе кезеңнен қалыптасып қалған қасаң да қатып қалған біржақты баға беруді доғару қажет-ақ. Ең бастысы бұрынғы ескі тұжырымдар мен атүсті көзқарастар негізге алынбауы керек. Осыған орай әрбір тарихи тұлғаның өз заманында елі мен халқы үшін атқарған оң істері мен жіберген кемшіліктері бірдей тарих таразының басына түскені жөн болар. Тарихи тұлғаларға жаңаша баға беру, жаңаша түйін жасау қазіргі күннің тарих ғылымының алдына қойып отырған басты талаптарының бірі екендігін естен шығармаған жөн деп білеміз. Сонда ғана келешек ұрпақ олар туралы толықта, жан-жақты мағлұмат алып, тарихтың шын бағасын бере алмақшы.

Бұрын тарихқа материалистік көзқарас тұрғысынан қарадық, ал бүгінгі күні тарихқа көзқарасты түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Маркстік методология болған тарихи оқиғаларды, оған қатысты тарихи тұлғалардың еңбектерін есепке алумен ғана шектелді. Оқиғалардың негізгі себептері, қозғаушы күші және тұлғалардың шығу тегін қарастыра отырып, таптық қайшылықтар көрсетілді.

Жеке тұлғалар тарихы ешқашан халқынан бөлінген емес, керісінше ұлтымыздың әйгілі қайраткерлерін тану арқылы тұтастай еліміздің өткен тарихы жазылады. Төл тарихымыз ата-бабалар жолымен жүріп өткен ұрпақтар сабақтастығында, өзара байланыста жатыр. Халқымызда елдің өткен тарихын әйгілі ұлт тұлғалары арқылы зерделеу таным-түсінігінде қалыптасқан үрдіс. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс тауып, зерделенеді. Халқымыздың шежірелік зердесінде адам – тарихтың басты тұлғасы, ал адам сапасы – тарихтың негізгі қозғаушы күші. Тарихымызда болмыс-бітімі алуан түрлі тұлғалардың болғаны да және олардың қоғамдық-саяси қызметтері де сан түрлі болғандығы да шындық. Сондықтан жеке тұлғаның еңбегін төл тарихымызда айшықтап көрсете білуіміз қажет.

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы танып білу тарихи заңдылық. Ұлттың атақты тұлғаларын төл тарихымызбен танып-түсіну, ең алдымен – тарихи ақиқатқа бастар жол.

Қазақ тарихындағы тұлғатану мәселесі қарастырылғанда зерттеудің методологиялық іргетасын тарихи процестерді анықтайтын факторлардың бірнешеу екендігі туралы теория және оған негізделген плюралистік зерттеу әдісі құрайды деген пікірдеміз. Бірақ отарлық жағдайдағы

халықтың қоғамдық дамуы мен саяси өмірінде этникалық фактордың басым ықпал жасайтындығын танумен сипатталады. Басқаша айтқанда, халықтың жалпы мәдениетінің қай бағытта дамитындығы. Тарихты зерттеу методологиясы сөз болғанда объективтілік, тарихилық, сұрыптау, салыстырмалық және талдау сияқты ғылыми таным принциптері басшылыққа алынуы қажет.

Уақытында Ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында мемлекет және қоғам қайраткері М.М.Тәжин тарих ғылымына феноменология және герменевтика әдістерінің енуі тарихи зерттеулердің сипатын едәуір өзгертіп жібергендігіне басты назар аударған болатын.

Бұл әдістер яғни, феноменологиялық тәсіл мән мен мағынаның адамдар арасындағы рухани ықпалдастығы мен санадағы өзгерістерінің қаншалықты екендігін анықтайды. Ал, герменевтикалық тәсіл құбылыстар мен мәтіндердегі шешілуі қиын мәселелерді шешу, түсіндіру жолдарын көрсетеді.

Тарихшы ғалымдардың пайымдауынша жаңа методологияның негізі, халық, екіншіден көшбасшы, көсемдер, яғни тарихи тұлғалар болса, онда тұлғатану мәселесі толық ашылар түсер еді деген пікірдеміз. Заңгер-ғалым С.Сартаевтің пікірі бойынша қазіргі методология дегеніміз – ол марксизм-ленинизм классиктері емес, ол халықтың өзі, жан-дүниесі. Тарихты халық, тұлғалар және геосаяси факторлар жасайды.

Белгілі тарихшы, тарих ғылымдарының докторы Х.М.Әбжанов өз кезегінде «Біз тарихқа материалистік, идеалистік, формациялық, өркениеттік, т.б. с.с. көзқарастарды жоққа шығармаймыз. Дегенмен, өткеннің барысын, тағылымы мен тәлімін тұлға, халық, геосаяси фактор аясында, солардың ықпалдастығына орайластыра зерттесек, Отан тарихының жаңа мазмұны мен келбетін дұрыс әрі тартымды қалыптастырамыз деген ойдамыз», - деп тұжырымдаған пікірі құптарлық. Себебі, өзінің төл тарихына өзгенінің көзімен емес, қазақтың көзімен қарауына мүмкіндік берері сөзсіз.

Сондықтан да, халқымыздың рухани, ұлттық санасының қалыптасуына зор үлес қосқан тұлғалардың қызметтерін зерттеу отандық тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Тарихи тұлғалардың қызметтерін кеңінен зерттеу, ұстанған бағыттарын айқындап көрсету және олардың қайраткерлігіне, еңбегіне объективті баға беру, ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас ұрпағын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса қажет.

Бүгінгі таңда ел мен өлке тарихы жан-жақты зерттеліп, зерделеніп, талданып һәм сараланып жазылар тұста ұлтымыз үшін жан аямай еңбек еткен тарихи тұлғалардың еңбегі жеке-жеке талданып жазылса.

Қазақ тарихындағы тұлға тану мәселелерінде өз арыстарымызға өз деңгейінде тарихи бағаларын беруді үйренетін кезі келгені даусыз әрі басы ашық мәселе деп қараған жөн.

Сондықтан да, еліміздің өткен тарихында өзіндік орыны бар тарихи тұлғаларға кеңестік жүйе кезеңнен қалыптасып қалған қасаң да қатып қалған біржақты баға беруді доғару қажет-ақ. Ең бастысы бұрынғы ескі тұжырымдар мен атүсті көзқарастар негізге алынбауы керек. Осыған орай әрбір тарихи тұлғаның өз заманында елі мен халқы үшін атқарған оң істері мен жіберген кемшіліктері бірдей тарих таразының басына түскені жөн болар. Тарихи тұлғаларға жаңаша баға беру, жаңаша түйін жасау қазіргі күннің тарих ғылымының алдына қойып отырған басты талаптарының бірі екендігін естен шығармаған жөн деп білеміз. Сонда ғана келешек ұрпақ олар туралы толықта, жан-жақты мағлұмат алып, тарихтың шын бағасын бере алмақшы.

Бұрын тарихқа материалистік көзқарас тұрғысынан қарадық, ал бүгінгі күні тарихқа көзқарасты түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Маркстік методология болған тарихи оқиғаларды, оған қатысты тарихи тұлғалардың еңбектерін есепке алумен ғана шектелді. Оқиғалардың негізгі себептері, қозғаушы күші және тұлғалардың шығу тегін қарастыра отырып,

таптық қайшылықтар көрсетілді. Тарихи зерттеу принциптері мен әдістерінің ішкі байланыстылығы, құжаттар мен тарихнамалық ортақ арна-жалпы методологиялық жүйе арасындағы байланыстылық; тарихты дәуірлеудегі ғылыми негіздер мен принциптер, зерттеудің ақиқаттығы мен құндылық өлшемі туралы қалыптасқан ғылыми қағидалар мен болжамдарды орынды пайдалану да назардан тыс қалмады. Қазақстан тарихшылары да тарихнамалық методологиялық проблемаларды зерттеді. Белгілі тарихшылар С.Ж. Асфендияров, Е.Б. Бекмаханов, А.Н. Нүсіпбеков, Г.Ф.Дахшлейгер, М.Қ.Дулатова, М.Қ. Қозыбаев, К.Л.Есмағамбетов, Х.М. Әбжанов, А.Ахмет. Ә. Мұқтар, Ұ. Ахметова. еңбектерінде жеке тарихи тақырыптармен қатар, жалпы методологиялық, оның ішінде қазақ халқы тарихын дәуірлеу, зерттеу принциптері мен әдістерінің өзіндік ерекшелік қырлары, тарих ғылымының қалыптасып даму барысы туралы өзекті мәселелер қозғалды. Мұрағат ісін дамытудың кейбір мәселелері жайында К. Л. Есмағамбетов, З. Алдамжар зерттеулері ақпарат ғасырына аяқ басқан қоғамымызда халқымыздың мәдени мұрасының мәйегі болып табылатын мұрағаттарға аса жауапкершілікпен қараудың қажеттілігі туралы ой қозғайды.

Соны зерттеулерден А.Ахметтің Қазақстандағы мұрағат ісінің ұйымдастырылуы, мұрағат ісін басқару органдарының және мұрағаттық мекемелер жүйесінің, ондағы мұрағат қорларының жинақталу тарихы, мұрағаттардағы құжаттарды сақтау, олардың ғылыми құндылығын анықтау мен пайдалану, мұрағатшы маман кадрлар құрамы, материалдық-техникалық базасы мәселелері қарастырылған докторлық диссертациясының архив қорларының деректанулық мәні теориялық түрде ғылыми тұжырымдалған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Назарбаев Н.Ә.Ұлы даланың жеті қыры. \\ Егемен Қазақстан. 21 қараша 2018 жыл.

2.Алдамжар З.А. Мұрағат хақында.\\ Мұрағат деректері-Халық қазынасы.Алматы,2004.-274 б.

3.Абдулкадирова М.А., Абилова М.Х. Центральный государственный архив Казахской ССР // Советские архивы. -1968. -№ 5. -127 с.

4. Рамазанова Б.Р. 60 лет Советскому архивному делу. -Алма-Ата: Общество Знание, 1978. - 20 с.; Она же. Некоторые итоги и перспективы развития архивного дела в Казахской ССР // Советские архивы. - 1977. - № 4.-128 с.

5. Абилова Т.Е. Личные фонды в государственных архивах Казахской ССР. Конец 1950-х - начало 1980-х гг. (Проблемы комплектования и научной организации): Автореф.... канд. ист. наук: - М., 1986. - 22 с.

6. Байжанов С. Архив-Айғақ. - Алматы: Қазақстан, 1988. -240 б.; Сонықі. Абай және архив. - Алматы: Ғылым, 1995. -216 б.

7. Әуезов және архив. (Құрас: З.Ижанов, Г.Исахан, М.Сандыбаева, Ж.Сатаева). - Алматы : Атамұра, 1997. -130 б.

8. Сариева Р.Х. Мұрағат және тарих: (мақалалар, баяндамалар). -Архив и история (статьи, выступления). - Алматы : Арыс, 2004. -292 б.

9. Сариева Р., Абдулина А. Очерки по истории организации архивного дела в Казахстане (1918-1945). -Алматы: Арыс, 2006. -324 с.

10. Ахмет А. Қ.Қазақстандағы мұрағат құрылысының тарихы (1918-1991 жж.). Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның Автореферат. Орал, 2010.40 б.

ӘОЖ 664.9

АТЫРАУДЫҢ БАЛЫҚ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ: КОНСЕРВІ КОМБИНАТЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Түгелбай Айшат Асхатқызы
Askhatovna2611@mail.ru
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., профессор – Ахметова У.Т

Аннотация. Мақалада 1930 жылдардан бері жұмыс істеп келе жатқан Қазақстандағы ең көне балық өңдеу кәсіпорны «Атыраубалық» АҚ-ның тарихы, қазігі таңдағы жағдайы толық қамтылып берілген. Көптеген ондаған жылдар бойы компанияның өнімдері, ең алдымен бекіре балықтарының уылдырығы мен балық экспортталды және іс жүзінде Каспий аймағының визит картасы болды. Балық өнеркәсібі саласындағы ірі тұлғалардың бейнесі тарқатылды. Атырау балық өңдеу өнеркәсібінің қызметкерлері, ондағы өндірілген балықардың түрлері, өндірілген тауар айналымына олу жүргізілді. Сонымен қатар соғыс жылдарындағы тигізген пайдасы баяндалды. Соғыс жылдарында зауыт ұжымы Орал-Каспий өңірінің басқа кәсіпорындарымен бірге 140 мың центнер артық өнім өндіріп, оны 1943 жылы Қорғаныс комитетіне тапсырды.

Түйін сөздер: балық өнеркәсібі, бекіре, «Атыраубалық» АҚ, су айдыны, аквамәдениет.

Балық шаруашылығы – балық аулаумен, тасымалдаумен, су өсімдіктерін қорғаумен және өсірумен, өңдеумен, жинаумен айналысатын халық шаруашылығы саласы. Балық шаруашылығы теңіз өсімдіктерінен, мал азығынан, техникалық өнімдерден бағалы азық-түлік, балық ұны, май, йод, маннитол, агар, т.б дәрілік заттар шығарады. Қазақстанда 1919 жылы Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында Жайық-Жем балық аулау және аңшылық басқармасы, Арал қаласында Түркістан облыстық балық шаруашылығы басқармасы ұйымдастырылды. Кейінірек бұл сала қуатты балық аулау кемелерімен және механикаландырылған өндірістік процестермен жабдықталған, тұтынушыларды 20% азық-түлік ақуызымен қамтамасыз ететін өте қарапайым тамақ өнеркәсібіне айналды.

Маңызды әлеуметтік-экономикалық рөл атқаратын еліміздің барлық табиғи ресурстарының ішінде су биологиялық ресурстары, әсіресе балық шаруашылығы маңызды орындардың бірін алады.

Балық өнеркәсібі ел экономикасында маңызды рөл атқарады, біріншіден, Атырау облысындай еліміздің көптеген аймақтарында халықты жұмыспен қамтамасыз етеді. Аталған аймақтарда балық аулау көбінесе жергілікті халықтың, соның ішінде байырғы халықтардың негізгі қызметі болып табылады. Екіншіден, балық өнеркәсібі аталған аймақтардың ел экономикасына айтарлықтай үлес қосады.

Елдің ауыл шаруашылығында балық өнеркәсібі ерекше орын алады, өйткені ол тері шаруашылығына, мал шаруашылығына, құс шаруашылығына, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған арнайы жем қоспаларын (балық майы, балық ұны) шығарады.

Балық өнеркәсібі экономиканың бір-бірімен байланысқан салаларында нақты мультипликативті әсер ететін салаларының бірі болып табылады: балық өңдеу, порттар, кеме жасау, машина жасау, кеме жасау және т.б [6].


1930 жылы 5 наурызда «Гигант» балықшы колхозы құрылды. Ағымдағы жылдың сәуір айында Перетаска арнасының жағасына ағаш тиелген баржаны жеткізген пароход келді. Құралдары бар бір топ адам кемеден түсіп, «Гурьев тоңазытқышының» құрылысы басталды.

1930 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша Гурьев облысы балық аулау бойынша КСРО-да бірінші орын алып, елге 6500000 пұт балық берді.

8 сәуірде 1200 пұт құрғақ мұздатқыш балық пен 1500 пұт ылғалды мұздатқыш балықты сақтайтын тоңазытқыш жартылай іске қосылды. Тоңазытқыштың салтанатты іске қосылуы 1 мамырда өтті. Көктемгі балық аулау маусымында 10 мың центнер балық қабылдап, өңдеуге қосымша жоспар жасалды. 1930 жылдың 1 шілдесіне тоңазытқыш 11666 центнер теңіз өнімдерін өңдеді.

8-9 мамырда Гурьевке КСРО тамақ өнеркәсібі министрі А.И.Микоян келді. Ол тоңазытқышты аралап, аудандық партия комитетінің бюросында балық шаруашылығын дамытудың келешегі туралы: филе зауытын, Новолицево балық шаруашылығын салу, ғылыми-зерттеу станциясын ашу [2], Курилкин торасын кеңейту, Яицкий өзенінің тармақтарында торлар құрылысын аяқтау, балық аулау және техникалық балық аулау училищесі туралы сөз сөйледі. Сондай-ақ мамырда Қазақ халық комиссариаты А.И.Микоянның қатысуымен өткен мәжілісінде Гуревск балық өнеркәсібі кәсіпорындарының мәселесін қарады. Жайық өзенінің сағасын кеме қатынасы басталғаннан тазартып, бір жылдың ішінде тоңазытқыш құрылысын аяқтап, балық консерві зауытына айналдыру туралы шешім қабылданды. 1930 жылы 27 қыркүйекте Гурьевте Орал-Каспий мемлекеттік балық өнеркәсібі тресі қайта құрылды. Осыған байланысты Мемлекеттік балық шаруашылығы тресінің уәкілетті өкілінің кеңсесі таратылды. 5 қазанда бір реттік қуаттылығы 13 мың центнер жылы тұздау цехының бірінші кезегі іске қосылды.

1932 жылы 15 мамырда жылына 60 мың центнер тұздалған балық өндіретін жаңа алдыңғы балық зауыты іске қосылды (майдан Жайық өзенінің сағасына қойылған бірінші желі желісінің атауы болды). 1933 жылы 6 қарашада КСРО-да қуаттылығы жағынан екінші орында тұрған, консерві зауыты, уылдырық және балық зауыттары, 2100 тонналық тоңазытқыш қондырғысы, 130 тонналық мұздатқышы бар Гуревск балық консерві зауыты іске қосылды [2,524 б].



1-сурет. Балық өңдеу өнеркәсібінің картасы.

1934 жылдың 1 қаңтарынан бастап Гуревск балық консерві зауытының құрамына Жайық өзенінде жүзетін барлық балық зауыттары, жөндеу және қызмет көрсету кәсіпорындары, сондай-ақ қосалқы шаруашылықтар қосылды. Одан кейін Гуревск балық консерві зауыты «Атыраубалық» АҚ болып қайта құрылды, ол 2013 жылдың 11 қаңтарында жұмысын тоқтатты. Қазіргі уақытта Атырау облысында 17 балық шаруашылығы субъектісі тауарлық балық аулаумен айналысады. Ағымдағы жылы Атырау облысы шегінде Каспий теңізінде кәсіптік

балық аулаумен айналысатын балықшылар саны 1405 адамға жуықтады. Кәсіптік балық аулау кезінде балықтың 19 түрі ауланады, оның ішінде Каспий теңізінің тұрақты тұрғындары болып табылатын кефаль, шұңқыр және майшабақ, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 706 қаулысымен Қазақстан Республикасының Қызыл кітабынан шығарылған кутум. Атырау облысы үшін кутум шегі 10 тонна деп белгіленген.

Кефаль да ерекше атап өтуге тұрарлық. 1930-1934 жылдары Каспий теңізіне Кефальдың үш түрінің – Қара теңізден әкелінген қара кефаль, кефаль және өткір тұмсық тұқымдас балапандар жіберілді[5].


НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ РЫБНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ СССР

ВСЕСОЮЗНЫЙ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ИНСТИТУТ МОРСКОГО РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА И ОКЕАНОГРАФИИ

ДЛЯ СЛУЖЕБНОГО ПОЛЬЗОВАНИЯ N 1216

АТЛАС

РЫБНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

СССР

СОСТАВИЛ ПРОФЕССОР И.Г. БОРИСОВ

МОСКВА 1939

2-сурет. Балық өңдеу өнеркәсібінің картасы.

Натуралдануды, яғни өз бетінше көбейетін популяцияларды қалыптастыруды тек кефалдар мен үшкір мұрындылар ғана алды. Өкінішке орай, теңіз қабыршақты кефаль Каспий теңізінде тамыр жайған жоқ. Енгізілгеннен кейін 10 жыл өтпестен тауарлы табындар қалыптасты. Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша Каспий теңізінде (Атырау және Маңғыстау облыстары) кефаль аулаудың жалпы шегі 2103 тоннаны құрайды.

Айта кетейік, Каспий теңізінің қазақстандық секторында республиканың «Қызыл кітабына» енгізілген балықтың 4 түрі – Еділ майшабақ, Каспий албырты, ақ балық және майшабақ мекендейді.

«Атыраубалық» АҚ 1930 жылдардан бері жұмыс істеп келе жатқан Қазақстандағы ең көне балық өңдеу кәсіпорны. Көптеген ондаған жылдар бойы компанияның өнімдері, ең алдымен бекіре балықтарының уылдырығы мен балық экспортталды және іс жүзінде Каспий аймағының визит картасы болды. 1977 жылдың рекордтық жылы, көктемгі балық аулау маусымының екі айында кәсіпорын тек бекіре тұқымдас бекіре, осетра және тікенекті бекіре тұқымдас балықтардан 12 мың тонна балық дайындап, 1250 тонна бекіре уылдырығын шығарды. Атыраубалық консерві зауыты жылына 33 түрлі консервілердің 22-23 миллион банкасын өндірді. Түрлі түрдегі кептірілген, ысталған және тұздалған балық көп мөлшерде өндірілді. Кәсіпорынның бұрынғы даңқынан қазір консервілердің көшірмелері ғана қалды. Оның басты себебі – тоқсаныншы жылдардағы браконьерлік және кәсіптік балықшылардың заңды, бірақ бақылаусыз балық аулауымен ықпал еткен Жайық-Каспий бассейніндегі қорлардың сарқылуы. Қазақстан өнеркәсібінің флагманы «Атыраубалық» бұл салдарға төтеп бере алмай, банкротқа ұшырады. Ескі автопарк апатқа ұшырап, цехтар жабылды. Ал тоқсаныншы жылдары Атыраубалық жеке қолға өтіп, кәсіпорын үлескерлері бірін-бірі алмастыра отырып, балық аулау орындарының қалдықтарын аулап, ескі құрал-жабдықтарды іске қосты. Компания

қызметкерлері жалақы қарызын төлеуді талап етіп, бірнеше рет ереуілге шыққан. Осы кәсіпорынның базасында «Жайық Балық» МКҚК құрған бұрынғы атқарушы биліктің кәсіпорын жұмысын жандандыру әрекеті оң нәтиже бермеді.

Осы тұста Айнаш Байжігітова туралы атамау мүмкін емес. Ол кеңестік балық шаруашылығының бастаушысы, Ленин атындағы Гурьев балық консерві зауытының кесушісі, Социалистік Еңбек Ері болды. Еңбек жолын 1931 жылы бастады. Алғашында балық шаруашылығында балық тазалаушы болып жұмыс істей бастады. Ал ауысым ауыстыру кезінде немесе шикізат болмаған кезде құрылысшыларға Гуревск балық консерві зауытын салуға көмектесті. Консервілеу цехы біткеннен кейін ол балық кесу бөлімінде кескіш болып жұмыс істей бастады, ал 1933 жылы азық-түлік алыбы өзінің алғашқы өнімдерін шығарды. 1936 жылы Гурев ауданында стахановшылар қозғалысының алғашқы бастамашылары балық консерві зауытының жұмысшылары, олардың арасында нәзік жанды Айнаш қыз бар. 1938 жылы «КСРО балық өнеркәсібінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Байжігітова балық консерві зауытында жұмысын жалғастырды. Ол күндіз-түні, демалыссыз, демалыссыз жұмыс істеді. Барлық консервілердің майданға кетіп жатқанын біліп, балық өнімдерін өңдеді. Бұл ретте цех жаңа өнім шығаруды да игерді; олар сарбаздарға арналған крекер мен концентраттар шығара бастады. Жұмысшылардың өздері барлық дайын өнімді бірнеше шақырым жерден вагондарға жеткізіп, тиеу жұмыстарын орындауға мәжбүр болды. Соғыс жылдарында өндіріс төрт есеге жуық өсті. Соғыстан кейінгі жылдары жеке социалистік жарыста Айнаш Байжігітова өз міндеттемесін 180 пайызға орындап, жеңімпаз атанды.

1935 жылы Гурьев қаласында 40700 адам тұрған. 27 сәуірде КСРО Тамақ өнеркәсібі халық комиссары А.И. Микоян Гуревск балық консерві зауытында болды. Кәсіпорын ұжымы оған жыл соңына дейін 10 миллион банка консерві шығаруға уәде берді. 3 мамырда партия активінің жиналысында сөйлеген сөзінде ол: «Оралдың Гуревск облысының, Каспий теңізінің қазақстандық жағалауының әлеуеті жете бағаланбайды, бұл диверсияның салдарынан болды, немесе Еділ-Каспий мемлекеттік балық шаруашылығы тресі тарапынан болған ұлы орыс шовинизмі салдарынан болды.7-10 мың центнерден өнім беретін, бұл Гурьевтің қосалқы шаруашылығы болуы мүмкін емес. 14 мамырда Гурьевке Қазақстан үкіметінің басшысы, Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетов келді. Балық консерві зауытында болып, ұжыммен кездесіп, кәсіпорын басшылығымен әңгімелесті. 17 маусымда Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Л.И. Мирозян Гурьевке келді.

Балық консерві зауытында, басқа да кәсіпорындарда болып, партия активімен кездесіп, жұмыстағы кемшіліктерді жою, кезек күттірмейтін міндеттерге назар аударды. Гурьевте мұнай құбыры кеңсесі құрылды. Гуревск балық консерві зауытының ұжымы тамыз айында Қазақстан Республикасының құрылғанына 15 жыл толуы құрметіне алған міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындағаны үшін республиканың ауыспалы ауыспалы ауыспалы ауыспалы Қызыл Туын облыста бірінші болып жеңіп алды.

Енді бір деректерде келесідей мәліметтер бар. Атыраудағы балық шаруашылығының кеңестік тарихы 1922 жылдан басталып, 1926 жылы алғаш рет балық өндірісінің революцияға дейінгі деңгейі қалпына келтірілді. 1927 жылдан бастап балықшы колхоздары құрыла бастады, көп ұзамай балықшылар съезімен Оралгубрыбаксоюз ұйымдастырылды. 1930 жылдың басында Деңіз аудандық балықшы колхоздары одағы, сол жылдың қыркүйек айында 13 колхоздан тұратын Гурьевский балықшы колхозы одағы құрылды. 1931 жылы Орал-Каспий өңірінің балық алуы рекордтық көрсеткішке жетіп, 1925,6 мың центнерді құрады; сол жылы Қазақстанның балық шаруашылығының барлық кәсіпорындарын біріктірген Орал-Каспий мемлекеттік балық шаруашылығы тресі құрылды. Өндіріс көлемінің артуы қайта өңдеуді дамыту қажеттілігін тудырды.

КСРО керек-жарақ халық комиссары А.И. Микояннның Гурьев облысы активінің 1931 жылы 9 мамырда өткен кеңейтілген жиналысында сөйлеген сөзінен мысал келтіре кетсек: *«Қазір Оралдың Гурьев облысы мен Каспий теңізінің қазақстандық жағалауының экономикалық әлеуеті жете бағаланбағаны белгілі болды. Гурьевск ауданындағы балық өнеркәсібіне бөлінген күрделі салымдар балық өндірісі бойынша бұл ауданның үлес салмағына сәйкес келмейді. Балық шаруашылығының өзіндік бет-бейнесі болуы керек Өз флотыңызды құрыңыз: кеме жөндеу, контейнер жасау, кооперация цехы, сол жылы Гурьевте балық аулау техникумын ашып, жергілікті кадрларды дайындау мәселесі шешілді».*

1931 жылы 4 қазанда Кеңестік Қазақстанның балық өнеркәсібінің болашақ флагманы Гуревск балық консерві зауытының іргетасын қалау салтанатты рәсімі болды. Құрылыс алаңы «Комбинатстрой» деп аталып, қаладан жеті шақырым жерде Жайық өзенінің бойында, адам өте алмайтын қамыс алқаптарында орналасқан. «Комбинатстрой» басшысы болып бұрынғы Ленинград жұмысшысы, Қызыл Ту орденінің иегері Виктор Рябов тағайындалды.

Құрылыстың алғашқы айларында білікті жұмысшылардың, құрылыс материалдарының, көлік пен электр қуатының тапшылығына байланысты үлкен қиындықтар болды. Партиялық үндеуден кейін құрылыс алаңына Деңіз, Бақсай және Новобогатин аудандарынан 450 адам жіберілді. 1932 жылдың аяғында «Комбинатстрой» құрылыс алаңында 1098 адам жұмыс істеп тұрды. Үлкен қиындықтарды бастан өткерген құрылысшылар тапсырманы орындап, қысқа мерзімде сол кездегі ең ірі кәсіпорынды тұрғызды.

1933 жылы 6 қарашада зауыт іске қосылды. Ал сол жылдың аяғына дейін елге алғашқы 2013 банкі ұсақ тұқымды балық консервілері мен мыңдаған центнер салқындатылған, мұздатылған және тұздалған балық өнімдері алынды. Ол кезде зауытта 2391 адам жұмыс істеген. Гурьев ауданындағы стахановшылар қозғалысы балық консерві зауытында басталды; 1936 жылы қыркүйекте стахановшылар саны 484 адам болды.

Балықшылардың бейбіт шығармашылық еңбегін соғыс үзді. Ұлы Отан соғысы жылдарында зауыт соғыс мақсатында қайта салынды. Ұжым «Бәрі майдан үшін!», «Бәрі де Жеңіс үшін!» ұранымен жұмыс істей бастады. Гуревск балық консерві зауытының жұмысшылары, қызметкерлері және инженерлік-техникалық қызметкерлері «Рыбник Казахстана» танк колоннасын салу үшін қорғаныс қорына 30366 сом аударды.

Соғыс жылдарында зауыт ұжымы Орал-Каспий өңірінің басқа кәсіпорындарымен бірге 140 мың центнер артық өнім өндіріп, оны 1943 жылы Қорғаныс комитетіне тапсырды. Орал-Каспий аймағының балықшыларынан сыйлықты Орталық майданның қолбасшысы генерал Константин Рокобацов, атақты генерал З.Рокобатов А Бөпеев. 1945 жылы наурызда зауыт жұмысшылары өздерінің жеке жинақтарынан Қызыл Армия қорына 612 мың рубль аударды[2].

Иосиф Сталин мынадай мазмұндағы құттықтау жеделхатын жолдады: «Қызыл Армияға, Гуревск балық консерві зауытының барлық жұмысшыларына жеке жинақтарынан Қызыл Армия қорына 612 000 рубль аударғаны үшін бауырластық сәлем мен алғысымды білдіремін!».

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін зауыт цехтарды қайта құру, негізгі қорларды жаңарту, технологияны жетілдіру жұмыстарын бастады. 1950 жылдары зауыт жыл сайын 17 миллион банка консерві шығаратын. 1962 жылдан бастап уылдырық және балық зауыты жұмыс істейді.

80 жылға жуық тарихында Гуревск балық өңдеу зауыты көптеген мемлекеттік наградалар мен атақтарға ие болды, оның жұмысшылары КСРО-ның жоғары наградаларына ие болды, партия съездеріне делегат болды. Гурьев балық өнеркәсібінің төрт қызметкері Социалистік Еңбек Ері жоғары атағын алды: балық өңдеу зауытының өңдеушісі Айнаш Байжігітова және балық тапсырған балықшы колхоздарының жұмысшылары, Ыбыраш Құдайбергенов, Істұрған Уразбаев, Хасан Өтегенов.

Қазан революциясы орденімен Айнаш Байжігітова, Алексей Карамышев, Таисия Юдина, «Халықтар достығы» орденімен Қожақ Бөлекбаев, Әжіғали Қуандықов, Керей Қабдулов марапатталды. Еңбек Қызыл Ту орденімен тоғыз жұмысшы марапатталды: Қайыржан Әлиев, Айнаш Байжігітова, Сәлима Биғалиева, Людмила Жигулевцева, Әжіғали Қуандықов, Бағит Қуанышев, Аяп Құшмұханов, Надежда Толстова, Таисия Юдина. Ленин орденімен консерві цехының жұмысшылары Айтжан Жалғаспаев пен Қадиша Шәріпова марапатталды. Жиырма қызметкер «Құрмет белгісі» орденінің иегері атанды. Уылдырық-балық цехының уылдырық жасаушы шебері Игпар Каберов 2-ші және 3-ші дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің кавалері атанды.

Қазіргі таңда Атырау облысы Қазақстанның жетекші балық шаруашылығы аймағы болып табылады. Облыстың балық өндірудегі үлесі республикадағы жалпы балық аулаудың 29 пайызын құрайды. Бұл ретте облыс балық өндіруден кейінгі орында екінші орында. Акваөсіру өнімдерінің үлесі қазақстандық өнімнің 0,1 пайызын ғана құрайды, деп хабарлайды Атырау облысының коммуникациялар қызметі.

Атырау облысы әкімдігінің балық шаруашылығы басқармасының басшысы Артур Сәдібекұлының айтуынша, «Қазекопроект» ЖШС әкімдіктің тапсырысы бойынша 2019 жылдың қазан айынан бастап «Балық шаруашылығы мен биоәртүрлілік жағдайын зерттеу, осының негізінде теңіз су айдындары мен су айдындарын өсіру бойынша ғылыми негізделген шаралар мен ұсыныстар әзірлеу» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде Атырау облысы)».

Жұмыстың мақсаты Атырау облысының су айдындары мен Каспий теңізінің іргелес су айдындарында балық шаруашылығын дамыту және су жануарларының биоалуантүрлілігін сақтау шараларын әзірлеу деген Артур Сәдібекұлы.

Жұмыс барысында облыстағы балық шаруашылығы мен биоалуантүрліліктің қазіргі жағдайына талдау жүргізіліп, соның негізінде Жайық-Каспий бассейнінің биоресурстарын тұрақты пайдалану, акваөсіруді дамыту және өңірдегі гидробионттардың биоалуантүрлілігін сақтау бойынша негізді шаралар ұсынылды. Бұл ретте Жайық-Каспий бассейнінің су ресурстарының қазіргі жағдайы зерттеліп, су объектілерінің гидрологиялық, гидрохимиялық және токсикологиялық көрсеткіштерінің ұзақ мерзімді динамикасына талдау жүргізіліп, су ресурстарының негізгі проблемалары анықталды. Су ресурстарына кері әсерін азайту, оларды қорғау және ұтымды пайдалану шаралары әзірленген[3].

Атап айтқанда, облыстағы балық шаруашылығы саласының жай-күйіне және қолданыстағы балық аулау режиміне талдау жүргізілді. Балық қорларына зиян келтірмей балық аулауды кеңейту бөлігінде нормативтік құқықтық базаны нақтылау мүмкіндіктері қарастырылды. Жайық және Қиғаш өзендерінің, сондай-ақ Каспий теңізінің іргелес жағалауындағы кәсіптік аулаулардың түрлік құрамы мен көпжылдық динамикасы зерттеліп, олардың өзгеру заңдылықтары мен себептері анықталды [4]. Су айдындары мен балық аулау учаскелеріндегі балық аулау жүктемесі есептелді. Қолданылатын балық аулау құралдарының сипаттамасы, балық аулау техникасы мен технологиясы келтірілген. Облыста балық шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолдары айқындалып, балық шаруашылығын дамытудың негізгі көрсеткіштері белгіленді. Жайық-Каспий бассейнінің азық-түлікпен қамтамасыз ету жағдайы зерттелді.

Кәсіптік балық популяциясының (оның ішінде бекіре балықтарының) ұзақ мерзімді өзгерістерін зерттеу және талдау жүргізілді. Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан балық түрлерінің жай-күйіне талдау жасалған. Каспий аймағындағы балық шаруашылығы және акваөсіру саласындағы халықаралық тәжірибе зерделенді.

Каспий өңірі мен Атырау облысындағы аквамәдениеттің даму жағдайы анықталды. Бассейндегі жұмыс істеп тұрған балық шаруашылықтары мен питомниктердің жұмысы

қарастырылған. Өндіріс түрлері мен көлемі, қолданылатын өсіру технологиялары анықталды. Облыста акваөсіру базасын кеңейту мүмкіндіктері көрсетілген.

Өңірдегі қоршаған ортаны қорғаудың қолданыстағы нормативтік-құқықтық базасына, сондай-ақ Жайық-Каспий бассейніндегі экологиялық жағдайға және негізгі ластау көздеріне талдау жүргізілді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сипаттамасы беріліп, қорғалатын түрлердің қазіргі жағдайы бағаланады. Өңірдегі балық шаруашылығын дамытудың және биоәртүрлілікті сақтаудың негізгі халықаралық және мемлекеттік бағдарламалары қарастырылған.

Облыстағы балық өнеркәсібі үшін кадрларды даярлау жағдайы зерделенді. Сондай-ақ акваөсіру және балық шаруашылығы мамандарын даярлау бөлігінде жұмысты күшейту бойынша ұсыныстар берілген.

2019 жылғы 4 маусымда Атырау облысы жұртшылығымен кездесуінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі балық шаруашылығын қалпына келтіру қажеттігін айтқан болатын. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Мамин Атырау облысына жұмыс сапары барысында (2020 жылғы 27 ақпан) Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте еліміздің балық шаруашылығын дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін атап өтіп, бірқатар нақты тапсырмалар берді. Осының барлығы елімізде балық шаруашылығы мен аквакультураны қалпына келтіру мен дамытудың бағыт-бағдар алғанын көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. https://pricom.kz/socium/pamyat-o-velikane-rybnoj-otrasli.html
2. Атыраубалық // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. — Т. I. —524 б.
3. Бақытгүл Бабаш, «Атырау облысында аймақтағы балық шаруа-шы-лы-ғының жай-күйі талқыланды» мақала, «Егемен Қазақстан» гезеті, 2018 ж-2-3 б.
4. Қазақ тілі терминдерінің ғылыми түсіндірме сөздігі. Суды басқару. – Алматы, «Мектеп» баспасы, 2002 ж.
5. География: Дүние жүзіне жалпы шолу. ТМД елдері. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныбына арналған оқулық/ О.Бейсенова, К.Қаймулдинова, С.Әбілмәжінова, т.б. – Алматы: Мектеп, 2010. – 304 б.
6. Балық өнімдері технологиясы : Оқу құралы : жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған (050727 - "Азық-түлік өнімдері технологиясы" мамандығы үшін) / Қажғалиев, Н. Ж. Шәуенов, С. Қ. ... – Астана : [б. ж.], 2011. - 174 б., сурет., кест.; . – Библиогр. 172 б.

ӘОЖ 070(574)

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: ДАМУ БАҒЫТЫ

Зарина Сабыржанқызы
sabyrzhanzarina05gmaill.com
«Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 3 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ахонова Мерует Иманғалиқызы

Соңғы жылдары елімізде ақпараттық қоғамдағы саяси коммуникацияны зерттеу белсенді жүргізіліп, ғылыми мектептер қалыптасты. Бұл - Еуразия елдеріндегі саяси коммуникацияның

теориялық, әдіснамалық және практикалық негіздерін зерттеуге, соның ішінде Қазақстанның саяси жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, өз аймағының одан әрі дамуы үшін жасалған маңызды қадам. Елімізде болып жатқан мұндай өзгерістер қоғамдық санамен тығыз байланысты қызмет салаларын қайта қарауды талап етеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі қоғамның маңызды институттарының бірі. Олар алуан түрлі функцияларды орындайды: ақпараттандыру, тәрбиелеу, көңіл көтеру. Сонымен қатар елде және әлемде болып жатқан маңызды құбылыстар мен оқиғаларды қабылдау және түсіндіру де бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен жүзеге асырылады.

Елімізде XXI ғасырда бұқаралық ақпарат құралдары саяси салаға тереңірек еніп, шындықты бейнелеу мен құрудың маңызды құралдарының біріне айналды. Бұқаралық ақпарат құралдарының заң шығарушы, атқарушы және сот билігімен қатар «төртінші билік» деп аталуы да сондықтан. Қазіргі заманғы саясатты баспасөзсіз, радиосыз және теледидарсыз елестету мүмкін емес, біздің еліміздегі қазіргі өзгерістерде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор.

Баспасөз құралдарын еліміздегі ғалымдар, сарапшылар зерттеп, үнемі талқылап отырады. Бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері «Журналист», «Эксперт», «Баспасөз» және басқа да басылым беттерінде ұдайы көтеріліп келеді. Соңғы кездері зерттеушілер бұқаралық ақпарат құралдарын этатизациялау туралы көбірек айтуда, бұл саяси шындықты бейнелеуде де айқын көрінеді.

«Біз біртүрлі уақытта өмір сүріп жатырмыз. Соғыс жаңа кеңістікке көшті. БАҚ ұрыс алаңына айналды және бұл жаңа қақтығыста жақсы мен жаманды ажыратып алу қиын. Кімнің мейірімді және кімнің қатыгез екенін түсіну де күрделі. Сол үшін арнаны ауыстыру керек. Себебі қарсыластар орындарын жиі алмастырып жатыр» [1]. Француз публицисі Фредерик Бегбедердің бұл пікірімен келіспеске болмас. Себебі XXI ғасыр ақпараттың шекара таңдамайтынын, адамзаттың күн санап «құбылып», әлемдік прогрестің бір орында тұрмайтынын сәт сайын сезіндіріп жүр. Ендеше, Жаңа Қазақстанның журналистикасы қандай болуы керек? Осы орайда отандық медиасала маманы журналист, PhD докторы Алма Сайлауқызы: «Жаңа Қазақстан журналистикасын демократиялық принциптерге негізделген еркін, ашық, тәуелсіз, сыни журналистикаға айналдыру керек» - дейді [1]. Халқымыз кәсіби журналистердің нақты, шынайы, деректі ақпаратына жүгінуі керек. Сол кезде журналистика төртінші билік мәртебесіне ие болар еді. Сайып келгенде бұл қоғам дамуы үшін өте маңызды.

Ақпараттық технологиялардың осы заманғы дамуы, шектеусіз әлемдік рынокқа шығу, бүкіл дүниежүзімен сауда жасау мүмкіндігі, бүкіл әлеммен байланысқа түсу, басқа елдерден үйрену, өзге халықтардың мәдениетін білу арқылы рухани баю – мұның бәрі қазіргі дүниенің бізге беретін нәрсесінің бір бөлігі ғана. Коммуникация түсінігінде адамзаттық, субъективтік, жеке тұлғалық факторлар аса маңызды. Коммуникациялық үрдістерде коммуниктордың құндылық бағыты, психологиялық әсері, көзқарасы, әдеті негізгі рөл атқарады [2].

Ақпарат құралдары және коммуникацияның әлемдік өркениет тарихындағы негізгі дамуын мынадай кезеңдерге бөліп қарауға болады:

Бірінші кезең - б.з.д. IX-I ғасыр. Бұл кезеңде ақпарат таратудың қағаздық емес құралдары дамыған. Ежелгі Египетте - папирус, Вавилонда - тері, Ежелгі Қытайда - тақталар ақпарат тарату құралының қызметін атқарған. Ал, түрік қағанаты ақпараттарды тасқа қашап жазыпты. Күлтегін және Тонықөктегі ақпараттар біздің бұл сөздерімізге дәлел бола алады.

Екінші кезеңі, I-XV ғасыр, қолжазба дәуірі деп аталады. Тұңғыш қолжазба б.э.д. VIII-ғасырда Қытайда пайда болған, айталық «Дибао» газеті.

Эволюцияның үшінші кезеңі (XV-XVIII ғ.) 1440 ж. Иоганн Гутенбергтің баспа станогын айтуға болады. Aviso (хабарландыру) Post, News, Zeitung, Relation деген атауымен белгілі алғашқы ақпараттық баспасөздері хабарландыру мен сауда ақпаратын жариялаған. Венецияда

жаңалықтар парақшасын бастапқыда екі тиын күміс ақшаға сатқан. Күміс ақшаны «газетта» деп атаған.

Төртінші кезең XVIII ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басын қамтиды. Бұл журналистиканың қоғамдық институт ретінде қалыптасуымен сипатталады. Осы кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары саясатқа араласты, мемлекет баспасөзге бақылау жасай бастады. Газет шығаруға лицензия алу, баспа жайлы алғашқы заң күшіне енген, цензура пайда болды.

Бұқаралық ақпарат дамуының бесінші кезеңінде (1900-1995) радио мен телевидение пайда болған. Бірінші радио бағдарлама 1907 жылы, телебағдарлама 1920 жылы эфирге шықты.

Эволюцияның алтыншы кезеңінде (1955-1990) электронды бұқаралық ақпарат құралдары позициясының негізі қаланды. Ақпаратты жинау, сақтау және таратуда компьютерлік техникаларды меңгерумен, қолданумен есте қалады [3].

Бүгінгі күні жоғары деңгейде дамыған ақпараттық технологиялардың нәтижесінде, АҚШ әлемдік ақпарат нарығында басты позицияны ұстануда. Американдық экспортта ақпарат өндірісі жыл сайын 250 млрд. доллармен өлшенеді. Бұл олардың қорғаныс өндірісінен кейінгі екінші орынды алатындығын көрсетеді. Оған қоса, Құрама Штаттар әлемдегі ең ірі ақпарат өнімдерін өндірушілер мен сатушылар. Ақпарат өнімдерін мысалы, фильм, телебағдарлама, журналдарды өз елдерінде шығарған, шет елдерден сатып алған тиімді. Тағы бір басты нәрсе, біраз елдерге ақпарат көзін өздерінде құрғанша, батыстық агенттіктерден сатып алған оңай. Осыған байланысты бүгінгі таңда ақпарат нарығындағы жаһандану экономикалық сипат алып отыр.

Қазір ЮПИ, Ассошеитед Пресс, Рейтер, Франс-Пресс, ИТАР-ТАСС секілді ірі әлемдік ақпарат агенттіктерінің маңызы зор. Бүкіл әлемдік жаңалықтарды жинап, оны жер жүзіндегі барлық бұқаралық ақпарат құралдарына таратумен айналысты.

90-жылдардағы «темір құрсаудың алынуы», «Берлин қабырғасының құлауы» секілді ақпарат саласында болған елеулі оқиғалар біраз елдердегі ақпараттық үрдістердің жаһануына, біртекті әлемдік ақпараттық кеңістіктің құрылуына мүмкіндік берді. Әйтсе де нәтижесі әр елде әртүрлі болды. Дамыған елдерде ақпараттық, сонымен бірге идеологиялық мүмкіндігін, дамушы елдерге әсер ету мүмкіндігімен сабақтастыруға септігін тигізді. Ал, ақпараттың тәуелсіз болуы нашар дамыған елдердің этникалық және тілдік саласына қауіп төндірді.

Бұл үрдіс - әлемдік деңгейде елдердің байланысына, олардың ақпараттық стандарт пен мүмкіндігіне, әлемдік өркениеттің гуманитарлық, демократия бастауының дамуына, коммуникациялық құралдардың әсерінен күшеюіне әсер етті [3].

Байланыс, қарым-қатынасты білдіретін коммуникация элементтері тарихта жиі кездеседі. Қазақ халқы сөзге тоқтаған, бас иген, сөздің қадірін түсініп, дәріптеген. Адамзаттың ақыл-ойы туғызған небір ғажайыптар ішіндегі уақыт сынына төтеп беріп, адамзатпен жасасып келе жатқан ең көне, құдіретті өнер – ол сөз өнері. Дүниені билейтін - сөз, сөзді билейтін - атақты шешендер, би-көсемдер, ақын-жыраулар екені әлімсақтан белгілі. «Сөзін билікпен айту -шешеннен, билігін биіктен айту - көсемнен, ерлігін жүрекпен таныту - батырдан, күшін білекпен білдіру - палуаннан» десек, өмір мәнін, бүгінгіні байқап көре білу, болашақты болжап жұртқа жеткізу, таныту коммуникациялық қызмет. «Билікпен айтқан шешен сөзін де, биліктен айтқан көсем сөзін де, ерлігін жүрекпен танытқан батыр тұлғасы мен ісін де, күшін білекпен білдірген палуанның қажыр-қайратын да» елге жеткізуші журналист.

Тарихта ерекше орын алатын Абылай ханның Ақ Ордасында алысты болжаған абыз, ақиқат ақберені Бұқар жыраудың ақылмандық қызмет атқарғанын жақсы білеміз. Бұқар жырауды сол кездегі PR маманы деуге болады. Ол «өнер алды - қызыл тіл» деген мақалдың даналығын әбден ұғынған адам. Сөз өнерінің қиындығын да, қадірін де білген. Сондықтан: «Ел бастау қиын емес - қонатын жерден көл табылады. Қол бастау қиын емес - шабатын жерден ел табылады. Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ» - дейді [4]. Яғни, сөз арқылы

коммуникациялық байланысқа түсудің мәні мен маңызын сипаттайды. Бұл жерде біз шешендік өнерді коммуникацияның каналы ретінде қарастыра аламыз.

Бұқар жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел - жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси - әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Бұл жырлардан бүгінгі саяси коммуникацияның элементтерін көруге болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаһанданудың негізгі үш бағытын бөліп қарауға болады:

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық әсерін әлемнің көптеген елдеріне тарату.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының трансұлттық корпорацияларда жинақталуы, әртүрлі коммуникациялық жүйелердің біртектес желіге қосылуы.

Бүгінгі таңдағы PR мамандары мен агенттерінің жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі де бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс істеу.

БАҚ (бұқаралық коммуникация) - ұйымдастырушылық техникалық кешендер. Олар бұқаралық аудиторияға арналған сөздік, бейнелік, музыкалық ақпараттарды таратумен, өңдеумен, жинаумен шұғылданады. Қоғамдық пікірді қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі оның «төртінші билік» ретінде қалыптасуына ықпал етеді [5].

Жаңа Қазақстан деген тек саяси немесе экономикалық өзгерістермен шектелмейді. Азаматтардың санасын жаңарту, қоғамдық пікірді еркін қалыптастыру және мемлекеттік институттардың ашықтығын қамтамасыз ету де негізгі міндеттерінің бірі. Мұндай өзгерістер кезінде журналистиканың миссиясы арта түседі. Ол – халық пен билік арасындағы көпір, қоғамдық бақылаудың негізгі тетігі, сонымен қатар демократиялық құндылықтардың насихатшысы.

Бұл кезеңде журналистер ақпаратты тек жеткізуші емес, елдің болашағына ықпал ететін қоғамдық пікір көшбасшылары болуға тиіс. Қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы азаматтардың саяси сана-сезімі мен белсенділігін көрсетуі мемлекет үшін аса маңызды. Осы ретте бұқаралық ақпарат құралдары азаматтарға өркениет құндылықтарын сіңіретін, еліміздегі саяси жаңаруларды өмірге енгізуге үлес қосатын демократиялық институт болып есептеледі. Сондықтан идеологиялық қару ретінде бұқаралық ақпарат құралдарына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Олар кәсіби этика, бейтараптық, шынайылық сынды құндылықтарды басшылыққа ала отырып, қоғамды конструктивті бағытта дамытуға атсалыса алады.

Бұл үрдіс дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарын жаңа форматқа көшуге мәжбүрледі. Енді редакциялар тек газет немесе телехабар ғана емес, сонымен қатар веб-сайттар, YouTube каналдар, TikTok және Instagram парақшалар арқылы да аудиториямен жұмыс істеуі қажет.

Цифрлық медианың негізгі ерекшеліктері:

• Интерактивтілік: Көрермендер мен оқырмандар тек ақпаратты қабылдап қана қоймай, оған пікір білдіріп, таратып, тіпті жаңалық жасаушыға айналады.

• Жаһандық бәсеке: Қазір қазақстандық БАҚ әлемдік медиа нарығымен қатар өмір сүріп отыр. Бұл олардың сапаға, мазмұнға және форматқа қойылатын талаптарын арттырады.

• Фейк ақпараттармен күрес: Жалған ақпараттың таралуы цифрлық журналистиканың басты мәселелерінің бірі болып тұр. Сол себепті фактчекинг пен ақпаратты тексерудің маңызы артып келеді.

• Мультимедиа мүмкіндіктері: Бейне, аудио, инфографика мен анимацияны қолдану журналистиканы көрнекі әрі тиімді етуге мүмкіндік береді.

Цифрлық медиа саласында бәсекеге қабілетті болу үшін журналистер тек мәтін жазу шебері емес, сондай-ақ контент продюсер, SMM маманы, бейнежурналист және аналитик бола

білуі керек. Мәселен, бір оқиғаны бірнеше форматта ұсыну (мәтін, бейне, инфографика, подкаст) – заманауи журналистің басты дағдыларының бірі.

Қазіргі таңда аудитория енжар тыңдаушы емес, белсенді тұтынушыға айналды. Журналистикада қоғамдық пікірді зерттеу, аудиторияның сұранысын ескеру маңызды бола бастады [6]. Халық шынайы, бейтарап, сапалы ақпаратқа зәру. Бұл журналистиканың жауапкершілігін арттырады.

Контент жасауда мына факторлар ескерілуі тиіс:

- Аудиторияны сегменттеу;
- Аймақтық және жергілікті БАҚ-ты қолдау;
- Жастар аудиториясына бейімделу;
- Мемлекеттік тілдегі сапалы контент жасау.

Жаңа Қазақстан жағдайында журналистика қоғамдағы өзгерістердің белсенді қатысушысына айналуы тиіс. Ол үшін журналистер кәсіби тұрғыдан дамып, жаңа технологияларды меңгеріп, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіне білуі қажет. Ақпарат таратуда ашықтық, бейтараптық пен сапа басты критерий болуы тиіс. Журналистика – бұл жай ғана мамандық емес, ол – елдің тағдырына әсер ететін маңызды қоғамдық институт.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әділжан Б. «Жаңа Қазақстан журналистикасы: даму бағыты». «Егемен Қазақстан» газеті, 27 мамыр, 2022 ж.

2. Балабекұлы Д. Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік-философиялық талдау: филос. д-ры (PhD) дәр.... дис.- Алматы. 2020. - 122 б.

3. Негодаев Н.А. На путях к информационному обществу / Н.А. Негодаев. - Ростов н/Д.: ДГТУ, 1999. — 247 с.

4. Әбілқасов Ғ.М. Қазақ халқының философиялық әдеби мұралары –әлемдік гуманистік рухани мәдениеттің інжу-маржаны. Әйгілі қазақ ақындары мен жыраулары // Мәдениет, дәстүр және өзіндік ерекшелік [Мәтін]: – Қарағанды, 2015. – 97 б.

5. Тоффлер Э. Третья волна / Э. Тоффлер. - М.: ООО «Издательство «АСТ», 2002. - 776 с.

6. Белл Д. Социальные рамки информационного общества / Д. Белл // Новая технократическая волна на Западе. - М.: Прогресс, 1986. - С. 330–342.

ӘӨЖ 304.2

«ҚАЗІРГІ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ПАТРИОТИЗМ: ЖАҢА БУЫННЫҢ КӨЗҚАРАСЫ»

Рысқалиев Нұрсұлтан Баймырзаұлы
nurskaliev@mail.ru
«Медицина» білім бағдарламасының 2 курс студенті Астана Медицина Университеті, Астана қ. Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы – Колганатова С.Б.

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі жастардың патриоттық көзқарастары мен олардың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар қарастырылады. Зерттеу барысында патриотизм ұғымының заманауи түсіндірмелері, жастардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасы, жаһандану жағдайындағы мәдени ықпалдар секілді мәселелер талданады. Материалдар әдеби

шолу және контент-талдау әдістері арқылы жинақталған. Мақала жастармен жұмыс істейтін педагогтар мен саясаткерлерге пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздер: патриотизм, жастар, ұлттық сана, отансүйгіштік, құндылықтар, тәрбие, болашақ.

Мақалада қазіргі жастардың патриотизмге деген көзқарасы, оған әсер ететін тарихи, мәдени, ақпараттық факторлар және заманауи үрдістер негізінде қарастырылады. Алдымен ұғымның тарихи негізі мен шетелдік тәжірибе талданып, одан кейін мемлекеттік бағдарламалар мен цифрлық патриотизмге ерекше назар аударылады.

Мақсаты мен міндеттері.

Мақсаты: Жастар арасындағы патриотизмге деген көзқарастарды, ұлттық сана-сезімге ықпал ететін факторларды әдеби және контент негізінде зерттеу.

Міндеттері:

- Патриотизм ұғымының тарихи және қазіргі түсіндірмелерін шолу;
- Жастар тәрбиесіне әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторларды анықтау;
- Контент-талдау негізінде қазіргі жастардың қоғамдық пікірін бағалау;
- Ұлттық тәрбиенің әлеуетін сипаттау және ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері.

- Әдеби шолу: Отандық және шетелдік 15 ғылыми еңбек, нормативтік құжаттар, жастар саясатына қатысты зерттеулер қарастырылды;
- Контент-талдау: Instagram, TikTok, YouTube платформаларындағы жастарға арналған контент пен пікірлер сарапталып, жастардың патриоттық мазмұнға қатынасы бағаланды.

Қазақ халқының тарихында патриотизм ұғымы әрдайым ұлттық болмыс пен күрескерлік рухпен қатар жүрді. Ежелгі дәуірдегі батырлар жырынан бастап, XVIII–XIX ғасырлардағы халық батырлары мен Алаш зиялыларының еңбектері ұлттық сана мен Отанға деген сүйіспеншіліктің көрінісі болды. Мәселен, Махамбет пен Исатайдың, Кенесары хан мен Алаш қайраткерлерінің ерлігі – нағыз азаматтық және ұлттық патриотизмнің мысалы. Кеңес дәуірінде бұл ұғым идеологиялық сипат алып, әскери ерлік пен жүйеге адалдықпен өлшенді. Тәуелсіздік жылдарынан кейін патриотизм жаңа мазмұнға ие болып, елдің тәуелсіздігі мен ұлттық бірегейлікті сақтау идеясына негізделді.

Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек Қазақстанда емес, әлем елдерінде де маңызды мәселе болып табылады. Мәселен, Жапонияда патриоттық тәрбие мектеп бағдарламасының маңызды бөлігі болып табылады. Онда ұлттық тарих пен мәдениетке терең мән беріледі. Финляндияда патриотизм азаматтық жауапкершілік пен табиғатты қорғау ұғымдарымен байланыстырылады. Ал Оңтүстік Кореяда жастарға арналған арнайы бағдарламалар мен әскери қызмет арқылы ұлттық бірегейлік қалыптастырылады. Бұл тәжірибелер Қазақстан үшін де үлгі бола алады: патриотизмді тек ұранмен емес, нақты тәжірибелік шаралар арқылы қалыптастыру маңызды.

Бүгінде жастардың көпшілігі ақпаратты әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалар арқылы тұтынады. Осы ретте патриоттық құндылықтарды насихаттауда цифрлық платформалардың рөлі арта түсуде. YouTube, TikTok, Instagram сияқты платформаларда ұлттық мәдениет, тарих, тіл, дәстүр туралы тартымды әрі заманауи форматтағы видеоларды көбейту – патриотизмді жастардың санасына жақындатудың тиімді жолы. Мемлекеттік органдар мен медиа продюсерлер арасында осындай контентті қолдау механизмдері дамуы тиіс.

Патриотизм ұғымының заманауи түсіндірмесі

Патриотизм ұғымының мәні ғасырлар бойы өзгеріп отырды. Кеңес дәуірінде патриотизм әскери ерлік пен социалистік құрылымға адалдық ретінде қарастырылса, бүгінгі таңда бұл ұғым демократиялық қоғам жағдайында жаңа сипатқа ие болды.

Қазіргі патриотизмді заманауи зерттеулер ұлттық, азаматтық және кәсіби деңгейлерде қарастырады. Бұл көзқарас жастардың патриоттық сезімін кәсіби жетістіктерімен байланыстыратынын көрсетеді. Жастар арасында жүргізілген контент-талдауда да осы тенденция байқалды: жастардың басым бөлігі үшін патриотизм – елдің имиджін шетелде таныту, кәсіптік шеберлік арқылы ел дамуына үлес қосу.

1-кесте. Патриотизмді арттыруға бағытталған ұсыныстар (деңгей бойынша)

Деңгей	**Ұсыныстар**
Отбасы	Ұлттық ертегі, шежіре, батырлар туралы әңгімелерді жиі айту
Мектеп	Патриоттық клубтар, дебаттар, өлкетану экскурсияларын кеңейту
ЖОО	Жастар ұйымдарының белсенділігін қолдау, волонтерлік жобаларды дамыту
Медиа және әлеуметтік желі	Ұлттық бренд, тарихи тұлғалар туралы қысқа видеолар жасау
Мемлекет	Патриоттық жобаларға гранттар, жастарға арналған storytelling байқаулары

Жаһандану және ақпараттық кеңістік әсері

Қазіргі жастар жаһандық ақпараттық кеңістікте өмір сүреді. Интернет пен әлеуметтік желілер олардың дүниетанымына тікелей әсер етеді. Бұл ортада патриоттық мазмұн сирек кездеседі. Көңіл көтеруге бағытталған контент патриоттық тәрбиенің фонын көмескі етеді. Алайда бұл үрдіс кері бағытта өзгеруі мүмкін. Мысалы, TikTok желісіндегі кейбір белсенді қазақстандық контент жасаушылар қазақ тілі мен дәстүрін насихаттап, ұлттық санаға оң әсер етіп жатыр. Мұндай мысалдар жастардың ұлттық санаға қызығушылығын арттыруы мүмкін. Дегенмен, бұл әлі де оқшау құбылыс.

2-кесте. Жастарға бағытталған контенттің мазмұндық үлестері (Instagram, TikTok, YouTube негізінде)

Контент түрі	**Үлесі (%)**	**Қысқаша сипаттама**
Көңіл көтеру контенті	75%	Юмор, челленджер, lifestyle видеолар, вайндар
Білім беру, мотивациялық контент	10%	Академиялық білім, тіл үйрену, жеке даму
Ұлттық-мәдени мазмұн	8%	Қазақ тілі, дәстүр, тарих жайлы видеолар
Патриоттық бағыттағы контент	4%	Мемлекеттік рәміздер, батырлар, тарихи тұлғалар
Азаматтық позицияны білдіретін контент	3%	Қоғамдық мәселелерді көтеру, волонтерлік бастамалар

Ұлттық тәрбиенің рөлі

Ұлттық тәрбиенің негізінде – тіл, тарих, дәстүр және мәдени мұра жатыр. Бұл құндылықтар жас ұрпақтың дүниетанымын, өмірлік ұстанымын және елге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Ұлттық тәрбие тек жеке тұлғаны емес, тұтас ұлттың рухани иммунитетін нығайтады. Ата-ананың, мектеп пен ЖОО-лардың тәрбиелік жұмыстары жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мектеп бағдарламаларында «Қазақстан

тарихы», «Абайтану», «Ұлттық құндылықтар» бағытындағы пәндердің көбеюі осы бағыттағы оң өзгерістердің белгісі.

Сонымен қатар, ұлттық тәрбиенің нәтижесі ретінде жастардың туған жеріне, ана тіліне, салт-дәстүріне деген құрметі артады. Бұл – ел болашағына бей-жай қарамайтын, ел игілігі үшін еңбек ететін ұрпақ қалыптасуының басты алғышарты. Әскери-патриоттық клубтар, ұлттық мәдени шаралар, еріктілік қызметтер – бәрі жас буынды елге қызмет етуге ынталандыратын құралдар.

Мысалы, ауылдық жерлердегі жас мұғалімдердің «Дипломмен – ауылға» бағдарламасына қатысуы немесе волонтер жастардың әлеуметтік жобаларға белсенді араласуы – ұлттық тәрбиенің нақты жемісі. Мұндай жастар тек білім алып қана қоймай, елдің әл-ауқатын көтеруге бағытталған нақты істердің басында жүреді. Осылайша, ұлттық тәрбие арқылы тек мәдениетті, білімді емес, сонымен қатар жауапты, Отанға адал, белсенді азамат қалыптасады.

3-кесте. Жастардың патриоттық көзқарасына әсер ететін негізгі факторлар

Факторлар	**Әсер ету деңгейі**	**Қысқаша түсініктеме**
Отбасы	Жоғары	Алғашқы тәрбиелік орта, құндылықтардың негізі
Білім беру жүйесі	Жоғары	Пәндер, тәрбие сағаттары, университеттік орта
Әлеуметтік желілер мен медиа	Орташа	Ақпарат көзі ретінде ықпалы бар, бірақ бағдарсыз
Жастар ұйымдары, клубтар	Төмен-орташа	Белсенділер үшін маңызды, бірақ қамту шектеулі
Мәдени іс-шаралар, театр, музей	Орташа	Ұлттық сана мен тарихи жадыға әсер етеді
Мемлекеттік саясат	Төмен-орташа	Заңнамалық деңгейде қолдау бар, бірақ жастарға жетуі шектеулі

Жастардың патриоттық көзқарастары әртүрлі және олардың патриотизмді қабылдауы әрқилы сипатта көрініс табады. Бірі патриотизмді тарихи жады мен ұлттық дәстүрді сақтау деп түсінсе, енді бірі оны жеке жетістіктері мен қоғамға пайдалы болу арқылы жүзеге асырады. Бұл әртүрлі көзқарастар жастардың патриоттық тәрбиесін жетілдіруде кешенді әрі икемді тәсілді талап етеді.

Жаңа буын үшін патриотизм – бұл белсенді азаматтық позиция, кәсіптік жетістік, ұлттық сана мен мәдениетке құрмет. Мұндай түсініктің қалыптасуы үшін тәрбиелік ықпалдың бірнеше деңгейде жүруі қажет: отбасы, мектеп, ЖОО, медиа және қоғамдық ұйымдар өзара байланыста әрекет етуі тиіс.

Мақалада көрсетілген әдеби шолулар мен контент-талдау нәтижелері жастармен жұмыс жасайтын ұйымдарға, тәрбие беру жүйесіне және мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырушыларға бағыт-бағдар бола алады. Әсіресе, ұлттық тәрбиені заманауи әдістермен ұштастыру – маңызды міндет. Ұлттық мәдениетті жастарға тартымды әрі заманауи форматта жеткізу – патриоттық тәрбиенің тиімді жолдарының бірі ретінде ұсынылады.

Осы орайда, болашақта жастармен жұмыс барысында цифрлық платформаларды, креативті білім беру технологияларын, бейформалды білім мен волонтерлік тәжірибені ұштастыра отырып, патриоттық сана мен белсенді азаматтық ұстанымды дамыту – маңызды басымдық болуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – Астана, 2017.

2. Айтмамбетов А.Б. «Жастар тәрбиесіндегі ұлттық сана». – Алматы: Раритет, 2020.
3. Қожахметова К.Ж. «Ұлттық тәрбие – рухани жаңғыру негізі». – Педагогика журналы, №4, 2018.
4. Сәрсенов Д. «Жастар және заманауи құндылықтар». – Әлеуметтану.kz, 2022.
5. Есболов А. «Мәдениет пен жаһандану: жастардың арақатынасы». – Жастар саясаты журналы, 2021.
6. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. Жастар саясаты туралы ұлттық баяндама. – 2023.
7. Сейтказин Е. «Қазіргі қоғамдағы азаматтық сана». – Қоғам және дәуір, 2020.
8. Садыкова Л.Н. «Ұлттық болмыс және тәрбиенің философиясы». – Философия әлемі, №1, 2019.
9. Жұмағұлов Н. «Интернеттегі жастар белсенділігі: мазмұн мен мағына». – Digital Kazakhstan, 2021.
10. Төлеуов М.Б. «Тіл мен діл: ұлт болмысының негізі». – Ұлт және тарих, 2020.
11. Baidildina, G. "Patriotism and youth in Kazakhstan." Central Asia Monitor, 2019.
12. UNESCO Report on Youth Engagement in Nation Building. – Paris, 2020.
13. Smith, A. "National Identity and Youth Culture." – Oxford Press, 2018.
14. Халықаралық жастар күніне арналған баяндамалар жинағы. – БҰҰ, 2022.
15. ҚР БҒМ. Жастарға арналған тәрбие бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2022.

УДК 159.78

ВЛИЯНИЕ МУЗЫКИ НА КОГНИТИВНОЕ РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ

Мухамбеткалиева Камшат
kamshatbolatbekkyzy@gmail.com
Студент 4 курса образовательной программы «Учитель музыки, педагог дополнительного образования» Атырауский университет им Х.Досмухамедова, г.Атырау, Республика Казахстан
Научный руководитель, старший преподаватель Джаксиева Г.Б.

Музыка – это неотъемлемая часть культуры человечества и истории. Многогранность этой сферы позволяет человечеству не только развлекаться и иметь эмоциональное значение, но и способствовать развитию детей с раннего возраста. Сегодня музыковеды, психологи и педагоги всё чаще подчеркивают важность музыкального образования как одного из ключевых факторов в формировании когнитивных способностей у детей. Когнитивное развитие – это развитие мыслительных процессов, таких как память, внимание, речь, восприятие, воображение. Разнообразие получаемой информации становится мощным стимулом для физического и нервнопсихического развития ребенка. В значительной степени этому способствует совершенствование функций речи, которая является универсальным средством организации внимания [1].

По исследованиям выявлено, что дети занимающиеся музыкой, достигают больших успехов не только в сфере музыки, но и в других областях: от языка и математика до эмоционального интеллекта и социальных навыков. Но важно понимать, как именно музыка влияет на мозг ребенка и какие аспекты её изучения могут быть особенно полезным. В этой статье мы подробнее рассмотрим, как музыка влияет на память, внимание, языковые навыки, логическое мышление, а также на развитие эмоционального интеллекта и моторики у детей.

Музыкальное образование оказывает положительное влияние на умственное развитие детей. Научные данные свидетельствуют о том, что дети, изучающие музыку, показывают более

высокие результаты в тестах на интеллект, чем те, кто не занимается музыкой. Это связано с тем, что музыкальные занятия требуют от детей сосредоточенности, умения разбирать и объединять информацию, что, в свою очередь, развивает способность к логическому мышлению и поиску решений.

Музыкальные тренировки оказывают благотворное воздействие на память, улучшая как кратковременное запоминание, так и способность сохранять информацию на длительный срок. Занятие музыкой, будь то игра на инструменте или пение, развивают у детей музыкальную память. Они учатся распознавать и запоминать ноты, ритмы и мелодии. Это стимулирует работу разных участков мозга, отвечающих за запоминание. В результате, улучшается общая память, что положительно сказывается на успеваемости в других предметах, например, в математике и изучении языков.

В экспериментальном исследовании с участием 200 детей первоклассников, в течении 2 недель тренировавшиеся заучивать стихотворение под фоновое сопровождение специальной музыки, во время контрольного заучивания справились с заданием на 10 мин быстрее чем дети, которые тренировались учить стихи традиционным способом, а также безошибочно помнили текст через несколько дней и лучше помнили настроение и смысл стихотворения.

Также стоит отметить, что музыкальное образование требует сосредоточенности и внимания к деталям, что развивает способность к концентрации и повышает уровень внимания. Дети, которые занимаются музыкой, часто лучше справляются с задачами, требующими сосредоточенности, и могут легче переключаться между различными видами деятельности. Это важный аспект, который оказывает влияние не только на учебную деятельность, но и на повседневную жизнь ребенка.

Кроме того, музыкальные занятия могут улучшать способность ребенка удерживать внимание на одном задании в течение длительного времени. Когда дети учат новые музыкальные произведения, они обучаются поддерживать внимание на протяжении всего процесса обучения, несмотря на возможные трудности. Это качество особенно важно в школьной жизни, где от детей требуется быть внимательными на уроках, запоминать информацию и эффективно решать задачи. Многие исследования показывают, что дети, занимающиеся музыкой, часто имеют более высокие результаты в тестах на внимание и концентрацию. Эти дети быстрее реагируют на задачи, могут дольше удерживать внимание на выполнении задания и лучше фокусируются на учебном материале, что делает их более успешными в академической среде.

По словам известного педагога *Ян Амос Каменского «Тот, кто не знает музыки, уподобляется не знающему грамоты»* можно понять насколько музыка значительно в языковых навыках. Слушание музыки и участие в музыкальных играх помогает улучшить восприятие речи, развивает способность различать звуки, ритм и интонации. Этот процесс происходит через несколько механизмов, которые активируют различные области мозга, отвечающие за речь, слух и восприятие звуков. Слушание музыки и участие в музыкальных играх воздействуют на несколько областей мозга одновременно. Например, музыкальные занятия активируют области, отвечающие за слуховую память, моторные навыки и пространственное восприятие, что в свою очередь улучшает способность воспринимать звуковые паттерны и их вариации. Включение музыки в образовательный процесс способствует более гибкому восприятию языковых структур, а также улучшает способности к слуховому анализу и различению звуков, что крайне важно для правильного произношения. Также дети, занимающиеся музыкой, имеют более высокий уровень фонематического восприятия — способности различать звуки в речи. Фонематическое восприятие — это способность различать и идентифицировать отдельные звуки речи, что является основой для обучения чтению и письму. В музыкальной практике дети часто сталкиваются с различными звуковыми структурами, ритмами и интонациями. Это помогает

развивать их способность точно воспринимать и различать звуки. Особенно полезно это для детей, начинающих осваивать чтение, потому что с помощью пения и повторения песен дети учат новые слова и фразы, уделяя внимание их звуковой структуре. Музыкальные занятия, такие как участие в хоровых или сольных выступлениях, способствуют улучшению способности к восприятию и воспроизведению звуков.

Таким образом, музыка оказывает значительное воздействие на формирование языковых умений. Она не только улучшает произношение и фонематическое восприятие, но и помогает детям быстрее и более уверенно усваивать грамматику, увеличивать словарный запас и повышать уровень грамотности. Музыка становится не просто интересным развлечением, но и эффективным инструментом в образовательном процессе, который способствует развитию речи, слуха и мышления.

Музыка – это волшебный ключ к детским чувствам. Она помогает детям понять и выразить свои эмоции. Слушая музыку, дети учатся различать и называть чувства, которые она пробуждает. Это как первый шаг к пониманию себя. Например, быстрая и веселая музыка может подарить радость, а тихая и спокойная – умиротворение. Пение или игра на музыкальных инструментах – это способ для детей поделиться своими чувствами, дать им выход, особенно если эмоции сильные или сложные. Музыка способствует улучшению эмоциональной регуляции, потому что она помогает детям осознавать и контролировать свои эмоции. В процессе музыкальных занятий дети учатся справляться с внутренними переживаниями через активное выражение чувств. Например, дети, играющие на музыкальных инструментах, могут использовать музыку как средство снятия напряжения или успокоения. Песни с простыми мелодиями и ритмами помогают им выражать радость и удовлетворение, а медленные композиции могут служить способом успокоиться и обрести внутреннюю гармонию. В. М. Бехтерев, говоря о музыке, утверждал, что с ее помощью можно вызвать или снять возбуждение, но для этого необходимо установить механизмы влияния музыки на организм. Современные ученые выделили два подхода к определению эмоционального воздействия музыки на человека: «когнитивистский», который утверждает, что музыка способна только искусственно «моделировать» эмоции, и «эмотивистский», доказывающий, что музыка вызывает реальные эмоции. Например, самые младшие дети, слыша танцевальную музыку, невольно начинают двигаться, а колыбельная заставляет их спокойно покачиваться и подпевать [3].

Слушание и исполнение музыки активирует нейропластичность — способность мозга изменять и адаптировать свои нейронные связи. Это помогает не только в познавательном развитии, но и в эмоциональном обучении. Музыка способствует формированию новых нейронных связей, которые помогают детям регулировать свои эмоции и справляться с различными переживаниями, что делает музыкальные занятия важной частью общего развития ребенка. Музыка является мощным инструментом для развития эмоционального интеллекта у детей. Она помогает им научиться распознавать и выражать свои эмоции, а также понимать чувства других людей. Музыка развивает эмпатию, социальное взаимодействие и улучшает эмоциональную регуляцию, что в дальнейшем влияет на способность детей справляться с эмоциями в повседневной жизни. Музыка, как и математика, требует от ребенка внимания к деталям и умения работать с абстрактными концепциями. Например, музыкальные произведения часто строятся на повторяющихся ритмах, фразах и мелодиях, что учит детей обнаруживать закономерности и применять эти знания для предсказания дальнейшего развития музыки. Понимание структуры композиции помогает развивать умение выстраивать логические цепочки, что является ключевым аспектом для решения задач, не только в музыке, но и в других областях, таких как математика и естественные науки.

Занятия на музыкальных инструментах требуют от детей решения множества «мини-задач» в процессе обучения. Например, при игре на пианино ребенок должен одновременно

координировать руки, следить за нотами, учитывать ритм и интонацию. В этом процессе ребенок учится решать проблемы, преодолевать трудности, развивая навыки самоконтроля и терпения. Все эти аспекты тренируют способность к решению более сложных задач в повседневной жизни, где необходимо учесть множество факторов и принять обоснованное решение. Музыка и математика удивительно связаны, особенно когда дело касается ритма и пропорций. Музыкальные произведения, по сути, построены на математических принципах: такты, длительности нот и ритмические узоры подчиняются математическим законам. Изучение музыки, в частности, ритма и интервалов, помогает детям лучше понимать дроби, пропорции и симметрию, что является ключевым элементом математического образования. Кроме того, музыка развивает пространственное мышление, полезное в геометрии, и учит работать с временными интервалами, улучшая восприятие времени и последовательностей в других областях знаний. Музыка оказывает глубокое воздействие на развитие ребенка, выходя за рамки простого выражения эмоций. Она стимулирует развитие критического мышления и познавательных способностей. Занятия музыкой улучшают концентрацию, укрепляют память, развивают абстрактное мышление и навыки решения задач. Дети, занимающиеся музыкой, учатся выявлять связи, строить логические рассуждения и принимать обоснованные решения. Таким образом, музыкальное образование играет ключевую роль в формировании всесторонне развитой личности, наделяя ребенка навыками, полезными не только в творчестве, но и в повседневной жизни.

Механизм воздействия музыки на когнитивное развитие детей имеет многогранную природу, поскольку музыкальное обучение активно стимулирует как правое, так и левое полушарие мозга, обеспечивая комплексное развитие различных когнитивных функций. Эта симметричная работа обоих полушарий мозга способствует улучшению общей нейропластичности, то есть способности мозга изменять и адаптировать свои нейронные связи в ответ на новый опыт. Правое полушарие мозга в первую очередь связано с интуитивным восприятием музыки, эмоциями, а также с творческим процессом. Музыкальное обучение помогает детям развивать способность воспринимать и интерпретировать музыкальные произведения на эмоциональном уровне, что способствует улучшению их способности понимать и выражать чувства через музыку. Это также развивает их творческое мышление, способность к импровизации и самовыражению. Например, при игре на музыкальных инструментах или при пении дети начинают интуитивно чувствовать ритм, мелодию и гармонию, что активирует правое полушарие, связанное с эстетическими и эмоциональными переживаниями. В то время как правое полушарие мозга активно участвует в восприятии эмоций и их интерпретации, левое полушарие играет важную роль в аналитическом восприятии музыки. Оно отвечает за восприятие ритма, структуру музыкальных произведений и анализ звуковых паттернов. Музыкальные занятия, такие как изучение нотной записи, развитие чувства ритма и разбор музыкальных произведений, активируют левое полушарие, которое контролирует более логичные и упорядоченные аспекты восприятия музыки. Это способствует развитию у детей аналитических навыков, внимательности к деталям и способности выстраивать логические связи. Совместная работа этих полушарий способствует улучшению нейропластичности мозга, развитию когнитивных функций, таких как внимание, память и способность к решению задач.

В заключении подводя итоги, музыкальное образование играет ключевую роль в когнитивном развитии детей, способствуя улучшению памяти, внимания, логического мышления и языковых навыков. Но важно понимать, как эффективно развивать когнитивные способности ребенка: методика работы с детьми должна быть построена с учетом их возрастных особенностей. Усвоение знаний проходит наиболее успешно, если обучение организовано в игровой форме. Такой подход неизменно привлекает внимание детей и делает занятия увлекательными. Важно помнить, что продолжительность занятия не должна превышать 30

минут. Более длительные уроки приводят к снижению концентрации внимания и ухудшению восприятия информации. Для преподавателей музыки ключевым является создание благоприятной эмоциональной атмосферы на уроках, что стимулирует интерес и желание продолжать обучение. Интеграция музыкального образования в школьную программу может стать важным шагом к созданию более гармоничного и всестороннего образовательного процесса для детей. Музыка не только обогащает их жизнь, но и формирует фундамент для успешного обучения и личностного роста.

Список использованных источников:

1. Магомедов Р.Р. Азбука физической культуры для детей старшегодошкольного возраста: Учебно-методическое пособие. – Ставрополь: Изд-во СГПИ, 2011. – 90 с.
2. Баянова Л.Ф., Бухаленкова Д.А., Долгих А.Г., Чичинина Е.А. Влияние занятий музыкой На когнитивное развитие в дошкольном и младшем школьном возрасте: обзор исследований // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Психология и педагогика. 2021. Т. 18. № 4. С. 751-769. http://dx.doi.org/10.22363/2313-1683-2021-18-4751-769
3. Валиева, А. Ф. Методическая рекомендация педагогическим работникам и родителям на тему «Развитие эмоционального интеллекта средствами музыки» / А. Ф. Валиева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 23 (157). — С. 335-338. — URL: https://moluch.ru/archive/157/44506/
4. Вопросы музыкальной педагогики. Вып. 2: Сб. статей/Ред.-сост. В.И.Руденко.- М.:Музыка, 1980,-160 с., нот.

ӘОЖ 330.34.014.2

1930-60 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ЖӘНЕ Н.Д. ОҢДАСЫНОВ

Тайпақ Абай Абзалұлы
a.taypak@mail.ru
«Тарихшы-зерттеуші» мамандығының 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, Ахметова У.Т. – т.ғ.д., профессор

Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов – XX ғасырдың көрнекті мемлекет қайраткері, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан тұлға. 1938 жылы шілде айында Нұртас Оңдасынов Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің мүшелігіне өтіп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында Қазақ КСР Үкіметінің төрағасы болып тағайындалады. Бұл қызметті ол 1951 жылдың қазан айына дейін атқарады. 1951-1953 жылдар аралығында Мәскеудегі Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің жанындағы Жоғары Партия мектебінің тыңдаушысы болады. 1954 жылғы наурыз айында Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болып сайланады. Бұл қызметтен қалың бұқараға жақынырақ жерге сұранып, кейінгі жеті жыл өмірін Гурьевте өткізеді. Онда екі жыл Халық депутаттары Облыстық Кеңесінің төрағасы, бес жыл Қазақстан КП Облыстық комитетінің бірінші хатшысы қызметтерінде болып, зейнеткерлікке шығады.

Осы қызметтерде болған кезінде оның ұйымдастырушылық қабілеті мен басшылық қызметтегі іскерлігі күрделі кезеңдерде ерекше байқалды. Соғыс жылдарында және одан кейінгі уақытта елді азық-түлікпен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру сияқты маңызды істерге басшылық етті. Оңдасыновтың бастамасымен бірқатар стратегиялық маңызы бар құрылыс жұмыстары

жүргізіліп, жаңа өндіріс орындары ашылды. Оның ел болашағына деген көзқарасы, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі ұсыныстары мен іс-әрекеттері сол кезеңдегі орталықтандырылған жүйеге қарамастан табандылықпен жүзеге асырылды. Халық игілігіне бағытталған бұл қызметтер оның ел тарихындағы елеулі орнын айқындай түседі.

Қайраткер республика үкіметін басқарған жылдар Қазақстан экономикасының өрлеу кезеңі. Қарымды жетекшілігі және тікелей қатысымен қара металлургия өнеркәсібі, мұнай мен көмір өндірістері қарқынды дамыды. Көптеген фабрика, зауыт, аграрлық ірі кешен іске қосылды. Қызылорда күрішті, Шымкент мақталы, Жамбыл мен Талдықорған қантқызылшалы, Алматы жеміс-жидекті, Семей малды, Атырау мұнайлы өлкеге айналды. Республиканың оңтүстігін арқаға, Ресейге тура қосатын Мойынты-Шу, сондай-ақ, Қандыағаш-Гурьев теміржол магистралдары тартылды. Экономикалық қуаты бойынша Ресей мен Украинадан кейінгі Одақта үшінші орынға шыққан Қазақстан шығыстағы мал шаруашылығы және астық базасы атанды. Бұл Н.Д. Оңдасыновтың тынымсыз еңбек жемісі[1, 107 б.].

Оның төрағалығы Кеңес Одағындағы үшінші бесжылдық жоспардың орындалуымен басталады. Бұл туралы ол өзінің «Қазақстан в период Великой Отечественной войны» естелігінде былай баяндайды: «1938 жылы кеңес халқы үшінші бесжылдық жоспарды іске асыруға кірісті. Бұл жоспарда елдің шығыс аймақтарын дамытуға ерекше көңіл бөлінді.
Қазақстанның кең әрі алуан түрлі шикізат ресурстары республика еңбекшілеріне социалистік қоғам құру ісіне үлкен үлес қосуға мүмкіндік берді. Алайда бұл үшін ең алдымен қиын мәселелерді шұғыл шешіп, тығырыққа тірелген салаларды жою қажет болды. Ең бастысы, Республикада қуатты энергетикалық база құру керек еді.
Осы мақсатта Қарағанды, Екібастұз және басқа да көмір кен орындарының негізінде ірі жылу электр станциялары, сондай-ақ Ертіс, Сырдария, Іле және басқа да өзендерде су электр станциялары салынды»[2, 2-3 л.].

Жалпы, Нұртас Оңдасыновтың басшылық қызметтегі табысы мен оның жұмыс өнімділігі ерекше маңызды. Оңдасынов елдің әртүрлі салаларында ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізді. Ол стратегиялық жоспарлаудың шебері ретінде танылып, Қазақстанның экономикасын айтарлықтай дамытты. Бұл сөзге айғақ ретінде Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген экономист, профессор Ғарай Сағымбайдың Нұртас Оңдасыновтың Гурьевтегі қызметі туралы сөзін келтіруге болады. «Нұртас Дәндібайұлы облыста ауылшаруашылығын өркендету үшін айтарлықтай еңбек етті. 1951-1952 жылдың қысы қарлы және боранды болып, жем-шөбі аз, жылы қоралары жетіспейтін колхоздар түгелдей дерлік малдарынан айырылып қалды. Бір-екі бас малы бар колхоздар да болды. «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады» деген мақал соларға арнап айтылғандай еді. Нұрекең мал басын тездетіп өсіруге, одан алынатын өнімді арттыруға қолынан келгеннің бәрін жасады. Мамандығым экономист болғандықтан, айтқан сөзімді нақтылы цифрлармен дәлелдеп отыратын әдетім бар. 1961 жылдың басында облыста 126 мың ірі қара, 1135 мың қой мен ешкі, 53 мың жылқы, 27 мың түйе, 2 мың шошқа болды. Басқаша айтқанда, Нұрекең басқарған уақытта мал басы 4 еседен артық өсті. Жылына 22 мың тонна ет өндіріліп, 100 мың қаракөл елтерісі мемлекетке тапсырылатын. Осыншама ет өндіріп, елтірі тапсыру үшін 700 мың ұсақ мал немесе 100 мың ірі қара және 100 мың қозы сою қажет еді. Осыдан кейін Атырау облысында мал басы қалай күрт өскенін көруге болады. Мұндай қыруар жұмысты іске асыру үшін Нұрекең тек талап қоюмен шектелмей, өзінің республика және одақ көлеміндегі беделін пайдаланып, көптеген қаржы-қаражат, техника, құрал-жабдықтар бөлінуін қамтамасыз етті.», - дейді Ғарай Сағымбай өз сөзінде [3, 235 б.].

Ауыл шаруашылығындағы жетістіктер тек бейбіт кезеңдегі экономикалық басқарумен шектелген жоқ. Өндірістік көрсеткіштердің тұрақтылығы, әсіресе, соғыс жылдарында сынға түсті. Қазақстан тек өз халқын емес, майданға қажетті азық-түлік пен шикізатты үздіксіз жеткізіп

отыруы керек еді. Бұл кезеңде шаруашылықты тиімді жүргізу ғана емес, стратегиялық шешімдер қабылдап, қысылтаяң сәтте тез әрекет ету қабілеті ерекше маңызға ие болды.

Оңдасыновтың ұйымдастырушылық қабілеті соғыс кезінде айрықша жарқырып көрінеді. Әр күні кейінге қалдырмай, табан астындай шешуді талап ететін сан сұрақтың бәріне де ол сабырмен, айқай-ұйқайсыз жауап тауып отырады. Алғашқы алты ай ішінде ғана Қазақстанға батыстан ауыр машина жасау зауыттары бастаған түрлі 142 өнеркәсіп орны, 149 жетім балалар үйі мен 16 жарымжан балалар үйі көшіп келеді. 1941 жылдың 9 қарашасы күні Оңдасынов Мәскеуге эвакуацияланған 11 институтты қабылдауға дайын қалалардың атын көрсетіп, жеделхат жолдайды. Кейін сол оқу орындарының бәрі республика игілігіне жұмыс істеді [5]

XX ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстан КСРО құрамындағы аграрлық-шикізаттық аймақтардың бірі болды. Инфрақұрылымның әлсіздігі, экономиканың біржақты дамуы және өнеркәсіптің жеткіліксіздігі елдің экономикалық мүмкіндіктерін шектеді. Дегенмен, бұл кезеңде бірқатар маңызды экономикалық шешімдер қабылданып, инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылды.

Н.Оңдасынов билікте болған жылдарында туған жерінде инфрақұрылым қалыптастырып, экономикасын күшейту ойында болғаны анық. Сол жолда жасалған қадамдардың бірі, Мойынты-Шу темір жолының салынуын өзі мақтан етіп айтады. Ол темір жол салынбастан бұрын Қазақстанның орталығынан оңтүстігіне бару үшін Ресей асып, бірнеше күн жол жүріп барып жетуге болатын. Бір қарағанда бұл темір жолды салу логикалық тұрғыдан да, экономика жағынан да дұрыс стратегиялық шешім болғанымен, оған орталықтың рұқсатын алу қиын шаруа болды.

Ол осы рұқсатты алу жолын былай еске алды: « – Мойынты-Шу жолының құрылысы жөнінде әуелде Мәскеуге хат жазып ек, «Мұның жергілікті ғана маңызы бар» деген қысқа жауап алдық, — деді ол. – Енді оның соңына түсу керек болды. Жолдың картасын түсіртіп алып, Қазақстан үкіметі атынан Жол қатынастары министрінің атына хат жазып, Мәскеуге бардым. Министр мені қабылдады да, бірден «Мемлекеттік жоспар бекіп кетті. Менде басы артық ақша да, техника да жоқ» деп жылай бастады. Мен одан ақша да, техника да сұрамайтынымды айтып, қағазға қол қойып беруді сұрадым. Ол «Госплан көнбейді ғой» дейді. Мен тағы да «Мынаған қол қойып бер, госпланды өзім көндірем» деймін. Ақыры қол қойғызып алдым. Одан соң білетін адамдармен ақылдасып едім. Олар «Жоспарға Сталин қол қойған жоқ. Ол Берияның қолында. Сонымен сөйлесу керек» деді. Мен Берияға телефон соқтым. Ол «Ертең сағат 6-да кел деді. Бірақ ертеңіне де, оның ертеңіне де қабылдаған жоқ. Үш күн тостым да, өзіне тағы телефон соқтым.

— Мұнда қанша боласың? – деді ол бірден.

— Ұзақ жүретін уақытым жоқ. Самолет күтіп тұр. Барлық мәселе шешілді. Бір-ақ мәселе қалып тұр.

— Ол қандай мәселе?

Сол-ақ екен, мен Мойынты-Шу жолын салудың қажеттігін, оның Оңтүстік пен Солтүстік Қазақстанды жалғайтынын, жол болса қатынас ұлғайып, экономикаға зор ықпал ететінін айта бастадым. Мені үнсіз тыңдаған Берия сөзімнің аяғын тыңдамай,

— Бәрін де түсіндім. Барлық документтерді менің көмекшіме жеткізіңде. Мойынты-Шу қалтамда деп есепте. Үйіңе қайта бер, — демесі бар ма?

— Мен Орталық Комитет пен үкіметке Мойынты-Шу жолы бесжылдық жоспарға кірді деп айта алам ба?

— Айта бер.

Рахметімді жаудырып, елге қайттым. Он төрт күннен кейін бекіген жоспар келді. 10 миллион сом бөлініпті. Әрине, ол ақша жетпейтін еді. Біз құрылысты «халықтық» деп жариялап,

ішкі мүмкіндіктерімізді пайдаландық. Ал, құрылыстың ішкі қиындықтары да аз емес еді. Құрылысқа қажет су табу да оңай болған жоқ. Көптің көмегімен оны да шештік.» [4, 230-231 б.] Мойынты-Шу темір жолының салынуы – сол кездегі көлік-логистикалық дамудың маңызды кезеңдерінің бірі болды. Ол Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігін тікелей байланыстырып, жүк тасымалы мен адамдардың қатынасын жеңілдетті. Бұған дейін оңтүстік аймақтарға бару үшін Ресей аумағы арқылы айналып өту қажет болатын. Жол қатынасының жақсаруы экономикалық байланыстарды кеңейтті, өндіріс орындарына қажетті ресурстарды тасымалдауды жеңілдетті.

Н.Оңдасыновтың бағындырған белестерінің бірі – Арыс-Түркістан каналы. Осы өңірлерде балалық шағы өткен соң, бұл жердің жағдайын жақсы білетін. Осындай каналдың керек екенін түсініп, Үкімет пен партия алдына мәселе етіп қойғанда, ол қолдау тауып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Шарап Ниязовты Үкімет атынан дайындалған хатпен Сталинге кіргізбек болады. Н.Оңдасынов ол оқиғаны былай еске алды: «Сонымен, Мәскеуге келдік. Біз Сталинге Шарапты кіргіздік те өзіміз, Шаяхметов екеуміз қабылдау бөлмесінде күтіп қалдық. Әрине тағатсыздана, «не болар екен?» - деп отырмыз. Әлден уақытта Шарап: «Вода будет!» - деп Сталин кабинетінен айқайлай шықты. Жапырлап үшеуміз бір-бірімізді құттықтап жатырмыз.» [3, 70 б.].

Арыс-Түркістан каналының салынуы ауыл шаруашылығы үшін маңызды шешімдердің бірі болды. Қазақстанның оңтүстік өңірлері суармалы егіншілікке тәуелді болғандықтан, су ресурстарының жетіспеушілігі егіншіліктің дамуын тежеп отырды. Жаңа каналдың салынуы бұл аймақтағы егістік жерлердің көлемін арттырып, ауыл шаруашылығы өнімділігін өсірді. Бұл, өз кезегінде, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге және экономиканың аграрлық секторын нығайтуға жағдай жасады.

Бұл жобалар елдің экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған саясаттың бір бөлігі болды. Индустрияландыру және инфрақұрылымдық даму КСРО-ның барлық республикаларында жүргізілді. Қазақстан да осы экономикалық өзгерістерден тыс қалған жоқ. Темір жолдар, ирригациялық жүйелер, өнеркәсіптік кәсіпорындар – барлығы да жоспарлы экономика талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

Инфрақұрылымдық жобалар Қазақстанның экономикалық дамуына ықпал еткенімен, Кеңес Одағының жоспарлы экономика жүйесінде республиканың өз ресурстарын дербес игеру мәселесі әрдайым орталықтың шешіміне тәуелді болды. Экономикалық саясат Мәскеуде белгіленіп, аймақтардың қажеттілігі мен даму перспективалары жергілікті емес, одақтық деңгейде қарастырылатын. Бұл жағдай әсіресе табиғи байлықтарды игеру мәселесінде анық байқалды.

1962 жылы ақпанда Н.Хрущев Алматыға келген сапарында Н.Оңдасынов ұсыныстары қаралады. Ол ұсыныстар Маңғыстаудағы табиғи байлыққа байланысты екен. Кеңес Одағы нарықтық емес жоспарлы экономика болғандықтан, тауарлардың мөлшері, өндірісі нарықпен емес, жабық есіктердің арғы жақтарында санаулы адамдардың талқысымен шешілетін болатын. Оңдасынов сол кезде ұсыныстарын былай баян етеді: «Маңғыстау табиғи ресурстарға, әсіресе, мұнайға бай, оны барлау мен игеруді қатар жүргізуіміз керек», - дейді. Хрущев: «Бізге Сібірдің мұнайы да жетеді Маңғыстауға күніміз қарап тұрған ештеңе жоқ», - дейді.

Оңдасынов: «Маңғыстаудың өн бойы тұнып тұрған құрылыс материалы. Ұлу тастарды елімізде енді қанат жая бастаған құрылыс ісіне кеңінен пайдалану керек», - дейді.

Хрущев: «Осы заманғы құрылыс индустриясының наны – сенің қайдағы бір табиғи тастарың емес, темір бетон. Неткен кертартпа надан адамсың?!» - деп зіркілдеп ала жөнеледі. Оңдасынов талайдан бері құпия әзірлеп жасап, талай Одақтық министрліктердің әдейілеп барып, аузын алып тақойған, соңғы ұсынысын – Маңғыстауға Мақаттан теміржол тарту керектігін айтады. Хрущев оны тыңдағысы да келмей, орнынан тұрып кетеді. Бұны көріп Оңдасынов та

қатқыл әңгімеге көшеді. «Бұл ұсыныстарым өтпейтін болса, облыстың жағдайы осы мүшкіл күйінде қалады. Оны көріп, басшы болып отыра алмаймын», - деп жұрт алдында қызметтен бас тартады» [3, 14-15 б.].

Бұл оқиға Кеңес Одағындағы экономикалық шешімдердің қалай қабылданатынын көрсететін мысалдардың бірі. Жергілікті бастамалар мен аймақтық дамуға қатысты ұсыныстар көбіне орталықтың ұзақ мерзімді жоспарларымен сәйкес келе бермейтін. Қазақстандағы табиғи ресурстарды игеру мәселесі де ұзақ уақыт бойы сыртқы факторларға тәуелді болып келді. Бүгінгі кездері Оңдасыновтың айтып өткен ресурстары нарықтық экономикаға негізделген тәуелсіз Қазақстанның экономикасының ең маңызды бөлігі. Мұнай мен газды айтпағанда қарапайым ұлу тастардың өзі тиімділігіне байланысты құрылыста кеңінен қолданылады. Маңғыстау өңірінің тұрғындары тіптен өзінің аулаларын осы ұлу тастармен қоршайды. Бұл — Оңдасынов секілді көреген тұлғалардың өз уақытында айтқан ұсыныстарының өміршеңдігін дәлелдейді. Оңдасыновтың ұсыныстары сол кездегі саяси жүйе жағдайында қолдау таппаса да, тәуелсіз Қазақстанда оның идеялары жүзеге асып, ел игілігіне айналды.

Қорытындылай келе, Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов – жай ғана мемлекет қайраткері емес, бір дәуірдің ауыр жүгін арқалаған, елдің тағдырын шешетін тұста батыл қадам жасап, болашақ үшін еңбек еткен шын мәніндегі реформатор тұлға. Оңдасыновтың мемлекет басқару қабілеті, ең алдымен, соғыс алдындағы және соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңдерде айқын көрінді. Ел аш-жалаңаш, инфрақұрылым әлсіз, өндіріс тұралап тұрған уақытта, ол бірінші кезекте халықтың ең басты қажеттіліктерін шешуге кірісті – азық-түлік, жылу, жол, жарық, су. Осы маңызды салаларды жүйелі түрде дамыту арқылы ол елдің экономикасын біртіндеп көтере бастады. Мойынты-Шу темір жолының тарихы – бұған айқын дәлел. Мәскеудің қырын қарауына қарамастан, ол өзінің табандылығының арқасында бұл стратегиялық жобаны іске асырып, елдің ішкі қатынасын жақсартты. Нұрекеңнің тағы бір қыры – әлеуметтік әділеттілік пен қарапайым халыққа деген шынайы жанашырлық. Ол билік басында отырып, алыстағы ауылдарға, шеткері аймақтарға көңіл бөліп, елдің әр түкпіріне қолдау көрсетті. Оның кезінде жетім балалар үйлері, емдеу мекемелері, мектептер, жаңа қоныстар көптеп ашылды. Эвакуация кезінде Қазақстанға көшірілген өнеркәсіп пен балалар үйінің жайлы орналасуын өзі жеке қадағалаған. Оңдасыновтың іскерлігі ең алдымен ауыл шаруашылығында, өнеркәсіп пен энергетика салаларында ерекше байқалды. Қарағанды мен Екібастұздағы көмір станциялары, Ертіс пен Сырдариядағы СЭС-тер, Арыс-Түркістан каналы, Қаракөл елтірісі өндірісі – бәрі оның бастамасымен жүзеге асқан. Ол кезде Қазақстан КСРО-ның шикізат көзі саналатын, кез келген бастама Мәскеудің мақұлдауынсыз іске аспайтын. Бірақ Нұртас Оңдасынов соған қарамастан, өз идеясын қорғап, нақты нәтижеге қол жеткізетін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұртас Оңдасынов: Монография. // Еңсенов Қ.А. – Шымкент: «АЗИАТ» баспа үйі, 2017. – 408 б.

2. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. Қ.2330,т.1, іс26

3. Нұртас Оңдасынов. Өмірбаяндық деректер. Ой-толғаныстар. Мақалалар мен естеліктер. (Бесінші рет басылуы). //Құраст. Гүлсім Оразалықызы – Алматы: ҚР «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2024. – 456 б.

4. Өмір тағылымдары. Естеліктер. // Қирабаев С. – Алматы: «Білім», 2006. – 480 б.

5. Ақжігіт Ө. Халық басшысының қалтқысыз үлгісі // Жалын. –2004 жыл. – № 12. – 88-91 б.

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ III. ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ЗАМАНАУИ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР ДАМУЫНДАҒЫ ЖАСТАР

СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ. МОЛОДЁЖЬ В РАЗВИТИИ СОВРЕМЕННЫХ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК И ИСКУССТВА

SOCIAL AND HUMANITARIAN SCIENCES. YOUTH IN THE DEVELOPMENT OF MODERN HUMANITIES AND ARTS

Татыран Қ. Б. БАУЫРЖАН ДОСЖАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОДТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗАМАНАУИ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ КӨРІНІС……..….....3
Марат Ж. Е. ТУРИСТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІ…….....…11
Орынбасаров А. О. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДИВИЗИЯЛАРЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ТУЛАРЫ: ЕРЛІК ПЕН ДАҢҚ СИМВОЛЫ…….....16
Мирболатов С. М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....23
Сәлімгерей Д. А. ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ТЕХНОЛОГИЯ: ЗАМАНАУИ МЕДИАНЫҢ ДАМУЫ……28
Құбайдоллақызы А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ……...31
Рамазанова А. Т. 1920-1930 ЖЫЛДАРЫ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ІСІ....36
Орманбай Т. С. ТҮРІК БІТІКТАСТАРЫНДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМДАР КӨРІНІСІ…….....39
Сафонова Е. С. ОСОБЕННОСТИ ТЕРМОРЕГУЛЯЦИИ МНОГОЛЕТНЕЙ МЕРЗЛОЙ ПОРОДЫ……..……..44
Талғатқызы Г., Зейнуллаева Ж. ИСАТАЙ БАЛМАҒАНБЕТОВТЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ..
Қойшы Д. БАҚ АУДИТОРИЯСЫН АРТТЫРУДЫҢ МЕДИАПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ……...52
Абайұлы Н. ДАОСИЗМ ФИЛОСОФИЯСЫ МӘТІНДЕРІН ҚАЗАҚШАҒА АУДАРУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ…….60
Сәбитова А. Н. «КӘСІБИ БАҒДАР» БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ НЕГІЗДЕРІ……71
Ақатай Г. М. ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫ: ЖАН МЕН ТӘН МӘСЕЛЕСІ……..……78
Дюсемалиева Ж. Н. АТЫРАУ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДІНДАРЛЫҚҚА БЕТБҰРЫС ҮРДІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ……..…83
Оразбаев А. М. ЕСЕТ БАТЫР КӨКІҰЛЫНЫҢ 325 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН 1992 ЖЫЛЫ БАСТАЛҒАН ТАРИХИ ЖАҢҒЫРУ……..……88
Дабашова З. А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН ВАКЦИНАЛАР ТАРИХЫ……91
Шамишева Ә. С. ИНТЕРНЕТ-ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ…… ……91
Тұрланқызы И. СЕЙІЛХАН ҚАСИЕТҰЛЫ ХҰСАЙЫНОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ…… 95
Калмыков К. П. ЦЕННОСТИ XXI ВЕКА И ФИЛОСОФСКОЕ ЗНАНИЕ……..…99
Каирова М. БОЛАТ ТҰРҒЫНБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҒАРЫШТЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ……..…111

Аязбаева Т. МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДАҒЫ ДЫБЫС БУЫНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЫҒУ АҢЫЗДАРЫ……...……115
ЖиеналиеваТ.М.«ТАРИХ САБАҒЫНДА ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ РӨЛІ»…….119
Касымов С. М. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАР СУБМӘДЕНИЕТТЕРІ: БЕЛГІЛЕР, СИМВОЛДАР ЖӘНЕ ӨЗІНДІК ИДЕНТИФИКАЦИЯ ҮДЕРІСТЕРІ……...……126
Нұрболат П. ҚАЗАҚ ОРКЕСТРІ ҰЛТТЫҚ МҰРА РЕТІНДЕ: ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ……..…130
Марат С. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ……136
Қайыржан А. ХАЛЫҚ ОЮ-ӨРНЕК МАТЕРИАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ……..…141
Қапсалым Б. Е. «ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»……....143
Қуандық М., Сарсенова. А. СОЗАҚ КӨТЕРЛІСІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС: ДІНИ ФАКТОР……..147
Шарафиденова В. АТЫРАУ ҚАЛАСЫ КӨШЕЛЕРІНДЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ БАТЫРЛАРЫ ЕСІМДЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ ……153
Бекмукаметова А. СЕРІК ТАЙНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БЕЙНЕНІҢ КӨРКЕМ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУЫ……159
Тоқмырза М. ЗЕЙНЕЛХАН МҰХАММЕДЖАН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК САРЫН……166
Тұрсынғазы Г. ӨМІРБЕК ЖҰБАНИЯЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР……...……171
Заулкашев Б. А. ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҰЙЫМЫ (ТМҰ): ҚҰРЫЛУ СЕБЕПТЕРІ, ДАМУЫ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ САЯСИ ОРТАҒА ӘСЕРІ…….……175
Сатимова Д. К. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АТЫРАУ ӨҢІРІНІҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ ТАРИХЫНА……..183
Сарсембаев А. А. ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА……..187
Насиполла А. С. АТЫРАУЛЫҚ БАЛЫҚШЫ МАМАНДАР СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА….191
Norboyeva D. A. OILAVIY ZO‘ROVONLIK FENOMENINI O‘RGANISHGA KONSEPTUAL YONDASHUVLAR.....196
Орынбасар Ж. ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯСЫ.....199
Паршина Е. Е. ОСОБЕННОСТИ СОЗДАНИЯ МЕТАФОРИЧЕСКИХ (АССОЦИАТИВНЫХ) КАРТ КАК СОВРЕМЕННОГО НАПРАВЛЕНИЯ ГРАФИЧЕСКОГО ДИЗАЙНА…….207
Сері А. Т. «ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯ МЕН ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ ЭМОЦИЯ ТУРАЛЫ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ ЭМОТИВИЗМ»……210
Латипова Л. І. АТЫРАУ ТЕМІРЖОЛЫ ТАРИХЫНАН……..……217
Урумбасаров Б. АЛАШОРДА ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ……..…220
Андросова А. Ю. РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ЭТНИЧЕСКИХ МОТИВОВ В ГРАФИЧЕСКОМ ДИЗАЙНЕ…… 224
Яксюбаева П. М. РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ИДЕЙ И ОБРАЗОВ СЮРРЕАЛИЗМА В СОВРЕМЕННОМ ИСКУССТВЕ…….……228
Попова О. Д. СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ПРИМЕНЕНИЯ ГРАФИЧЕСКИХ СРЕДСТВ ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТИ С ЦЕЛЬЮ АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ СФЕРЫ УЧАЩИХСЯ……..……231

Турегалиева Ж. М., Әлжанов Ғ. М. АРТ-КЕҢІСТІКТІҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ……....235
Аренова Ғ. ТРАНСМЕДИАЛЫҚ БАЯНДАУ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР МЕН ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕРДІ ТАЛДАУ……..242
Tursynbai B. M. THE PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF EVENT TOURISM IN THE ZHAMBYL REGION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....247
Мукашева Д. М. ҚАЗАҚТЫҢ ҚОБЫЗДА ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕРІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН.....252
Улымбетова С. АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ: ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ТАҒЫЛЫМЫ.....262
Умаров Т. СОЗДАНИЕ ВОКАЛЬНОГО КОЛЛЕКТИВА MEZZO В КАЗАХСТАНЕ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ МУЗЫКАЛЬНОГО ИСКУССТВА……266
Уразбаева А. А. ЦЕННОСТНЫЕ ТРАНСФОРМАЦИИ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЁЖИ В ГУМАНИТАРНОМ КОНТЕКСТЕ…… 271
Қалдыбаева Ұ. Қ. ОЮ-ӨРНЕК МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ……277
Файзуллаева А. Қ. ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ: АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ……..284
Наурызова Н. А. ХАЛЫҚ ҚАХАРМАНЫ ХИУАЗ ДОСПАНОВА: СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ……288
Ізғалиева А. Ж. АЙМАҚТЫҚ CASPIAN NEWS ТЕЛЕАРНАСЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН…….....291
Кошербаева С. А. ТЕМЕШ РУЫНАН ШЫҚҚАН БОЛЫС СПАН……..……295
Әлкенова А. К. АРХИВ ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ……300
Түгелбай А. А. АТЫРАУДЫҢ БАЛЫҚ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ: КОНСЕРВІ КОМБИНАТЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ……304
Сабыржанқызы З. ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: ДАМУ БАҒЫТЫ……..…310
Рысқалиев Н. Б. «ҚАЗІРГІ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ПАТРИОТИЗМ: ЖАҢА БУЫННЫҢ КӨЗҚАРАСЫ».....314
Мухамбеткалиева К. ВЛИЯНИЕ МУЗЫКИ НА КОГНИТИВНОЕ РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ…….318
Тайпақ А. А. 1930-60 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ЖӘНЕ Н.Д. ОҢДАСЫНОВ….322

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

СБОРНИК
материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists
«YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

“SvetoCopy” қағазы. Пішімі А4. Көлемі 39,7 б.т.
Таралымы 300 дана

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
баспа орталығында басып шығарылды.

Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат
Мұхабасын жасағандар: Төкешов Алтынбек
Түптеген: Жамбылов Маркс